

ТОҒЖАН ҚАСЕНОВА

АТОМ УЛАҒАН ДАЛА

Қазақстанның бомбадан бас тарту жолы



ТОҒЖАН ҚАСЕНОВА

АТОМ УЛАҒАН ДАЛА

Қазақстанның бомбадан бас тарту жолы

FRIEDRICH
EBERT 
STIFTUNG

Алматы 2022

УДК 621.039
ББК 31.4н
Қ43

Togzhan Kassenova. Atomic Steppe: How Kazakhstan Gave Up the Bomb
Ағылшын тіліндегі түпнұсқа мәтін Stanford University Press баспасынан
2022 жылы жарық көрген.

Тоғжан Қасенова

Атом улаған дала: Қазақстанның бомбадан бас тарту жолы. – Алматы: Фридрих
Эберт атындағы қордың Қазақстандағы өкілдігі, 2022. – 368 бет.

ISBN 978-601-80914-1-4

Бұл кітаптың ешбір бөлігі Stanford University Press баспасының және Фридрих
Эберт атындағы қордың Қазақстандағы өкілдігінің алдын ала жазбаша
келісімінсіз қайта басылмайды, қойма жүйесінде сақталмайды әрі енгізілмейді,
ешбір формада немесе тәсілмен (электрон, механикалық, фотокөшірме түрінде,
жазбаша немесе басқаша) тасымалданбайды.

Фридрих Эберт атындағы Қордың Қазақстандағы өкілдігіндегі жоба жетекшісі:
Медет Сулеймен
Мәтінді әзірлеген – Steppe&World Publishing

Автордың көзқарасы Фридрих Эберт атындағы қордың Қазақстандағы
өкілдігінің көзқарасымен сай келмеуі мүмкін.

ISBN 978-601-80914-1-4



© Тоғжан Қасенова, 2022.
© Stanford University Press, 2022.
© Фридрих Эберт атындағы қордың Қазақстандағы өкілдігі, 2022.

Рагна Қасенова мен Өмірсерік Қасеновке арнаймын

МАЗМҰНЫ

<i>Карталар, кестелер мен фотосуреттер</i>	vi
<i>Қысқартулар мен терминдердің аудармасы</i>	viii
<i>Түсініктеме</i>	x
<i>Алғыс</i>	xi
<i>Қазақ тіліндегі басылымға алғысөз</i>	xv

БІРІНШІ БӨЛІМ

РЕСЕЙ БИЛІГІ ТҰСЫНДАҒЫ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ЗАРДАБЫ: РЕСЕЙ ШЫРМАУЫНДА ҚАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН

ПРОЛОГ	3
1. Дала	11
2. Қырық жыл жалғасқан ядролық қару сынағы	27
3. Сынақ құрбандары	52
4. Халықтың көтерілуі	71
5. Совет Одағының «аққу әні»	97

ЕКІНШІ БӨЛІМ

АЗАТТЫҚ КЕЛГЕНІМЕН, ЯДРОЛЫҚ АРСЕНАЛ КЕТКЕН ЖОҚ

6. Уошиңтон мен Алматының қорқынышы	120
7. Уақытша ядролық қаруы бар ел болу	140
8. Соңғы серпін	167
9. «Сапфир» жобасы және Нанн-Лугар Қауіп-қатерді бірлесіп азайту бағдарламасы	179
10. Бомбамен қоштасу	201

ЭПИЛОГ

Атом қасіретін саралау	235
<i>Сілтемелер</i>	266
<i>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі</i>	314
<i>Көрсеткіштер</i>	339

КАРТАЛАР, КЕСТЕЛЕР ЖӘНЕ ФОТОСУРЕТТЕР

КАРТАЛАР

1-карта. Советтік Социалистік Республикалар Одағы	2
2-карта. Қазақстандағы негізгі ядролық қару нысандары	203

КЕСТЕЛЕР

1-кесте. Радиация әсері	33
2-кесте. Радионуклидтер әсері	255

ФОТОСУРЕТТЕР

1-сурет. Қазақ даласы, Семей өлкесі, 2020	14
2-сурет. Еңбек сарайы, Семей, 1929	17
3-сурет. Қой терісін сатып алу, Семей, 1916	18
4-сурет. Семей полигонының инфрақұрылымы, 2016	35
5-сурет. Семей полигонындағы Мәскеу метросының көшірмесі, 2016	36
6-сурет. Семей полигонындағы Атомкөл, 2019	47
7-сурет. Совет Одағындағы ядролық сынақ құрбандары, Семей өлкесі, 1980 жылдардың аяғы	65
8-сурет. Совет Одағындағы ядролық сынақ құрбандары, Семей өлкесі, 1980 жылдардың аяғы	67
9-сурет. Ақын, «Невада-Семей» қозғалысының жетекшісі Олжас Сүлейменов Семей полигонына жақын маңдағы ауылда өткен митингте сөз сөйлеп тұр, 1989	78
10-сурет. «Невада-Семей» қозғалысы ұйымдастырған ядролық сынаққа қарсы митинг, Семей полигонына жақын маңдағы ауыл, 1989	86

11-сурет. Қарауыл маңындағы наразылық митиңі	88
12-сурет. Ядролық сынаққа қарсы халықаралық бейбітшілік маршы, Қазақстан, 1990	93
13-сурет. Кәріпбек Күйіков, суретші, Совет Одағындағы ядролық қару сынағының құрбаны еске алу митиңінде, 1996	94
14-сурет. Президент Нұрсұлтан Назарбаев пен Қазақстан делегациясының Уошингтонға ресми сапары, 1992	162
15-сурет. Президент Назарбаев (ортада) АҚШ-тағы бизнес-қауыммен кездесуде; оң жақта тұрған – Төлеген Жүкеев, 1994	208
16-сурет. Байкал-1 контейнер сақтау орнында гидравликалық иінағашы бар 150 тонналық кранның контейнерден тасымалдау орамасын шешіп жатқан сәті. Эрик Хауден түсірген АҚШ командасының фотосы.	231
17-сурет. Ядролық қару сынақтарына тұтас тыйым салу дайындық комиссиясының Семей полигонындағы <i>IFE08</i> кешенді сыртқы жаттығулары, 2008	243
18-сурет. Шағандағы қаңырап қалған әскери қалашық, 2020	249
19-сурет. Семей полигонына сапар. Шетелдік жас ғалымдар мен интерндерге арнап Халықаралық қауіпсіздік және саясат орталығы ұйымдастырған, 2019 жыл	257
20-сурет. Қазақстан суретшісі Паша Кас Семей полигонында Мунктің «Айқай» картинасын өз нұсқасында салып жатыр, 2016	261

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ТЕРМИНДЕРДІҢ АУДАРМАСЫ

CIS – Commonwealth of Independent States – ТМД, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

CSCE – Commission on Security and Cooperation in Europe – ЕҚЫҰ, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы

CTBT – Comprehensive Test Ban Treaty – Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарт

CTBTO – Comprehensive Test Ban Treaty Organization – Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарт ұйымы

CTR – Cooperative threat reduction – Қауіп-қатерді бірлесіп азайту бағдарламасы

DOD – Department of Defense – Қорғаныс министірлігі

DOE – Department of Energy – Энергетика министірлігі

DTRA – Defense Threat Reduction Agency – Қорғаныс министрлігінің Қауіп-қатерді азайту агенттігі

FBIS – Foreign Broadcast Information Service – Шетелдік хабар тарату қызметі

HEU – highly enriched uranium – аса байытылған уран

IAEA – International Atomic Energy Agency – Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттік

ICBM – intercontinental ballistic missile – құрлықаралық баллистик зымыран

IPPNW – International Physicians for the Prevention of Nuclear War – Ядролық соғыстың алдын алуды жақтайтын халықаралық дәрігерлер қауымдас-тығы

ISTC – International Science and Technology Center – Халықаралық ғылым және технология орталығы

JVE – Joint Verification Experiment – Бірлескен тексеру эксперименті

KGB – Komitet gosudarstvennoi bezopasnosti [Committee on State Security] – КГБ, Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті

LEU – low enriched uranium – аз байытылған уран

MAEK – Mangyshlak Atomic Energy Combine – МАЭК, Маңғышлақ атом энергетика комбинаты

MFA – Ministry of Foreign Affairs – СІМ, Сыртқы істер министрлігі

NATO – North Atlantic Treaty Organization – НАТО, Солтүстік Атлантика шарт ұйымы

NGO – nongovernmental organization – ҰЕҰ, өкіметтік емес ұйым

NNSA – National Nuclear Security Administration – Ұлттық ядролық қауіпсіздік басқармасы

NPT – Treaty on the Non-Proliferation of Nuclear Weapons – Ядролық қаруды таратпау туралы шарт

NSC – National Security Council – ҰҚК, Ұлттық қауіпсіздік кеңесі

NTI – Nuclear Threat Initiative – Ядролық қару қаупін азайту бастамасы

NWFZ – nuclear-weapon-free zone – ядролық қарудан азат аймақ

START – Strategic Arms Reduction Treaty – Стратегиялық шабуылдау бағытында қарулануды болдырмау келісімі

TPNW – Treaty on the Prohibition of Nuclear Weapons – Ядролық қаруға тыйым салу туралы шарт

USSR – Union of Soviet Socialist Republics – ССРО, Советтік Социалистік Республикалар Одағы

WMD – weapon of mass destruction – жаппай қырып-жою қаруы

ТҮСІНІКТЕМЕ

Еңбекті жазғанда Конгресс кітапханасында көрсетілген орыс тіліндегі сөздердің кейбірі аударылды, кейбірі сол күйінде берілді. Тек танымал тұлғалар мен белгілі орындарға көпшілік арасына тараған транслитерация қолданылды. Аударманың бәрін өзім жасадым, басқа автордан алғанда сілтеме беремін.

«Семей аймағы» деген термин сол аумақтағы белгілі бір ресми әкімшілік бөліністі білдірмейді, Семей полигоны шарпыған аймақтың бәріне қатысты айтылады. Орысша «Семипалатинск» делінетін қала атауы 2007 жылы «Семей» болып өзгерген. 1929–1997 жылдар аралығында Алматы қаласы Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен тәуелсіз Қазақстанның астанасы болды. 1993 жылы оның орыс тіліндегі «Алма-Ата» деген атауы өзгеріп, екі тілде де Алматы болып айтыла бастады.

Совет саяси жүйесінің түпнегізі Коммунистік партия жүйесі болатын. Мысалы, Қазақстандағы Коммунистік партияның бірінші хатшысы Қазақстанның да басшысы болды, ал Семей облысының бірінші хатшысы (аймақтағы әкімшілік бірлік ретінде) жергілікті губернатор саналды.

Совет заң шығару жүйесі республика деңгейіндегі (мысалы, Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесі) және Одақ деңгейіндегі (ССРО Жоғарғы кеңесі) Жоғарғы кеңестен құралатын. 1989 жылы Қайта құру реформасының бір бөлігі ретінде Михаил Горбачев «Совет Одағы Халық депутаттарының съезі» деп аталатын жаңа заң шығару органын құрды. Съезд сайланатын заң шығарушылар санын арттырып, бәсекелес сайлау процесінің рөлін күшейтті. Съездің ССРО Жоғарғы кеңесін сайлау құқығы болды.

Қазақстан – көп этнос өкілі тұратын қоғам. Арнайы аталмаса, «қазақ өкіметі» мен «қазақ шенеуніктері» деген терминдер этнос ерекшелігін емес, Қазақстан мемлекетіне қатысты екенін білдіреді.

АЛҒЫС

2020 жылғы қарашада пандемия асқынып, қала жабылып қалған кезде бірнеше ай Уошингтонда жүріп, ақыры қазақ даласына жеттім. Сол сапарда даланың ұланғайыр шексіздігіне қайран қалдым әрі сағынышымды бастым. Бұл осы қолжазбаны аяқтар алдында Шығыс Қазақстанға барған соңғы сапарым еді, өмір маған туған жерім мен халқымның тағдырын бүкіл әлемге баяндауға мүмкіндік бергеніне шексіз ризамын.

Бұл кітапты жазуға он жылдан астам уақыт кетті. Кәсіби маман әрі жеке тұлға ретінде дәл осындай деңгейде маңызды кітап енді жазбайтыныма сенімдімін. Бұл кітапты зор сүйіспеншілікпен жазып шықтым, сондықтан осы сапарда көмектескен адамның бәріне алғысым зор.

Талай жылдан бері түрлі институттар еңбегімді жазуға септігі тиген үйіме айналды. Еңбектің көп бөлігі Ядролық қаруды таратпау мәселелерін зерттеу жөніндегі Жеймс Мартин орталығында (*James Martin Center for Nonproliferation Studies*), Халықаралық бейбітшілік жөніндегі Карнеги қоры (*The Carnegie Endowment for International Peace*), Олбани университетіндегі саяси зерттеулер орталығы (*Center for Policy Research at the University at Albany*) және Нью-Йорк штатының университетінде (*State University of New York (SUNY)*) жазылды. Зерттеу жүргізуіме жол ашқан стипендиялар мен гранттарға зор алғыс айтамын, атап айтсам: Азия зерттеулері халықаралық институты (Лейден университеті) (*International Institute for Asian Studies (Leiden University)*) берген пре-докторлық стипендия; Ядролық қаруды таратпау мәселелерін зерттеу жөніндегі Жеймс Мартин орталығындағы постдокторлық стипендия; Нью-Йорктегі Карнеги корпорациясында (*Carnegie Corporation of New York*) зерттеу жүргізуге ұсынылған Ядролық қауіпсіздік жөніндегі Стентон стипендиясы (*Stanton nuclear security fellowship*) және Халықаралық бейбітшілік жөніндегі Карнеги қорының (*Carnegie Endowment for International Peace*) гранты; Герда Хенкел қорының (*Gerda Henkel Foundation*) гранты – оқиға орындарына баруыма және осы кітапты жазып шығуыма көп көмектесті.

Мен сипаттаған оқиғалардың зардабын тартқан және оларға куә болған адамдармен кездесу зерттеудің жаныма жақын бөлігі екенін айтсам деймін. Қазақстан, Америка мен Ресейдің бұрынғы және қазіргі мемлекеттік қызметкерлеріне, эксперттеріне, ғалымдарына, менімен әңгімелесуге келісіп, басынан өткенін айтып берген ядролық қару сынағынан аман қалған адамдарға алғыс айтамын. Олардың есімі кітапта да аталады.

Кітапханашылар мен архившілерге ерекше ризашылық білдіргім келеді, өз ісін құлшына атқарғанына қарап, оларды әлемдегі ең жақсы мамандық иелері деп ойлаймын. Қазақстан Республикасы президенті архивіне, Қазақстан Ғылым академиясы кітапханасына, Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалары архивіне (Қазақстан), Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығына (Қазақстан), АҚШ Конгресі кітапханасы, Үлкен Жорж Буш атындағы президент музейі мен кітапханасы, Ұлттық қауіпсіздік архивіне, Уильям Ж.Клинтон атындағы кітапхана мен музейге және Хувер институтының архивіне алғыс айтамын. Халықаралық бейбітшілік жөніндегі Карнеги қорының бұрынғы кітапханашылары – Кэтлин Хиггс, Кристофер Лао-Скотт пен Александр Додқа табылуы қиын материалдарды тауып бергені үшін арнайы рақмет айтқым келеді. «Атауын адам ұқпайтын кітаптарды сұрататын ғалым» деген төсбелгіні мақтана тағып жүремін.

Халықаралық бейбітшілік жөніндегі Карнеги қорының тамаша қызметкерлері мен кіші ғылыми қызметкерлерінің бірнеше буынына, атап айтқанда: Зои Бенезет-Парсонс, Уайатт Хоффман, Ту Ан Фам, Лорин Уильямс, Уильям Оссофф, Челси Грин, Александра Франсис және Жаклин Тэндлерге зерттеуіме көмектескені үшін алғыс білдіремін.

Білім алуым мен қызмет жолымда көмектесіп, тәжірибесін аямаған, қолжазбамды оқып, пікір білдірген, сұрақ қойған және ең қажет сәттерде жобам маңызды екенін еске салып отырған адам өте көп. Ең әуелі мен сипаттаған оқиғада тарихи рөл атқарған және жылдар бойы АҚШ пен Қазақстан арасындағы ядролық қаруға қатысты келіссөз жайындағы сауалдарыма ерінбей сағаттап жауап берген екі адамға (бір қазақ және бір америкалық) ерекше алғыс айтқым келеді.

Ол екі адам – Төлеген Жүкеев пен Уильям Кортни.

Давид Холлоуэй, Уильям Поттер, Жорж Перкович, Сьюзан Кук, Энди Уебер, Қайрат Қадыржанов, Жеймс Гудби, Эрик Хауден, Байрон Риствет, Эд Чоу, Тоби Далтон, Матиас Спектор, Мартин Шеруин, Брайан Эрли, Рита Гюнтер, Стивен Шапиро, Светлана Савранская, Томас Блантон, Линдон Берфорд, Фредерик Вери, Сара Чейес, Әлімжан Ахметов, Олег Бутенко, Лариса Пак, Тимур Нүсімбеков, Рико Айзекс, Нарғыз Қасенова, Жар Зардыхан, Юлия Херсонская, Гүлшат Қозыбаева, Клеоники Влачоу, Хайтам Яги, Ахмад Әл Таннир, Хуан Карлос Давила, Фатос Коплику, Наталья Сараева, Шерил Винарик, Саида Тауланова, Баян Қожағапанова, Маргарита Калинина-Поль және басқа да талай адамға қарыздармын. Танымал әйел ғалымдар тобы – Энн Харригтон, Кэтлин Фогель, Женнифер Жиру мен Лоррейн Баярд де Воло әркез қолдау көрсетіп, жолдасыма айналып, шабыт берді. Лиза Сандерс Ласкомбе алғашқы жазбамды оқып шығып, маған байсалды әрі мейірімді қарап, жақсырақ жазу жолын көрсетті.

Изабель Адейемиге алғысым шексіз. Ол кітабыма дәл өзімдей қамқор болып, бастапқы жазбамның бәрін оқып шықты. Өзі докторлық диссертация жазып әрі жаңа туған бөбегін бағып жатқанына қарамастан, фидбэк беруге уақыт таба білді.

Елена Калужнова мен Кристоф Блутқа да айрықша алғыс айтамын: олар университет бітірген соң Ұлыбританияда оқуыма ықпал етті, сол жерде ядролық қару саясатына әуестігім оянды.

Маған шабыт берген автор мен кітап көп, бірақ осы жобаны қолға алғанда, Давид Холлоуэйдің *Stalin and the Bomb: The Soviet Union and Atomic Energy, 1939–1956* («Сталин мен бомба: Совет Одағы мен атом энергетикасы, 1939–1956»); Сара Камеронның «Аштық жайлаған дала: ашаршылық, зорлық және советтік Қазақстанды орнату»; Кейт Браунның *Plutopia: Nuclear Families, Atomic Cities, and the Great Soviet and American Plutonium Disasters* («Плутопия: ядролық жарылыстардың зардабы тиген отбасылар, атом улаған қалалар мен Ұлы советтік және америкалық плутон апаттары») және Давид Хоффманның *Dead Hand: The Untold Story of the Cold War Arms Race and Its Dangerous Legacy* («Өлі қол: қырғиқабақ соғыс қаруы үшін жарыс және оның қауіпті мұрасы жайлы айтылмаған әңгіме») кітаптары шабыт сыйлады. Тосихиро Хигучидің *Political Fallout: Nuclear Weapons Testing and the Making of a Global Environmental Crisis* («Саяси салдар: ядролық қару сынағы және жаһанда экология дағдарысы туындауы») кітабының тақырыбы маған қызық болды әрі пайдасы тиді. Қазақстан жазушылары Медеу Сәрсекенің «Семей қасіреті» («Семипалатинская трагедия») және Қанат Қабдырахмановтың «470 бомб в сердце Казахстана» («Қазақстан жүрегіне қадалған 470 бомба») деген еңбектері Совет Одағындағы ядролық қару сынағы кезінде аймақта болған оқиғаларды уақтылы сипаттағаны үшін құнды.

1–5 және 11-тарауларда қамтылған алдын ала зерттеулер «Тыйым салынған ядролық қару сынағы: Семей ядролық полигоны берген сабақ» деген атпен журналда жарияланды (©2017 Монтерейдегі Миддлбери халықаралық зерттеулер институты, Ядролық қаруды таратпау мәселелерін зерттеу жөніндегі Жеймс Мартин орталығында (*Middlebury Institute of International Studies at Monterey, James Martin Center for Nonproliferation Studies*) Taylor & Francis Ltd рұқсатымен қайта басылып шықты, <http://www.tandfonline.com> on behalf of *Middlebury Institute of International Studies at Monterey, James Martin Center for Nonproliferation Studies*).

Нью-Йорк қаласындағы жазушылар курсына жазылғаным кітап тағдырына оң әсер етті, сол жерде көрнекті редактор Франсис Флаэртимен таныстым. Франсиспен жұмыс істеген авторлардың бәрінің жолы болған, ол әркез орынды сұрақ қойып, «оқырмандарға сыйлық жасауға» ынта беретін, жазу тілімді көркемдеп, үйлеспей тұрған тұсын дәл байқайтын және, ең маңыздысы, айтпақ ойымды жете түсінді.

Ең әуелі Қазақстанның ядролық қаруға қатысты тарихы дүниежүзіне таралуға лайық екеніне иланған Стэнфорд университеті баспасына (*Stanford University Press*) алғысым шексіз.

Алан Харви, Кэролайн Маккьюсик және Жижи Маркке кітап жарық көргені үшін, Стефани Адамсқа маркетингке көмектескені үшін және дүниежүзіндегі пандемияға қарамастан, жаңа кітаптар шығарып жатқан Стэнфорд университеті баспасының барлық қызметкеріне шын жүректен алғыс айтамын. Қолжазбама редактор болған Сьюзан Олинге бас иемін. Ол мәтінді мұқият өңдеді, өзі білмейтін орыс тіліндегі сөздерден қалай қате тауып алғаны маған жұмбақ болып қалды. Роб Эл мұқабасын безендірді, Эрин Греб карталарды жасап шықты.

Осы еңбегімді жаза жүріп, ғалым әрі жеке тұлға болып көп сапар шектім. Осы кітапты жазсам деген ниетімді күн ілгері болжаған және оны аяқтауға жетерлік күш табуыма көмектескен отбасыма шексіз ризамын.

Алматы және Уошингтон, Колумбия округі

2021 жылғы 29 тамыз

Семей ядролық полигонының жабылғанына отыз жыл толды

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БАСЫЛЫМҒА АЛҒЫСӨЗ

Кітап авторы әрі Қазақстан тумасы ретінде «Atomic Steppe: How Kazakhstan Gave Up the Bomb» деген еңбегім ең алдымен қазақ тіліне аударылғаны өзіме аса маңызды. Кітапты қазақшаға аудартуға рұқсат берген Stanford University Press баспасына алғысым шексіз. Баспаның 130 жылдық тарихында бұл – қазақ тіліне аударылып отырған тұңғыш кітап.

Кітаптың қазақ тілінде жарық көруіне Фридрих Эберт атындағы қордың Қазақстандағы өкілдігі қолдау көрсетті. Қор жетекшісі Кристоф П. Мор «Атом улаған даланы» қазақшаға аударту идеясын әу бастан қолдап, Қазақстан қоғамына маңызы қаншалықты екенін түсінді. Қазақша нұсқаның жариялануына ерекше үлес қосып, аяғына дейін қадағалаған Медет Сүлейменге ерекше алғыс айтамын.

Сондай-ақ Қазақстандағы жаңа буынның жарқын өкілдері Ердәулет Рахматулла, Жібек Тоқташ, Әлішер Хасенғалиев, Мерейлім Қален, Құрманжан Абдырахманованың кітапты баспаға әзірлеуге қосқан үлесіне алғысым шексіз.

Кітапты беттеу, безендіруге бар өнерін салған Жармұхамед Зардыхан, Аяулым Шалбаева және Диана Ақуалға да ризашылығымды жеткізім келеді.

Кітап мәтінін ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару, өңдеу қызметін баспа ісіне жетік кәсіби мамандар – Steppe&World Publishing баспа үйінің ұжымы атқарды. Ең алдымен мәтінді аударту жұмысын басқарған, әр сөзге асқан қамқорлықпен қараған Назгүл Қожабекке алғыс айтамын. Қолжазбаны өңдеуге үлес қосқан Болатбек Мұхтаров, Балғын Әділбай, Іңкәр Избай мен Алмас Бористің еңбегіне ризамын.


«Атом улаған даланың» мәтінін ағылшын тілінен қазақ тіліне аударған Динара Мәзенге ерекше алғыс айтпақпын. Ой-пікірімді қазақ оқырманға жеткізуде кітапта айтылатын оқиға орбитін аймақ – Шығыс Қазақстанда туып-өскен Динараның қосқан үлесіне баға жетпес.

*Тоғжан Қасенова
2022 жылғы 29 тамыз*

БІРІНШІ БӨЛІМ

**РЕСЕЙ БИЛІГІ ТҰСЫНДАҒЫ ЯДРОЛЫҚ
СЫНАҚ ЗАРДАБЫ:**

РЕСЕЙ ШЫРМАУЫНДА ҚАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН



1-карта. Советтік Социалистік Республикалар Одағы

ПРОЛОГ

Мен қазақпын, сондықтан кітапта баяндалатын екі негізгі тақырып бар: Қазақстанның Семей облысында болған ядролық қару сынағы және тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы маған тікелей қатысы бар мәселелер. 19 жасымнан бері шетелде тұрсам да, туған жеріммен байланысым үзілген жоқ, керісінше, тереңдей түсті. Бала кездегі естеліктер маған өте құнды, тіпті Совет Одағы ыдырағаны мен тәй-тәй басқан тәуелсіз елдің әлемде өз орнын табуға ұмтылған алғаш қадамын бақылаған қиын кезеңдерді де сағына еске аламын. Қазақтар туған жерін айрықша қадірлейді, туған қалам Алматыны «алғашқы махаббатым» деймін. Ұшақ Алматыға қонарда қаланы айнала қоршаған Іле Алатауын көргенде, жүрегім дүрсілдеп, тебіренемін.

Әкемнің отбасы Семей қаласында, ядролық қару сынағы болған жерден небәрі 120 шақырымда тұрған екен. Атымды қазақтың ұлы ақыны – Семей топырағында өмірге келген Абай ғашық болған арудың құрметіне Тоғжан деп қойыпты. Туған өлкеммен қарым-қатынасым да әкемнің өмірін арнаған қызметіне байланысты. 1990 жылдары мемлекеттегі алғашқы аналитика институтының (Стратегиялық зерттеулер орталығы, кейін Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты болды) басшысы болған әкем Қазақстан өкіметінің ядролық қару саясатына қатысты шешім шығаруына ықпал еткен. Ядролық қару саласын зерттеуді таңдағанда, ядролық қару сынағы тақырыбы Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуына қаншалықты зор ықпал еткенін ескердім. Бір жағынан, өмірден тым ерте кеткен әкемнің ісін жалғағым келді.

ЯДРОЛЫҚ ҚАРУ СЫНАҒЫ

Кітаптың бірінші бөлімінде Совет Одағындағы ядролық қару сынағы өткен кезеңдегі Қазақстан тәжірибесі баяндалады. Совет әскерилері қазақ даласында қырық жылдан астам уақыт атом бомбасын сынап, қоршаған орта мен жергілікті тұрғындарға орасан зор залал келтірді. Архивтегі құжаттар мен естеліктерге сүйене отырып, совет өкіметі сынақ кезінде жергілікті халықпен санаспағанын, оларды есепке алмағанын байқаймыз. Семей облысы ядролық қару сынағын жүргізуге лайық жер екенін талдаған ертедегі құжаттарда орын географиясы тиімді екені айтылады,

аймақты «адам қоныстанбаған» өлке деп сипаттап, тұрғындарға көңіл бөлмейді.

Осы жылдары Семей облысында туып-өскен көп адаммен кездестім. Ядролық қару сынағанда кейбірі кішкентай бала болған екен. Олардың айтуынша, полигонға (әскери сынақ орнын білдіретін совет термині) жақын жерде мал бағып жүргенде немесе шөп шапқанда ядролық бомба жарылысының дүмпуіне қарауға болмайтынын ешкім ескертпеген. Бұл қазақтар бейкүнә балалар еді, олар қозы неге екібасты болып не аяқсыз туып жатқанын білмейтін. Олармен әңгімелескенде, бір нәрсеге қайран қалдым: бәрі отбасының басынан өткен ауыр қасіретті бүкіл әлем білсе дейді, тек өздерін құрбан ретінде ғана сипаттағанды қаламайды. Семей облысының тұрғындары туған жеріміз басынан өткен тауқыметінің ғана емес, тарихы мен мәдениетінің, бай флорасы мен фаунасының арқасында да танымал болса екен деп тілейді.

Совет өкіметі қазақ халқының мүддесін аяқасты қылып, елемегені ядролық қару сынағы кезінде ғана емес, совет билігінің ұзақ және қысқа мерзімді саясатынан да әркез көрінетін. Мысалы, 1937-1938 жылдары саяси репрессия болды, совет өкіметі қазақ зиялыларын соттады, кейін атып тастады; ал 1986 жылы Қазақстан астанасы Алматыда жастар көтеріліске шыққанда, оларды қудалап, басып-жаншыды. Совет билігінің ең жауыз әрекеті деп 1930 жылдардағы ұжымдастыру кезеңін атаса болар. Қазақстанды «индустрияландырып, жаңартуға» тырысқан Сталин өкіметі диқандар мен малшыларды күштеп отырықтандырып, колхозға бірігуге мәжбүрледі; олар бүкіл Одақтың қазанын толтыру үшін ет пен астық дайындап беруге тиіс болды. Күнкөріс көзі болған малы, жалпы тұрмысы – бәрі көшпелі өмір салтына бейімделген қазақтарға аяқ астынан отырықшы өмір салтына көшу өлім жазасына кескенмен бірдей еді. Мал басы күрт азайып, 1,5 миллион адам қаза табады (оның 1,3 миллионы – қазақ).

Сынақ болған аймақтағы ауылдық жерде тұрған, сол жерде мал жаятын қазақтар сынақтан көбірек зардап шеккенімен, Совет Одағының ядролық қару бағдарламасының құрбаны солар ғана еді деуге болмайды. Семей қаласы – көп этносты шаһар, Ресей империясы кеңейген тұста келіп қоныстанған орыс ұлтының өкілі де көп. Совет Одағы кезінде Сталин корей, Қырым татарлары, шешен сияқты саяси себеппен жер аударылғандарды және азшылық ұлттарды Совет Одағының еуропалық бөлігінен Қазақстанға (Орталық Азияның басқа да елдеріне) жіберген. 1950 жылдары тың игеру науқанын бастап, Қазақстан жерінен мол астық алу үшін совет республикаларының бәрінің жастарын жұмылдырды. Осылай ерікті және еріксіз қоныс аударғандар Қазақстанның көп ұлтты мемлекет болуына үлес қосты. Ұлтына қарамастан, жергілікті тұрғынның бәрі ядролық қару сынағынан зардап шекті.

Олардың нақты санын айту қиын, оның себебін төменде түсіндіремін. Ядролық қару сынағы көп адамның өмірін талқандады: Қазақстанда миллионнан астам адам зардап шекті. Кейбіреуі совет әскерилері келіп қоныстанған соң, туған жерінен көшуге мәжбүр болған. Өзгесі радиациядан ластанған аймақты мекендеді, соның кесірінен мыңдаған адам радиациядан уланып, дертке шалдығып, көз жұмды.

Ядролық қару сынағынан зардап шеккен адамдар ғана емес, оның қоршаған ортаға тигізген залалы да тым ауыр болды. 2015 жылғы маусымда тікұшақпен ұшып барып, полигон орнын алғаш көрген сәтімді ешқашан ұмытпаспын. Топырақты ауыр жүк көлігімен басып, трактордың шынжыр табанымен мыжғылап, әбден тегістеп тастаған, цемент құрылымдарды қалай болса солай тастай салған, соның бәрі жерді аямағанның, қамқорлықтан жүрдай қатынастың белгісі еді. Киік пен арқар қатты жапа шекті, қырық жылға созылған ядролық қару сынағы кезінде мекен еткен ортасынан айырылды, сынақ біткен соң талай жылдан кейін ғана аймаққа оралды.

Совет саясаткерлерінің жауыздығы мен сұмдық шешіміне қайран қалсам да, оның бәрі бірдей адам мен қоршаған ортаға зиян келтіруді көздеген жауыз еді деуден аулақпын. Совет басшылары ядролық қаруы бар Америкамен бәсекелесіп, терезесін теңестіргісі келген. Екі мемлекет те қару жасаудан жарысты, әрқайсы аман қалу үшін ядролық қару бағдарламасын жетілдіру керек деп сенді.

Зерттеу жұмысын бастағанда негізінен Қазақстан халқының жағдайын ойласам да, кейін Совет Одағындағы ядролық қару бағдарламасының өзге құрбандары да барын білдім. Полигон орнын дайындағандар Совет Одағының түрмесінде жатқандар және қатардағы солдаттар болатын, олар өте қиын жағдайда жұмыс істеген. Көбінің сүйегі сол жерде қалды. Совет Одағының ядролық қару саласын зерттеуші ғалымдары мен әскери қызметкерлері де көп қиындық көрді, бағдарлама басталған жылдары баспана мәселесі шешілмей, олар отбасынан жырақ тұруға мәжбүр болды. Тіпті кейін тұрмыс жағдайы жақсарып, өзгелермен салыстырғанда біршама жақсы тұрды десек те (қарапайым халықтың қолы жетпеген азық-түлік, тұрмыс жабдықтары берілді), олар үнемі КГБ (Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті) қадағалауында болды, емін-еркін жүріп-тұра алған жоқ. Ғалымдар мен әскери қызметкерлердің көбі ядролық қару сынағы бағдарламасына қатысқанда «отанымды қорғауға үлес қосып жатырмын» деп сенгенін, сондықтан өзін құрбан етуге даяр болғанын атай кету керек. Олар ғылыми әрі әскери жетістікке жеттік деп қуанды.

Оқиғаны шынайы баяндауды мақсат еткендіктен, құжаттарға сүйендім. Деректерді өз көзіммен көргім келді, бомбаны жасап, сынаған ғалымдар мен әскерилердің естелігін оқуды мақсат еттім, сынақ өткен жерге жақын тұрған адамдардың жазбасын оқып, архивтен табуға

болатын материалдың бәрін ұстап көргім келді. Совет өкіметі ядролық қару сынағы адамдарға қауіпті екенін қашан, қай кезде түсінді? Қазақстандағы жергілікті өкімет қаншалықты хабардар еді? Ең бастысы – сынақты басынан өткерген адамдар не күйде болды?

Жауабы ең қиын сұрақ мынау еді: ядролық қару сынағы кезінде және одан кейін көп жыл өткен соң сынақтың адамдар мен қоршаған ортаға әсері қандай болды? Семейдегі ядролық қару сынағы алаңындағы соңғы жарылыстан бері отыз жыл өтсе де, әлі күнге оқырманға толық жауап бере алмаймын. Совет ядролық қару бағдарламасын құпия ұстау туралы талап бойынша совет әскерилері жиған деректің бәрі құпия сақталады. Қазіргі таңда ядролық қару Ресей ұлттық қауіпсіздік бағдарламасының негізін құрайды, сондықтан Совет/Ресей ядролық қару бағдарламасына қатысты ақпараттың бәрі сыртқа шығарылмайды. Қазақстандағы архивті қарағанда, Қазақстан Ресейге өтініш жолдап, ядролық қару сынағының адам денсаулығына әсері жайында дерек сұратқанын көргенмін. Оған жауап сол күйі келген жоқ.

Зерттеу кезінде осындай қиындыққа тап болдық, оған ядролық қару сынағының адам денсаулығына салдары туралы түрлі қарама-қайшы пікірді қосыңыз. Әскери дәрігерлердің айтқаны клиникалық деректерге қайшы келеді. Алайда клиникалық деректер толық емес, оған сүйеніп нақты жауап беру қиын, сондықтан оқырманға қазақ даласында болған жағдай туралы қарама-қайшы, түрлі нұсқаны ұсынамын. Кітаптың қорытынды тарауында кейінгі зерттеулердің біразын қорытып, түйіндейміз, олардың ауқымы шектеулі болса да, ядролық қару сынағының талай жыл бойы Қазақстан халқына тигізген әсері жайында түсінік береді.

Сынақ кезеңіне қатысты зерттеуім тек көлеңкелі жайттардан құралған деуге болмас. Ресей мен Қазақстанда адал әлі батыл адамдар болғанын біліп, қуанып қалдым. Ресейдің танымал ғалымдары Андрей Сахаров пен Евгений Велихов совет өкіметінің ядролық қаруды сынау бағдарламасына ашық қарсы шыққан. Қазақстанда да ондай адамдар аз емес, ядролық қару сынағын қолдамаған жазушылар, ғалымдар мен саяси көшбасшылар болған. Танымал жазушы, Семей өлкесінің тумасы Мұхтар Әуезов 1957 жылы Жапониядағы халықаралық конференцияда алғаш рет Семей полигоны туралы айтады, дәрігер Бахия Атшабаров 1950 жылдары сынақ құрбандарына клиникалық зерттеу жүргізеді. Ал Семей облысын 1950 жылдары басқарған Мұхаметқали Сужиков, 1960 жылдары басқарған Михаил Карпенко және 1980 жылдары басқарған Кешірім Бозтаев сынақтың зияны туралы мәселе көтерген. Сол сияқты 1980 жылдары ақын Олжас Сүлейменовтің бастамасымен көтеріліп, «Невада-Семей» ядролық қару жарылысына қарсы қозғалысты бастаған миллиондаған адамға бас иемін. Қазақстандағы ядролық қару сынағын тоқтатуға солар ықпал етті.

Архив құжаттарын мүмкіндігім жеткенше қолдануға тырыстым. Мен көтерген тақырып аса күрделі, сол себепті оған қатысты жазбаның бәрін алу мүмкін болған жоқ, дегенмен келешекте ешбір әрекет (не әрекетсіздік) жасырын қалмайтынына сенімдімін. Сол кездегі құжаттардан (тіпті кейбірінде шынайы дерек бұрмаланып жазылса да) шешім шығарушылардың ниетін, батылдығын немесе ынжықтығын байқауға болады, тек соларды мұқият зерттеп, басқа дереккөздермен салыстырып отыру керек. Оқиғаға қатысқандардан алынған сұхбат материалды толықтырып, еңбекке адамгершілік сипат үстегенімен, жеке адамның естелігі шындықты толық сипаттай алмайтынын, естелікке ғана сүйенген қате болатыны әркез жадымда тұрды.

Сондықтан мүмкіндігінше бірнеше дереккөзді қатар пайдаланып, нақты ақпарат алуға ұмтылдым.

ЯДРОЛЫҚ ҚАРУ СЫНАҒЫНА ҚАТЫСТЫ КЕЛІССӨЗ

Кітаптың екінші бөлімі Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарына арналған. Совет Одағы ыдырағанда Қазақстан өзі қаламаса да, жан түршігер мұраға ие болып қалды – совет заманынан қалған мыңнан астам ядролық қару мемлекет меншігіне өтті. Бұл мұраның арқасында Қазақстан әлемдегі үлкен ядролық қару қуаты бар төртінші елге айналар еді, тек АҚШ, Ресей және басқа елдермен күрделі келіссөз жүргізіп, ядролық қарудан бас тартуды таңдады.

Өткен тарихты баяндау үшін архивтен табылған тікелей дереккөздерге сүйенгенімді тағы ескерте кетейін: жеделхаттарды, іссапар жазбаларын, саяси құжаттарды, оқиғаға белсене араласқан дипломаттар, ресми тұлғалар мен эксперттердің сұхбатын көрдім. Саясатқа берілмеген немесе өкімет ұстанымына байланбаған зерттеуші ретінде сол оқиғаларды түгел баяндап шықтым, бір қарағанда, оқырманды шатастыратындай көрінер, дегенмен ядролық қарудан бас тартудағы жетістікті мақтаған АҚШ–Қазақстан арасындағы дипломатияның жылтыр сөздеріне қарағанда әлдеқайда дәл әрі терең жазылған деп ойлаймын.

Кітаптың бірінші бөліміндегідей екінші бөлімде дезерттеу мәселелері ұсынылады. Архив құжаттарын ақтарғанда, алтын кенін іздеушіге ұқсап кетесің. Қазақтар мен америкалықтар бір оқиғаны әрқайсы өзінше талдағаны, әр тараптың келіссөзге дайындығы мен екінші тарап жайындағы ой-пікірін білген қызық болды.

Зерттеу кезінде уақыт өте мәселенің сипаты өзгергенін байқадым. Қазір сонау 1990 жылғы оқиғалар туралы қазақ және америкалық қатысушылардан сұрасаңыз, олар бір-бірі туралы жылы сөз айтып, құрмет көрсетеді. Уақыт өте олардың жадында өткеннің тек жақсы, маңызды сәттері қалған, сол тарихи оқиға кезінде оң өзгеріс болып, айтулы

ынтымақтастық орнады деп есептейді, нәтижесінде екі тарап та мақтауға лайық шешім шығарды: Қазақстан ядролық қарудан бас тартты. Осы бір жанға жағымды оқиғадан қазақ басшылары ядролық қаруға қатысты қандай шешім шығаратынын (одан бас тартатынын) бірден білгені, ал АҚШ Қазақстан дұрыс шешімге келетініне еш күмәнданбағаны байқалады.

Дегенмен бастапқы құжаттарды, яғни дипломатиялық жеделхаттар мен ішкі жазбаларды және 1990 жылдар басындағы баспасөз сұхбаттарын оқығанда, жағдай біршама күрделі болғанын түсінеміз. Сол кездегі жазбаларға сүйенсек, АҚШ пен Қазақстанда ядролық қаруға қатысты келіссөз жүргізіп, шешім шығарған тұлғалардың күдігі мен үрейі басым болған.

Алаң болатын жөні де бар еді. Қазақстан іргесі енді қаланған жаңа мемлекет болған соң, басшылар, әлбетте, елдің келешегіне алаңдады. Екі көршісі – Ресей мен Қытай ядролық қаруы бар алпауыт елдер екенін ескерсек, «Ядролық қару мен ядролық қару инфрақұрылымынан бас тартамыз ба, бас тартқан күнде ол шешім ел қауіпсіздігіне қатер төндірмей, керісінше, пайда әкелуі үшін қайтпек керек?» деген сұрақ мазалағаны түсінікті. Сол сияқты АҚШ та әу баста Қазақстанның ниетін айқын түсінген жоқ. Қазақстан не істеуі мүмкін екенін олар болжай алмаған.

Ғалым ретінде сол кезеңде саясаткерлер бастан өткерген қиындықтарды осы кітапта барынша дәл жеткізгім келеді. Сөйте тұра, сол қиындық арқасында жеткен жетістік ерекше есте қалды. Совет Одағының құрамында болғанда өз бетімен ешқандай маңызды шешім шығара алмаған жас мемлекет басшылары ел тағдырын өзгертетін қорытындыға келіп, дипломатия, экономика және қауіпсіздік тұрғысынан ұтымды әрекет етті. Сол кезде дағдарып тұрған кедей ел – Қазақстан әлемнің ең мықты мемлекетімен терезесі тең елдей келіссөз жүргізді. Америка Құрама Штаттарына келсек, ол да мақсатына жетті: жан-жақты ойластырылған, шебер дипломатияға сүйеніп, Советтен қалған ядролық қаруды Қазақстаннан шығарып әкетті. Атап айтқанда, АҚШ сол кезеңде Қазақстанға ауадай қажет көмек берді: оның егемендігі мен қауіпсіздігін сақтауға ықпал етті, қару инфрақұрылымын бөлшектеуге қаржы мен техника берді, бүлінген ядролық материал қалдығын сақтауға көмектесті және тікелей шетел инвестициясын тартып, саясат пен экономика тұрғысынан қолдау көрсетті.

ҚАЗАҚПЫН ӘРІ ҒАЛЫММЫН

Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдары мен ядролық қару сынағы тарихы, қазақ болып туып, осы ұлттың болмысын бойыма сіңіріп өскенім өзіме де, осы кітапты жазудағы дайындығыма да әсерін тигізбей қоймады.

Шетелде оқып жүрген кезімде «Қазақстан оңбаған орыс отаршыларынан құтылды деп қуанбайсыз ба?» деген сұрақ жиі қойылатын.

Батыс елдерінен келген әріптес аспиранттар аймақта ешқашан тұрмаған батыс зерттеушілерінің еңбегін оқып алып, Орталық Азия халқы Совет Одағы құлағанда бөркін аспанға атып қуанған шығар дейтін. Шындық сәл басқаша еді.

Совет Одағы тұсында өткен балалық шағым өмірімдегі ең бақытты кезең болды. Әке-шешем бір-бірін жақсы көретін, отбасындағы екі бала да махаббат пен мейірімге қанып өстік. Ата-анам саясаткерлермен, тарихшылармен, өнер адамдарымен және ақын-жазушылармен араласты. Олар ылғи көзі ашық, көкірегі ояу адамдарды қонаққа шақыратын. Бізді баласынып, бөлек дастарханға отырғызған емес. Совет заманындағы өзге зиялылар сияқты, ата-анам ақшадан қысылса да, ешқашан таршылық көрген жоқпыз. Қауіпсіз, бәрі мені жақсы көретін ортада өстім, бақытты болдым.

Совет Одағын мақтан тұтқаным да еміс-еміс есте қалыпты, әсіресе халықаралық спорт жарыстары кезінде отандастарым жеңіске жеткенде қатты қуанатынмын. Совет командалары кезінде Олимпиада ойындарында жеңіс тұғырынан түскен жоқ. Елді өзіне қаратқан совет гимнастары мен мәнерлеп сырғанаушыларының керемет өнерін қатты жақсы көрдім, сондай сәттерде, әсіресе совет гимнін естігенде жүрегім тулап, толқып кететінмін:

Союз нерушимый республик свободных,
Сплотила навеки Великая Русь!
Да здравствует созданный волей народов,
Единый, могучий Советский Союз!

Сөйте тұра, совет мемлекеттеріне қалыпты саналған, шын мәнінде ақылға қонбайтын дүниелер де болатын. Бастауыш мектепте оқып жүргенде мұғалімдер Ленин атаны барша адамзаттан артық жақсы көруге тиіспіз дейтін. Алты жасымда анамнан: «Мама, әкемді Ленин атадан артық жақсы көргенім дұрыс па?» деп сұрадым. «Әрине, өте дұрыс» деп жауап берді ол. Анам нағыз нонконформист еді, университет профессорларынан қатаң талап етілсе де, Коммунистік партияға кірмей қойған.

Қазақтар өз жерінде екінші санаттағы адамша күн кешіп жүргенін, славян емес ұлттар орыстардан төмен саналатынын өсе келе ұқтым. Кішкентай кезімде сұлулық туралы түсінігім совет стандартына сай қалыптасты. Сұлу қыз мен сияқты бадам көз емес, бадырақ көк көзді, сары шашты болуға тиіс деп ойлайтынмын. Тіпті Тоғжан деген есімімді де жақтырмайтынмын. Кейінгі дыбысы дауысты дыбыс болмаған соң, қазақ қызының ерекше есімін орысша айтқанда әдемі естілмейтін. Жасөспірім шағымда ғана есімімнің мағынасын ұқтым. Ол «көңілі тоқ, өмірге риза жан» деген сөз екен.

Совет жүйесі ресми түрде ұлтаралық келісім бар дегенді жиі айтып, мақтан ететін, тек шын мәнінде жағдай басқаша еді. Совет республикаларының басқару органдарындағы, ірі өндіріс мекемелеріндегі жоғары лауазымның көпшілігіне тек орыс этносының өкілдері тағайындалатын. Ал жергілікті ұлт өкілінен олар тек көмекші алатын.

Жергілікті мәдениет пен тіл екінші орынға ысырылды, орыс мәдениеті мен тілі үстем болды. Туған қалам Алматыда қазақ тілінде білім беретін мектептер саусақпен санарлық еді. Алматы сияқты үлкен қалалардың көшесінен қазақша сөйлескен адамдар көрмейтінбіз. Қазақша сөйлескендерді көру үшін алыс ауылдарға бару керек еді. Бала кезімде Совет Одағы қазақ ұлтының бірегейлігін қалай тұншықтырғанына аса мән бермешпін.

Кітапқа қатысты айтсам, қаным қазақ болғанының арқасында ұлтымның тарихын, географиясын, мәдениетін, тілін танып-білу және әкемнің қолжазбаларын оқу маған оңай болды. Тек қазақ екенмін деп біржақты пікір жазуға немесе болған жайтты әсірелеп жеткізуге болмайтынын ұқтым. Ғалым болмысым елімнің оқиғасын барынша толық әрі әділ баяндауды талап етті. Алайда өзім қазақ, әкем Қазақстанның ядролық қару саясатын қалыптастыруға атсалысқан маңызды тұлға болғандықтан, кітап жазу барысында талай ішкі қақтығысты бастан өткердім.

Совет өкіметінің ядролық қару сынағына қатысты зерттеу жүргізу және оны жазу жаныма бағты. Қазақстанда туып-өскен адам ретінде ядролық сынақ тарихы мен оның құрбандарын білетінмін. Бұрынғы ядролық қару сынағы орнына барып, сол кездегі құжаттарды көргенде, трагедия ауқымы жайында жаңа түсінік қалыптасты. Тым әділетсіз, жауыздыққа толы, қайғылы материалды оқығанда, қаным қайнаған сәт көп болды.

Полигоннан жапа шеккен қазақ құрбандарын көріп, олардың басынан өткен оқиғасын естігенде, жүрегім езілді. Олар менің халқым еді: мәдениетіміз бір, түріміз ұқсас, туған жерге деген құрметіміз де бірдей, еш жазығы болмаса да, Совет Одағы жасаған «ядролық қалқанның» құрбаны болды.

Олардың тағдырын ойласам, әлі күнге жаным ауырады. Әйтсе де ғалым ретінде бейтарап болып, ғылым талабын ұстанып зерттеуім керек болды, солай істеуге тырыстым да.

Бұл кітапты оқығанда соның бәрін, қазақ екенімді, соған сай сезімге берілгенімді, сөйте тұра, ғалым ретінде әділ әрі жан-жақты зерттеу жүргізуге ұмтылғанымды ескерерсіз, құрметті оқырман. Осы еңбекті жазуға он жылдан астам уақытым кетті, мұнда көтерілген мәселелер жан-жақты әрі объектив сипатталған деп үміттенемін. Сөйтіп, әкеме, жаңа мемлекет құрудың бар қиындығын бастан өткерген қажырлы жандарға және Совет Одағының ядролық қару саясатының құрбаны болған Семей халқына лайық құрмет көрсеттім деп ойлаймын.

1-ТАРАУ

ДАЛА

Жаздыкүн шілде болғанда
Көкорай шалғын, бәйшешек,
Ұзарып өсіп толғанда;

Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда.

Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап

Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып, ыңқылдап,
Суда тұрып шыбындап,
Құйрығымен шылпылдап,
Арасында құлын-тай,
Айнала шауып бұлтылдап.

Абай (1845–1904)

Әр жерде аң-құс бөлшектері шашылып жатыр. Жарылыс орнынан әріректе аман қалған хайуандар көрінеді. Ұшып бара жатқанда жарылыс ұшқыны тиген құстар сеспей қатып жерге құлаған, терісі мен түгі күйген жануарлар есі шығып, безіп барады. Дәрігерлер мен солдаттар өлген және жаралы хайуандарды көлікке тасып жүр.¹

Жарылыс алдында ғалымдар мен әскери қызметкерлер атом жарылысы қуатын тексеру үшін сынақ алаңына мыңдаған хайуанды –

қой, ешкі, шошқа, ит, қоян, тышқан, егеуқұйрық пен теңіз шошқасын айдап әкелген. 1949 жылғы 29 тамыз – Совет Одағы Қазақстан даласына салған жаңа полигон ошағында алғаш атом бомбасы жарылған күн.

Совет Одағының алып аумағында сынақ жасауға лайық жер жеткілікті еді. Арнайы құрылған өкіметтік комиссия түрлі нұсқаны қарастырып, ақырында оның алыс орналасқаны қолайлы деп, Қытаймен шекаралас жатқан республика – Қазақстанның орталық ауданын таңдаған. Қазақ даласы жайылымы мол, мыңдаған шақырым созылып жатқан жазық дала еді. Таңдалған аумақ келешекте ядролық қаруды жер бетінде сынауға аса ыңғайлы көрінді: жер бедері тегіс, сондықтан әскерилер жер бетіне және астына қажет инфрақұрылым сала алатын. Уақыт өте жақын маңдағы тау сілемдерінде жер бетіндегі сынақтарды да жасауға болады. Құрлықтағы ең үлкен өзеннің бірі – Қытайдан бастау алып, Қазақстан арқылы Ресейге ағатын Ертістің суы құрылысқа емін-еркін жететін. Құрылыс материалынан тарлық жоқ – ағаш, тас, құм, тағы басқасы жеткілікті. Үлкен қалалар мен ірі құрылыс тораптарынан қашықтағы сынақ орны бөгделердің көзіне түспейді.² 18 500 шаршы шақырымнан асатын, аумағы Бельгияның жер көлемімен бірдей сынақ алаңына Совет Одағында қару сынау орны, әскери жаттығулар өткізетін жер дегенді білдіретін «полигон» деген атау берілді.

Совет шенеуніктері «аумақ бос, халық қоныстанбаған» деп сипаттады. Шынында, сынақ орнынан 120 шақырымда 120 мың адам тұратын (жыл өткен сайын адам саны өсіп, 350 мыңға жетті) Семей қаласы, 80 шақырымда мыңдаған адам мекендейтін ауылдар бар-тын.

Семей көп этносты, түрлі мәдениет тоғысқан қала еді. Қалада қазақтар мен орыстар ғана емес, өзге де этнос топтары тұратын. Сталиннің аз ұлттардың өкілдерін сенімсіз санап, Совет Одағының шалғай түкпірлеріне қоныстандыру саясатынан осындай мәдени әралуандық туды.

Ауылдарда негізінен қой мен жылқы өсіретін қазақтар, сынақ орнына жақын басқа елді мекендерде орыстар, украиндер мен өзге де ұлт өкілдері тұратын. Совет әскерилері келгенге дейін мал баққан қазақ байтақ далада еркін көшіп-қонып, малға жайлы қоныс іздеп жүретін. Ол ауылдардан жоғары сапалы ет-сүт өнімдері жан-жаққа тарайтын. Семей қаласындағы ет комбинаты Совет Одағындағы ең үлкен зауыттардың бірі еді, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде сол жақтан шығатын шұжық пен консервіленген ет совет әскеріне азық болған.

Жойқын жарылыс кезінде ең әуелі осы адамдар сынақ зардабын тартып, талай жыл азап шекті. Радиация әсерінен ауа, су, азық-түлік ластанып, әр адамның өмірі түбегейлі өзгерді.

СЕМЕЙ ӨЛКЕСІ: ТҰМСА ТАБИҒАТ ПЕН ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ БЕСІГІ

Совет әскерлеріне сұрықсыз шөл дала көрінген өлке қазақтар үшін ежелден қасиетті мекен еді. Қазақ халқы туған жерін айрықша қастерлеп, қадірлейді, елдің шығысындағы Семей өлкесі қазақ санасында киелі мекеннің бірі саналады. Оған өлкенің сұлу көрінісі, көшпенділер мәдениетіндегі алар орны, қазақ әдебиетінің ошағы екені және зиялылар шоғырланған аумақ болғаны әсер еткен.

Ежелгі заманнан бері сол аймақты мекен еткен көшпенділер ұланғайыр дала мен шексіз көк аспанды еркіндік символы деп білген. Көк пен жер астасатын көкжиекке қарасаңыз, екі түс тоғысқанын ғана көресіз, оған кедергі болар тал да, бұта да жоқ. Ротко салған сурет сияқты. Маусым ауысқан сайын алып даланың бояуы да өзгереді. Көктемде көк шөп жайқалып, жасыл желекке оранған даланы жазда күн күйдіріп, сары шәлі бүркейді. Күзде жаңбыр мен балғын шөптің иісі аңқиды. Қыста қалың қар даланы аспақ көрпеге орайды.

Ұшы-қиыры жоқ көрінгенімен, дала біресе жотаға, шағын тізбекті тауларға, біресе қарағай ормандары мен Ертіс өзенінің бойында қаулап өскен бұта — қарағайға ұласады. Өзен жағасында-ақ тал-терек өседі, суында алабұға, шортан сияқты түрлі балық жүреді. Үйеңкі мен шегіршін ұйыса өскен, тобылғы иісі аңқитын, қарағайлы орманда киік, бұғы, елік, қасқыр мен сілеусін сияқты аң мекендейді. Көк жүзінде қалықтаған дала бүркіті мен тұз бозторғайын, кезқұйрық пен ұзақты көресіз. Даланың өзінде сарышұнақ, атжалман, тышқан мен өзге де кеміргіштер көп, ірі аңдарға, арасында адамдар аулайтыны да бар, қорек болып, дала экожүйесінің ажырамас бөлігі саналатын бұл хайуандардың пайдасы зор.

Дала мақтанышына айналған жануардың бірі – ақбөкен. Б.з.д. V–VII ғасырлардағы тасқа қашалған суреттерде ақбөкендер көп бейнеленгеніне қарап, олар қаншалықты маңызды болғанын байқаймыз.³ Тек XIX ғасырдың екінші жартысында олардың бағалы мүйізіне қызыққандар көбейіп, ақбөкендер саны күрт азайып кеткен. 1950 жылдары 2 миллион басқа жеткенімен, дәл сол кезеңде совет ядролық қару бағдарламасы қазақ жерінің флорасы мен фаунасына орасан зор зиян келтірді.

Байтақ даланың ең көрнекті өкілдері – көшпенділер Қазақстанның табиғи сұлулығына нұқсан келтірмей, үйлесімді тірлік кешкен. Қазақтардың бәрі бірдей көшіп-қонып жүрген деуге келмес, кейбірі сауда орталығы болған қалаларда тұрған, тек көбі ежелден келе жатқан ата-баба салтын ұстанған.

Дала заңына бейімделген көшпенділер ру-ру болып ұйымдасып өмір сүретін, алдын ала келісілген аймақта үйі мен дүние-мүлкін түйеге артып көшіп-қонып, жыл мезгіліне қарай төрт түлік малына жайлы қоныс іздейтін.



1-сурет. Қазақ даласы, Семей өлкесі, 2020. Түсірген: Тоғжан Қасенова.

Көшпенді халық жазды ерекше жақсы көретін. Шүйгін шөпке тойған малы тез ет алып, қоңданатын, көшпенділер ашық аспан астында ұйықтайтын, той-томалақтың бәрі, ән-күй сайыстары мен күш сынасатын бәйгелер де жазда өтетін. Жазық даланың үскірік желі бет қаратпайтын қыстың суық күні мал тебіндеп, құрғақ шөп жегенде, көшпенді халық мамыражай жаз күнін еске алатын.

Семей өлкесі табиғи сұлулығы мен көшпенділер мәдениетін ұзақ сақтағанымен қатар, қазақ әдебиетінің алтын бесігі болған, оқымысты әрі зиялы қазақтың талайы осы өлкеде өмірге келген. Қазақтың ұлы ақыны, философ, композитор Абай – жергілікті бай-сұлтанның баласы, XIX ғасырдың аяғында Семей аймағында өмір сүрген. Абай – ғасырлар бойы ауыз әдебиеті дамыған қазақ даласындағы жазба әдебиеттің негізін қалаушы. Оның еліне арнаған жырларын оқығанда туған өлкесі мен табиғатын шексіз сүйгенін байқаймыз. Абай шығармалары арасында орны бөлек «Қара сөздер» – Батыс ағартушыларынан шабыт алған пәлсапалық трактат. Абайдың қара сөздерінде адамгершілік туралы айтып, қазақ мәдениеті мен тарихын қозғайды, елін әдебиет пен білімді, еңбекті

бағалауға үндейді. Бірнеше тілге жетік болған Абай Пушкин, Лермонтов, Гете мен Байронның шығармаларын қазақшалаған.⁴ Шәкәрім (Абайдың шәкірті) мен Мұхтар Әуезов сынды тұлғалар да Семей өлкесі қазақ әдебиетінің бесігі екенін растай түседі.

Семей өлкесі өнерпазда бай. Совет ядролық қару сынағының алғашқы құрбандары болған – Қазақстанды ең алғаш шетелдегі сайыста танытқан әнші Әміре дүниеге келген Семей өңіріндегі Қайнар ауылының тұрғындары. 1925 жылы *Paris Expo* көрмесіне жиылған жұрт Әміре Қашаубаевтың керемет даусына тәнті болып, ол осы өнер бәйгесінің екінші жүлдесін иеленді. Француз газеттері оның бірегей даусына сүйсініп, жарыса жазып, әншімен Жорж Гершвин достасады.⁵

Семейде танымал орыс зиялылары да тұрған, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында патшалық Ресейден қуғын көрген біраз ақын-жазушы жер ауып келген. 1860 жылдардағы орыс революциялық қозғалысының өкілі Евгений Михаэлис Абаймен жақын дос болып, қуғында жүргенде Шығыс Қазақстан өлкесінің геологиясын зерттеген, өзен алабы картасын жасап, экономикалық және географиялық деректер жинаған.⁶ Танымал орыс жазушысы Федор Достоевский Семейде бірнеше жыл міндетті әскери қызметін өтейді (патшалық Ресейде тыйым салынған кітаптарды оқыды деген айыппен Сібір түрмесінде отырып келген еді).⁷ Осындай талантты орыс зиялылары Семей аймағын зерттеген, танымал қазақ азаматтарымен достасып, өлкені әдебиет пен ғылым-білім орталығына айналдыруға үлес қосты.

СЕМЕЙ: ҚАЗАҚ-ОРЫС ТАРИХЫНЫҢ ЖҮРЕГІ

Совет өкіметі ядролық қару сынағын өткізетін орын ретінде Семей өлкесін таңдағаны бекер емес. Қазақстан мен Ресей қарым-қатынасы басталған XVI ғасырда Семей өлкесі осы байланыстың негізгі көпірі болды. Ресей бұл аймақта ұзақ уақыт үстемдік етіп, көшпенді қазақ өміріне араласып, айтқанымен жүргізуге талпынды. Сөйте тұра, Ресей гегемониясы Семейдің тыныс-тіршілігі қайнаған заманауи қала болуына ықпал етті, уақыт өте ерекше мультимәдени ортасы бар халықаралық сауда орталығына айналды.

Ресей империясы шекарасын кеңейтіп, әскерлер тұратын елді мекендер сала бастағанда, Орталық Азиядағы алғашқы бекіністерінің бірін осы Семей облысында тұрғызған. Орыс-казактан құралған әскери топтар XVI ғасырдың басында Қазақстанның солтүстік-батысына, уақыт өте солтүстігіне бекініс салуға кірісті. XVIII ғасырдың басында олар Қазақстанның солтүстік-шығысына жетіп, қазақтар қоныстанған аймақты қатты қадағалай бастады.⁸ 1718 жылы Ресей Ертіс өзені жағалауындағы будда ғибадатханасы үйіндісінің жанынан бекініс салды. «Семипалатинск» (Жеті шатыр) деген атау бекініс саларда

тұрғызылған жеті ғимаратқа қарап қойылған деген сөз бар. Бекініс маңына үйлер салынып, адам қарасы көбейген сайын Орталық Азия мен Ресей империясы арасындағы байланыс жанданып, сауда-саттығы дамыған көпестер қаласы пайда болды.

Ол кезде қазақ тайпалары Кіші жүз, Орта жүз және Ұлы жүз болып үш жүзге (үш ордаға) бөлінетін. Әр орданың (жүздің) ханы болған. Хан – түркі тайпаларындағы ең жоғарғы билеуші әрі әскербасы. Ордалар бірігіп Қазақстанның оңтүстігіндегі қалалар мен жерлерді басып алуға ұмтылған моңғол тайпаларынан қорғанып соғысқан. XVIII ғасырдың басында Кіші жүздің ханы билейтін Әбілқайыр моңғол басқыншыларына 30 мың әскермен қарсы шыққан. Тек ол жерді сақтап қалуға қазақтардың шамасы жетпейтінін біліп, Ресейден көмек сұрады. 1730 жылы қалмақтар қазақ даласын басып алады деп қорқып, ондай жағдайда Сібірдің оңтүстігін өзіне қаратып, жерін кеңейткісі келетін Ресей императоры Анна Иоановна қазақтарға көмектеспек болады. Әбілқайыр хан Ресей империясымен уақытша одақ құрамын деп ойлаған, алайда бұл әрекеті Ресейдің қазақ даласын отарлауына жол ашты. Кейін өзге екі орда да Ресейдің қоластына өтті.

XVIII ғасырдың аяғында Семейде үлкен базарлар ашылды. Көпестер, сауда жасауға жан-жақтан келген халық, Ресей мен Еуропадан, Орталық Азиядан жеткен тауарлар базар көркін кіргізіп, түрлі әуен, тіл, иіс пен түс араласып, далаға әр беретін. Базарға келген адам жанына керектің бәрін табатын – азық-түлік, киім-кешек, мал сатып алатын. Орталық Азия көпестері кестелі шекпен, көздің жауын алатын құрақ көрпе, былғары бұйымдар сататын. Ал Ұлы Жібек жолы бойындағы Бұхара мен Түркістаннан келген саудагерлер ер-тоқым, ат әбзелдерін сатқан. Базардың еуропалық бөлігінде орыс көпестері үн, Еуропа үлгісінде тігілген киім-кешек және Орталық Азия халқына таңсық гитара мен жиекті қалпақ сияқты тауарларды саудаға шығаратын. Қазақ даласының түкпір-түкпірінен жеткен керуендер түйе мен жылқыға жүн, былғары, шұбат артып әкелетін.⁹ Қала үлкейген сайын былғары илеу сияқты жаңа салалар шықты, күміс, алтын, қорғасын мен мыс өндіретін кәсіпорындар ашылды.

Құнарлы жерге қызыққан славяндар, әсіресе орыстар мен украиндер Орталық Азияға көптеп қоныс аударды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Қазақстанға 1,5 миллион славян ұлт өкілі көшіп келді. Патша өкіметі қазақ жерін күштеп тартып алып, күш үстемдігін орнатты.

Көшпенді қазақтардың жалғыз тіршілік көзі – малын жаятын жайылымдары күннен-күнге тарылып, қазақтарды отырықшы халыққа айналдыру процесі басталды. Кейін оның салдары өте қайғылы, ауыр болды.

XIX ғасырда Ресей билігі күшейгеніне наразы болған қазақтар бірнеше рет бас көтеріп, еркін ел болып қалғысы келетінін білдіргенімен, ешқайсы жеңіске жетпеді. XX ғасырдың басында қазақ зиялылары



2-сурет. Енбек сарайы, Семей, 1929. Түсірген: И. Голованов.

Дереккөз: Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалары архиві, Қазақстан. #5–2555 сурет.

тәуелсіз партия құрып, жапа шеккен қазақ халқының мүддесін қорғап, сауатын ашуға ұмтылды. Партия негізін қалаушылардың бірі – хан ұрпағы, жоғары білімді Әлихан Бөкейхановқа патша өкіметі түрлі айып тағып, саясаттағы белсенділігі үшін талай рет түрмеге қамайды.¹⁰ Жаңа партия «Алаш» деп аталды, аңызға сүйенсек, Алаша хан әрі қолбасшы болған, XV ғасырдың бірінші жартысында бірнеше түркі тайпасының басын қосып, қазақ ұлтының негізін қалаған.¹¹

II Николай патшаны тақтан тайдырған соң өліара кезең орнағанда, Алаш зиялылары либералдар басқаратын жаңа режим Ресейдің Орталық Азияға көрсеткен отарлық қысымын азайтар деп үміттенеді. Мүмкіндікті пайдаланған Алаш зиялылары Ресей демократиялық федералдық республика болуы керек, құрамындағы әр мемлекет автономия болсын деген идеяны ұсынады. Алайда бірнеше айдан соң Ақпан революциясы болады, Ресейдің уақытша өкіметі құлайды, Қазан төңкерісінен кейін билікке большевиктер келді. Жаңа саяси жағдай алашордашылардың есебін

өзгертті, партия басшыларының бірі Ахмет Байтұрсынұлы оны былай түсіндіреді:

Алғашқы төңкерісті қазақтар тура түсініп, қуана қарсы алса, оған себеп, біріншіден, бұл революция оларды патша өкіметінің қанауы мен зорлығынан құтқарғанында және, екіншіден, өзімізді өзіміз басқарсақ деген ескі үміті нығая түскенінде еді. Қазақтар екінші (Қазан) төңкерісін неге түсінбегенін оп-оңай ұғындыруға болады: қазақтарда капитализм де, тапқа бөліну де жоқ, тіпті жекеменшіктің өзін өзге халықтардағыдай айдар тағып ажырату қиын: тұрмыстағы заттардың көбі ортақ игілік саналады. Қазақтар Қазан төңкерісінің сырт көрінісінен шошыды. Большевиктер қозғалысы Ресейдің орталық аймақтарында қалай жүргенін қазақтар білмейтін, ал шет аймақтарда ол бар жерде зорлық, қиянат жасап, билікті асыра пайдаланып, диктаторлық режим орнатты. Тоқетерін айтқанда, ол қозғалыс шет аймақтарда революция (өзіміз қазір түсінетіндей) емес, барып тұрған анархияға айналды.¹²

1917 жылғы желтоқсанда Алаш партиясы Қазақ автономиялық өкіметін құрып, оны Алашорда деп атады. Семейде құрылған бұл өкімет білім жөніндегі комиссия, әскери полк құрды, қазақ белсендісі, озық білімді тұлға, өкіметтің негізін қалаушылардың бірі Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен заңдар шығарды. Бөкейханов премьер-министрі болған Алашорда өкіметі үш жылдай қызмет атқарды, тек 1920 жылы



3-сурет. Қой терісін сатып алу, Семей, 1916. Түсірген:Ф. Белослуидов.

Дереккөз: Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалары архиві, Қазақстан. #В-2481 сурет

Ресей большевиктеріне берілуге мәжбүр болды. Қазақстан автономиялық республика сипатында Ресейге қосылды, ал Алашорда жетекшілеріне «буржуаз ұлтшылдар», «халық жауы» деген жала жабылып, сотталып кетті. 1929 жылы бар билікті өз қолына шоғырландырған Сталин 1930 жылдардағы «Үлкен террор» репрессиясы кезінде қазақтың біртуар тұлғаларының көзін құртты.

1936 жылы Қазақстан совет республикасы статусын алып, Қазақстан тарихында совет кезеңі басталды. Республикаға қатысты маңызды шешімдердің бәрі Совет Коммунистік партиясының Мәскеудегі Орталық комитетінде шығарылды: Қазақстан қанша ет, бидай, мақта мен пайдалы қазба өндіретіні немесе елде қанша мектеп пен балабақша ашылуы керек дегеннің бәрі сол жақта шешілетін. Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық комитеті Мәскеуден тікелей бұйрық алып, оны іске асыруды атқарушы орган – Қазақстанның Министрлер кеңесіне тапсыратын.

Совет Одағы құрамына енгені Қазақстанға бір жағынан пайдалы болса, екінші жағынан залалы да көп болды. Одақ құрамына кірген соң республикада модернизация жылдамдады, тас жолдар салынып, электр жарығы сияқты инфрақұрылым дамыды. Совет өкіметі қолдаған жалшыға бірдей білім беру мен тегін емдеудің Қазақстан халқына да пайдасы тиді. Қазақтар орыс тілін үйреніп, соның арқасында орыс ғылымы мен әдебиетін оқыды, қала және ауыл тұрғындары орыс тілін білуге міндетті болды.

Дегенмен орыс-совет билігінің ұлтқа қасірет әкелген кезі де көп болды. 1929–1934 жылдардағы ұжымдастыру кезінде Сталин өкіметі жеке шаруашылықтарды күштеп колхоздарға біріктірді. Бұл саясат көшпенді өмір салтын ұстанатын, малына жайлы қоныс іздеп көшіп-қонып жүретін қазақтардың үйреншікті тұрмыс-тіршілігін тас-талқан қылды. Отырықшы өмір салтына күштеп өткізгені, Совет Одағы өзге аймақтарындағы халықты асырау үшін малын тартып алғаны салдарынан миллиондаған қазақ ашықты. Ұжымдастыру басталғанда қазақтардың 40 миллион бас ірі қара малы болса, науқанның аяғына қарай 4,5-ақ миллионы қалған. 1,5 миллионнан астам адам (оның 1,3 миллионы – қазақтар), яғни қазақ ұлтының үштен бірі – жалпы халықтың ширегі ұжымдастыру салдарынан болған ашаршылықтан қырылды. Совет өкіметі шекарасын жауып тастап, ашыққан қазақтар ешқайда кете алмай қалды. Кейбірі Моңғолия, Түркия мен Өзбекстанға қашып үлгергенімен, жолда көбі суық пен аштыққа, совет солдаттарының зорлық-зомбылығына шыдамай опат болды.

Осындай әрекеттермен совет өкіметі қазақ даласының этностық және әлеуметтік келбетін түбегейлі өзгертті. Енді қазақтар өз жерінде азшылық топқа айналып, көшпелі тұрмыс салтынан бас тартуға мәжбүр болды. Өмір салты тұтас өзгерді.

Ал совет ядро бомбасы қазақ ұлтына келген жаңа зұлмат болды.

СОВЕТ ЯДРОЛЫҚ ҚАРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Сталин мен оның әскери кеңесшілері Семей өлкесінен табиғи сұлулық пен мәдени мұраны емес, ядролық қару сынағын жасауға ыңғайлы кең даланы ғана көрді. Совет барлау қызметінің мәліметіне сүйенген Сталин 1940 жылдардың басында Америка Құрама Штаттары ядро бомбасын жасап жатқанын білген. Бұл Совет Одағы Екінші дүниежүзілік соғыста фашистік Германияға қарсы күресіп жатқан кез еді. Совет өкіметі ғылымын дереу тікелей соғыс жүргізуге бағыттап, танк пен артиллерия сияқты соғысқа керек қару-жарақ жасап шығаруға жұмылдырған. Сталин үшін шешуші кезең 1945 жылы туды. Шілдеде өткен Потсдам конференциясында АҚШ президенті Хэрри Труман Сталинге мақтанып, Американың жаппай қырып-жоятын күшті қаруы бар дейді. Бір айдан соң, тамыздың алтысы мен тоғызында АҚШ Хиросима мен Нагасакиге екі атом бомбасын тастап, бір сәтте 100–120 мыңдай адам қырылды. Мыңдаған адам жараланып, көп ұзамай аурудан өлген.

Сталин кідірместен өкімет пен ғалымдарға совет ядролық қаруын жасаңдар деп тапсырма береді. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ядролық қаруды қолға алған, бірақ оған басты мәселе деп қарамаған совет өкіметі енді АҚШ-пен күш теңестіруге жанын салады.¹⁴ Бұл кезде Совет Одағы 26 миллионнан астам адам өмірін жалмаған соғыстан енді ес жиып жатқан еді. Соған қарамастан, өкімет мінсіз қару жасауға барын салды. Сталин ғалымдарға тапсырма беріп, бомба жасауға керектің бәрін сұраңдар деген көрінеді: «Жыламаған балаға емшек жоқ. Керек нәрсенің бәрін қысылмай сұраңдар. Ешкімнің қолын қақпаймыз».¹⁵

Сталиннің оң қолы Лаврентий Берия совет бомба жобасын назарда ұстап, құпия болғанын қадағалаған. Ол Семейдегі полигонға жиі барып, ең маңызды сынақтарды көреді, үнемі тәптіштеп тексеріп отырады. Берия Сталин режимі тұсында мыңдаған совет азаматын құдалап, түбіне жеткен адам ретінде тарихта қалды. Өзі шектен шыққан жауыздығымен белгілі болатын, адамды азаптағаннан ләззат алатын, тіпті тартпасында шоқпар жататын деген сөз бар. Алғашқы совет бомбасын жасаған ғалымдар Берия қадағалап отырған жобаның талабы күшті екенін, қиыс басса, басы кетерін түсінді.

Сөйте тұра, совет ядролық қару жобасын іске асырушылар Берияны қамқоршы санады. Оның ұйымдастыру қабілеті мықты еді, ядролық қару бағдарламасына қажет ресурсты үйіп-төкті, жобаға қатысқандарға өзге совет азаматтарының қолы жетпейтін түрлі жеңілдік жасады. Совет Одағының сол кездегі бас ядрошы ғалымдары Юлий Харитон мен Юрий Смирнов Берияны «елдің қазіргі тарихындағы зұлымдық бейнесі» деп сипаттап, сөйте тұра, «жағдайға қарай сыпайы, сөздің жөнін білетін, қарапайым бола алатын адам» деген.¹⁶

Ғылыми жобаның жетекшісі отыздан енді асқан ядрошы маман Игорь Курчатов болды. Ол сынақтарды өзі қадағалап, көп уақытын полигонда өткізді. Ғалымдар оны ашық-жарқын, жайдары мінезіне бола құрметтейтін, сабырлы әрі шыдамды адам деп білетін. Курчатов пен Берияның мінезі екі түрлі болғанымен, Берия Семей полигонында жұмыс істеп жүрген ядрошы ғалымдардай ғылымды жете түсінбесе де, Курчатов екеуі жақсы араласқан.

Алғашқы совет атом бомбасының негізгі құрастырушысы болған Юлий Харитон да – полигондағы басты тұлғаның бірі. Совет ядролық қару жобасын шұғыл іске асыру керек болғандықтан, Кэмбридж тәмамдаған, ұлты еврей Харитон Сталин репрессиясынан аман қалды. Ол – танымал театр актрисасы Мира Буровская (өнердегі аты Мира Бирренс) мен ГУЛАГ-та көз жұмған белгілі журналист Борис Харитонның жалғыз баласы еді.

1947 жылы совет өкіметі сынақ бағдарламасына мамандар жинап, іріктелген солдаттар, лауазымды тұлғалар мен инженерлер Семейдегі сынақ орнына аттанды. «Бармаймын» деуге ешкімнің қақы жоқ еді.

Олар аса құпия жағдайда жұмыс істеді. Оқиға орнына барғанға дейін полигонды салуға тиіс әскерилерге мансабы мен жалақысынан өзге ешқандай ақпарат берілген жоқ. Бастықтары жаңа жұмыс орны қайда орналасқанын да айтпаған. Тек 52605 деген бес таңбалы сан ғана жаңа әскери бөлімшенің белгісі болды. Бәрі құпияны сақтаймыз деп ант берді, «атом», «полигон» және «Семей» деген сөздер ауыздан шықпауға тиіс болды. Сынақ алаңына барғандардың кейбірі Екінші дүниежүзілік соғыстан бері көрмеген отбасын сағынып, еліне қайтқысы келсе де, көбі бұйрыққа бағынып, маңызды мемлекеттік жобаға атсалысып жатқанын түсінді.¹⁷

Өкімет жұмысқа алған әр адамын жіті тексеріп, әрқайсына анкета арнады, маңызды жобада істейтін адам бұрын қылмыс жасамаған және шетелдіктермен араласпаған болуы керек еді. Анкетада тіпті өлген туыстары қайда жерленген деген сұрақ та бар.¹⁸ Сол арқылы өкімет адамның өткен өмірін, діні мен шыққан тегін біліп алатын.

Бұл адамның ата-бабасы Совет Одағында туып-өскен бе, совет жүйесіне сіңісіп кеткен шетелдік пе? Әскерге шақырылған жастардың кейбірі шетелге кететін шығармын деп үміттеніп, ата-тегін тексерген анкетаны шекара асар алдындағы дайындық деп ұқты. Алайда құпия істі атқарушылар Мәскеу өзені жағасындағы XII ғасырда салынған Звенигород қаласына шақыртылды. Олар орыс патшалары ғибадат қылғанды ұнататын Савва Сторожевский монастырі жанындағы табиғаты көркем әскери шипажайға жиылды.

Звенигородта Химиялық физика институты директорының орынбасары, 1954 жылы полигонның ғылыми жетекшісі болған Михаил Садовский әскерилермен сөйлесті.¹⁹ Көп ұзамай олар нақты машығына,

тәжірибесіне қарай және сынақ бағдарламасына қажет талаптарға қарай бөлініп, Мәскеу мен Ленинградтағы институттарға жолдама алды. Дайындықтан өтіп, жұмыс істеуге әзір болды-ау дегенде солдаттардың қолына пойызға билет берілді. Олар алдымен Новосибирск қаласына жетіп, одан ары қарай Қазақстанның оңтүстігіне баратын пойызға мінді. Тіпті мемлекет құпия ұстаған жоспар пойыз билетіне де әсер етіп, онда соңғы аялдама Шар қаласы деп көрсетілді. Шын мәнінде, солдаттар бір станция ерте, Жаңа Семейден түсіп қалды.²⁰

Солдаттар инфрақұрылымы жоқ, ауа райы қолайсыз, шөл далаға тап болды. Қыста температура -50°C дейін төмендейді.²¹ Қарлы боран түтеп, адым аштырмай, таяқ тастам жерді көрсетпей қояды.²² Солтүстіктен соққан ызғырық өңменінен өтіп, жұмысшылардың аяқ-қолы үсіп, ампутация жасалып жатты.²³ Қатал қыстан соң көркем болғанымен, көзді ашып-жұмғанша өте шығатын көктем туады, ал жазда аптап ыстық күйдіреді. Жаңбыр жаумай, құрғақшылық жайлағандаөрт те шығатын.²⁴

Полигон салып, іске қосқан алғашқы жылдар өте ауыр болды. Екі жыл бойы, 1947-1948 жылдары жұмысшылар таңсәриден түн ортасы ауғанша жұмыс істеді. Жеркепеде тұрды. Полигон салуға 15 мыңдай солдат, әскерилер мен құрылысшылар қатысты және Берия өзі қадағалаған мыңдаған тұтқын жұмсалады. Ең ауыр жұмысты сол тұтқындар істеді, көбі ауыр бейнетке шыдамай өліп кетті. Адамдардың әрекетінен үрейленген жануарлар бұл аймақтан үдере көшті. Жерді үздіксіз қазғанға шыдамаған тышқандар да қашып кетті.²⁵

Сынақ алаңында жұмыс істегендердің жағдайы соғыс кезіндегідей еді: жеркепеде жатады, жорықтағыдай тамақ ішеді, жүрген-тұрғанын түгел қадағалайды. Құрылысшылардың отбасы мен достарынан алған хатына «Әскери цензура тексерді» деген белгі соғылатын. Полигонға газеттер 4–6 күн кешігіп келетін. 1948 жылдан бастап сынақ алаңына радио қойылды, кешке қарай әбден қажыған жұмысшылар жиналып елдегі және әлемдегі жаңалықтарды тыңдайтын.

Футбол ойынынан трансляция жасағанда, бәрі жиылып, шулап отыратын. Сенбі күндері оларға кино көрсетілетін, фильмді екі сырық арасына ілінген ақ жаймаға түсіріп көрсететін. Соғыстан кейінгі жылдары Совет Одағының өзінде кино аз түсірілген, сондықтан жұмысшылар қазақдаласының ортасында, алғашқы совет ядролық қару сынағы алаңында отырып, батыста түсірілген фильмдерді көретін. Ол фильмдер көбіне Германиядан ұрланған олжа еді, театр актрисасы туралы мюзикл – *The Woman of My Dreams* («Арманымдағы қыз») және ағылшын-бур соғысында британдардан жеңілген Оңтүстік Африка саясаткері Пол Крюгер туралы *Ohm Krüger* («Крюгер ағай») деп аталатын фильмді тамашалайтын. Бірде жаңа фильмдер жеткізілмей қалғанда жұмысшылар үш сенбі қатарынан Пуччинидің «Тоска» операсының желісімен

түсірілген фильмді көріпті. Зеріккен еркектер «бұл «ТОска» емес, «тоскА» (орысша «жабырқау, мұң» деген сөз) болды» деп қалжыңдайды.²⁶ Қолайсыз ауа райы, нашар тұрмыс, Берия мен басшылықтың үнемі қадағалауы физикалық және психологиялық тұрғыдан тым ауыр болды.

Осындай қиындыққа қарамастан, полигон пионерлері ядролық қару сынағын жүргізуге лайық үлкен алаң салып шықты. Екі жыл бұрын бір де бір қарайған ғимарат, құрылыс жоқ, бос жатқан қазақ даласы алып ғимарат пен күрделі жабдыққа толды. Толық тегістелген дөңгелек пішінді сынақ алаңы астына мыңдаған шақырымға созылған сымдар мен кабельдер тартылды. Оның ортасына инженерлер 30 метрлік металл мұнара салды, сол жерден 1949 жылғы тамызда алғашқы бомба жарылуы керек еді.²⁷ Жұмысшылар сынақ алаңының ортасынан әр тарапқа қарай темірбетоннан 10 метрлік, сыртынан қарағанда алып қазға ұқсайтын (әскерилер солай атап та кетті) құрылыстар салды. Олар өлшеу жабдықтарын сақтауға арналған арнайы ғимараттар еді. Сынақ алаңына ғылыми зертханалар, тіпті жануарларды зерттеуге арналған виварийлер салынды.

АЛҒАШҚЫ АТОМ СЫНАҒЫ

1949 жылғы жазға қарай атом бомбасына жауапты топ Мәскеудегі Химиялық физика институтынан полигонға пойызбен жабдық таси бастады. Арнайы жүк пойызы алдын ала босатылған бекеттерге аз ғана аялдап жүрді.²⁸ Төрт ұшақ Ресейдегі Арзамас-16 деп аталатын құпия қалашықтан (бомбаны жасаған №11 Жобалау бюросы сонда орналасқан) бомба құрамдастарын жеткізді.²⁹

Дайындық пен инфрақұрылымға қарағаннан-ақ бәрі түсінікті болса да, ешкім «бомба» деген сөзді ауызға алған емес. «Соңғы сәтке дейін не күзетіп жүргенімді білгем жоқ. Әлбетте, жорамалым бар еді, тек оны тісімнен шығарған емеспін, маған да ешкім ештеңе деген жоқ» дейді полигонды күзеткен офицер естелігінде.³⁰ Сынақ болатын түні шараға тікелей қатысы жоқтарға «Ерте тұрмаңдар, 8:00-ге дейін асханаға бармаңдар» деп бұйрық беріледі.³¹

Қару жасаушы команда бомбаның қуатын анықтамақ болып, сынақ алаңына ғимараттар, теміржол бөліктері, бетон көпірі бар тасжол, дизель генератормен жұмыс істейтін электр станциясын, метро шахтасын және әскери техника бар шағын қалашық салды. Мыңнан астам жануарды торға қамап, біразын сынақ алаңы маңында байлап ұстады.

1949 жылғы 29 тамызда сынаққа дайындық жалғасып жатқанда, таңға қарай күн бұзылды. Жел соғып, аспанды бұлт торлаған соң, алаңдағылар сынақты кейінгі қалдырамыз ба деп үрейленді. Алайда бірінші ядролық қару сынағына жауапты мемлекеттік комиссия күн бұзылады деп

қауіптеніп, жарылысты жоспарланған уақыттан бір сағат ерте бастауға бұйырды.

Мемлекет басын бәйгеге тіккен маңызды оқиғаны көруге беделді әскерилер мен ғалымдардың бәрі Берия мен Курчатовтың басшылығымен бақылау алаңына жиылды. Таңғы сағат жетіде, жауын мен желдің өтінде Совет Одағы алғашқы ядролық қару сынағын өткізді.³² Жарылыс жалынын алғаш көргенде, бақылаушылар орындарынан атып тұрып, айқайлап, құшақтаса кеткенімен, жарылыс толқыны басталған сәтте бәрі жерге құлап түсті. Жалын шаң-топырақты үйіріп әкетіп, атом саңырауқұлағының төменгі бөлігі шықты. От шар ішіндегі температура 300 000°С болды. Өзгелер бақыттан басы айналып, қауқылдасып жатқанда, Курчатов сабыр сақтап, жай ғана: «Істеп кетті!» – дейді.³³

Ерлі-зайыпты ядрошы физик Вениамин Цукерман мен Зинаида Азарх оның сөзін былай еске алады:

«Істеп кетті!» деген – неткен керемет сөз. «Істеп кетті!» Физиктер мен инженерлер, механиктер мен жұмысшылар – атом мәселесін шешу үшін жұмыс істеген мыңдаған адам мемлекет үмітін ақтады. Совет Одағы әлемдегі атомы бар екінші мемлекетке айналды. Ядролық қару тепе-теңдігі орнады.³⁴

Берия Курчатовқа «бомбаға ат қою керек» дейді, Курчатов болса бомба жасаушылардың бірі «оған әлдеқашан РДС-1 деп ат қойған» деді. Бұл қысқарған сөз «Россия делает сама», яғни «Ресей өзі істейді» дегенді білдіреді. Осыдан бастап совет ядро бомбаларының бәрі РДС-2, РДС-3 деп кете береді.³⁵

Берия Мәскеудегі Сталинге таңғы төрттен кете қоңырау салады. Берия Сталинді оятып, сынақ сәтті өткенін айтқанда, ең жақын көмекшісін сол жерде қалдыруды көздеген басшы «Білем» деп қысқа қайырады да, телефон тұтқасын қоя салады.³⁶

Берия жарылыс қиратқан, әлі түтіні басылмаған ғимараттар мен майысқан техника алдында суретке түсіп жатқанда, ғалымдар мен әскерилер бомба эпицентрді қалай қиратқанын білгісі келіп, тыпыршып әзер тұрады.³⁷ Жарылыс біткен соң бар-жоғы 20 минуттан кейін танкілер орталыққа қарай кетеді.

«Көрініс жантүршігерлік еді: айналаның бәрі қираған, еңсені басқан өлі тыныштық, өртеніп өлген құстардың сүйегі шашылып жатыр, топырақ та күйіп қалған, – деп жазды куәгерлердің бірі. – Зәрең ұшады».³⁸ Бомба жарылған металл мұнара тұрған жер балқып, тереңдігі 1,5 метрдей ойылып қалған. Эпицентр радиусынан 50 метр жердегі ғимараттар мен басқа да құрылымдар жоқ болып кеткен. Жарылыс қуатынан теміржол көпірі жұлынып, алаң сыртына ұшып кеткен.³⁹

Сынақ алаңы шетіне түрлі қашықтықта қойылған жануарларға қарап, совет ғалымдары мен әскерилері бомба қуаты жайында алғашқы қорытынды жасады. Эпицентрге жақын қамалған жануарлар өртеніп кетіпті. Ғалымдар өлген және жараланған жануарларды қайтадан виварийге жеткізеді, сол жерде оларды зерттеп, аман қалғанын емдемек болады, сөйтіп ядролық соғыстан жапа шеккен адамдарды емдеу жолын анықтауға талпыныс бастайды.⁴⁰

Сынақ алаңындағы радиация деңгейін тексеруге міндетті дозиметршілер командасы қорғаныс киімін киіп, әрі қарай не істеу керегіне нұсқаулық алады. Кейбірінің ғылыми әуестігі оянып, 3-4 шақырымнан артық жақындауға болмайды деп ескертілгеніне қарамастан, эпицентрге 2 шақырым жақындайды. Арнайы танк мініп, алаңда жүрген радиациядан сақтандыру бригадасы дозиметршілерге «аулақ кетіңдер» деп айқайлайды. Дозиметршілердің бірінің айтуынша, олар жағдай ушығып тұрғанына қарамастан, «көбірек дерек жинауға ұмтылған». Кері қайтқанда арнайы киім мен газқағарын шешеді. Газқағарлар шылқылдап кетіпті, «менікінен жарты стақандай су шықты, қатты терлеппіз».⁴¹ Сол күні жарылыс эпицентріндегі радиация деңгейі өте жоғары болған, секундына 5000 микрорентгеннен асыпты (5000 микрорентген – қазіргі АҚШ жұмысшысына рұқсат етілген жылдық максимум доза).⁴² Қайтып келгендер радиоактив тозаңнан арылу үшін бір немесе бірнеше рет душқа түскен.

Өзге командалар сынақ алаңына қойылған бункерлер мен басқа құрылғылардағы тіркеу және өлшеу жабдықтарын тексереді. 8 миллиметрлік кинокамералар жарылыстың алғашқы секундын түсіріп үлгеріпті, содан соң бомба оларды да талқандаған.⁴³

Жақын маңдағы ауылда тұратын, сол кезде мектеп директоры болған Мүтән Аймақов бірінші сынақ күнін былай еске алады: «29 тамызда таңғы алтыда солдаттар ауыл тұрғындарының бәрі сыртқа шықсын деп бұйырды. Олар: «Қазір бір жағдай болады. Бәрің жерге етпеттеп жатуың керек. Көздеріңді жұмып алып, ашпаңдар, бастарыңды көтермеңдер! Бұйрыққа бағынбаған адамның өміріне қауіп төнеді» деп, қарапайым, бірақ түсініксіз бұйрық берді».⁴⁴ Аздап орысша сөйлей алатын Аймақов солдаттар сөзін ауыл халқына жеткізеді, сөйтіп сағат жетіде елдің бәрі жер дірілдегенін, балшықтан соғылған үйлердің қабырғасы құлап, терезесі шағылғанын естіп жатады, ал қап-қара ядролық бомба саңырауқұлағы көкке ұмтылады:

Ауылдағы иттердің бәрі біреу бұйырғандай, күн шығысқа қарап ұли бастады. Сиыр мөңіреп, түйе боздап, айнала азан-қазан болды да кетті. Түйелердің боздағаны інгеннің ботасын іздеген дауысына ұқсамайтын, әлденеге шағынғандай аянышты үн еді. Кейбір сиыр үйілген күлді шаша бастайды. Жылқылар жайылып жүрген жерінен

шауып келіп, ауыл ортасына үйіріліп тұра қалған. Ақылды жануарлар бір апат боларын сезді ме, әлде адамдардан көмек күтті ме екен? ⁴⁵

Алғашқы сынақ совет ядролық қару сынағы тарихындағы ең жойқын, зардабы мол жарылыс болды. Бірнеше сағатта радиоактив бұлт аймақты тұтас алып, мың шақырым жердегі Ресейдің Алтай өлкесіне де жетті. Радиоактив бұлт өткенде, далада жұмыс істеп жүрген біраз адам радиацияға күйіп қалған. ⁴⁶

Ал Мәскеуде басшылар Совет Одағының қуатын әйгілейтін жаңа кезеңді тойлап жатқан. Ғалымдар мен әскерилерге мемлекеттік марапат берілді. Марапаттау рәсімі жұртқа жария етілген жоқ, ол туралы еш газетте жазылған жоқ, өйткені марапаттау туралы қаулы шығарған өкімет жарғысы құпия болды. Игорь Курчатов пен біраз адамға Совет Одағындағы ең жоғары атақ – «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілді.

Бағдарламаға қатысқан ғалымдар тұрмысы бұған дейін ел қатарлы болса, бұдан кейін түсіне де кірмеген рақат өмір сүрді. Оларға саяжай берілді, таңдаулы қызметкерлерге әйгілі «Победа» көлігі тартылды. Игорь Курчатов пен Юлий Харитонға сирек кездесетін жеті орындық ЗИС-110 люкс автокөлігі берілді. Мұндай көлікті ұстау үшін жылу қосылған гараж бен арнайы жанармай керек еді, ал қарапайым әрі жұмыстан қолы тимейтін ядрошы ғалымдарға ол артық шығын болды. 1950 жылдардың аяғында екі көлік те ұсталған заттарды сататын дүкен арқылы православ шіркеуінің шенеуніктеріне сатылды. ⁴⁷

Марапат алғандардың балалары өзі қалаған мектепте оқу құқығына ие болды. ⁴⁸ Жетекші ғалымдар мен олардың отбасына берілген ең керемет сыйлық «ұшатын кілем» деп аталатын: олар өмір бойы Совет Одағы ішінде қалаған қоғамдық көлігіне тегін мініп, саяхаттай алатын. Олардың балалары да он алтыға толғанша осы мүмкіндікті пайдалана алатын. ⁴⁹

Бірінші сынақ сәтсіз болғанда жетекші ғалымдар мен әскери қызметкерлер Сібір лагеріне айдалып не атылып кетер еді. Қанша жерден мақтау естіп, марапат алып жатса да, олар полигондағы үйреніп қалған дағдысымен жалтақтап өтті, өйткені сый-құрметтің аяғы жазаға ұласып кетуі оп-оңай еді.

Алғашқы ядролық қару сынағынан кейін Семей полигонының қырық жылдық тарихы басталды. Семейдегі атом жарылыстарының бәрін қосқандағы қуаты 17,7 мегатоннаға жеткен, бұл Хирошимаға тасталған бомбаның мыңына пара-пар еді. ⁵⁰

2-ТАРАУ

ҚЫРЫҚ ЖЫЛ ЖАЛҒАСҚАН ЯДРОЛЫҚ ҚАРУ СЫНАҒЫ

Алғашқы жарылыстан соң қырық жыл бойы совет өкіметі АҚШ-тан қалыспаймын деп ядролық қару бағдарламасына қаражат құйып, ғалымдарды жұмылдырып, жұмысшы жалдады. Бомба жобасын іске асыру үшін ең көрнекті ғалымдар еңбек етті, сөйтіп совет ядролық ғылымы таңғаларлық жетістікке жетті. Теорияны практикаға айналдыру үшін совет ғалымдары мен әскерилері жеті жүзден астам ядролық қару сынағын жүргізген, оның 450-ден астамы полигон салынған 1949 жылдан бастап Қазақстанда ядролық қаруға қарсы наразылық басталған 1989 жылға дейін Семейде өтті.¹

Жүзден астам қосымша сынақ 1955–1990 жылдары Ресейде – Солтүстік Мұзды мұхиттың екі аралы Новая Земляда өтті. Семейдегі полигоннан айырмасы: Новая Земля – халық қоныстанған орталықтан қашық жатқан жер, ол жақтың жергілікті халқы – Ресейдің Солтүстік Арктикасын мекендейтін самоди халқына жататын төрт жүзге жуық ненецті Ресейдің басқа аймағына көшірген соң, бұл өңір жапан түзге айналды. Тағы төрт жүзден астам ядролық қару сынағы Совет Одағының басқа аймақтарында өтті.

АҚШ-тың өзі мыңнан астам ядролық қару сынағының көбін Невада сынақ алаңы мен Тынық мұхитта жасаған. АҚШ-тың жақын одақтасы – Ұлыбритания Аустралия аумағы мен Тынық мұхитта жиырмадан астам. Невада сынақ алаңында АҚШ-пен бірігіп тағы жиырмадан астам сынақ өткізген. Франция сынақты Алжир мен Француз Полинезиясында, Қытай болса мұсылман дінін ұстанған саны аз этнос – ұйғырлар қоныстанған Шыңжаң провинциясында өткізді. Таңғаларлық ұқсастық: бес мемлекет те ядролық қару сынағын өткізу үшін байырғы халқы

мекендейтін, этностық және діни азшылық немесе басқа да осал топтар тұратын аймақты таңдаған. Үндістан, Пәкістан мен Солтүстік Корея да ядролық қаруын сынаған, Израиль Оңтүстік Африкамен бірлесіп сынақ өткізген деген болжам бар.

Қырғиқабак соғыс қырық жылға созылғандықтан, полигон аумағына жақын тұратын Қазақстандағы миллиондаған адамның тағдыры Совет Одағы мен Америка саясаткерлерінің қолында еді. Қазақ даласындағы-жарылыстардың Семей өңіріндегі халыққа келтірген зияны өлшеусіз. Жарылыс пен оның дүмпуінен ғимараттар қирап, шағылған терезе сынықтары тиіп, көп адам жараланды. Тек одан да қатерлі әрі зардабы көп жылға ұласқан көзге көрінбейтін қауіп бар еді, оның аты – радиация.

Жарылыстан кейін радиоактив бөлшектер шаң-тозаңға араласып, ауаға тарайды. Күн бұзылғанда осы радиоактив тозаң бұлтқа жетіп, сынақ алаңынан тыс аумаққа жауын-шашынмен бірге түседі. Полигонның радиоактив қалдықтары жайылымды ғана ластап қойған жоқ, құдықтар мен топырақты, өсімдіктерді улады. Мал сол улы шөпті қорек қылды, ал полигон маңында тұрған халық ластанған су мен сүт ішіп, радиоизотоп қосылған ет жеді. Бұл адамдар мен жануарлар радиацияның сыртқы зардабын тартып қана қойған жоқ, оны бойына да сіңірді. Олар жұтқан радиоизотоптар сүйегіне, қалқанша безіне сіңіп, қанына тарады.

ҚҰПИЯ ҚАЛАДАҒЫ ӨМІР

1940 жылдардың аяғында полигонда жұмыс істеген ғалымдар мен әскери қызметкерлерді тұрғызуға совет өкіметі сынақ алаңынан 60 шақырым жерде жаңа елді мекен салады. Ертiс өзенiнiң жағасындағы қалтарыс жер ешбiр картаға түспеген, басында ол «Берег» (Жағалау) немесе «М орны» деп аталған (Москва-400 деген құпия атаудан шыққан). Кейiн Семипалатинск-21 деп аталды, код атауы жақын маңдағы қала атауынан алынса, аяғындағы екі сан пошта индексін білдіреді. 1974 жылы бұл елді мекенге ресми мәртебе беріліп, совет атом қаруының атасы Курчатовтың құрметіне Курчатов қаласы атанды. Қалада негізінен Ресейден келген мамандар мен әскерилер тұрды. Қазақ офицерлері саусақпен санарлық еді, ал полигонның өзінде, керісінше, қазақтар көп болды. Қазақстанның 5 мыңға жуық солдатты бүкіл Совет Одағынан келген әскерилерге қосылып, қара жұмыс істеді.

Сынақ бағдарламасының бастапқы кезі – 1940 жылдардың аяғы мен 1950 жылдардың басы бәріне қиын болды. Әскери қалашық тұрғындары газ бен ыстық суы жоқ, бірнеше электр плитасы ғана бар ортақ бөлмелерде сығылысып тұрып жатты. Әлеуметтік динамиканың жасанды құрылымы көзге ұрып тұратын. Әйелдер өте аз болған соң, бір әйел айтқандай, «еректер кім көрінгенге ғашық болатын».²

Алғашқы жылдары бір де бір әскери қызметкер мен ғалымның отбасына құпия қалашыққа келуге рұқсат етілмеген, өздеріне демалыс берілмеген. Берия мен көмекшілері әр адамды аңдып, көңіл-күйін бақылап, өзара әңгімесіне дейін тыңдайтын. КГБ олардың жеке хаттарын оқып, кез келген ақпарат тарап кетпегенін қадағалайтын. Сынаққа дейінгі және одан кейінгі кезеңде полигон жұмысшыларына тіпті отбасы мен достарына хат жазып, жеделхат салуға рұқсат берілген жоқ. Басқа кезде хаттар мен ашықхаттар үнемі «жоғалып кететін».

Сенбі күні үлкен экраннан көрсетілетін фильмдер мен ара-тұра ұйымдастырылатын кештерді есепке алмағанда, дала өмірі көңілсіз әрі ойын-сауықтан ада еді. Жұмысшылар кей фильмдерді қайталап көре бергеннен жаттап алатын. Осындай ауыр жағдайда тұрып жатқанына қарамастан, 1949 жылғы Жаңа жыл мерекесін есіне алған бір офицер (өзге ыңғайлы орын болмағандықтан, мерекелік кеш виварийде өтеді): «Ол кезде жас едік, ертеңімізге үміттеніп қарайтынбыз» дейді.³

1950 жылдардың басында солдаттар отбасымен қауышады, сөйтіп жаңа қоныс кәдімгі қалаға ұқсай бастайды. Балабақша мен мектеп ашылады. Отбасылар үй маңындағы жер телімдерін игеріп, бақша сала бастады, қызанақ, қарбыз және басқа да көкөніс пен жеміс-жидек егеді.⁴ Қала кеңейген сайын қоғамның өмірі де жақсарады. Әйелдер келген соң, тұрғындар демалыста би кештерін ұйымдастырып, көңіл көтеретін болды.⁵ Ара-тұра жергілікті халық ойын-сауыққа өздері жауапты болғандықтан, қойылымдар мен концерттер қоятын. Оларға теледидар көруге рұқсат етілмейтін, өнерпаздардың гастрольға келуіне тыйым салынған.⁶

1952 жылға қарай қалада жақсы азық-түлік дүкендері ашылды. Уақыт өте құпия қаладағы азық-түлік пен өзге тауарлар қоры орташа деңгейдегі совет қаласындағыға қарағанда әлдеқайда жақсы бола бастады. Дүкендерден сапалы шарап пен шоколад табылатын, тіпті қарапайым совет азаматы сирек көретін, тек ауқаттылардың үлесі саналатын шаян еті мен консервіленген жеміс-жидек те сатылатын. 1950 жылдардың аяғына қарай әр офицердің отбасына пәтер берілді, ал 1956-1957 жылдары әскери қалашық Совет Одағындағы тұрмысы ең жақсы қалалардың біріне айналды.⁷

Пәтері көп жаңа ғимараттар салынды, көшелер кеңейіп, жасыл желек жамылды. Халық саны да көбейді. Тұрғындар жаңа салынған Мәдениет үйі мен Офицерлер клубына мәдени шараларға баратын. Уақыт өткен сайын мектептер, балабақшалар саны артып, қалада стадион, емхана мен аурухана салынды. Ал қалашықтың дәл іргесіндегі ауыл тұрғындарының тұрмысы ауыр еді. Олар не сапалы азық-түлікке жарымай, не жақсы медициналық қызмет көре алмай, өте ауыр жағдайда тіршілік етіп жатты.

СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫНДАҒЫ ЖЕР БЕТІНДЕГІ СЫНАҚТАР (1949–1962)

1950 жылдары және 1960 жылдардың басында АҚШ пен Совет Одағы түрлі қару-жарақты жетілдіріп, сынақтан өткізді. 1952 жылы америкалықтар Тынық мұхиттағы Маршалл архипелагында алғаш термоядролық жарылыс жасады, сөйтіп бірнеше мегатонналық жарылыс жасауға болатынын дәлелдеді. Термоядролық жарылыста қарапайым атом жарылғандағыдан жүз есе артық дүмпу тудыру үшін екі кезең пайдаланылады. Уран-235 немесе плутоний сияқты ауыр элементтердің ядросы ыдырағанда, орасан зор жылу бөлінеді, сол кезде жеңіл элементтер көп энергия бөліп, бірігіп кетеді.⁸ Американың алғашқы термоядролық қаруы Хирошимаға тасталған бомбадан 700 есе қуатты еді.⁹ Кейін совет ғалымдары олардың жетістігін мойындамай, 82 тонналық қондырғыны бомба деуге келмейді, оны ғимарат, яғни «термоядролық отын абсолют нөлге жуық температурада, сұйық күйде сақталатын екі қабатты зертхана десе болады» десті.¹⁰

1953 жылдары совет өкіметі өз термоядролық қаруын сынауға дайын еді. Бірақ сынақ болар алдында, наурыздың басында Сталин өлді деген хабар жетті. Бұл жаңалық совет халқын түгел есеңгіретіп кетті, Сталиннің өлімі ядролық бағдарламаға қалай әсер ететінін білмеген ядрошы мамандар да абдырап қалды. Жүз мыңдаған адам Мәскеу көшелеріне шығып, аза тұтты.

Совет билігіне аз ғана таластың нәтижесінде Никита Хрущев ССРО Коммунистік партиясының бірінші хатшысы болып тағайындалды. Украинада кенші отбасында туған Хрущев жас кезінде көмір кенішінде механик, кейін көлік жөндеуші болып жұмыс істеген. Жиырмадан асқанда Компартияға мүше болып, Сталин өлген кезге қарай совет билігінің жоғарғы сатысына көтерілген еді. Хрущев пен оның жанындағылар совет ядролық бағдарламасында ең маңызды тұлға болып жүрген Бериядан құтылуды көздейді. 1953 жылғы маусымда, алғашқы совет термоядролық қаруы сыналады деген уақытқа екі ай қалғанда Хрущевтің бұйрығымен Берия қамауға алынды. Коммунистік партия басшылары арнайы кездесу ұйымдастырып, соған Берияны шақырады да, сол жерде айып тағады. Хрущев пен өзгелер оны «мемлекеттік құпияны ағылшын барлау қызметіне саттың, отаныңа опасыздық жасадың» деп айыптайды. Маршал Жуков пен қарулы әскерилер кездесу орнына барып, есі шыққан Берияны сол жерде ұстап әкетеді. Операция мінсіз өтуі үшін алдын ала жақсылап жоспарлау керек еді, өйткені құпия және тұрақты полиция ресми түрде Берияға қарайтын. Оны бастығын тосып тұрған қарамағындағылармен жолықтырмау үшін Берияны Кремльден күн батқанда алып шығып, көліктің арт жағына отырғызып әкетіп, жер астындағы бункерге қамайды.

Қамалғанына екі апта болғанда өкіметтік «Правда» газеті «Берияның дәурені өтті» деп жазды.¹¹ Арнайы құрылған трибунал оны мемлекетке опасыздық жасады деп танып, шағымдану құқығынан айырып, 1953 жылғы желтоқсанда ату жазасына кесті. Ал әйелі мен ұлы кезінде ол өзі салдырған Сібірдегі еңбек лагерьлерінің біріне айдалды. Талай адамды азаптап, аямай қырған жауыз осылай дүниеден өтті.

Берия қамалғанда, ядролық қару жасаған ғалымдар келешегін ойлап уайымдады: қанша дегенмен қару жасаудың басы-қасында жүрген басты тұлғаның тұғырдан түскені шынымен қатер еді. Сол кезде полигонда болған ядрошы ғалым былай деп еске алады:

Бір күні кешкісін сынақ орнындағы уақытша жатақханаға жиылып, қолдан жасаған радионы тыңдап отырғанымызда, жүргізуші кенет өкіметтің хабары айтылады деді. Бір кезде олар «Берия қамалды, оған халық жауы, шетел шпионы деп айып тағылды» деді. Есіміз шықты! Енді не болмақ? Мәселенің мән-жайы анықталғанша осында, полигонда отырамыз ба? Ядролық бағдарламаны қадағалайтын адам Берия емес пе? ¹²

Дегенмен Хрущев бағдарламаның жаңа басшысы етіп Вячеслав Малышевты тағайындаған соң, алғашқы термоядролық қаруды сынауға дайындық жалғаса берді. Малышев ірі әскери жобаларды, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде совет армиясындағы аса маңызды болған әскери танкілер өндірісін басқарған танымал басшы болатын.

ТЕРМОЯДРОЛЫҚ ҚАРУ ЖАСАУДАҒЫ СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ ЖЕТІСТІГІ

Совет Одағы термоядро саласында жетістікке ғалым Андрей Сахаровтың арқасында жетті деуге болады. Физик ғалымның ұлы Сахаров әкесінің жолын қуып, әйгілі теоретик физик Игорь Таммнан тәлім алады. Алғашқы совет термоядролық бомбасын жасағанда Сахаров небәрі 32 жаста еді.

Сахаров бұл бомбаны бірінші совет атом бомбасы дүниеге келген құпия қала Арзамас-16-да құрастырды. Оған дейін Саров деп аталған Арзамас-16 қаласы православие шіркеуіне бағынатын діндарлардың тәу етіп баратын жері болған, тарихи маңызы бар орын. Әйгілі Саров монастырінде адам емдейтін, көріпкелдік қасиеті болған Әулие Серафимнің сүйегі жерленген. Тұрғындар қаланы көктей ағып жатқан Саровка өзенінің де шипасы бар деп сенеді. 1923 жылы Совет Одағы орнаған соң билікке келген коммунистер монастырьді жауып, дін қызметкерлерін өлтіріп, діни ғимараттардың біразын қиратып тастаған.

1946 жылы совет өкіметі Совет Одағының жария картасының бәрінен Саровты алып тастап, ол жерге Бүкілресейлік эксперименттік физика ғылыми зерттеу институты деген атпен ядролық қару жасайтын құпия ғимарат салған. Арзамас-16 деп аталған қала Совет Одағының сырттан ешкім кіре алмайтын құпия қаласының бірі болды. 18 жыл бойы, 1950–1968 жылдары Сахаров отбасымен осы құпия қалада тұрды.

1953 жылғы жаздың аяғын ала Сахаров әріптестерімен бірге алғашқы совет термоядролық бомбасын жасап шығарды. Жаңа қару жасау процесін қарудың бас конструкторы Юлий Харитон басқарды. Сахаров оған орыс тілінде «қатпарлы бәліш» деген мағынаны білдіретін «Слойка» деп ат қойды. Бөлінетін және бірігетін материалдар қатпарынан құралғандықтан, бомбаның жарылыс қуаты әлдеқайда зор болды. Бөлінетін орталық бөлігіне байытылмаған табиғи уран мен дейтерий (сутегі изотопы) кезекпен қабаттастыра жағылып, сыртынан химиялық жарылғыш зат оралды. Тамшы пішінді құрылғының салмағы 4 тоннадан асатын.¹³ АҚШ-тағылар «Слойканы» екі сатылы нағыз супербомба емес, «күшейтілген» бөлінгіш бомба деп кемсіте сипаттайтын. (Олар айтқан супербомбаны Ресей кейін жасады).

«Слойка» дайын болған соң, теміржолмен Семей полигонына жеткізілді. Әскери қызметкерлер, инженерлер, ғалымдар бір пойызбен атанса, екіншісіне қосалқы жабдықтар, үшіншісіне жаңа құрылғы тиелді. Сахаров пен Юлий Харитон және бірқатар ғалымдар Харитонға 1940 жылдары Берия сыйлаған жеке вагонға отырып барды. Сахаров пен тағы біраз ғалым Совет Одағы үшін ең бағалы адамдар еді, сондықтан әуе апаты болуы мүмкін деп қауіптеніп, оларды ұшақпен емес, пойызбен жөнелткен. Олардан бөлек тағы бір топ Семейге ұшып барып, пойызды Жаңа Семей бекетінде күтіп алды.¹⁴

«СЛОЙКАНЫ» СЫНАУ

«Слойканы» сынау үшін оны сынақ алаңының ортасындағы мұнарадан тастау жоспарланған. Соңғы сәтке дейін мұндай қуатты жарылыс күші алаң ыртына шығып кетіп, радиоактив бөлшектер ауаға тарауы мүмкін деп ешкім ойлаған жоқ. Бұл мәселені көтерген Орта машина жасау министрлігінде істейтін Виктор Гаврилов қана болды. Ядролық қару бағдарламасын қадағалайтын бұл ұйымға әдейі басқа ат қойылып, «министрлік» деп бүркемелейтін. Сахаров оның пікірі орынды екенін мойындады: «Құрылғыны дайындап, сынақ ұйымдастырып, есеп-қисап жасап жүріп, радиоактив қалдық мәселесін ұмытып кетіпсіз. Ең маңызды деген мәселелерде қарапайымына қарағанда қате көбірек болатынына тағы бір дәлел». Ядролық қару бағдарламасының жаңа басшысы, Хрущев тағайындаған Мальшев қатты ашуланды: «Сынаққа дайын едік, бәрі жақсы келе жатқан, кенет Гаврилов пысықсып пікір айтып, бәрін бүлдірді».¹⁵

1-КЕСТЕ. РАДИАЦИЯ ӘСЕРІ

БЕРІЛГЕН МӨЛШЕР	АДАМДАРҒА ӘСЕРІ
50 рэм*	Қан жасушаларына залал келтіретін мөлшер
100 рэм	Жіті сәуле синдромын тудыратын ең төмен мөлшер Обырға шалдығу қаупін тудыратын мөлшер 22 пайыздан (АҚШ-тағы обырдың орташа қаупі) 27 пайызға дейін артады
400 рэм	Бұл мөлшерді сіңіргендердің жартысы тірі қалмайды
1000 рэм	Бұл мөлшерді сіңіргендерден ешкім тірі қалмайды

* Радиацияның биологиялық әсерінің өлшем бірлігі.

Дереккөз: Ауруды бақылау және алдын алу орталығының «Радиация термометрінен» (*Radiation Thermometer*) ықшамдап алынды

<https://www.cdc.gov/nceh/radiation/emergencies/radiationthermometertext.htm>.

Сахаров пен өзге ғалымдар жылдамдатып радиацияның салдарын есептеуге кірісті. Команданың есебінше, сынақты жалғастыра болса, радиация мөлшері 200 рентгеннен асуы ықтимал аймақта тұратындардың бәрін көшіру керек болады. Ал 100 рентгеннен асатын мөлшер денсаулығы нашар адамдар мен балаларға зиян.

Енді сынақ жасайтын топ екі нұсқаның бірін таңдауға мәжбүр болды: сынақты бірнеше айға шегеріп, бомбаны мұнарадан емес, ұшақтан тастау керек немесе жергілікті халықты көшіру керек.¹⁶

Әскери басшылық екінші нұсқаны таңдап, мыңнан астам әскериді, Қазақстан өкіметі мен жергілікті шенеуніктерді жұмылдырып, ауқымды эвакуацияға дайындалды. Алты жүзден астам әскери жүк көлігіне екі мың адам мен 40 мың бас малды тиіп, эпицентрден 120 шақырым жерге апарып тастады.¹⁷ 120 шақырым радиус шегінде, ауылдық жерде тұратын 12 мыңнан астам адамға үйін тастап, басқа ауылдарға көшуге қамданып отырсын деген бұйрық түсті, бұл төтенше жағдай туғанда дереу эвакуация оңайырақ жүрсін деген жоспар еді. 300 мың бас мал қауіпсіз ауданға жеткізілді.¹⁸ Полигонда жұмыс істеген, эвакуацияға көмектескен Мұса Шәріпов деген қазақ солдаты сол кездегі дүрбелеңді былай сипаттайды:

«Неге? Қайда? Бұл сұрақтардың жауабын солдаттар да, есі шыққан тұрғындар да білмейтін. Даланы үрей биледі, есеңгіреген жұрт бір сұмдық болады деп күтті».¹⁹

Сахаров аяқ астынан түсініксіз жағдай орнап, жоспардың астанкестені шыққанына және жарылыс халық денсаулығына қалай әсер етер екен деп уайымдайды. Тек сынақтың әскери директоры маршал Василевский оны да, өзге ғалымдарды да сабырға шақырып: «Өздеріңді азаптап, жандарыңды жей бермеңдер. Қай кезде де әскери іс-қимылдың шығыны болады, 20–30 адам өлгені қалыпты жағдай саналады. Ал мемлекет пен оның қорғанысы үшін мына сынақ маңыздырақ». Әріптес ғалымдар да Сахаровтың уайымын басуға талпынды: «Уайымдама, бәрі жақсы болады. Қазақ балалары жөніндегі уайымдарымыз артта қалады. Ақыры жақсы болады».²⁰

1953 жылғы 12 тамызда далада жаздың әсем таңы рауандап атар шақта Совет Одағы алғашқы термоядролық қару сынағын өткізді. Инженерлер «Слойканы» сынақ алаңының ортасындағы мұнараға орнатты, оның маңына, бірнеше метр қашықтағы жерасты бункерлеріне жүздеген өлшегіш пен жазу құрылғысын қойды. Бункердің құрыш пен цементтен соғылған, қалыңдығы 2 метр қабырғасы сутегі жарылысының зор қуатына шыдайды деп есептелген.²¹ Қарудың инфрақұрылымға әсерін зерттеу үшін инженерлер көп қабатты бірнеше кірпіш үй, өндірістік ғимараттар, теміржол мен көпір салып, оларға электр желісін жүргізіп, жолға паровоз бен екі пойыз вагонын қойды.²² Сондай-ақ сынақ алаңына ұшақтар, танкілер, минометтер мен басқа да әскери техника, жан-жануар қамалған торлар қойылды. Ғалымдар жарылыс қуаты 400 килотонна, яғни 400 мың тонна тротилдікіндей болады деп күткен, алайда бомба жасаушылар қарудың толық қуатын «болжау қиын екенін» мойындады.²³ Салыстыру үшін айтсақ, АҚШ әскерилері 1945 жылы Хиросимаға тастаған атом бомбасының қуаты 15 килотоннадан аз болса да, сол кездегі жарылыс пен от дауылынан 70–80 мың адам опат болған еді.

Сынаққа қатысқан адам жарылысты былай сипаттайды: «Өрт шыққандағыдай қызыл тілі сумаңдаған жалыны бар қап-қара бұлт полигон алаңын тұтас басып қалды. Диаметрі бірнеше шақырымға жететін ұнтақталған, қайнаған қара-қызыл масса бағаны аспанға жеткендей болды. Содан соң ақырындап қызыл-сары отты шар шықты».²⁴

Құтқару командасының мүшесі жарылыс жерге қалай әсер еткенін былай сипаттаған: «Жарылыс толқыны бірінші тұрған бес қабатты ғимаратқа жеткенде, оны шаң басып қалды, шаң сейілгенде, ғимарат жоқ болып кеткенін көрдік. Қиранды ғана қалған».²⁵ Бомбаны тастаған болат мұнара қара-жасыл күл мен қалың қабатты тозаңға айналып, алып кратерге түсіп кетті. Айналадағы жүздеген метр жердің топырағы балқып, әйнекке ұқсайтын сарғыш қабыққа айналды.²⁶

Жарылыс эпицентріне жақын жерде сау қалған ештеңе болған жоқ. Эпицентрден алысырақ жерде жабдық бөлшектері мен қираған ғимарат үйіндісін ғана көруге болатын. Сынақ алаңына жақын байланған жан-жануар сол жерде қырылды. Алыс тұрғандары аман, тек жарылыс жалыны шарпып, денесінің көп бөлігі үйітіліп қалған. Кейін көбі сол күйік пен радиациядан өлді.²⁷

«Алып сынақ алаңы жерден тыс өркениет туралы фэнтези кітаптың мұқабасындағы суретке ұқсайтын, – деп жазды сынаққа қатысқандардың бірі. – Адамдар үркітіп жіберген дала қырандары жерде болып жатқан оқиғаға зеңгір көктен зер салды. Әттең, осы әдемі құстар сынақ болған күні не өзі өртеніп кетті, не көзі ағып кетті».²⁸

Полигоннан 95 шақырым жерде қазақтардың ет-сүт фермалары орналасқан Қарауыл ауылы бар еді. Сынақ алдында Қарауыл тұрғындарына «ауылдан кетіңдер, малдарыңды әкетіңдер» деген бұйрық берілген. Өкімет жылы орнынан қозғағаны үшін әр тұрғынға 500 сом (шамамен бір айлық жалақы) береміз деп уәде еткен. Қарауыл тұрғындарын тиеген соңғы көлік 4 тамызда шықты, біраздан соң ауылдан әскерилер де кетті.



4-сурет. Семей полигонының инфрақұрылымы, 2016. Түсірген: Тимур Нүсімбеков.



5-сурет. Семей полигонындағы Мәскеу метросының көшірмесі, 2016. Түсірген: Тимур Нүсімбеков.

Талғат Сіләмбеков жергілікті кеңседе бухгалтер болып істейтін 28 жастағы азамат еді. Әскерилер Қарауылда қал деп бұйырған азғантай топ ішінде ол және мұғалімдер мен өкіметтік мекеме қызметкерлері бар еді. Арадағы әйел азық-түлік дүкенінің сатушысы еді. Сіләмбеков сынды ауылда қалғандар эксперимент нысанасына айналғалы тұрғанын білген жоқ. 12 тамыз күні жарылыс болғанда, олар не болғанын ұқпай, тосын құбылысты таңдана тамашалады.²⁹ Сіләмбеков бұл туралы былай дейді: «Олар маңызды жұмыс тапсырамыз деп, ауылдағы ең түсінеді-ау деген адамдарды алып қалды. Бұрын басымыздан мұндай жағдай өтпеген, ештеңе білмейміз, көңілде күмән жоқ, тіпті жарылыс болғанда сыртқа шығып, саңырауқұлаққа ұқсайтын бұлтты тамашалап жүрміз».³⁰

Сынақ біткен соң, ақ қорғаныс киімін киген солдаттар Қарауылға қайта барып, Сіләмбеков пен өзге адамдарды 50 шақырым жердегі тауға алып кетеді. Сіләмбеков кейінгі оқиғаны былай баяндайды: «Сол жаққа апарып, әрқайсымыздың үстіміздегі радиация мөлшерін өлшеді, бәрімізге 200 грамм арақ ішкізді. Ішпейміз десек те, бой бермей, аузымызға зорлап құйғандай болды».³¹ Солдаттар арақ адам бойын радиациядан қорғайды деп сенетін. Сіләмбеков болса шектен тыс радиация алғанын, ол арақпен емдеуге келмейтінін білген жоқ.

Әскерилер бақылаймыз деп ауылда қалған топты екі аптаға басқа ауылға апарып тастайды, содан соң Қарауылға қайта әкеледі. Ауылда бірнеше күн болған соң әскерилер қайта келіп, «топты қанын тексертуге ауруханаға апару керек» дейді. Бұдан соң бір жыл оларды ешкім мазаламайды да, 1954 жылғы жазда әскерилер қайтадан ауылға келіп,

«топ құрамында болған бірнеше адамды Семейге әкетеміз» дейді. Солардың бірі Сіләмбеков болатын:

Олар бізді Семейге апарып, бір жарым айдай тексерді. Қан, асқазан сөлі мен зәрімізді тексерді. Бізді босатқанда бір куәлік беріп, осының бәрі адамзат пен ғылым үшін жасалды деді. Облыстық ауруханаға жаттық. Дәрігерлердің бәрі Мәскеуден келген әскерилер екен. Сынақ кезінде ауылда қалған адамдар түгелге жуық өлді. Көбі елуге де келмей көз жұмды.³²

Кейін Сіләмбековтің үш баласы қайтыс болды, бірі миынан обыр табылған екі жасар бала еді, Сіләмбековтің отбасында радиация зардабы үшінші ұрпаққа дейін жетіп, немересі сал болып туды.³³ 1980 жылдардың аяғында Сіләмбеков сынақ нысанасы болған тәжірибесі жайында жергілікті шенеунікке хат жазды:

Сол кезде бізге бомба қауіпті, өмірлерің мен денсаулықтарыңа зиян келтіреді деп ештеңе айтылған жоқ, біздің де күдігіміз болған жоқ. Отыз жыл өткен соң ғана бізді тәжірибе зертханасындағы қояндарша аса қауіпті аймаққа тастап кеткенін біліп отырмыз. Осы қауіпті тәжірибе кесірінен көп адам өлді немесе мүгедек боп қалды.³⁴

Жергілікті медицина қызметкері Қабден Есенғарин тұрғындары мал бағып күнелтетін ауыл – полигонға жақын орналасқан Саржалда тұратын. Сынақ кезінде басқа ауылға көшіп кеткенімен, біраз күннен соң оған «Саржалға қайтып, халық көшкенде араласып кеткен малды ажыратып, бөлуге көмектес» дейді. Сол кезде ол үйітіліп қалған ит-мысықты көреді, кейін ауылға қайтқан адамдар ашық құдықтан су алып ішеді. «Оларға бұл қауіпті болуы мүмкін, суда радиация бар деп ешкім ескерткен жоқ» дейді Есенғарин.³⁵

Жақын маңда тұрған халық радиация зардабын сол кезде де, одан кейін де тартты. Отбасында бұрын ешкімде ондай ауру болмаса да, Есенғариннің немересі Саманта (есімі Совет басшысы Юрий Андроповқа ядролық соғыс туралы хат жазған америкалық қыздың құрметіне қойылған) Даун синдромына шалдығып туды.³⁶

Термоядролық сынақтан кейін полигоннан 400 шақырымжерге дейін радиациядан ластану 1 рентгеннен асты,³⁷ бұл Радиациядан қорғау жөніндегі халықаралық комиссия 1950 жылы бекіткен бір аптадағы сәулелену деңгейінен үш есе артық.³⁸ Сынақ алдында көшіріп үлгермеген жақын маңдағы ауыл тұрғындары апталық мөлшерден 133 есе жоғары, 10–40 рентген сәуле алды.³⁹ «Жапшай көшіру жергілікті халықты радиациядан қорғады ма?» деген сұраққа жауап беру қиын, кей сарапшының айтуынша, радиоактив қалдықтар оларды апарған аймаққа да жеткен.⁴⁰

«Слойканы» жасаған Андрей Сахаров сынақтан кейін ядролық қарудың этикасы мен мораль жағын ойлап, өз ісінің дұрыстығына күмәндан бастайды. Өзі де аяқ астынан безгек соққандай қалтырап, мұрнынан тоқтамай қан кетіп ауыра бастайды, сынақтан кейін екі ай өткенде қан анализі дұрыс болмай шығады. Бірнеше айдан соң осы симптомдар сәл жеңіл түрде қайталады. Сахаров денсаулығындағы кілттипанның себебін таба алмайды, тек бағдарлама жетекшісі Малышевпен бірге ядролық жарылыс салдарын көруге барғанда шектен тыс мөлшерде радиация алдым ба деп қауіптенеді. Малышев 1957 жылдың басында лейкемиядан көз жұмады.⁴¹

Сахаров ядролық қару жасаудың моральдық жағына күмәнданғанымен, бірінші термоядролық сынақ аяқталған соң екі жылдан кейін командасымен термоядролық құрылғының жетілген, бұрынғыдан да қуатты үлгісін сынауға дайын болды. Совет Одағы ықшам термоядролық қару жасауда Америкадан жарты жылға озып кетті.⁴² «Слойканың» қуаты 400 килотонна болса, жаңа термоядролық бомбаның ықтимал әлеуеті 3 мегатонна болады деп есептеді. Сынақ үшін оны 1,6 мегатоннаға азайтты, соның өзінде «Слойканың» қуатынан 4 есе көп еді.

Сахаров Харитонның жеке вагонымен тағы да Семейге барады. Бұл жолы оның қасында екі «хатшысы» – оны қорғап, қайда барса да, жанында жүретін қарулы оққағарлары бар еді.⁴³

Бірінші термоядролық сынақтағыдай емес, жаңа термоядролық бомба мұнарадан емес, ұшақтан тасталады деген ұйғарым жасалады. Сынақ 1955 жылғы 20 қарашаға жоспарланды. Сол күні ядролық жүк тиелген ұшақ әуеде келе жатқанда, күн бұзылады. Ұшқыш бомбаны бағыттап, жарылысты бақылайтын оптика жүйелерінің мүмкіндігіне күмәданып қалды: мұндай ауа райында олар ауытқып кетуі мүмкін болды да, сынақ тоқтатылды. Жарылмаған бомба тиелген ұшақ Семей қаласына қонуы керек болған, тек ұшып-қону жолағына мұз қатып қалғандықтан, сынаққа жауаптылар оған да алаңдай бастады. Әйтеуір, әскерилер аэродромды тазалап үлгереді де, ұшақ аман-есен қонады.⁴⁴ Сынақ үш күнге шегерілді.

Бұл жолы бомба әлденеше есе қуатты болса да, әскерилер жергілікті халықтың денсаулығына бұрынғыдай немқұрайлы қарайды. Эпицентрден 110 шақырым жердегі Шаған ауылының тұрғыны, мейірбике болып істеген әйел оқиғаны былай баяндайды:

Сынақ алдында кешқұрым ауылға әскерилер келіп, нұсқау берді. Таңертең, таңғы астан кейін, шамамен сағат ондарда біз науқастарды сыртқа шығарып, етпетінен жатқызып, ақжаймамен бүркеп қойдық. Терезелерді матраспен жауып, ыдыс-аяқтың бәрін сыртқа шығардық. Есіктің бәрін бекіттік. Бізге «бастарыңды көтермеңдер, не болып жатқанына қарамаңдар» деп бұйырды.⁴⁵

Сол күні ұшақтан парашютқа байлап тасталған бомба 1,5 шақырым биікте 1,6 мегатонна қуатпен жарылды.⁴⁶ От шар үлкейіп, жоғары көтерілді, шаң мен бұлтқа араласып, жан-жаққа тарай берді, алып қап-қара бу болып, зертханалар мен әскери қалашықтың адамдар тұратын аумағына да жетті. Жарылыстың қуатынан сынақ алаңында тұрған ауыр танкілер біреу жұлып алып лақтырып жібергендей жан-жаққа ұшты, темір мен бетоннан жасалған құрылыстар қирап қалды. Бістық жалын алаңнан 30 шақырым жерде жатқан бақылаушылардың өзін шарпып өтті. Сонша алыс жерде жатса да, олар арнайы көзәйнек тағуға мәжбүр болды.⁴⁷ Жарылыстан кейін үш минут өткенде жерді тым жойқын дүмпу тербеп өтті.

Бұл жолы 1,6 мегатонналық жарылыс қуатының толқыны сынақ алаңынан алыс аймаққа да жетті. АҚШ Орталық барлау басқармасының құпия ақпарында сол аумақтағы фабрикалардың бірінде жұмыс істеген аты-жөні аталмаған адамның дерегі келтіріледі:

[Оның] құлағындағы дыбыс жарғағына кенет қысым түседі. Қысым қатты немесе жанға батардай емес еді, дегенмен ол жұмысын тоқтатып, қысым қайдан келгенін анықтамақ болып, құлақ тігеді. Бірнеше секунд ештеңе естімей қалады. Жұмысына оралғанда жер дірілдеп, тербеліп кеткенін байқайды.⁴⁸

Сынақ алаңынан 60 шақырым жердегі әскери қалашықта есік-терезе жақтаулары мен жеңіл қабырғалар құлайды. Терезенің әйнегі шағылады.⁴⁹ Жарылыс қуаты он шақты ауыл мен қаладағы үйлерді қиратып кетті. Семей қаласында ет комбинатындағы өндіріс шамдары төмендегі тартылған етке құлайды.⁵⁰

Кіші Ақжар ауылында бомбапанада қалған үш жасар қыз опат болды. Билік өкілдерінің бұйрығымен ауыл тұрғындары сонда жасырынған, тек жарылыстан кейін ересектер сыртқа шығып кетеді де, қыз ойыншықтарымен ойнап, жертөледе қалып қойған. Жарылыстан кейінгі дүмпуден жертөле қирап, төбе опырылып, кішкентай қыз астында қалған.⁵¹ Қыздың анасы 1940 жылдары аз ұлттарды Одақтың шалғай аумақтарына көшіргенде Қазақстанға келген неміс ұлтынан еді. Сәбиінен айырылғанға дейін де шеккен қасіреті аз емес еді.⁵²

Он шақты тұрғын жараланып, біразының сүйегі сынып, миы шайқалды.⁵³ Бір аурухананың әйелдер жатқан бөлімінде палатаның төбесі құлап, он шақты әйел жараланды.⁵⁴ Эпицентрден 35 шақырымдағы окупта жатқан совет солдаттарына жақын маңда жер опырылады. Бес солдат жараланды, әскер қатарына жаңа ғана алынған жас бала сол жерде қаза тапты.⁵⁵

Сынақ аяқталған соң, Андрей Сахаров жазу құрылғыларына қарап, таспаларды көріп жатқан топқа қосылады. Қираған аймақтың көрінісін өзі естелігінде былай жазады:

[Дүмпу пен ыстық радиацияның әсерін байқау үшін арнайы салынған] ғимараттардың тұсынан өттік. Көбі қирап, жоқ болып кеткен. Біраз жерде өрт шығыпты, сынған құбырлардан су атқылап жатыр, ал аяқ астында терезенің әйнегі сықырлап, өткен соғысты еске салады. Мұнай қоймасы жарылды. Жылу радиациясынан қызған мұнай бірнеше күн жанып, қою қара түтіні көкжиекті басып қалды. Арнайы топ эксперимент жасаймыз деп алып қалған жануарларды (иттер, ешкілер мен қояндар) алаңнан шығарып әкетті. Олардың азабына қарап, жүрегім ауырды, тіпті таспадан көргеннің өзі ауыр еді.⁵⁶

1955 жылғы сынақтан кейінгі қасірет пен бомба қуаты сұмдық болғаны Сахаровты қатты ойлантады. Осы оқиғадан кейін оның ойы өзгереді. Бір-біріне қайшы ойлар мен сезімдерге бой алдырып, термоядролық жарылыс «қадағалауға көнбей кетіп, адам ойына келмес апат тудыруы мүмкін» деп уайымдайды. Кішкентай қыз бен жас солдаттың өлімі есінен шықпай қойды.⁵⁷

Сахаров тарихтағы сол кезең туралы былай жазады:

Біз – өнертапқыштар, ғалымдар, инженерлер сұмдық қару жасадық, ол адамзат тарихындағы ең сұмдық қару еді, бірақ оны қайда, қалай қолдану керегін біз шешкен жоқпыз. Шешім шығаратын олар, партия мен әскери иерархияның ең басында отырған адамдар еді. Әлбетте, оны баяғыдан білетінмін, соншалық аңқау болдым дей алмаймын. Бірақ шындықты абстракт қабылдау және оны өмір мен өлім айқасқа түскенде жан-тәніңмен сезіну мүлде бөлек екен. Сол кезеңде ойымда қалыптасқан идея мен эмоция әлі күнге ортайған жоқ, дегенмен олар ұстанымдарымды түбегейлі өзгертті.⁵⁸

Сахаров ядролық сынақтың биологиялық салдарына қатты алаңдайды. 1957 жылы, екінші термоядролық сынақ аяқталғаннан екі жыл өткенде Сахаров «Радиоактивный углерод ядерных взрывов и непороговые биологические эффекты» («Ядролық жарылыстардың радиоактив көміртегі және шекті емес биологиялық салдары» деген мақала жазып, онда ядролық жарылыс салдарынан обыр қатері артуы мен иммун жүйесіне зиян келетініне алаңдаймын дейді. Ол бәрінен бұрын радиацияның тұқым қуалайтыны мен ДНҚ-ға қатты әсер ететінін уайымдайды. Сахаров «иондану процесінің өзі-ақ генде қалпына келмейтін өзгеріс – мутация тудыруға қабілетті» екенін мойындайды.⁵⁹

Екінші термоядролық сынақ аса көлемді аумақты тас-талқан еткені және жер бетіндегі сынақ адам денсаулығына зиян екені күмәнсіз дәлелденгенде, совет өкіметі осы кезеңнен бастап ең қуатты сынақтар Ресейдің Новая Земля деп аталатын аймағында өтеді деп мәлімдеді. 1954 жылы жер бетінде және су астында ең ауқымды сынақ өткізу үшін Совет

Одағы Арктика шеңберінің адам мекендемейтін аумағын полигонға айналдырған еді.⁶⁰ Солтүстік Мұзды мұхиттың екі аралынан тұратын Новая Земляда су астында АҚШ Тынық мұхиттың Бикини атолында жасағанындай сынақтар жасалды.

Бұл уақытта Совет Қорғаныс министрлігі сынақтарды жалғастыру үшін Семейден көбірек жер керек деп ұйғарып, сөйтіп бірнеше елді мекенді көшіріп, олар қоныстанған жерді полигонға айналдырамыз деген шешімге келеді. Ауыл халқына биліктің шешімін жеткізген жергілікті шенеунік үй-жайын тастап кететін тұрғындарды барынша жұбаттым дейді: «Оларға Жарма ауданын мақтап, теміржол тиіп тұрғанын, ол жақта тұрмысы жеңілдейтінін айттым, жұрт сонда да ұсынысты қабылдағысы келмей, қасарысып бақты. Ақыр аяғында келіскенімен, көңілдері күпті еді». Олардың туған жерінен кетердегі халі шенеуніктің жанына қатты батыпты: «Мал сойып, туған жерге, ата-баба мазарына қош айтысып жылады, ол бір жүрекке салмақ салатын ауыр көрініс еді».⁶¹

ЖЕР БЕТІНДЕГІ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТАРҒА ТЫЙЫМ САЛУ

1950 жылдардың аяғында ядролық қаруы бар алпауыт елдердің (АҚШ, Ұлыбритания және Совет Одағы) саясаткерлері жер бетіндегі ядролық сынақтардың адамдар мен қоршаған ортаға келтіретін залалын елемеге болмайтынын ұқты.

Ядролық сынақтарды тоқтатуды талап еткен халықаралық қысым да күшейді. АҚШ-тың Бикини атолында өткізген *Castle Bravo* (Браво қамалы) атты термоядролық сынағы үлкен шу тудырды, сынақтан тікелей жапа шеккен құрбандар бары белгілі болғанда, ол туралы халықаралық басылымдар жарыса жазды. 1954 жылғы сынақ Хирошимаға тасталған бомбадан мың есе қуатты еді, оның радиоактив шөгіндісі де қалың болды. Жарылыс кезінде 23 адам мінген «Бақытты айдаһар» деген жапон қайығы АҚШ сынақ алдында қауіпті аймақ деп жариялаған аумаққа жақын маңда балық аулап жүрген. Жарылыс күші зор болғаны сондай, радиоактив қалдық көрсетілген аймақтан асып кетеді. Қайықта болғандардың бәрі жіті сәуле ауруына шалдығып, бірнеше апта ауырды, бір адам өлді.⁶²

АҚШ пен Совет Одағы екеуі де ядролық қарудан жарыс болады, ядролық қаруы бар жаңа мемлекеттер шығады деп алаңдайды. Ядролық қаруды сынауға тыйым салынса, өзге мемлекеттердің сондай қару жасап, сынауына және қолдануына да шектеу қойылмақ.

Сөйтіп 1958 жылғы қазанның аяғында ядролық қаруы бар үш алпауыт мемлекет ядролық қару сынауға жан-жақты тыйым салатын келіссөз бастайды. Олар сынақ өтіп, жері уланып жатқан Қазақстаннан аулақта, көркем Женевада бас қосады. Сол жылы жаз басында сарапшылардың қатысуымен алдын ала келіссөз болып кеткен еді. Хрущев, Эйзенхауэр

және Ұлыбритания премьер-министрі Харолд Макмиллан бейресми бас қосып, келіссөз өтіп жатқан аралықта еш жерде сынақ өтпесін деп келісіп алған-ды. Үш мемлекет арасындағы сынаққа мораторий қою келісімінен соң 1958 жылғы қарашадан 1961 жылғы тамызға дейін Семей полигоны тыныш болды.

Женевадағы келіссөз АҚШ пен бір тараптан Ұлыбритания, екінші тараптан Совет Одағы арасындағы сынақты тексеруге қатысты кикілжіңді реттеуді көздеген. Ең басты мәселе оқиға орнына барып тексеру болды. АҚШ өкіметі жарылыс орнын жылына жиырма рет тексерейік деді.⁶³ Америкалықтар мен ағылшындар оқиға орнын тексеруге баса мән берді, өйткені күмәнді жағдай жер астындағы ядролық сынақ емес, жер сілкінгені екеніне көз жеткізу керек десті. Совет Одағы оқиға орнын тексеруге қарсы шықты, олар мұны ішкі іске араласу деді, бір жағынан, АҚШ сөйтіп совет бағдарламасын аңдымақ деп күдіктенді.

1960 жылғы 1 мамырда Совет Одағы совет әуе кеңістігінде ұшып жүрген Франсис Гари Пауэрстің барлаушы ұшағын атып түсіргенде, жағдай тығырыққа тірелді. Бірнеше айдан соң мораторийдің күші жойылуына, екі ел әскерилерінің қысым жасағаны да ықпал етті. Сөйтіп Совет Одағы мен АҚШ 1961-1962 жылдары екі жүзден астам құрылғыны сынады.

Әне-міне тыйым салу келісімі жасалады деп күтіп жүрген Мәскеу осы кезеңді пайдаланып, көбірек сынақ жасап қалуға тырысты. 1962 жылдың өзінде жер бетінде 79 сынақ өтсе, соның жартысынан астамы Семей өңірінде жасалды. Жарылыс күші 0,001 килотоннадан бірнеше килотоннаға дейін жетті.⁶⁴ 1961-1962 жылдары ядроны сынаудан бөлінген жалпы энергия күші (Семей мен Новая Земляны қоса алғанда) 220 мегатонна болды, ол совет ядролық сынағының қырық жыл тарихындағы мегатонналардың 70 пайызынан асады.⁶⁵ Америка да қарқынды күшейтті. 1962 жылы ол 92 ядролық жарылыс жасады, бұл АҚШ-тың ядролық сынақ тарихындағы ең көп сынақ жасалған жыл болды. Сонымен бірге АҚШ Ұлыбританиямен бірігіп те қосымша екі сынақ өткізді.⁶⁶

Дегенмен Уошиңтон мен Мәскеудің ядролық сынаққа тыйым салу жөнінде келіссөз өткізуге деген құлшынысы азайғанның орнына арта түсті, өйткені олар өзге мемлекеттердің ядролық әлеуетінен қауіптенетін. Алайда Совет Одағы мен АҚШ арасында әне-міне ядролық конфликт тұтанғалы тұрған. 1962 жылғы қазанда болған Кариб дағдарысы келіссөз өтуіне кедергі келтірді.

КАРИБ ДАҒДАРЫСЫ

Кариб дағдарысына (Куба зымыран дағдарысы деп те аталады) себеп болған жайттар содан бір жыл бұрын басталған еді. 1961 жылы АҚШ Түркия мен Италия аумағына орта қашықтыққа ататын баллистик зымырандарын орната бастайды. Бұл зымырандар атыла қалса, Совет

Одағының батыс бөлігіне, соның ішінде Мәскеуге де жетер еді. Совет Одағы одан секем алып, қамсыз қалмайын деп, ядролық қаруы мен зымырандарының біразын астыртын Кубаға жеткізеді. Қаруын Кубаға орнатқан соң, Совет басшысы Никита Хрущев коммунистік Куба еліне әскери қолдау көрсетуге дайынбыз деп түспалдады, себебі оның алдында Орталық барлау басқармасы Кочинос шығанағына шабуылдап, Фидель Кастроны биліктен тайдырмақ болған, тек ол операция сәтсіз аяқталды.

АҚШ барлау ұшақтары Кубада әскери қару пайда болғанын анықтады. Арал АҚШ-тың құрлық бөлігінен небәрі 140 шақырым жерде тұрғандықтан, президент Кеннедидің бас кеңесшілері совет әскери нысандарына соққы беруге рұқсат сұрады.

Совет Одағымен әскери қақтығыс ядролық соғысқа ұласып кетер деп қорыққан Кеннеди алдымен өзге жолдарын байқап көрмек болды. Ол Куба маңында әскери-теңіз карантинін жариялап, ары қарай қару тасу мүмкіндігін жауып тастады және Уошиңтон Совет Одағының шабуылына төтеп бере алатынын көрсетіп, Хрущевтың деэскалация жасауына уақыт пен кеңістік берді.⁶⁷

13 күн бойы дүниежүзіне ядролық соғыс қаупі төніп тұрды. Бір-біріне хат жолдап, күрделі келіссөз жүргізген Кеннеди мен Хрущев дағдарысты бейбіт жолмен шеше алды, конфликтіні қару қолданбай аяқтады. Совет Одағы Кубадағы қару-жарағын бөлшектеп алып кетуге келісті, АҚШ та Кубаға тиіспей, Түркиядан зымырандарын әкетуге көнді (кейін Түркиядан да, Италиядан да әкетті).

Бұл тәжірибе Кеннеди мен Хрущевқа бірдей қатты әсер етті. Ядролық соғыстың бетін әрең қайтарған америкалықтар мен советтіктер ядролық қару сынағына тыйым салуды тездетуге тырысты. Тек полигонды тексеруге қатысты пікір қайшылығы өзгерген жоқ. Совет Одағы тексеруге қарсы шықты, ал АҚШ пен Ұлыбритания сарапшылары «ол қажет, әсіресе жер астындағы сынақтарға қатысты күмән туғанда керек» дегенінен танбады. Тексеру жөнінде келісімге келе алмаған соң, дүниежүзінде ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу жөніндегі келіссөзден нәтиже шықпайтыны белгілі болды.⁶⁸

1963 жылғы маусымда Кариб дағдарысынан бірнеше ай өткенде, Кеннеди Уошиңтондағы (Колумбия округі) Америка университетінде сөз сөйлеп, бейбітшілікті сақтауға үндеді. Осы сөзден соң Кеннеди мен Хрущев жеке хат жазысып, тыйым салу жөніндегі келісімді қайта қозғады, сөйтіп Совет Одағының беті бері қарады. Совет өкіметі тіпті Кеннедидің сөзін аударып, телеарналардан берді, мемлекет қадағалайтын басылымдарда жариялады.⁶⁹ Кеннеди, Хрущев пен Ұлыбритания премьер-министрі Макмиллан арасындағы құпия хат алмасу нәтижесінде Мәскеуде жоғары деңгейде үшжақты келіссөз өтіп, ядролық сынаққа шектеулі тыйым салу мәселесі көтерілді.⁷⁰

Келісімде жер астында жасалатын сынақтар қамтылмайды (яғни оқиға орнына барып тексеру қажет болмайды) делінген, соның есебінен тараптар келісімге тез-ақ келді. 1963 жылғы 5 тамызда үш мемлекеттің сыртқы істер министрлері Ядролық сынақтарға ішінара тыйым салу туралы келісімге қол қойды. Келісім бойынша, сыртқы кеңістікте, ауада және су астында ядролық сынақ жасауға тыйым салынды. Жаңа келісім күшіне енген соң, Совет Одағы 1961 жылы бастаған жер астындағы сынақтарын ғана жалғастырды. Қазақстанда жер бетіндегі сынақ дәуірі аяқталды. Тек оның адамдардың денсаулығына тигізген зардабы талай ұрпаққа әсер етіп, қайғы-қасірет шектірді.

ЖЕР АСТЫНДАҒЫ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТАР ЖӘНЕ БЕЙБІТ ЯДРОЛЫҚ ЖАРЫЛЫСТАР (1961–1989)

Ядролық сынақтар жұрт көзіне көрінбейтін алаңда, түгел жер астында өтетін болды. 1989 жылға дейін жер астындағы ядролық сынақтардан Семей полигоны маңындағы талай тау қопарылды. Жалпы алғанда, совет әскерилері Семей полигоны маңында қазылған үңгірлер мен шахталарда кем дегенде 213 сынақ (293 жарылыс) өткізді.⁷¹

Жер астындағы сынақтарға арналған алғашқы алаң – Дегелең тауындағы 181 үңгірдің жиынтық ауданы 33 100 гектарға созылатын. Бұл дүниежүзіндегі жер астында сынақ жүргізуге арналған ең үлкен полигон еді. Бұл жұмысты істеуге жарайтын құрал-жабдық болмаған соң, құрылысшылар әрқайсының ұзындығы 100 метрге жететін үңгірлерді кетпен-күрекпен қазды.⁷²

Дегелең үңгірлеріндегі сынақтың максимум күші 30–50 килотоннадан асқан жоқ. Бұл сынақтардың көбінің мақсаты – ядролық жарылыстың түрлі әскери қару-жараққа ықпалын тексеру. Ең жойқын сынақтарға арнап полигонда 100 000 гектар аумақта «Балапан» деп аталатын жаңа алаң салынды. Дегелең тауынан бір айырмасы – Балапандағы тік белестерді қолмен қазу оңай болды, сондықтан құрылыс жылдам жүрді. Семей полигоны аумағына кіретін Сарыөзен, Мүржік, Телкем мен Ақтанберлі сияқты өзге тауларда да сынақ жүргізілді.⁷³

Полигонға әскери борышын өтеуге келген солдаттар әлі де бағдарлама жайында ештеңе білмейтін, бәрі құпия күйі қалды. Қазақстанның оңтүстігіндегі Қызылорда қаласының тумасы Анатолий Егай 1971 жылы Семейге совет армиясы қатарына шақырылған. Полигонға баратынын білмеген Егай мен оның жолдастары үлкен қаланың түбінде әскери борышын өтейтін күнді асыға күтеді. Әскердегі күндерін былай елестетеді: «Өзімізше, 20–30 шақырым жер ғой, сенбі мен жексенбіде су жаңа әскери киімімізді киіп, көпестердің қаласы болған Семейді аралаймыз, қыздармен серуендеп, биге барамыз деп ойлайтынбыз». Бұл тәтті

қиял ғана болып қалды. Әскери комиссариатта Егай мен жолдастарына полигонда әскери борышын өтеген бір кісі жолығып, жас солдаттарға «жігіттер, жаман жерге бара жатырсыңдар» дейді. «Айтқаны рас екеніне кейін көзіміз жетті» дейді Егай. Ол «жер астындағы сынақтар кезінде қауіпсіздік мәселесі дұрыс шешілген жоқ» дейді: «Солдаттар, офицерлер мен жай жұмысшылар – ешқайсына арнайы дозиметрия құрылғысы берілген жоқ, байбалам тудырмасын деп солай істеген. Әйтпесе, ешкім жұмыс істеуге келіспес еді. Солдаттардың көбі қауіпсіздік ережесін ұстанбай, қамсыз жүргенінен мерт болды».⁷⁴

Радиоактив қалдықтар таралуы жағынан жер астындағы сынақтар жер бетіндегі сынақтарға қарағанда қауіпі аз деп есептелетін, сөйте тұра, оның да залалы жетерлік еді. Жер астында жарылыс болғанда, жер шайқалып, аймақтағы жер бедері өзгереді.⁷⁵ Жарылыс салдарынан пайда болған жерасты кратерлеріне су мен газ толып, кейде өзінен өзі жарылып жататын. Жер астындағы ең жойқын сынақтың күші Рихтер сейсмография шкаласына шаққанда 6 балл болды, оның қуаты тіпті эпицентрден жүздеген шақырымда тұрған ғимараттарды қиратуға жететін. Сынақтан кейін бірнеше күн бойы дүмпу тоқтамайтын.⁷⁶ Жергілікті халық тіпті құлай беретін үйінің қабырғасы мен төбесін жөндеуді қойған. Жер астындағы сынақтар салдарынан су жеткізу, кәріз жүйелері бүлініп, жерасты сулары ластанды. Дүмпу кезінде ауылдар мен фермалар су ішіп отырған құдықтар опырылып, бітеліп, жайылымдар мал жаюға жарамай қалды. Жергілікті билік шығынды қайтсек өтейміз деп бекер тыраштанып, көп ақша жұмсады.⁷⁷

Жер астындағы сынақтардың үштен біріне жуығы жер қойнауындағы радиоактив газдардың сыртқа шығуына себеп болып, ол да қоршаған ортаны ластай түсті. Жергілікті халық сонда да жақын маңда малын жайып, егінін орып, үлкен-кішісі араласып жүре беретін. Бір малшының баласы Дегелең тауының етегінен шөп шапқанын есіне алады.⁷⁸ Тағы бір жергілікті тұрғын былай дейді: «Біз ядролық сынаққа куә болдық, әскерилердің күнделікті жұмысын көріп жүрдік. Олар таңғы алтыда алты автобусқа мініп келетін, кешке сағат бесте кететін».⁷⁹ Совет әскери тәжірибесі жалғаса берді, Қазақстан халқы да өз күнін өзі көре берді.

АТОМКӨЛ

Америка Құрама Штаттарының да, Совет Одағының да ядро жарғандағы мақсаты ядро бомбасын жасау ғана емес, келешекте өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығына пайдалануға жер қопару да болған. АҚШ-та осындай тәжірибенің бірі 1962 жылы жасалды. Невада сынақ алаңында жасалған *Storax Sedan* жобасының мақсаты ядро жарылысын тау-кен өнеркәсібіне пайдалану әдісін білу еді. Жарылыс кезінде 12 миллион тоннадан астам

топырақ атылды, Америка Құрама Штаттарында адам қолынан жасалған ең үлкен кратер солай пайда болды. Сынақ нәтижесінде қалқанша без обырын тудыратын радиоактив зат – йод-131-дің өте көп мөлшері бірнеше штатқа тарады. Айова, Небраска, Оңтүстік Дакота мен Иллинойсте тұратын миллиондаған адам радиоактив қалдықты сіңірді.⁸⁰

Совет ғалымдары да америкалық әріптестерінен қалыспай, өз елінде осындай залалы көп ауқымды тәжірибе жасап көрді. Олар «ядро жарылғанынан пайда болған үлкен кратерлерді каналдар мен су қоймаларына айналдыруға бола ма?» деген сұраққа жауап іздеді. Осы мақсатпен совет ғалымдары 1965–1988 жылдары Қазақстанның түрлі аймағында 39 «бейбіт» ядролық жарылыс жасады.⁸¹ Бұл жарылыс қуаты әдеттегі ядролық бомбаникіне қарағанда азырақ болғанымен, қоршаған ортаға зиян келтірмей қоймады.

Бірінші әрі ең үлкен тәжірибеден соң полигон аумағында жасанды көл пайда болды. Ресейден келген жобалаушы команда Шаған өзенінің сағасын таңдап алған. Межелі уақытқа үлгеру үшін асыққан құрылысшылар қалың қар мен аязға қарамастан, қақаған қыста да жұмыс істеді. Таң қылаң бере басталған жұмыс қас қарайғанда да тоқтамай, жұмысшылар қуатты шамдардың жарығымен түнде де жұмыс істей берді.⁸²

Дегенмен қатты аяз бен ұлыған боран жер қазуды бірнеше күнге шегеруге мәжбүр болды. Аяғында 1965 жылғы 15 қаңтарда жер астындағы 140 килотонналық ядро жарылысы жерден 4 миллион текше метр топырақты көкке ұшырды. Жарылыстан пайда болған кратердің ені 400 метр, тереңдігі 100 метр болды. Жақын маңдағы өзендерден жаңа пайда болған су қоймасына миллион текше метрден астам су құйылды.

Тек бұл көлдің адам денсаулығына зияны орасан зор еді. Жарылыстан кейінгі улы қалдықтар ондаған ауыл мен қаланы ластады, жел радиоактив бөлшектерді 120 шақырым жердегі Семейге дейін жеткізді. Егін салатын Знаменка ауылының тұрғындары 1 рентгеннен асатын радиация алды, бұл аптасына 0,3 рентген алуға болады деп бекіткен халықаралық стандарттан әлдеқайда көп еді.⁸³ Қазақстан өкіметі құрған комиссия балалар арасындағы қалқанша бездің ішкі сәулеленуі 53 рентген баламасына (рэм) тең болғанын анықтады.⁸⁴ Рэм – радиацияның биологиялық әсерін өлшейтін бірлік. Мөлшер 50 рэмге жеткенде, қан жасушаларына зақым келеді.⁸⁵

Жарылыстан кейін жерге түскен қалдықтар беті ашық құдықтардағы суды да ластаған. Уланған жайылымда жайылған сиырлардың сүтінен радиоактив йод-131 табылды. Адам бойына сіңгеннен кейін йод-131 бірден қалқанша безге барады да, ыдырағанда оны зақымдайды, кейде безде обыр тудырады. Мал еті мен сүтіндегі радионуклид мөлшері совет стандартында рұқсат етілген максимум мөлшерден жүздеген есе артық болды.⁸⁶

Жергілікті халық көлді «Атомкөл» деп атап кетті. Көлге жасалған тәжірибеден соң Семей денсаулық сақтау мекемелері радиациядан

улану және ауа ластануы мәселесін тағы көтеріп, совет шенеуніктеріне шағым айтты.⁸⁷ Тек совет әскерилері ядролық сынақтар денсаулыққа қауіпті екенін мойындамады. Әскери-ядролық кешенде медицина мәселелеріне жетекшілік еткен шенеунік Аветик Бурназян мен ядролық қарулар кешеніне басшылық еткен Орта машина жасау министрлігінің жетекшісі Ефим Славский Қазақ ССР басшысы Дінмұхаммед Қонаевқа хат жазып, жер астындағы ядролық сынақтар қауіпсіз, өйткені олар жер астында, тереңде өтеді деп сендірмек болды. Сөйте тұра, Бурназян мен Славский желдің бағыты өзгергенде улы қалдықтардың біраз бөлшегі жақын маңдағы ауылдарға тарағанын мойындады. Олар полигон іргесіндегі әскери бөлімшенің басшылығын айыптап, «жағдайды дұрыс бағаламай, сыбыс тудырды» деп жалтарды.⁸⁸

Славский ядро энергиясын әскери және азаматтық мақсатта сынап көру керек деген идеяны қатты қолдағандардың бірі еді, Сахаровтың айтуынша, ядролық сынақ құрбандарының тағдырына оның басы ауырмаған.⁸⁹ Сыншылардың сөзіне тоқтау салу үшін Славский көл зиянсыз екенін дәлелдеймін деп, оған өзі түседі.⁹⁰ Жергілікті қазақтар оны әлі де «өлі көл» атайды, тек бәрібір сол маңға әлі малын жайып жүр.

Елу жылдан астам уақыт өтсе де, көлдің суы әлі лас, жергілікті халық ол жерасты суын да улап жатыр ма деп қауіптенеді. Тіпті 2000 жылдары



6-сурет. Семей полигонындағы Атомкөл, 2019. Түсірген: Олег Бутенко.

жақын маңдағы Саржал тұрғындары «көл жақтан жел соққанда, сүмдық сасық иіс келіп, дем алу мүмкін болмай қалады» деп шағымданған.⁹¹

МӘСКЕУ МЕН УОШИҢТОН: ЯДРОЛЫҚ ҚАРУ СЫНАҒЫН АЗАЙТУ

1960–1970 жылдары Америка Құрама штаттары да, Совет Одағы да жер астындағы сынақтарды көп жасады, олардың көбі өте қуатты болған. Ал 1974 жылы екі мемлекет жер астында жарылыс қуаты 150 килотоннадан асатын сынақ жасауға тыйым салатын Ядролық сынақ қуатын шектеу туралы шартқа қол қойды. Екі жылдан соң, 1976 жылы олар осыған ұқсас тағы бір шарт жасады, бұл жолы да ядро қаруын бейбіт мақсатта сынау қуаты 150 килотоннадан аспауы керек делінген (Бейбіт ядро жарылысы туралы келісім). Ондаған жыл бойы мемлекеттердің ешқайсы келісімдерді ратификацияламай қойды, тек оның шартын орындауға уағдаласты.

1985 жылы жас әрі либерал басшы Михаил Горбачев билікке келгенде, Совет Одағында және оның сыртқы елдермен қарым-қатынасында (арасында АҚШ та бар) түбегейлі өзгеріс басталды. Горбачев жаңа заман өкілі еді. Сыртқы дүниеге күдіктене қарайтын кәрі политбюро басшыларынан айырмасы – Горбачев халықаралық қауымдастықпен ынтымақтас болуға ұмтылды. Өзі билікке келгенге дейін әйелімен бірге шетелге саяхаттағанды жақсы көретін.

АҚШ президенті Рональд Рейган мен Горбачев екі мемлекеттің түпкі мақсаты ядролық қару сынақтарын толық тоқтату дегенге келісті. 1985 жылы Горбачев ядролық сынаққа біржақты мораторий жариялап, Мәскеу оны 1987 жылғы ақпанға дейін ұстанды. Алайда кейін Уошиңтон мораторийге қосылмай, ядролық қару сынағын тоқтатпағандықтан, Семейдегі жарылыс қайта жалғасты. Халықаралық аренадағы имиджіне алаңдаған және Горбачевтың «жариялық» саясатын ұстанған совет өкіметі сынақ жасалып жатқанын құпия ұстамай, совет ресми басылымдарында ара-тұра жариялап отырды. Сөйтіп «жаңсақ пікірден құтыламыз» деп сенді. Кейде совет шенеуніктері сынақ қаруды тексеру үшін жасалғанын да мойындап тұратын.⁹²

Совет және АҚШ өкіметтері Женевада Ядролық сынақ қуатын шектеу туралы шарт пен Бейбіт ядро жарылысы туралы келісімді ратификациялау жөнінде келіссөз жүргізе бастады. 1960 жылдары сынаққа тыйым салу келіссөзі енді басталғандағы мәселенің жаңғырығы сияқты, ратификация процесі де, қуаты 150 килотоннадан аспайтын жарылысты тексеру әдісіне келгенде екі тараптың пікірі бір жерден шықпай, тоқтап қалды.

Уошиңтон сынақтан кейін жарылыс қуатын анықтау үшін қолданып жүрген жердің серпімді қозғалысын өлшеуге сүйенетін сейсмикалық

әдіс жеткіліксіз деді. Жер астындағы қуыстар сейсмикалық толқындардың бөлінуіне ықпал етеді, сондықтан қашықтан сейсмикалық өлшем жасау қиындайды. Бір қызығы, АҚШ ғылыми қауымдастығының өкілдері өкімет келесі қадам – ядролық сынаққа толық тыйым салынуын талқылады кейінге қалдырсын деп осындай уәжді әдейі ойлап тапты дейді.⁹³ Себебі қандай болса да, әйтеуір, Совет Одағымен келіссөз кезінде АҚШ гидродинамикалық тексеру әдісін қолданайық деп тұрып алды. Бұл әдісте сынақ алаңындағы дүмпу толқыны өлшеніп, жарылыс қуаты соған қарап бағаланады. Соққының толқын шегі деп дүмпу жүріп өткен жер аталады, ол кәдімгі су толқынына ұқсайды, жарылыс болып, кенет бір жерден қуатты энергия бөлінгенде, ол айналаның бәрін шайқалтып, дүмпу жүреді. Гидродинамикалық тексеру әдісі америкалықтардың сынақ алаңына келуін талап ететіндіктен, совет шенеуніктері «америкалықтар ядролық бағдарламамыздың құпиясын біліп қояды» деп қорықты.⁹⁴

Дегенмен Горбачев билікке келгелі екі елдің қарым-қатынасы айтарлықтай жақсарған еді, осы жылымықтың арқасында Мәскеу мен Уошиңтон таңғаларлық шешім шығарып, бірлескен тексеру экспериментін жасауға келісті, екі мемлекет те соған қатысты барлық әдісті қолдана алатын болды. Жоспар бойынша, совет мамандары Невада сынақ алаңына барады, ал кейін америкалықтар Семей полигонына келуі керектін. Американың да, Совет Одағының да ядрошы ғалымдары бір-бірінің ядролық сынақ алаңын бұған дейін көрмеген.

1988 жылғы тамызда совет ғалымдары Невада сынақ алаңына барғаны екі мемлекет арасындағы ядролық қарым-қатынастың жаңа тарауы болды. *The Los Angeles Times* сынақ болған күні былай деп жазды: «Кестеден ауытқымай, мінсіз жағдайда совет пен АҚШ техник мамандары тарихи шаруа атқарды».⁹⁵ Құрыш контейнерге салынып, аузы бекітіліп, мөр басылған, сырты қызыл, көк және ақ түске боялған, салмағы 6,5 метрик тонна құрылғы 600 метр тереңде жарылды. Совет және американдық ғалымдары оның қуатын есептеу үшін гидродинамика және сейсмикалық әдістерді қолданды, екі тарап та бірлескен тексеру экспериментінің бірінші бөлімі сәтті аяқталды деген қорытындыға келді.

Келесі айда Семей полигоны америкалық қонақтарды қабылдауға тиіс болды. АҚШ ғалымдары бес әскери жүк ұшағына бұрғылау және тексеру құралдарын тиіп әкелді. *C-5s* деп аталатын ұшақтар Довер әскери-әуе базасынан шығып, 9600 шақырымнан астам ұшып өтіп, Франкфурт арқылы Семейге жетті.⁹⁶

Американ ядрошы физигі, бірлескен сынақ экспериментіне қатысушылардың бірі Виктор Алесси келген кездегі әсері жайында былай жазды: «Ертіс өзені үстінен батқан күнді тамашаладық. Ғажап көрініс еді. Аспан жалқын түске боялған. Ағыны қатты әрі енді өзен иен далаға жараспайтындай көрінді».⁹⁷ 45 адамдық американ командасының көп мүшесі

сынақ алаңына жақын салынған уақытша лагерьге жайғасады. Ал басшылары бір кездері аса құпия саналып, Совет Одағының картасына түспеген Курчатов қаласында тұрды.

Үміт пен күдік күшейген кез туды. Алесси совет әріптестері уайымдап жүргенін байқап, жаны ашып, қойын дәптеріне былай жазады: «Бір ай бұрын АҚШ мамандары Невада сынақ алаңында осындай күйді бастан өткеріп еді. Әркім іштей уақыты келгенде «сынақ болмай қалар, дайындығымыз текке кетер» деп қорыққан болатын».

Алесси совет мамандары сынақ алаңына тым жақын жүргеніне таңданады:

Невадада біз сынақ өтетін жерден бірнеше миль жердегі тұрақты ғимаратқа кіріп отырамыз, сынақты экраннан бақылаймыз. Ал совет командасы, керісінше, бақылау бекетін ары-бері алып жүреді екен, жарылыс орнынан небәрі 4 шақырым жерде, эпицентрде не болып жатқанын анық көре алатындай ұстайды.⁹⁸

Сонымен сынақ жасайтын уақыт келеді. Алесси былай еске алады:

Аяғымның астындағы жер кенет дүңк ете қалды [жарылыспен қатар]. Мен үстелдің үстінде тұрып, біреу ауыр балғамен үстелдің сирағын ұрғандай болды. Ядро жарылғанының қуатын бұған дейін ойша елестетсем, енді көзбен көрдім. Қару жер астында, жарты шақырым тереңде емес, жер бетінде немесе әуеде жарылса, тіл тартпай кетеді екенмін. Ядролық қару кенет абстракция, ғылыми есеп-қисап болудан қалды.⁹⁹

Жарылыстан шыққан шаң көтеріліп, жан-жаққа тарады. Американ және совет мамандары қол соғып, екінші рет сәтті өткен сынаққа құтты болсын айтысып, бірлескен сынақ экспериментінің дұрыстығына тағы көз жеткізгендей болады. Сынақтан кейін болған баспасөз мәслихатында Алесси сол сәттегі әсерін былай сипаттайды: «Қасымдағы қырық төрт американмен бірге совет ядролық жарылысының эпицентрі көрінетін жерден небәрі 2 мильде тұрғаныма сену қиын еді, бұл жер Совет Одағындағы ең құпия орынның бірі екені анық».¹⁰⁰

Бірлескен тексеру эксперименті жаңа кезең басталғанын және ол тек сөз жүзінде қалмайтынын көрсетті. Оның арқасында екі мемлекет те ратификациялауды күтіп отырған екі келісімдегі тексеру әдісіне қажет техникалық деректерді алды, сөйтіп Ядролық сынақ қуатын шектеу туралы шарт пен Бейбіт ядро жарылысы туралы келісім іске асты.¹⁰¹ Мәскеу мен Уошингтон шапшаң қимылдап, 1990 жылы қуаты 150 килотоннадан асатын ядролық жарылыс жасауға тыйым салатын қос келісім күшіне енді. Екі мемлекет ядролық сынаққа толық тыйым салуға тағы бір қадам жасады.

Десек те, қазақдаласында қырық жыл бойы жасалған сынақ мыңдаған адамның тағдырын талқандап үлгерген еді. Тұрғындар уланған су ішіп, радиоактив изотоп сіңген жерде жайылған малдың етін жеп, сүгін ішті. Мыңдаған отбасы обыр мен өзге де дертке шалдыққан аяулы жандарынан айырылып, қайғы шекті. Әйелдердің бойына баласы тоқтамай, тоқтағаны ауру болып туды. Жиі жасалған ядро жарылысы мен оның ұзаққа созылған салдарынан Семей өлкесін мекен еткен адамдардың тұрмыс-тіршілігі ауырлап, азабын талай жыл тартты.

3-ТАРАУ

СЫНАҚ ҚҰРБАНДАРЫ

Ядролық қаруды жылдам жасауды мақсат еткен Совет басшылары жергілікті халық пен полигондағы жұмысшыларын қорғау жағына бас қатыра қойған жоқ. Ядролық жарылыстың сол сәттегі және кейінгі салдары жайында дерек те аз болды. Сынақ бағдарламасы басталған жылдары ғалымдар сынақ алаңына жан-жануар қалдырып, радиацияның тірі ағзаға әсерін зерттегенімен, адамдарға қалай әсер ететіні жайында жеткілікті мәлімет болған жоқ.

1949 жылғы алғашқы сынақтан соң бірнеше жыл өткенде, совет өкіметі жергілікті халықтың денсаулығын бақылап, радиацияның адамдарға әсері туралы мәлімет жинады. Алайда ядролық сынақ жасалған ондаған жыл бойы радиацияның әсері туралы қарама-қайшы пікірлер айтылып, халық кімге сенерін білмеді. Семей өлкесінің басшылығы мен дәрігерлері «Алматы мен Мәскеудегі басшыларға жұрттың денсаулығы нашарлап бара жатыр» деп хабар жеткізгенімен, Мәскеу сынақ бағдарламасына шаң жуытпай, «ядролық сынақ адам денсаулығына зиян келтірмейді» деп бет бақтырмады. Әскерилер жергілікті халықтың денсаулығындағы кінәрат дұрыс тамақтанбау мен тұрмыс жағдайынан деді.

Совет Одағы ядролық сынақ зардабын жасырып, адамдардың ауруға шалдығуына ықпал еткенін айтпағаны Америка Құрама Штаттарындағы сценарийге ұқсас еді: АҚШ энергетика комиссиясы радиоактив қалдықтар ауаны ластап жатқанын мойындамай қойған. Невада сынақ алаңына (ол жерде АҚШ әскерилері тоғыз жүзден астам сынақ жасаған) жақын штаттарда тұратын халықтардың жеген тамағы мен ішкен сүтінен радиоактив изотоптар табылған, бірнеше жыл өткен соң сол аймақтарда обырға шалдыққандар көбейді. Семей полигонындағы сияқты 1950 жылдары жасалған жер бетіндегі ядролық сынақтар кезінде ластану деңгейі

жоғары болды. Юта штатының мормондар тұратын Сент-Жон деген шағын қаласы ядролық сынақ зардабын қатты тартты. Семей полигонына жақын қоныстанған ауылдар сияқты, Сент-Жонда да қасірет шекпеген отбасы жоқ. Күнделікті тіршілігі жерге тығыз байланған қазақтар секілді зардап шеккен штаттардың байырғы тұрғындары да әлемнің бір шетіндегі қазақтар шалдыққан кеселге тап болды. Екіншісі бірі обырмен ауырды.

Әлі күнге Холлиуудтің жанын жейтін бір қасірет бар: 1956 жылы Сент-Жон маңында «Басқыншы» (*The Conqueror*) фильмін түсіруге қатысқан екі жүзден астам адамның жартысы 1980 жылға қарай обырға шалдыққан. Олардың қырық алтысы қайтыс болған, арасында фильмнің негізгі актерлары Жон Уэйн мен Сьюзан Хейуорд та бар. Ол кезде ешкім нақты ештеңе айта алмаған, Холлиууд қызметкерлері көп шылым шегеді, ішімдікке әуес деп айыптағандар да болды, ал шын мәнінде оларға аймақтың радиация улаған ауасы байқатпай әсер еткенге ұқсайды.¹

Америка Құрама Штаттарының құрлық бөлігінен алыста, Тынық мұхит аралдарында тұратын халық қазіргі өз тағдыры мен келешегі жарқын болуына ықпал ете алмады. 1946–1958 жылдары өткізілген алпыстан астам ядролық сынақ салдарынан олар тұрған жер әбден ластанды, ал Маршалл архипелагындағы Бикини аралы адам тұруға жарамай қалды. АҚШ обырды зерттейтін ұлттық институтының есебінше, сынақ кесірінен Маршалл архипелагы тұрғындарының арасында обырға шалдыққандар саны бес жүзден көп – «аймақта обырға шалдығу деңгейі радиоактив қалдықтар жоқ кездегіге қарағанда 9 пайыз артқан» дейді.² 1980 жылдары АҚШ ядролық сынақ бағдарламасы кесірінен Маршалл архипелагы халқына келтірген залалы үшін Ядролық қаруға наразылық қорын құруға келісті. Қорға жиналған 150 миллион доллар жергілікті халықтың денсаулығын қалпына келтіруге және мүлік шығынын өтеуге жұмсалатын болды.³

Ядролық қару сынағының ауыр зардабын кино жұлдыздары, қарапайым америкалықтар және Тынық мұхит аралдары тұрғындарына қоса, Семей полигонына жақын отырған халық та тартты.

ҚАТЕРГЕ БАС ТІГУ

Әсіресе сынақтың алғашқы жылдары Семей полигонындағы әскери басшылық денсаулығын қатерге тігіп, сынақ алаңына барды, қарамағындағы қызметкерлерге де солай істе деп бұйырды. Жоғары лауазымды шенеуніктердің олай етуіне, бір жағынан, америкалықтардан қалып қоймайық деген жанталас ықпал етсе, екінші жағынан, қандай қауіп төнерін жете түсінбегені себеп болды. Мұны сынаққа қатысқандардың естелігінен байқауға болады. 1949 жылы алғашқы сынақ аяқталған соң, құпия полиция генералы Авраами Завенягин (ядролық бағдарлама жетекшілерінің бірі) бір инженерге эпицентр ортасына салынған метро шахтасының

макетін аш деп бұйырады, өзі сонда барып, жарылыс инфрақұрылымға қалай әсер еткенін көрмек болады. Инженер бұл тым қауіпті, радиация мөлшері әлі де өте көп дегенде, ашуға булыққан генерал айқайға басады.⁴

Тағы бір сынақтан соң Завенягин сынақ орнына бара жатқанда, көлігі батпақтап қалады. Ол көліктен түскенде, радиоактившөгінді үстіне қонады. Генерал полигондағы жуынатын орынға жеткенде, лас болған униформасы радиацияны өлшеу құрылғыларына әсер етіп, олар дабыл қаға бастайды. Санитария бөлімшесінің басшысы оған «Тезірек душқа түсіп, таза киім кию керек» дейді. Генерал басында оның сөзіне көнбей, санитария қызметі өкілдері үгіттеген соң ғана келіседі.⁵

Әскери басшылық өз денсаулығына осылай немқұрайлы қараса, полигондағы қарапайым жұмысшылар (кейде ештеңе білмегеннен) денсаулығын қаншалықты құрбан еткенін шамалай беруге болады. Жіті сәуле ауруы жайында дерек ешқайда тіркелмеген, сондықтан ол қаншалықты тарағанын дөп басып айту қиын. Жеке адамдардың әңгімелерінен-ақ нағандық пен құпиялық қаншалықты болғанын байқаймыз. Мысалы, 1956 жылы ядролық сынақтан соң камерада таспаны шығарып алуға барған бірнеше оператор өте жоғары мөлшерде радиация алып, олардың ағзасы дереу реакция береді. Біресе безгек тигендей қалтырап, енді бірде тон киіп отырса да, қалшылдап тоңа бастайды. Тері жасушасына залал келгеннен беті қызарып, мойнындағы бездері шошынып кетеді – оның бәрі радиацияның әсері еді. Олардың бірі кейін «ақымақтық пен құлшыныс» әсер етті, екінші жағынан, сауатсыз болдық дейді: «Радиация жайында біз не білдік? Түк те білген жоқпыз! Басымызға түскеннің бәрі соның залалын жете білмегеннен болды».⁶

1962 жылы болған тағы бір жағдайда сынақтан кейін сегіз жас дозиметрші эпицентрде жұмыс істегенде қауіпсіздік ережесін ұстанбай, сағатына шамамен 250–300 рентген сәуле алса керек. Сағатына 100 рентгеннен жоғары ортада бір сағаттан артық жұмыс істеу адамды өлтіруі мүмкін. Операторлар сияқты дозиметршілер де жіті сәуле ауруы туралы ештеңе білмеген, кейін олар да қалтырап, терісі мен қызылиегі қанап, үлкен-кіші дәретінен қан кетіп ауырады. Олардың оңалуына төрт аптадай уақыт кетеді.⁷

Мэлс Метов полигонда әскери борышын өтеген мыңдаған қазақ солдаттарының бірі еді. Мамандығы инженер жас жігіт жолдастарымен бірге сынақ алаңында жұмыс істеп, ядролық сынақтан соң электрмагнит толқынды өлшейтін құрылғыны орнату мен жөндеуге қатысады. «Қорғаныс құралдары да жоқ еді қолымызда, соларсыз жұмыс істедік» дейді қазір жетпіске келген Метов көзіне жас алып.⁸ Кәдімгі мата комбинезон, әскери етік, бетіне қарапайым маска таққан Метов әр жарылыстан соң сынақ орнына барып, радиация өлшемі жазылған дерек әкеліп отырған. 1961-1962 жылдары екі жыл бойы осылай қызмет етеді. Кейін соның кесірінен көп ауырып, емделуге мәжбүр болды. Совет өкіметі 1962 жылы

өзге жылдармен салыстырғанда бәрінен көп ядролық сынақ жасаған, өйткені жер бетіндегі сынаққа тыйым салынатын уақыт таяп қалған еді.

Метов қалған ғұмырында аурудың азабын тартып келеді. Қазақстан азаматы болғандықтан, оған денсаулығын құрбан еткеніне ешқандай өтемақы төленген жоқ. Ол сияқты «атомнан зардап шеккендерге» өтемақы беретін Ресей заңы басқа республика азаматтарына жүрмейді, ал Қазақстан заңы әскери болмаған, қарапайым азаматтарға ғана жеңілдіктер береді.⁹ Мэлс деген есім коммунизм көшбасшылары фамилияларының (Маркс, Энгельс, Ленин, Сталин) бас әріптерінен құралған. Тағдырдың тәлкегі болар, Мэлс өзіне келтірген залалы үшін коммунистердің идеологиясын жек көріп кеткен.¹⁰

АДАМДАРҒА ӘСЕРІ

Совет Одағының өзге аймақтарына қарағанда полигондағы күн жағдайы мүқият зерттеледі. Әр сынақ алдында ғалымдар мен әскерилер ауа райы болжамын ескеріп, радиоактив қалдықтар желмен ұшып, жақын маңдағы ауылдарды ластамағанын қадағалайтын. Кейде олар күн жақсарғанын күтетін, алайда тезірек нәтиже алу талап етілген жағдайда еш кінәсі жоқ халықтың үстіне радиоактив қалдықтарды төге салатын жауын-шашын ықтималдығына қарамастан, сынақ жасай беретін.

Өте қуатты сынақ жоспарланғанда, әскерилер жергілікті биліктің көмегімен тұрғындарды қауіпсіздеу саналатын аймақтарға көшіретін. Тұрғындары көшіп кеткен қалалардың маңында радиоактив қалдықтар мен жарылыс салдарын жоюға тиіс солдаттар қалатын: оларға шағылған терезе әйнектерін салып, өрт шықса, сөндіру үшін арнайы көлік, техникалық жабдықтар берілетін.

Алғашқы жындары жергілікті халық сынақ пен оның күнделікті тұрмысқа залалы жайында ештеңе білген жоқ, оларға ешкім ескерткен де жоқ. Тек 1953 жылы әскери қала мен жақын маңдағы ауыл тұрғындарына радиодан хабар таратып, үлкен жарылыс алдында үйден кетіңдер деп талап ететін. Қуаты 100 килотоннадан артатын ядролық қару сынағы адамдар жұмыс істемейтін күндерге немесе көшеде адам аз жүретін таңғы уақытқа жоспарланып, кейде билік сейсмик толқын кезінде жұртқа «ғимараттан шығып кетіңдер» деп кеңес беретін.¹¹ Радиосы жоқ ауыл тұрғындарына билік хабарлама жазылған қап тастап, жарылыс уақыты мен қауіпсіздік шарасы туралы ескертетін.¹²

«Иә, сынақтар есімде қалды, – дейді отбасымен әскери қалада тұрған әйел. – Әжем жексенбі күні таң атпай оятып, сыртқа шығу керек дейтін. Радиодан жұртты шошытпайтын, «жұмсақ» сынақ болады деп хабарлайтын, хабар әдетте түскі ас кезінде, жұрт үйіне тамақ ішуге келгенде шығатын».¹³

Ядролық сынақ аймағында тұратын адамдарға жасалған шаралар осындай ғана болды. Полигонға жақын тұратын, сол маңда жұмыс істейтін халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бұл жеткіліксіз еді.

Ядролық сынақ жергілікті қарапайым халықтың да, әскерилер мен олардың отбасының да өмірін тас-талқан қылды. Өкімет түсініктеме беруге міндетті емеспіз деген ұстанымда болғандықтан, адамдар шынайы дерек ала алмай, аурудан көз ашпай кеткеніне түрлі себеп іздеп, әр нәрседен көретін. Сынақтан кейін жарақаттану, радиациялық сәулеге шалдығу бұл қиындықтардың бір парасы ғана болатын. Әр сынақтан соң су, азық-түлік, топырақ қоса ластанатын, сөйтіп адамдар неше жыл бойы радиоиозотоп жұтып келді.

Полигонда жұмыс істеген Ресейдің бір офицері күнделікті өмір тәртібі бұзылғанын былай сипаттайды:

Полигонда жүргенде, 1953 жылғы 1 ақпанда қызым дүниеге келді. Температура $-20-30^{\circ}\text{C}$ төмен қыстыгүні әйелім жаңа туған сәбиді бауырына басып, үйден шығуға мәжбүр болды. Есік пен терезені жарылыс кезінде шағылмасын деп сырық тіреп, ашық тастап кететін. Кейде сынақ межелі уақытта болмай қалатын, ондайда ол аңыраған суық үйге қайта кіретін. Ертеңінде (сынақ болатын болса) осы жағдай қайталанатын. Жарылыс түнде болғанда тұрғындардың бәрі сыртқа шығып, жарқылдаған аспанға қарайтын, содан соң әйелім сынақтан шошитын боп қалды. Сынақ кезінде әскерилердің бәрі жұмыс орнында болуға тиіс еді, ал олардың отбасы өз күнін өзі көретін.¹⁴

Бұл офицер сияқты әскери қызметкерлер полигонда жүргенде осындай қиындық көргенімен, олар уақытша тұрып, жұмыс істеп кететін, ал жергілікті халық болса ондаған жыл осындай азапты көрді. Олардың бірі – 1952 жылы, сынақ бағдарламасы басталғаннан үш жыл өткен соң туған Гүлсім Кәкімжанова деген қазақ әйелі. Полигонға жақын теміржол разъезі бар кішкентай ауылда туып-өскен Кәкімжанова сынақ аймағында өткен бала кезін былай еске алады:

Кішкентай кезім, сегіз не тоғыз жаста болармын, бір күні әкем ұйқыдан тұрғанда шашы түгел сыпырылып жастыққа түсіп қалғанын көрді! Оның себебін талай жылдан соң түсіндім: ол теміржолда жұмыс істейтін. Жалаңбас жүретін, ал жер бетіндегі, ашық ауадағы сынақтар 1962 жылға дейін жалғасты ғой. Әкем сол радиацияға түсіп қалған, ұзақ ауырды.¹⁵

Кәкімжанова бала кезінде таңертең далада жүргенде көрген жағдайды айтып берді: «Үйге келгенде ауырып тұрғанымды сездім, мұрным қанады.

Әлсіреп, күні бойы ұйықтадым».¹⁶ Есейген соң Кәкімжанова ядролық сынақ құрбандарына көмектесу үшін өкіметтік емес ұйым құрды.

Семей өлкесінде тұратын халық полигонның кесірінен ауыра бастағанын көп ұзамай түсінді. Алайда өкіметтен қолдау болмады, бюрократия олардың қол-аяғын байлап, үнін шығартпай тастаған. 1950 жылдардың ортасында Семей тұрғындарының шағымын әуелі Семейдегі шенеуніктер қарайтын, содан соң Алматыдағы Қазақстан өкіметіне, ең аяғында Мәскеудегі совет өкіметіне жететін. Қазақстандағы шенеуніктер мен тұрғындар орталық билік пен әскери-өнеркәсіп кешенінен сескенетін, құпиялық пен дәрменсіздік қолын байлап, жергілікті халықтың уайымы тиісті орынға жетпейтін.

Қазақстанның Денсаулық сақтау министрлігінің бас радиологы болған Сайым Балмұханов 1950 жылдардың басында Семейге барған сапарында қаланың бас дәрігері «жергілікті халық белгісіз сырқатқа шалдықты» дегенін еске алды. Балмұханов ол айтқан ауру белгілері Хирошима мен Нагасакидегі атом бомбасы жарылғандағы құрбандардың дертіне ұқсайтынын байқайды. Радиолог әріптестерімен бірге полигон аймағында тұратын адамдарды суретке түсіріп алып, шағын зерттеу жасайды. Тек жергілікті халық денсаулығына ядролық сынақтан залал келгенін дәлелдеуге ол жеткіліксіз болды.¹⁷

ҚАРАМА-ҚАЙШЫ НАРРАТИВТЕР

1950 жылдары Совет және Америка өкіметі ядролық сынақтар адамдарға зиян екенін жақсы білген, тек ядролық соғыс өз әскері мен еліне және жау әскері мен халқына қалай әсер ететінін нақты білмеген. Иондаушы радиацияның әсерін түсіну қиын болды. Сынақ алаңында қалған жануарларға, мысалы, терісі адамдікіне ұқсайтын торайға қарап пікір қорытуға болғанымен, жануарларға жасалған сынақ радиацияның адамға әсері туралы шынайы дерек алуға мүмкіндік берген жоқ.

Хирошима мен Нагасаки бомбасының құрбандары туралы шектеулі дерек алған совет әскерілері радиацияның адамға әсерін түсінуге талпынды.¹⁸ Полигонда істеген қызметкерлер радиациядан ластану жайында дерек жинап, оған талдау жасады, алайда ядролық бағдарлама құпия болғандықтан, ол туралы мемлекет азаматтарына да, денсаулық сақтау саласының мамандарына да ештеңе айтқан жоқ. Сөйтіп денсаулық сақтау саласында жұмыс істеген қызметкерлер жергілікті халықтың денсаулығы жайында дерек алудың өзге жолы болмаған соң, жұртты жорамалға сүйеніп емдеді.

Совет өкіметі ядролық сынақтан кейін жеті жыл бойы, 1956 жылға дейін халықтың денсаулығын бақылауды ойлаған жоқ,¹⁹ 1949 жылы алғашқы жарылыстан соң медицина өкілдері жақын маңдағы ауылда

тұратын он адамды ғана тексерген. 1953 жылы алғашқы термоядролық сынақ болғанда, билік сынақ алаңына жақын тұратын 200 адамға тексеріс жүргізді. Ал ертедегі деректерді билік қалай пайдаланғаны жайында мәліметті ашық дереккөзден табу мүмкін емес.

Алғаш рет совет өкіметі 1956 жылғы 24 тамызда болған жарылыстан соң ғана радиация салдарын зерттеп, тұрғындарға жан-жақты медициналық тексеріс жүргізді. Биіктігі 100 метр мұнарадан тасталған ядролық құрылғы қуаты 27 килотонна болатын жарылыс жасады. Жаңбыр жауып тұрғандықтан, радиоактив қалдықтар полигон аясынан шығып, басқа аймаққа тарады. Радиоактив бұлт ауылдардың үстінен өтіп, өнеркәсібі дамыған Өскемен қаласына дейін жетті.²⁰ Осы сынақтан кейін Совет Одағының Денсаулық сақтау министрлігі сынақ алаңынан тыс аумақ қатты ластанғаны туралы дерек алды.²¹ Есеп бойынша, «радиациядан уланған» 638 адам ауруханаға түскен, бұл 1986 жылы Чернобыль атом электр станциясындағы жарылыстан зардап шеккендерден төрт есе көп.²² Адамдардың терісі күлдіреп, қызарып кеткен, анализ олардың қанында өзгеріс барын көрсеткен. Ластану ауқымы үлкен аймақты қамтығандықтан және ауруханаға түскендер саны көбейгендіктен, өкімет Биофизика институты өкілдерінен сарапшылар тобын құрып, ластану ауқымын түсіну үшін полигонға жіберді.²³

Қоғамда наразылық күшейген соң, совет өкіметі халықтың денсаулығын қадағалап ұстау үшін Қазақстанда екі жерде арнайы емхана: сынақтан кейін радиоактив қалдық мөлшері көп байқалған Өскемен қаласында №3 және Семей қаласында №4 емхананы салдырды. Өскемендегі емхана бірнеше жылдан соң жабылып,²⁴ Семейдегі №4 емхана радиацияның адамдарға әсерін тексеруге арналған негізгі орын болып қалды.

Өкімет неге радиацияның әсері туралы мәлімет жинап, бақылауға көшкенін былай түсіндіруге болады: олар радиация адамға қалай әсер ететінін жете білгісі келді, себебі әскери тұрғыдан жоспарлау кезінде мұндай дерек бағалы болмақ.

1956–1960 жылдары аймаққа арнайы келген бірнеше экспедиция тұрғындарға радиологиялық және медициналық тексеріс жүргізді. Экспедиция құрамына Мәскеудегі Биофизика институтының (совет әскери бағдарламасы бойынша құрылған мекеме) мамандары мен Семейдегі №4 емхана қызметкерлері (ядролық бағдарлама аясында құрылған мекеме, тек дәрігерлері әскери емес) кірді.

1957 жылдан бастап Қазақ Ғылым академиясы құрамына Аймақтық патология институтының ғалымдары да кірген өз экспедициясын жіберіп, олар үш жыл бойы сынақ алаңына жақын қоныстанған мыңдаған адамды зерттеді.²⁵

Әскерилердің айтатыны: Биофизика институты

Биофизика институты мен №4 емхана 1956-1957 жылдары Семей аймағына бірлескен медициналық экспедиция жасады. Екі мекеме жеке-жеке ақпар берді, олардың қорытындысы ұқсас болғанымен, ұсыныстары екі түрлі болып шықты.

Өте құпия ақпарында Биофизика институты ядролық сынақтан кейінгі радиоактив қалдықтар халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға теріс әсер етеді деген қорытынды жасады. Ақпарда ең қиын жағдай деп полигонға жақын орналасқан Саржал ауылындағы радиациялық ахуал айтылады, бұл жақта радиоактив шөгінділер нормадан 58 есе жоғары, ал Семейдің бір қамбасында радиоактивтігі нормадан 20 есе көп астық сақталған.²⁶

Бір сапарда мамандар зерттеген бес жүздей адамның үш жүзден астамы бруцеллез, туберкулез, жүрек ауруы сияқты жиі кездесетін сырқатқа шалдықса, жүзден астамынан «ұзақ мерзімді радиацияның әсерінен болатын» сырқаттар белгісі табылған.²⁷ Әскери-медицина сарапшылары тексерістен өткендердің 10 пайызының ғана денсаулығы жақсы болып шыққанын айтады. Биофизика институты сараптама нәтижесін «Иондаушы радиация әсері жоқ деуге болмайды» деп сыпайылап жеткізеді.²⁸

Әскери дәрігерлер «жер бетінде сынақ жасауды тоқтату қажет» (ядролық құрылғылар ауада емес, жерде жарылатын атмосфералық сынақ түрі) дейді, егін орағы кезінде мұндай сынақ бәрінен қауіпті саналады. Тек әскери сараптама «аймақ тұрғындарының тұрмысы нашар, олар дұрыс тамақтанбайды, сондықтан да денсаулығы осал» деген қорытынды жасайды. Сондықтан дәрігерлер: «Өкімет антисанитария жағдайын түзетуге тиіс, халықты жеміс-жидекпен, көкөніспен қамтамасыз етіп, медициналық қызмет сапасын жақсартуы керек» дейді.²⁹ Олардың ақпарында «ядролық сынақты тоқтату керек» деген түйін болған жоқ.

Халықтың айтатыны: №4 емхана

Билік Семейдегі №4 емхананы не мақсатпен ашқанын жасыру үшін оны «бруцеллезге қарсы емхана» деп атады. Бруцеллез ірі қара малға тиеді, соларға тән созылмалы инфекциялық дерт саналады. Ол пастерленбеген сүт ішкен немесе бруцеллезге шалдыққан малдың етін жеген адамдарға да жұғады, адамның тұла бойы ауырып, ыстығы көтеріледі, түнде қатты терлейді. Мал өсіретін аймақта кең тараған бруцеллез радиацияның әсерін зерттеуді мақсат еткен совет әскерилеріне жақсы желеу болды.

1957 жылы №4 емхана ашылған соң, ондағы дәрігерлер «жергілікті халықтың денсаулығы нашарлап кетті» деп дабыл қақты. 1958 жылғы ақпанда сол кезде Семей облысы Коммунистік партиясының ең лауазымды

өкілі Мұхаметқали Сужиковтың тапсыруымен №4 емхана дәрігерлері бірлескен хат жолдады.³⁰ Қызметке келгеніне бір-ақ ай болса да, Сужиков дереу күрделі мәселені шешуге кіріскен. Қазақстанның оңтүстігіндегі Қызылорда облысының басшысы болған кезінде Сужиков совет басшыларын күріш өндірісіне қаржы құюға көндіріп, облысқа көмектесу үшін күріш бағасын көтерткен еді. Сондай-ақ ол аймақта алапес ауруы жиі ұшырасатынына мән беріп, совет өкіметінің осы дертке қарсы аймақтық бағдарлама қабылдауына түрткі болған.³¹

Сужиковқа хат жолдаған №4 емхана мамандары Семей өлкесінде радиациядан ластану деңгейі жоғары екенін баяндады. Кей жерде топырақтың радиациядан ластануы қалыпты мөлшерден 11–40 есеге дейін артқан, негізгі азық-түлік өнімдерінде де радиоактив қалдық мөлшері жоғары болып шықты. Семей базарында сатылатын еттегі радиация деңгейі қалыпты мөлшерден екі не үш есе, бидай ұнында, қарақұмық пен күріште төрт-бес есе артық болған. Жергілікті аурухана, балабақшалар мен бөбекжайлар дақылдарды қаладағы дүкеннен сатып алады, демек, халықтың ең осал бөлігі – науқастар мен балалар уланған тамақ жеп жатыр.³²

Радиацияның адам денсаулығына әсеріне тоқталған №4 емхана дәрігерлері Мәскеу бақылайтын Биофизика институты келтірген деректерді айтады. Бірақ олар басқаша тұжырым жасайды. Институт сияқты «егін орағы кезінде жер бетіндегі сынақтарды тоқтату керек» деп мәймөңкелемей, «ядролық сынақ атаулыны түбегейлі тоқтату керек» дейді. №4 емхана мамандарының ақпарында ядролық сынақтар «топырақты, азық-түлік қорын, шөпті ластап жатқаны және жұртшылықтың денсаулығына елеулі зиян келтіргені» баяндалады. Әрі бұл ақпарда олар өкіметтен Семей облысына қажет жеміс-жидек, көкөніс, ет, май, дәрумендер мен дәрі-дәрмек сұрайды.³³

Емхана мамандарының алаңдауға тұрарлық ақпарын оқыған Сужиков ССРО КП ОК бірінші хатшысы Никита Хрущев пен Қазақ ССР КП ОК бірінші хатшысы Николай Беляевқа (Мәскеу тағайындаған, ұлты орыс) құпия хат жолдап, ақпардағы деректерді келтіреді. Оған жауап ретінде совет өкіметі облысқа болымсыз қаржылай көмек жасап, дәрі-дәрмек жіберумен шектеледі.³⁴ Сужиковтың совет басшылығына тікелей өтініш айтқаны кейін оның Семей облысының басшысы қызметінен кетуіне себеп болды деседі. Оны «Облыс ет өндіру жоспарын орындамай алмады» деген желеумен орнынан алып тастайды.³⁵

Сужиков сияқты батылдық танытып, жағдайды ашық мәлімдеген өзге тұлғалар да бар. 1957 жылы Қазақстанның ең танымал жазушысы, Семей өлкесінің тумасы Мұхтар Әуезов Токиода өткен халықаралық антиядролық конференцияда бүкіл әлемге туған өлкесіндегі жағдайды жайып салды. Совет ядролық сынақ бағдарламасы толық құпия өтіп жатқан заманда бұл өте батыл қадам болатын.³⁶

Әуезов туған жерінің тағдырына қатты алаңдағаннан үндемей қала алмады. 1958 жылы ол Қазақ Ғылым академиясының президенті, досы Қаныш Сәтбаевқа былай деп жазады:

Айтуларынша, полигонмен көршілес Саржал, Қарасу, Қайнар, тағы қаншама елді мекеннің көкөрім жастары өзіне өзі қол жұмсайды-мыс. Сенесің бе? 15-16 жастағы бозбала өрендер өмірден түңіледі дейді. Бұл енді біздің қазақ баласы ешқашан да көрмеген, естімеген сұмдық! Кеше ғана мал қайырып я доп қуып жүрген балақандар түн ішінде қараңғы қораның бір түкпіріне барып асылып қалады-мыс. Естияр үлкендердің айтуынша, өз-өзінен үрейленудің әсері. Неге? Өйткені, аты өшкір атом бомбасы тас төбелерінен тарс еткен кезде я содан кейін аспанға көтерілетін қызылқоңыр бұлт Шаған өзенін өрлеп, Шыңғыстауды тұмшалап, Тоқтамыс батырдың елін баса көктеп, Бестамақ, Таңат, Ақбастауды түгел қамтып, Көксеңгір тауы арқылы Шұбартау жеріне, Жорға тауына құлайтын көрінеді.³⁷

1962 жылы Сібір өлкесінің тумасы, Семейдегі жоғары лауазымды шенеунік Михаил Карпенко Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы болған Дінмұхаммед Қонаевқа хат жазып, облыстағы адам тығыз қоныстанған және құлағалы тұрған тұрғын үйлерге көмек сұрайды. Карпенко радиоактив жарылыстың әсері болғанын және билік ештеңе айтпаса да, тұрғындар жағдайды түсініп отырғанын жеткізеді. Ол халық наразылығы күшейіп келеді деп ашық айтады.³⁸

Сәтсіз болған ядролық сынақтан бірнеше күн өткен соң Карпенко Қонаевқа тағы хат жазады. 1962 жылғы 7 тамызда ядролық қуаты бар зымыран жерге қонып үлгермей, аспанда жарылды. Жел тұрып, адамдар қоныстанған елді мекенге қарай соқты. Атмосферада шаң бұлтқа ұқсап үйіріліп, радиоактив қалдықтарды Семей мен оның маңындағы ауылдарға жеткізді. Карпенко тағы да Қонаевтан жергілікті халыққа арнап үй салуға көмек сұрайды, «сапалы ет, сүт, маймен, жеміс-жидекпен және көкөніспен қамтамасыз ету керек» дейді. Ол Семей мен оның маңындағы ауыл тұрғындары ядролық сынақ туралы біліп қана қоймай, «көбі сынақтың залалын көзбен көріп, тартып отыр» деп баса айтады.³⁹

Осы сәтсіз сынақтан кейін де совет әскери-өнеркәсіп шенеуніктері жергілікті Қазақстан басшыларына радиация мөлшері қалыпты деп ақпар бергенінен таймады, астықтағы радиация мөлшері әдеттегіден 6–10 есе көп екенін көрсеткен нақты деректерге міз бақпады. Тек өздерінің ішкі, құпия құжаттарында радиациядан ластану туралы шынайы деректерді жазды. Ядролық қару кешеніне жауапты бірнеше совет шенеунігі – полигонның әскери бөлімшесі, қорғаныс министрі мен денсаулық сақтау министрі ғана Карпенкоға жауап берді. Олардың айтуынша, радиациядан ластану деңгейі «елеусіз», радиоактив қалдықтар мөлшері

«арнайы санитария аймағындағы» стандарттарға сай. Әдетте мұндай «санитариялық» аймаққа өндірістік зауыттар мен улы материалдар өндіретін орындар сияқты қоршаған орта мен денсаулыққа әсер ететін нысандар орналасқан аймақтарды жатқызады.⁴⁰ Совет шенеуніктері жергілікті билікке ластанған астықты Совет Одағының басқа аумағына жөнелт деп кеңес берді, сөйтіп сәулелену мөлшерін теңестіреміз деді. Дегенмен олар уланған астықты Совет Одағынан тыс аумаққа, шетелге жіберуден бас тартты, теріс пікір тарайды деп қорықты.⁴¹

Мәскеудегі шенеуніктер ресми арналардан түскен шағымдарды жасырып, жауып отырғанда, КГБ әскери бағдарламаға еш қатысы жоқ Семей тұрғындарының хат-хабарын тексеріп, аңдумен болды. Семейліктер туған-туыс, дос-жаранына жолдайтын хаттарында «жарылыс жиілеп кетті, жер сілкінгендей дүмпулер де көбейді, халық соның бәрінен мезі болды» деп жазатын. Хат жазушылар ауа ластанғанын, су таза емесін және көп адамның денсаулығы сыр беріп, қарадан қарап ауырып жүргенін айтатын.

1966 жылы КГБ қолға түсірген жергілікті тұрғынның хатында оның ядролық сынаққа алаңдайтыны жазылған:

Жұрттың бәрі қашып жатыр, әсіресе кейінгі 15 күнде басқа жаққа кеткендер көбейді. Енді билік сынақты алдын ала хабарлайтын болған. Сынақ күні түскі он екіде бізді сыртқа шығарады, іште қалған қауіпті. Комбинатта бәрі жұмысын доғарып, сыртқа шығады. Айналадағы дүниенің бәрі қирайтғындай көрінеді, өте қорқынышты. Түрлі дақпырт тарап жатыр, сондықтан бәрі жұмыстан есебін алып... бұл жерден кетіп жатыр.⁴²

Хаттан адамның жан күйзелісі сезіліп тұр. Ресейде, Украинада және өзге елдерде туысы бар, ұлты қазақ емес тұрғындар кетуге асықты. Бір тұрғын былай жазады: «Зейнетке шыққан бойда Семейден кетемін, бұдан әрі олар маған тәжірибе жасағанын қаламаймын, жарылыс дыбысын естігім келмейді». Енді біреулер өлкенің тірлігі көңілсіз болғандықтан кеткісі келетінін айтқан: «Украинаға кетсек дейміз. Мұнда өмір сүру қиындап кетті. Бұл жақтың халқын аяймын, құмнан басқа ештеңе жоқ, тіпті жеуге жеміс таппайсың. Ауа өте лас, әсіресе қыста. Балалар әлсіз, көзінің асты көгеріп тұрады. Жарылыс болған сайын үйіміз шайқалады. Қысқасы, осы жерден тезірек кетсек деп армандап жүрміз».⁴³

Ешқайда кетпей, аймақта қалғандар бірнеше ұрпақ ауысқанша сынақ зардабын тартты: «Күйеуім 54 жасында обырдан көз жұмды. 1961 жылы туған ұлымда энцефалопатия мен көз нистагмы (мидың зақымдануы мен көздің икемге келмей айналып тұруы) бар. Немерем алты саусақты болып туды. Өзімде аллергия бар, буыным қақсайды, жүрегім мен

бауырым да ауырады». Тағы бір жергілікті тұрғын отбасының ауыр тағдырын былай баяндайды: «Әжем, ағам, әпкем асқазан обырынан, ал бауырым өкпе обырынан көз жұмды. Көзімнің көруі күрт нашарлап барады, қол-аяғым, асқазаным мен бауырым ауырады».⁴⁴

Ұлты қазақ еместер өзге республикалардағы туыстарына кетсе, этник қазақтардың басқа барар жері жоқ еді. Сынақ тоқтағалы ондаған жыл өтсе де, олардың бастан кешкен жағдайы аймақты түгел шарпыған жеке адам мен қауымның қасіретін көрсетеді.

Сынақ алаңына жақын маңдағы Мұқыр ауылының әкімі өз отбасының тарихын айтып берді:

52 жасында әкем өкпе обырынан көз жұмды. Сол кезде дүние төңкерілгендей болды, ол дені сау, мықты адам деп ойлайтынбыз. Анам жесір қалғанда үйдің кенжесі алты-ақ жаста еді. Еңбектен қашқан жоқпыз, әкем бізді солай тәрбиелеген. Сырттан көмек болған жоқ, өз күнімізді өзіміз көруге тиіс болдық. Анам алпыс төртке толғанда миына қан құйылып, ажалы жеткенше төрт жыл төсек тартып жатты. Ағам 57 жасында өмірмен қоштасты. Қан ауруы әкетті. Інім нейродермитпен ауырады. Қарындасым екеуіміздің қан қысымымыз көтеріле береді.⁴⁵

Абыралы ауылында тұратын педагог Несіпбай Дүйсекеев сынақтың ауыл балаларына әсерін былай сипаттайды:

Абыралыда 1950 жылдан бері тұрып келемін. Зейнетке шыққанша көп жыл мектеп директоры болдым. Жер бетіндегі және жер астындағы сынақтар кезінде бізге олар «денсаулыққа зиянсыз, барлық қауіпсіздік шарасы жасалған» дейтін. Бірақ содан кейін жергілікті халық бұрын-соңды естімеген сырқатқа шалдыға бастады, мысалы, ақ қан ауруы көбейді. Мен дәрігер емеспін, тек сәл қимылдаса болды, сүйегі сынып қалатын адамдарды көрдім. Балалар арасында жасы 13-14-ке толған, ал түріне қарасаң, 2-3-4 жасар балаға ұқсайтындар көбейді. Кемтар болып туған талай бала үйінен шыға алмай отыр. Кейбірі 13-14 жасында қайтыс болып кетті.⁴⁶

Балалар төңірегінен ядролық сынақтың сұмдық зардабын көріп жүргенімен, оның себеп-салдарын білмейтін. Полигонға жақын Шаған ауылында туып-өскен Әлия былай дейді:

Жаз шыға Құмырза жайлауындағы мал ұстайтын ағама баратынмын. Малды өріске шығаратын жол сынақ алаңының дәл қасынан өтетін. Жаңа туған екі басты қозыны өз көзіммен көрдім. Төлдің көбі туғанда денесінің бір мүшесі (тұмсығы немесе құлағы) болмайтын немесе

бас сүйегі қисық дегендей жарымжан боп туатын. Ол кезде бұл құбылысты тосын санасам да, себебін білмейтінмін. Өскен соң ғана шындықты естідік.⁴⁷

Қазақ даласында болған трагедияның ең сұмдығы – тұрғындар арасында өзіне қол салу мен психикалық сырқаттар көбейді.⁴⁸ Өзіне қол салу қазақтар үшін мүлде тосын құбылыс еді, олар суицид деген сөзді білмейтін. Тек қазір оның көп адам үшін мәні зорайып көріне бастады, мысалы, радиациядан ластанудың зардабын тікелей тартқан шағын ауыл – Саржалда тұратын әйел былай дейді: «Екі ұлымның бірі 14, бірі 20 жасында асылып өлді. Үшінші ұлымның ақыл-есі шала. Күйеуім жүректен кетті. Осының бәріне ядролық сынақ кінәлі екеніне күмәнім жоқ».⁴⁹ Бұл әйелдің отбасы – осы тәжірибеден зардап шеккен көп шаңырақтың бірі ғана. Полигонға жақын ауылдарда ондаған адам жыл сайын өзіне қол жұмсайды, көбі асылып қалады.⁵⁰

Қазақтардың айтатыны: Аймақтық патология институты

Полигон әкелген қасіретті байқамау мүмкін емес еді. 1956 жылы Алматыдағы Аймақтық патология институтының директоры Бахия Атшабаров туған қаласы Қарқаралыға барады. Оның досы Сыздық Тақымбекұлы туған жердегі халықтың ауыр халін былай сипаттайды:

Түнде жастар үйінен шығып кетіп, өзіне қол салады. Аққан мен басқа сырқаттар көбейген, аяқ астынан жұрттың мұрнынан қан кетеді, жүрегі тарсылдап соға бастайды, демі тарылып, үсті-басын теңбіл басып кетеді. Бәрінен де сұмдығы – ақыл-ой және дене кемістігі бар сәбилер көп туатын болды. Кейбірінің аяқ-қолы жоқ, енді бірінің түріне қарау қиын: келбеті өзгеріп, ұсқынсыз болып туған.⁵¹

Тақымбекұлы астанадағы институт директоры болып істейтін досынан: «Сендер, дәрігерлер, осы жағдайды неге тексермейсіңдер?» – деп сұрайды. Атшабаров полигонға қатысты жағдайдың бәрін әскери дәрігерлер ғана бақылай алады дейді. Оның сөзінше, өзі басқаратын институттың міндеті үлкен кәсіпорындардағы кәсіби жарақатты зерттеу және болдырмау екен.

Әйтсе де Тақымбекұлының жанайқайы Атшабаровқа ой салады, сөйтіп 1957 жылы ол да жазушы Әуезов сияқты, көңілін алаңдатқан мәселені Қазақ Ғылым академиясының президенті Қаныш Сәтбаевқа жеткізеді. Атшабаров Сәтбаевтан академия құрамына кіретін институттың клиникалық экспедициясы аймаққа баруына рұқсат берсін деп сұрайды. Қазақстандағы металлургия ғылымының негізін қалаған, елдің бас



7-сурет. Совет Одағындағы ядролық сынақ құрбандары, Семей өлкесі, 1980 жылдардың аяғы. Түсірген: Юрий Куйдин.

геологы, өте беделді ғалым Қаныш Сәтбаев экспедиция жасақтауға рұқсат етті. Бастаманы ССРО денсаулық сақтау министрі Мария Ковригина да қолдап, осы шешіміне бола совет әскери билігінен сөгіс естуі мүмкін екенін біле тұра, келісім береді. Ковригина кәсібилігімен әрі батылдығымен аты шыққан маман еді.⁵²

1957–1960 жылдары, үш жыл бойы дәрігерлер полигон аумағына жақын елді мекендерде тұратын 3,5 мыңнан астам адамды тексереді; бақылау тобы ретінде Қазақстанның өзге аймақтарынан 2000 адамды тексерістен өткізеді.⁵³ Бұл совет кезеңінде Қазақстан дәрігерлері жүргізген алғашқы әрі соңғы медициналық тексеріс болды.⁵⁴

Дәрігер Атшабаров басқарған қазақ зерттеу командасына Қазақстан халқының көп ұлтты құрамын көрсететін этнос өкілдерінің бәрі: қазақ, орыс, еврей, неміс және өзгелер кірді. Ғалымдар көрген-білгенін, соның ішінде совет ядролық бағдарламасына зиян келтіруі мүмкін ақпаратты да, басын қатерге тігіп, ашық жазды. Мемлекеттің ең маңызды қауіпсіздік жобасы отандастарының денсаулығын құртып жатыр деп жазғаны үшін оларға мемлекетке опасыздық жасады деп айып тағылуы мүмкін еді. Олар әр науқастың сырқатнамасын медициналық терминмен жазып шыққанымен, ядролық сынақтан жазықсыз жапа шеккен бейкүнә жандардың азабы түсінікті сипатталған. Ғалымдар полигон аумағына жақын тұратын адамдардың ауру-сырқауы көп екенін байқайды. Неврологиялық патология салдарынан науқас өзінен өзі шаршай береді, басы айналады, басы ауырады. Жергілікті халықтың көбінде адам тамақ ішкенде қақалып қалмауына жауап беретін жүту рефлексі жойылған. Қайнар, Саржал және Дөлен-1 ауылдарында тұрғындардың үштен бірін ғана неврологиялық жағынан сау деуге болатын.⁵⁵

Атшабаров пен командасы мидағы қан айналымы бұзылуы көбейгенін байқайды, бұл үрдіс бақылау тобына кірген адамдарда ғана емес, ластанған аймақта тұратын басқа да тұрғындарда жиі кездеседі әрі ауыр өтеді. Радиоактив қалдықтар жиі таралатын аймақта ұзақ тұрған адамдардың ауырсыну деңгейі өзгерген, иіс сезу мен дәм сезу мүшелеріне зақым келген.⁵⁶ Радиация көп келетін елді мекенде тұратын әйелдердің етеккір циклі бұзылған, жыныс ағзаларының дерті көбейген және өзге де гинекологиялық проблемалар кездеседі.⁵⁷

Аймақтық патология институты иондаушы сәулелің төмен мөлшері сынақ алаңында тұратын халықтың мұрнында, құлағы мен тамағында өзгеріс тудыратынын айтады.⁵⁸ Полигонға жақын орналасқан ауыл тұрғындары жұқпалы және соматикалық аурулар (ауруға баса мән беру және үнемі шаршай бергеннен эмоциялық жағынан қажу) кесірінен, сонымен бірге ауыр тұрмыстан ерте қартайды. Мысалы, Қайнарда ауыл тұрғындары өз жасынан он жылға көрі көрінген.⁵⁹

Мамандар жануарларды, өсімдіктерді, жалпы қоршаған органы зерттеп, тексереді. Үнемі жайылымда, уланған шөпті жеп, радиоактив бөлшектерді сіңірген топырақты басып жүретін мал адамдардан да артық радиация алған. Малдың күйі қашып, қан тамырлары мен бауыр, өкпесі дұрыс жұмыс істемейді; тынысалу жүйесінен, ауыз бен жыныс мүшесінен қан кетеді. Тіпті жануарлардың ми тіні де өзгерген.⁶⁰ Өлгеннен кейін



8-сурет. Совет Одағындағы ядролық сынақ құрбандары, Семей өлкесі, 1980 жылдардың аяғы. Түсірген: Юрий Куйдин.

тексергенде қой мен иттердің сүйегінен стронций-90 табылған.⁶¹ Ядро ыдырағанда бөлінетін стронций-90 элементіне «сүйек іздегіш» деген қорқынышты лақап ат қойылған, өйткені ол сүйек пен жілік кемігіне барып қонады, сүйек обырын тудырады, оған жақын тіндерді зақымдап, лейкемия дертіне шалдықтырады.

Полигонға жақын ауылдардағы топырақ пен өсімдік атаулы қатты ластанған, оны жеген адам мен жануарға, малға радиация сырттан ғана емес, іштен де сіңеді. Мысалы, мамандардың айтуынша, Қайнар ауылының топырағы толған радиоактив бөлшектер екен (5 микронға дейін). Олар мұндай бөлшектер «өте агрессив», адам тыныс алғанда оның қан тамырлары жүйесіне оңай өтеді, сонда адам радиацияның үлкен мөлшерін іштен сіңіреді дейді.⁶² Ал ауыл тұрғындары саз балшық илеп, кірпіш құйып, содан үй салатын. Нәтижесінде адам уланған кірпіштен салынған үйде отырып-ақ, радиация сіңіре беретін.⁶³

1958 жыл шамасында Атшабаров пен Сайым Балмұханов (Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігінің бас рентгенологы, ол да экспедицияға қатысады) Семей облысының басшысы Мұхаметқали Сужиковпен сөйлесіп, жағдайды мәлімдейді. Бұған дейін жазғанымыздай, Сужиков полигон мәселесін совет өкіметіне батыл жеткізіп, сол үшін қызметінен кеткен болатын.⁶⁴

Атшабаровтың командасы қоршаған ортадағы радиациядан ластану максимум рұқсат етілген мөлшерден 20–300 есе артық деген қорытынды жасайды. Кейбір ауылдарда радиация тіпті қалыпты шамадан 650 есе артып кеткен.⁶⁵

Аймақтық патология институтының зерттеу жайында жазып, Мәскеуге жолдаған құпия құжаты 12 том болды. Әскери мекемеге қарайтын Биофизика институты (бұрын экспедиция жасай келіп, егін орағы кезінде ядролық сынақты тоқтата тұру керек деп кеткен) қазақстандық команданың ақпарын «біржақты» деп бағалайды. Совет әскери-өнеркәсіп кешені мүшелері жергілікті дәрігерлерді «мәселенің бәрін радиацияға жаба берген, аймақтағы антисанитария, әлеуметтік-экономикалық факторлар жайында жақ аспаған» деп кінәлайды. Олардың пікірінше, «зерттеу нәтижесінде ауыл халқының санитария жағдайы туралы дерек келтірілмеген, тұрғындардың өмір салты, тамақ сапасы сияқты ауру тудыратын басты факторлар аталмаған».⁶⁶ Шынында, бұл жалған сын еді, өз ақпарында қазақстандық дәрігерлер «ауыр тұрмыс жағдайы мен індет тудыратын дерт түрлері Семей халқының денсаулығына залал келтіріп жатыр» деп жазған болатын.⁶⁷

Әскери шенеуніктер Коммунистік партияның Орталық комитеті мен Қазақстан өкіметіне шағымданып, Атшабаровты шақыртып, әкімшілік жаза беруді талап етеді. Қазақ өкіметі оған келіспесе керек, өйткені Атшабаров жазаға тартылған жоқ. «Сөйте тұра, – дейді Атшабаров, – қазақ өкіметі Семей полигонында ядролық қару сынауға қарсы екенін ешқашан ашып айтқан жоқ».⁶⁸ Қазақ командасы клиникалық зерттеуін тоқтатуға мәжбүр болды.

Өз естелігінде Атшабаров Қазақ Ғылым академиясының президенті Қаныш Сәтбаев «Өзіңіз білетіндей, осы жылдар бойы оппоненттеріңіз,

дәлірек айтсақ, дұшпандарыңыз осы зерттеуді доғар деп талап етіп келеді. Шамам келгенше сізді қорғадым, осы жұмыстың нәтижесінде полигонның төңірегіндегі шынайы жағдайды ұқтыратын мәліметтер алынады деп сендіріп көрдім. Тек бұл жолы генерал [Аветик] Бурназян (денсаулық сақтау министрінің орынбасары, әскердегі денсаулық сақтау мәселесіне жауапты болған – авт.) экспедицияны тоқтатуды талап етіп, соңыма түсіп алды. Сіздер атқарған жұмыс жағдайды өзгертті, полигон маңындағы аймақ радиациядан ластанғаны, оның халықтың денсаулығына, малдың күйіне әсері бары анықталды» дегенін айтады.⁶⁹

Сөйтіп экспедиция жұмысы тоқтайды.

1958–1961 жылдары ядролық сынаққа уақытша мораторий жарияланады (АҚШ пен Ұлыбритания және Совет Одағы сынаққа тыйым салу жөнінде келіссөз бастайды), бұл кезең аяқталған соң, сынақ қайта басталады. Семей өлкесіндегі обыр ауруы мен өлім-жітім туралы статистика құпия сақталды.

Семейдегі №4 емхана радиацияның жергілікті халыққа әсерін бақылай береді. 1961 жылдан бастап №4 емханада 20 мың адам тексеруден өтеді: 10 мың радиация таралған ауылдар – Абай, Бесқарағай, Жаңа Семей халқы еді, ал қалған 10 мың адам – бақылау тобы ретінде Қазақстанның өзге аймақтарынан келгендер. Радиацияға ұшыраған жергілікті 10 мың тұрғын 10–150 рэм мөлшерде сәуле сіңірген.⁷⁰ Салыстыру үшін айта кетсек, 2021 жылы АҚШ әуе-құтқару қызметінде істейтіндер жыл сайын алатын радиация шегі 5 рэмнен аспауы керек деп бекітілген.⁷¹ №4 емхана ашылған соң үш жылдан кейін ғана, 1961–1962 жылдары радиацияның адам денсаулығына әсері жөніндегі алғашқы ауқымды зерттеуін бастағандықтан (бұл кезде жер бетіндегі сынаққа 12 жыл болған), радиацияның адам ағзасына тікелей әсері туралы дерек жоқ.⁷²

№4 емханада небәрі 15–20 төсек-орын болған, өйткені ол бруцеллезді емдейтін жер деп аталғанымен, тұрғындарды емдеу үшін емес, дерек жинау үшін ашылған болатын. Бұл аздай, кәдімгі ауруханалардағы дәрігерлерге радиация тудырған сырқат басқаша жазылсын немесе мүлдем диагноз қойылмасын деген бұйрық берілген.⁷³ Саржал ауылының дәрігері болған Қабден Есенғарин былай дейді: «Біреу асқазан обырынан көз жұмса, олай деп жазуға қақымыз жоқ еді. Асқазаны ауырған деп жеңіл-желпі жаза салатынбыз. КГБ адамдары келіп, артық-ауыс ештеңе жазбады ма деп тексеретін». ⁷⁴ 1965 жылы ССРО Денсаулық сақтау министрлігі Семей қаласында қандай да бір зерттеу жасауға тыйым салып, ғалымдар мен дәрігерлердің жергілікті халықты бақылауына тосқауыл қойды.⁷⁵ Семей сияқты үлкен қалада зерттеу жүргізілсе, құпия ашылып қалады деп қорықса керек.

Совет Одағы ыдыраған соң, Қазақстан ғалымдары Аймақтық патология институтының ақпарын көре алды, сол кезде Семей басшылығы

жергілікті өкіметке үндеу жасағанын, Қазақстан мен совет өкіметі басшылары сынақтың жергілікті халыққа әсері туралы 1950 жылдардан бері білгені анық болды. Семейдегі кей жергілікті шенеуніктер ертеде-ақ дабыл қаққан, тек Атшабаров айтқандай, Қазақ өкіметі Мәскеуге қарсы тұра алмаған. Әскери-өнеркәсіп кешені дем берген совет өкіметі ядролық сынақ адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиян екенін мойындамай қойды, 10 мың адамға ғылыми мақсатта зерттеу жүргізгенімен, оларды емдеген жоқ.

Совет Одағы либералдық қайта құру мен жариялық арқылы түбегейлі трансформация кезеңіне өткенде, Қазақстан халқы бас көтеріп, Семей полигонын мүлде жабуды талап ете бастайды. Қырық жылға созылған ядролық сынақтың зардабы орасан болғаны сондай, халықтың шыдамы шегіне жетті.

4-ТАРАУ

ХАЛЫҚТЫҢ КӨТЕРІЛУІ

1986 жылғы 16 желтоқсанда республика тарихында алғаш рет қазақ жастары Мәскеу билігіне қарсы шығып, наразылық танытты. Қыстың сұрқай күнінде шамамен 30 мыңдай қыз-жігіт Алматыдағы Брежнев атындағы алаңға жиылды. Олар Мәскеудегі билік Қазақстан халқының көңілінен шыққан басшы, ұлты қазақ Дінмұхаммед Қонаевты қызметінен алып, орнына бұрын Қазақстанға еш қатысы болмаған Геннадий Колбинді қойғанына ашуланды.

КГБ дереу іске көшті. Наразылықты күшпен басуға әскерилер кірісіп, 168 шерушіні өлтірді, 1700 адамды ұрып-соғып, 8500-ге жуығын қамап тастады. Шеруге шыққандардың көбі қылмыскер саналып, түрмеге қамалды (Қазақстан тәуелсіздік алған 1991 жылы ақталды). Шеруге қатысқан студенттер оқудан шығарылды. Қысқасы, Мәскеу наразылық танытып, келіспейтінін білдірген адамның бәрін қорқытып-үркітіп, аузын жабуға мәжбүрледі.¹

Семейден шыққан танымал жазушы Мұхтар Әуезовтің ұлы Мұрат Әуезовтің айтуынша, мұндай репрессиялар Қазақстанды «жағынан шапалақпен тартып жібергендей» болды. Мамандығы мәдениеттанушы Әуезовтің пікірінше, халық басып-жаншуға наразы болғанына себеп – ол қазақтың оянған кезіне сай келгені.

Әдебиет, кино мен басқа да өнер саласында жаңа туындылар жасалып, онда қазақтың бірегейлігі ерекше айтылып, халықтың өз тарихына құрметі артқаны да осы кезең еді. Мысалы, әдебиетте қазақтың өзіне тән дәстүрі мен мәдениетін насихаттайтын фольклорлық шығармалар жанданды. Соның бірі – феодал байлардың заманы болған XVI ғасырдағы оқиға, өр мінезді сұлу қыз бен жауынгер жігіт арасындағы махаббат хикаясы баяндалатын «Қыз Жібек» лиро-эпостық жыры. Совет кезеңінде

мұндай ауыз әдебиеті үлгілерін «халыққа қарсы» деп, жарыққа шығаруға кедергі көп болған. Оған бір себеп: Қыз Жібек пен оның ғашығы дәулетті отбасынан шыққан, ал совет коммунизмі материалдық байлыққа күмәнмен қарайтын. 1980 жылдары ондай хикаялар Қазақстанда қайтадан жұрт назарына ілінді, театрларда қойылып, кең тарасын деп орыс тіліне аударылды.

Желтоқсан оқиғасы республикаға ауыр тиді. Мәскеуге қарсы шыққандар қазақ ұлтынан еді, ал оларды басуға келгендер негізінен орыс ұлтынан болатын. Жүзден астам ұлттың үйіне айналған және этностар арасындағы үйлесімді мақтан тұтатын Қазақстан үшін Желтоқсан оқиғасында қазақтар мен орыстар арасында қақтығыс болғаны Мәскеуден басқаратын совет билігіне деген сенімді жойды, өлім мен зорлық-зомбылықтан бөлек осының өзі бір қасірет еді.

Осындай ширыққан ортада Қазақстанда қырық жыл бойы жүргізілген ядролық сынаққа деген халық наразылығы шырқау шегіне жетті. Билікте Михаил Горбачев отырған, ал Совет Одағы әлеуметтік және саяси өзгеріс алдында тұрған бұл кезеңде наразылық күшейе берді. 1985 жылы Компартия басшысы болған Горбачев өзгеріске ерік бергенімен, оның салдарын қадағалай алмай қалды. Әр адамның пікір білдіруіне рұқсат ететін жариялық өзгеше ойлауға жол ашты, ал тоқырауға түскен саяси жүйені жаңартуға ұмтылған Горбачевтың Қайта құруы Совет Одағының әлеуметтік, саяси және экономикалық шыңырауға түсіп кеткенін көрсетті. Ұлттық республикалардың көбі Мәскеу басқарғанынан шаршап, тәуелсіздік алуды ойлай бастады. Совет экономикасы құлдырап бара жатқанына алаңдау, Мәскеу бұларды неше жыл бойы қанап келгенін түсіну ренішті күшейте берді.

1988 жылы Горбачев реформасының бір бөлігі ретінде Совет Одағында саяси және қоғамдық ұйымдар құру талабы жеңілдеді. Горбачев бұл рұқсатты өзге топтар қалай пайдаланатынын болжай алған жоқ: экология, тарих және тіл мәселесін көтеруге тиіс топтар ұлтшыл әрі тәуелсіздікке үндеген ұйымдарға айналды.² Қазақстандағы антиядролық қозғалыс соның бірі болды.

Горбачев билігі кезіндегі ішкі және сыртқы саясаттағы үлкен өзгерістер Семей полигонына да әсер етті. Горбачев совет милициясын әскери сипатынан айырып, АҚШ-пен арадағы ядролық қару жарысын баяулатуға ұмтылды. Осы мақсатпен ол Совет Одағы Компартиясы орталық комитетінің бас хатшысы болған соң, 1985 жылы ядролық сынаққа біржақты мораторий жариялады. Мораторий бір жарым жылға жалғасты, тек АҚШ сынақ жасауын тоқтатпаған соң, Горбачев та сынақты қайта бастады. Горбачев ядролық сынаққа тыйым салу керек деген ойынан айнымаса да, Игорь Белоусов басқаратын ықпалды ССРО Министрлер кеңесінің әскери-өнеркәсіп комиссиясы сынақты

жалғастыруды талап етті. Әскери теңіз инженері мамандығын алған Белоусов атом сүңгуір қайықтар жасаған, бұрын ССРО Кеме жасау министрлігін басқарған, ал Горбачевтың тұсында совет өкіметі басшысының орынбасары және әскери-өнеркәсіп комиссиясының басшысы болатын. Қазақ шенеуніктері шені жоғары Белоусовты совет әскери құрылымындағы ең ықпалды адам деп білді.

Либерал Горбачев пен советтік қатал саясат өкілдері арасындағы шиеленіс Мәскеудің одақтас республикалармен қарым-қатынасына ықпал етті. Горбачев Совет Одағын сақтап қалғысы келгенімен, үлкен автономия болмаса, республикалар түбінде Мәскеуге қарсы көтеріледі деп сенді. Қатал саясат өкілдері республикаларды тізгіндеп отыру керек, қажет болса, репрессия жасап, басып-жаншу арқылы ғана Совет Одағын сақтап қаламыз деді.

Мәскеуде жағдай ушығып тұрғанда, Қазақстан халқы ядролық сынақты тоқтатындар деп талап етті. 1986 жылы Чернобыльдегі атом электр станциясында апат болып, он шақты адам қаза тапты, өте көп адам жараланды, 134 адам жіті сәуле ауруына шалдықты. Апаттан Украина мен Белоруссияның біраз аумағы зардап шекті, сол кезде Қазақстан халқы атом өте қауіпті екенін біліп, үрейі күшейді.³

Қазақстан тұрғындарының ядролық қару сынағына наразылығын күшейтіп, қозғалыс бастауына ықпал еткен тағы бір жайт 1989 жылғы 12 ақпанда Дегелең тауын шайқаған жарылыс еді. Бұл сынақтың өзгесінен айырмасы болған жоқ, жиырма жылдан бері Семей полигонында өткізіліп келе жатқан жер астындағы сынақтардың бірі болатын. Тек дәл осы сынақ полигонды тоқтататын күштің символына айналады деп ешкім күтпеген.

Жарылыс кезінде уран-235 ыдырағанда бөлінетін ксенон-133 және ксенон-135 радиоактив газдар талай жылғы сынақ зақымдаған жер қыртысындағы жарықтардан сыртқа шығып кетеді. Бұрын жер астында сынақ жасағанда түссіз, иіссіз газдар жиі бөлінгенімен, олар атмосфераға тез сіңіп, байқалмай кететін. Ксенон белгілі бір мөлшерде радиологиялық медицинада пайдаланылады. Ал оны көп мөлшерде сіңіргенде, адамның жүрегі айнып, басы айналады, адам есінен танып, өліп қалуы да мүмкін.

Әдетте ядролық сынақ алдында сынақ жасаушылар желдің бағытын аңдиды, ол полигоннан әскери қалашыққа қарай соқпағанын қадағалайды. Алайда 12 ақпан күні желдің бағыты күрт өзгерді. Биіктігі 200 метрге дейін жететін, ені бір жарым шақырымнан асатын алып радиоактив бұлт әскери қалашықты басып өтіп, адамдар тұратын ауылдардың үстіне қарай бет алды.

Совет стратегиялық әуе күштері бөлімшесінің базасы орналасқан Шаған әскери қалашығында қауіпсіздік құрылғылары радиоактив

қалдық мөлшері қалыштыдан 100 есе асып кетті деп тіркеді. Әскери дивизия командирі генерал Павел Бредихин не болғанын түсінбесе де, қауіптің алдын алу үшін мектептегі сабақты тоқтатып, әскер құрамын таңғы ас ішуге асханаға жібермей қойды.⁴

Горбачевтың жариялық саясаты тұсында Шағанда радиация сынақтары нәтижесін жасырып қалғысы келмеген генерал жағдайды сол кездегі Семей облысының басшысы Кешірім Бозтаевқа жеткізеді. Ядролық сынақ тарихында алғаш рет әскери тұлға радиациядан ластану болғанын мойындады. Бұл кезде полигон директоры, генерал Аркадий Ильенко Мәскеуге «сынақ сәтті өтті, радиация мөлшері артқан жоқ» деп хабарлап қойған. Қарама-қайшы деректерден Семей билігі мен жергілікті халық әрі үрейленіп, әрі ашуланып қалды. Бес күннен соң, 17 ақпанда жер астында тағы бір сынақ жасалып, тағы тау қопарылды.

Осы үш күшті фактор – алғаш рет сынақ нәтижесі көпшілікке мәлім болғаны, Горбачев реформасын пайдаланып, әрекет етіп қалу мүмкіндігі туғаны және қазақ ұлтының оянуы қатар келіп, үлкен бетбұрыс жасады. 1989 жылғы 12 ақпанда жасалған сынақ антиядролық қозғалыстың бастамасы болды, Қазақстанның түкпір-түкпірінен миллиондаған адам осы қозғалысқа үн қосты. Совет ядролық бағдарламасына қарсы үрей, шарасыздық пен реніш үлкен наразылық толқынына ұласты.

Қазақ әдебиетінің ең танымал өкілдерінің бірі Олжас Сүлейменов халықты күреске қарсы жұмылдырды. 1987 жылы Семей облысының басшысы болған Кешірім Бозтаев полигонды жабуды қолға алды. Алматыда Қазақстанның жаңа басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Мәскеуге сынақты тоқтатуды өтініп жүгіне берді. Горбачев екі оттың ортасында қалды: бір жағында совет әскери-өнеркәсіп кешені алқымынан алса, екінші жақ – Қазақстанда халықтың наразылығы артып барады. Совет Одағында саяси-әлеуметтік ахуал өзгергені Қазақстандағы антиядролық қозғалыстың тегеурінді саяси күшке айналуына жағдай жасады.

«НЕВАДА-СЕМЕЙ» ҚОЗҒАЛЫСЫ ПАЙДА БОЛУЫ

Олжас Сүлейменов 1984 жылы ССРО Жоғарғы кеңесінің (Совет Одағындағы ең жоғары заң шығарушы органы) депутаты болғаннан бастап Семей полигоны мен Қазақстандағы басқа полигондар маңында тұратын адамдардан сынақ зардабы, оның денсаулық пен күнделікті тұрмысқа залалы жайында көмек сұраған хаттар алады. Ал 12 ақпан күнгі сынақтан кейін Шағаннан «сынақтан соң радиоактив газ ауаға тарап кетті» деген хабар алған Сүлейменов әрекет етуге бел буады. Кейін Сүлейменов бұл жағдайды «Горбачев, демократия және жариялық солай хабарлауға мүмкіндік берді»⁵ деп түсіндіреді. Радиациядан ластану болғанын әскерилер де растаған соң, Сүлейменов іске кірісті.

Алматыдағы сайлау округі атынан ССРО Жоғарғы кеңесіне қайта сайлау науқанына қатысып жатқан Сүлейменов 24 ақпанда – сынақтан кейін екі апта өткенде ұлттық телеарнадан саяси платформасы туралы сөйлеуге тиіс болатын. Бірақ Сүлейменов сценарийден ауытқып, жер астындағы сынақтан соң радиоактив газ ауаға тарап кеткенін, ондаған жыл ядролық сынақ жасалып, Қазақстан халқы мен жерін улап келе жатқанын баяндайды. Тікелей эфирде ол Мәскеу басшылығына үндеу жасап, ядролық сынақ бағдарламасын тоқтатыңдар деп талап етеді. Сүлейменов пен тағы үш қазақ қайраткері ССРО Жоғарғы кеңесі мен Қазақстан Жоғарғы кеңесіне үндеу жасап, өтініш жолдайды. Онда былай делінген:

Біз, Қазақстан халқы, ядролық сынақтан үлкен жапа шеккен ел ретінде ядролық қаруды өндіру және тоқтатуды талап етуге қақымыз бар. Қазіргі және келешек ұрпақтың денсаулығы үшін, Жер бетіндегі өмір жалғасуы үшін көп ұлтты Қазақстан халқы атынан республика аумағындағы атом полигондарын жабуды талап етеміз.⁶

Сөзін аяқтай келе, Сүлейменов ядролық сынаққа қарсы адамдарды үш күннен кейін Алматыда өтетін митингке шығуға үндеді.

Қоғам қайраткерінің сөзі әсер еткен мыңдаған адам Алматыдағы әдебиетшілер үйі – Жазушылар одағының ғимаратына жиылады. Ғимараттың үлкен залына 400 адам ғана сыятын, сондықтан мыңдаған адам күннің суығына қарамай, далада тұрды. Сұңғақ бойлы, көмірдей қара бұйра шашты, сымбатты Сүлейменов жұртты иландыра алатын. Осы митингке қатысқан Мұрат Әуезов солкүнгі оқиғаны былай еске алады: «Атмосфера ерекше болды, Сүлейменовтің қуаты бәрімізге әсер етіп, ол сөйлегенде денем тітіркеніп кетті».⁷

Табиғатынан шешен Сүлейменов жиылған қауымды қайрай түсті:

Дамыған елдерде өмір сүру ұзақтығы артып келеді, ал бізде кейінгі он жылдағымен салыстырғанда төрт жылға азайған. Оған бір себеп: топырақ пен судағы, азық-түліктегі радиоактив қалдық мөлшері артқаны. Қырық жыл бойы бейбіт өмір сүрдік пе? Жоқ, қырық жылдан бері үнсіз соғыс жүріп жатыр! Өкімет өз халқына қарсы құпия ядролық соғыс жүргізіп жатыр... Не көнеміз, не шайқасып өлеміз. Гамлеттің дилеммасы бізге де келді.⁸

Семейден келген бірнеше адам сахнаға шығып, өздері көрген сұмдықты баяндады. Ауылда тұратын, отыз жыл бойы әйел босандырып келе жатқан акушер өмірге келмей жатып қарғыс тиген сәбилер жайын айтты: «Кейінгі алты айда дүниеге келген 48 баланың 12-сі сау емес. Алты нәресте шетінеп кетті, ал алтауы аяқ-қолы жоқ немесе Даун синдромына шалдыққан болып шықты. Дәрігер және ана ретінде ядролық сынақты доғаруды талап етемін!».⁹

Осы сәтті пайдаланған Сүлейменов ядролық сынаққа қарсы қозғалыс құрайық деп ұсынғанда, жиналған жұрт қол соғып, қолдай кетті. Сүлейменов сырттағы қауыммен тілдесуге далаға шығады. Ондағылар да «Ядролық сынаққа қарсы қозғалыс құруды қолдаймыз» дейді.¹⁰ Тарихи митингті камераға түсірген оператор, кейін өзі де қозғалыс белсендісі болған Сергей Шафир былай дейді: «Сүлейменов намысымызды оятып, адами қуатымызға сендірді».¹¹

«Таңертең ұйқыдан тұрғанда ол туралы ойламағанмын» дейді Сүлейменов аяқ астынан қозғалыс құруға үндеген сөзін еске алғанда. Митингке келген адамдардың ағыл-тегіл эмоциясы оған да шабыт берген екен. Сөйтіп, 1989 жылғы 28 ақпанда Қазақстан тарихында ең қуатты қоғамдық қозғалыс және әлемдегі ядролық сынаққа қарсы ең үлкен антиядролық қозғалыс өмірге келді. Басында қозғалыс мүшелері Америка Құрама Штаттарының Невада полигонында ядролық сынақты тоқтату үшін күресіп жүргендермен бір екенін көрсету үшін оны «Невада» деп атайды. Кейін атауы «Невада-Семей» болып өзгереді. Өнер сыншысы Үміт Сахариева мен оның күйеуі, иммунолог Жәміл Исин салған қозғалыс логотипіңде Неваданың жергілікті тайпасының өкілі семейлік қазақ қариясына бейбітшілік мүштігін ұсынып отыр.¹²

Митингке шыққан адамдар арасында танымал композитор Төлеген Мұхамеджанов та болды. Ол полигонға жақын маңдағы ауылда туып-өскен, бала кезінде еш алаңсыз ядролық бағанды бақылайтын. Жазушылар одағында жұрт жиылған күні ол отбасындағы қасіретті жағдайлардың себебін түсініп, жылап жібереді: «Әкем өмірден тым ерте кетті, ағам 20 жасында дүние салды, апайым 27 жасында қайтыс болды, ең жақын досым 24 жасында өзіне қол салды, соның бәрінің себебін енді түсіндім».¹³ Жерлестерінің халіне жаны күйген Төлеген Мұхамеджанов кейінірек «Невада-Семей» қозғалысының гимніне айналған «Заман-ай» әнін жазды. Сөзін ақын Ұлықбек Есдәулет жазған «Заман-ай» қазақ жері мен қазақ халқының басындағы ауыртпалықты суреттейтін ән еді. Әннің сөзі мен әуенінен қазақтың қасіреті сезіліп тұрғаны сондай, қазақша түсінбейтін адамның өзі оны тыңдағанда, жүрегі езілетін.

Сол митингнен кейін Қазақстанның бірқатар танымал жазушысы, журналистері, кинематографистер мен ғалымдар «Невада-Семей» ұйымдастыру комитетіне жолығып, ұйымға мүше болды. Сүлейменовтің жазушылар үйіндегі кеңсесі тынымсыз қозғалыс орнына айналды, құқық қорғаушылар түрлі шара өткізуді жоспарлап, ұйымдастырып, Мәскеу мен халықаралық қауымдастық назарын аударуға тырысып, соның бәріне Қазақстан халқын жұмылдыруға талпынып жүретін. Біреу сөз жазып, оны тереді, тағы біреуі телефон қоңырауына жауап береді.¹⁴ Талантты журналист Галина Күзембаева баспасөз құралдарына қозғалыс бағдарламасы туралы материалдар жолдап отырды. «Невада-Семей»

белсенділері «бүкіл елдегі бұқаралық ақпарат құралдарын білетін адам, қозғалыстың жаны, жүрегі болды» деп сипаттаған Күзембаева Сүлейменовтің үндеуін интернет пен әлеуметтік желі жоқ заманда жедел тарата алды.¹⁵

Қоғамдағы жаппай толқу Қазақстан халқының басын қосты, 1986 жылғы жастардың көтерілісінен кейін Мәскеудің аяусыз басып-жаншуынан қалған ұлтаралық шиеленіс түйіні тарқап, жара жазылғандай болды. Полигондағы ядролық сынақты тоқтатуды талап еткен «Невада-Семей» петициясына миллионнан астам адам қол қойды, оның ішінде түрлі ұлт өкілдері, алуан мамандық иелері бар еді.

Мұрат Әуезовтің айтуынша, қозғалыс Қазақстанның Ресейден ірге бөлсек деген талай жылғы арманын іске асыруына ықпал етті:

Ядролық сынаққа қарсы қозғалыс 1986 жылдан кейін санамызда қалған дақты шайып кеткендей болды. Ол қазақтың ұлттық бірегейлігін қалпына келтіріп, барлық этнос тобын Мәскеуге қарсы бір мақсатқа жұмылдырды. Бұл жолы ұлттық автономияны көздеген қозғалыс ұйымдасқан түрде, бір ғана ізгі мақсат – ядролық сынақты тоқтату бағытында жүрді.¹⁶

Әуезов «Невада-Семей» қозғалысы пайда болғаны 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісін басып-жаншыған Мәскеудің қаталдығына жауап қана емес, Алашорда қозғалысы мен 1930 жылдары Қазақстан зиялыларын атқан Сталин репрессиясына да жауап болды» дейді.¹⁷ Басқаша айтқанда, «Невада-Семей» қозғалысы Қазақстанның Мәскеу билігіне наразылығының көрінісі болды.

Бұл кезде Олжас Сүлейменов Алматыдағы сайлауалды науқанынан шығып кеткен, өйткені, бір жағынан, оның бәсекелесі – жұмысшы тап өкілі жеңіске жетуі ықтимал болған, екінші жағынан, Михаил Горбачев оны Лондонға, Маргарет Тэтчермен кездесетін іссапарға бірге баруға шақырған. Сүлейменов кейін былай дейді: «Горбачев мені қолдап, бұған дейін сөйлеспесек те, Лондонға неге ертіп кетті? Оған антиядролық қозғалыс керек болды. Біз оған көмектестік, ол бізге көмектесті».¹⁸ Горбачев ядролық сынақ бағдарламасын жапқысы келгенімен, әскери басшылық қолдамай, тығырыққа тірелген еді. Оған халықтың қолдауы керек болды.

Сүлейменов Лондоннан оралған соң, саяси карьерасын жалғастырады. Қазақстанның саяси жетекшілері оның ССРО Жоғарғы кеңесіне кіруін мақұлдайды, «бұл жолы сайлауға Алматыдан емес, Семей облысынан түсіңіз» дейді. Сүлейменов депутат болады, сөйтіп Мәскеудегі ең жоғары заң шығару органына «Невада-Семей» қозғалысының талабын жеткізеді.



9-сурет. Ақын, «Невада-Семей» қозғалысының жетекшісі Олжас Сүлейменов Семей полигонына жақын маңдағы ауылда өткен митингте сөз сөйлеп тұр, 1989. Түсірген: В. Павлунин.

Дереккөз: Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалары архиві, Қазақстан.

СЕМЕЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТОЛҚУ

Ядролық қаруға қарсы үгіттеу жергілікті қозғалыс қана болып қалмай, жалпыұлттық саяси қозғалысқа айналды, 1989 жылы Қазақстан басшылығы осы екеуінің арасын тең ұстауға мәжбүр болды. Бір жағынан, қазақ басшылары 12 ақпандағы сынақ пен халық наразылығын пайдаланып, ұлттық республикаларға ықпалы азая бастаған Мәскеудегі орталық өкіметке тойтарыс беретін мүмкіндік деп қарады. Екінші жағынан, Қазақстан әлі күнге Мәскеуге қатты тәуелді еді, сондықтан полигонға қарсы әрекетті еппен, мұқият жүргізуге тиіс болды. Тек олардың баяу әрекетінен жергілікті халықтың төзімі таусыла бастайды.

Семей облысының тумасы, батыл әрі жігерлі Кешірім Бозтаевтың мамандығы инженер-металлург болатын. 1987 жылы қызметі өрлеп, облыс басшысы болады. Бозтаев радиоактив газдар ауаға тарап кеткенін 12 ақпан күні генерал Бредихиннің мәлімдемесінен кейін біледі. Горбачев жергілікті қазақ басшылығынан сынақтан кейінгі жағдай туралы сұрағанда, Бозтаев Қазақ ССР Министрлер кеңесінің төрағасы

Нұрсұлтан Назарбаевтан рұқсат алып, ССРО Компартиясы Орталық комитетінің бас хатшысымен тікелей сөйлеседі. Ол кезде Назарбаев республикадағы Геннадий Колбиннен кейінгі екінші басшы болатын, 1986 жылғы желтоқсанда қазақ жастарының Мәскеуге қарсы көтерілуіне сол Колбиннің билікке келуі себеп болған. Бозтаев 20 ақпанда Горбачевтың өзіне ғана арналған, «құпия» деген таңба басылған жеделхат жолдап, онда «полигондағы ядролық сынақты тоқтатсын немесе, тым құрығанда, жарылыс жиілігі мен қуатын азайтсын» деп сұрайды.¹⁹ «Бұл жапа шеккен даланың дауысы еді, жамандық пен үрейдің дабылындай естілді. Олар (саяси бюро мен әскери-өнеркәсіп кешені мүшелері) Семейдегі ең жоғары лауазымды партия шенеунігінен мұндай жеделхат келеді деп күтпеген».²⁰

Қазақстан Компартиясы да іске араласып, полигон орнына өкіл жібереді. Ресми тұлғалар Алматыға оралғанда сынақ өткізуге қатысты алаңдайтын мәселе тіпті көп деп келеді. Олар жер астындағы ядролық сынақтар тау-жартастың келбетін өзгерткенін, полигонға жауапты тұлғалар төтенше жағдай болғанда, жергілікті билікке ештеңе айтпайтынын, совет әскери дәрігерлері жергілікті шенеуніктерге халықтың денсаулығы туралы ондаған жыл жинаған деректі көрсетпегенін айтып, сынайды. Қазақстандық партия өкілдері «полигон мен сынақ бағдарламасын шектен тыс құпия ұстап, ешкімге ештеңе айтылмайтыны кесірінен халық арасында байбалам тудыратын сыбыстар тарап кетті» деп шағымданады.

«Өсек-аяңды тоқтататын нақты дерек немесе нұсқаулық болмаса, жергілікті халыққа сынақ бағдарламасы қажет екенін түсіндіру қиын болады, – дейді полигон орнына барған партия өкілдері. – Партия басшылары жергілікті шенеуніктерге халыққа түсіндір деп тапсырма береді, тек ешқандай дерек ұсынбайды». Олар «радиоактив газды ауаға таратпау үшін сынақты жақсылап жоспарлау керек және ластанған аумаққа адамдар мен малды кіргізбеу үшін полигондағы қауіпсіздік қызметін күшейту қажет» дейді. «Совет билігі халықтың денсаулығы туралы деректерді жергілікті билікке өткізсін, сонда жапа шеккендерді емдеу оңай болады және сынақтан кейін ғимараттарға сейсмикалық бағалау жасалсын» деген талап қояды. «Ядролық сынақты тоқтатсын» деп нақты талап қоймаса да, партия өкілдері «аймақта қоғамдағы кернеу күйі артып бара жатқандықтан, полигон орнын ауыстыру керек» деген ұсыныс тастайды.²¹

Қазақстан өкіметі өлкедегі қоршаған орта жағдайын бақылау үшін комиссия құрады, оны Қазақ ССР Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары Ерік Асанбаев басқарады.²² Совет өкіметі де комиссия құрып, ол 24 ақпанда Семейге жетеді. Мәскеу делегациясы мен жергілікті билік арасындағы кездесуде ССРО Министрлер кеңесінің ресми өкілі болып келген әскери-теңіз техникасы маманы Владимир Букатов «12 ақпан күні радиация тараған жоқ, қауіпсіздік ережесі сақталды» деп мәлімдейді.

Кешірім Бозтаев оған иланбай, «совет өкіметінің ресми тұлғалары облысқа өтемақы төлеуі керек және жергілікті тұрғындардың денсаулығына радиацияның әсерін зерттеу үшін ашылған №4 емхана жинаған деректерді жариялауға тиіс» деп талап қояды.²³

Букатов жергілікті тұрғындар мен полигон бағдарламасы арасындағы шиеленіс артқанын көзімен көрді, енді құр сөзбен құтылу мүмкін емес еді. Халықтың көңілін орнықтыру үшін Букатов бастаған комиссия сынақ саны мен жарылыс қуатын азайтуды ұсынды, радиоактив газдар ауаға тарамалуы үшін ядролық құрылғыларды жерге терең көмсіні деді. Оған қоса, комиссия «қоғаммен жұмыс жүргізіңдер, сонда сынақ пен экологиялық жағдай туралы көбірек ақпарат алған тұрғындар сабырға келіп, тынышталар» деген үмітін айтып, кеңес берді. Мәскеу комиссиясы ядролық сынақты тоқтатындар демегені таңданарлық нәрсе емес шығар.²⁴

1989 жылғы наурыздың аяғында Бозтаев Геннадий Колбинге жағдайды толық баяндап хат жазды. «Ондаған жыл бойы Семей облысында кісі өлімі көрсеткіші республикадағы орташа деңгейден 5–10 пайыз жоғары»²⁵ деді Бозтаев. Ол обырға шалдыққандар саны артқанын және балалар арасында өлім-жітім көбейгенін жеткізді, «жаңа туған 1000 сәбидің 33-і тірі қалмайды» дейді. Бозтаев жергілікті ветеринария зертханаларының дерегін келтіріп, малға беретін жем-шөп құрамында радиоактив цезий, стронций мен полоний мөлшері артқанын айтады. Бүкіл Совет Одағына ет беріп отырған облыс үшін бұл да алаңдауға тұратын жаңалық еді. Өзіне дейін Семей облысын басқарған басшылар сияқты, Бозтаев та облыстағы денсаулық, қоршаған орта және сейсмика проблемаларын шешу шарасын күшейтуді, ядролық сынақ саны мен жарылыс қуатын азайтуды және полигонды басқа жаққа көшіруді де талап етті.²⁶

Сол айда Колбин (Мәскеу тағайындаған Қазақ ССР КП ОК бірінші хатшысы), Назарбаев (Қазақстан тумасы, Қазақ ССР министрлер кеңесінің төрағасы және биліктегі екінші тұлға) және советтік бірнеше әскери шенеунік ССРО Компартиясының Орталық комитетіне хат жазды. Хатта Бозтаев сияқты облыс басшыларының өтініші айтылды, «Невада-Семей» қозғалысының танымалдығы артқаны, сондықтан Семейдегі ядролық сынақтарды азайтып, жарылыс қуатын төмендету керектігі баяндалды. Тек хатта ядролық сынақтарды мүлде доғару туралы сөз болған жоқ, өйткені қазақстандық шенеуніктер «Америка Құрама Штаттары сынақты жалғастырып жатыр, сондықтан біз де тоқтата алмаймыз» десті.²⁷ Дегенмен хатта жергілікті тұрғындар сынақ атаулыны толық тоқтатуды талап ететіні айтылды.

Хатқа жауап ретінде ССРО Компартиясының Орталық комитеті әскери-өнеркәсіп кешеніне «Семейдегі ядролық сынақ кезіндегі

қауіпсіздікті күшейтсін және 1989 жылдың қалған бөлігіне жоспарланған сынақтарды қайта қарасын» деп тапсырма берді. Совет партия басшылары 12 ақпандағы сынақ туралы ақпарды Қазақстан басылымдарында жариялауға үндеді.²⁸

12 ақпандағы сынаққа қатысты дау 1989 жылғы көктемге дейін жалғасты. Совет әскери басылымы «Красная звезда» совет қорғаныс саласы өкілінің «жер астындағы сынақ кезінде табиғи жолмен шыққан радиоактив газдар тұрғындарға қауіпті емес» деген сұхбатын жариялады. Оның пікірінше, ақпараттың аздығынан өсек-аяң туған. Ол жер астындағы сынақтардың сейсмикалық әсері жайындағы пікірлерді де теріс деп, «сынақ кезінде болатын дүмпу қуаты қатты сезілмейді, пойыз жүріп өткендегі бекет қабырғасы дірілдегендей ғана болады» деді.²⁹

Назарбаев Семейге барып, «Республика басшылығы облыстағы жағдайды жақсарту үшін бәрін істеп жатыр» деп, жергілікті шенеуніктерді тыныштандырып қойды. Халықтың ашуын басу үшін ол «Қазір қолымда барлық дерек бар, бұрын оларды білмегенбіз» деді. Назарбаев Семей басшыларының ядролық сынақ жиілігін азайтып, қуатын төмендету керек деген талабына келісті. Оларға «Бұл – алғашқы қадам, ары қарай көреміз. Жұмыс істеп жатқанымызды білсеңіздер деймін. Аянбай жұмыс істеп жатырмыз» деп уәде берді.³⁰ Осы кезде ядролық сынақ салдарын зерттеу үшін құрылған өкіметтік комиссия басшысы Ерік Асанбаев Семей облысындағы жағдай туралы ақпарын Қазақ ССР Компартиясының Орталық комитетіне таныстырды. Асанбаев әріптестеріне Министрлер кеңесіне петиция жолдағанын, Қазақстандағы ядролық сынақты толық тоқтатуды талап еткенін айтты. Халықтың талабы шабыт берген министрлер Семей облысында кісі өлімі деңгейі өзге облыстардағыдан жоғары екенін айтып, Мәскеуден сынақ жиілігі мен қуатын азайтуды және түбінде сынақтың бәрін тоқтатуды талап етті.

Назарбаев ядролық қозғалысқа қарсы күшейіп келе жатқан көңіл-күйді тәуелсіздікке ұмтылған Қазақстанда өз саяси ықпалын арттыруға пайдаланды.³¹ Ол «Совет әскерилері алдымен сынақтарды азайтып, кейін мүлде доғаруы керек» деді. Алматы мен Мәскеу арасында полигон тағдыры жайындағы дау толастаған жоқ. Бір жағынан, совет өкіметі, әсіресе әскери және әскери-өнеркәсіп кешені ядролық сынақтың салдарын азайтып көрсете берді. Бірақ олар да жергілікті халыққа зиян келген жоқ дей алмады. Кейде Мәскеу жаны ашыған болып, Семей облысына әлеуметтік, экономикалық және медициналық көмек беруге дайын екенін білдіретін. Тек түптеп келгенде орталық билік аймақтағы ядролық сынақты тоқтатқан жоқ. Совет Одағын демилитарлауды қолдаған Горбачевтың өзі жүйеге қарсы тұра алмады.

МӘСКЕУДІҢ ТЫҒЫРЫҚҚА ТІРЕЛУІ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ АЛҒАШҚЫ ҚОҒАМДЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

«Невада-Семей» қозғалысының танымалдығы артып, оған қосылған адамдар көбейгенде, Мәскеудегі ядролық бағдарламаны жақтаушылар таңданып қалды. Қозғалыс өкілдерінің қысым жасағаны арқасында совет әскери-өнеркәсіп комиссиясы 1989 жылға жоспарланған ядролық сынақ санын он сегізден тоғызға дейін азайтты және жарылыс қуатын да төмендетті. Олжас Сүлейменов ССРО Жоғарғы кеңесінің депутаты ретіндегі өкілетін пайдаланып, ядролық соғыс мәселесіне Мәскеу назарын аударды тоқтатпады.

1989 жылғы шілдеде совет билігі «Невада-Семей» қозғалысы мүшелері мен баспасөз өкілдеріне жер астындағы сынақтың үлгісін көрсетті, Балапан полигонында жасалған бұл сынақта ядролық құрылғы орнына кәдімгі жарылғыш зат қолданылды. Өкімет осы тәжірибені көрген соң сынаққа қатысты сын толастар деп үміттенді. Бақылаушылар далада жарылыс орнынан 3 шақырым жерде тұрып бақылады, соның өзінде жер сілкінісінің 4 магнитудасына пара-пар дүмпу қуатын сезді. Сынаққа бақылаушы болып барған Мұрат Әуезовтің айтуынша, «жарылыс болғанда стақандағы су шашылды... жер қақ айырылып кетті». ³² Көрермен алдында нағыз шоу жасап, сынақ аяқтала салысымен алаңға цемент құйылған жүк көлігі келіп, қорғаныс киімін киген бригада цементпен жарықты сылап шығады. «Қауіпсіздік шарасын ұстану үшін осылай істейміз, – деп түсіндіреді бақылаушыларға әскери өкіл. – Сынақтан кейін 3-4 сағаттан соң инерт газдар сыртқа шығуы мүмкін». ³³

Жасанды сынақ аяқталған соң, соны көруге келгеннің бәрі Курчатоваға офицерлер клубына жиылады, сол жерде полигон басшысы генерал Ильенко сөз сөйлеп, жиылғандарды «жер астындағы сынақтар қауіпсіз» деп иландырмақ болады. Мұрат Әуезов әскерилерден «Қайсыңыз Абайды, Шәкәрімді, Мұхтар Әуезовті білесіз?» деп сұрайды. Әскерилер үндемей қалғанда, Әуезов олардан жарылыстың жануарларға тигізген салдарын білмек болып, «Сынақ басталғалы қанша суыр өлгенін білесіздер ме?» деп сұрайды. Кішкентай хайуандар дала фаунасының ажырамас бір бөлігі еді. Ильенко сасқалақтап, «Қайдағы суыр?!» дейді. ³⁴

Ядролық бағдарламаға қарсы шығушылардың полигонға сапарынан кейін шілдеде тағы да «бірінші» сапар болды. Жергілікті биліктің күш-жігері арқасында Семейде денсаулық сақтау және қоршаған орта мәселелеріне қатысты сынақ бағдарламасы бойынша қоғамдық конференция өтеді. Кездесуде радиология, онкология және сәулемен емдеу жөніндегі жетекші маман Анатолий Цыб жетекшілік еткен, Мәскеуде құрылған өкіметтік комиссия жұмысының қорытындысы талқыланды. ³⁵

Конференцияға совет және қазақ медицина мамандары мен ғалымдары қатысты.

Профессор Цыб жетекшілік еткен комиссияның есебінше, жер бетіндегі ядролық сынақ кезінде жергілікті халық сіңірген радиация мөлшері кісі өлімі мен обырға шалдығу жағдайлары айтарлықтай көбеюіне себеп болған. Комиссия мүшелері жер астында ядролық сынақ жасағанда радиация қордалана беретінін, солайша радиоактив газ атмосфераға тарайтынын да растады.

Ғалымдар ядролық сынақ жылдары Семей өлкесінің халқы Совет Одағының басқа бөліктерінің тұрғындарымен салыстырғанда обырдан, соның ішінде, әсіресе асқазан обырынан көп көз жұмғанын да мойындады. Семей мен полигон маңындағы ауылдарда тұратын әйелдердің денсаулығындағы кінәрат іштегі балаға да зиянын тигізген, түсік тастау, ұрық дұрыс дамымай, жарымжан болып туған балалар көбейген. Адамдар көп уақытын далада өткізетін ауылдық жерлерде пигментация, келоид тыртығы мен обыралды сырқат жиі кездескен. Сәбилердің жиі шегінеуі, балалар арасындағы ауру, хромосома өзгерісі кесірінен болатын генетикалық ауытқу – комиссия тіркеген фактілер арасында осындай жүрек ауыртар дерек көп. Өзіне қол салу факторы Совет Одағының басқа өлкелеріндегіге қарағанда 1,5–2 есе көп кездескен. Тұрғындардың 40 пайыздан астамы жүйке ауруына шалдыққан.³⁶

Конференция сергелдеңге толы әрі қиын шындық іздеу жұмысының бастауы болды, сол ізденіс әлі күнге жалғасып келеді. Конференция бірнеше күн жалғасты, жергілікті басылымдар қызу пікірталас жайында жарыса жазды. Сөз алғандардың көбі, оның ішінде совет азаматтық медицина органдары қызметкерлері де бар, ядролық сынақ жергілікті тұрғындар денсаулығына зиян келтіргенін дәлелдеді. Мысалы, ССРО Медицина ғылымдары академиясының цитогенетика зертханасының басшысы Александр Севанкаев ондаған адамнан алған үлгіде мынадай өзгеріс бар деді: Семей тұрғындарының лимфоцитінде хромосомалардың ретсіз аберрациясы деңгейі орташа деңгейден 1,5–2,5 есе көп болса, ауылдық жерлерде 2,5–4,5 есе артық болып шыққан. Оның әріптесі, академия мүшесі, профессор Матвиенко да эндокриндік аурулар көбейді деген. Мысалы, Дөлен ауылында тұрғындардың 75 пайызы эндокрин жүйесінің сырқатына шалдыққан екен.³⁷ Қазақстан дәрігерлері полигон маңында қатерлі ісік пен өлім-жітім деңгейі республикадағы орташа деңгейден әлдеқайда жоғары деп, статистика деректерін ұсынды. Дегенмен баяндамашылардың кейбірі полигоннан тарайтын радиация қатерлі емес деп бақты. Мысалы, Обнинскідегі ғылыми зертхана басшысы «Полигон маңынан алынған су мен топырақтың жүздеген үлгісінен табылған радиоизотоп деңгейі рұқсат етілген максимум мөлшерден аспайды» деді.³⁸

Конференцияға қатысқан қазақстандықтар «комиссияның қорытындысы бұлыңғыр, трагедияның шынайы ауқымын көрсетпейді» деп санады. Бірнеше ай өткен соң профессор Цыб советтік «Правда» газетіне «Семей полигоны: аңыз, өтірік, ақиқат» деген мақаласында комиссия қорытындысын біршама жұмсартып жариялады. Оған профессор Атшабаров (1950 жылдары полигонға жақын тұратын халықтың денсаулығын тексеруге медициналық экспедиция бастап барған) жауап беріп, «Невада-Семей» қозғалысы шығаратын «Избиратель» газетіне мақала жазды. Профессор Атшабаров Цыбтың Семей облысындағы адамдарға радиацияның залалын азайтып көрсеткеніне қарсы шықты.³⁹ Тартысты мақаланы қазақ басылымдары қағып алып, Цыб басқарған комиссия қорытындысы мен оған қарсы мақала туралы пікір өрбітті.

Бірақ Цыбтың комиссиясы ресми ақпарында құлықсыз болса да ядролық сынақ зиян екенін мойындағаны заман өзгергенінің белгісі еді. Қоғамдағы шиеленіс шарықтау шегіне жетті. Бұдан әрі ядролық сынақ қазақ халқының денсаулығына залал келтірген жоқ дей беру ақымақтың ісі еді. Конференция халықтың көзін ашып, ядролық сынақтың құны қандай болғанын және ол әлі күнге адамдардың денсаулығын құртып жатқанын көрсетті.

Конференциядан соң көп уақыт өтпей, «Невада-Семей» қозғалысы Америка Хирошимаға бомба тастаған күнге орайластырып, мыңдаған адам қатысқан митинг ұйымдастырды. Жиын Қарауыл ауылынан төрт шақырым жердегі тау етегінде өтті.⁴⁰ Бұған дейін айтқанымыздай, сынақтың бастапқы кезеңінде әскерилер Қарауыл тұрғындарына аяусыз тәжірибе жасап, бір топ тұрғынды термоядролық сынақ орны маңына тастап кеткен еді. Сондықтан шараға қатысқандар қазақ қасіретінің символына айналған жерге барды. Олар тазару немесе катарсис деп аталатын рәсім жасап, екі жақта жанып тұрған оттың арасынан өтті.⁴¹ Жауыздық символына айналған ядро бомбасын жерге көмген болып, бір жерге тас үйді. Содан соң талға ақ шүберек байлап, тілегіміз орындалсын деп ниет қылды.⁴²

Тек олардың тілегі қабыл бола қоймады. Сынақ жалғаса берді. Осы 1989 жылғы жазда бүкіл Қазақстанда наразылық күшейіп, толқу жиледі. Совет Одағының әр аймағында тұратын кеншілер «жұмыс ауыр, дұрыс жағдай жасалмаған, жалақы төмен» деп, орталық өкіметтен бөлініп, бөлек экономикасы бар автономияға айналуды талап етті. Қазақ кеншілері қосымша талап қойды: әлемдегі көмір өндіретін үлкен кен орындарының бірі – Қарағандыдағы 130 мыңнан астам шахтер «Семейде ядролық сынақ жалғаса берсе, ереуілге шығамыз» деді. Оларды Семей, Павлодар, Өскемен және Жезқазған қалаларындағы жұмысшылар қолдады.⁴³

1989 жылғы 1 қыркүйекте жаңа оқу жылы басталғанда, «Невада-Семей» белсенділері Қазақстан мектептерінде бейбітшілік туралы

сабақ өткізді. Сабақ ортасында Қайнар ауылының үстіне тікұшақ шығып, «сынақ болады» деп хабарлады.

Балалар тікұшақ көрінсе, ядролық сынақ болатынын білетін, сондықтан тікұшақ жерге қона бергенде, олар мектептен шығып, далаға жүгірді. Әдетте тікұшақ қонатын алаңға барып, аспанға тас атып, айқайлап, біразы жылады. Олар «тағы бір сынақ болмасын» деп, тікұшақты қондырмай жіберді, тек 2 қыркүйектегі сынақты болдырмай тастай алған жоқ.⁴⁴

Бейбітшілік туралы сабақ оқушылардың әрекет етуіне түрткі болып, олар тікұшақты қондырмай жібергенімен, ертеңінде жер астындағы сынақ даланы тағы бір сілкітті. «Невада-Семей» өкілдері ызаланып, «Бұл сынақ оқушыларға жасалған сыйлық болды» деді. Семей облысының басшысы Кешірім Бозтаев тағы да Горбачевқа хат жазды. Бозтаев сынақтан болған ауру мен күйзелісті, түгі қалмаған инфрақұрылымды айтып шағынды: «Облыс ешқандай өтемақы алған жоқ, халыққа көмектесу үшін бір де бір ғимарат салынған жоқ». Ол жергілікті халықтан келген мыңдаған хатты мысал қылды. Хатқа жауап берген Горбачев «Әскери-өнеркәсіп кешеніне жауапты совет шенеуніктері проблеманы қайта қарастырсын» деді.⁴⁵

ССРО Министрлер кеңесі Семей облысына көмектесу үшін әлеуметтік және экономикалық көмек ұйымдастыруға рұқсат берді, тек 4 қазан күні әскерилер тағы бір, бұл жолы Дегелең тауында сынақ жасады.⁴⁶ ССРО Қорғаныс министрлігі ғимараты жанында өткен наразылық шеруінде Олжас Сүлейменов Горбачев пен Жорж Бушқа ядролық сынақтарға мораторий жариялансын деп үндеу тастады. Сүлейменов пен Андрей Сахаров (бұл кезде ол Совет Одағындағы ядролық бағдарламаға қарсы ең ықпалды тұлғаға айналған) ССРО Жоғарғы кеңесінде «Ядросыз әлем жолында» деп аталатын тәуелсіз депутаттар тобын құрды.

Осы уақытта ССРО Денсаулық сақтау министрлігі полигонға жақын аумақта тұратын халықтың денсаулығын тексеруге және аймақтағы халық денсаулығын жақсартуға қаржы бөлінсін деп бұйырды. Екі аптадан соң – 19 қазанда Балапан тауында тағы бір жарылыс болды.⁴⁷ Сынақтан соң қазақ малшылары «әскерилер тағы сынақ жасаса, ереуіл бастаймыз» деп қорқытты, малын қораға қамап, жайылымға шығармай қойды,⁴⁸ сөйтіп ет пен жүн өндірісі талабын бұзды. Қазақстанның барлық аймағында наразылық шерулері көбейді.

Орталық өкіметтің өтініш пен шағымға былқ етпегеніне күйінген қазақ өкіметі «жарылыс жиілігі мен қуатын азайтайық» деген жұмсақ ұсыныстан бас тартып, «сынақтың бәрі дереу тоқтатылсын» деп талап етті. Қазақстан Компартиясының Орталық комитетімен келіскен Министрлер кеңесі Совет Одағының Министрлер кеңесіне ұсыныс жасап,

Семейдегі ядролық сынақты мүлдем тоқтатуды сұрады. Бірнеше аптадан соң, қарашада Қазақ ССР Жоғарғы кеңесі совет өкіметі мен ССРО Жоғарғы кеңесіне «сынақ атаулы дереу тоқтатылсын» деп үндеу жасайды.⁴⁹

Сол айда совет әскери-өнеркәсіп кешеніне жауапты Игорь Белоусов бастаған делегация Семей мен Курчатов қалаларына және полигон маңындағы ауылдарға барды. Знаменкаға барғанда Бозтаевтың талабымен кемтар әрі психикасында ауытқуы бар баланың бәрін ауруханаға жиып, Белоусов пен қасындағыларға көрсетті. Бозтаев сол кезде «сұмдық көрініс» көрдім дейді: «Жиырма тоғыз әйелдің баласы жарымжан екен».⁵⁰



10-сурет. «Невада-Семей» қозғалысы ұйымдастырған ядролық сынаққа қарсы митинг, Семей полигонына жақын маңдағы ауыл, 1989. Түсірген: Юрий Куйдин.

«Балаңызды жақсы көресіз бе?» деп сұрайды Бозтаев әйелдердің бірінен, сұрағы орынсыз екенін біле тұра.

«Ұзақ күткен сәбиі жарымжан болып туғанда, анасы оны ерекше жақсы көреді, өйткені мұндай болып туғанына ол кінәлі емес, оған біз айып-тымыз» дейді әйел.

Делегация мүшелерінің бірі «Азырақ ішу керек еді» деп аузына келгенін айта салды. Бозтаев ашуланып «Осындай сөз айтуға келдіңіз бе?» деп сұрайды. Әлгі адам үндемей қалды.⁵¹

Әлеуметтік наразылық күшейгеніне қарамастан, Совет Министрлер кеңесі сынақтарды 1993 жылғы 1 қаңтарда тоқтату керек, оған дейін жылына тоғыз ядролық сынақ жасау керек деп қаулы етеді. Әскерилер мен әскери-өнеркәсіп кешені Кремльге сынақты жалғастырайық деп салмақ салды, ал Қазақстан оны мүлдем тоқтату керек деп қоймады.

1989 жылғы желтоқсанда совет термоядролық қаруын жасаған, бірақ кейін ядролық қару жарысын өте қатты сынаған Андрей Сахаров дүниеден өтеді. Талқаны таусылардан үш сағат бұрын берген сұхбатын Семей полигонына арнаған екен. Сахаров Қазақстанның кино түсіруші тобына Мәскеудегі Олжас Сүлейменов тұратын қонақүйде отырып сұхбат береді.⁵² Ертеңінде ССРО Жоғарғы кеңесінің депутаттары Сахаров пен Сүлейменов «Коммунистік партия совет саясатында жетекші күш болып қала ма, жоқ па?» деген мәселе қаралатын отырыста ССРО Коммунистік партиясының тағдырын шешуге дауыс бермек еді.⁵³

1990 жылы совет өкіметі Қазақстан талабына құлақ асқандай болғанымен, нақты шара жасамай, ісін жалғастыра берді. 1990 жылғы ақпанда ССРО Министрлер кеңесі Семейдегі ядролық сынақты тоқтату мәселесін талқылау туралы қарар шығарды және экономиканы қалпына келтіруге көмектесу жоспары бекітілді. Денсаулық сақтау министрлігі Семей мен Новая Земля полигондары маңын толық тексеруді бұйырды.

Алайда сәуірде совет жүйесін теңселткен реформалар болып, республикалар көп еркіндік алды да, Алматы мен Мәскеу арасындағы келіссөз «ядролық сынақты тоқтатамыз ба?» емес, «қашан тоқтатамыз?» дегенге тірелді. Қазақ ССР бірнеше ресми тұлғасы, арасында Асанбаев пен Бозтаев та бар, Белоусовпен сынақты тоқтату мерзімін талқылауға Мәскеуге барды. Үш күннен соң Белоусов сынақты 1993 жылға дейін жалғастыруды қолда деп Назарбаевқа хат жазады. Совет басшылары сынақ ерте ме, кеш пе тоқтайтынын түсіне тұра, Семей полигонын мүмкіндігінше пайдаланып қалғысы келді.

Қазақстан талабынан қайтпады. Бозтаев Назарбаевқа былай деп хат жазды: «Біздің Семей полигонына қарсы ізгі күресіміз аяғына таяды. Тағы біраз күш салсақ, мақсатымызға жетеміз деп сенемін». Бозтаев Белоусовқа сенбеймін деді: «Белоусовтың қулық-сұмдығы таусылар емес... полигонды пайдаланып қалмақ...»⁵⁴ Белоусовтың комиссиясы

Совет Одағы президентінің қаулысымен сынақты жалғастыруға рұқсат алмақ деп естідім».⁵⁵

Қазақстан шенеуніктерінің бәрі жаңа ядролық сынақ жасатпау керек деген тоқтамға келіп, күш біріктірді. Сынақты 1993 жылға дейін ұзартуды көздеген совет өкіметі қаулысының алдын орап, Қазақстан Жоғарғы кеңесі төраға Ерік Асанбаевтың басшылығымен мамырда өзі қаулы шығарды, онда совет өкіметінен «Семейдегі ядролық сынақ толық әрі дереу тоқтатылсын» деп талап етті және «тиген залалға өтемақы төленсін, ондаған жыл бойы сынақтан зардап шеккен халыққа қосымша жеңілдік жасалсын» деп сұрады.⁵⁶ Кремль Назарбаевпен мәмілеге кел деген тапсырмамен атом энергетикасы және өнеркәсіп министрі Виталий Коноваловты Қазақстанға жіберді. Ол әуелі «1991 жылы жарылыс қуаты 20 килотоннадан аспайтын үш шағын сынақ жасайық» деп ұсынды. Екіншіден, сынақты Мәскеу бекіткен уақыттан бір жыл бұрын, 1992 жылғы 1 қаңтарда тоқтатамыз, тек оның орнына белгісіз мерзімге дейін қуаты 0,5 килотонна болатын сынақтар өткіземіз деп уәде берді. Екі тараптың мәмілесі күшіне енбеді. 1990 жылғы маусымда XXVII пленумда Қазақ ССР Компартиясының Орталық комитеті республиканың Жоғарғы кеңесінің



11-сурет. Қарауыл маңындағы наразылық митингі. Түсірген: Юрий Куйдин.

қаулысын қолдап дауыс беріп, ССРО Жоғарғы кеңесіне Қазақстандағы ядролық сынақты мүлдем тоқтату туралы ұсыныс жолдады.⁵⁷

СЕМЕЙ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОҒЫСТЫҢ ШАЙҚАС АЛАҢЫ

Қазақстан шенеуніктері Мәскеумен келіссөз жүргізіп жатқанда, «Невада-Семей» қозғалысы жұмысын жалғастырып, Қазақстанның әр жерінде митинг өткізіп, жергілікті және шетелдік топтарды тартты.

Қазақстандағы ядролық сынаққа қарсы белсенділер өз елінде осындай науқан жүргізіп жатқан америкалықтар дауысымызды естісе екен деп жанталасты. Беделді жетекші Олжас Сүлейменов бастаған қозғалыс мүшелері өз күресі туралы айтып беру үшін Америка Құрама Штаттарына жолға шықты. 1990 жылдары «Невада-Семей» белсендісі және әйгілі жазушы Мұхтар Әуезовтің ұлы Мұрат Әуезов Американың бірнеше штаты мен қаласын аралады. Сан-Францискода оны америкалық белсенділер қарсы алып, құрмет көрсетеді. «Неткен тамаша жандар десеңші! – деп еске алады Әуезов. – Олар жолды жауып қарсылық білдіреді, сол үшін қамалып та жатады. Өз тәжірибесін айтып, құнды кітаптар берді».⁵⁸

Қозғалыс басшылары Алматыға оралған соң, Жапониядағы ядролық бомба құрбандарымен телеарнада тікелей кездесу өткізеді. Олар баспасөз құралдары арқылы совет өкіметіне хат жазып, бүкіл елде митингдер ұйымдастырды.⁵⁹ Соның ішінде 1990 жылғы мамырда Алматыда өткен Ядролық соғыстың алдын алуды жақтаушылардың Ядролық соғыстың алдын алуды жақтайтын халықаралық дәрігерлер қауымдастығымен (*IPPNW*) бірлесе өткізген халықаралық конгресі ерекше оқиға болды. Америкадағы және Совет Одағындағы *IPPNW* жетекшілері, екі кардиолог – Харвард қоғамдық денсаулық сақтау институтының басшысы доктор Бернанд Лаун мен Совет кардиология институтының басшысы доктор Евгений Чазов Алматыда конгресс өткізу идеясын алғашқылардың бірі болып қолдады. Лаун мен Чазовтың достық әрі ынтымақтастық қарым-қатынасы Совет-АҚШ азаматтық қоғамы ядролық соғысқа қарсы екенінің белгісі болатын. Конгреске әлемнің жиырма мемлекетінен 400 адам – мұғалімдер, заңгерлер, экологтар, медицина мамандары, ядро физиктері, студенттер, Хирошима мен Нагасаки бомбасынан аман қалғандар (хибакуша), АҚШ-тағы ядролық сынақтан жапа шеккендер қатысты.⁶⁰ Шетелден келетін қонақтарды қарсы алуға Қазақстанның 20 мың азаматы жиналды.⁶¹

Невададағы ядролық сынаққа қарсы шыққан америкалық белсенді Жаклин Кабассо конгресс туралы былай дейді:

Ұшағымыз жерге қонғанда, әуежайда ұлттық киім киген, нан салынған табағын, «Генералдар саяжайын ядролық сынақ алаңына салсын» деген жазуы бар плакат ұстаған қазақтарды көрдік.

Әуежай қабырғасына батыс шошон тайпасының өкілі қазақ қариясына бейбітшілік мүштігін ұсынып отырған «Невада-Семей» қозғалысының логотипі бейнеленген үлкен жалау ілінген. Сол сәтте мен маргинал азшылықпен емес, көпшілікпен бірге екенімді түсіндім.⁶²

Конгреске қатысушылар Семей мен Қарауылға барып, сол сапардан ерекше әсер алады. «Дәрігерлердің әлеуметтік жауапкершілігі» деген америкалық топтың жетекшісі Дан Яң сол кездегі жағдайды былай еске алады:

Қарауылда алдымыздан 2-3 мыңдай адам шықты, үлкен алаңда бәріміз бірге отырдық. Он шақты ауыл тұрғыны басынан өткен қасірет жайын айтып берді. Америкадағы сынақтан жапа шеккендер мен Жапониядан келген хибакуша жұрт та өз оқиғасын айтып берді. Оқиғалар қайғылы болғанымен, жалпы атмосфера тамаша еді. Қазақ әншілері мен бишілері өнер көрсетті, Қарауыл тұрғындары біз келеді деп қырық шақты киіз үй тігіпті, соған кіргізіп, бізді жақсылап қонақ қылды. Бұрын шетелден келгендерді көрмеген балалар бізді айналып жүріп, қолтаңба сұрады.⁶³

Ядролық соғыстың алдын алуды жақтайтын халықаралық дәрігерлер қауымдастығының канадалық өкілі Мэри-Уинн Эшфорд Қарауыл тауының етегінде күні бойы өткен шаралардан соң түнгі он бірде митингке қатысушылар қазақ киіз үйінде кеш өткізгенін айтады:

Кешкі асты «киіз үй» деп аталатын, әрқайсына жиырма адам сыятын дәстүрлі үйде іштік. Тік қабырғаға ашық түсті, қалың кілемдер іліпті. Аласа үстелдер дөңгелете қойылған, төріне қонақтар, оған қарсы үй иелері отырады. Көкөніс пен жаңғақтар, кепкен жеміс түрлері мен тосаптар, тұздығы бар дәмді қой еті, сүрленген жылқы еті мен тауық еті қатар қойылған дастархан көздің жауын алады. Қымыз бен хош иісі бүрқыраған шайға қоса, арақ пен коньяк та құйылды.⁶⁴

Эшфорд дүниежүзінің ядролық қаруға қарсы белсенділері сайын далада, жұлдыздары жарқыраған қара барқын аспан астында бас қосқанын еске алады. Кешкі астан соң қазақ ақсақалы ән айтайық дейді, жиылғандар «Біз жеңеміз» деген әнді айтады. «Тебіреніп кеттім, – дейді Эшфорд, – шыдамай жылап жібердім».⁶⁵

Қазақ қозғалысы америкалық бейбітшілік белсенділеріне шабыт сыйлады, ал қазақтар «Невада» қозғалысын үлгі тұтқан еді. Жаклин Кабассоның айтуынша, 1990 жылғы конгресс жаһандық антиядролық қозғалысқа түрткі болды.⁶⁶ Дан Яң Қазақстанға барғандағы әсерін былай сипаттайды:

Біз оларға қарап шабыт алдық, бір жағынан, осындай ерекше адамдардың қасында тұрғанымызды мақтан еттік. Бірақ олар өкіметті ояту үшін қандай қатерге бас тігіп жүргенін көргенде, ұялып қалдық, біз олардай батылдық танытып, үлкен нәтижеге жете алған жоқпыз.⁶⁷

Совет өкіметі Семейде медициналық қызмет көрсетуді жақсартамыз деген уәдесінде тұрды, бүкіл аймақта ауруханалар мен емханалар салды, арасында Алматыдағы Арнаулы радиациялық медицина және экология институты және оның Семейдегі филиалы бар. 1990 жылғы шілдеде шыққан қаулы бойынша халықтың денсаулығын тексеру міндеттелді, қаулыда сынақтар жергілікті халықтың денсаулығына зиян келтіргені жұқалап мойындалды: «Кей сырқат ядролық сынақ салдарынан пайда болғаны анықталса... тиісті мекемелерге ұсыныс жасап, жапа шеккендерге жеңілдік беру мәселесін қарастыру керек».⁶⁸

Қаулыны сынға алғандар да болды. Қазақстан Министрлер кеңесінің төрағасы Ұзақбай Қараманов қаулыда ядролық сынақты тоқтату мерзімі көрсетілмеген деді. Сынақ құрбандарына өтемақы төлеу, сынақтың радиологиялық әсері туралы көбірек білуге мүмкіндік беретін құпия құжаттарды жариялау немесе медициналық құрал-жабдық пен дәрі-дәрмек алуға қаржылай көмек беру, ауруханалар мен емханалар салу және азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы да ештеңе айтылмаған.⁶⁹

Семей аймағында антиядролық топ өкілдері мен ядролық бағдарламаны қолдайтын әскерилер арасында шиеленіс күшейді. Дау қызған үстіне қызып, газет беттеріне төгіліп, ара-тұра жеке басты да түйреп өтіп жатты. Мысалы, майор Николай Петрушенконы семейліктер «сынақты жалғастыруды қолдаған және қазақтарды адам құрлы көрмеген» деп жерден алып, жерге салды. Белоруссияда туған Петрушенконы совет армиясы Қазақстанға саяси комиссар қызметін атқаруға жіберген болатын. Ол Совет Одағы Халық депутаттарының съезінде (1989 жылы Горбачев құрған жаңа заң шығарушы орган) сайлауға түсіп, депутат болып алды. Совет әскері мен бағдарламасына шын сенетін Петрушенко «ядролық сынақтар зиянсыз» дегенінен танбайды, сөзі рас екенін дәлелдеу үшін тіпті Атомкөлге барып шомылды. Оған дейін совет ядролық өнеркәсібін басқарған Ефим Славский де сол көлге түскен еді. Петрушенко өзі ғана шомылып қоймай, жасөспірім ұлын да көлге түсірді.

Шиеленіс ушыққан тұста Петрушенко Халық депутаттары съезінің жүзден астам өкілін Семейге апарып, «полигонға қатысты айтылған пікірлер теріс» деп дәлелдеп бақты. Алайда Петрушенко мен әріптестері жергілікті халықпен кездесуге ұмтылған жоқ, жергілікті биліктің сөзіне құлақ аспай, өшпенділікті өршіте түсті. Олар бірден әскери қала Курчатовқа барып, сонда отырған полигон басшысы генерал

Ильенкомен құпия сөйлесті. Бозтаев осы жағдайды айтып, Мәскеуге шағымданды,⁷⁰ сол кезде тоғыз жүздей медицина қызметкері Назарбаев пен Горбачевқа жазған хатында ол сапар құпия болғанына қапаланды.⁷¹ Халық билік өзін естісе екен деді.

Кездесуге барған куәгерлердің бірі былай дейді:

Петрушенко полигонға апарамын деді, тек кездесу бойы әңгіменің бәрі ядролық сынақ қауіпсіз дегеннен асқан жоқ... Петрушенко ауыл дәрігерлері мен олардың емдеу әдісі жайында мәнсіздей, кемсіте сөйледі, нақты дерек көрсеткен жоқ... Оның айтуынша, сынақ куәгерлерінің бәрі – маскүнемдер мен қылмыскерлер.⁷²

Петрушенконың сөзіне сенсек, Семей дәрігерлері жергілікті тұрғындарға «Битендер, биттер радиация сіңген қанды сорып алады, ал балаларыңа арақ беріңдер, ол аурудың алдын алады» дейді екен. Жергілікті газетке шыққан мақалада ядролық сынаққа қарсы белсенділер «Бұл – Семей облысының халқын қорлау» деп жазды.⁷³

Мемлекеттік және жергілікті газеттер кейде бір санында сынақты қолдайтын және сынайтын хаттарды қатар жариялай беретін. Күнделікті шығатын «Рудный Алтай» газетіне хат жазған сынақ бағдарламасының қызметкерлері ядролық сынақ экономикаға зиян келтірді және жергілікті халықтың денсаулығын құртты деген уәжге қарсы шықты. Тағы бір хатта Курчатова қаласының үш жүзден астам тұрғыны қол қойып, ядролық бағдарламаны сынаушыларға тиіседі:

Шағымданып жүргендердің пікірі негізсіз, сандырақ; олар көбіне азық-түлік пен қажет заттар беріңдер деп шығады. Жергілікті және мемлекеттік шенеуніктер полигонды қоғамдағы наразылыққа қуат беру көзіне айналдырып алған. Ал карьерасын енді бастаған саясаткерлер ұпай жинап жүр. [...] Біз, әсіресе «Невада-Семей» жетекшілерінің әрекетіне алаңдаймыз, олар Жоғарғы кеңесті, митиң мен кеншілер ереуілін пайдаланып, қоғамның санасы оянғанын өз пайдасына жаратпақ, жариялықты жеке-дара меншіктеп, әскер мен халық арасына от салмақ.⁷⁴

Хатқа қол қойғандардың басым көбі қазақстандық емес, Курчатова уақытша жұмыс істейтіндер еді, олар хатты былай қорытады: «Ядролық сынаққа тыйым салуды қолдаймыз, тек басқа елдер сынақты жалғастырып жатқанда, ең алдымен бір облысты емес, тұтас совет халқын ойлау керек».⁷⁵

Хирошима құрбандарын еске алатын 6 тамыз күні «Невада-Семей» мүшелері тағы да еске алу митиңін өткізді. Осы шараға қатысқан Екінші дүниежүзілік соғыс ардагері, қарт қазақ былай сөйледі:

Ұрпағымыз бізді қарғамай ма? Әйелдер кемтар, жарымжан бала тауып жатыр. Бұл – ұлт қасіреті, ал біз үндемейміз, балаларды ойлауды қойдық... Полигон кесірінен жеріміз тілім-тілім болды, мыңдаған шақырымға созылатын жарықтар бар.⁷⁶

Митиң аяғында балалар мен ересектер Хирошима, Нагасаки мен Семей құрбандарын еске алу рәсімі ретінде қағаз қайыққа шырақ жағып, Ертіс өзеніне жіберді.

Келесі айда Американың сексен азаматы (Невададағы шошон тайпасы өкілдері мен Юта штатының тұрғындары да бар), бірнеше жапон мен ядролық сынақ алаңына жақын тұрған орыстар Қазақстан халқымен бірге Ядролық сынаққа қарсы халықаралық бейбітшілік маршына қатысты.⁷⁷ Екі жүздей қатысушы Алматы стадионына жиылып, сол жерден ұшаққа, автобуска мініп және жаяу жүріп, Қазақстан жерін аралады, кішкентай қалалар мен ауылдарға барды. Соңғы нүкте Курчатов қаласы болды.



12-сурет. Ядролық сынаққа қарсы халықаралық бейбітшілік маршы, Қазақстан, 1990. Түсірген: Юрий Куйдин.



13-сурет. Кәріпбек Күйіков – суретші, Совет Одағындағы ядролық қару сынағының құрбаны еске алу митингінде, 1996. Түсірген: В. Павлуни.

Дереккөз: Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалары архиві, Қазақстан. #2–104136 сурет.

«Марш бір ай жалғасты» деп еске алады «Невада-Семей» қозғалысында аудармашы болған Марияш Макишева. Бейбітшілік маршы туралы оның естелігі өте қызық: «Оған түрлі жастағы адамдар қатысты – бес жасар Мелисса есімді қыздан бастап жетпіс бестегі қарияға дейін болды».⁷⁸

Дәстүрлі қазақ қонақжайлығы бойынша маршқа қатысушылар барған әр ауыл, қалашық пен қала басшылығы қонақтарды қарсы алып, жақсылап күтіп жіберді. Оларға арнап кең дастархан жайып, дәстүрлі қазақ тағамы – асылған қой еті мен бауырсақ ұсынды. Бәрі сыятын орын болмағанда, халықаралық маршқа қатысушылар шатыр тігіп, аспан астында қонды. Макишева сол кезді күліп еске алады: «Америкалықтардың әдемі, түрлі-түсті, жылытылатын шатыры болды. Бізге әскери жасыл шатырлар берілген».⁷⁹ Бейбітшілік маршына келген бір шатырдың өз тарихы бар екен. Оның иесі, жетпіске келген америкалық ардагер төрт жыл бойы сол шатырда, Невада ядролық сынақ алаңының қасында тұрып келген. Ол Невадада сынақ тоқтағанша сонда тұрамын деп ұйғарыпты.⁸⁰

Ізгі мақсатпен жолға шығып, ынтымақтастық орнаған ортада шаттанып келе жатқан маршқа қатысушылар полигонға жеткенде, көңіл-күйі түсіп кетеді. Макишева былай дейді: «Курчатов қаласындағы әскерилердің тұрмысы адам қызығарлық екен, ал жергілікті халықтың жағдайы адам аярылық». Оның есінен кетпейтін естеліктің бірі – «балғаға ұқсайтын, аяқ-қолы жоқ, көзі бетінің ортасында орналасқан адам».⁸¹ Бейбітшілік маршына қатысқан қазақтардың бірі – 22 жастағы Кәріпбек Күйіков туғанда қолы жоқ болған. «Невада-Семейде» жолықтырған достары Күйіковтің кейінгі өмірін қадағалап жүрді.⁸² Кейін ол қылқаламды тістеп алып, ядролық сынақтың азабын бейнелейтін суреттер сала бастайды. Күйіков ядролық сынаққа қарсы белсенді болып, дүниежүзіне танылды.

Антиядролық қозғалыс қазақ өкіметіне қозғау салып, сынақтарды доғаруды талап етуге себепкер болды. 1990 жылғы 25 қазанда Қазақстанның Жоғарғы кеңесі тәуелсіздік алдындағы Мемлекеттік егемендік декларациясын қабылдады. Бір айдан соң Семей аумағында ядролық сынаққа тыйым салатын қарар шықты. Алайда Қазақстанның жаппай қарсы болғанына қарамастан, Мәскеу өз дегенінен қайтпады. Совет бұқаралық ақпарат құралдарында «Сынақ 1993 жылғы қаңтарға дейін жалғасады» деп жазылды. Әлі 19 сынақ жасау жоспарланған екен.⁸³

МӘСКЕУДІҢ ҰСЫНЫСЫ

1991 жылғы наурызда Назарбаев тағы да Горбачевқа хат жазды. Хатында Қазақстан халқының Мәскеудегі басшылыққа наразылығы артып, республиканың егемендігін бекітуге ынталылар көбейді деп ескертеді: «Қазақстан мемлекет алдындағы патриоттық міндетін орындады – Совет Одағы ядролық қару саласында Америка Құрама Штаттарымен бірдей теңдікке жетті». Назарбаев патриотизм акті Қазақстан халқының денсаулығы мен қоршаған ортаға орасан зор залал келтірді деп ескертті. Ол «халықты қорғауға арналған бір де бір медициналық және биологиялық бағдарлама жоқ» деп назаланды. Көмек сұрап, өтемақы талап еткен өтініштерді ескерген ешкім жоғын, радиациядан ластану туралы құпия деректер ашылмағанын айтты. Қазақ басшысы Горбачевқа сынақтар Қазақстан Жоғарғы кеңесі тыйым салғанына қарамастан жалғаса берсе, «салдары ауыр болады, халық пен полигон қызметкерлері арасында қақтығыс өршиді» деп ескертеді. Назарбаев бұл жолы мәймөңкелемей сөйлейді: «Жағдай осылай қала берсе, әскери-өнеркәсіп кешені сізге қысым жасап, сынақты 1993 жылғы 1 қаңтарға дейін жалғастырмақ болса, Қазақстан халқының ССРО президентіне сенімі жоғалады».⁸⁴

Мәскеу кейбір шартқа көнген болғанымен, «сынақтарды доғармаймыз» деді. 1991 жылғы шілдеде ССРО Министрлер кеңесі «Семей сынақ

алаңында ядролық қаруды сынауды тоқтату туралы» деп аталатын жаңа қарар шығарды, онда «1991 жылы жарылыс қуаты 20 килотоннадан аспайтын соңғы екі ядролық сынақ жасалады, ядролық сынақтың бәрі 1992 жылғы 1 қаңтарда тоқтатылады» делінген.

Семейдегі жергілікті билік Мәскеудің шартын қабылдауға әзір еді. Полигонда жер астында бір ядролық құрылғы жатқан, оны қауіпсіз шығарып алудың басқа амалы болған жоқ. Семей билігі екі сынақты өткізуге келіспесе, әскери-өнеркәсіп кешені халыққа өтемақы төлеу мен жағдайды жақсарту шаралары жөніндегі уәдесін орындамай қояр деп қауіптенді.⁸⁵ Бозтаев оны былай түсіндіреді:

Кейде үлкен жеңіске жету үшін шегіну де керек болады. Бұл жағдайда жарылыс қуаты шектеулі екі сынақ өткізуге келісу арқылы жағдайға бейімделейік, жұрттың әл-ахуалы саясаттан жоғары тұруы керек. Үлкен кедергілер боларын, оларды қоғам тудыратынын білеміз.⁸⁶

Қоғам екі сынаққа келіспейді деген Бозтаевтың болжамы дұрыс еді. «Невада-Семей» қозғалысы Семей билігінің шешіміне келіспей қойды. Бүкіл Қазақстандағы қоғамдық ұйымдармен күш біріктірген қозғалыс ядролық сынақты тоқтату үшін халықтан қолдау іздеді, сөйтіп 1991 жылғы 29 тамызда (Семейде алғаш сынақ болған күннен 42 жыл өткеніне орай) жаппай шеру өткізуге дайындалды.

Бұл екі ортада Мәскеудегі саясаткерлер тамыздың 19-ы мен 21-і аралығында Горбачевты биліктен тайдырмақ болды. Мәскеудегі саяси шиеленіс қазақтардың батыл қимылдауына мүмкіндік берді.

5-ТАРАУ

СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ «АҚҚУ ӘНІ»

1991 жылғы 19 тамыз. Жазғы каникул аяқталарға таяу кез, саяси өмірде тыныштық орнаған. Совет азаматтары мемлекеттік телеарналар мен радиолардан тоқтаусыз төгілген «Аққу көлі» әуенінен оянды.¹ Қазақстан мен Совет Одағының өзге аумақтарының халқы оны жаман ырымға балады. Михаил Горбачев өліп қалды ма?!

Чайковскийдің балеті көрсетіле бергені саяси өмірде бір келеңсіз жайт болғанының хабаршысындай еді. 1980 жылдары Совет Одағының жасы келген басшылары бірінен соң бірі дүние салғанда, осы музыканы қайталап ойната беретін. 1982 жылдың аяғында Леонид Брежнев қайтыс болған соң орнын басқан Юрий Андропов небәрі он бес ай ел басқарып, 1984 жылы дүниеден өтті. Ал Константин Черненко билікте он үш-ақ ай отырып, 1985 жылы о дүниеге аттанды.

Негізі, Чайковскийдің музыкасы ойнағанына қарамастан, Горбачев тірі еді. Ол Қырымдағы саяжайы «Заряда», өзара келісіп, оны биліктен тайдырмақ болған әскерилер мен КГБ басшыларының қамауында, өз өкіметіндегі де, бүкіл әлемдегі де ахуалдан бейхабар дағдарып жатқан. Горбачевқа жалғайтын телефонның бәрі, соның ішінде өкіметтің құпия желісі де істен шығып, үнсіз қалды. Горбачев әлемнен оқшауланып қалған сәттегі жай-күйін былай сипаттайды:

Өкімет желісі, кәдімгі байланыс желісі, стратегиялық және жерсерік желісі – байланыс жүйесінің бәрі қасымда. Бір телефон тұтқасын көтердім, өшіп тұр. Екіншісін көтердім, сосын үшіншісін, төртіншісін алдым, бесіншісіне жеттім – бәрінде дыбыс жоқ, меңірейіп қалған. Сосын ішкі телефонды алдым, оны да өшіріп тастапты.²

Горбачев сыртқы әлеммен байланыссыз қалғаны аздай, Совет Одағының ядролық қаруын басқару құқығынан да айырылды. Оның «ядролық қобдиы» – совет ядролық қаруын іске қосуды бақылауға мүмкіндік беретін жүйе басқа біреудің қолында болды.³ Төңкеріс жүзеге асса, Ресей, Украина, Қазақстан мен Белоруссияның ядродан қауіпсіздігіне қатер төнер еді. Қазақстанның өзінде Америкаға жете алатын қырық ауыр бомбалаушы бар еді және құрлықаралық SS-18 баллистик зымыранына салуға болатын мыңнан астам ядролық оқтұмсық сақталған. Ядролық кодқа кім жауап береді? Бұл елдерге қаншалықты қатер төніп тұр?

Сарша тамыздың сол күні Совет Одағының ақырын санау басталды. Төңкеріс диттегеніне жетпесе де, совет жүйесінің осалдығы мен заңсыздығын әшкереледі. Бірнеше айдан соң Совет Одағы тарап кетеді де, Қазақстан өзі қаламаса да, ядролық қаруды мұраға алып қалды. Сөйтіп әлемдегі ядролық қару қуаты жөнінен төртінші мемлекетке айналды.

ТӨҢКЕРІСКЕ ДАЙЫНДЫҚ – ЖАҢА ОДАҚ ШАРТЫ

Совет Одағындағы экономикалық және саяси биліктің тиімсіздігі 1980 жылдардың ортасында айқын байқалды. Горбачев 1985 жылы билікке келгенде толық еркін саяси орта құрмаса да, бұрынғыларға қарағанда көбірек еркіндік беріп, жариялық саясатын ұстанды. Бұл еркіндік саяси өмірге наразылардың үнін шығарды, қоғамда наразылық артып, шиеленіс күшейе түсті. Жоспарланған экономика нашарлап кеткен, Совет Одағы құрамындағы он бес республика Мәскеу билігіне разы емес. Наразылардың біразы көшеге шықты, 1989 жылы совет армиясы Гүржістандағы бейбіт шеруді күшпен басқан соң, ондағы халық өршеленіп, одан бетер тәуелсіздікке ұмтылды.

1991 жылдың басында совет экономикасы құрдымға кетті. Дүкен сөрелері босап қалды, жұрт ет, ұн, жұмыртқа мен сүт сияқты қарапайым азық-түлік таппай қалды. Қаңтарда Горбачев Совет Одағының соңғы қаржы реформасын бекіткен жаңа қаулыға қол қойды. Оны жалпақ тілде идея ұсынған ССРО қаржы министрі Валентин Павловтың құрметіне «Павлов реформасы» деп атайтын. Қаулы бойынша, совет өкіметі 1961 жылы қолданысқа енген 50 және 100 сом (рубль) банкноттарын енді айналымнан алып тастайтын болды. Ресми себепте осы қадам арқылы сырттан келетін жасанды ақшаға тоқтау саламыз деп түсіндірді.⁴ Ал шын мақсаты қолма-қол ақшаның қомақты бөлігін қаражат айналымынан шығару еді. Совет өкіметі 1980 жылдары тым көп банкнот шығарып жіберген. Халықта ақша бар, тек сатып алатын зат жоқ. Өкімет банкноттарды айналымнан шығарсақ, тұтыну тауарлары тапшылығын азайтамыз деп үміт қылды.

Қаулы тосыннан шықты. Өкімет жоспарын Мәскеу уақытымен кешкі тоғызда (Қазақстанда түн жарым) телеарнадан хабарлады. Ал дүкендер

әлдеқашан жабылып қалған, жұрт түкке жарамай қалған ақшасын тездетіп айырбастамақ болып жанталасты. Алдағы сапарға керек болар деп, ұшақ пен пойызға билет сатып алды (билет кассалары ашық екен), жаңалықты әлі естімеген такси жүргізушілерімен есеп айырысты. Совет республикаларының азаматтарына ескі банкноттарын жаңасына айырбастап алуға үш күн берілді. Банктегі шоттан алатын қолма-қол ақшаға шектеу қойылды. Осы және бұдан кейінгі гиперинфляция кесірінен көп адам өмір бойы тірнектеп жиған қаржысынан айырылды. Бүкіл Совет Одағының халқы қапаланып, орталық өкіметтің ісіне ашуланды.⁵

Экономикадағы дағдарыс пен Горбачев дәуірінің қарқынды саясаты қатар жүрді. Совет Одағына қарайтын елдер Кремльдің шеңгелінен шығуға ұмтылды. Екі жыл бұрын Гүржістандағы жастарды басып-жаншығаны сияқты, 1991 жылғы қаңтарда совет армиясы Литвадағы (Балтық жағалауындағы үш елдің бірі) мемлекеттік органдардың біразын басып алып, елдің Совет Одағынан бөлініп шығуына кедергі келтірмек болды. Қақтығыста он бес адам мерт болды. Совет әскерилері он үш қарапайым азаматты өлтірді, тағы біреуі жүрек талмасы ұстап қайтыс болды, совет солдаттарының біріне өздері атқан оқ тиді.

Бұл уақытта советтік саяси жүйе түрлі фракцияның «шайқас алаңына» айналған еді. Горбачев республикалардың жағдайын жақсартып, Одақ құрамында сақтап қалу үшін оларға көбірек автономия беру керектігін мойындады. Алайда советтің қатал саясатын ұстанушылар Горбачев «ескі жүйені талқандайды, республикалардың тізгінін уысынан шығарып алады» деп қорқып, кез келген өзгеріске қарсы шықты.

Осы кезеңде Горбачев Ресей СФСР жетекшісі Борис Ельцинмен және Қазақ ССР басшысы Нұрсұлтан Назарбаевпен бірігіп, республикаларға көбірек автономия беретін Жаңа одақ шартын әзірлейді. Шарт бойынша, советтік егемен республикалар одағы құрылады. Республикалардың өз жері, минералдық ресурсы, суы мен өзге де табиғи қазба байлығы, өсімдік және жануарлар әлемі болады. Өзге елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатуына рұқсат етіледі. Сөйте тұра, Одақ ішінде бір валюта қолданылады, армия біреу болады; одақ Совет Одағының избасары ретінде өзге республикалар атынан сыртқы саясат жүргізуге құқылы болады. Жаңа одақ шарты «меншік түрі мен экономиканы басқару әдістерін еркін таңдауға» рұқсат беретін болды, мемлекеттік меншікке сүйеніп құрылған совет экономикасын жаңалауда бұл үлкен қадам еді.⁶

Ельцин қалт-құлт етіп өзер тұрған совет империясынан Ресейді бөліп әкеткісі келгендіктен, шартқа қосылды. Назарбаев өз республикасы экономикалық тұрғыда тәуелсіз болса деді, тек өзге совет республикаларымен байланысына тәуелді болғандықтан, «жалғыз қалсақ, күн көре алмаспыз» деп қорқып, шартқа қол қойды. Горбачев Назарбаевты жаңа ұйымның премьер-министрі қылып сайламақ болды.

Горбачев Жаңа одақ шартын бекітуге асыққандықтан,⁷ Совет Одағының саяси өміріндегі Коммунистік партияның жетекші рөлін азайтты. Совет саяси элитасы бұған қатты күйінді.

Совет Одағының келешегі не боларына қатысты талас-тартыс Компартия съезінің залында да, оның сыртында да өтіп жатты. КГБ басшысы және төңкерісті ұйымдастырушылардың бірі Владимир Крючков Горбачевты бақылауға алды. КГБ Горбачев, Ельцин мен Назарбаев бірлесіп жоба дайындап жатқан Мәскеу облысындағы Ново-Огарево өкіметтік кешеніне тыңдау қойды. Аңдулы екенінен хабарсыз үш басшы екі мәселені талқылады: 20 тамызда Жаңа одақ шартына қол қою керек және оған қарсы шыққан ескі ұстанымдағы саясаткерлерді өкіметтен кетіру керек.⁸ Кремльдегі Әулие Георгий залында 20 тамызда алты республика (арасында Қазақстан да бар) шартқа ойланбастан қол қояды деп жоспарланды.⁹ Бұл жоспар ымырасыз саясаткерлердің дереу әрекет етуіне түрткі болды.

«Горбачевты орнынан алып тастамақ» деген сыбыс Мәскеуді шарлап кетті. Бұған дейін 1990 жылғы желтоқсанда Горбачевтың одақтасы әрі ССРО сыртқы істер министрі Эдуард Шеварднадзе «диктатура келе жатыр» деп ескертіп, отставкаға кеткен болатын. 1991 жылғы маусымда Мәскеу мэрі Гавриил Попов АҚШ елшісі Жэк Мэтлокқа «мемлекеттік төңкеріс болуы мүмкін» деп ескертеді, Мэтлок оны Горбачевқа айтады. АҚШ президенті Жорж Буш та Ельцин мен Горбачевқа қауіп бар деп ескертеді. Горбачев жағдай тұрақсыз екенін мойындайды, тек Буштың төңкеріс туралы ескертуін тыңдамай, «1000 пайыз шындыққа жанаспайды» деп иланбай қояды.¹⁰

4 тамызда Горбачев Қырым жағалауындағы Форос қаласына демалуға кетеді. Қасында зайыбы Раиса, қызы Ирина мен күйеу баласы Анатолий және кішкентай жиені бар еді. Ертеңінде КГБ-ның бірнеше өкілі мен әскери басшылар және Горбачевқа қарсы жоғары лауазымды шенділер Мәскеу жанындағы КГБ құпия кеңсесінде жолығып, төңкеріс жоспарын талқылайды.

Бұл кезде Ельцин Назарбаевқа қонаққа барып, Қазақстанда жүрген болатын. 16 тамызда Ельцин мен Назарбаев Қазақстан мен Ресей арасындағы екіжақты ынтымақтастық келісіміне қол қойды, оған жақында құрылады деп отырған Жаңа одақ шарты аясындағы экономикалық ынтымақтастықты да кіргізді.

Ельцин мен Назарбаевтың көңіл-күйі жақсы еді, екеуі Алматы мен оның маңындағы көрікті жерлерді аралап, сейіл құрады. Тіпті жылқы зауытына да барады, Назарбаев Ельцинге қара айғыр сыйлайды. Арақбуынына түскен Ресей президенті дереу «атқа мініп шабам» деп, Назарбаев пен оққағарларының зәресін ұшырады. Екі президент тауға шығып, сол жерде Ельцин таудың мұздай суық өзеніне түспек болады.¹¹

Ельцин Алматыдан 18 тамызда, жоспарланған уақыттан бірнеше сағат кешігіп ұшады. Ол еліне кешігіп барғанына қазақтың қонақжайлығын кінәлайды:

Назарбаев бізді жібермей, қала тұрындар деп өтінді. Дастархан жайып, ас берді, қазақтың дәстүрлі ән-күйі ойнады, сосын тағы біреуі шықты, сосын тағы біреуі... Хор, бишілер, ұлт аспаптарында тартылған күйлер, түрлі-түсті киінген қыздар айналып билеп жатыр. Шынымды айтсам, осының бәрінен басым айналып, көзім қарауытып кетті. Сапарымызды бір сағат кейінге қалдырдық. Сосын тағы бір сағат шегердік. Назарбаев шығысқа тән нағыз қонақжай қожайын екен – күшке салмайды, сыпайы, әдептен озбайды. Тек уысынан құтылып шығу қиын.¹²

Алайда қазақстандық куәгерлер Ельцин тым көп ішіп қойып, ұшаққа міне алмай қалған дейді. «Аяғын баса алмай тұрған» деді бірі.

Кейін Ельцин осы сапарда кешіккенім сақтап қалды дейді. Оның сөзі күмән тудырмай қоймайды, Ельцин айтқан нұсқаға сенсек, Қазақстанда орналасқан совет әскери-әуе күштері 18 тамызда Алматыдан Мәскеуге сағат төртте ұшатын ұшақты атып түсіруге бұйрық алған екен.¹³ Төрт сағат кешігіп ұшқан Ельцин сөйтіп ажалдан аман қалыпты (Ельциннің нұсқасы күмәнді дейтін себебіміз: төңкерісті ұйымдастырушылар оның ұшағын атып түсіруді көздесе, төрт сағат кешіккеніне бола жоспарын өзгертуі екіталай еді). Бір-ақ нәрсе күмәнсіз: Ельцин Мәскеуге аттанып, Назарбаев Алматыда ұйықтап жатқанда, «Заряға» бірнеше адам басып кіріп, Горбачевты ұйқамаққа алады. Әскерилер, шекара күзеті мен арнайы қызмет жолдар мен жергілікті әуежай жолағын жауып тастайды. Радиотелефон орнатылған Горбачевтың машинасы бар гаражды қарулы адамдар күзетеді.¹⁴

Горбачев жазғы саяжайында тұтқынға айналады. Шақырылмаған қонақтар өздерін «Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет» деп атап алған екен. Құрамында ССРО вице-президенті Геннадий Янаев, ССРО премьер-министрі Валентин Павлов пен КГБ басшысы Владимир Крючков болған комитетке кейін «Сегіздің бандасы» деген лақап ат қойылған.

Мемлекеттік комитет Горбачевқа «билігін ССРО вице-президенті Янаевқа өткізсін және төтенше жағдайға келіссін немесе президенттіктен бас тартсын» деп ультиматум қойды. Горбачев оларға тарпа бас салып, «оңбағандар» деп балағаттайды, талапты орындамаймын дейді. Төтенше жағдай жарияланса, азамат соғысы басталып кетуі мүмкін, өйткені халық бұдан былай диктаторлық жолмен билеп-төстеуге көнбейді деп ескертеді.¹⁵

Ельцин мен Назарбаев Совет Одағының өзге халқы сияқты ертеңінде оянғанда телеарналар мен радиодан ойнаған «Аққу көлін» естиді. 30 минут сайын экраннан «Елде төтенше жағдай орнады» деген хабар шығып тұрады.

ТӨҢКЕРІС БОЛА ЖАЗДАҒАН ҮШ КҮН

Төңкерістің бірінші күні ұйымдастырушылар совет мемлекеттік байланыс құралдарының бәрін қадағалап алып, тәуелсіз баспасөзді жауып тастады. Совет мемлекеттік радиосы «Горбачев ауырып, отставкаға кетті, билік Янаевқа өтті» деп хабарлайды. Төңкеріс жасағандар көпшілікке «Горбачев қатты ауырып жатыр» деп мәлімдеп, «Заряда» үрей туды.¹⁶ Осыдан кейін аман қалам ба, жоқ па деп қорыққан Горбачев Совет Одағы халқына үндеу жазып, оны оқып отырғанын видеоға түсіреді.

Мәскеуге бес жүзден астам танк кіреді, төңкерісшілер басқарып келе жатқан қарулы көліктер мен әскери бөлімшелер Ақ үйді (Жоғарғы кеңес ғимараты) қоршап, оны басып алу туралы бұйрықты күтеді. Үш күн бойы сол жерде билікке талас болады. Мәскеудің мыңдаған тұрғыны көшеге шығып, тосқауыл құрады, жұрт тізбектеліп тұрып, Ақ үйді әскерилерден қорғамақ болады.

Ельцин саяжайында бірнеше сағат ұйықтап тұрады. Өзі Қазақстаннан Ресейге таңға жуық оралған еді, алайда сәл ұйықтаған соң, қызы «Папа, тез тұр! Төңкеріс болды!» деп оятып алады. Ельцин бастапқы реакциясын былай сипаттайды: «Ұйқымды аша алмай жатып, «Ол заңсыз!..» деп күбірледім. Адам сенгісіз жайт еді. Қызыма қарап: «Әзілің бе?» деп сұрадым».¹⁷

Ельцин қоңыр костюмінің ішінен оқ өткізбейтін кеудеше киіп, Ресей өкіметінің (Совет емес) өзге басшыларымен кездесуге Жоғарғы кеңеске барады. Төңкеріс жасауға талпыныстың алғашқы сағаттарында Ельцин өте жігерлі адам екенін танытады. Жеке басына қауіп төнгеніне қарамастан, сыртта жиылған халықпен сөйлеседі. Тәртіпсіздік болып жатқан жердің дәл ортасына барып, танктің үстіне шығып, халыққа үндеу жасайды. Төңкерісшілердің барлық әрекеті заңсыз деп мәлімдейді.

Ельциннің танкіге шыққаны шешуші сәт болады:

Қасымда тұрғандарды толық түсінетінімді, олармен жанымыз бір екенін анық ұқтым. Жиылған адам көп еді, біреулер ысқырып, айқайлап жатыр. Тілшілер, телеарна журналистері мен фотографтар қаптап жүр. Қалтамнан үндеу жазылған қағазды шығарып, қолымды жоғары көтердім. Айқай тына қалды, халық тынышталды, мен тамағым қарлыққанша айқайлап, үндеуімді оқыдым. Содан соң өзім тұрған танктің командиріне сәлем беріп, солдаттарға қарата сөйледім. Олардың жүзіне, көзіне қарап, бізге оқ атпайтынын түсіндім.¹⁸

Бұдан соң Ақ үйдің жанында, мәскеуліктердің алдында танкіге мініп тұрған Ельцин жаңа демократиялық Ресейдің символына айналып, советтік құрылымға қарсы күресетін адам болып танылды. Кешке қарай Жоғарғы кеңестің алдына жиылған адам саны жетпіс мыңға жетті.¹⁹

Алматыдағы Назарбаев не сұмдық болып жатқанын түсіне алмай дағдарды. Кремльге тікелей байланысатын телефоны істемей қалды. Жұмысқа апаратын көлігі келмей қойды. Кейін Назарбаев «КГБ мені қамауға алады деп ойлағанмын» дейді. Көлігі артынан кешігіп келеді. Сол оқиғалар жөнінде айтылатын бір нұсқада көліктен техникалық ақау шығып, содан кешіккен делінеді. Тағы бір илануға тұрарлық нұсқада жүргізуші тамыздың аптап ыстығынан қорғанып, машинаны талдың көлеңкесіне апарып қойған деседі.²⁰

Кабинетіне жеткен бетте Назарбаевқа Ельцин қоңырау салады. Ресей басшысы көп ештеңе айта алмайды, «қазір елде төңкеріс болып жатыр, Мәскеудің негізгі көшелерін танкілер басып алды» дейді. «Кез келген жағдайға әзір бол» дейді Ельцин Назарбаевқа. Сәлден соң «Сегіздің бандасының» бір мүшесі Янаев Назарбаевқа хабарласады: «Горбачев қатты ауырып қалды, енді Совет Одағын басқаруға шамасы келмейді» дейді. КГБ басшысы Крючков пен ССРО премьер-министрі Павлов та Назарбаевқа телефон соғып, бізді қолда дейді.²¹

Назарбаев төңкеріс жасағандар Қазақстанда төтенше жағдай жариялап, билікті тартып алатын-алмайтынын білмей дал болды. Ол этносаралық қақтығыс немесе ұлттық наразылық басталса, «Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет» деп аталған топ Қазақстанға әскер кіргізеді деп қауіптенді.²² Ештеңенің мән-жайы белгісіз қысылтаяң шақта Назарбаев барынша сақ қимылдады. Төңкеріс жасауға талпыныс болған алғашқы күні ол Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитетті қолдамағанымен, ашық қарсы шыққан да жоқ. Ельцин Назарбаевтың және Белоруссия мен Украина басшыларының әрекеті «тым сылбыр» болды деп ренжиді. Олар Ельцинге «Болып жатқан жағдайға қатысты нақты позиция ұстануға қолымызда нақты мәлімет жоқ» дейді, Ельцин болса «Менде мәлімет бар, төңкеріс болғаны анық» деп жауап қатады.²³

Сол күні кешке Назарбаев Қазақстан халқы мен республикадағы КГБ басқаратын әскери күштерге және совет армиясына үндеу жасап, мемлекеттік телеарнадан сөйлейді. Этносаралық ынтымақтастыққа екпін сала сөйлеп, «Азаматтар тыныштық сақтасын, қантөгіс болмауы үшін Қазақстанда шоғырланған совет әскерлері ешкімге күш қолданбасын» дейді. Назарбаев Мәскеу билігі қазақ жастарын аяусыз басып-жаншыған 1986 жылғы желтоқсандағы қайғылы жағдай қайталана ма деп қорықты.²⁴

Қазақстандағы кей сарапшылар сол кезде Орталық Азиядағы бес республиканың төртеуі үнсіз қалғанын сынап, «Жағада тыныш отыра бер, жауыңның өлігі су бетіне өзі қалқып шығады» деген шығыс даналығын

ұстанды дейді.²⁵ Қырғыз басшысы Асқар Ақаев қана төңкерісті қолдамай-тынын жылдам әрі өткір айтты. Назарбаев сияқты биліктен дәмелі болмағандықтан, ол ойын батыл айтудан тайсалған жоқ. Ал Назарбаев Одақ сақталса, премьер-министр болудан үмітті еді.

Қазақстан халқының басым көбі Мәскеудегі оқиғаға алаңдаса да, ен-жар бақылаушы болды. Ал саяси белсенділер жиылып, жоспар құрды. Қазақстандағы Совет Одағына қарсы демократиялық қозғалыс мүшесі Евгений Жовтис бүлік басталған күні мынадай сезімде болғанын айтады: «Бұл күнді, майдалап айтқанда, үрейленіп, наразы болып және ренжіп қарсы алдым. Ол кезде әлем туралы түсінігім толық қалыптасқан, қайда тұрғым келетінін білетінмін. Совет Одағында тұрғым келмейтіні анық еді, ал КГБ қалпына келтірмек болған елде мүлде қалғым келген жоқ».²⁶ Кейін Қазақстандағы танымал құқық қорғаушыға айналған Жовтис төңкерістің бірінші күні өзі және әріптестері не істегенін былай баяндайды:

Бір-бірімізге қоңырау соғып, хабарластық. Ары қарай не істей-тінімізді талқылайық деп таңертең бір жерге жиылдық. Қала әкімшілігі кеңсесіне бардық. Олар бізге есі ауысқандар деп қарады. Қайтерімізді білмей, ендігі қадамды ақылдастық. Мұхтар Шаханов басқаратын «Жалын» журналының редакциясына бардық. Сол жерде төңкеріске қарсы топ құрылды. Біз тіпті Орталық Азия республикаларының демократиялық қозғалыс өкілдеріне хабарластық.²⁷

Қозғалыс мүшелері төңкеріске қарсы постерлер жасап, оны Алматы автобустарында таратады.²⁸

Жұрттың жүйкесі жұқарғанын Қазақстанның кез келген аумағынан байқауға болатын. Азық-түлік дүкендері алдында ұзын сонар кезекке тұрғандар сыбырлай сөйлеп, уайымын айтатын. Ақпарат аздығы, белгісіздік халық арасында үрей туғызды, шетелдік *FM* ұстайтын радиоқабылдағышы бар жолы болғандар «Азаттық радиосының» жаңалықтарын тыңдады.

Совет Одағын берекесіздік жайлап жатқанда, Уошиңтон билігі жайбарақат еді: тамызда Конгресс демалысқа шығатын, ресми тұлғалар қалада болмайтын. Горбачев сияқты демалып жатқан президент Буш Уошиңтондағы тымырсық ыстықтан қашып, отбасы демалатын Мэн штатындағы Кеннебанкпортқа кеткен.

19 тамызда Буш шетел басшыларына қоңырау шалды. Совет Одағындағы жағдайға әрі таңданып, әрі қапаланған Буш Канада премьер-министрі Брайан Малруниге былай дейді: «Біздің елшілік түк білмейді. Өзгелер сияқты қайран қалып отырмыз».²⁹ Мәскеудегі АҚШ елшісі Жәк Мэтлок кейін Буштың осы сөзін терістеп, төңкеріс жайлы естігенде АҚШ президенті «нақты шешім айта алмай, абдырап қалған» деп сынады.

Өмірбаянын жазған кітабында Мэтлок Бушқа «төңкеріс болса, болар, тек сәтті аяқталуы екіталай деп ескерткенмін» дейді.³⁰ Буштың өзі маусымда Горбачев пен Ельцинге төңкеріс болады деп ескерткен екен.³¹

Буш пен өзге де мемлекет басшылары Горбачевқа қоңырау шалғанымен, онымен сөйлесе алмайды. Горбачевтың телефоны жауап бермейді. Бұл кезде АҚШ ақпарат агенттіктері Бушқа қысым жасап, «Горбачевпен байланысу үшін жедел желіні қолдандыңыз ба? Совет Одағының ядролық қаруы кімнің қолында?» деген сынды сұрақ қояды.

Мәскеу уақытымен кешкі бесте (Алматы уақытымен 20:00) «Сегіздің бандасы» көпшіліктің қолдауынан дәмеленіп, телеарнада баспасөз мәслихатын өткізеді. Жұрт олардың жабырқау әрі түнерген жүздерін көріп, сенім арта қоймады, өзін Совет президентімін деп жариялаған Янаевтың қолы дірілдеп тұрғаны анық көрінді.

Қазақстанда Жоғарғы кеңес депутаты болған Виталий Воронов сол күнді былай сипаттайды:

Күні бойы мазам кетті. «Время» бағдарламасы Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитеттің мүшелері мен олардың басшысы – ССРО вице-президенті Геннадий Янаевты көрсетті, ол бірдеңе деп міңгірледі де қойды, қолы дірілдеп әрең отыр, соған қарап, елдегі жағдай алаңдайтындай дәрежеге жеткенін, ақырын болжау қиын екенін ұқтым.³²

Янаевтың дірілдеген қолы нашар жоспарланған төңкерістің символына айналады. «Ол эфирге арақ ішіп алып шықты» деген де сыбыс тарап кетті.

Ертеңінде, 20 тамызда Горбачев пен оның қасындағылар КГБ офицерлері мен төңкеріс басшылары жіберген солдаттардың қарауында, қамауда болды. Басында Горбачев және оның отбасы мен көмекшілері сыртқы әлемнен шағын транзистор радио арқылы хабар алып тұрды. Горбачевтың күйеу баласы ұстап жүрген *Sony* құрылғысы *BBC* радиосы, «Азаттық радиосы» мен *Voice of America* сияқты желілерді тартып тұрды. Олар тұрған шипажайдың бір бөлмесінен Горбачевтың көмекшілері советтік «Маяк» радиосын ұстайтын транзистор тауып алды.³³ Аяғында Горбачев пен қасындағылар бір сымтемірден антенна жасап, теледидар қосады.³⁴

АҚШ президенті Буш Ельцинге хабарласады, Ельцин Горбачевқа ешкім хабарласа алмай отырғанын растайды. Ельцин төңкеріс жетекшілеріне қарсы тұратынын мәлімдейді, Буш оған көмек беруге дайынбыз дейді.³⁵ Мәскеуде РСФСР Жоғарғы кеңесі төңкеріс заңсыз деген шешім шығарып, Ельцинге төңкерісті қолдаған жергілікті билік өкілдерін орнынан алып тастайтын өкілет берілді.

Ал Қазақстанда Назарбаев Қазақ ССР Жоғарғы кеңесі депутаттарына Мәскеуге бармақ ниетін айтады. Назарбаев қантөгістің алдын алуымыз керек деп уәж айтқанымен, қазақ заң шығарушы органының барлық мүшесі жағдай тұрақсыз деп, оның қауіпсіздігіне алаңдап, Мәскеуге баруына қарсы болады.³⁶

Кей қоғамдық ұйым мүшелері төңкеріс нәтижесін күтіп отырмай, төңкерісшілердің әрекетін қатаң сөгіп, «билікті конституцияға қарсы жолмен басып алмақ болды» деп айыптады. «Невада-Семей» антиядролық қозғалысы, «Мемориал» және «Әділет» адам құқығын қорғау ұйымдары, «Арал-Азия-Қазақстан» экологиялық қозғалысы, Қазақстанның социал-демократиялық партиясы, «Бірлесу» сауда одағы мен «Бірлік» қозғалысы сияқты жиырма шақты ұйым мен партия төңкеріске қарсымыз деп мәлімдеді.³⁷

Кешке қарай төңкерісті ұйымдастырушылар Ақ үйді күшпен алмақ болды, тек оны мыңдаған адам сыртынан қоршап, қорғап тұрған еді. Төңкерісшілер элиталық әскери бөлімдерге «ғимаратқа шабуыл жасаңдар» деп бұйырады, алайда солдаттар оларға бағынбайды. Өзін өзі сайлап алған жаңа басшылардың бұйрығына бағынғысы келмейтін әскерилер көбейді.³⁸

Сол күні кешке Назарбаев төңкерісті айыптады. Екінші рет мемлекеттік телеарнадан сөйлеген сөзінде ол «Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитеттің іс-әрекеті мен қаулысы және олар жариялаған төтенше жағдай конституцияға және республикалардың мемлекеттік егемендігі туралы декларацияға қайшы» деп,³⁹ ССРО Коммунистік партиясы қатарынан шығатынын мәлімдеді.

Кешке қарай төңкерісті ұйымдастырушылар сасқалақтай бастады. Мәскеуде бұл күн қайғылы оқиғамен аяқталды. Ақ үйге кіргізбейміз деп, болат сауытты көліктің алдын бөгеген үш жас азамат қаза тапты.⁴⁰

Төңкерістің ақырғы күні – 21 тамызда төңкерісшілердің бірі, ССРО қорғаныс министрі Дмитрий Язов бейбіт тұрғындар өлімі көбейеді деп қауіптеніп, әскерилерге «Мәскеуден кетіңдер» деп бұйырады. Бұйрыққа құлақ асқан әскерилер қаладан шығып кетеді, сонда да жағдай әлі тұрақсыз, түсініксіз еді.

Осы шиеленіс кезінде төңкерісті ұйымдастырушы бес адам мен Ельциннің агенттері және Жоғарғы кеңес мүшелері әрқайсы өз бетімен Горбачевты көруге Форосқа ұшады. Төңкерісшілер Форосқа бұрын жетеді. «Олар таяқ жеген баладай сүмірейіп келді, бәрінің өңі қашып кеткен... айыбын мойындап келді» дейді Горбачевтың көмекшісі Анатолий Черняев. Горбачев олармен сөйлесуден бас тартады.⁴¹ «Түрлерін көріп-ақ, саудасы біткенін түсіндік» деп қорытады Черняев.⁴²

Ресей өкіметі мен Жоғарғы кеңесінің өкілдері Горбачевты амансау көргеніне қуанып, бас салады. Горбачевпен қауқылдаса амандасып,

жағдай сұрасқан соң, РСФСР премьер-министрі Иван Силаев, РСФСР вице-президенті Александр Руцкой және өзгелер сағаттап сөйлесіп, кейінгі күндері болған жайтты бір-біріне баяндайды. Бұрын осы топтағы кей адам Горбачевқа қарсы шығып, көп дауласатын. Олар оның реформатор ретінде әлсіздігін сынап, «ескі совет гвардиясына қарсы тұруға шамаң жетпеді» деп айыптайтын. Сол күні, Черняевтің айтуынша, «саяси пікір қайшылығы, бұрынғы тайталас пен реніш, дау-дамайдың бәрі ұмыт болды».

Телефон желісі қалпына келген соң, Горбачев Кремль басшысымен сөйлесіп, «төңкерісшілердің кабинеттерін бекітіп, телефон желісін өшіріп тастаңдар» деп бұйырады.⁴⁴ Сол күні РСФСР бас прокуроры төңкерісшілерді қамауға үкім етеді. Ертеңінде ішкі істер министрі Борис Пуго атылып өлді. Маршал Ахромеев 24 тамызда асылып қалды.

Президент өкілетін қайта алғанынан бір-ақ сағат өткенде, Горбачев президент Бушпен сөйлесіп, Буш қуанып кеткенін жасырмайды: «О, Құдайым, мынау керемет жаңалық қой, Михаил». Буштың қолдауына риза болған Горбачев «Біз сіздермен бірге алға басамыз. Болған жағдай бетімізді қайтара алмайды» деп, демократиялық реформаларға адалдығын растайды. «Қажырлы әрі өзіне сенімді кәнігі Михаил Горбачевты естіп тұрмын» деп риза болады Буш.⁴⁵

ССРО президенті Мәскеудегі Ельцинмен, Киевтегі Леонид Кравчукпен және Алматыдағы Назарбаевпен сөйлеседі.⁴⁶ Кейін Горбачев «Ельцин, Кравчук пен Назарбаев – заңсыз әрекетке бәрінен қатты қарсы тұрғандар» дейді.⁴⁷

Төңкеріс сәтсіз болса да, жағдай әлі түсініксіз еді. Горбачев пен оның отбасы және көмекшілері Мәскеуге апаратын ұшаққа отырғанда, бәрінің көңілі орнына түсіп, келешекке сенімі артады. Горбачев «Біз жаңа елге ұшып бара жатырмыз» дейді.⁴⁸

Ол шынымен жаңа ел еді. Төрт айдан соң Советтік Социалистік Республикалар Одағы деген мемлекет келмеске кетті.

ҚҰЛДЫРАУ АЛДЫНДА

Төңкеріс басшылары мақсатына жете алмаса да, Горбачевтың легитимдігіне үлкен соққы болды. Советтік ескі саясатты ұстанушылар оны тым реформатор санаса, ресейлік либералдар мен одақтан кеткісі келген республикалар ескі гвардияны қолдайды деп санады. Болмай қалған төңкеріс совет моделінің олқылықтарын бадырайтып көрсетіп берді. Горбачев сақтап қалғысы келген мемлекет құрып бара жатты. Ол беделін қалпына келтіре алмады, сенген адамдарынан сатқындық көргеніне қатты қынжылды, «Өз басым сатқындыққа қатты ренжідім. Өмір бойы ұмыта алмаспын» дейді.⁴⁹

Төңкеріс жасамақ болғандар совет билігінің тепе-теңдігін бұзды. Совет Одағын бұрынғы қалпында сақтап қалғысы келген ескі жүйе саясаткерлері жеңілді. Тек республикаларды бұрынғыдай бір орталықтан басқара алмайтынына көзі жеткен Горбачевтың да ұтқаны шамалы: «Төңкеріс жасамақ болғандар жеткен ең сұмдық нәтиже – үш күнде республикалардың орталықтан алшақтап кетуіне мүмкіндік берді. Мемлекет тарайды, бұдан былай одақ болып қалмаймыз деген қауіп туды».⁵⁰

Горбачевтың Жаңа одақ шартын тықпалап, республикаларды оған келісуге көндірмек болған әрекетінен нәтиже шыққан жоқ. Одақтас республикалар ескі советтік жүйе мен Ресей реформаторлары арасындағы билікке талас астында қалған Мәскеуге сыртын берді. Орыс ұлтшылдары Одақ шекарасын қайта сызып, «республикалардың жерін тартып алайық» деп шықты. Бұл сөз республикаларды одан бетер бездірді.

Одақтас республикалардың басшылары өзінің саясаттағы тағдырына алаңдап, бір жағынан, билікте қалсам деп, екінші жағынан, өз еліне тәуелсіздік әперсем деп ойлай бастады. Олар ұсынылған шартқа көнсек, бұдан былай Ресейдің ашса алақанында, жұмса жұдырығында қаламыз ба деп қорықты. Ельцин мен кеңесшілері Ресейді Совет Одағынан бөліп ала тұра, Ресейді Совет Одағының бас мұрагері деп жариялады. Бұған қоса, Ельцин мен Ресей өкіметінің басқа өкілдері Горбачевты биліктен ығыстырып, оның саяси процестегі орнын түкке тұрғысыз қылып тастады.

Саяси күштер арасындағы тартыс күшейген сайын совет экономикасы құлдырап, өз бетімен кетті. Горбачев үлкен мемлекеттердің басшыларына хабарласып, жедел әрі қомақты көмек беріңдер деп сұрады. 1991 жылғы қарашада ол G-7 үйлестірушісі – Ұлыбритания премьер-министрі Жон Мейжорға хабарласып, «валютамыздың халі өте нашар» деп мойындайды. Желтоқсанның басында – мемлекет экономикалық апат алдында тұрғанда, G-7 Совет Одағына 10 миллиард доллар ұсынған.⁵¹

Төңкеріс болмай қалған соң, Мәскеудегі АҚШ елшісі Мемлекеттік департаментке жеделхат салып, сұмдық ескерту жасайды: «ССРО-дағы орталық биліктің біз білетін формасы әлі қанша сақталатыны белгісіз».⁵² Америкалықтар ядролық қаруы бар супермемлекетте жаппай бүлік басталады деп қатты қорқатын.

ЯДРОЛЫҚ ҚАРУДАН ҚОРҚУ ЖӘНЕ ПОЛИГОННЫҢ ЖАБЫЛУЫ

Төңкеріс кезінде Горбачев ядролық қобдидан (Кавказдағы таудың құрметіне «Чегет» деп аталатын) көз жазып қалғанда, совет ядролық қаруын кім басқарды? Ядролық қару («Қазбек» деп аталады) үш өкілетті тарап – президент, қорғаныс министрі мен бас штаб басшысына тапсырылған үш құрылғыдан қосылады. Президент пен қорғаныс министрі

үшінші құрылғыға жеке кодтар жібереді, бас штаб басшысы оны енгізгенін растайды. Содан соң құрастырылған код стратегиялық күштердің бас қолбасшысына жолданады, ол ядролық қаруды іске қосуға рұқсат береді.⁵³

1991 жылғы тамызда ядролық құрылғыны іске қосуға рұқсат беретін үш адам Михаил Горбачев (Фороста ұйқамақта жатқан), қорғаныс министрі Язов (төңкеріс жетекшілерінің бірі) және бас штаб басшысы, төңкерістің бірінші күні демалысынан қайтып келген Михаил Моисеев болатын. Горбачевтың көмекшісі Черняевтің айтуынша, Моисеев төңкерісшілерді қолдаған.⁵⁴ Горбачевты ұйқамаққа алғанда төңкеріс басшылары «ядролық қобдиды Мәскеудегі Қорғаныс министрлігіне апарыңдар» дейді. Сол жерде құрылғыға жауапты офицерлер оны ажыратып қояды.⁵⁵

Қалыпты жағдайда бас қолбасшы ретінде президенттің қолындағы байланыс аппараты өзге екі құрылғыдан үстем болатын. Президент құрылғысы ядролық арсеналдың шабуылға дайындығын арттыруға мүмкіндік беретін және ерте ескерту жүйесі шабуыл басталатынын хабарласа ғана қаруды іске қос деп бұйыра алатын. Өзге екі құрылғыға жауаптылар бас қолбасшыға хабарласа алғанымен, ядролық шабуылды баста деп бұйрық бере алмайды. Дегенмен бұл ережеден екі жағдайда: бас қолбасшының құрылғысы шабуылға дайындық деңгейін арттыруға бұйрық берсе және ол ұзақ уақыт үнсіз қалса, ауытқуға болатын.⁵⁶

Төңкеріс басшылары екіншісін пайдаланды. Горбачевтың құрылғысы үнсіз қалды, ал төңкеріс жасаушылардың қолында қалған екеуі – Язов пен Моисеевтің құрылғысы бар, сөйтіп олар совет стратегиялық ядролық күштерінің шабуылға дайындық деңгейін арттыра алатын. Советтердің алдын ала ескерту жүйесі ядролық шабуылды (шын болсын, жалған болсын) тіркесе, төңкеріс басшылары оған жауап ретінде ядролық қаруды іске қосуға бұйрық бере алатын.

Сол күндері не болғаны нақты белгісіз, әйтеуір, кем дегенде екі мәлімет бойынша, төңкеріс басшылары ядролық арсеналды басқарып, кейбір ядролық күштердің шабуылға дайындық деңгейін арттырған. 19 тамызда Ресейдің солтүстік-батысында орналасқан Мурманскіде Солтүстік флоттағы мұхитқа шықпай-ақ, базадан ядролық қару жібере алатын стратегиялық сүңгуір қайықтар шабуылға әзір тұрған. Ресейдің оңтүстік-шығысындағы Хабаровскіге жақын әуе базасында ядролық қаруға жауаптылар қаруды бомбалаушыға тиейді. Оның экипажына екі конверт берілді – біреуінде қаруды іске қосу коды, екіншісінде нысан координаттары жазылған. Бір сағат бойы экипаж жауап күтеді, бұйрық түскен бетте 60 минут ішінде ұшып кетуге дайын болады.⁵⁷

Қарсыластары төңкеріс жасамақ болғанда, Горбачев Совет Одағының ядролық қаруын басқара алмағаны қауіпсіздікке төнген тікелей қатер еді.

Төңкеріс жасаушылар мақсатына жете алмағанымен, қауіп сейілген жоқ. Сәтсіз төңкеріс ыдырауға дайын тұрған ядролық қаруы бар алпауыт супермемлекеттің осал тұстарын ашып көрсетті.

Дамудың шыңына шыққан 1986 жылы совет ядролық кешені 45 мың оқтұмсығымен мақтана алатын.⁵⁸ АҚШ-Совет қаруды бақылау шарасы арқасында екі мемлекет жыл өткен сайын оқтұмсық санын азайтқанымен, олардың қолында Жер бетін тұтас жойып жіберуге қажет мөлшерден бірнеше есе көп қару бар еді. 1991 жылға қарай ыдырай бастаған Совет Одағында 27 мыңнан астам ядролық оқтұмсық қалған.⁵⁹ Америка Құрама Штаттары ары қарай не болары, кімнің қолына түсері белгісіз осы ядролық қаруға қатты алаңдады. Мыңдаған ядролық қару, бөленбай тонна ядролық материал мен қару жайын жақсы білетін ядрошы ғалымдардың тағдыры не болмақ?

Ал Қазақстанда, 29 тамыз күні Совет Одағы Семей полигонында алғаш сынақ жасағанына 42 жыл толғанда, мыңдаған адам ядролық қаруға қарсы шеруге дайындалды. Қазақстан өкіметі бүліккі болдырмауға тырысты. Президент Назарбаевтың әкімшілігінде экология мәселелеріне қатысты бөлімде істеген Ағамұрат Шәмен сол кездегі оқиғаларды еске алып, таңертең президент аппараты Семейдегі сынақ алаңын жабу туралы жарлықты дайындап, Назарбаевқа қол қоюға жібергенін айтады: «Халықты тыныштандыру үшін кем дегенде жарлық жобасын дайындап қою керек болды, президент қол қоймаса да, соны көрсетеміз деп ойладық».⁶⁰

Бірнеше сағат бойы Назарбаев оған қол қоймайтындай көрінді, өйткені ол күні бойы Жоғарғы кеңес ғимаратында болады да, әкімшіліктегілер оған хабарласа алмайды. Дегенмен сол күні кешке, 1991 жылғы 29 тамызда Назарбаев президент кеңсесіне бармаса да, жарлыққа қол қойып береді.⁶¹

Сол жарлыққа қол қойып, Назарбаев полигонды жапты, Совет Одағының билігіндегі жетпіс жылдан соң Қазақстан өз тағдырына өзі қожа болды.

ЯДРОЛЫҚ ҚАРУЫ БАР ТӨРТ РЕСПУБЛИКА

1991 жылғы қыркүйекте АҚШ өкіметі елдегі бас дипломат, мемлекеттік хатшы Ш Джеймс Бейкерді негізгі-негізгі деген совет республикаларына іссапарға жіберді. Тамыз төңкерісінен үш апта өткен соң, ол Ресейге, Балтық жағалауындағы үш республикаға және Қазақстанға барады. Бейкер республикалардың экономикалық реформаға қатысты жоспарын түсінгісі келді және Кремль мен төрт республика арасындағы саяси келісім туралы білмек болды.⁶²

Сәті түспеген төңкерістен кейінгі дүрбелең кезеңде Совет Одағының тағдыры қыл үстінде тұрғанда, Назарбаев қауырт қимылдап, маңызды мәлімдемелер жасап үлгергенінің арқасында Уошиңтон Қазақстанды Совет Одағынан шыққан елдер арасындағы маңыздысының бірі санады.⁶³

Қазақ басшысы Горбачевпен де, Ельцинмен де жақсы қарым-қатынаста болды, Горбачев әлі де құрмақ болып үміт етіп жүрген Жаңа одақ шарты бойынша келіссөзде Мәскеу мен одақтас республикалар арасында елшілік қылды. Назарбаевты бүкіл Совет Одағы халқы қолдайтын. Совет азаматтарынан «Коалициялық өкіметте кім-кім болсын дейсіз?» деп сауалнама алғанда, Назарбаев Ельциннен кейін, Горбачевтың алдында екінші орында тұрды.⁶⁴

Бейкер мен зайыбы мінген ұшақ қыркүйектің ортасында, күздің жылы күнінде Алматыға қонды. Бейкер былай деп еске алады: «Асқар шыңдар мен етектегі тақыр жерді көріп, туған жерім Уайоминге оралғандай болдым. Кейін президент Нұрсұлтан Назарбаев бұл қаланы шынымен өз үйіндей көрсін дейтінін түсіндім».⁶⁵ Сол күні кешке Назарбаев пен оның зайыбы Бейкерлерді резиденциясына апарып қонақ қылады. Отбасылық шағын кеште Назарбаевтың қызы америкалық қонақтарға арнап пианино тартып береді.

Бейкердің айтуынша, Назарбаев Қазақстанның ықпалды көршісі Ресейге қатысты қауіпін білдіріп, оның «қауіпті ұлтшылдығы» туралы айтады. «Қуатты мемлекеттермен көршілес қонған қазақтар Америка Құрама Штаттарына қол созып, дүниежүзіндегі ең мықты мемлекеттен бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге көмек сұрады» дейді Бейкер.⁶⁶

Кеш соңында Назарбаев, Бейкер, Мемлекеттік департамент аудармашысы Петр Афанасенко және Совет Одағындағы АҚШ елшісі Боб Штраус саунаға түскенін Бейкер кейін әзілдеп жазады:

Сәлден соң шешіндікте, арағымызды алып, Назарбаевпен бірге орыстардың саунасы – президент моншасына кірдік. 20 минуттан соң Назарбаев эвкалиптің үлкен бұтағын алып, мені арқам мен аяғымнан сабай бастады, сол кезде тері саңылаулары ашылып, жылудың емдік әсері артады екен. Оны көрген Штраус маған осы жетеді деп шығып кетті.⁶⁷

Штраус Бейкердің қауіпсіздік қызметіне былай әзілдегенге ұқсайды: «Сайтан алғыр! АҚШ президентіне қоңырау шалып беріңіздер. Оның мемлекеттік хатшысы жалаңаш отыр, Қазақстан президенті оны сабап жатыр!»⁶⁸

Ертеңінде ресми кездесу басталады. Назарбаев егемен мемлекеттердің конгломераты ретінде әлі де одақты сақтап қалуға болар деген үміті барын айтады – валютасы бір, әскери күші ортақ, ядролық қару бір жерден басқарылатын және, төңкеріске дейінгі Жаңа одақ шартында келісілгендей, сыртқы саясатын ортақ жүргізетін одақ болып қалсақ дейді. Сөйте тұра, Назарбаев Қазақстанның экономикалық әлеуетін АҚШ-қа

сатуға күш салды, Уошиңтон біздің республикаға инвестиция құйсын, энергетиканы дамытуға және әлемдік экономикаға интеграциялануға көмектессін деп Бейкерді үгіттейді. Совет Одағы талан-таражға түсіп, Мәскеудің есі шығып жатқанын пайдаланған Қазақстан АҚШ-пен тікелей қарым-қатынас орнатуға дайын еді, Алматыда АҚШ елшілігін ашуға қуана келіседі.⁶⁹

Ядролық қару мәселесіне келсек, Назарбаев Бейкер естігісі келген нұсқаға мүлде кереғар пікір айтады. Назарбаевтың айтуынша, Қазақстан ядролық қарудан бас тартпайды, «аумағында ядролық қаруы бар мемлекеттер оны өзі басқаруы керек». Назарбаев «Ресей мен Қазақстан ядролық қарудың келешегі туралы шешімді бірлесіп шығарады» дейді.⁷⁰

Жалпы алғанда, Назарбаев Бейкерге жақсы әсер қалдырады.⁷¹ Бейкермен бірге барған АҚШ шенеунігі *The Los Angeles Times* газетіне берген сұхбатында былай дейді: «Назарбаев мемлекетін құлатпай, ыдыратпай, керек жерінде келісімге келетіндей адам екен. Бұл жігіт аса маңызды... және Бейкердің сапары оның мәртебесін асқақтата түсті. Назарбаевқа бізбен жұмыс істеген тиімді».⁷²

Совет Одағының соңғы айларында Назарбаев экономика мен қарулы күштер саласын ортақ қылып сақтап қалайық деуден танбады. 1991 жылғы қазанда ол құрамында 75 мүшесі бар Мемлекеттік қорғаныс комитетін құрды. Елдегі әскери инфрақұрылым мен қорғаныс мәселелерін қарайтын комитетті генерал-лейтенант Сағадат Нұрмағамбетов басқарды. Сөйте тұра, Назарбаев тәуелсіз Қазақстанның қарулы күштерін құруға асықпады. Жаңа құрылған комитетті «Қорғаныс министрлігі» деп атауға да құлықты болған жоқ, өйткені ССРО Қорғаныс министрлігі бар еді. Назарбаев бұрынғы совет республикалары қарулы күштерін біріктіріп жұмыс істей береді деп ойлады.⁷³

Сол уақытта Уошиңтонда Мемлекеттік департаменттің совет істері бойынша директоры болып Ларри Нэппер тағайындалды. Нэппер аумағында ядролық қаруы бар бір немесе бірнеше мемлекет антагонистік қатынас танытуы, тіпті конфликт тудыруы мүмкін деп қорықты. Ол кейін сол кездегі жағдайды былай еске алады: «Совет Одағы ыдырайтыны анық еді, сондықтан біз үшін маңыздысы: «Совет Одағының аумағында ядролық қаруы бар бір мемлекеттің орнына төрт мемлекет шықса, қайтеміз?» деген сұраққа жауап табу болды».⁷⁴

АҚШ өкіметі Совет Одағына қатысты ықтимал сценарийлерді жабық есіктің ар жағында талқыласа, ғылыми ортадағы саяси аналитика бұқаралық басылымдарда жарияланды. Харвард университетінің ғалымдары, олардың арасында кейін Клинтон әкімшілігінде қорғаныс министрінің көмекшісі, ал Обама әкімшілігінде қорғаныс министрі болған Эштон Картер де бар, «төрт ядролық мемлекет», атап айтқанда, Ресей, Белоруссия, Украина мен Қазақстанға қатысты сценарийлерге болжам жасайды.

Олар 1991 жылғы қарашада «Совет ядросының ыдырауы» деген мақала жазып, ой білдірді: «АҚШ үшін ең жағымды сценарий бойынша тек олай болуы екіталай еді, Совет Одағы тараған соң, совет ядролық құрылғыларының бәрі талқандалып, қару түгел жойылуға тиіс еді. Бұл кезде екіұшты мәселе туындайды: қаруды жоюда қауіпсіздік мәселесін ескеру керек және жаңа, ядролық қарусыз қалған Мәскеуге көрші мемлекеттер тап берсе, болуы мүмкін геосаяси өзгерістерге дайын тұру қажет».⁷⁵

Екінші сценарий бойынша, төрт ядролық республиканың біреуі ғана совет ядролық қаруына мұрагер болады. Харвард ғалымдарының болжауынша, жалғыз мұрагер Ресей болса, АҚШ үшін ең тиімдісі сол болар еді. Мәскеу ядролық қаруды басқара алады, ондаған жылдан бері бұл мәселеде АҚШ-пен ынтымақтас болып келеді, сондықтан Уошиңтонмен қалай сөйлесу керегін біледі. Тек бұл сценарийдің кемшілігі де жоқ емес-тін. Біріншіден, Ресей ядролық қаруы бар алпауыт мемлекет мәртебесін сақтап қалады. Екіншіден, қалған үш республика ядролық қарудан бас тартсын десе, АҚШ «құн төлеуі керек» – қауіпсіздік кепілі болып, республикаларға тиіспейміз және қажет кезде қорғаймыз деп уәде беруге тиіс. Ал Ресейден өзге үш республика Уошиңтонның қалауына құлақ аспай, ядролық қаруды сақтап қаламыз десе, Америка Құрама Штаттарының олармен қарым-қатынас траекториясы белгісіз болып қалмақ.⁷⁶

АҚШ үшін ең қорқынышты сценарий: ыдырап жатқан Совет Одағынан шыққан төрт мемлекет – Ресей, Беларусь, Қазақстан мен Украина-ның төртеуі бірдей ядролық қаруы бар мемлекетке айналатыны болатын. Ресейден өзге үш республиканың ядролық қаруды басқаруға және қадағалауға әлеуеті де, білімі де жетпейтін. Бұл республикаларды ертең кім басқарады, елдегі саяси тұрақтылықты сақтап қалу мүмкін бола ма, жоқ па – ол жағын да ешкім білмейтін.⁷⁷ Ұлттық қауіпсіздік кеңесі жағдай ырықтан шығып кетуі мүмкін екенін болжайды: «Ықтимал дағдарыс ауқымы өте үлкен: бір қаруды қолдану кезіндегі апаттан бастап қаруды алмай қалу ықтималдығына дейін жетеді, қару сақтаған жерді терроршылар басып алуы, диссидент әскери бөлімшелер пайда болуы немесе азамат соғысы тұтанып кетуі ғажап емес, тіпті екі республика соғысып кетуі де мүмкін».⁷⁸

Бір айға жетпей Совет Одағы ыдырады.

ОДАҚТЫҢ ТАРАУЫ

1989 жылы Геннадий Колбиннің орнына Қазақстан басшылығына келген Назарбаев қолындағы билікті сақтап қалды. Ол 1990 жылдан бастап президент атанған (республикада сондай лауазымды иеленген тұңғыш басшы болды), тек сол кезде оны халық сайлаған жоқ, Қазақстан Жоғарғы кеңесі тағайындаған. 1991 жылғы 1 желтоқсанда Қазақстанда алғаш рет

президентті сайлау өтті, Назарбаев таңғаларлық 98,7 пайыз дауыс жинап, халық сайлаған тұңғыш басшы болды.

1991 жылғы 8 желтоқсанда үш славян республикасының басшылары – Ресей басшысы Борис Ельцин, Украина басшысы Леонид Кравчук пен Беларусь басшысы Станислав Шушкевич Беларусьтің Беловеж орманындағы мемлекеттік саяжайда кездесті. Осы жерде олар тарихи Беловеж келісiмiн жасап, Совет Одағы құлағанын құжатқа түсіріп, бұрынғы совет республикаларының еркін формасы – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын (ТМД) құрды. Бір қайнауы кем Жаңа одақ шартындағы республикалар арасындағы тығыз қарым-қатынасты сақтау арман болып қалды. Оның орнына республикалар енді тәуелсіз мемлекеттерге айналды, ТМД деген тіркес олар «ірге бөліп кетті, бәлкім, келешекте бірлесіп жұмыс істеуі мүмкін» деген сөз ғана еді.

Ельцин, Кравчук пен Шушкевич Назарбаевқа қоңырау шалып, Беларуське кел деп шақырады. Сол күні Мәскеуде жүрген Назарбаев басында келіскенімен, жеме-жемге келгенде кездесуге бармайды. Ельцин оған қапаланса да, Назарбаевтың шешімін өзгертуіне не түрткі болғанын түсінді:

Бізге Назарбаев келгені керек еді, тым құрығанда, бақылаушы болса дедік, тек ол өзгеше ұйғарыпты. Оның Беларуське барудан бас тартуына Горбачевтың үгіттегені (барма деп) ғана әсер етті деп ойламаймын. Бұл кезде Назарбаев Қазақстан Еуразия мемлекеті екенін де ескерген сияқты. Әлбетте, Қазақстан мен Ресейдің ортақ шекарасы үлкен аумақты алып жатыр және ортақ мүддеміз бен байланысымыз бар. Сөйте тұра, Қазақстан Орталық Азия аймағына кіреді, Назарбаевтың көршілері де аса маңызды. Олардың этностық және рухани байланысы бар.⁷⁹

Сол арада, Ельцин Горбачевқа ол басқарып отырған мемлекет енді жоқ екенін айтардан бұрын Бушқа хабарласып үлгерді. Ельцин оған «Горбачев саясатының салдарынан болған экономикалық және саяси дағдарыс» туралы айтып, келісімге түрткі болған басқа жайттарды да түсіндіреді:

Қазіргі жүйе де, Жаңа одақ шартының талабы да көңілімізден шықпайды. Сондықтан да бас қосып, бірнеше минут бұрын бірлескен келісімге қол қойдық. Мистер президент, біз, үш мемлекет басшылары... Жаңа одақ туралы шарт тығырыққа тірелгенін ескеріп, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құруға нақты себеп барына көз жеткіздік.⁸⁰

Жаңа одақ шарты ешқашан орындалмайтынына көзі анық жеткен Назарбаев Қазақстанның жаңа кезеңге өтуін өз шартына сай жүргізуге тырысты. Беловеждегі басқосудан екі күн өткенде, 10 желтоқсанда

Алматыдағы партия съездері мен мәдени шаралар өтетін Республика сарайында (бұрынғы Ленин атындағы мәдениет сарайы) Назарбаевтың Қазақстан президенті ретіндегі инаугурациясы өтті.

Екі күннен соң Ресей ресми түрде Совет Одағының құрамынан шықты. Өзге республикалар да солай істеді. 12-13 желтоқсан күндері Орталық Азияның бес республикасының (арасында Қазақстан да бар) басшылары Түрікменстан астанасы Ашғабатта бас қосты. Осы кездесуде олар да ТМД құрамына кіреміз деп келісті.

Совет Одағындағы АҚШ елшісі Жэк Мэтлок Назарбаев ТМД-ға қосылу шешімін былай уәждеді дейді:

1992 жылы Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаевтан «Горбачевтың Жаңа одақ шарты идеясын қатты қолдай тұрып, Орталық Азия республикаларын ТМД-ға қосылуға көндіруіңізге не себеп болды?» деп сұрадым. Ол «Үш славян республикасы Совет Одағынан шығатыны анық болғанда Совет Одағы бір жағынан славяндар, екінші жағынан түркі халықтары болып ыдырап кетсе, бәріміз үшін қауіпті жағдай орнайтынын түсіндім» деді. Әлбетте, ол одақ берік күйін сақтайды деп үміттенген, ал Орталық Азия республикаларын ТМД-ға қосылайық деп үгіттегенде славян-христиан және түркі-ислам топтары пайда болмаса деген.⁸¹

1991 жылғы 16 желтоқсанда, Алматыдағы қазақ жастары Совет Одағына қарсы шыққанына бес жыл толғанда, Қазақстанның Жоғарғы кеңесі мемлекет тәуелсіздігін жариялады. Қазақстан халқы жаңалықты ертеңінде газеттен оқып білді. Қазақстанның танымал қоғам қайраткерлері сол кездегі эмоциясын сипаттау үшін «эйфория» деген сөзді қолданды. Мемлекет халқы үшін, әсіресе қазақтар үшін бұл жаңа кезеңнің бастауы еді. Келешекке алаңдау да болды. Жаңа мемлекет тәуелсіздігін сақтап қала ала ма екен? Өз күнін өзі көріп кете ала ма? Бұрынғы «патроны» Ресеймен қарым-қатынасы қалай өрбімек? Келешектен үміті зор әрі тәуелсіз ел болудың қиындығын да түсінген Назарбаев былай деді: «Келешекке үміттене қараймыз, ақылға салып әрекет етеміз деп сенемін».⁸²

Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған аптада АҚШ мемлекеттік хатшысы Бейкер Мәскеуде Ельцинмен кездесті. Совет ядролық қаруы Қазақстан, Украина мен Беларусь аумағында қалғанына алаңдаған АҚШ өкіметі Кремльден уайымын басатын сөз естігісі келген. Ельцин қаруды басқару және бақылау әлі де бір орталыққа қарайды деп сендірді.⁸³ Ертеңінде Бейкер Қазақстанға тағы барады. Оның міндеті Қазақстан басшылығын аумақтағы ядролық қарудан бас тартуға көндіру еді.

Назарбаев Бейкермен жеке сөйлескенде, қыркүйекте айтқан сөзін қайталап, америка дипломатына Қазақстан ядролық қарудан құтылуға

асықпайды деді. Ресейде ядролық қару барда Қазақстан да ядролық қаруы бар мемлекет болып қалады. Бұдан соң Назарбаев Ельцинмен сөйлесіп, Ресей мен Қазақстанның ядролық қаруын сақтауға келісеміз дейді.⁸⁴ Назарбаев былай дейді: «Халықаралық қауымдастық Қазақстанды мойындап, қабылдаса, ядролық қарусыз мемлекет болуға дайынбыз. Аумақ тұтастығын қамтамасыз етудің ең жақсы жолы – осы. Біз соны талап етеміз».⁸⁵ Назарбаевпен үш сағат сөйлескен Бейкер бөлмесіне түнгі үште қайтады:

Ол – ерекше әсер қалдыратын адам, онымен санаспауға болмайды. Келешекте талай қиын кезеңнен өтеді, жақын арада көптеген күрделі мәселені шешуге тиіс, үш күннен соң болатын ТМД елдері басшыларының кездесуі де аса маңызды. Дегенмен Назарбаевтың түйсігі жақсы дамыған, қалай әрекет ету керегін алдын ала сезеді, табысқа жету жолын біледі.⁸⁶

Мемлекеттік хатшы Бейкердің сапары ары қарай жалғасты. Ол 20 желтоқсанда жолда кетіп бара жатып, Назарбаевпен тағы сөйлеседі, ол кезде Қазақстан президенті бұрынғы одақтас республикалардың басшыларын қарсы алып жатқан болатын. Бейкер Назарбаевқа «Кездесуге барар алдында сізге іске сәт тілегім келді» деп дем береді. Назарбаев тас-түйін болып бекініп алыпты әрі өз дегеніне жетеріне сенімді болды: «Келгендердің бәрі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құруға дайын. Ешқайсы келісімге қол қоймай кетпейді».⁸⁷ Назарбаев бұрынғы совет республикаларының одақтан тәуелсіздікке өтуін жеңіл қылатын қандай да бір құрылым керегін түсінді. Совет Одағы ыдырап кетсе де, Қазақстан экономикасы оған әлі тәуелді еді әрі қарулы күштері жоқ Қазақстан өз қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайтын.

Келесі күні, Қазақстан тәуелсіздігін алған соң алты күн өткенде бұрынғы одақтас 11 республиканың басшылары Алматыда бас қосты. Гүржістан мен Балтық жағалауындағы үш елдің (Латвия, Литва және Эстония) басшылары кездесуден бас тартты. Алматыда 11 президент Совет Одағы тарағанын растап, Алматы декларациясына қол қойды, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылды деп мәлімдеді.

Саммитте Совет Одағының ядролық қаруын ары қарай пайдалану мәселесі қаралған Стратегиялық күштер туралы келісім жасалды. Келісім бойынша, Ресей аумағында ядролық қаруы бар үш республикамен кеңесе отырып, ядролық арсеналды бақылайтын болды. ССРО президенті 25 желтоқсанда қызметінен кетеді, совет ядролық қаруына қатысты өкілетін Ресей президентіне табыстайды деген келісім болды.

1991 жылғы 23 желтоқсанда Алматыдан Мәскеуге қайтқан Ельцин Бушқа қоңырау шалып, қол қойылған жаңа декларация туралы айтып берді. Ельциннің айтуынша, Беларусь пен Украина ядролық қарудан

бас тартқан мемлекет болуға келіскен, енді өз аумағындағы тактикалық және стратегиялық қарудың бәрін жояды. Декларацияда Беларусь пен Украинадағы ядролық қаруды жою көзделгенімен, Қазақстан туралы ештеңе айтылмаған еді. Шынында, Ельцин Бушқа «Қазақстанда стратегиялық ядролық қарудың біразы сақталады» деген болатын.⁸⁸ Ельцин Қазақстанда ядролық қаруды қалдыруға қаншалықты дайын болғаны беймәлім. Әйтеуір, Қазақстан басшылығына Алматы декларациясында ядролық қару мәселесіне қатысты жазбаша міндеттеме жүктелген жоқ. «Біз ыңғайлы сәт туғанын аңдаймыз. Ельцинді көндірік».⁸⁹

Ресей басылымдары «ядролық қаруға қатысты келісімдер сәтті өткен жоқ» деп жазды. Ресей журналистері «Апта басында Назарбаев айтқандай, Қазақстан ядролық қаруы бар елдер клубына қосылмақ сияқты, әріптестері Қазақстан президентінің шешімін өзгерте алмаған сыңайлы» деп дабыл қақты.⁹⁰

Ресей медиасындай емес, Уошингтон кездесу нәтижесіне риза болды. Кездесу аяқталған соң, Назарбаевпен сөйлескен Бейкер Алматы декларациясына «алға жасалған оң қадам» деп баға берді. Назарбаев Бейкерге былай деді: «Бізде ядролық қаруы бар төрт-ақ республика болады, тек ядролық қарудың бәрін Ресей басқарады. 1998 жылға қарай Украина мен Беларусь ядролық қаруын Ресейге беріп, сол жерде қарудың бәрін жояды. Стратегиялық ядролық қару Ресей мен Қазақстанда қалады, ал Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) құрамына кіргенде, біз өзімізді ядролық қаруы жоқ аймақ деп жариялаймыз».⁹¹

Крисмас күндері Горбачев Бушқа хабарласып, ертеңнен бастап Совет Одағы деген мемлекет болмайды дейді: «ССРО президентінің қаулысы үстелімде жатыр. Мен бұдан былай бас қолбасшы емеспін, сондықтан ядролық қаруды басқару өкілеті Ресей Федерациясы президентіне өтеді».⁹² Ертеңіне Совет Одағы деген мемлекет кетіп, Қазақстан әлемдегі ең қуатты ядролық қаруы бар төртінші елге айналып шыға келді.⁹³

30 желтоқсанда, Совет Одағы ресми ыдыраған соң бес күннен кейін ТМД басшылары Минскіде кездесіп, совет ядролық қаруына қатысты жоспарын қайта бекітті; екі апта бұрын стратегиялық күштер туралы Алматыда айтылған шарттарды қайталап, оны Минск декларациясының бір бөлігіне айналдырды. Қысқаша жазылған екі бет мәтінде «маршал Борис Шапошников ТМД бірлескен қарулы күштерінің бас қолбасшысы міндетін атқарады және Ресейден өзге республикалар ядролық қаруын жойғанша оны қолдану туралы шешімді Беларусь, Қазақстан және Украина басшыларымен келісе отырып Ресей басшысы шығарады» делінген.⁹⁴

Мәскеудің Минск, Алматы және Киевпен кеңесеміз деген уәдесі әшейін саяси құрғақ уәде еді. Ресей олардың аумағындағы қаруды іске қосам десе, үш республиканың ешқайсы оны тоқтата алмас еді, ондай техникалық құрылғысы жоқ. Ресей президентінен өзгесінің қолында ядролық

қаруды іске қосуға қарсы тұратын практикалық құралы да болған жоқ. Демек, Қазақстан ядролық соғысқа қатысуы мүмкін және оған мемлекет басшысының келісімі керек те болмай қалады.

Бұл жолы да Алматы саммитіндегі жағдай қайталанды, Минск декларациясында Беларусь пен Украинадағы қаруды жою процесі сөз болып, Қазақстандағы ядролық арсенал туралы ештеңе айтылған жоқ.⁹⁵ Бұған себеп Қазақстан ядролық қаруға қатысты жария міндеттеме алмай, барлық нұсқа мүмкін дегені болса керек. Бұл жолы да Қазақстан өзіне ыңғайлысын таңдап, жеңіп кетті. Жаңа мемлекет – Қазақстанда қалған совет ядролық қаруының жағдайы не болары әлі шешілген жоқ.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

**АЗАТТЫҚ КЕЛГЕНІМЕН, ЯДРОЛЫҚ АРСЕНАЛ
КЕТКЕН ЖОҚ**

6-ТАРАУ

УОШИҢТОН МЕН АЛМАТЫНЫҢ ҚОРҚЫНЫШЫ

Совет қорында сақталған ядролық қарудың бір пайызының жүзден бірі ниеті теріс адамдардың қолына түссе, әлем Хироши-ма мен Нагасакиден өткен сұмдық апатқа куә болады.

Эштон Б. Картер, Қарулы күштер жөніндегі өкілдер палатасы комитетінің қорғаныс саясаты бойынша комиссиясы алдында сөйлеген сөзі, 1991 жылғы 13 желтоқсан

Орталық Азиядағы Солтүстік Кореяға айналғымыз келген жоқ.

Төлеген Жүкеев, мемлекеттік кеңесші, Қауіпсіздік кеңесі төрағасының орынбасары (1992–1994), Қазақстан

Совет Одағы тараған кезде, Американың құрлық бөлігіне жете алатын 104 совет ядролық зымыраны (НАТО берген код атауы – SS-18) қазақ даласындағы екі құпия орыннан ұшырылуға дайын тұрған.¹ Әр зымыранға он шақты оқтұмсық тиеуге болатын. Америкалықтар оларды «бункер талқандағыш, ауыр нысанды жойғыш машиналар» деп атады.² SS-18 зымырандары қарсыластың бірінші соққысына төтеп беріп, содан соң іске қосылатын етіп жасалған. Оған қоса, 12 тонналық ядро бомбасын көтере алатын қырық ауыр бомбалағыш Қазақстаннан АҚШ-қа ұшып бара алатын. Жалпы алғанда, Қазақстанда қолдануға дайын 1400-ден астам стратегиялық ядролық оқтұмсық бар еді. Кенет осы қарудың бәрінің ары қарайғы күйі қалай болары неғайбыл болып қалды.

Қазақстан алып қалған ядролық мұра оқтұмсықтар және оларды таситын зымыран-ұшақтар ғана емес еді. Қазақстан уран қоры жөнінен дүниежүзінде екінші орын алатын.³ Совет ядролық өнеркәсібі уран кен орындарын дамытты, уранды ядролық материалға айналдыру үшін уран өндіру және байыту зауыттарын салды. Қазақстанның қару инфрақұрылымы әскери сынақ полигондарын да қамтитын. Осы нысандарда жұмыс істеген Қазақстан ғалымдары мен инженерлері құпия тәжірибені меңгерген, олар сол тәжірибесін өзгелерге сатуы мүмкін немесе қазақ өкіметі оларды өз ядролық бағдарламасын жасауға пайдалануы ықтимал. Совет Одағының тағдыры күмәнді бола бастағанда-ақ, Орталық Азия республикасы ядролық қорын қалай пайдаланады деген мәселе біраз адамның көкейін тескен. Қазақстан өз аумағында қалған совет ядролық қаруын өзі басқаруға талпына ма? Жаңа басшылар соны пайдаланып, Батыстан экономика және саясат жағынан қолдау сұрай ма? Қазақ өкіметі ядролық тауарды көршілес Иранға сатуы мүмкін бе? Постсоветтік дүрбелең кезеңде ядролық материалын қорғай ала ма? Оны терроршылар ұрлап алып, бомба жасамақ болса, оған қарсы тұра ала ма? Қазақстан ядролық қаруы бар алпауыт мемлекеттердің эксклюзив клубына қосылуға тырыса ма?

1991 жылы бұл сұраққа ешкім жауап бере алмаған.

УРАН: ҚАРҒЫС ПЕН АЛҒЫС

Қазақстан – табиғи ресурсқа бай мемлекет, соның ішінде уран қоры жөнінен дүниежүзінде екінші орында тұр. Табиғи уран аса байытылған уран мен плутоний алу үшін өндіріледі, ядросы ыдырайтын екі материал бомбаға отын болады. Уран қоры мол болғандықтан, Қазақстанда уран өндіретін және өңдейтін кәсіпорын көп салынған.

Қазақстандағы уран қорын барлау 1948 жылы елдің оңтүстігіндегі Қордай кен орнынан басталды. Келесі жылы Өскеменде Үлбі металлургия зауыты салынды, онда уранмен қатар, бериллий, тантал және ниобий сынды металдар өңделді. Уран өндіру 1950 жылдардың ортасында басталды, сөйтіп Қазақстан Совет Одағының ядролық бағдарламасы үшін ең ыңғайлы елге айналды: ядролық бомбалар мен атом электр станциялары үшін ядролық отын осында өндірілді.⁴

1964 жылы Каспий теңізі жағалауында орналасқан Шевченко қаласында (1991 жылдан бері Ақтау) Совет Одағы плутоний өндіретін, жылдам нейтронмен істейтін ядролық реактор салды. Орыс тілінде БН-350 («быстрые нейтроны» – жылдам нейтрон) қысқарған сөзімен таңбаланған реактор суды тұщытып, электр тогы мен плутонийді қатар өндірді.

Совет Одағы ыдырап кеткенде, уран кен орындары, ядролық отын өндіру кәсіпорындары мен жылдам нейтрон реакторының арқасында Қазақстан Республикасында 14 метрик тоннадан астам аса байытылған

уран мен 3 метрик тоннаға жуық плутоний қалды. Оның көп бөлігі өндіріс орындарында отынға жұмсалатын, оларды бомбаға айналдыру үшін қайта өңдеу керек еді, дегенмен соның өзі жүздеген қару жасауға жетерлік қор еді.

Бомба жасаудағы ең қиын қадам – ядролық материалды өндіру. Ядролық материал табылса, бомба жасау (салыстырмалы түрде) қиын емес. Сондықтан да Совет Одағы күйреуге бет алғанда, Уошингтон ядролық материалдың ары қарайғы жағдайына алаңдай бастады. Жақсы қаржыландырылған топ немесе мемлекет 15–25 килограмм аса байытылған уран немесе 6–8 килограмм қаруға арналған плутоний алса (көлемі грейпфруттай ғана), одан қарапайым ядролық құрылғы жасай алады (және оны жара да алады).

Заман тыныш кездің өзінде Америка совет ядролық материалының қауіпсіздігіне жиі алаңдайтын. Совет өкіметі америкалықтар немесе олардың одақтастары совет атом нысанын бұзбақ болса немесе барлау дерегін жинайтындай төтенше жағдай туа қалса ғана сақтануды ойлады. Сондықтан да совет өкіметі атом өнеркәсібін шалғай аумақтарға салып, олар орналасқан қалаларды картадан өшіріп тастаған. Ал ел тұрғындарының, нысанда жұмыс істейтін адамдардың жағдайын ойлаған жоқ.

Қандай да бір деңгейде оларды да түсінуге болады. Совет Одағы сияқты күш құрылымдары билейтін мемлекетте өкімет тұтас халықты қадағалап ұстады, ал ядролық күш бәрінен қатты қадағаланды. КГБ ядролық ғалымдарды, инженерлер мен қаруға жауаптыларды қатаң қадағалап ұстады, тіпті олардың отбасы да бақылауда болды. Ядро саласында істейтіндер шетелге шыға алмайтын және шетел азаматтарымен мемлекеттің арнайы рұқсатынсыз сөйлесе алмайтын. Өкімет осындай жағдайда ғана ядро саласында жұмыс істейтін мамандар ядролық материалды ұрлай алмайды деп сенді.

Совет өкіметінің өзіне тән есептеу әдісі салдарынан ешкім қордағы ядролық материалдың нақты мөлшерін білмейтін, сондықтан оны біреу ұрлап кетсе де байқамауы мүмкін еді. Атап айтқанда, Совет Одағындағы орталықтан жоспарланатын экономика бес жылдық өндіріс жоспарына сүйенетін, бұл жоспарды кәсіпорындар да ұстануға тиіс еді, сондықтан олар (атом өндіруші кәсіпорындар да) өндіріс көрсеткішін асырып жазатын.

Атом өнеркәсібі нысаны қосымша аса байытылған уран немесе плутоний өндіреді, бірақ оны тиісінше рәсімдеп, құжатта көрсетпейді, сөйтіп материал төгіліп қалса, асып төгілсе немесе ендігі жылы жоспардан аз өндірілген жағдайда соның орнын толтыруға пайдаланады.⁵ Басқаша айтқанда, бір жылы артық өндірілген материалды келесі жылдың есебіне қоса салады. 1990 жылдардың басында Совет Одағы жұмысқа компьютерді сирек пайдаланатын, есептің бәрі қағазға жазылады, сондықтан өндірілген материалды нақты уақытында есептеу мүмкін емес еді.

Біреу нысандағы ядролық материалды ұрлап құйып алса, жоғалғанын сол сәтте ешкім байқамас еді, тіпті мүлде байқамауы да мүмкін.

«Жығылған үстіне жұдырық» дегендей, Совет Одағындағы саяси дағдарыс салдарынан атом өнеркәсібінде істейтін қызметкерлердің тұрмысы мен еңбек жағдайы нашарлап кетті. Тоқырауға дейін олар жалақысын тұрақты алатын, мемлекеттегі ең маңызды сала қызметкерлері ретінде оларға бірқатар жеңілдік әрі артықшылық берілген. Енді олардың қаржы жағдайы бұрынғыдай болмай қалды. Біразы жұмыссыз қалды, тағы біріне айлап жалақы берілмейді, бәрінің сағы сынып, келешектен үміті азайды. Бухгалтерлік есепке немқұрайлы қарау мен экономикалық шарасыздық, қосылғанда, қауіпті жағдай орнайды, амалы таусылған ядро саласы қызметкерлері ядролық материалды тағатсыздана тосып жүрген үшінші тарапқа сатсақ па деп ойлана бастады. Ойланып қана қоймай, соны істегендер де болды.⁶

Ресейдегі ядролық зауытта істейтін 46 жастағы инженер Леонид Смирнов аса байытылған уранның 1,5 килограммын ұрлайды.⁷ Үш жылға шартты түрде сотталған Смирнов біраз жылдан кейін берген сұхбатында уран ұрлау қиын болған жоқ дейді: «Ешкім байқамай қалатындай мөлшерде салып алуға болатынын білетінмін. Ай сайын аса байытылған уранның бір пайызын өзіңе алуға болатын». Қылмысы кездейсоқ ашылып қалғанға дейін Смирнов бірнеше ай бойы уранның сондай аздаған мөлшерін жұмыс істейтін зауытынан алып шығып жүрген:

50 грамдық құты алып жүретінмін. Қасымдағылар темекі тартуға кеткенде немесе ешкім жоқта қораптағы материалдан құтыға азырақ салып, қораптан шығармай тұрып, қағып, бұлап алатынмын да, содан соң қораптан шығарып, қолғап киіп алып, құтының сыртын таза шүберекпен сүртіп, арнайы химиялық ерітіндімен ысқылайтынмын.⁸

Содан соң Смирнов оны қағазға орап, қалтасына, кейін сөмкесіне салып, үйіне алып кетуге тырысады: «Міне, сөйтіп зауыттан алып шықпақ болдым». Смирнов аса байытылған уранды 500 долларға сатпақ болады, бұл сома оның екі жылдық жалақысына тең еді. Бұл ақшаға жаңа тоңазытқыш, жаңа электр пеш сатып алып, шағын пәтерін жөндегісі келген.⁹

Ресейдегі Смирнов сияқты Қазақстандағы ядролық нысанда істейтін қызметкерлер де жалақысын уақтылы ала алмай жүрген. Ядролық нысандар әскери емес, азаматтық сипатта еді, онда қарулы күзет жоқ болатын, қылмыскерлерден ешкім қорғамайтын.¹⁰ Ұрланған ядролық материал Қазақстан шекарасынан асып, дүниежүзінің кез келген аймағына жетуі әбден мүмкін еді.

Америкалық саясаткерлер аса қатты уайымдайтын қауіпсіздікке қатер төндіріп тұрған қылмыскерлер мен еңбек шартына наразы

қызметкерлер ғана емес еді. Ядролық бомбамызды жасасақ деп армандайтын өзге елдердің елшілері кез келген уақытта Қазақстанның есігін қағуы мүмкін еді. Совет Одағы құлаған бетте Тегеран плутоний өндіретін БН-350 жылдам нейтрон реакторы орналасқан Ақтау қаласында Иран консулдығын ашқысы келді. Қазақ өкіметі Иранның ұсынысын қабылдаған жоқ,¹¹ тек Иран кейін талай рет осы өтінішін қайталады. Орталық барлау басқармасы Иран ядролық материал іздеп, Қазақстандағы ядролық нысанға жауапты шенеуніктерге талай рет жолыққанын біліп отырды. 1992 жылы Иран Үлбі металлургия зауытынан аса байытылған уран сатып алмақ болды.¹² Америкалықтар сол кезде зауытта 600 килограмға жуық аса байытылған уран бар екенін (жиырмадан астам ядролық бомба жасауға жетеді), зауыттың есігіне қарапайым құлып қана салынғанын білмейтін. Аса байытылған уран сатылды деп ресми құжат жасамаған күннің өзінде қауіпті материал оп-оңай жоқ болып кетуі ықтимал еді.

ЯДРО САЛАСЫНДАҒЫ БІЛІМ МЕН НЫСАНДАР

Ядролық нысанда істейтін, жалақысыз қалғанына ашынған қызметкерлер материалды ғана емес, білімін де сатуы мүмкін еді. Совет Одағы ыдырар алдында мемлекеттік хатшы Бейкер Принстон университетінде сөйлеген сөзінде соны ескертеді:

Оруэллдің «1984» кітабында айтылған сұмдықтар қайталанбас, ал 1994 жылдың сұмдығы – Саддам Хусейн немесе Моаммар Қаддафи әскери бөлімшеден қару алмаққа немесе жұмыссыз қалған инженерлерден дайын жобаны сатып алу үшін қара нарыққа жүгінеді. Совет ғалымдары мен инженерлерінің талантын өзге елдер қауіпті әскери бағдарламасына қолданбаса екен дейміз.¹³

Мысалы, совет ядро саласының мамандары Солтүстік Корея мен Иранға барып жұмыс істеуі мүмкін. Ядролық қаруды таратпау жөніндегі АҚШ сарапшысы Уильям Поттер ескерткендей, «автобус жүргізушісінікінен аз жалақы алатын совет ядрошы-инженерін ядролық қаруы бар елге айналсақ деп армандайтын ауқатты мемлекет өзіне тартуы мүмкін».¹⁴

Қазақстанның ядрошы мамандары ядролық қаруды жасау мен жөндеу жағын жақсы білмейтін, бірақ өз республикасындағы ядролық нысандарға қатысты тәжірибесі болған. Кейін олар алған білімін пайдаланып, ядролық материал өндіруге машықтанды, Өскемендегі Үлбі металлургия зауыты мен Ақтаудағы плутоний реакторында жұмыс істегендер көп тәжірибе жинады. Басқаша айтқанда, Қазақстандағы техник мамандар ядролық қару туралы көп білмесе де, олардың ядролық қаруға ең қажет зат – ядролық материал туралы білетіні көп еді.

Өскемен мен Ақтаудағы нысандарға қоса, Қазақстанның ауқымды ядролық инфрақұрылымына Семейдегі полигон мен Капустин Ярдың бір бөлігі (Ресей мен Қазақстан аумағын алып жатқан полигон) кіретін, бейбіт сынақ жасауға арналған Азғыр, Лира және Сайөтес полигондары да болды. Қазақстанда өзге де әскери және қару жасауға арналған нысандар бар еді. Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы әсем Балқаш көліне жақын Сарышаған сынақ алаңында әскерилер зымыранға, спутникке қарсы қорғаныс жүйелерін сынақтан өткізді. Жыл бойы күн сәулесі түсіп тұратын және ауданы 480 шақырымнан астам адам қоныстанбаған аумақ осындай сынаққа ең қолайлы жер еді. Совет Одағы алғашқы зымыранға қарсы жүйесін Сарышағанда сынағанда, Совет басшысы Никита Хрущев бүкіл әлемге жар салып, «Енді бізде ғарыштағы шыбынды атып түсіретін автоматтандырылған зениттік және зымыранға қарсы жүйе бар!» деп мақтанды.¹⁵ Арал теңізіндегі Барсакелмес аралыда совет ғалымдары ашық аспан астында биологиялық қаруға сынақ жүргізді. Қазақстанның солтүстігіндегі құпия қала Степногорскідегі биологиялық қару шығаратын зауыт жылына 300 тонна антракс (түйнеме, топалаң) өндіретін. Ғарышқа сапар шеккен алғашқы адам Юрий Гагарин Қазақстанның Сырдария өзеніне таяу маңда орналасқан Байқоңыр ғарыш айлағынан әуеге ұшты.

Осы жаппай қырып-жою қаруына қатысты деректер, тәжірибе мен Қазақстандағы инфрақұрылым Америка басшыларына уайым болды. Олар бәрінен бұрын ядролық қару қорына қатты алаңдады.

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ЯДРО БОМБАЛАРЫ

Тамыз төңкерісінен кейін бірнеше апта өтті. Одақтас республикалар Мәскеуден бөлінуге бел бұған шақта америкалықтардың ядролық қаруға қатысты уайымы күшейе түсті. Олар «Оңай тасымалданатын тактикалық ядролық қаруды кім бақылайды?» деген сұраққа жауап іздеді. Ал АҚШ-қа шабуыл жасау үшін зымыранға артып жіберетін стратегиялық ядролық қаруды кім басқарып отыр?

Совет Одағында сепаратистік пиғыл күшейіп, халықтың көңіл-күйі нашарлаған сайын АҚШ-тың күдігі арта түсті. Мәскеудегі АҚШ елшісі Роберт Штраус былай дейді:

Тамыз төңкерісі нәтиже берген жоқ, халық пен билік сол кезде бір серпіліп, келешекке сеніммен қарағандай болып еді, ол қуаныш ұзақ болмады. Одан кейінгі екі айда орталық биліктің ықпалы жоғалып, республикалар арасында сепаратистік пиғыл күшейе түсті. Республикалар бірінен соң бірі тәуелсіздік алуға ниетті екенін, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болғысы келетінін және өз қарулы күшін құрғысы келетінін білдірді, мұндай жағдайда Совет Одағының өзіміз

билетін моделі қаншалықты сақталатыны беймәлім еді. Нақты билік республикаларға өтті, тек республикалардың өзінде ауызбірлік жоқ, пікір қайшылығы көп болды.¹⁶

Ресейдегі жоғары лауазымды шенеуніктер мен әскерилер Америка елшілерінің көңілін орнықтыру үшін «совет ядролық қаруын орталықтағы билік өзі басқарады» дейді. Америкалықтар оған илана қойған жоқ.¹⁷

Олар «Қазақстан басшысы Назарбаев еліндегі ядролық қаруды басқаруды өз қолына алмақ па?» деп толғанды. Совет Одағындағы ядроға байланысты қатерді бағалайтын Харвард тобының мүшесі Грэм Эллисон Назарбаев туралы былай дейді:

Қазір ол Қазақстанды ядролық қаруы бар мемлекет деп ойлайды, тек сол ойының қайсы шын, қайсы қиял екенін ажырата алмайтын сияқты. Алдыңғы аптада Ресей Одақ құрамынан шыққан кез келген республиканың аумағына таласа аламыз дегенде, Назарбаев саналы түрде «Қазақстан аумағына таласу соғыс оты тұтануына себеп болуы мүмкін» деп мәлімдеді. Ол Қазақстандағы ядролық сынақ полигонын жергілікті экологтардың ұзаққа созылған наразылығынан кейін ғана жапты. SS-18 (АҚШ-ты атқылай алатын зымырандары бар) орналасқан Қазақстанның солтүстік-батыс өңірлерінде негізінен орыстар тұрады, сондықтан тәуелсіз Ресей мен тәуелсіз Қазақстан арасында дау тууы мүмкін екенін де Назарбаев жақсы түсінеді.¹⁸

Эллисон «Постсоветтік басшылар нені таңдауы мүмкін?» деген сұраққа пессимистік сарында жауап береді:

Кез келген тәуелсіз шағын мемлекет үлкен мемлекетпен көрші болғанда, аумақ пен этносқа қатысты дау, оның соңынан қауіпсіздік мәселесі туады. Іргесінде ядролық қаруы бар үлкен мемлекет барын біле тұра, ешбір саясаткер өзінің ядролық қаруынан бас тартпайды. Оған солай істе деп ешбір стратег кеңес бермейді, олар нақты мүддесін түсінгенде, елінде бар ядролық арсеналдың кез келгенін сақтап қалуға тырысады.¹⁹

Бұл кезде мұхиттың ар жағындағы қазақ басшылары да Эллисон болжаған мәселеге бас қатырып жатқан еді.

ЯДРОЛЫҚ ҚАРУҒА ҚАТЫСТЫ ҚАЗАҚСТАН ДИЛЕММАСЫ

Америка басшылары қазақтар мұраға алып қалған ядролық қаруға қатысты қандай шешім шығарады екен деп болжауға тырысты, ал бұл кезде

Қазақстан (Совет Одағы тараған соң) экономикалық және әлеуметтік дағдарысқа ұшырады.²⁰ Тәуелсіздік алған жас мемлекет азық-түліктен тапшылық көрді, дүкен сөрелері қаңырап бос қалды. Жұрт нан құрлы ең қажет өнімді алу үшін ұзақ кезекке тұратын. Мемлекет қазынасы босап қалды, жұрт жалақысын айлап күтетін. Саяси тұрғыда жас қазақ өкіметі институтының бәрін қайта құруы керек еді. Совет Одағы үмітті ақтамай, құлап қалды, Мәскеумен қарым-қатынас әлі белгісіз, осының бәрінен қазақ басшылары сергелдеңге түсті. Ядролық бағдарлама сол көп мәселенің бірі ғана еді, дегенмен Қазақстан басшылығы бұл мәселе өзгесінің бәрінен маңызды екенін түсінді.

Жағдайды одан бетер қиындатқан бір жайт – Қазақстан саясаткерлері ел аумағында қандай ядролық материал қалғанын білмейтін. Ресейдің ядро саласына қатысты әрекетін болжау қиын, Мәскеуге ықпал ету тетіктерін де анықтап алу керек. Ядролық қару егемендік алған Қазақстан аумағында болса да, оны іске қосу тетігі әлі күнге дейін Ресейдің қолында еді.

Ядролық қаруға қатысты дилемма қаншалықты өзекті екенін Қазақстанда үш-төрт адам ғана біліп, түсінетін және бұл дилемманың шешімін солар ғана қарастыратын. Барлық мәселенің соңғы нүктесін президент Назарбаев өзі қоятын және бұл мәселе жөнінде кеңесшісі Төлеген Жүкеевтің сөзіне құлақ асатын. Мұнай инженері мамандығы бойынша білім алған Жүкеевтің Коммунистік партия қатарындағы карьерасы 1970 жылдардың ортасында басталған. Есте сақтау қабілеті өте мықты зиялы тұлға кейін Қазақстан мен АҚШ арасында ядролық қару мәселесіне қатысты келіссөз жүргізеді. Келіссөз жүргізу шеберлігіне бола америкалық әріптестері оны «Қазақ Киссинжері» деп атаса болғандай еді.²¹

Қазақстан тәуелсіздік алған соң, Сыртқы істер министрлігі құрылып, онда қызмет атқаратын бірнеше дипломат қажет мәліметтерді жинап, беріп, Назарбаевқа қызмет бабындағы хат жазатын, алайда президентке күнде кіретін Жүкеевпен ешқайсы бәсекелесе алмайтын. 1990 жылдар басында АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі болған Уильям Кортни сол кезеңді былай еске алады: «Ядролық қарудан бас тарту мәселесі бойынша негізгі шешімді Назарбаев пен Жүкеев шығарды. Менің білуімше, бұған сыртқы істер министрін араластырған жоқ. Назарбаев мені Жүкеевпен сөйлестірді. Ядролық қару мәселесі туралы сыртқы істер министрімен сөйлескен емеспін».²² Қорғаныс министрі бірнеше айдан соң, 1992 жылғы мамырда ғана тағайындалды, сондықтан Қазақстанның ядролық қаруға қатысты саясатында оның да рөлі болған жоқ. Енді бой түзеп келе жатқан Жоғарғы кеңес әлі осал еді, ол ядролық қару мәселесін күн тәртібіне шығарып, талқылаған емес.

Ядролық қару мәселесі бойынша тәуелсіз саяси кеңес алуға болатын жалғыз мекеме жаңа құрылған Стратегиялық зерттеулер орталығы болатын. 1993 жылы ол кеңейіп, Қазақстан Республикасы президенті

жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты деп аталды. Әкем Өмірсерік Қасенов басқарған орталық ядролық қару мәселесін шешуге ықпал ете алатын жалғыз сараптама ұйымы еді. Қасенов Совет Одағындағы элитаға арналған білім ордасы саналатын дипломатия институты – Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтында оқыған. Ағылшын тіліне жетік және халықаралық қатынас мәселелерін жақсы түсінетін Қасеновтің өкіметке арнап әзірлеген саяси жазбаларында ядролық қаруға қатысты Қазақстан дилеммасы халықаралық контексте қаралды.

Қазақстан осы шешуші сәтте совет ядролық қаруына қатысты мәселеде көптеген сарапшы мен саясаткерден құралған ведомствоаралық топтың қызметіне жүгінген АҚШ сияқты емес, азын-аулақ адамның пікірін тыңдайтын. Жаңа мемлекет құруға атсалысып жүрген де сол азғантай адамдар тобы еді.

ҚАУІПСІЗДІКТІ СЕЗІНУ

Тарихқа сүйенсек, мемлекеттер осалдығын сезінгенде, ядролық қару жасауға тырысады, әрі сол қару қауіпсіздікке кепілдік береді деп, кейін одан айырылғысы келмейді. Тәуелсіздік алған жылдары Қазақстан да тым осал екенін білетін. Совет Одағынан кетіп, тәуелсіз ел екенін жариялағанға дейін Назарбаев Одақты басқа үлгіде болса да сақтап қалуға тырысып бақты, өйткені Қазақстанның тыныс-тіршілігі совет нарығына тәуелді еді, өзге республикалармен экономикалық байланысы үзілмеген болатын. Совет экономикасы әу баста одақтас республикаларды бір-біріне кіріптар етіп қойған: Қазақстанның өнеркәсіп кәсіпорындары қосалқы бөлшекті, технологиялар мен материалдарды өзге республикалардан алатын және өз тауарын соларға сататын. Одақ ыдырайтыны анық болған соң, Қазақстан тәуелсіздігін жариялап, ендігі жерде басшылар мемлекетті күшейтіп, егемендікті сақтап қалуға тырыса бастады.

Тәуелсіздік алғанымен, дербес қарулы күші әлі қалыптаспаған, мемлекеттік институттары әлсіз, ұлттық шекарасы шегенделмей, шартты түрде ғана көрсетілген Қазақстан Ресей мен Қытайдан қауіптенетін. Ресейдің жаңа басшысы Борис Ельцин Ресей Федерациясын Совет Одағынан бөліп әкетіп, одақты тезірек ыдыратуға ықпал еткенімен, кейбір ресейліктер Совет Одағы құлағанына намыстанып, өзге республикалар уысымыздан шығып кетті деп қапаланды. Қарқынды дамып келе жатқан Қытай өсімді жылдамдату үшін Қазақстанның байтақ жері мен ресурсына қызығуы мүмкін еді. Қазақстанның өзге көршілері – Орталық Азия елдерінің де алдынан саяси және экономикалық проблемалар шықты. Олар мемлекеттігін сақтай алмаса немесе басқа бір елеулі жағдайға тап болса, бүкіл аймақ жапа шегер еді.

Қазақстанға бұрын ықпалын жүргізген мемлекет ретінде Ресей ең қауіпті көрші саналды. Қазақ басшылары Мәскеу Қазақстанның егемендігін мойындамай қояды, тіпті жерімізге көз алартуы мүмкін деп қорықты. Қазақ тарихындағы қасіретті кезеңдер – XVII ғасырдан бастап бодан болғаны, жетпіс жыл бойы Мәскеу билігіне бағынғаны, 1920–1930 жылдары алашордашылардың тәуелсіздікке ұмтылысы басып-жаншылып, қанды қырғын болғаны, 1930 жылдар басындағы Сталин жасаған ашаршылық, 1986 жылғы қозғалысты Мәскеу күшпен басқаны, тағы басқа оқиғалар алаңдатпай қоймайтын. Совет өкіметі Қазақстанға керегін алып, білгенін істеп, қалауынша пайдалануға болатын жер деп қарады: бағалы табиғи ресурстарын қазып әкетті, ядролық сынақ орнына айналдырып, қоршаған орта мен халықтың денсаулығына зиян келтірді. Қазақтар қару-жарағы сақадай сай тұрған көршісінен қорғану үшін не істей алады? Әлбетте, біраз адамның ойына келген жалғыз жауап: аумағында бар ядролық арсеналын сақтап қалуы керек.

Десек те, Қазақстан қоғамы қатты орыстанып кеткен еді. Халық құрамында түбі қазақ азаматтар аз болатын, қалалық жерде тұратын қазақтардың көбінің тілі орысша шыққан. Хрущевтың Солтүстік Қазақстандағы бұрынғы жайылым жерлерді жыртып, астық алқабына айналдыруды көздеген тың игеру науқаны барысында 1950 жылдары 2 миллион орыс, украин және белорус көшіп келген. 1990 жылдар басында Солтүстік Қазақстан тұрғындарының 60 пайыздан астамы славян ұлт өкілдері болатын.

Ресейде ұлтшылдар мен ымырасыз саясаткерлер Совет Одағы құлағанына көндіге алмай, көзі қарауытып, Қазақстанның мемлекет болып қалыптасуына кедергі жасауға тырысты. Олар Қазақстанның «өз тарихы жоқ, басында Ресейдің, кейін Совет Одағы сияқты империяның бір бөлігі болып қана келген» деп мәлімдеді.²³ Тіпті совет кезеңін қатты сынап, Сталинге қарсы пікір айтқаны үшін Қазақстанның Екібастұз қаласындағы еңбек лагерінде жазасын өтеген әдебиеттен Нобель сыйлығының иегері, жазушы Александр Солженицыннің өзі Қазақстанның мемлекеттігіне күмән келтіргендерге қосылды:

Қазақстанның қазіргі алып аумағын коммунистер кездейсоқ жасап берді, ол оңтүстік Сібір мен оңтүстік Орал аймақтарынан құралған аумаққа еңбекпен түзеу лагерінде жазасын өтеген орыстар мен қуғынға ұшырағандар тұратын орталық аудандарды да қосып бере салды.²⁴

Солженицын этник қазақтар саны өте аз деді:

Қазір Қазақстанның байтақ жерін мекендеп отырған қазақтар саны бүкіл халықтың жартысынан аз. Олар Қиыр Шығыстан басталып,

батыстағы Каспий теңізіне дейін ұласып жатқан оңтүстіктегі үлкен доға бойында шоғырланған, қазақтардың көбі осы жерде тұрады. Осы шекарасын алып қалғысы келсе, мен оларға «Құдай жолыңды оңғарсын» демекпін.²⁵

Орыс ұлтшылдары «орыстар көп қоныстанған Қазақстан жерін Ресей аумағына қосу керек» деп ашық талап етті. Қазақстан ішінде «Русь» деп аталатын сепаратистік топ «Қазақстанның солтүстігіндегі Өскемен қаласын Ресей аннексиялап алсын» деп үндеу тастады.²⁶

Неоимпериалистер арасында Ресейдің Либерал-демократиялық партиясының бәләқор басшысы Владимир Жириновский ерекше көзге түсті. Қазақстанда туып, 1960 жылдары Ресейге кеткен Жириновскийдің әкесі еврей, шешесі орыс болатын. Беталды сөйлейтініне бола жұрт оған «сайқымазақ», «фашист» деп ат қойған, дегенмен Ресей саясатында санасын ұлтшылдық улаған жалғыз Жириновский емес-тін. Орыс ұлтшылдары арасында өзге ұлттарды кемсіте сөйлеу жиі кездеседі, оның үстіне, 1991 жылы Жириновский 6 миллионнан астам дауыс жинап, президент сайлауында үшінші тұрған.

Орыс ұлтшылдарының қазақ жеріне көз тіккені республикада алаң тудырды. Назарбаев ұлтшылдардың әдісін «әдепсіздік» қана емес, «өте қауіпті әрекет әрі арандату» деп атады.²⁷ Ресей Жоғарғы кеңесі депутатының «Гурьев (1991 жылы Атырау болып өзгерді) және Целиноград (1992 жылы Ақмола болды) облыстары – ежелгі орыс жері» дегеніне Назарбаев былай деп қарсы жауап берді:

Қазақстанның (және өзге республикалардың) шекарасына қатысты осындай пікір айтудың аяғы қантөгіске ұласады. Соны білгендеріңіз жөн. Кей адам Назарбаев қорыққанынан «доскөңіл» болып, Қазақстан жерін тартып алуға жол береді деп ойласа – қатты қателескені.²⁸

Қазақ басшылары іштей Ресей кез келген уақытта бұрынғы одақтас республикалардың шекарасына таласуы мүмкін деп қауіптеніп жүрді. Ондаған жыл өткен соң, 2014 жылы Ресей Қырымды аннексиялап, Шығыс Украинада соғыс ашқаны сол қауіп бекер болмағанын көрсетті.

Мәскеуде жағдайды бақылап отырған Ресейдегі АҚШ елшісі Роберт Штраус қарама-қайшы көзқарастар болды дейді: «Ресей саясаткерлері Орталық Азияға не империялық даңқының күлін көкке ұшырған аймақ деп қарайды, не Ресей жетпіс жыл бойы ресурс құйған «егеуқұйрық ініндей» көреді. Орталықазиялықтар орыстың шовинизмі мен «бөліп ал да, билей бер» деген ұстанымына қырын қарайды».²⁹

Қазақстан жеріне қатысты мәселе туғанда, Қытай да алаңдатпай қоймады. Бір жағынан, Совет Одағы тараған соң, Қазақстан Совет-Қытай

шекара дауының мұрагері болып қалды. Қазақстан мен Қытай арасындағы шекара нақты белгіленбеген болатын, Қытай оқулықтарында талай ғасырдан бері қазаққа тиесілі жердің біраз бөлігі Қытайдың жері деп жазылған. Ол жақтағы халық санына да қазақтар уайымдайтын. Қазақстан халқы салыстырмалы түрде аз – небәрі 16 миллион адам еді, демек, оның байтақ жерінің біраз бөлігі бос қалады, ал Қытай халқының саны жыл сайын 13 миллион адамға көбейіп жатыр, жер мен табиғи ресурстар және азық-түлік тапшылығы артып келеді. Сондықтан саясаткерлердің кейбірі Қытай сол қажетін өтеу үшін Қазақстан жеріне көз алартады деп қорықты. Қазақ шенеуніктері Қытайдан келетін қауіп туралы ашық айтпауға тырысқанымен, қазақ ұлтшылдары мен Қазақстанның сараптама қоғамдастықтары бұл тақырыпты қозғап қойып отырды.

Ядролық арсенал жайында сөз болғанда, осындай сыртқы қатерлерге қарап-ақ, Қазақстан өз аумағындағы ядролық қаруды сақтап қалуы керек болып көрінетін. Алайда ішкі жағдай оған қайшы шешім шығаруға итермеледі.

ЕЛ ІШІНДЕГІ САЯСАТ

1990 жылдар басындағы Қазақстан ішкі саясатының басты ерекшелігі – Совет Одағынан қалған әдіспен бір орталықтан шешім шығару болды. Дүниежүзінің өзге елдерінде саяси жетекшілер, ядролық өнеркәсіп өкілдері, әскерилер мен өзге де топтар елінің ядролық қару саласындағы саясатына үлес қосып, саяси шешімге ықпал ете алатын. Ал Қазақстанда Назарбаев қасындағы бір шоғыр саяси элитамен ғана ақылдасып, шешім шығарды.

Қазақстанда ядролық қаруды қолдайтын дауыстар естілген жоқ. Қазақ басшыларын совет ядролық қаруын сақтап қалуға немесе қолда бар ядролық материал мен білімді пайдаланып, ядролық қару бағдарламасын дамытуға үгіттейтін ұйымдасқан саяси мүдделі топтар болған жоқ. Ядролық қаруды қолдайтын ғылыми немесе техникалық мекеме де болған жоқ. Совет Одағы тараған соң совет ядро саласы ықпалынан айырылды. Совет республикалары арасындағы өндіріс тізбегі бұзылған соң, Қазақстандағы ядро нысандарының жұмысы тоқтады немесе банкрот болды, соның ішінде уран өндіретін, ядролық материалдар жасайтын және ядролық отын құрамдастарын шығаратын нысандар да тоқтады. 1990 жылдардың ортасына дейін өнеркәсіп мардымды жұмыс істеген жоқ. Қазақстанның ядролық қару бағдарламасы совет ядролық кешенінің маңызды бөлшегі еді әрі Қазақстандағы мамандар ядролық материал туралы көп білгенімен, олардың қолында ядролық қару жасауға және оны басқаруға қажет жабдық пен техникалық білім болған жоқ.

Ядролық қаруы бар өзге елдердің тарихына шолу жасасақ, ядролық қаруға қатысты пікірталаста әскери қызметкерлердің пікірі елеулі

болғанын байқаймыз. Ал сол кезеңдегі Қазақстанда әскири органдар әлі жеке құрылымға айналмаған еді. Совет Одағы ыдыраған соң, Қазақстанда орналасқан совет әскери бөлімшелері тарап кетті немесе Ресейге көшті, ал өзге совет республикаларынан келген әскерилер еліне қайтты.

Қазақстандағы ядролық қаруды сақтайық деген ұлтшыл қозғалыс өкілдері мен жекелеген қоғам қайраткерлері көп болған жоқ және олар көпке ықпал ете алмады, дегенмен арасында қатты айтқандар болды. Мысалы, қазақ тарихшысы Бүркітбай Аяғанов ядролық қаруды сақтап қалу керек екеніне нық сенімді болды. Ол Совет Одағының осалдау формасына айналған ТМД ұйымында «ядролық қаруды басқару және бақылау жөнінде нақты ұстаным жоқ» деп сын айтты. Ол Ресейдің келешектегі саясатын болжау қиын деп, Ресей Жоғарғы кеңесінде жиі талқыланған Қырымды қайтару мәселесін ескертті. Аяғановтың пікірі бойынша, «осындай жағдайда арсеналды бекер жұмсамай, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Қазақстан ядролық қаруы бар елдер клубына қосылуы керек».³⁰

Ғалым «ядролық қаруын сақтап қалса ғана Қазақстан өзге егемен елдермен терезесі тең болады» деп сенді. «Ядролық қаруын жоймаса, Қазақстан бейбітшілік сүйетін, жауапты мемлекет имиджінен айырылады» деген пікірге келіспеген Аяғанов былай дейді: «Ядролық қаруы болса да, Франция мен Ұлыбритания өркениетті елдер саналады... оларды бәрі сыйлайды».³¹

Ол «Қаруды алып қалудың экономикалық және әлеуметтік пайдасы да бар, республика қазынасы босап қалған кезеңде қаруды басқа жерге көшіруге қаражат жұмсау ақшаны желге шашу болады, оны тұрған жерінде қалдыру экономикалық тұрғыдан тиімді» деді. Уран өнеркәсібінде істеген қызметкерлер мен олардың отбасы туралы айтқан Аяғанов «Олар енді не істейді, қайда барады?» деп сұрайды.³² Қазақша басылымдардың көбі ядролық қарулануды қолдайтын осыған ұқсас пікірлерді жариялағанымен, Қазақстан өзге республикалар (соның ішінде Украина да бар) сияқты қарсылық таныта алмады. АҚШ Мемлекеттік департаментінде постсоветтік істерге жауапты болған Ларри Нэппер былай дейді: «Назарбаев Қазақстан ішіндегі жағдайларды уысында ұстады, Украина президенті Кравчук ондай қатал бола алмады».³³

Қазақстанда саяси топтар жоғынан да маңызды бір мәселе ядролық қаруға қарсы қоғамдық пікірдің үстемдігі еді. Қырық жыл бойы ядролық сынақ жасалған елдің жарасы әлі жазылмаған, қоршаған орта мен денсаулыққа зиянын халық әлі ұмытпаған. Ядролық қару дегенде Қазақстан халқының есіне ондаған жылға созылған радиациядан ластану, жер астындағы ядролық сынақтардан болған жер сілкінісі, емі жоқ дерттер мен кісі өлімі шектен тыс көбейгені түсетін.

ӘЛЕМНІҢ ЖАҢА ӨКІЛІ

Қауіпсіздік пен ел ішіндегі мәселелерден бөлек, қазақ басшылары ядролық қару мәселесін қарастырғанда Қазақстанның халықаралық аренадағы беделін де ойлады. Сол кездегі Қазақстандағы көңіл-күйді сипаттаған Төлеген Жүкеев былай дейді: «Біз өзгелер тыжырына қарайтын оңбаған ел болғмыз келген жоқ».³⁴

Совет Одағының қарамағында болған жетпіс жылда Қазақстанның баржоғын ешкім білмейтін. Ағылшын тарихшысы Кристофер Роббинстің айтуынша, Қазақстан «жоғалып кеткен жер» сияқты еді.³⁵ Корей түбегінен Жерорта теңізіне дейін сауда-саттық жасайтын керуен жолы болған Ұлы Жібек жолы Осман империясы тұсында жабылып қалған. Большевиктер революциясынан бастап 1991 жылға дейін Орталық Азия республикаларын совет өкіметі «жұтып қойды». Сынақ алаңдары мен басқа да әскери нысандар салынған Қазақстанды шетелдік саяхатшыларға көрсетпейтін.

Қазақстан дүниежүзіне Мәскеу арқылы ғана шыға алатын. Тура айтқанда да, тұспалдап айтқанда да, жағдай осындай болатын. Қазақстан астанасы Алматыдан бір де бір халықаралық рейс ұшпайтын. Қазақстан халқы шетелге сирек шығатын, ондайда халықаралық рейстерге отыру үшін Мәскеуге баратын. Қазақстан жерінен өндірілген пайдалы қазбадан түсетін табыс әуелі Мәскеуге жөнелтілетін, сол жақта қалай жұмсалатыны ұйғарылып, аз бөлігі Қазақстанға қайтарылатын.

Сыртқы әлем, тіпті, Қазақстан мен Орталық Азия халықтарының ұлтын білмейтін. Ресми түрде Совет Одағы ұлтаралық үйлесім бар дегенімен, славян емес ұлттарды әрдайым кемсітіп, төменгі санатқа қоятын, Совет Одағы ішінде де, сыртқы саясатта да солай еді. Үгіт-насихат буклеттерін айтпағанда, совет халқының үштен бірінен астамы славян емес ұлттар болса да, саяси және экономикалық дискурста олар мүлде көрінбейтін. Совет азаматтық авиациясының флагманы саналатын «Аэрофлоттың» жарнама материалдарында славян келбетті ұшқыштар мен бортсеріктер ғана бейнеленетін.

Халықаралық қауымдастықпен арасын бөліп тұрған дуал құлаған соң, Қазақстан БҰҰ, Дүниежүзілік банк, Халықаралық валюта қоры сынды түрлі халықаралық ұйымға мүше болуды көздеді. Совет Одағы ыдырап, республикалар арасындағы байланыс үзілген соң, шатқаяқтап қалған экономиканы көтеріп, реформа жасау үшін сондай қадамдар болуы керек еді. Қарапайымдап айтқанда, Қазақстан тікелей шетел инвестициясына, шетел тәжірибесі мен озық технологияларына қол жеткізуге тиіс болды.

Дамыған елдерді қызықтырып, шетелдік ресурстарға қол жеткізу үшін қазақ басшылары республиканың әлемдік қауымдастық алдындағы рөлі маңызды болуы керек екенін түсінді. Ядролық қарудан бас тарту сол рөлге әбден лайық болатын. Бәске тігілген нәрсе тым көп еді. Қазақстан жері

мұнай мен газға және басқа пайдалы қазбаларға бай, дүниежүзілік нарықта оларды шетел валютасына сата алады. Тек ресурстарын тиімді пайдалану үшін Қазақстанға шетелдік инвесторлар мен олардың тәжірибесі керек.

Қазақстанның мұнай ресурсының ішіндегі ең маңыздысы Теңіз мұнай кен орны еді, әлемдегі мұнайға бай алтыншы кен орны саналатын жерде шамамен 25 миллиард баррель қор бар деп болжанды. Кремль Теңіз мұнайын өндіру жөнінде АҚШ компаниясымен бірнеше жыл бойы келіссөз жүргізіп келген. Енді тәуелсіз Қазақстан Американың мұнай алыбы *Chevron* компаниясымен тікелей келіссөз жасап, Теңіз мұнайын өндіріп, Қазақстан экономикасына қажет қаржыны тапқысы келді.

Қазақстанда мыс пен уран сияқты өзге де табиғи ресурстар қоры жеткілікті болған, оның бәрін Қазақстан экономикасын дамытып, күшейту үшін сатуға болатын. Мұнай мәселесі сияқты, бұл ресурстарды сату үшін де мемлекет халықаралық инвестиция тартып, технологиясын меңгеріп, шетелдік нарыққа шығу жолын табуға тиіс еді. Қазақ басшылары Қазақстан дүниежүзілік экономикаға кірігуі үшін ядролық қарудан бас тартуы қажет болатынын ұқты.

ЖАҒАНДЫҚ ЯДРОЛЫҚ ТӘРТІП

Қазақстанның тікелей мүддесінен тыс түсініктер де мемлекеттің шешім шығаруына ықпал етті. Қазақстанның Стратегиялық зерттеулер институты халықаралық ядролық алаңдағы оқиғаларды мұқият бақылай келе, Қазақстанның ядролық мәселеге қатысты шешімі Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа (мемлекеттердің ядролық қаруға қатысты іс-қимылының ережесін жазатын жалғыз халықаралық шарт) үлкен ықпал етеді деген ой қорытты.

1968 жылы АҚШ пен Совет Одағы арасында жасалған шарт әлемді ядролық қаруы бар мемлекеттер және ядролық қаруы жоқ мемлекеттер деп екіге бөлетін. Шарт бойынша, 1967 жылға дейін ядролық сынақ жасаған мемлекеттер – Франция, Қытай, ССРО, Ұлыбритания мен АҚШ қана ядролық қаруы бар елдер бола алады. АҚШ, Совет Одағы мен Ұлыбритания Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа өзгелерден бұрын қол қойды. 1967 жылға дейін ядролық қаруды сынаған тағы екі мемлекет – Қытай мен Франция шартқа 1992 жылы ғана қосылды. Дүниежүзінің өзге мемлекеттері шартқа ядролық қаруы жоқ елдер ретінде қосылды.

Шарт бойынша үлкен келісімдер жасалды. Ядролық қаруы бар елдер қаруы жоқ елдердің бейбіт ядролық технологиясын дамытуына көмектесеміз деп уәде берді, ақыр аяғында өздері де қарудан құтылуға міндеттелді. Ядролық қаруы жоқ елдер ешқашан бомба жасауға ұмтылмаймыз деп уәде етті.

1992 жылы Қазақстан сарапшылары Қазақстанның ядролық қаруға қатысты келешегіне болжам жасағанда Ядролық қаруды таратпау туралы

шарт күші сақталатынына сенімді болған жоқ. 1995 жылы Нью-Йоркте Ядролық қаруды таратпау туралы шарт жөнінде конференция өтеді деп жоспарланды, ол жерде мүше елдер шартты белгісіз мерзімге созамыз ба, шектеулі мерзімге ұзартамыз ба, әлде күшін жоямыз ба деген мәселені қарастыруға тиіс болды. Тек Стратегиялық зерттеулер орталығы мамандары конференцияға дейін-ақ шарт тым осал екені байқалды дейді. Мысалы, Қытай мен Франция 1992 жылы Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қол қойғанша ядролық қаруы бар алпауыт елдерге қойылатын шектеуден азат болған. Қытай Қазақстан астанасынан 1100 шақырым жердегі Лобнор сынақ алаңында ядролық қару сынағын доғарған жоқ. Қазақстанның аймақтас көршілері, ядролық қаруы бар Үндістан мен Пәкістан қару сынағын тоқтатуды ойлаған да жоқ, Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа ядролық қаруы жоқ мемлекет ретінде қосылған да жоқ. (Ядролық қаруы бар мемлекет ретінде де шартқа қосыла алмайтын, себебі екеуі де 1967 жылға дейін сынақ өткізбеген: Үндістан 1974 жылы «бейбіт ядролық сынақ» өткізді, ал Пәкістан ядролық қару жасауды 1970 жылдары ғана қолға алды).

Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың келешегі қаралған Шолу конференцияда қаруды таратпауды шектеулі немесе шексіз мерзімге ұзартамыз десе де, оның басты кемшіліктері (Қазақстан жері оны анық сезінді) жойылмас еді. Аталған қиындықтардан бөлек, өзге елдерге ядролық қарудан құтылуды тартымды етіп көрсетуге тырысқан келісім сол ядролық қарусыз болудың тартымдылығын қамтамасыз ететін «теріс қауіпсіздік кепілдігін» заңда міндеттей алған жоқ. Нақты айтқанда, Ядролық қаруды таратпау туралы шартта ядролық қаруы бар елдерді қаруы жоқ мемлекеттерге қарсы ядролық күшін қолданбауға немесе қолданамын деп қорқытпауға міндеттейтін ережелер болған жоқ.³⁶

Қазақ сарапшылары Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың тағы бір кемшілігі бар дейді. Ядролық қару жасамауға келіскен мемлекеттердің көбі бұл шарт бұрыннан ядролық қаруы бар елдерге басымдық береді десті. 1990 жылдары, шарт күшіне енген соң жиырма жылдан астам уақыт өткенде ядролық қаруы бар мемлекеттер ядролық қарудан біртіндеп құтыламыз деген уәдесінде тұрмады. Ал ядролық қаруы жоқ мемлекеттер қаруды таратпауға қатысты халықаралық қысым күшейгенін сезді, шетін тауарлар мен технологияларды тасымалдауды қатаң бақылайтын болды. Мұндай бақылау ядролық қаруды бейбіт мақсатта қолдануды қиындатты.

Дегенмен шарт қаншалықты әлсіз әрі әділетсіз болса да, Қазақстан одан бас тартуға асыға қойған жоқ, әсіресе шартты ұзарту қаралған кезеңде одан шыққысы келген жоқ. Стратегиялық зерттеулер институтын басқарған Өмірсерік Қасенов «Қазақстан ядролық қаруы бар елге айналса, «ядро табалдырығында» тұрған елдерге қауіпті үлгі болады»

деп ескертті. «Ядро табалдырығында тұрған елдер» деп ядролық қаруды жылдам жасауға қажет материалы бар, тек әлі жасап үлгермеген мемлекеттерді меңзеді, яғни Қазақстанның әрекеті олардың ядролық қаруы бар елге айналғанын ақтайтын тағы бір себеп болар еді. Сондай-ақ, оның пікірінше, ядро нысандары бар Қазақстан ядролық қаруы бар елдер клубына қосылған тағы бір ел болады, сөйтіп жаһандық ядролық тұрақсыздық арта түседі.³⁷

Қазақстандағы ядролық қаруға қатысты шешім шығарған тұлғалар Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа ядролық қаруы жоқ ел ретінде қосылуды қолдауына тағы бір себеп болды. Уранға бай Қазақстан азаматтық ядролық бағдарлама жасағысы келген, сол мақсатта халықаралық көмек алу үшін ядролық қаруы жоқ елге айналмаса болмайтын еді.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЯДРОЛЫҚ КЕЛЕШЕГІ ЖӨНІНДЕГІ БОЛЖАМДАР

Қазақтар ядролық бағдарламаға қатысты нұсқаларды егемендікті сақтап қалу екіталай, экономикалық дағдарыс қысып жатқан, ел ішінде антиядролық көңіл-күй басым кезеңде қарастырды. 5-тарауда Харвард университеті сарапшылары әзірлеген, постсоветтік әлемдегі Ресей мен ядролық қаруы бар үш мемлекеттің ядролық келешегі жөніндегі болжамдарын жазған едік. Сол сияқты Стратегиялық зерттеулер орталығы сарапшылары да Қазақстанға қатысты бірнеше нұсқа ұсынды. Олар Қазақстан басшыларына ядролық қаруды елде қалдыру, ТМД-мен немесе Ресеймен бірлесіп сақтау және ядролық қарудан бас тартқан ел болу сияқты түрлі нұсқаны ұсынып, әр нұсқаның артықшылығы мен кемшілігін көрсетті.³⁸

1-нұсқа: Ядролық қаруды елде қалдыру

Сарапшылардың пікіріне сүйенсек, бұл нұсқаны ұстанған жағдайда Қазақстан қаруын өкімет басқарады, сөйтіп мемлекет ядролық қаруы бар елге айналады. Алайда Совет Одағынан қалған қаруды сақтап отыру бір бөлек, оны іске қосып, пайдалану бір бөлек еді.

Қазақстанда совет ядролық қаруын басқару тетіктері болған жоқ, ядролық қаруға қатысты шешім шығарғандар оны жақсы білетін.³⁹ Қырғиқабақ соғыс кезінде басым көбі славян ұлттан құралған қарулы күштер Қазақстандағы ядролық қаруды өздері басқарды. Қаруды осы күштер қадағалайтын, ал қару мен оны тасымалдау жүйесі сақталған бункерлерді басқару тетігі Мәскеудің қолында болған. Совет Одағы ыдыраған соң, ядролық қару тәуелсіз Қазақстан аумағында болғанымен, оны Ресей әскерилері басқарып отырған. Қазақстан қаруды қадағалауды өз қолымызға аламыз десе, Ресеймен арада қарулы қақтығыс туындауы

мүмкін еді: әлі қарулы күші жоқ, мемлекетігі даулы болып тұрған жас ел үшін бұл өзін өзі құртқанымен бірдей болатын. Сонымен бірге Ресеймен қарым-қатынас нашарласа, сол уақытта Қазақстанда қазақтарға қарағанда орыстар саны көп болғандықтан, екі ұлт арасында азамат соғысы басталуы әбден мүмкін еді.

Тіпті Қазақстан қаруды өзі басқара алды деген күннің өзінде оны іске қосу, жөндеу сияқты жұмыстарды атқара алмайтын. Совет кезеңінен қалған ядролық қаруды басқару жүйесі қазақ өкіметінің қолында болмағанына қоса, оған қызмет көрсету, жөндеу, күрделі жөндеу жасау-тәжірибесі де жоқ болатын. Совет Одағында ядролық қару мамандары негізінен Ресей мен Украинадан келген славян ұлт өкілдері еді.

Теориялық тұрғыда Қытай да, Ресей де Қазақстанға ядролық шабуыл жасаймыз деп қорқыта алатын, тіпті болмаса, кәдімгі әскери қарудың озық түрімен-ақ тиісе алатын. Қазақстан кез келген шабуылда олардың ешқайсына төтеп бере алмас еді. Аумағында қалған совет стратегиялық ядролық қаруы мұхиттың ар жағын атқылауға жарағанымен, Қазақстан қауіп еткен аймақтағы қақтығыста түкке жарамас еді.

Бұған қоса, саясаттанушылардың айтуынша, ядролық қаруды елде қалдыру Қазақстан қауіпсіздігін азайтар еді. Қасеновтің жазуынша, халықаралық қауымдастық, әсіресе Қазақстанның көршілері ядролық қаруы бар Қазақстанды ықтимал қарсылас санауы мүмкін.⁴⁰ Ол былай деп ескертті: «Қазақстан қандай да бір ядролық жанжалға киліксе, ядролық қаруы бар ел ретінде (ядролық қаруы жоқ ел болғанына қарағанда) күлге айналу қаупі көбірек. Тек қорғаныс үшін болса да ядролық қаруды іске қосудың еш мәні жоқ».⁴¹

Саяси сарапшылардың пікірінше, Қазақстан ядролық қару иеленгеннен бір тараптан ғана ұтады. Қазақстанда ядролық қару болғаны «экзистенциал тыйылу» деп аталатын қорғанысты ғана қамтамасыз етеді, яғни өзге мемлекеттер Қазақстанға қоқан-лоқы жасар алдында жақсылап ойланады.

2-нұсқа: ТМД немесе Қазақстан-Ресей бірлесіп басқаруы

Екінші нұсқа бойынша, ТМД елдері немесе Ресей мен Қазақстан ядролық арсеналды бірлесіп басқарады. ТМД бұрынғы совет республикаларынан құралғандықтан, ядролық қаруды бірлесіп басқару Қазақстанның бұрыннан бар қауіпсіздік тетіктерін біртіндеп өз қолына алуына мүмкіндік берер еді. Алайда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының одақ ретінде мәртебесі әлі белгісіз болатын және оған мүше елдердің ұстанымы да әр-келкі болғандықтан, қиындық туды.

ТМД елдері қаруды бірлесіп басқарса, ядролық соққы беру туралы бірлескен шешім шығарудың нақты рәсімдері мен құралдары болуға тиіс еді.

Совет Одағы ыдыраған алғашқы күндері ТМД-ға мүше елдердің бәрі ядролық қаруды қолдану туралы шешімді Беларусь, Қазақстан және Украина президенттерімен келісе отырып Ресей президенті шығарады деп келісті.⁴² Ал техникалық тұрғыда Ресейден өзге үш ел басшысының қолында қаруды іске қосуды тоқтататын тетік болған жоқ, яғни бұл нұсқа бойынша, Қазақстан тосын немесе рұқсат етілмеген ядролық соғысқа кірісіп кетуі мүмкін деген қауіп бар еді.

Қасенов «Ядролық саясатты бірге жасаймыз деп келіскен оңай, оны жүзеге асырған қиын болды» деп қорытады.⁴³ Оның пікірінше, Қазақстан әу баста мақұл көрген ұжымдық қауіпсіздік тетігі уақыт сынынан өтпесе, қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өзге жолы туралы ойлануға мәжбүр болады. Тағы бір нұсқада Ресеймен қорғаныс туралы келісім жасау жөнінде айтылады. Бұл жағдайда қару Қазақстанда қалады, қазақ басшылары өз мүддесіне қарсы жағдайда ядролық қаруды іске қостырмайды. Бұл келісімді іске асыруға болар еді, тек орыс ұлтшылдары шекара мәселесін қайта қарайық деп дау шығарғаннан кейін жағдай өзгерді. 1992 жылғы жазбасында Қасенов былай деп ескертеді:

Саяси және экономикалық тұрақсыздық кезінде большевик империясын қолдаушылар билікке келсе, парадокс болуы мүмкін. Қазақстан Ресеймен қорғаныс жайында шарт жасасты делік, тек Қазақстан аумағындағы қаруды Ресей басқармақ және ел аумағына көз алартып, күш қолданамыз деп қорқытуы мүмкін.⁴⁴

Кейін белгілі болғандай, ТМД елдері қаруды бірлесіп басқарсын деген идея Қазақстан мен Ресей арасында талқыланыпты, тек тараптар оны жарамды нұсқа санамаған. Шамасы, Ельцин «Ресей Қазақстанмен бірге басқаруға келіспейді» десе керек, өйткені ол халықаралық міндеттемені, соның ішінде Ядролық қаруды таратпау туралы шартты бұзу саналып, сөйтіп әлемде теріс пікір тудырар еді. 1994 жылы Қазақстан мен Ресей Қазақстан аумағындағы ядролық қару Ресейге тиесілі деп келісті.

3-нұсқа: Ядролық қаруы жоқ Қазақстан

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап саяси сарапшылар ядролық қарудан бас тарту мемлекеттің өзіне де, халықаралық қауымдастыққа да тиімді нұсқа десті. Бірақ Қазақстан ядролық қаруы жоқ ел болуды таңдаса, өкімет ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістері жөнінде жақсылап ойланып алуға тиіс болды. Өзге мемлекеттер, соның ішінде ядролық қаруы бар елдер «Қазақстанға қатер төндірмейміз, үшінші тараптан қауіп төнсе, көмектесеміз» деп келіскенде ғана ядролық қарудан бас тартуға болатын.

Практикалық тұрғыда техникалық сараптама жасау мәселесі шықты. Қазақстан үшін қаруды сақтап қалудың әуресі жетіп артылатын, ал оны бөлшектеп жою одан бетер проблема болды. Ядролық қаруды басқарып көрмеген мемлекет мұндай жұмысты қалай атқарады, оның қауіпсіздік шараларын ұстана ала ма? (Қауіпсіздік ең басты мәселе болды, өйткені ядролық сынақтан жапа шеккен қазақ халқы радиацияның ластауынан қатты қорқатын). Экономикалық дағдарыс бүйірден қысып тұрған шақта Қазақстан мұндай күрделі жұмысқа қаражатты қайдан таппақ?

Қазақ сарапшылары өкіметке осындай нұсқаларды ұсынды. Қазақстан қай нұсқаны таңдайды екен? Уошиңтон Қазақстанның шешімін екі жыл күтті, ал АҚШ дипломаттары Орталық Азияның жас мемлекетінің шешім шығаруына ықпал етуге тырысты. Бұл кезде Назарбаев, Жүкеев пен азғантай кеңесшілер тобы мемлекет құру әдістерін қарастырып жатқан. Екі жылға созылған кеңесу нәтижесінде келісім жүргізетін негізгі өкіл болып Қазақстанға алғашқы АҚШ елшісі Уильям Кортни келді, ал Назарбаев Уошиңтонға іссапармен барып қайтты.

7-ТАРАУ

УАҚЫТША ЯДРОЛЫҚ ҚАРУЫ БАР ЕЛ БОЛУ

Ресейде не боларын болжау қиын. Қытайдың кей оқулығында Қазақстан жерінің біразы Қытайдікі деп көрсетілген. Оңтүстікте фундаментализм белең алып барады. Біз не істей аламыз? Осының бәрін ойлай келе, Америка Құрама Штаттарына жақын болғанымыз жөн деп ұйғардық. Сондықтан да уақытша ядролық қаруы бар мемлекет болып қалмақпыз.

Нұрсұлтан Назарбаев, 1992

«Елші болғыңыз келе ме?» Ларри Нэппер дипломатияда тәжірибесі бар достары мен әріптестеріне бейресми қоңырау шалып, осылай сұрайды. «Шетелде қызмет атқарған, бұрынғы Совет Одағы елдерімен жұмыс істеуде тәжірибесі бар, орысша немесе постсоветтік елдердің бірінің тілінде сөйлейтін байырғы достарымды іздей бастадым. Қайда жүрсе де тауып алып, оларға телефон шалып: «Елші болғыңыз келе ме?» деп сұрадым. Олар: «Әрине. Қайда бару керек?» дейтін».¹

Мәскеуде бүлікшілер төңкеріс жасардан екі апта бұрын Мемлекеттік департаментке совет істері бойынша директор болып тағайындалған Нэппер Совет Одағының тарағанына куә болды. 1991 жылы Крисмас мейрамында, Совет Одағы тараған соң бір күн өте салысымен мемлекеттік хатшы Бейкердің тапсыруымен Нэппер жан-жаққа қоңырау шалды. Мемлекеттік хатшы нақты тапсырма берді:

Осы республикалардың бәрінде тоқсан күн ішінде Америка елшілігін ашқым келеді. Айтпақшы, ол үшін Конгреске барып, қосымша қаржы сұрамақ ойым жоқ. Қолыңызда бар ресурстарға лайықтап, қажет қаржыны өзіңіз табыңыз.²

Совет Одағы тарағанда, жаңа он бес мемлекет пайда болды. Мемлекеттік департамент он бес жаңа елшілік ашып, он бес елші тағайындауға қажет ресурс табуға тиіс еді. Нэппер мен қызметкерлері Мемлекеттік департаментте карьера жасаған адамдарды елшілікке ұсынып, оларға ұсыныс хат дайындады. Мемлекеттік хатшының орынбасары басқаратын «D комитеті» ұсыныс жолдап, Мемлекеттік департамент оларды Ақ үйге ұсынды.³

Президент Буш елшілер кандидатурасын мақұлдайды, содан соң ақылдасып, шешім шығару үшін үміткерлер тізімін сенатқа жолдайды. Бұл туралы кандидаттарға дипломатиялық қызметтің бас директоры ескертеді. Дәстүрлі дипломатиялық тәжірибені бұзып, сенат келісім бермей тұрып-ақ, Бейкер елшілерді қызметіне аттандырып жібереді. Постсоветтік он бес мемлекеттің тәуелсіздігі мен егемендігін қолдап, күшейту үшін АҚШ тезірек елшілік ашуға тиіс екенін Бейкер ерте түсінді. Бір күн бұрын республикалардың астаналарына шағын топтар жөнелтіп, дайындықты бастап кетті.

Мемлекеттік департамент команда мүшелеріне қолма-қол ақша мен спутник телефондар берді. Олар баратын елдерде чектер мен кредит карталар жүрмейтін. Бейкер Конгрестен қосымша қаржы сұратпағандықтан, Ресейден өзге республикаларда ашылатын елшіліктердің бюджеті шектеулі болды.⁴ Елшілік қызметкерлері өздері таба алған ең жақсы қонақүйге түсті, жапсарлас бөлмелерді жалға алып, біреуін кеңсе, біреуін қызметкер тұратын бөлмеге айналдырды.

Алдын ала жөнелген топтар межелі жерге жетіп, қонақүй жалға алып қойған соң, АҚШ өкіметі Оңтүстік Калифорниядағы Эдуардс әуежайынан Орталық Азияға рейс шығарды, ұшақ жолда Түркияның Инжирликтегі АҚШ әскери-әуе базасына аялдап, ары қарай республикаларға баратын болды.

Ұшаққа әр мемлекетке арнап аумағы бөлмедей болатын бірнеше қойма жүк тиелді. Әр қоймаға елшілік жұмысын бастауға қажет жиынтықтар: байланыс жабдығы, *TacSat* антеннасы, бірнеше ноутбук, жазу машинкасы, Мемлекеттік департамент бланкілері, АҚШ туы әскерилерге арналған дайын тамақ қоры, ұлттық символ – ақбас қыран бейнеленген мөр салынды. Нэппер америкалықтардың Орталық Азиядағы алғашқы күндері туралы былай дейді:

Ұшақтарымыз Алматыға, Душанбеге, Ташкентке қонды. Ұшақтан затымызды түсіргенде, АҚШ қызметкерлері ескі совет жүк көліктері мен жұмысшыларды әкеліп күтіп алды. Олардың қасында бір-екі күн болдық, баспасөз шақырып, қонақүй есігіне «АҚШ елшілігі!» деп жазып, лента қиып, елшілікті ашу рәсімін жасадық.⁵

Нәппер үшін Америка елшілігі АҚШ пен Қазақстан қарым-қатынасы туралы қағаздағы құр сөз емес, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын жер еді. Өзі сипаттағандай, елшіліктің іргетасын қалау «Бұл – Америка Құрама Штаттары мойындаған тәуелсіз мемлекет, сондықтан екі тәуелсіз ел арасында елші болатын америкалық дипломаттар бар» дегенді жеткізетін маңызды символдық мәні бар шара болды.⁶

Совет Одағы тарағанда, Уошингтон егемен ел болуды көксеген бұрынғы совет республикаларына қолдау көрсетуге асықты. АҚШ Қазақстан тәуелсіздігін мойындаған алғашқы елдердің бірі болды, мысалы, АҚШ президенті Буш Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін 10 күн өтпей президент Назарбаевқа хат жазып, Қазақстанды тәуелсіз ел деп танытынын жеткізді.⁷

Буштың хатынан АҚШ совет қаруының ары қарайғы жай-күйіне алаңдайтыны да байқалды. Буш Назарбаевтан «Өтпелі кезеңде және одан кейін... ядролық қаруды жеке-дара иеленіп қалған адам ретінде қауіпсіздік шарасын сақтап, жауапты боларсыз, сенімге селкеу түсірмесіз?» деп сұрайды.⁸ Екі күннен соң Буш Назарбаевқа тағы бір хат жолдап, АҚШ гуманитарлық көмегі мен Қазақстанның әскери шығынын түспалдап былай дейді:

Тығыз байланыс орнатсақ дейміз, халықаралық қауымдастықты жұмылдырып, сіздің елдегі азық-түлік, дәрі-дәрмек, энергия мен баспана тапшылығын қысқа мерзімді өтеуге көмектескіміз келеді. Осы мәселелер бойынша ынтымақтас болуға бет бұрғандықтан, әскери ведомствоға бөлетін ресурсыңыздың мөлшері барынша азырақ болғаны дұрыс. Қарулы күштердің бюджетіне қатысты жоспарыңыз АҚШ-тың жыл сайын жариялайтын есебі сияқты ашық болғаны екі тараптың мүддесіне сай деп ойлаймын.⁹

1992 жылғы қаңтардың басында АҚШ қаржы министрі Николас Брейди «Қазақстан мен өзге бұрынғы совет республикаларының Халықаралық валюта қорына және Дүниежүзілік банкке қосылуына қолдау көрсетеміз» деп мәлімдеді.¹⁰ Орталық Азия экономикасы үшін бұл үлкен қадам саналды, алып институттарға мүше болу үшін АҚШ-тың қолдауы аса қажет еді.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған соң бірнеше апта өткенде, ақпанның басында Алматыда Америка елшілігі ашылды. Қазақстандағы алғашқы АҚШ елшісі кәсіби дипломат, ядролық қару мәселелерін жақсы түсінетін Уильям Кортни болды. Елші бол деген ұсыныс түскенде, Кортни бастапқыда таңданып қалады. Бұған дейін ол төрт жыл бойы ядролық және ғарыштағы қару-жарақ бойынша Женевада Совет Одағы мен АҚШ арасындағы келіссөзге қатысқан, ал 1992 жылғы қаңтарда

ядролық қару қауіпсіздігі және оны сақтау мәселесі бойынша Ресейге келіссөз жасауға аттанған кіметтік топтың тең төрағасы болып барған. Уошиңтондағы кеңсесіне оралғанда оған Мемлекеттік департаменттің бас кадр офицері, елші Эд Перкинс қоңырау шалады. «Президент Буш сізді Қазақстанға елші етіп тағайындады» дейді. Өзгелердей емес, Кортни мұндай ұсынысқа таңданып, «есеңгіреп қалдым» дейді кейін.¹¹

Кортни елші болуға келісіп, сегіз күннен соң Алматыға аттанады. Бұл Қазақстанның тәуелсіздік алған алғашқы қысы еді, Совет Одағы ыдырағаннан кейінгі экономикалық дағдарыс қысып тұрған кез болатын. Постсоветтік елдердің мемлекеттік қазынасы босап қалған. Жұрт не жа лақы, не зейнетақы ала алмай жүрген. Қарттар көшеде жайма базар жа сап, ұсақ-түйек заттар: ескі кітаптар, әшекейлер, бәліш, шылым, сағыз бен шоколад сатып жан бақты. Кортни сондай әжейдің бірінен *Snickers* сатып алады... «Шоколад тас болып қатып қалыпты» деп еске алады ол.

Елшілік Алматының ең биік ғимараты – 26 қабат «Қазақстан» қо нақүйінен бірнеше бөлме жалға алады. Модерн совет архитектурасы мен инженериясының жетістігі саналатын, төбесінде «тәжі» бар ғимарат қала ның үстінен қарайтын патша іспетті көрінетін. Алматының сейсмикалық жағдайы тұрақсыз болғандықтан, жер сілкінісінен қорғау үшін ғимарат арнайы платформаның үстіне салынған.

Қонақүйдің жанында сәулет өнерінің тағы бір жауһары – 1970 жылы салынған Ленин атындағы мәдениет сарайы (қазіргі Республика сарайы) бар еді. Архитекторлар он мың шаршы метрді бір шатырдың астына сыйдыруды ұйғарған. Алтын түстес сарыға боялған алюминий шатырды ғимараттың қабырғасына емес, одан бөлек құйылған сегіз цемент бағанға тіреп жапқан, сондықтан сарайға жер сілкінісінен қауіп төнбейтін. Үш мың адам сыятын сарайда Қазақстан Компартиясының жиындары мен совет поп жұлдыздарының концерті өтетін. Сол маңда, қонақүйге қарсы бағытта, Алматының адам көп жүретін жол қиылысында Қазақстанда алғаш рет батыс стилінде салынған бизнес мектебі (қазір университет) – *KIMEP* тұр. Университет бұрын коммунизм жетекшілері үздіксіз білім алатын Жоғары партия мектебінің ғимаратын иеленді.

Жалға алған бөлмелердің біріне елшіліктің байланыс құралдары орнатылды, балконға *TacSat* антеннасы қойылды. Кортнидің 25-қабаттағы люкс бөлмесінен қала алақандағыдай көрінетін және Қазақстан, Қырғызстан мен Қытайға ұласып жатқан Орталық Азиядағы ең үлкен тау тізбегі – шыңын қар басқан Тянь-Шань тауларын көруге болатын. Люкс тұрғынжай әрі кездесу бөлмесі қызметін атқарды. Көрші бөлмеде Иран елшісі тұратын, тек екі елдің қарым-қатынасы нашар болғандықтан, елшілер тіл қатыса алмайтын. Он төрт ай бойы қонақүй Кортнидің баспанасы болды.¹²

Кортни АҚШ пен ССРО арасындағы қару-жарақты қадағалау процесіне қатысқан маман ретінде Қазақстанды алыстан бақылап жүретін.

Бұл мемлекетті ол совет ядролық сынақ алаңы, Байқоңырдағы зымыран сынағы полигоны, Сарышағандағы зенит пен зымыранға қарсы сынақ алаңы және алып SS-18 құрлықаралық баллистик зымырандары орналасқан ел деп білетін.

Қазақстанға келгенде, елші тұрғындардың ашық-жарқын мінезін көріп, таңғалады: «Мәскеуде батыс дипломаттары орыс шенеуніктерінің салқын қабағына үйреніп қалған ғой. Ал Қазақстанда орыстар да, қазақтар да жайдары, доскөңіл екен, тіпті шетелдіктер елшілік ашып жатыр деп қуанып жүр». Кортни елші болған күндерін ыстық ықыласпен еске алады: «Сол кезде телеарналар мені жиі шақыратын. Қайда барсам да, қазақтар қуана қарсы алды, бір жағынан, енді тәуелсіздік алған елді өзге мемлекеттер мойындап жатқанын, соның ішінде Америка сынды мықты мемлекет мойындағанын көрсеткісі келген шығар».¹³

Қазақ өкіметі де Америка елшілігі ашылғанына қуанды, сөйте тұра, басында советтік стильдегі қарым-қатынас ережесін ұстанды. Совет заманында Мәскеудегі америкалық дипломаттар қала сыртына шығам десе, Сыртқы істер министрлігіне ескертуі керек болатын. Қазақстан Сыртқы істер министрлігі де солай істемек болады, тек көп елдің дипломатия тәжірибесінде ондай талап жоғын білген соң, райынан қайтады. «Советтік инстинкті әлі сақталып қалса да, қазақтар ашық әрі икемді халық екенін» көрсетті.¹⁴

Жергілікті мамандар арасынан қызметке адам алу үшін АҚШ елшілігі сол кездегі ең ірі басылым – «Казахстанская правда» газетіне хабарландыру берді. Газеттегі хабарландыруды көрген Сыртқы істер министрлігінің байырғы қызметкерлерінің бірі Кортниге хабарласып «Кім көрінгенді жиып аласыз ғой. Қызметкер керек деп бізге неге айтпағансыз?» дейді. «Біз олай жұмыс істемейміз» дейді Кортни.¹⁵

Елшілікке қызметке тұрғысы келгендердің көбі Алматыдағы Шет тілдері институтын тәмамдаған, ағылшын тіліне жетік қыз-келіншек болды. Ер адамдар ағылшын тілін талап етпейтін қауіпсіздік қызметі сияқты жұмыстарға орналасты.

Кортнидің қазақ әріптесі, мемлекеттік кеңесші Төлеген Жүкеев оны «біздің елде болған ең мықты, тиімді жұмыс істеген елші» деп сипаттайды. Жүкеев Кортниді мақтай келе, былай дейді: «Ол алғашқы елші атану құрметіне ие болды. Жігерлі, орыс тіліне жетік, еңбекқор болатын. Мәселені шешу жолдарын жақсы білетін. АҚШ-тың Қазақстан тәуелсіздігін қолдауына ықпал еткен көптеген фактордың арасында Кортнидің рөлі зор еді».¹⁶ Елшілік ашылған соң, Америка Құрама Штаттары Қазақстанмен тікелей байланыс орнатуға білек сыбана кірісті.

АҚШ пен өзге де қуатты елдерден қауіпсіздікке қатысты, яғни ядролық қару кезеніп қорқытпаймыз және өзгелерден қауіп төнсе, қорғаймыз деген кепілдік алу Қазақстан үшін әу бастан күн тәртібіндегі бірінші

мәселе болған. Америкалықтармен сөйлескен сайын Назарбаев пен кеңесшілері геосаяси жағдай күрделі екенін айтып, қорғансыздығын алға тарта берді.

Қазақстан шенеуніктері бастапқыда НАТО-ға мүше елдердің біріне сырттан қауіп төнгенде, АҚШ көрсететін көмек пен қолдау сияқты бәрін қамтитын қауіпсіздік кепілдігін ала аламыз деп үміт етті. НАТО тілімен айтқанда, ұйымға мүше елдердің біріне шабуыл жасалса, бәріне қауіп төнген болып саналады. Алайда америкалықтар мұндай қолдау көрсетуге дайын болмай шықты, олар бар болғаны ядролық қаруы жоқ елдерге қарсы қару қолданбаймыз (немесе қолданамыз деп қорқытпаймыз) және сырттан шабуыл болғанда кеңес береміз деп қана уәде етті.

Назарбаев пен оның өкіметіне шетел инвестициясы да ауадай қажет еді. Қазақстанда шетелдік инвесторлар мен компаниялар өндіре алатын мұнай қоры жеткілікті болатын. Мұнайдың арқасында Қазақстан экономикасын көтеріп жіберуге болар еді, алайда елдің оны өндіретін технологиясы болған жоқ. Мысалы, Теңіз мұнай кен орнында мұнай қалың түз қабатының астында жатқан және оны түзбен араласып кеткен күкірттен ажыратып алу оңай емес. Совет технологиясы Теңіздегі бағалы жеңіл мұнайды өндіруге жарамайтын.

Нақтырақ айтқанда, жаңа республика экономикасының келешегі Қазақстанға заманауи технологиясы бар шетел мұнай компаниялары ғана емес, өзге компаниялар да келгеніне тәуелді болды. Қазақтар Америка инвестиция құйса, қауіпсіздікке қосымша кепілдік болады деп үміт қылды. АҚШ өкіметі Қазақстанға бизнесті дамытуға болатын ел деп қызықса, елдің саясаты мен экономикасының келешегіне көбірек инвестиция құяды.

Ядролық қарудан бас тартар алдында қазақтар ядролық қаруы бар алпауыт елдерден қауіпсіздікке кепілдік, ал Америкадан экономикаға инвестиция құйсын және Қазақстанның тәуелсіздігін мойындап, қолдасын деп талап етті. Өз тарапынан америкалықтар тәуелсіздік алған жас елдің мұқтажын өтеуге көмектесуге дайын болған, тек олардың да шарты бар еді. Инвестиция мен саяси қолдау алғысы келсе, қазақтар совет ядролық қаруынан бас тартуға тиіс.

Әйтсе де қазақ президенті мен оның командасы елдің келешегі жөніндегі ниетін ашып айтпады. Олардың халыққа жария стратегиясы «асықпау керек» дегенге саятын. Сырттағылар, әсіресе Уошингтон Назарбаев мемлекетін ядролық қарудан бас тартқан ел деп қашан жариялар екен деп күтіп, мазасы кетті.

Назарбаев басқарған жас мемлекеттің алдынан шыққан сынақтардың ең күрделісі де ядролық қару мәселесі болса керек. Географиялық тұрғыда Ресей мен Қытай сияқты ядролық қаруы бар алпауыт мемлекеттердің ортасында тұрғаны өз алдына, Қазақстанның қысқаша *START* деп аталатын, яғни АҚШ пен Совет Одағы арасында жасалған Стратегиялық

шабуылға қару-жарақты шектеу келісімі және бұрынғы совет республикалары мен өзге мемлекеттер арасында жасалған Ядролық қаруды таратпау туралы шарт сияқты келісімдерге қатысы қандай болмақ? Енді ғана тәй-тәй басқан Қазақстан осы шарттар үшін алпауыт елдермен тайталасты, бір жағынан, шетелден инвестор іздеп, ресурсқа бай елдің экономикасын көтеруге талпынды.

АСТАРЛЫ ПІКІР

Қазақстандағы АҚШ елшісі Кортни Уошиңтонға жолдаған алғашқы жеделхаттарының бірінде ядролық қару Қазақстанда қала берсе, елде этностық, ішкі немесе аймақтық, яғни кез келген шиеленіс болса, АҚШ достары мен аймақтағы АҚШ мүддесіне қауіп төнеді деп жазады.¹⁷

Кортни Қазақстанда ядролық қару мәселесі жөнінде өзара мәміле жоғын байқайды:

Біреулер ядролық қару мемлекеттің қауіпсіздігін немесе мәртебесін арттырады дейді, мысалы, Ресей орыстікі деп санайтын аймақтарды қайтарып аламыз деп қорқытуы мүмкін немесе оны өзіне алу үшін Қазақстанға аймақтағы жетекші ел не жетекші мұсылман ел рөлін береміз деуі мүмкін; сондай-ақ қаруы барда, өзге алпауыт елдер Қазақстанға үшінші әлемнің мешеу елі деп қарамайды. Ал енді біреулер Қазақстан үшін ядролық қарудың әскери құны жоқ екенін мойындайды.¹⁸

Шынында, Назарбаев пен қасындағылар сырт көзге ештеңе сездірмесе де, ядролық қаруы бар ел болғысы келмейтінін, одан да маңыздысы – қаруды сақтай алмайтынын ерте түсінді. Бірақ олар ядролық қарудан бас тартқан ел болатынын алға тартып, АҚШ-ты барынша пайдалануға, әсіресе қауіпсіздік мәселесін шешіп алуға үмтылды. Сол мақсатына жету үшін Назарбаев түпкі ойын бұғып қалып, құнын арттыруға тырысты. Әуел баста ядролық қарудан құтылуға өзіміз де асықпыз деп ағынан жарылса, Уошиңтон көмек қорын азайтып, Қазақстан қауіпсіздігіне аса мән бермес еді.

Назарбаевтың астарлап айтқанын Уошиңтон түсінуге тырысып, зерделеп әлек болса, Мәскеу жақтырмай, бас шайқайтын. Мысалы, 1992 жылғы ақпанда Назарбаев «Ресей мен өзге алпауыт елдер ядролық қаруын жойса, Қазақстан да құрғады» деп мәлімдеді.¹⁹ Сол айда Ресейдің сыртқы істер министрі Андрей Козырев «Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қатысты Қазақстанның ұстанымы әлі түсініксіз» деп шағынады. Козыревтің пікірінше, Беларусь пен Украина сияқты, Қазақстан да «ядролық қаруы бар мемлекет» атануға лайық емес екен.²⁰

1992 жылғы наурызда Назарбаев Кортнимен жолығып, ядролық қару мәселесі бойынша сөйлескенде тағы да екіұшты пікір айтты. Қазақ басшысы АҚШ елшісіне өз елі ядролық қару аламын деген шетелдік мемлекеттің ешбіріне көмектеспейді дейді: «Біз ядролық қару, технология мен материалдар тасымалдаймыз деп кепілдік беремін».²¹ Назарбаев Қазақстан ұзақ уақыт ядролық қаруы бар мемлекет болуды жоспарламайтынын да ашып айтады. Сөйте тұра, ол Америка елшісіне қауіпсіздік мәселесіне қатты алаңдайтынын, Қытай күшейіп келе жатқанын, ал оңтүстік шекарада ислам фундаменталистері көбейгенін ескертеді.

Назарбаев «АҚШ пен Совет Одағы арасындағы қаруды бақылау жөніндегі келісім бойынша Қазақстан өз аумағындағы ядролық қару санын азайтады» деп, Кортнидің көңілін орнықтырып қояды. Бірақ бұл мәселеге қатысты шартын да айтады: «Қазақстан қаруын азайтқан сайын Ресей, Беларусь пен Украина да солай етуге тиіс». Назарбаевтың есебінше, аумақтағы ядролық қаруды жоюға шамамен 15–20 жыл кетеді екен. Әр зымыран шахтасын бөлшектеуге миллиард рубль, сол кездегі бағаммен 12,5 миллион доллар керек екен.

Назарбаев Кортниден «Мұндай ақшаны қайдан аламыз?» деп сұрайды. «Халықаралық [қауіпсіздік] кепілдік алсаңыз да, 15–20 жыл керек бола ма?» деп, сұраққа сұрақпен жауап қатады Кортни. «Ондай жағдайда бұлай ұзақ күтудің қажеті болмайды» деп жауап береді Назарбаев.²²

АҚШ өкіметі үшін ең маңызды мәселе – Назарбаевтың «Қазақстан Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа ресми түрде қол қоя ма?» деген сұраққа жауабына Кортни қуана қоймайды. Назарбаев Ядролық қаруды таратпау туралы шартты оқыған соң, Қазақстанның ядролық қарусыз мемлекет ретінде келісімге қол қоя алмайтынын түсініпті.²³ Неге? «Себебі, ядролық сынақтар Қазақстан аумағында 1968 жылға дейін де жасалды» деп түсіндіреді Назарбаев.²⁴ Ол кеңесшілерімен ақылдаса келе, Қазақстан Ядролық қаруды таратпау туралы шарт аясындағы ядролық қару иелену құқығы бар бес мемлекет (ССРО, АҚШ, Қытай, Франция және Ұлыбритания) санатына кіреді деген ой түйіпті.²⁵

Қазақтардың бұл ұстанымы «Қазақстан өз аумағында тұрған ядролық қаруды өзіміздікі деуге толық қақылы» деген пікірін заң жүзінде дәлелдеу саналды. «Біз қауіпті қаруды ұстап алып, ары-бері сермеп, мақтанып жүрген тентек балалар сияқты көрінгіміз келген жоқ, ядролық қару жөніндегі халықаралық пікірталасқа орынсыз килікпеуге тырыстық, – деп түсіндіреді Жүкеев. – Өз пікіріміз дұрыс екенін дәлелдеу үшін заңды, саяси және моральдық уәждердің бәрін пайдаландық. Қылкөпірден өткендей болдық, қаруымыз сөз ғана еді».²⁶

Кортнимен жолыққан соң бірнеше күннен кейін Назарбаев италиялық *La Stampa* газетіне сұхбат беріп, Уошиңтонды тағы дүрліктіріп қойды: «Қазақстан өз қалауымен атом қаруы бар елге айналған жоқ. Біз ядролық

қарусыз ел болуды қалап, Семей полигонын жаптық. Стратегиялық зымырандарға келсек, статус-куо сақтап қалғымыз келеді». Бұрынғы совет республикаларына ортақ қорғаныс саясаты қалыптасар деп әлі де үміттеніп жүрген Назарбаев «Ақылға салып қарасақ, стратегиялық ядролық күшті азайту ТМД-ның қорғаныс қажетіне сай болғаны дұрыс еді, өттен, қазір ондай түсінік жоқ» дейді.²⁷

Уошиңтондағы Ұлттық қауіпсіздік кеңесінің қорғаныс саясаты және қару-жарақты қадағалау директоры Сьюзан Кук Қазақстандағы жағдайды жіті бақылап отырды. *La Stampa* газетіндегі сұхбатты оқи сала, ол әріптестеріне арнап, «Қазақстан ядролық қаруы бар мемлекет бола ма?» деген баянхат жазды. Хаттың жиегіне қолдан «Жағдайды әлі де қадағалап отырмын десеңіздер, мынаны оқып көріңіздер» деп жазды.²⁸ Бұл хаттан Уошиңтон Қазақстандағы екіұшты пікірлерге алаңдап отырғаны көрінеді.

Елші Кортниден де маза кетті, ол Уошиңтонға жеделхат жолдап, Қазақстан Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа ядролық қаруы бар мемлекет ретінде қосылғысы келетінін жеткізді: «Елшілік ашылғалы түрлі ресми тұлға осындай пікірді кейде ашық, кейде тұспалдап айтып келеді». ²⁹ Ол Қазақстан бақылаушы рөлінде қатысқан, Брюссельде өткен НАТО қорғанысына қатысты кездесуді мысал қылады: «Қазақстан кездесуде Ядролық қаруды таратпау туралы шарт бойынша бұрынғы совет елдері келісімге ядролық қарусыз мемлекет ретінде қосылуға тиіс деген мәлімдемеден қалыс қалу үшін бақылаушы рөлін әдейі таңдады деп ойлаймын». ³⁰ Кортни Алматыда өткен мамандар симпозиумын да атап өтеді, онда «Ядролық қару мәселесі жөнінде қызу пікірталас болды, Қазақстаннан қатысқандар совет ядролық қаруын өз елінде қалдыруға қақылымыз деді» дейді:

Батыс сарапшылары қазақтар қаруды бұрын басқарып көрмеген, техникалық және экономикалық базасы жоқ деп уәж айтқанымен, олардың пікірі Қазақстан тарапына әсер етпеген сияқты. Қазақ спикерлері «АҚШ, Ұлыбритания мен Франция ешкімнен қауіп төнбесе де, көп мөлшерде қару сақтап отыр, оның қасында Қазақстанға көршілерінен көп қауіп бар» дегенді алға тартты. Қарама-қайшы пікір көп айтылды, әр тарап өз дегенінен қайтпай қойды.³¹

Ақырында президент Буш пен Назарбаев кездесетін болды, тек оған дейін үш апта бойы қазақ басшысы АҚШ шенеуніктерімен сөйлескенде және баспасөз өкілдерімен сұхбаттасқанда, астарлы пікір айта берді. Қазақстан президенті *Christian Science Monitor* газетіне берген сұхбатында АҚШ президентіне хат жазып, онда «Қазақстанның ядролық қарусыз мемлекет болсам деген ниеті барын айттым» дейді, сөйте тұра, ядролық

оқтұмсықтарды жоймайынша, Қазақстанға «уақытша ядролық қаруы бар ел» деп қарау керек дейді. Ол Қазақстанның қауіпсіздігі мәселесіне де тоқтала кетті:

ТМД тағдыры не боларын білмейміз. Ресеймен арамызда ауыз толтырып айтар мемлекетаралық шарт жоқ. Келешекте Ресей басшысы кім болатыны тағы беймәлім. Осы жерден 70 шақырымда Қытай ядролық қаруын сынап жатыр. Біз ядролық қаруды [толық] жоюға дайынбыз, тек келіссөз процесіне қатысқымыз келеді.³²

Назарбаев Қазақстанның Ядролық қаруды таратпау туралы шарт статусына АҚШ қатты мән беретініне шамданып жүргенін де жасырмайды:

Қазақстанға неге сонша қысым жасалып жатқанын түсінбеймін. АҚШ неге Қытай мен Үндістанға Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылыңдар деп талап қоймайды, оларды неге мәжбүрлемейді?³³

Monitor басылымына шыққан мақалада қазақ басшысы Қазақстанның қауіпсіздігіне кепілдік сұрайтынын растады және кепілдік алған жағдайда ядролық қарудан бас тарту жөнінде жақсылап ойлануға болатынын ескертті:

Қазақстан еркін тыныстар еді... аумағымыздың тұтастығына қауіп төнбесе, АҚШ, Ресей мен Қытай ядролық шабуыл жасамайды деп сенімді болсақ, ойланамыз. Бейкер маған 1968 жылғы шартқа сай, АҚШ мойнына мұндай жауапкершілікті ала алады деген еді.³⁴

Қазақстанның жетекші газеті «Казахстанская правда»³⁵ мен Ресейдің «Известия» газеті *Monitor* шығарған сұхбатты аударып басты. Сұхбат жарияланып, Қазақстан газетіне шыққанда, елші Кортни қаты таңданды, өйткені ол Назарбаевтың Бушқа жазған хатын көрмеген еді. Бәлкім, хат Қазақстанның Сыртқы істер министрлігі бюрократиясынан өте алмай жатқан болар. Ол Уошиңтонға былай деп хат жазды: «Қазақстанның ядролық қаруға қатысты саяси ұстанымы көпшілікке айтылмай келген еді, бүгін, 29 сәуірде мемлекет бақылайтын басылымға шықты».³⁶ Кортни оны жақсыға жори қоймайды:

Назарбаев Америкаға [Қазақстанның түпкі ниеті жайындағы сұрақтарына] жеке жауап бермей тұрып, мемлекеттің ұстанымын қоғамға жария еткені жақсы нышан емес. Мамырда Назарбаев Уошиңтонға барғанында онымен оңаша сөйлесіп, Қазақстанды уақытша ядролық қаруы бар ел болу ниетінен айнытсақ деген жоспар енді орындалмай қалуы мүмкін.³⁷

Сол күні таңертең Кортни Алматы халықаралық әуежайына барып, Қазақстанға ресми іссапармен келген Түрік Республикасының премьер-министрі Сүлейман Демирелмен кездеседі. Түркиядан келген қонағын күтіп алуға Назарбаев та барады, сол жерде Кортниден «Президент Бушқа жазған хатымды алдыңыз ба?» деп сұрайды. Кортни «Оны көрген жоқпын» дейді, Қазақстанның сыртқы істер министрі Төлеутай Сүлейменов хатты ертең жеткіземіз деп уәде береді. Кортни Уошиңтонға жеделхат жолдайды: «Премьер-министрмен сөйлесіп тұрғанда, оған да, Сүлейменовке де хатта Қазақстанның Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа ядролық қарусыз ел болып қосылу ниеті баяндалған болар, сөйтіп ядролық қару мәселесін шешерміз деп үміт ететінімді айттым. Әлбетте, хатта ондай ештеңе айтылмағаны анық».³⁸

Сол күні Демирелдің құрметіне өткен кеште Кортни Назарбаев әкімшілігін басқаратын Нұртай Әбіқаевпен сөйлесіп, «баспасөзге ашылып сырын айтқан» Назарбаевтың әрекетіне таңғалдым дейді. Кортни Әбіқаевтан «Сонда қазақтар Ресей өзіне қарсы атылуы ықтимал зымыранды Қазақстанда қалдыруы мүмкін дегенге сеніп жүр ме?» деп сұрайды. Сол күні кешкісін Кортни Уошиңтонға мынадай хат жолдайды: «Ядролық қаруды тіпті Ресейдің техникалық қолдауынсыз қалдырған күннің өзінде бірнеше ай бойы қауіпсіздікке қатер төндіретінін ұқтым. Қазақстан шенеуніктері соны түсіне ме? Кешкі астан кейін қорғаныс министрімен бірге шықтық, оған да ойымды айтып кеттім».³⁹ Кортниге шенеуніктер не деп жауап бергенін білмейміз, әйтеуір, Назарбаев пен Жүкеев мәселені жан-жақты ойластырып қойса да, көзір болып тұрған «ядролық қару картасынан» айырылуға асыққан жоқ.

Осы айларда Назарбаев пен Жүкеев Кортниді жақсырақ тани түсті. Жүкеев пен Кортни арнайы кездесіп, көп сөйлеседі, әрқайсы өз елінің ұлттық мүддесін барын сала қорғап, бір-бірінің сол әрекетін құрметтеп, бағалайды. Жүкеев тәуелсіздікке енді жеткен Қазақстанға мүддесін қорғай алу қаншалықты маңызды болғанын айтады: «Қай кезде де, қай елге болса да, өз ұстанымымыз бар екенін, ең алдымен Ресей мен Америка емес, өз мүддеміз тұратынын көрсетуге тырыстық» дейді. Кортни бұл кездесулерді еске алғанда, дипломатия тілімен айтқанда, «тым тікелей» болды дейді, ал Жүкеев «көп дауластық» дейді. Кортни былай дейді: «Қазақстан басшылығы «ядролық қарудан бас тартуымыз керек пе, олай істемесек, АҚШ қарсы бола ма» деп ойланды. Біз «Иә, қарсы боламыз дедік, біз үшін бұл аса өзекті мәселе еді».⁴⁰

Қазақ басшылары Мәскеу мен Уошиңтонның Қазақстан тек ядролық қаруы жоқ ел болуға тиіс және Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қарусыз мемлекет болып қосылса деген пікірі бір жерден шығатынын анық білетін және Алматыдағылар бұл ұстаным өзгере қоймайтынын жақсы түсінетін. Қазақстан сыртқы істер министрі Сүлейменов

президент Назарбаевқа жазған хатында былай дейді: «Америкалықтар Қазақстанға қысым көрсету үшін саяси және экономикалық шаралар жасаудан тайынбаймыз дейді».⁴¹

Назарбаев Уошингтонға түрлі болжам жасауға болатындай астарлап жауап беруден танбады. 1992 жылғы мамырда Ресейдің «Независимая газета» басылымына берген сұхбатында ол «Қазақстанда 1968 жылға дейін ядролық сынақтар болды» деген уәжін қайталайды, Қазақстанның совет ядролық бағдарламасында атқарған рөлін айта келе, Ядролық қаруды таратпау туралы шарт бойынша ядролық қаруы жоқ ел санатына жатпайтынын ескертеді. Ол постсоветтік елдер 1991 жылы қол қойған Стратегиялық ядролық күштер туралы келісімді еске алып, ол келісім Украина мен Беларусьті ядролық қаруы жоқ ел болуға міндеттегенімен, Қазақстанның ядролық қаруын сақтап қалуына рұқсат етілгенін алға тартты. Назарбаевтың Украина мен Беларуське ядролық қаруы жоқ ел болу күштеп міндеттеледі дегені рас еді, тек Қазақстан ядролық қаруын сақтап қалуына болады дегені шындыққа жанаспайтын, келісімде дәл бұлай делінбеген.

Назарбаев мынадай уәж айтты:

Тіпті бәріміз қаруды жоямыз деп келіссек те, ядролық қаруды бөлшектеуге 10–15 жылдай уақыт қажет. Осы жылдар бойы снарядтар сол мемлекеттердің аумағында тұрады. Сонда ядролық қаруы жоқ елміз деп өтірік айтып, жұртты алдаудың керегі не? Ядролық қаруы бар көрші елдермен және АҚШ-пен келіссөз жүргізіп, қауіпсіздігімізді қамтамасыз ете алсақ, Қазақстанның ұстанымы өзгеруі мүмкін.⁴²

START I КЕЛІСІМІ

Алматы мен Уошингтон арасында ядролық қаруға қатысты келіссөзбен қатар, АҚШ пен постсоветтік ядролық қаруы бар республикалар АҚШ-Совет Стратегиялық шабуыл бағытында қару-жарақтан бас тарту жөніндегі келісімі – қысқартып айтқанда, *START* (Strategic Arms Reduction Treaty) келісімі бойынша келіссөз жүргізді (бірнеше жылдан соң Ресеймен АҚШ *START II* келісіміне қол қойғанда алғашқы құжат *START I* деп аталды). Совет Одағы құлардан бес ай бұрын Михаил Горбачев пен үлкен Жорж Буш 1991 жылғы шілдеде *START I* келісіміне қол қойған еді. Ядролық бағдарлама саласындағы жетістік саналатын құжатта АҚШ пен ССРО ядролық арсеналын барынша азайтуы керегі айтылған. Онда әр тарап иеленуге болатын қару санына шектеу қойылды және келісім күшіне енген сәттен бастап жеті жыл ішінде иелік етуге болатын қарудың жекелеген түріне де шектеу қойылды. Келісім бойынша әр тараптың ядролық арсеналы 1 600 снаряд пен 6 000 оқтұмсықтан аспауы керек (*START I* келісіміне дейін әр тарапта 10 000–12 000 оқтұмсық болған). Совет Одағы мен АҚШ

әр тарапта құрлықаралық баллистик зымыран саны 154, құрлықаралық зымыран мен сүңгуір қайық баллистик зымырандарына арналған оқтұмсықтар саны 4 900 болуы керек деп келісті. *START I* шегінен асып кететін ядролық қаруды тасу құрылғылары Беларусь, Қазақстан мен Украинада болған, оларды да жою қажет еді. Келісім күшіне енуі үшін екі мемлекет те оны бекітіп, мақұлдау қағазын алмасуы керек болды. Мәскеу мен Уошиңтон келісім талабын орындап үлгермей, Совет Одағы тарап кетті.

Екі мемлекет *START I* келісіміне қол қоймай тұрып-ақ, АҚШ саясаткерлері Совет Одағының бұлыңғыр келешегіне алаңдайтын. Егемендік алған республикалар қазір жұрнағы да қалмаған Совет Одағы кезіндегі келісімді орындауға міндетті ме еді? Міндетті емес.⁴³

Совет Одағы құрдымға кеткен соң, Уошиңтон Ресейді оның құқық мирасқоры деп таныды, демек, Совет Одағынан қалған қару-жарақты басқару міндеттемесі де соған өтпек. Алайда Совет ядролық қаруы жаңа тәуелсіздік алған мемлекеттердің жерінде қалды, олар енді өз аумағындағының бәріне (материал, ғимарат, құрал-жабдық, тағы басқа) мұрагер саналады, сондықтан АҚШ Ресеймен бірге Беларусь, Украина және Қазақстанды да тартып, оларды *START I* келісімін орындауға міндеттеу керек деп түйді. Уошиңтон аталған үш республиканың әрқайсымен жеке сөйлесіп, аумағындағы стратегиялық тасымалдау құралдарын жеті жылда шығарамыз деген уәдесін алды. Қысқасы, Уошиңтон бастап, Ресей қостаған *START I* құжаты Беларусь, Қазақстан мен Украинадағы стратегиялық ядро тасымалдау құрылғыларын қамтуға тиіс болатын.

Ресей үш республиканы Уошиңтонмен тікелей сөйлестірмеуге барын салды. Сондықтан Ресей дипломаттары екі сатылы мақұлдау процесін ұсынды: Минск, Киев пен Алматы (үш республиканың астаналары) *START* келісімін өз жерінде мақұлдап, құжатты Мәскеуге жолдайды, Мәскеу оған өз мақұлдау құжатын қосып, Уошиңтонға жөнелтеді. Уошиңтон болса өзінің мақұлдау құжатын Мәскеуге ғана көрсетеді. Беларусь, Қазақстан мен Украина Ресейдің бұлайша билеп-төстеп, тізгінді уысынан шығармай қойғанына наразы болды, олар *START I* мақұлдау процесінде барлық елге тең қарым-қатынас болсын, әр елдің заң шығарушы органы *START* келісімін мақұлдап, содан соң өз астанасынан Уошиңтонға тікелей жолдасын деді. Ресей үшін бұл жай рәсім ғана болса, жаңа құрылған тәуелсіз мемлекеттер үшін өз принципін қорғау еді. Енді үш республика мен Мәскеу келіссөзге кірісті. Ресей қанша қысым жасаса да, республикалар айтқанынан қайтпай, 1992 жылғы бірнеше кездесу нәтижесіз қалды.

Уошиңтон әу бастан бір-ақ тарап – Ресей ғана Совет Одағы атынан *START I* келісімін мақұлдай алады деді. 1992 жылы наурызда Назарбаевқа жазған хатында Жеймс Бейкер солай дейді.⁴⁴ Назарбаев Жүкеев пен сыртқы істер министріне хат жазып, «Біздің *START* келісіміне қатысты

ұстанымымызды АҚШ-қа түсінікті тілмен жазыңдар» деп тапсырма береді. Бейкерге берген жауабында Қазақстан тарапы *START I* келісімін қолдайтынын айтады, тек «Жоғарғы кеңес келісімді егемен мемлекетке лайық рәсіммен мақұлдағанын қалаймыз» дейді. Қазақ басшылары тағы былай дейді: «Жағдайға нақты қарауға тырыстық және сіздің ұстанымды да ескере отырып, Жоғарғы кеңес құжатты мақұлдаған соң, Қазақстан Ресейді Совет Одағының құқық мирасқорының бірі деп тануға әзір, ол да келісімнің бір тарапы бола алады». Қазақтар мақұлдау құжатын АҚШ-қа тікелей тапсырғысы келетінін жеткізді.⁴⁵

Ақыр аяғында 1992 жылғы сәуірде Алматы, Минск пен Киев *START I* келісімі бойынша мақұлдау құжатын тікелей Уошиңтонға тапсырады, содан соң Ресей және АҚШ-пен бірге *START I* хаттамасына қол қоятын болып (кейін ол Лиссабон хаттамасы деп аталды) келіскендей көрінген. Дүпірімдеп жүріп *START I* құжатын мақұлдаған Уошиңтон үстінен ауыр жүк түскендей жеңілейін қалды. Дегенмен келесі айда хаттама тағдыры қыл үстінде тұрғандай көрінді: бастапқыда үміт беріп қойған Украина мен Қазақстан президенттері талапты орындауға асықпайды.

Мақұлдау құжатынан бөлек, Уошиңтон республикалардан *START I* келісіміне адалдығын растайтын, яғни республикалар жеті жыл (*START I* келісімінде көрсетілген мерзім) ішінде аумақтағы ядролық қарудың бәрін жоямыз деп уәде беретін қосымша хат сұратты. Америка дипломаттары үшін «ең жақсы шешім» мынадай болды: постсоветтік төрт мемлекет – Ресей, Беларусь, Қазақстан мен Украина *START I* хаттамасына қол қойып, онда Ресейді Совет Одағының құқық мирасқоры деп танытынын растайды. Сонда өзге үш республика Ядролық қаруды таратпау туралы шарт бойынша ядролық қаруы жоқ ел мәртебесіне ие болады.⁴⁶

Америкалықтар Украинаны хаттамаға және *START* келісіміне адалдықты растау үшін Уошиңтонға жолданатын қосымша хатқа көндіруге барын салды. Уошиңтонның жорамалы «Киевті көндіре алсақ, қазақтар ешқайда кетпейді» болатын. Украина екі мәселеге алаңдады: біріншіден, олар *START I* келісімінде көрсетілгендей өз аумағындағы қаруды жою мерзімі шегін ұстанғысы келген жоқ; екіншіден, қаруды жою кезінде қауіпсіздікке кепілдік берілсін және халықаралық деңгейде қадағалау болсын деп талап қойды.⁴⁷

Америкалықтар Беларусь, Қазақстан мен Украинаның Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылатын күнін белгілемей, «дайын бола салғанда» қосылғанына келісті, тек *START I* талабын жеті жыл ішінде орындауды талап етті. Екінші мәселеге келсек, Уошиңтон Украинаға екі тарап арасындағы (бастапқыда солай болған) келісімді орындау процесін халықаралық деңгейде қадағалау мүмкін емес деп бірден айтты. Украина президенті Леонид Кравчук 1992 жылғы мамырдың басында (Назарбаев барардан екі апта бұрын) Уошиңтонға іссапармен барды. Түрлі пікір

айтылып, әр тарап өзінікін дәлелдеу үшін шешен сөйлеуге тырысты, аяғында Кравчук хаттама мен қосымша хат жазуға келісті.⁴⁸ Енді Уошиңтон *START I* хаттамасын әлі орындамай жүрген Назарбаевты күтіп алуға дайындалды.

Назарбаев алдымен Америка Құрама Штаттары Қазақстанның қауіпсіздігіне кепіл болатынын ресми түрде растасын деп, *START I* талабын орындауға асықпады, «ядролық көзірін» уысынан шығарғысы келмеді. Екіжақты келіссөз жүріп жатқанда Уошиңтонға қарата түспалдап сөйлеуі сол стратегияның бір бөлігі болса керек.

Назарбаев ядролық қару жөнінде келіссөз жүргізе отырып, кеңесшілерімен бірге елдің ұзақ мерзімді қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тағы бір әдісін – Қазақстанға шетелдік инвестиция тарту жағын да ойластырды. Олар әсіресе мұнай саласын дамытуға талпынды, бұл саладағы ең үлкен үміті – америкалық мұнай алыбы *Chevron* компаниясы болды.

CHEVRON КОМПАНИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНА ЖЕТУ ЖОЛЫ

Мұнай өндіру жөнінде келісім жасауға Алматы да, *Chevron* да бұрыннан ынтығып жүрген. 1992 жылғы көктемде екі тарап та әрекетке көшті. Олар Назарбаевтың Уошиңтонға іссапарына орайластырып, келіссөз бастағысы келетін, сол уақыт таяп та қалды.

Chevron тарихы 1979 жылы совет геологтары Қазақстанның Каспий теңізі алабынан мұнай қорын тапқан кезден бастау алады. Шамамен 500 шаршы шақырымға (50 мың гектар) жалғасқан кен орнынан күніне 60 мың баррель мұнай өндіруге болатын.⁴⁹ Кен орны қазақша «Теңіз» деп аталды.

1980 жылдардың ортасына қарай *Chevron* мұнай бағасы түсіп кеткенінің зардабын тартып, жаңа кен орындарын табуға зәру болды. Мұнайға бай жаңа кен орнын тапса, компанияның келешегіне пайдасы зор болмақ. Бірнеше жыл барлау жасай келе, *Chevron* Теңізге инвестиция құюға болады деп ұйғарды. Компания совет өкіметімен, кейін Қазақстан өкіметімен, содан соң Гурьев (қазіргі Атырау) облысының билігімен келіссөз жүргізе бастады. *Chevron* совет шенеуніктерінің соңынан қалмай, аузын алуға тырысты, нәтижесінде бәсекелесі – *British Petroleum* компаниясы Теңіз кен орнын игеруге үміткерлер қатарынан шығып қалды.

Бірақ кейін Совет Одағының өзі тарап кетті де, жаңа республикалар Мәскеуден бөлініп, дербес экономика құруға ұмтылды, сөйтіп Совет-Америка мұнай венчурі құрылмай қалды. 1991 жылы жазға қарай Совет Одағының түсініксіз ахуалына алаңдаған америкалықтардың мазасы қашты. Оны АҚШ сауда министрі Роберт Мосбахердің ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесші Brent Скоукрофтке жазған хатынан біле аламыз: «Бизнес-ортада тұрақсыздық байқалады. Орталық (Мәскеу),

республикалар мен елді мекендер билікті бөлу, ұлттық активті бақылау жөнінде көп дауласады. Заңдар бір-біріне қарама-қайшы және үнемі өзгеріп тұрады. Ешкім шешім шығарып, оны ұстанғысы келмейді».⁵⁰

Ресми түрде Уошингтон *Chevron* компаниясына лобби жасаған жоқ, тек президент Буш пен мемлекеттік хатшы Бейкер мұнай өнеркәсібі өкілдерімен жақсы байланыста болғандықтан, *Chevron* компаниясының совет мұнай нарығына кірсем деген талабын құптады. 1991 жылғы шілдеде *Chevron* басшысы Кеннет Дерр Бушпен он бес минут сөйлеседі. Президент аяқ астынан Деррді түскі асқа шақырып, сөйтіп екеуі бір жарым сағат бойы *Chevron*-мен арадағы келісім мәселесін талқылайды.⁵¹

Назарбаев Совет Одағы ыдырамай тұрып Теңіз келісіміне араласып жүрген еді және Қазақстан негізгі келіссөз жүргізушіге айналған болатын. Ол сандар мен ұсақ-түйек деректерді есіне сақтап, талдай алатын. 1991 жылғы жазда Назарбаев Мәскеуде Буш пен Горбачев арасындағы кездесуге қатысқанда *Chevron* өте тиімді келісім жасап отырғанын дәлелдеп берген:

Біріншіден, түсім нормасы 27,9 пайыз болмақ, ал *Chevron* бүкіл дүниежүзінен 22 пайыз алып отыр. Екіншіден, роялти мәселесі бар. Президент Буш пен мемлекеттік хатшы Бейкер мұнай өнеркәсібін біледі – 7,5 пайыз роялти деген тым аз. Үшіншіден, Совет Одағы Теңіз мұнай кен орнын өңдеуге 850 миллион доллар қаржы жұмсады. АҚШ бізге соның 50 пайызын қайтаруы керек. *Chevron* оған келісіп отыр. Төртіншіден, бұл – мұнайға бай, кешенді кен орны.⁵²

Қазақ президенті сол жерге жиылған АҚШ өкілдерінің пайдасын былай қорытты: «Бұл – өте ауқымды келісім. Алғашқы қырық жылда жалпы түсім 169 миллиард доллар болады, инвестицияға 86 миллиард доллар кетсе, пайда 65 миллиард доллар болмақ».⁵³

Совет Одағы тараған соң, Қазақстан өкіметі *Chevron*-мен жеке келіссөз жүргізіп, талапты күшейтті. Қазақтар *Chevron*-мен келіссөз жүргізгенде, совет өкіметі кездесуге бір-ақ заңгер шақырғанын білді. Тәжірибелі америкалық дипломаттар үстемдік алып кетеді деп қорыққан қазақ командасы барынша сақ қимылдап, келіссөзге көмектессін деп, Оманның Мұнай және минералдық ресурстар министрлігін шақырады. Халықаралық деңгейде танымал *JPMorgan* мен ұлыбританиялық *Slaughter&May* компанияларын инвестиция-банк қызметі мен заң бойынша кеңес беруге және жалдайды.⁵⁴ Елші Кортни Уошингтондағы әріптестеріне былай деп жазды: «Қазақстан басшылары шетелдік инвесторлармен жұмыс істегенде көзсіз тәуекел етпейік деген сыңайлы».⁵⁵

Бір кезеңде келіссөздің быт-шыты шыға жаздайды. Қазақ өкіметі келіссөз бөлмесінен шығып кетіп, ашық байқау жариялаймыз, Теңіз кен

орнын игеруге өзге халықаралық компанияларды шақырамыз деп қорқытады. Назарбаев кен орнынан түскен табыстан 87 пайыз талап етті, бұл Совет Одағы кезінде келіскен 72 пайыздан әлдеқайда жоғары еді. *Chevron* оған көнгісі келмейді.⁵⁶

Қазақстан батыс компанияларымен жұмыс істей бастағанда, америкалық бір бизнесмен – Жеймс Гиффен танымал тұлғаға айналып шыға келді. Бұрын АҚШ-Совет сауда және экономикалық кеңесінің басшысы болған Гиффен Совет Одағы тұсында ресейліктермен жан-жақты байланыс орнатып, батыс компанияларының совет нарығына кіруіне көмектескен. Совет Одағы ыдырап кеткенде, Гиффен қазақ басшыларының жанынан табылып, олар *Chevron* және өзге де ірі шетел компанияларымен келіссөз жүргізгенде Назарбаевтың сенімді кеңесшісі болды. Оның тіпті қазақстандық дипломатиялық паспорты бар еді. Батыс компаниялары Гиффеннің рөлін бағалағанымен («Ол қазақтарға америкалық бизнестің ретін үйретті» деді бұрын мұнай саласында жетекші болған бір кісі), уақыт өте келе оны делдал рөлінен ысырып тастады.

Қазақстан билігі *Chevron* компаниясымен келіссөз жүргізе отырып, елдің ядролық қаруға қатысты келешегі жайында Уошиңтонмен келіссөзін де тоқтатқан жоқ. Назарбаев Бушпен кездесуге Уошиңтонға барар алдында осы мәселе бойынша бір тоқтамға келуі керек болды. Бұл сапар екі мемлекет үшін де маңызды еді. Қазақтар АҚШ-пен ынтымақтастық жөнінде келісім жасап, экономикамызды көтерсек деп үміттенді. Америкалықтар Қазақстанды ядролық қарудан бас тартқан ел болуға көндіргісі келді.

НАЗАРБАЕВТЫҢ УОШИҢТОНҒА САПАРЫ АЛДЫНДАҒЫ ДАЙЫНДЫҚ

1992 жылғы наурызда АҚШ елшісі Кортни Назарбаевтың сыртқы істер жөніндегі кеңесшісі Ғани Қасымовпен сөйлесіп, Назарбаевтың Уошиңтонға сапарын талқылады. Ұлты қазақ Қасымов Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтында дипломатиялық қызмет бойынша дайындықтан өтіп, Қазақ ССР Сыртқы істер министрлігінде қызмет атқарған, Назарбаевтың президенттік командасына 1992 жылғы ақпанда қосылды. Кортни мен Қасымов Назарбаевтың АҚШ жоғары лауазымды ресми тұлғалармен, Конгресс мүшелерімен және Уошиңтон мен Нью-Йорктегі бизнес басшыларымен кездесуін талқылады.

Қасымов Кортнимен талқылауға тиіс болған «шетін әрі маңызды мәселенің» бірі – Қазақстанның саяхат шығынына төлейтін валютасы жоғы, өз валютасын шығармай, әлі күнге дейін совет рублін қолданып келе жатқаны еді. Қасымов Кортниге күле сөйлеп, *Chevron* қазақ мұнайын өндіруді бастап, Қазақстанға үлес төлей бастағанда қазіргі «уақытша

қиындықтан» шығамыз дейді.⁵⁷ Сол кезде әлеуеті зор болғанымен, осал әрі кедей Қазақстанның шынайы жағдайы осы еді.

Кортни Қасымовқа америкалықтар сапар барысында Назарбаев ядролық қарудан бас тартатын ел болатынын растайды деп үміт етіп отырғанын ашып айтты. Олар Қазақстанның START келісімінен айнымайтынына, Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа ядролық қаруы жоқ ел ретінде қосылатынына сенімді болғысы келді.⁵⁸ Сол үшін АҚШ экономикалық реформаларға қолдау көрсетіп, сауда және инвестиция шарттарына қол қоюға және сауда мен инвестицияны дамыту үшін бизнесті дамыту жөніндегі комитет құруға әзір болды.⁵⁹ АҚШ өкіметі Назарбаевтың Америкаға барғанын жеке сапар емес, маңызды ресми іссапар деңгейіне көтерді.⁶⁰

Назарбаевтың алғы шептегі командасы (президент әкімшілігі басшысы Нұртай Әбіқаев пен Қасымов басқаратын) бір ай бұрын Уошиңтонға ұшып кетті. Америка астанасында Қазақстан елшілігі әлі ашылмаған, Ресей елшілігінен көмек жоқ, қазақтар Америка Құрама Штаттарымен таныс емес болатын, сондықтан логистика мәселелерін шешу екі тарапқа да қиын болды.⁶¹

Осындай қиындықтарға қарамастан, екі жақ іссапарды егжей-тегжейіне дейін талқылап, мұқият әзірленді. АҚШ өкіметі қазақ делегациясы келгенде күтіп алып, шығарып салу үшін Эндриос әскери-әуе күштері базасын дайындап қойды, Назарбаев пен қасындағыларды Уошиңтонға жеткізуге АҚШ президентінің тікұшағын ұсынды. Қазақстан делегациясы лимузинмен жүретін болды, ал Назарбаевтың зайыбына жеңіл автокөлік дайындалды.⁶²

Алматыдағы АҚШ елшілігі қазақ шенеуніктерімен тығыз байланыста жұмыс істеді. Ұйымдастыру шаралары аяқталғанда, әдетте мұндай істерге мән бермейтін сыртқы істер министрі Төлеутай Сүлейменовтің өзі дән риза болды. Елші Кортни былай дейді: «Әдетте бізге салқын қарайтын ескі ұстанымдағы адам (Сүлейменов) президент Назарбаевтың Уошиңтонға жұмыс сапары жайында айтқанда өңі жылып, күлім қақты».⁶³

Бірақ маңызды жұмыстар әлі де жетерлік еді. Мысалы, Назарбаев іссапар барысында инвестиция және сауда келісіміне қол қойып кеткісі келді, сондықтан Сүлейменов Уошиңтонға өтініш айтып, келісім мәтінін дайындап, аяқтау үшін Алматыға мамандар жолдауды сұрады.⁶⁴

Сапарға бірнеше апта қалды, ал Қазақстанда валюта мәселесі әлі шешілген жоқ. Назарбаев сапарына жауапты адамдар бейресми түрде бір демеуші тауып, қаржыны содан алмақ болады, алайда Назарбаев шығынды *Chevron* көтереді деп сенген сияқты. Ұлттық қауіпсіздік кеңесінің бір қуақы қызметкері «[Назарбаев] жағдайға сай емес дәрежеде оптимист болды» деп қалжыңдайды, кейін ол ҰҚК шенеунігі туралы айтылған болып шықты.⁶⁵ Бұл жолы да Гиффен тығырықтан шығатын жол тауып кетті. Қазақ өкіметі мен *Chevron* компаниясы Теңіз кен орнын игеру жайында келісім жасаса да, Назарбаевтың Нью-Йорк сапарының

шығынын *Chevron* көтерген жоқ. Назарбаев пен Батыс компаниялары арасында дәнекер болған Гиффен шығының бәрін өз қалтасынан төледі.⁶⁶

Назарбаев іссапар барысында Бушпен екіжақты қарым-қатынас маңызды екенін көрсететін, кезінде Ельцин мен Буш қол қойғандай бірлескен саяси мәлімдемеге қол қою мүмкіндігін талқылағысы келді. Қазақстан АҚШ тарапынан өзін Ресейге тең балап, тең дәрежеде қатынас көрсетілсе деп қалады. Тек Қазақстанның өтініші ресми түрде қабылданбай қалар деп қорыққан Кортни Назарбаевты ондай ұсыныс жасамай тұра тұр деп үгіттейді.⁶⁷ Кортнидің ойынша, ондай құжатқа қол қоюға әлі тым ерте еді. Дегенмен Назарбаев Уошиңтонға ұшар алдында Қазақстан сыртқы істер министрінің орынбасары Қасым-Жомарт Тоқаев Кортниге бірлескен мәлімдеме мәтінін ұсынды. Кортни оны Уошиңтонға жолдаймын деп уәде еткенімен, өз өкіметі келісе қояр деп ойламайтынын да айтты. Сонда да «Қазақстанның Ресеймен тең дәрежеде болмақ ниетін түсінемін» деді.⁶⁸

Қазақтар үшін осындай ресми, нақты құжат болғанының ерекше символдық мәні бар еді. «Назарбаев келгенше саяси құжатты дайындап қоюға, америкалықтарды мәжбүрлеуге уақыт тапшы болды, – деп еске алады Жүкеев. – Мемлекет болғанымызға бірнеше-ақ ай толған, дегенмен амбициямыз бен арманымыз асқақ еді, менмендігіміз де жететін». Тым ерте болса, болған шығар, тек қазақтардың амбициясы алдамапты: небәрі екі-ақ жылдан соң, 1994 жылғы ақпанда Уошиңтонға барған сапарында Назарбаев Қазақстан қалаған бұл бірлескен саяси мәлімдеме – Америка Құрама Штаттарымен арадағы Демократиялық серіктестік туралы хартияға қол қояды.

Назарбаевтың 1992 жылғы сапары қарсаңында Кортни Уошиңтонға үмітке толы жеделхат жолдайды:

Қазақстанмен қарым-қатынастың бастапқы айларында Америка көздеп отырған екі мақсат бар: *Chevron* келісімі және ядролық қарудан бас тарту. Екі мәселе бойынша да жағдай біз ойлағаннан жақсырақ өрбіп келеді. Екі ай бұрын *Chevron* келісімі жарға соғылғандай көрініп еді. Назарбаев осы сапарында соған қол қойып қайтатын болды. Бір ай бұрын Қазақстан «уақытша ядролық қаруы бар мемлекет» боламыз деген. Енді АҚШ қауіпсіздігімізге кепілдік берсе, ядролық қарусыз ел болуға келісеміз дегенді түспалдап отыр.⁶⁹

Назарбаевпен және Жүкеевпен кезек-кезек, жиі сөйлескен Кортни қазақтар арасындағы ядролық қаруға қатысты пікірлерге қанығып, бірнеше ай бұрынғы көзқарасын өзгертеді. Бұрын көңілінде қауіп болса, енді оның Алматы ядролық қаруы жоқ мемлекет болуды таңдайды деген сенімі артады:

Саяси тұлғалардың ядролық қаруды өзімізде қалдырамыз дегені әшейін доңайбат көрсету болып шықты. Қазақстан Пәкістан немесе Үндістан емес. Мәскеудегі тұрақсыздыққа алаңдап, Бейжіңнің ниетінен сескенсе де, Қазақстан өзі басқармайтын (және ешкім ешқашан оған басқарсын деп бере де қоймайтын) ядролық қаруға жармасып, саяси оқшаулануға түспек ойы жоқ. Ұлты қазақ саясаткерлер ядролық қаруды Ресейге қысым жасауға болатын тетік және Америка мен Батыс елдерін илкітіретін күш деп қарайды.⁷⁰

Chevron туралы Кортни былай жазады: «*Chevron* мұнай келісімі бұрынғы совет елдері аумағындағы ең үлкен шетел венчурі болмақ және әлемдегі ең бай мұнай кенін игеруге мүмкіндік аламыз. Оның экономика жағынан пайдасы болады. Маршалл жоспары сияқты, оның да келешегінен үміт күтеміз».⁷¹

ШЕШУШІ СӘТ

Назарбаев АҚШ-қа ресми іссапармен барар алдында Қазақстан билігі START, Ядролық қаруды таратпау туралы шарт, *Chevron* келісімі және Америка Құрама Штаттарымен екіжақты келісім жасау сияқты шаруаларға басы қатып жүрсе де, қауіпсіздікке қатысты тағы бір маңызды келісімді есінен шығарған жоқ. 1992 жылғы 15 мамырда, Назарбаев Уошиңтонға ұшардан екі күн бұрын Қазақстан, Ресей, Армения, Қырғызстан, Тәжікстан мен Өзбекстан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қол қойды. Ол шарт жасасқан жер – Өзбекстан астанасының атымен «Ташкент шарты» деп те аталды. Шарт бойынша, тараптар бір-біріне қарсы күш қолданбайды және біреуіне шабуыл жасалса, оны бәріне жасалған шабуыл деп қабылдайды.⁷² Осы ұжымдық қауіпсіздік шарты (әсіресе оған Ресей қатысқанын ескере отырып) Қазақстанның қауіпсіздік жөніндегі алаңын сәл де болса басты. Ташкент шартына қол қойған соң, Назарбаев «Енді Ресей – Қазақстанның саяси және әскери одақтасы» деді.⁷³ Ташкент шартына қол қояр алдында Қазақстан өзінің тәуелсіз қарулы күшін құрған еді.

Ташкент шарты арқасында Ресей тарапынан қауіпсіздікке төнуі мүмкін қатерді азайтқан Қазақстан тағы бір көршісі – Қытайдан да көңіл жұбатар сөз естіді. Қытайдың сыртқы істер министрі «Қазақстан жеріне дауымыз жоқ» деп мәлімдеме жасады.⁷⁴

Бұған дейін Қазақстан АҚШ пен өзге елдерге әсер ету үшін астарлап сөйлеп келсе, енді қарама-қайшы жағдайға тап келді. Жүкеев оны былай сипаттайды: «Бір жағынан, мемлекеттердің көбі әлемдегі тәртіп өзгергендіктен, Ядролық қаруды таратпау туралы шарт заман талабына сай емес дейді. Оның үстіне, Ядролық қаруды таратпау туралы шарт

жасалғанға дейін ядролық қару талай жыл Қазақстанда сыналды, сол ядролық қару енді неше жыл Қазақстан аумағында жатады, сөйтіп Қазақстан әлі ядролық қаруы жоқ ел бола алмайды». Екінші жағынан, қазақ басшылары ядролық қаруды ешқашан Қазақстан қауіпсіздігінің негізгі бөлігі деген емес, ядролық қарумен ойнаған қатерлі екенін әркез жақсы түсінді. «Экономикалық тұрғыда ядролық қаруды ұстап тұруға жұмсала-тын миллиардтарды ел экономикасын көтеруге, азаматтарға көмектесу-ге жұмсаған орынды болар еді» дейді Жүкеев.⁷⁵

Ташкент шарты мен халықаралық серіктестерінің қауіпсіздікке берген кепілдігінен соң Қазақстанның көңілі жайланды. Жүкеев оны былай түйіндейді: «Ядролық қаруға қатысты ұстанымымыз Уошиңтонға барардан бірнеше күн бұрын айқын болған. Қауіпсіздікке қатысты нақты кепілдік алған соң, екіұшты пікір айтып, сөз ойнатқанды жөн көрмедік».⁷⁶ Сөйтіп Алматы Уошиңтонның ұйқысын қашырған *START I* хаттамасына қол қоюға дайын болды. Украина хаттамаға қол қойған соң, Жеймс Бейкер мәселе өздері қалағандай шешілетініне сенімді болды:

Назарбаевқа жалтарар жер қалмады, 13 мамырда біздің *START* келісіміне қатысты көзқарасымыз бен 1968 жылғы Ядролық қаруды таратпау туралы шарт жөнінде айтып хат жазғанда, сөзіміз өтеді деп сендім. Назарбаев президент Бушпен кездесу үшін Уошиңтонға келерден екі күн бұрын, 16 мамырда маған қоңырау шалды. Ол Қазақстан Ресейден ұжымдық қауіпсіздік кепілдігін алғанын айтты (Ташкентте жасалған ұжымдық қауіпсіздік шарты бойынша) және біздің Ядролық қаруды таратпау туралы шарт бойынша міндетімізді қоса алғанда, *START* хаттамасына қол қойып, Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа ядролық қаруы жоқ ел ретінде қосылуға болады деп түйгенін жеткізді.⁷⁷

НАЗАРБАЕВТЫҢ УОШИҢТОНҒА САПАРЫ

18 мамырда Назарбаев пен делегациясы Эндрюс әуе күштері базасына қонды. Осы жерден күтіп алушылар қазақтарды тікұшаққа отырғызып, Уошиңтон-молға әкетті. Ақ үйге жаяу баруға болатын Блэр Хаус XIX ғасырдан бері келе жатқан резиденция еді, өзге шетелдіктер сияқты Қазақстан делегациясы да сонда аялдады.

Бірінші күні-ақ, ұшақ қонған соң екі сағаттан кейін Назарбаев пен *Chevron* басшысы Кеннет Дерр Теңіз кен орнын игеру жөніндегі құрылтай шартына шартқа қол қояды. Бес жыл бойы алдымен Мәскеуде, кейін Алматыда келіссөз жүргізген *Chevron* әлемдегі келешегі зор мұнай кенінің біріне қол жеткізді, Қазақстан болса алғаш рет ірі халықаралық келісім жасасып, жас елдің экономикасына келетін ақшаның көзін ашты.

Бастапқы келісім бойынша, Теңіз кен орнын айтарлықтай кеңейту көзделген. Сол кезде жұмыс істеп тұрған алпыс ұңғыманың санын алты жүзге жеткіземіз, қазір күніне 60 мың баррель мұнай өндірілсе, енді 700 мыңға дейін арттырамыз десті.⁷⁸ Басында *Chevron* қырық жылға 20 миллиард доллар инвестиция құямыз деп келісті. 1992–1996 жылдары *Chevron Overseas* вице-президенті болған Эспи Прайс «Теңіз кен орны – бар энергияңызды сорып алатын, төзіміңізді сынға салатын және кейде саналы адамның тірлігін істеп жүрмін бе деп күмәндануға жетелейтін мүмкіндік. Солай бола тұра, одан қуат аласың, өйткені өміріңнен де артық нәрсенің бір бөлігі болғаныңды сезінесің» деп сипаттайды.⁷⁹

Қазақстан үшін *Chevron* сияқты компаниялармен келісім жасасу қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды бір бөлігі еді. Назарбаев «Қуатты АҚШ компаниясы Қазақстанға келетіні, экономикамызға үлес қосатыны, дипломатиялық қарым-қатынас орнағаны – тәуелсіздігіміздің ең жақсы кепілдігі» деді.⁸⁰ Қалған күндері Назарбаев бірнеше кездесу өткізді. 19 мамырда Блэр Хауста Жеймс Бейкермен бірге таңғы ас ішті, екеуі қауіпсіздік мәселелері мен Қазақстан экономикасына шетелден инвестиция тарту мүмкіндігін талқылады.⁸¹

Назарбаевтың ресми бағдарламасының маңызды бөлігі президент Бушпен кездесуі болды. Америка мен Қазақстан журналистері Овал офиске (АҚШ президентінің Ақ үйдегі жұмыс бөлмесі) ағылып, екі президентті суретке түсіруге асықты. Өзіне сенімді, сырбаз Назарбаев Бушпен сыпайы сөйлесіп, қазақтар Бейкермен жақсы тіл табысып кетті деп әзілдеп қойды. Назарбаев Бушқа бір күн бұрын *Chevron* компаниясымен келісім жасағанын айтқанда, Буш басын изеп, құптайтынын білдіріп: «Олар айтқанын істейді» дейді.⁸²

Журналистер кеткен соң, Буш пен Назарбаев және шағын бір топ ресми тұлға кездесудің ресми бөлігіне қалады. Назарбаев Бушқа Қазақстан *START I* келісіміне қосылатынын мақұлдаған хат береді. Осы кездесуде Назарбаев Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының қазіргі жай-күйіне көңілі толмайтынын жасырмайды:

Дәл қазір ТМД жұмыс істеп тұрған жоқ. Кездесулердің бәрі президенттер клубына ұқсайды. Іс жүзінде түкке жарамайтын құжаттарға қол қоямыз. Ресей көп салада қысым жасайды. Сізге айтқанымды Ельцинге де айттым. ТМД құрып барады. Оны сақтап қалайық деп жанталасып жүрмін, тек әзірше нәтиже жоқ.⁸³

Назарбаев постсоветтік кеңістіктегі тұрақсыздықты сипаттап, Батыс елдері көмектеспесе, араб мемлекеттеріне жүгінеміз дегенді түспалдайды:



14-сурет. Президент Нұрсұлтан Назарбаев пен Қазақстан делегациясының Уошингтонға ресми сапары, 1992. Түсірген: И. Будневич.

Дереккөз: Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалары архиві, Қазақстан. №2–114524 сурет.

Дағдарыс шарықтау шегіне жетті. Бұдан әрі күте алмаймыз. Апат алдында тұрмыз. Ресейдің халі мүшкіл. Қазақстанның халі оған қарағанда жақсы. Таңдай аламыз. Бізге араб мемлекеттерінің, арасында Иран да бар, өкілдері келіп кетті. Олар қажетімізді бергелі отыр. Тек бұдан соң Қазақстан солардың ықпалында қалады.⁸⁴

Назарбаев Америка Құрама Штаттарынан қауіпсіздік кепілдігін алу үшін Бушқа Қазақстанның қорғансыз күйін баса айтады:

Ресейде не боларын болжау қиын. Қытайдың кей оқулығында Қазақстан жерінің біразы Қытайдікі деп көрсетілген. Оңтүстікте фундаментализм белең алып барады. Біз не істей аламыз? Сондықтан да АҚШ-қа жақын болғымыз келеді. Сондықтан да уақытша ядролық қаруы бар ел болып қалсақ дейміз.⁸⁵

Қауіпсіздік жайлы талап-тілегін айтып болған соң, Назарбаев елдегі тағы бір маңызды мәселе – экономикалық мәміле жасауға тоқталады. Қазақстанның басты пиаршысы – президент былай дейді: «Құр қол

келген жоқпын. Нью-Йоркке экономикалық деректер, нарықтық экономика туралы заңдар мен жетістігіміз көрсетілген, 135 мүмкіндік жазылған кітапты ала келдім. Жобалар мен мүмкіндіктер ұсынуға келдім». Қазақстанның жер қойнауы минералдарға бай екенін сипаттап, былай дейді: «Қазақстан жыл сайын құны бес миллиард доллар болатын алтын мен гауһар экспорттайды. Кепілдік ретінде Швейцария банкіне алтын салуға дайынбыз». ⁸⁶ Қазақстан заңы шетел инвесторларын пайда тапсын деп, үш жыл салықтан босатты. ⁸⁷

Кездесуден соң қонақтар Ақ үйдегі Ежелгі отбасылық ас бөлмесінде (*Old Family Dining Room*) ас ішті. Одан кейін президенттер салтанатты түрде келісімдерге қол қою үшін Рузвельт бөлмесіне барды. Екіжақты инвестиция келісінде бір елдің инвесторлары екінші елге барғанда құқығы барынша қорғалатыны айтылды. ⁸⁸ Шетелден келетін жеке инвестиция жөніндегі корпорация (*OPIC*) келісімі Қазақстандағы АҚШ инвесторларына инвестиция кепілдігін, жобаларды қаржыландыру және өзге де инвестор қызметтерін қамтамасыз ететін болды. ⁸⁹ Екіжақты сауда келісімі барынша қолайлы жағдай жасау, яғни тариф, квота мен саудаға қатысты басқа да мәселелер реттеледі, АҚШ-қа экспортталатын қазақ тауарлары мен Қазақстанға экспортталатын американ тауарларына аламай қатынас жасалады деп келісілді. ⁹⁰ Уошингтон бизнес-трениң, ауыл шаруашылығы, энергияны тиімді пайдалану, сот және құқық қорғаушыларды дайындау мен басқа да салалар бойынша көмектесетін болды.

АҚШ Сауда министрлігі өткізетін Американың арнайы бизнестік бағдарламасы (*SABIT*) бағдарламасы аясында қазақстандық менеджерлер мен техник мамандар өз саласы бойынша тәжірибе алмасу үшін үш айдан алты айға дейін Америка Құрама Штаттарында білім алатын болды. Америкалық компанияларға *SABIT* бағдарламасы өнімдері мен қызметтерін жаңа нарыққа шығару мүмкіндігін ұсынды.

«Фермерден фермерге» деп аталатын тағы бір бастама бойынша америкалық фермерлер Қазақстандағы әріптестеріне ауыл шаруашылығын жүргізудің өзіндік әдістерін үйретіп, тәжірибе алмасатын болды. Оған дейін АҚШ Алматыға энергияны тиімді пайдалану жөніндегі мамандар тобын жіберіп, қаланың орталықтан жылыту жүйесін тексерген болатын. Енді сол жүйені одан әрі тиімді ету үшін жабдықтар орнатуға дайын болды.

Құқық саласына келсек, АҚШ өкіметі Америкалық адвокаттар қауымдастығының техникалық көмек беру бағдарламасын қаржыландырып, заңгерлердің Қазақстан заңнамасын әзірлеуге көмектесуіне жағдай жасады. Уошингтон азаматтарға білім беру, мемлекет басқару, тәуелсіз медианы дамыту сынды демократияның дамуына ықпал ететін салаларға көмектесті.

АҚШ Қазақстанға гуманитарлық көмек беруді де ұмытпады. «Үміт сыйла I» операциясы аясында Америка Назарбаевтың сапары кезінде

Қазақстанға 170 тоннадан астам азық-түлік пен 50 тоннадан астам дәрі-дәрмек және медицина жабдығын жеткізетінін айтты. Оған дейін, 1992 жылғы ақпанда америкалық жүк ұшақтары Қазақстан қалаларына алғашқы азық-түлік қорын жеткізген еді. «Үміт сыйла II» деп аталатын тағы бір гуманитарлық жоба аясында НАТО 74 тонна медицина жабдығы мен 500 тонна азық-түлік жеткізді.⁹¹ Батыс өнімдерінің кейбірі: суға салғанда еритін дәрі түрлері, бір рет қолданатын шприцтер, АҚШ армиясына арнап жасалған дайын тағамдар мен таңғы аста жейтін үлпектер, тағы басқасы жергілікті халыққа таңсық болатын.

Америкалықтар үлкен қалалардағы ауруханаларды жабдықтауға көмектесті, тіпті ауылдық жерлерге арнайы «дөңгелекті аурухана» (көлік) апарды. «Бала кезімде ауылға сондай көлік келгені есімде, – дейді бір қазақ. – Олар менің және достарымның тісін емдеп берді!»

Жеке ұйымдар мен мекемелер де көмек қолын созды. *Mercy Corps International* совет кезеңінде су қорын дұрыс пайдаланбағаннан экологиялық апатқа ұшыраған Арал аймағына көмек ретінде 36 мың тонна мюсли (ботқа жасауға арналған үлпектер қоспасы) жіберді. Уисконсин штатының 70 мың тұрғыны бар Уокешо қаласы Қазақстанның солтүстігіндегі туыс қаласы Көкшетауға 18 мың тонна дәрі-дәрмек, азық-түлік пен киім-кешек жинап берді. Солтүстік Калифорнияның экуменизм кеңесі, Сан-Франциско халықаралық қызметі Алматыдағы балалар қайырымдылық қорларына 12 тонна дәрі-дәрмек берді.⁹²

Президент Бушпен кездескен соң Назарбаев Ұлттық баспасөз клубында мәлімдеме жасап, ядролық қаруға қатысты Қазақстан ұстанымы өзгергенін айтты. Қазақстан президенті «Совет Одағы тараған шақта Қазақстан барынша сақ болды, өйткені Ресей мен басқа көршілердің жағдайы белгісіз еді» деді.⁹³ Қазақ басшысы Ташкент шартынан соң геосаяси жағдай өзгеріп, Қазақстан қауіпсіздігіне сенімі күшейгенін жеткізді. Ташкент шартына қол қойған елдердің армиясы ешқашан бір-бірімен соғыспайды, себебі бір елдің өзгесіне соғыс ашуы қалған елдерге де соқтығу болып саналады, осының бәрі Қазақстан қауіпсіздігіне қатысты жағдайды түбегейлі өзгертті деді.⁹⁴

Назарбаев келешектен үмітім зор дейді:

Келісімге қол қойған мемлекеттер аумағына ядролық қару кіргізу немесе оны шығару саяси жағдайға байланысты болмақ. Біз ядролық қарудан бас тарту және толық құтылу бағытында жұмыс істейміз. Сол кезде проблема өздігінен шешіледі.⁹⁵

Назарбаев сол күні түстен кейін Блэр Хауста АҚШ-тың жоғары лауазымды ресми тұлғаларымен кездесті. Қаржы министрі Николас Брейди Қазақстанға жан-жақты экономикалық көмек берілетінін, сондай-ақ

АҚШ-тың екіжақты кредит бағдарламасын жаңа мемлекет те пайдалана алатынын айтты. Қорғаныс министрі Дик Чейни келгенде, Назарбаев елінің қауіпсіздік мәселесіне алаңдайтынын айтып, Қазақстанның өз қарулы күштерін құрғысы келетінін жеткізді. Сол күні кешке Азаматтық демократия корпусы Блэр Хауста кешкі ас берді, оған он шақты америкалық үлкен компанияның басшылары қатысып, Қазақстандағы мұнай, газ, алтын, өнеркәсіп пен тамақ өндірісіне инвестиция құю жөнінде сұрақ қойды.⁹⁶

Қалған күндері Назарбаев пен делегациясы Уошиңтондағы түрлі ресми тұлғамен, атап айтқанда, вице-президент Дэн Куэйлмен, Конгресс мүшелерімен және баспасөз өкілдерімен кездесті.

Уошиңтонда біраз болған соң, Назарбаев пен делегация тобы Нью-Йоркке аттанды. Олар мамырдың 21-і күні кешке Парк-Авеньюдегі *Waldorf-Astoria Hotel* деген қонақүйге түсті. Сол күні кешке *JPMorgan* қазақ делегациясына арнап *Pan Am Building* (қазіргі *MetLife*) ғимаратының 56-қабатында нағыз Нью-Йорк стилінде қонақасын берді. Кешке жиырма шақты компанияның бас директорлары келіп, Қазақстан президентімен танысып, дүниежүзі енді танып жатқан Орталық Азия еліндегі бизнес-мүмкіндіктер туралы білгісі келді. Қазақтар инвесторларға деп Назарбаев Уошиңтонда сөйлеген сөзінде атап өткен 135 мүмкіндік сипатталған кітапшаны сыйға тартты.⁹⁷

Нью-Йоркте Назарбаев БҰҰ бас хатшысы Бутрос Бутрос-Ғалимен кездесті. Америкадан кетер алдында Назарбаев Уест-Пойнттағы әскери академияға соғып, сол жерде АҚШ Қазақстан әскерилерін дайындауға көмектеседі деген уәде алып шығады.⁹⁸

Сапар көңілінен шыққан Назарбаев еліне дән разы болып оралды. 23 мамырда сағат 20:15-те (Америкадан шыққанына бірнеше сағат болғанда) Назарбаев «Аэрофлот» ұшағынан Бушқа хабарлама жібереді:

Тамаша еліңізден кетіп бара жатып, сапарға көңілім толғанын айтпақпын. Қонақжайлық пен іссапар барысындағы келіссөздің оң нәтижесі үшін сізге және мемлекетіңізге зор алғысымды жеткізбекпін. Осы сапар мен оның нәтижесі екі ел арасында жақсы қарым-қатынас орнатып, келешекте оны нығайтуға ықпал етеді деп сенемін.⁹⁹

Қазақстан басылымдары Назарбаевтың АҚШ-қа барған алғашқы сапары туралы қуана жазды. Елдегі үлкен газеттердің бәрі әр күннің нәтижесі туралы егжей-тегжей баяндады. Назарбаев пен Буштың Ақ үйде бірге түскен суретінің жас республика үшін символдық мәні бар еді: бір жыл бұрын ғана Қазақстан Совет Одағының елеусіз бір бөлігі болатын, енді оның президентін әлемдегі ең қуатты мемлекеттің басшысы Ақ үйде қабылдады.

Назарбаев Нью-Йорктен Қазақстанға қайтып бара жатқанда, оның оң қолы – Төлеген Жүкеев Португалияға аттанды. Лиссабонда Бейкер, Жүкеев пен Беларусь, Украина және Ресей өкілдері *START I* келісіміне қосымша Лиссабон хаттамасы деп аталатын құжатқа қол қойды. Хаттамада үш мемлекет *START I* келісінде көрсетілген шартқа сай, ядролық қаруды азайтады делінген. Сонымен бірге хаттамада Қазақстан, Беларусь пен Украина «ең ықтимал қысқа мерзімде» Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа ядролық қаруы жоқ мемлекет болып қосылатыны көрсетілді.

Уошиңтон кеуде кере тыныстайтын кез жетті деп ойлады. Назарбаев президент Бушқа өзі уәде беріп кетті, Лиссабон хаттамасы оның уәдесін бекіте түсті, Қазақстан Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа ядролық қаруы жоқ ел болып қосыламыз және *START I* келісінде көрсетілгендей, жеті жылда Қазақстандағы ядролық қарудың бәрін жоямыз деді.

Тек алдағы екі жылда Уошиңтон әлі қуанбай тұра тұрғаны жөн екені байқалды. Қазақстан ядролық қаруы жоқ ел екенін ресми растаудан тартынып, Уошиңтон Қазақстан қауіпсіздігіне ресми кепілдік бергенін күтеді. АҚШ пен Қазақстан өкілдері бір-бірін жақсы таниды, сөйтіп екі тараптың қарым-қатынасы қыза түсті – екіжақты сыйластыққа саяси айла араласады.

8-ТАРАУ

СОҒҒЫ СЕРПІН

АҚШ пен оның одақтастарына Ресей, Беларусь, Қазақстан мен Украинадағы мыңдаған ядролық оқтұмсық әлі де қатер төндіретінін, олар әлі Америка Құрама Штаттарын көздеп тұрғанын, біздің қалаларымыз бен азаматтарымызға ескертусіз атылуы мүмкін екенін естен шығармауымыз керек.

*АҚШ сенаторлары Сэм Нанн мен Ричард Лугар,
«Советтен әлі де қауіп бар»,
Washington Post, 1992 жылғы 22 желтоқсан*

«Жүздеген заң компаниясын тіпті Америкадан да, жалдай аласыз, тек бәрібір қаруды сақтауға қақыңыз бар екенін дәлелдей алмайсыз, – деп, Назарбаевтың кеңесшісі болған Төлеген Жүкеев АҚШ елшісі Уильям Кортнидің ескертуін еске алады. – Қанша тырыссаңыздар да, ядролық қаруы бар алпауыт елдер саны қазіргіден көп болмайды». Жүкеев қарсы пікір айтты: «Ойыңызды түсіндік, тек бұлай сөйлеудің керегі жоқ. Өз тәртібіңізді тықпаламаңыз. Біздің өз жоспарымыз бар».¹

Қазақстан Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қашан қосылады деп келіссөз жүргізгенде, қазақтар мен америкалықтар арасында талай пікірталас болды, жоғарыдағы дау – соның бірі ғана.

Беларусьтен соң Қазақстан мен Украина Лиссабон хаттамасы аясында *START I* келісіміне қол қойып, Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа ядролық қарусыз ел болып қосыламыз деген соң, Уошиңтон олар уәдесінде тұрып, ел аумағындағы совет қаруын қашан құртар екен деп асыға күтті. Дегенмен көп ұзамай Уошиңтон әлі талай «соқтықпалы, соқпақты» жолдан өту керегін түсінді. Сол көп кедергінің бірі – Украинаның қару арсеналын сақтап қалсам деген ниеті Қазақстан мен АҚШ

арасындағы келіссөзге де әсер етті; «Оқтұмсықтарды бөлшектегенде алынатын бағалы уранның пайдасын кім көреді?» деген сұрақ туды әрі екі ядролық қаруы бар алпауыт елдің қыспағында қалған Қазақстанды көндіру үшін сенімді қауіпсіздік кепілдігін ұсыну қажет болды.

Саяси ахуалы Қазақстандағыдан мүлде өзгеше Украина АҚШ-тың біраз басын ауыртты. 1993 жылдары АҚШ, Ресей, Беларусь пен Қазақстан *START I* келісімін мақұлдағанда, Украина қалыс қалды, ол *START I* келісіміне де, Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа да қосылуға асыққан жоқ. Қазақстан екі тараптың тартысын аңдып, Украина не қадам жасап, оған АҚШ не жауап қайтарар екен деп сақ отырды.

Қазақтар Уошиңтон Украинаны Қазақстаннан маңыздырақ санайтынына сенімді болды. Бұрынғы одақтас республикалар арасында Шығыс Еуропаның дәл жүрегінде орналасқан Украинада 50 миллион адам тұратын. АҚШ пен Еуропа үшін ол маңызы жағынан Ресейден кейінгі екінші мемлекет еді. Ядролық қуат реакторлары бар, өнеркәсібі дамыған Украинаның ядро саласындағы тәжірибесі де Қазақстандікінен мол болатын. Одан да маңыздысы, құрлықаралық баллистик зымырандар шығаратын «Южное» зауыты Украинада орналасқан. Жүкеев былай дейді: «Украина сияқты біздің көзіріміз көп болған жоқ, тек мұнай мен газымыз және уранымыз бар еді».² Қазақстан Уошиңтонның аңысын аңдап, ол жақтан Украинаның ядролық қаруын қалдыруға рұқсат берілсе, өзінікін де алып қалмақ болып дайын отырды.

Қазақстан сияқты емес, Украинада ұлтшыл саяси топтар мемлекет саясатына көбірек ықпал ететін. Қазақ әріптестеріне қарағанда атқарушы билікке аса бағына бермейтін Украина Жоғарғы Радасында ұлтшыл топтар басым еді, ал еркін баспасөзде ядролық қару мәселесіне қатысты ашық пікірталастар, қызу талқылау жүретін. Енді құрылып жатқан қазақ қарулы күштері Назарбаевтың айтқанынан шықпайтын, ал Украина әскерилерінің ядролық қару мәселесіне қатысты өз ұстанымы бар еді. Ядролық қаруды елде қалдыруды қолдайтындар Украина басшыларына қысым жасап, қаруды бермейік десті, сондықтан ел президенті Уошиңтонға бұрынырақта Қазақстанға қойғандай қауіпсіздік кепілдігін сақтасын және ядролық қаруды бөлшектеуге қаржылай көмек берсін деп талап қойды.³

Киевтің берік ұстанымына сүйсінген қазақ ұлтшылдары «Алматы да Ресей мен АҚШ-тың жетегінде кеткенді қойып, тізгінді өз қолына алысын» деді. Кортнидің пікірінше, Назарбаев ұлтшылдардың пікірін ескеруге тиіс болғандықтан, бірнеше рет «қаттырақ» қоғамдық мәлімдеме жасап, Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуды Жоғарғы кеңесте дауысқа салуды кейінге қалдырды. Назарбаев Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа біртіндеп қосылсақ, ұлтшылдар АҚШ пен Ресейдің талабына дереу көнбегенімізді түсінеді деп сенді.⁴

Қазақстанның ядролық қару мәселесі жөніндегі ұстанымы саяси тұлкібұлаң мен батылдық аралас нағыз стратегиялық мүддені көрсетті. Қазақ билігінің өкілдері айтуға тиіс сөзді айтты, 1992 жылғы мамырда Назарбаев Уошиңтонға барар алдында АҚШ-тың қауіпсіздік кепілдігі жөнінде берген уәдесіне риза сыңайлы болғанымен, АҚШ пен ядролық қаруы бар өзге алпауыт елдер заң бойынша міндеттеме алсын деп талап етті, оның бәрі жазбаша болсын деді. Назарбаев Уошиңтонға барып, Лиссабон хаттамасына қол қойған соң да, қазақтар ядролық қарудан бас тартқаны үшін Америкадан барынша пайда көру жолын іздестіре берді.⁵

Үлкен кедергінің бірі совет ядролық оқтұмсықтарын бөлшектегенде алынатын уранға берілетін өтемақы мәселесі болды. 1992 жылғы тамызда АҚШ пен Ресей бұрынғы совет оқтұмсықтарын бөлшектегеннен артылған аса байытылған уранды сату жөнінде түбегейлі келісім жасады.⁶ 1993 жылы қол қойылған Аса байытылған уранды сатып алу келісімі бойынша Ресей бөлшектеген оқтұмсықтардан алынған аса байытылған уранның 500 метрик тоннасын аз байытылған уранға айналдырып, жиырма жыл бойы бейбіт мақсатта қолданылатын реактор отыны ретінде АҚШ-қа сатады.⁷ АҚШ үшін Аса байытылған уранды сатып алу келісімі Ресейдегі ядролық материал мөлшерін азайтудың және оны терроршылар сияқты ниеті бұрыс топтың қолына түсірмеудің алдын алатын жақсы жол еді. «Мегатоннаны мегаватқа айналдыру» деген ұранмен Америкаға сатылған аса байытылған уран АҚШ–Ресей ынтымақтастығының жарқын үлгісі саналды. Совет ядро бомбасына қуат береді деген ядролық отын түбінде Американың тұрғын үйлеріне жарық беруге жұмсалды. Аса байытылған уран келісімі он бес жыл бойы бүкіл АҚШ электр қуатының оннан бір бөлігін қамтамасыз етті.⁸

Қазақстан билігінің өкілдері «Аса байытылған уранды сатып алу келісімінен түскен табыстан совет ядролық қаруына материал болған уранды берген және қарудың біразын өзінде сақтаған Қазақстан да пайда көруі керек» десті. Қазақ өкіметі «Біздің жерімізден әкететін қарудан алынған материалға өтемақы берілсін» десті. Қазақстанның үлесі қандай болуы керек деген сұраққа нақты жауап болған жоқ.

Қазақстанның атом энергетикасы комиссиясы елде сақталған қарудан шамамен 20–30 метрик тонна аса байытылған уран алынады, оның өтемақысы 400–600 миллион долларға жетуге тиіс деп санады.⁹ Төлеген Жүкеев бұл сома аса байытылған уран құнына қарай 2 миллиард долларға жуықтайды деп есептеді.¹⁰

Келісім басталғанда, Уошиңтон мен Мәскеу Қазақстан, Беларусь және Украина өз аумағында тұрған қаруды бөлшектегенде сатылатын аса байытылған ураннан үлес алуға қақылы деп келісті. АҚШ бұрынғы одақтас республикалар пайданы бөлісу мәселесін өзара шешсін деді. Алайда Ресей пайдаға ешкімді ортақ қылғысы келмей, республикалар арасындағы келіссөзді тоқтатып қойды.¹¹

ЯДРОЛЫҚ ҚАРУДЫ ТАРАТПАУ ТУРАЛЫ ШАРТ БОЙЫНША УОШИҢТОНМЕН САУДАЛАСУ

Лиссабон хаттамасына қол қойғалы бір жарым жыл өтсе де, Назарбаев Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуға асыға қойған жоқ. Бұл уақытта АҚШ-тың жоғары лауазымды шенеуніктері Алматыға, Жүкеев бастаған қазақ шенеуніктері Уошиңтонға бірнеше іссапарға барды. 1992 жылғы жаздан 1993 жылғы қысқа дейін жалғасқан екіжақты келіссөз барысында қазақтар үшін қауіпсіздік кепілдігі мен аса байытылған уранға төленетін өтемақы күн тәртібіндегі негізгі мәселе болды.

Қазақтар америкалықтармен жолыққан сайын Қазақстанның саяси және экономикалық қауіпсіздігіне алаңдайтынын айта берді. Қауіпсіздік кепілдігі, қаржылай өтемақы мен экономикалық инвестиция тұрғысынан барынша үлес алғысы келген қазақ басшылары АҚШ өкілдеріне жағдайын жасырмай, керісінше, төндіріп жеткізді.

Совет Одағы құрамында болған 11 республика құрған әлсіз ұйым – ТМД тағдыры мен достастықтың ұжымдық қорғанысы да алаңдауға себеп болып тұрған. Назарбаев одақтың бірлескен қорғаныс күшін құрайық деп ұсынып, өзге республикалар қолдай қоймағанына наразы болды.¹² Уақыт өткен сайын Назарбаев Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының күмәнді келешегі мен ұжымдық қауіпсіздік мәселесіне көңілі толмай, реніші күшейе берді. Ол Совет Одағы ыдырап кеткен соң жаһандағы күш тепе-теңдігі бұзылды деп алаңдады: «Мына жағдайда, – деді ол, – ТМД алдында тұрған тарихи міндет – күш теңдігін сақтап, стратегиялық шабуыл қаруын ақылға қонатын деңгейге жеткенше біртіндеп азайту».¹³ Дегенмен уақыт өте Назарбаев ТМД деген аморф құрылым екенін, Қазақстан өз қауіпсіздігін өзі қамтамасыз етуге тиіс екенін мойындады.

Қазақстан өкіметі Лиссабон хаттамасы бойынша Ресей қашан өз міндетін орындайды деп күтті. Хаттамаға сай, Ресей *START I* келісімі аясында ядролық қаруды жою және бөлшектеу процесін іске асыруда Қазақстанмен бірлесіп жұмыс істеуге тиіс еді. Бұл салаға қатысты техникалық білімі болмағандықтан, Алматы келісімді іске асыруда Мәскеуге тәуелді болды. 1993 жылғы көктемде Америка Құрама Штаттарымен келіссөз жүріп жатқанда, Қазақстан мен Ресей арасында *START I* келісімінің шарттарын іске асыру жөніндегі хаттамада бекітілген талаптар бойынша дау толастаған жоқ. Келісім жасалған соң бір жылдан кейін, 1993 жылғы мамырда Назарбаев Ресейдің «Красная звезда» әскери газетіне сұхбат беріп, ядролық қаруға қатысты ортақ саясатты іске асырудың нақты жоспары әлі жоқ екенін айтып, назаланды:

Жұмыс істеуге болатын нақты жоспар әлі жоқ, Ядролық қарудан бас тарту жөніндегі комиссия құрылғанымен, оның өкілет ауқымы анықталған жоқ, оны бәрі ұмытып кеткен сияқты. *START I* келісімін іске асыру

бойынша еш келісім жасалған жоқ... Құрлықаралық баллистик зымырандарды бөлшектеу мен жою – кешенді шешім мен қомақты қаржы ресурсын талап ететін күрделі жұмыс, біздің республикада әзірше ондай мүмкіндік жоқ. Қазақстан ядролық қаруды жоюды нәліктен кейінге қалдырып келе жатқанын осылай түсіндіруге болады.¹⁴

1993 жылғы маусымда АҚШ мемлекеттік хатшысының жаңа тәуелсіздік алған мемлекеттер жөніндегі арнайы кеңесшісі Струоб Тэлботт Қазақстанға келіссөз жүргізуге келді. Назарбаев Лиссабон хаттамасына қол қойған соң, Ресей, Қазақстан, Беларусь пен Украина аумағындағы ядролық қаруды бөлшектеу және ядролық материалды сатқаннан түсетін пайданы бөлісу жөнінде келісімге келуге Ресей мүмкіндік бермей отырғанын жасырмай айтты. Назарбаев Тэлботтқа былай шағынды:

Ресейдің осындай құжаттар дайындаудан тәжірибесі бар, тек соны қолға алуға құлықсыз. Ресей Лиссабон хаттамасын өрескел бұзып отыр. АҚШ пен өзге мемлекеттер ТМД бірлескен қарулы күшіне берілген ядролық қаруды бірге басқару керек дегенге келісті. Тек қазір Ресей осы келісімге мүлде бағынбайды. Сонда мынадай сұрақ туады: неге өзге мемлекеттер өз міндетінен бас тарта алмайды? Лиссабон хаттамасынан Қазақстан мен Украинаны ысырып тастамақ болған Ресейдің әрекетін халыққа қалай түсіндіреміз? Мәселенің моральдық жағын былай қойғанда, мұндай ұстаным заңсыз екенін айтқым келеді, ол Лиссабон хаттамасының өміршеңдігіне күмән тудырады.¹⁵

Назарбаев Тэлботтқа «шешілмеген мәселелердің шешімін табу үшін АҚШ өкіметі Ресейге қысым көрсетуі керек» дейді.¹⁶ АҚШ ресми тұлғалармен кездескенде айтылатын басты мәселені Тэлботт та естіді:

Бізге қауіпсіздік кепілдігі керек. Қауіп қай тұстан келеді дегенді айтпай-ақ қояйық, Қазақстан күрделі аймақта орналасқан. Біз ешкімнің жеріне көз алартпаймыз немесе саяси талап қоймаймыз, өзгелерден де соны күтеміз. Ядролық шабуыл болмауы үшін және аумағымыздың тұтастығына қауіп төнбеуі үшін кепілдік керек. Кепілдік келісім түрінде болуға тиіс.¹⁷

Бірнеше аптадан соң АҚШ елшісі Кортни Назарбаевқа жолыққанда, Қазақстан президенті тағы да ресми түрде қауіпсіздік кепілдігін талап етті:

АҚШ президенті Қазақстанға қауіпсіздік кепілдігі қажет екенін білуге тиіс. Ол ішкі жағдайды тұрақты сақтау үшін маңызды – Қазақстан халқы қауіпсіздігіне сенімді болуға тиіс, әйтпесе олар біздің шешімді қолдамайды.¹⁸

Назарбаев америкалық әріптестеріне Қазақстан халқы неге өзін қауіпсіз сезінбей келе жатқанын талмай түсіндіре берді: «Қытай ядролық қару сынап жатыр, Ресейде жағдай тұрақсыз, көршілес Ауғанстанда жиі-жиі бүлік болады». Назарбаев Кортниге өкіметі АҚШ-тан қарулы күшпен жабдық сияқты материалдық көмек күтпейтінін айтты. Қауіпсіздігіне кепілдік береміз деген ресми мәлімдеме жеткілікті болмақ.¹⁹

АҚШ Қазақстанның қауіпсіздігіне кепіл болуға асықпады, сөйтіп Қазақстан аумағындағы ядролық қарудың келешегі төңірегіндегі пікірталас жалғаса берді.

СТРОУБ ТЭЛБОТТ АЛМАТЫҒА ҚАЙТА КЕЛДІ

1993 жылы жаздың аяғына қарай АҚШ өкіметі Қазақстанға тағы хабарласып, Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылу мерзімін нақтылады. Уошиңтон қыркүйекте Струоб Тэлботты тағы Алматыға жібермек болды. Мемлекеттік департаменттен нұсқау алған елші Кортни Қазақстан сыртқы істер министріне былай деп жазды: «Елші Тэлботт Қазақстанға келгенде, қазақ өкіметі Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылу уақытын нақтылап, Жоғарғы кеңес бекітетін мерзімін айтар деп үміттенеміз».²⁰ Қазақстан үшін маңыздысы – Кортни Уошиңтонның ядролық материалға өтемақы төлеу мәселесін де айтады:

Басты кедергі Қазақстан, Беларусь пен Украинаға аумағында қалған оқтұмсықтардағы аса байытылған уран құнын өтеудің оңтайлы тәсілін табу болып тұр. Ресеймен бірлесіп осы мәселені шешіп жатырмыз, жақын арада оны тағы да Қазақстанмен бірге талқылармыз.²¹

Тэлботт 1993 жылғы 12 қыркүйекте Алматыға келді. Назарбаев Ядролық қаруды таратпау туралы шартты тезірек бекітуі үшін АҚШ дипломаты келісім мақұлданған соң президент Билл Клинтонмен саммит өткізу мүмкіндігі туралы айтады.²² Тэлботт тіпті 1994 жылғы қаңтарда Клинтон Қазақстанға келуі мүмкін дейді (ол сапар болмай қалды). Сондай-ақ Тэлботт АҚШ мемлекеттік хатшысы Уоррен Кристофер қазанда Алматыға келмек болып отырғанын, ал вице-президент Эл Гор қарашада келуі мүмкін дейді (ол желтоқсанда келді).

Қазақ өкіметі мен Тэлботт делегациясы арасындағы әңгіме ядролық қару мәселесінен басталды. Америкалықтар совет зымыран қондырғыларын бөлшектеу, ядролық материал экспортын қадағалау, әскери-өнеркәсіп инфрақұрылымдарын азаматтық мақсатқа пайдалануға беру сынды жұмыстарды атқаруда Қазақстанға көмектесеміз деп уәде етті.

Тэлботт пен делегациясы АҚШ-Қазақстан қарым-қатынасының өзге де салаларын қамтыды: жекешелендіру, қоршаған ортаны қорғау және

экологиялық апат аймақтарына гуманитарлық көмек беру мүмкіндігі сөз болды. Атап айтқанда, Тэлботт Америка бұрынғы Семей полигонын залалсыздандыру мен совет кезеңінде суды ысырап қылу кесірінен құрғап қалған Арал теңізін қалпына келтіруге көмектесуге әзір деді. Америкалықтар жаңа нарық ұсынатын бизнес-мүмкіндікті де пайдалануға тырысты: *Boeing* ұшағынан бастап құбыр жүргізу сияқты салаларға инвестиция құюға дайын екен.²³ Екі мемлекет арасындағы экономикалық байланыс Қазақстан қалағандай өрби бастады.

УОРРЕН КРИСТОФЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНҒА САПАРЫ

1993 жылғы қазанда АҚШ мемлекеттік хатшысы Уоррен Кристофер Строуб Тэлботты ертіп, Алматыға келді. Қазақ әріптестерімен кездесуге дайындалғанда, елші Кортни сыртқы істер министріне Американың бас дипломаты Кристофер Қазақстан Жоғарғы кеңесімен кездесу барысында заң шығарушы органға қысым жасағандай болып көрінбесін деп, Қазақстанның Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуы мәселесі сөз болмайтынын айтты. Оның орнына Кристофер Қазақстанға АҚШ беретін экономикалық көмекке тоқталып, Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуға қолайлы жағдай жасамақ.²⁴

АҚШ мемлекеттік хатшысы мен делегация мінген автокөліктер Алматыда келе жатқанда, қала көшелеріне ілінген Иран президенті Хашеми Рафсанжанидің суреті бар билбордтарды көреді.²⁵ Иран президенті бір-екі күнде Алматыға келуі керек екен, Кристофердің алдынан «Президент Рафсанжани, қош келдіңіз!» деген жазу шыққаны ядролық бағдарламасын дамытуға ынталы Иран көршісімен тығыз қарым-қатынас орнатқысы келетінін америкалықтардың есіне салғандай болды.

АҚШ бас дипломаты келе жатқан соң, қазақтар әлемдегі ең қонақжай халық екенін танытып қалуға тырысты.

Әлбетте, сыйлы қонақ ретінде Кристофер бас тартуға лайық саналатын, тек ол келерде қазақтың салтын біраз біліп қалған Кортни Жүкеевке сол жоралғыны жасамаңыздар деп өтініш айтты. «Денсаулығы осал» деп түсіндірді Кортни.²⁶ Кристофер бас мүжуден құтылса да, Қазақстанның Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылу мерзімін нақтылау деген қолайсыз тақырыпты қозғаудан құтыла алмады.

Кристофер Алматыға сапары кезінде Жоғарғы кеңес Қазақстанның Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа ядролық қаруы жоқ ел ретінде қосылғанын қолдап, дауыс берер деп үміттенген еді. Ол Қазақстанды көндірсе, Уошиңтонның Украинамен осы мәселедегі әзірше тығырыққа тіреліп тұрған келіссөзі оңайырақ жүретінін түсінді. Қазақстан Жоғарғы кеңесі алдында экономикалық көмек туралы

сөйлегеннен бөлек, Кристофер Назарбаевтың өзімен әңгімелесіп, Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың пайдасын айтпақ болды.

Назарбаев пен командасы Кристоферді құшақ жая қарсы алғанымен, мемлекеттік хатшының Қазақстан президентін Ядролық қаруды таратпау туралы шартты мақұлдауға көндірем деген үміті желге ұшты. «Бұл нәтиже бермеген ауыр келіссөз болды, – деп еске алады Жүкеев. – Түскі асқа үзіліс жарияладық, сосын әңгіме қайта жалғасты».²⁷

Түскі астан соң уайымы күшейген Кристофер шағын топпен сөйлескісі келетінін айтады. Жүкеев ол кездесу туралы былай дейді: «Назарбаев, мен, Тэлботт пен Кристофер – төртеуіміз ғана қалдық. Кристофер Клинтонға «Қазақстан Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылады деп уәде бергенін» жеткізді. Біз оған былай түсіндірдік: «Жағдайымыз өте қиын, қауіпсіздік кепілдігін нақты жазу керек». Содан соң Кристофер Назарбаевпен бетпе-бет қалды, тек жеке кездесуден де нәтиже болған жоқ».²⁸

Уошиңтон Ядролық қаруды таратпау туралы шарт Кристофердің сапарына дейін немесе сапар кезінде мақұлданады деп күтті, сөйтіп Нанн-Лугар Қауіп-қатерді бірлесіп азайту бағдарламасы аясында ядролық күш пен оған қатысты инфрақұрылымдарды жою мен бөлшектеуге АҚШ көмектесетіні туралы келісімге мемлекеттік хатшы қол қояды деп үміттенді.²⁹ Совет ядролық қаруын қауіпсіз әрі сенімді бөлшектеу жөнінде АҚШ бас өкілі Жеймс Гудди сапарды былай түйіндейді:

Хатшы Кристофер сегіз негізгі Нанн-Лугар келісіміне және қазақтармен арадағы басқа келісімдерге қол қоюға дайын болып барғанда, Назарбаев оның бетін қайтарып тастады. Назарбаев Уошиңтонда президент Клинтонмен кездесуді талап етіп, қол қою рәсімін кейінге қалдырды.³⁰

Жиынға қатысқан қазақтар Кристофер қапаланып кеткенін байқайды. Жүкеев былай дейді: «Кристофер біз Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қол қояды деп келді. Біз бас тарттық. Оның талабына көне алмадық, өйткені ол қауіпсіздігімізге нақты кепілдік бермей тін. Олар: «Бізге сеніңдер. Үнемі қастарыңда боламыз» дейді. Тек Назарбаев екеуіміз көне қоймадық. Олар біздің бар ойымыз аман қалу екенін түсінді».³¹ Кристофер мен делегациясы бақ сынамаққа Алматыдан Киевке аттанды.

Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қол қоярдан бұрын қауіпсіздікке сенімді кепілдік алсақ деген мақсатына жетуді көздеген қазақ басшылары енді Алматыға жоғары дәрежелі америкалық ресми тұлға – АҚШ вице-президенті Эл Гор келгенін күтті. Елші Кортни былай дейді: «Менің ойымша, қазақтар Кристоферді Гор сияқты ықпалды адам көрмеді. Олар Ядролық қаруды таратпау туралы шартты мақұлдауды Гордың сапарына қаратып қойды. Дәлірек айтсақ, қазақтарға саяси сахна керек болды».³²

Кристофер қапа болып кеткеннен бірнеше күннен кейін елші Кортни Жүкеевке қоңырау шалып, Назарбаевпен жолықтыр деп сұрайды. Үшеуі кездесіп, Қазақстанның ядролық қару жөніндегі саясатын бір жарым сағат талқылайды. Осы кездесуден екі күн өткен соң, Кортни Жүкеевке тағы хабарласып, Америкаға бар деп өтінеді. Үш ай ішінде Жүкеев Уошиңтонға екі рет барады, кейін бұл кездесулерді «өте шиеленісті келіссөз болды» деп сипаттайды.³³

УОШИҢТОНҒА ШЕШУШІ САПАР

Қазақстанның Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуын бекіткен сапар 1993 жылы Алғыс айту күні қарсаңында болды. «Дәл сол күні негізгі шешім қабылданды» деп еске алады Жүкеев. 23 қарашада Жүкеев бас штаб басшысы Әлібек Қасымовпен және Сыртқы істер министрлігінің өкілі Болат Нұрғалиевпен бірге Уошиңтонға барады. Олар екі маңызды мәселені: *START I* келісiмiн жүзеге асыруға қатысты құжаттар топтамасын және Нанн-Лугар бағдарламасы бойынша көмек беру жөніндегі АҚШ пен Қазақстан арасындағы меморандумды талқылауға тиіс болды.

Алғыс айту күні мерекесіне орай Уошиңтондағы ресми тұлғаларың біразы қаладан кетіп қалыпты. Қазақ делегациясы америкалықтарды иландырып, қауіпсіздік кепілдігін ресми бекітуге бар күшін салады. Жүкеев пен командасы Мемлекеттік департаментте сағаттап отырып, өзіне қажет қауіпсіздік кепілдігін жасау үшін америкалықтарды көндіруге тырысады.

Қазақтар әуелі Ларри Нәшпермен және Мемлекеттік департаменттің бірнеше қызметкерімен кездеседі. Олармен келісе алмаған соң, Жүкеев бастаған топ Строуб Тэлботтқа барады. Жүкеев бұл кездесу туралы былай дейді: «Сағаттап дауластық. Өзім білетін дәлелдің бәрін айттым, Тэлботт соның бәріне қарсы уәж айтты».³⁴

Жүкеев құжатта Қазақстан қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайда АҚШ тарапынан «кеңес» қана берілмей, «шара» да қолға алынатыны туралы жазылса деді, бұл «агрессия болған жағдайда АҚШ та қосылады» дегенді білдіретін. «Ол келіспеді» дейді Жүкеев.

– Әйтпесе, біз Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қол қоймаймыз.

– Сенімдісіз бе? Назарбаев мұны қолдай ма? – деп сұрады Тэлботт.

– Мен айтсам, демек, солай болады, – дейді Жүкеев. Қазақстанның батыры атанасыз, айтсаңыз болды, құрметіңізге алтыннан ескерткіш соғамыз. Тарихи шешім сізден шықты дейміз.³⁵

Сол күннің әр сәті Жүкеевтің есінде қалыпты:

Кристофер жоқ екен, оған хабарласа алмадым. Клинтон да Ақ үйде емес екен, бір жаққа кетіп қалыпты. Кеш батты, ертеңінде таңертең елге қайтуым керек. Бір шешімге келейік деп отырып алдым. Тэлботтқа: «Кристоферге қоңырау шалыңыз, келсін деңіз, әйтпесе, біз басқаларға барамыз, басқа жаққа» дедім.³⁶

Жүкеев Тэлботты көндіруге тырысты: «Жауапкершілікті мойныңызға алыңыз. 12-13 күннен соң Гор келгенде Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қол қоямыз. Бұған келіспесеңіз, ештеңеге қол қоймаймыз, сіздің қысымыңыз да, Гордың сапары да маңызды болмай қалады».³⁷

Қараңғы түсті, сағат тоғыз болды. Жүкеев пен командасы, Тэлботт пен Нэппер және Мемлекеттік департаменттің бірнеше қызметкері ұзақ дауласты. «Керісіп қаламыз, сосын қайта бітімге келеміз» дейді Жүкеев, сол кезде америкалықтар сенімді қауіпсіздік кепілдігін бермесе, қазақ Жоғарғы кеңесі Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қол қоймайтынын ұғындыруға тырысып ділмарсығанын мойындап.³⁸ Шынында, ол кезде де Қазақстанның Жоғарғы кеңесі соншалықты тәуелсіз емес еді, шешімнің бәрін Назарбаев өзі шығаратын. Тэлботт Конгресті сылтауратты, «қазақтар қалаған қауіпсіздік кепілдігін америкалық заң шығарушылар қолдамайды» дегенді айтады.

Аяғында, сағат онға қарай Қазақстан мен АҚШ өкілдері екі тараптың да көңілінен шығатын қауіпсіздік кепілдігі тұжырымдамасын жасап шығады да, ол 1994 жылдың басында Назарбаев пен Клинтон кездесуінде қол қойылатын Демократиялық серіктестік туралы хартияға енгізілетін болды. Қазақстанға басқа ел шабуыл жасаса немесе ядролық қаруы бар мемлекеттен қауіп төнсе, АҚШ БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінен дереу әрекет етуді сұрайды. АҚШ Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа сай, Қазақстанға тиіспейміз, ядролық қару қолданам деп қорқытпаймыз деп уәде береді. Жүкеев шаттанды: «Қонақүйге кеш қайтсақ та, көңіліміз жайланып келдік те, ертеңінде таңертең Қазақстанға ұштып кеттік».³⁹

ЭЛ ГОРДЫҢ САПАРЫ

1993 жылғы желтоқсанда, қазақ делегациясы Уошиңтоннан оралғанына екі апта болғанда, Алматы АҚШ вице-президенті Эл Горды күтіп алуға әзірленді. Қазақстанда сол жылы қыс қатты болып, Алматыны таяқ тастам жер көрінбейтіндей қалың тұман басып, Гордың ұшағы жерге қона алмай кетті. Қазақстан әуедегі қозғалысты басқару қызметі жанармайы таусыла бастаған Гордың ұшағын көрші республика – Қырғызстанға бұрып жіберді.

Бішкектен жанармай құйып алған соң, ұшқыш тағы бір мәрте бақ сынап, Алматы әуежайына қонып көргісі келген. Сол күні қазақ

шенеуіктері Гор мен зайыбы Типперге және қасына ерген делегацияға қонақасы әзірлеп қойыпты. *New York Times* тілшісі Гордың сапарын әсерлеп жазып шықты:

Салонның [қарсысындағы] перде саңылауынан пікірталасты естіп қалдым: мұнайға бай Қазақстанды Ресейден неғұрлым алыстатқан тиімді, ал қазір америкалықтардың қона алмай қорқып жүргенін орыстар көрсе, не болмақ? Дипломаттардан маза кетті. Батыл ұшқыш тағы бір әрекет жасамақ болды. Гор Типперге қарады: қолын кеудесіне айқастырған әйел ақырын бас шайқады. «Саналы әйел» екен деп ойлады.⁴⁰

Гор мен қасындағылар Қырғызстан астанасы Бішкекте қалды. Бішкектен қоңырау шалған АҚШ вице-президенті Назарбаевпен сөйлесіп, Қазақстан Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылады деп үміттенетінін айтты.⁴¹ Америкалықтар Алматыға ертеңінде жетті.

Совет Одағы құлап, Қазақстан оның ядролық қаруына мұрагер болғалы екі жыл өтті. 1993 жылғы 13 желтоқсанда қазақ өкіметі Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа ядролық қаруы жоқ мемлекет ретінде қосылуға дайын болды. Назарбаев Жоғарғы кеңесте сөз сөйлеп, Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қол қойғанын айтып, халықты тыныштандырды:

Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қол қойған соң сыртқы қауіпсіздігіміз бен қорғанысымыз сақтала ма? «Иә» деп батыл жауап бере аламын. Қауіпсіздігіміз бен қорғанысымызға зиян келмейді, керісінше, оның сапасы өзгеше болады.⁴²

Назарбаев өз өкіметінің АҚШ-пен, Қытаймен және Ресеймен келіс-сөз жүргізіп, Қазақстанға қауіпсіздік кепілдігін алу үшін жасаған еңбегін сипаттады. Ол қаруды елде қалдыру Қазақстанға неліктен тиімсіз екенін былай түсіндірді:

Ядролық қару бұдан былай аумағымызда қалғаны саяси, экономикалық немесе әскери тұрғыда ақталмайды. Ядролық қаруды сақтап, қауіпсіз техникалық қызмет көрсетуге шамамыз жетпейді және осы фактор Ресеймен қарым-қатынасымызға тікелей әсер етеді. Оған қоса, Қазақстанда мұндай қару тұрса, бірақ оған толық әрі кешенді қадағалау болмаса, қауіпсіздікке үлкен қатер төнеді, өзгелердің әскери-стратегиялық шешімінің тұтқынына айналамыз.⁴³

Назарбаев ядролық қаруды сақтау «жас мемлекеттің қазынасына ауыр салмақ салатынын» баса айтты.⁴⁴ Америкалықтардың уәдесіне

сүйеніп, оқтұмсықтарды бөлшектеуден алынған аса байытылған уранды сатқаны үшін Қазақстанға қаржылай өтемақы берілетінін айтты.⁴⁵ Ол соманың мөлшері шамамен «бір миллиард долларға жуық» деді, бұл ақша Қазақстанның валюта қорына қосылған үлкен үлес болмақ.⁴⁶ Назарбаев атаған сома Қазақстанның атом энергетикасы комиссиясы есептеген 400–600 миллион доллар деген сомадан көп, ал Жүкеев талап еткен 2 миллиард доллар деген сомадан аз болды. Шынында, Қазақстан мен Ресей пайданы бөлісу әдісін тапқанша талай жыл өтеді.

Жоғарғы кеңесте Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуды 238 адам қолдап, біреуі қарсы дауыс берді. Сөйтіп Қазақстан ресми түрде бомбадан мәңгі бас тартты, өз жеріндегі ядролық қарудың бәрін құртып болды.

Гордың сапары барысында президент Назарбаев екеуі Нанн-Лугар Қауіп-қатерді бірлесіп азайту бағдарламасы (*CTR*) аясында келісімге қол қойды, ол бойынша Америка Құрама Штаттары өзге міндеттерімен қатар, Қазақстандағы ядролық күштер мен оған қатысты инфрақұрылымды бөлшектеу шығынын өтейтін болды. Қорғаныс саласының өкілдері бастапқы *CTR* іске асыру келісіміне отырды, онда өзге әрекеттермен қатар жоғарыда айтылған міндет те көрсетілді. Қазақстан мен АҚШ әскери ынтымақтастық, ғылым мен технология жобалары сияқты тағы бірнеше құжатқа қол қойды.⁴⁷

Тойлауға себеп жеткілікті, сондықтан сол күні кешке Қазақстан өкіметі ресми қонақасы берді. Одан соң Назарбаев ерлі-зайыпты Горды үйіне шақырды. Жүкеев, Гор, премьер-министр Сергей Терещенко, Тэлботт және Кортни мен Гордың жанындағы жоғары лауазымды тұлғалар да барды. Гор Назарбаевтың кабинетінде онымен бір сағат сөйлеседі.

Назарбаевтың отбасы америкалық қонақтарға қазақ әндерін шырқап, концерт қойып береді. Президенттің үй-іші шетінен әнші екен. Назарбаев пен зайыбы бірнеше ән айтқан соң, америкалық қонақтардан қонақкәде сұрайды. «Біз сасқалақтап, ұялып қалдық» деп еске алады елші Кортни. Қазақ және орыс тілдерінде түрлі ән шырқай беретін қазақтар сияқты емес, америкалықтар білетін жалғыз ән – Американың батысында бейресми гимн саналатын *Home on the Range* екен.⁴⁸

Қазақстан ядролық қарусыз келешекке қадам басып, *CTR* бағдарламасын бекітіп алған соң, екі мемлекет Қазақстандағы ядролық қаруды жою жолдарын қарастырады. Алда әлі Жеймс Бонд туралы фильмге пара-пар хикая мен құпия операциялар күтіп тұрған еді.

9-ТАРАУ

«САПФИР» ЖОБАСЫ ЖӘНЕ НАНН-ЛУГАР ҚАУІП- ҚАТЕРДІ БІРЛЕСІП АЗАЙТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1994 жылғы қарашаның қарасуығында аса байытылған уран құйылған құрыш контейнерлер тиелген жүк көліктері күн шықпай Қазақстанның шығысындағы өнеркәсіп ошағы саналатын Өскемен қаласының әуежайына бет алды. Сіркіреп жауған жаңбыр астында, көктайғақта келе жатқан жүк көліктері Совет Одағы кезінде ядролық отынмен қамтамасыз ететін жетекші кәсіпорындардың бірі болған Үлбі металлургия зауытынан шықты. Нысан құпия болғандықтан, зауыт туралы ештеңе айтылмайтын, тіпті жақын маңдағы автобус бекеттері зауытқа қатысы жоқ атаумен аталатын. Совет Одағы тұсында қала тұтас «жабық» болды, «№10 пошта жәшігі» деген код атаумен ғана белгілі еді.

Әуежайға қарай сап түзеген жүк көліктері өте қауіпті сапарға шыққан болатын. Кез келген уақытта тайып кетіп, аударылып қалуы мүмкін еді, оңдай жағдайда жиырмадан астам ядролық бомба жасауға жететін аса байытылған уран жерге төгілер еді. Алдын ала хабардар болып отырған терроршылар жүк көліктеріне шабуылдап, уранды ұрлап кетуі де мүмкін еді.

Қауіпті сапар «Сапфир жобасы» деп аталатын қазақ-америкалық аса құпия операцияның бір бөлігі болатын. Оның мақсаты Қазақстанның аса байытылған уранын АҚШ-тағы қауіпсіз жерге ұшақпен жеткізу еді.

«Сапфир» жобасы екі ел арасындағы бірнеше жылға созылған келіс-сөз нәтижесінде іске асты; арасында Ресей де көмектесіп, снарядтар тұрған бункерлерді жою, жер астындағы ядролық сынақ жасалған шахталар мен ұңғымаларды бітеу және ядролық материалдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмысы басталды. Осы іс-қимылдың көбі АҚШ сенаторлары Сэм Нанн мен Ричард Лугар бірлесіп дайындаған «Нанн-Лугар Қауіп-қатерді бірлесіп азайту бағдарламасы» деп аталатын инновациялық жоба арқасында іске асты. Жобаны АҚШ қаржыландырды.

Қазақстан ядролық мұрасынан бас тартып, ядролық қаруы жоқ елге айналамыз деп ұйғарғанша, екі қуатты мемлекет – АҚШ пен Ресей арасындағы дипломатиялық қыл көпірден өтті. Екі мемлекетте Қазақстанның жоспарын сәтімен іске асыруға көмектесетін элементтер: АҚШ-та Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуын қаржыландыра алатын ақша, ал Ресейде Қазақстанның ядролық инфрақұрылымы жайында құпия ақпарат бар еді.

«САПФИР» ЖОБАСЫ

1993 жылы Қазақстан ядролық қаруы жоқ мемлекет ретінде Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуға дайындалды. Шарт талабы бойынша ол аумағындағы ядролық материалдың бәрін Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттікке (IAEA – МАГАТЭ) кепілге қоюға тиіс болды. Ядролық нысандарды халықаралық сарапшыларға көрсетер алдында тазалап алу қажет еді. «Жақында ядролық қаруы жоқ елге айналамыз, ядролық қару жасайын деген жоспарымыз да, ниетіміз де жоқ» дегенді көрсету үшін Қазақстан ядролық материалды ғылыми немесе азаматтық ядролық бағдарлама сынды бейбіт мақсатқа ғана пайдаланатынын дәлелдеуі керек еді. Сонымен бірге Қазақстанда сақталатын кез келген материал қауіпсіз әрі сенімді жерде сақталуға тиіс екен.

Бұл уақытта Совет Одағынан мұраға қалған Қазақстанның басты ядролық өнеркәсіп нысаны – Үлбі металлургия зауыты қаржы тапшылығынан қиналып, қайтсе жұмысты тоқтатпаудың амалын іздеп жүрген. Дәурені жүріп тұрған шақта Үлбі совет ядролық бағдарламасының негізгі күші болатын. 1970–1980 жылдары зауыттан совет ядролық реакторларына пайдаланылатын отын түйіршіктерінің жартысына жуығы шығатын. Онда тағы бір құпия жоба – «Альфа» атом сүңгуір қайығына арналған аса байытылған уранның отын түйіршіктері өндірілетін. Зауыт жұмысы қарқынды дамыған жылдары Үлбі дүниежүзінде түрлі салада пайдаланылатын екі сирек металл – бериллий өндіруден екінші орынға, тантал өндіруден төртінші орынға шыққан.

Бериллий – сұр түсті, сирек кездесетін металл. Оның бір ерекше қасиеті – 1 200°C аса температурада балқиды, сондықтан бериллий әуе-ғарыш

өндірісінде, зымырандар мен спутниктерде қолданылады. Оны бейбіт мақсатқа да, қару-жарақ өндірісінде де пайдалануға болады. Халықаралық экспорт бақылауы құрамында бериллийі бар өнімдерді қадағалайды, жабдықтаушылар оларды экспортқа шығарар алдында мемлекеттен рұқсат алсын деп талап етеді. Тағы бір сирек кездесетін материал – көк түсті, 3 000°C аса температурада балқитын танталды тат баспайды және түрлі ортада қасиеттері жоғалмайды. Бейбіт мақсатта да, қару-жарақ өндірісінде де, мысалы, ғарыш және зымыран бағдарламалары, жетілген электроника мен видео жүйелерінде қолдануға болатындықтан, бериллий сияқты, тантал экспорты да қатаң қадағаланады.

1990 жылдардың басында Үлбі зауытының жұмысы тұралап қалды. Совет экономикасы құлаған соң, совет министрлерінің тапсырысы азайып, зауыттың жағдайы қиындап кетті. Нәтижесінде өндіріс 10–15 есе азайды, Үлбі менеджерлері ураннан өзге өнім шығаратын желілердің жұмысын тоқтатты.¹ Зауыт жұмысшыларының жалақысы да уақтылы төленбей қалды.²

Үлбі өндірісі тоқтағанымен, қоймада аса бағалы әрі өте қауіпті зат – аса байытылған уран қалды. Материал құпия жоба – «Альфа» атом сүңгуір қайығына арналған өнімнің қалдығы болатын. «Альфа» сүңгуір қайығына арналған отын құрамында бериллий мен 90 пайызға жететін аса байытылған уран болған. Жоба 1980 жылдары аяқталған, ол кезде 2 метрик тоннадан астам отын қалған, оның құрамында 600 килограмнан астам аса байытылған уран бар еді.

Қазақстан осы уранға қатысты көп мәселенің шешімін табуға тырысты: Оны біреулер ұрлап кетуі мүмкін бе? Материалды елде қалдыру керек пе? Қалдырса, кімге беру керек?

Қазақстаннан тыс аймақта Үлбіге көз тіккендер аз болған жоқ. Сол уақытта Шығыс Қазақстан облысына жауапты болған ұлттық қауіпсіздік қызметкері Владимир Божко шетел мемлекеттері Үлбі мен оның қоймасына қызығып отыр деп түспал айтады. 1990 жылдар басында шетел елшіліктерінің барлаушылары Үлбі жайында көбірек мәлімет жинауға тырысқан. «Көпірдің үстінен тұрып, Үлбі металлургия зауытын суретке түсіру барлау мақсатында мәлімет жинау болып саналады» дейді ол.³

Қазақстандық шенеуніктің сөзінше, шетелдіктердің көзі Үлбіге ғана емес, тұтас Қазақстанның ядролық мұрасы – ядролық қару мен материалдарға түскен. Сол кезде сыртқы істер министрі болған Төлеутай Сүлейменовтің айтуынша, «бірнеше араб елінің» елшілері Қазақстанды ядролық арсеналды алып қалыңдар деп үгіттеп, «сендерге көмектесеміз» деп уәде берген. Сүлейменов тіпті кейбірінің атын да атады, мысалы, Ливия басшысы Моаммар Қаддафи қазақ басшыларына хат жазып, «ең алғашқы мұсылман ядро бомбасын» жасауға көмектессе, миллиард доллар береміз деген.⁴

Осының бәрін ой елегінен өткізген Қазақстандағы ядролық материалға жауапты адамдар (Үлбі басшылығы мен жоғары лауазымды шенеуніктер) тамаша жоспар ойластырады. Қазақстан аса байытылған уранды сенімді сатып алушы – АҚШ-қа сатады. Сөйтiп Қазақстандағы материал терiс ниеттi топтардың қолына түспейдi, мемлекет қолымызда көп мөлшерде ядролық материал бар деп мәлімдеме жасамайды, оны қорғаймын деп әуре болмайды және Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттікке мүше бола алады. Ол аз десеңіз, экономикасы біраз тұралап қалған Қазақстан қазынасына қаржы құйылады. Үлбі зауытының іскер басшысы Виталий Метте осы идеяны іске асыруға ықпал етті.

Сол жылдары қырықтан енді асқан Метте көк көзді, бұйра шашты, сымбатты, теңіз офицері болғандықтан бойын тік ұстайтын, жұртпен сыпайы сөйлесетін жігіт ағасы еді. Қазақстанның Ресей шекарасына жақын орналасқан ауылында дүниеге келіп, Ресейде әскери-теңіз инженерия саласында білім алған ол 1970 жылдары совет әскери-теңіз флотында борышын өтеп, атом сүңгуір қайығының ядролық реакторын басқарған, сондықтан зауытта қалған аса байытылған уран тарихын жақсы білетін.⁵ Жас та болса, Үлбі зауытын советтік жүйеден тәуелсіз Қазақстанға өткен қиын кезеңде басқарды.

Қазақстаннан Америка Құрама Штаттарына аса байытылған уран тасу қауіпті ядролық материалды жеткізу жағынан ғасырдағы ең ерекше оқиғаның бірі болды. Тек бәрі бейресми басталған.

Метте америкалықтарға құпия ақпаратты жариялауға рұқсатты елдегі ең лауазымды адам – Қазақстан президентінің өзінен алғанымен, бірнеше ай бойы Метте мен АҚШ елшілігі арасындағы байланыс құпия болды. 1993 жылғы қыркүйекте Метте АҚШ елшілігіндегі дипломаттарға Үлбідегі уран қоры туралы айтады.

Меттемен сөйлескен алғашқы америкалық Қазақстандағы АҚШ елшілігінің саяси-әскери бөлім басшысы, бірінші хатшы Энди Уебер болды. Метте араға дәнекер салып жүріп, Уеберге жолығады. Уебердің бұрын Боннда Қаддафидің жаппай қырып-жою қаруы бағдарламасына қарсы жұмыс істеген тәжірибесі бар еді. *Wall Street Journal*-дағы «Парижде зерігіп жүрген дипломаттарға Қазақстан – таптырмас жер» деген мақаладан Қазақстандағы АҚШ елшілігі мен Кортни туралы оқып, әуестігі оянған Уебер Қазақстанға жолдама сұрайды.⁶

Метте мен Уебер алғаш рет аңшылардың қару-жарағын сататын компанияның кеңсесінде жасырын жолығып, қысқа ғана тіл қатысады. Алматыға келгенше орыс тілін үйреніп алған Уеберге аудармашының қажеті жоқ еді. Сол күні кешке Уебер мен елші Кортни қайтадан Меттеге жолығады. Метте ғимаратта уран бар екенін айтқанымен, оның мөлшері мен байытылу деңгейі туралы ештеңе айтпайды. Аңшылықты жаны сүйетін Метте Уеберді Шығыс Қазақстанның табиғаты көркем Алтай өлкесіне аңға шығуға шақырады. Уебер келіседі.

Қазан туып, алғашқы қар жауған шақ еді. Қасына бірнеше адам ерткен Метте мен Уебер демалысты нағыз советтік стильде өткізеді: аң атып, сыра мен арақ ішіп, қақталған балық жейді, орыс моншасына түседі. Метте мен Уебердің жанына Қазақстан Ұлттық қауіпсіздік комитеті өз адамын ертіп жібереді. Арнайы агент Макаров тапаншасымен бұғы атып алғанда Уебер «мұндай мергені бар Қазақстанды ешбір жау алмайды» деп әзілдейді.⁷ Осы сапарда Метте мен Уебердің бір-біріне сенімі нығайып, Уебер кейін Меттені «нағыз басшы, өте сенімді, ақылды, әзілқой адам» деп сипаттайды.⁸

Қайтар жолда Метте Уеберді Үлбі зауытының тұсынан алып өтеді, екеуі зауыттың терезесін көреді, тек ішіндегі құпия материалды көрсетейін демейді. Уебер Меттенің қонағы болса да, екеуінің қарым-қатынасын биліктегі ең жоғарғы тұлға құптап отырса да, ҰҚК оларды аңдып жүрді. Америкалық шенеунік құпия ядролық нысанға барғандықтан, Уебердің әр қадамы агенттердің бақылауында болды.⁹

Сол жылы желтоқсанда АҚШ елшілігі қызметкерлері (арасында Уебер де бар) АҚШ вице-президенті Эл Горды күтіп алуға дайындалды. Уошингтонмен екі жылға созылған келіссөзден кейін Қазақстан алға жылжып, ядролық қаруы жоқ ел ретінде Ядролық қаруды тараптау туралы шартқа қол қоюға дайын болды. Жоғарыда баяндағанымыздай, қазақтар Шартты мақұлдауды Гордың сапарына орайластырды. Екі мемлекет *CTR* бойынша келісімге қол қойды, соған сәйкес, АҚШ қаруды таратпау жөніндегі және басқа да міндеттерді өз мойнына алды. АҚШ-Қазақстан қарым-қатынасы жаңа деңгейге шыққан тұста Метте дәнекерімен сөйлесіп, Уебермен тағы жолығатын болды.

Осы жолы Метте зауытта сақталған материалдың нағыз құны мен қауіп деңгейін айтуға әзір болды. Кездесу барысында Меттенің хабаршысы ештеңе демей, Уебердің қолына бір тілім қағаз ұстатады, онда «U235, 90 пайыз, 600 килограмм» деп жазылған екен. Бір тілім қағаз америкалықтардың зәресін ұшырады. 90 пайызға дейін байытылған уран мынадай мөлшерде болса, жиырма ядролық снаряд жасауға жетеді деген сөз. Осындай қауіпті зат Қазақстанда дұрыс қорғалмай тұр. Ниеті бұзық топтар білсе, материалды қолға түсіруге тырысуы мүмкін.

Уебер дереу Уошингтонға хабар береді. Бірнеше күннен соң Гор Алматыдан кеткенде, АҚШ елшілігі қызметкері түн ортасында Уеберді оятып алып, «Уошингтоннан түнгі жеделхат келді» дейді. Дипломаттар тілінде түнгі жеделхат «таңға дейін күте алмайды» дегенді білдіретін. Уебер жеделхатты оқу үшін дереу елшілік кеңсесіне барып, ондағы «мың сұраққа» жауап жазып жібереді.¹⁰

Басында осындай шұғыл реакция болса да, кейін бір айдай бәрі тыншып қалады. Уошингтон өзге маңызды мәселелерге бас қатырып жатқан – Украина ядролық қарудан бас тартуға, ал Солтүстік Корея Халықаралық

атом энергиясы жөніндегі агенттік тексерушілерін еліне кіргізуге келісер емес.¹¹ Уошиңтонның дереу жауап қатпауына тағы бір нәрсе ықпал етсе керек – бұрын ол мұндай іспен айналыспаған, яғни аса қауіпті ядролық материалды өзге елден жеткізіп көрмеген. Бұл істі жүзеге асырудың дайын үлгісі жоқ еді. Бір ай тыныш жатқан соң, Совет Одағының ядролық қауіпі туралы Харвард шығарған «Совет ядросының ыдырауы» деген мақаланың бір авторы, қорғаныс министрінің халықаралық қауіпсіздік саясаты жөніндегі көмекшісі, кейін қорғаныс министрі болған Эштон Картер осы жобаны басқаруға ниет білдірді.

1994 жылы президент Назарбаев президент Клинтонмен кездесуге Уошиңтонға ұшты. 1992 жылы үлкен Бушпен кездесуге барғандағыдай, Назарбаев шетелдіктерге арналған Блэр Хаус резиденциясына түсті. Елші Кортни мен Уебер Назарбаевпен жеке сөйлесіп, «АҚШ уранды тексеру үшін Үлбі нысанына сарапшы жіберуіне бола ма?» деп сұрап, Назарбаев келісті.¹² Сөйтіп АҚШ істі жалғастыруға ресми рұқсат алды.

Бұл арада АҚШ-тың түрлі ведомствода істейтін шенеуніктері жолығып, ары қарай не істейтіні жөнінде кеңесті. Америка Құрама Штаттары материалды Ресей қайтарып алғанын мақұл көрді, өйткені оның қауіпсіз сақтайтын жері бар және материал бастапқыда совет нысандарында өндірілген, ал ол нысандардың бәрі қазір Ресейдің қолында. АҚШ билігінің ойынша, бұл мәселені аз шығынмен жылдам шешу жолы болмақ. Медиа деректеріне сүйенсек, кей шенеуніктер, әсіресе Энергетика министрлігі материалды Ресейге қайтаруды қалаған, өйткені «заң, қаржы және логистика мәселелері азаяды» дейді. Мемлекеттік департамент өкілдері АҚШ материалды өзіне алса, Ресейдің реакциясы қандай болар екен деп тағы алаңдайды.¹³

Пентагондағы Эштон Картер, Мемлекеттік департаментте істейтін Роберт Галуччи және ұлттық қауіпсіздік қызметіндегі Даниел Поунман Қазақстаннан аса байытылған уран шығаратын құпия операцияны Пентагон басқарады деп ұйғарды. Қорғаныс министрлігінің қауіп-қатерді азайту саясаты жөніндегі бас директоры Жеффри Старр «Жолбарыстар командасын» құратын болды.

Бұдан соң жұмыс қарқын алды. Келесі айда Теннесси штатының Оук Ридж ұлттық зертханасындағы ядролық материалдар бойынша сарапшы Элвуд Гифт Қазақстанға ұшты. Алматыдан жанына Уебер мен Қазақстан Ұлттық қауіпсіздік комитетінің подполковнигін ерткен Гифт Өскеменге қарай жолға шықты. Құпияны сақтау мақсатында Гифт пен Уебердің әуе билетінде жалған есім жазылды.¹⁴

Үлбі металлургия зауытын көргенде Гифт пен Уебердің төбе шашы тік тұрады. Аса байытылған уран (үштен бірін ядролық қару жасау үшін өңдеудің де керегі жоқ) есігіне жай құлып салынған ғимаратта жатыр екен.¹⁵ Гифт материалды тексеріп, уран 90 пайызға дейін

байытылғанын растайды. Ол қауіпті материалдың үлгісін алып, диаметрі 1 сантиметр, тереңдігі 4 сантиметр шыны құтыға салып, Оук Ридждегі зертханаға талдау жасауға жібереді. Жалпы салмағы 15 грамм болатын үлгілер түрлі пішінде: металл жаңқа мен үгінділер, төрт ұнтақ және үш шағын металл тілімі түрінде алынды. Оук Ридж мамандары үлгілерге талдау жасап, әрқайсының байытылу дәрежесі 89,6 пайыз шамасында екенін анықтайды.¹⁶

1994 жылғы наурызда АҚШ-та ұлттық қауіпсіздік кеңесінің өкілі Роуз Геттемюлер басқаратын ведомствоаралық топ құрылып, шенеуніктер осы мәселе бойынша Ресеймен сөйлесу жолын талқылады. Ресей материалды алғысы келе ме? Америкалықтар совет ядролық бағдарламасы аясында өндірілген материалды Қазақстаннан әкетеміз деп өз бетімен шешім шығарса, Ресей наразы бола ма? Энергетика министрлігі өкілдері Ресей советтік аса байытылған уранды өзі алып қалса деді. Олар АҚШ-тағы қоршаған ортаны қорғаушы топтар совет кезінен қалған ядролық материалды АҚШ-қа әкелуге қарсы шығады деп қорықты. Пентагон шенеуніктерінің ойы басқаша еді. Олар Ресейдегі ядролық материал қоры жарты тоннадан асып кетпесін деді.

Үлбіндегі аса байытылған уранды Ресейдегі ядролық бағдарламаға жауапты шенеуніктер ұмытып кетті ме, әлде Ресейде мәлімет шашыраңқы болғаны сондай, аса байытылған уран туралы білетін шенеуніктер дүниеден өтіп, өзгелер хабарсыз қалды ма, ол жағы әлі күнге белгісіз. Совет Одағының маңызды деректі қағазға жазып бақылайтын жүйесінен ақау кеткен сияқты. Ресейдің атом энергиясы министрі Виктор Михайлов басында бұл материалды «қалдық» деген. Біраз ойланған соң, Ресей премьер-министрі Виктор Черномырдин АҚШ вице-президенті Эл Горға «Аса байытылған уранды Америка алсын» деді.¹⁷

Назарбаев Ельцинмен тікелей сөйлесті. «Ельцинге бәрібір еді» дейді Назарбаев. Ельцин Назарбаевқа, бір жағынан, «Қазақстан аса байытылған уранды алып қалуына болады» десе, енді бір жағынан, «Оның сендерге не керегі бар?» дейді.

Назарбаевтың айтуынша, бұл түбінде АҚШ пен Қазақстан бірлесіп ұйғаратын мәселе болып шықты.¹⁸

Қазақтар мен америкалықтар арасындағы мәселе болғандықтан, екі тарап дереу іске кіріседі, тек ешкімге сыр білдірмей, сақ қимылдайды. Назарбаев өзге мемлекеттер мен олардың барлау қызметі аса байытылған уранға қызығып жүргенін білетін. «Сондықтан да АҚШ басшыларымен бәрін құпия сақтаймыз деп келістік» дейді Назарбаев.¹⁹ Осы себепті АҚШ пен Қазақстан шенеуніктері арасында операция туралы санаулы-ақ адам білді.

Миссия «Сапфир жобасы» деп аталғанының өзі материал аса бағалы екенін меңзейді. Оук Ридж зертханасында істейтін бір ғалым шенеунік-

тердің Орталық Азия мемлекетінде қауіпті материал бар екенінен белгі беретін «қазақстандық аса байытылған уран» деген жазуы бар конверт ұстап жүргенін көрген соң, осындай атау ойлап шығарыпты.²⁰

1994 жылғы тамызда Энергетика министрлігі өкілдері жағдайды бағалау үшін Өскеменге барады. Оларға Алматыдан АҚШ елшілігінің екі әскери қызметкері ілеседі. Солардың бірі Уошиңтонға өте құпия материал жеткізеді.²¹

ҚҰПИЯ ОПЕРАЦИЯ

1994 жылғы қазанда Уошиңтондағы бюрократиялық мәселелер шешілген соң, АҚШ техникалық командасы Өскеменге барады. Топ құрамындағы отыз бір адамның (екеуі – әйел) жиырма бесі Энергетика министрлігінің (ЭМ) техникалық мердігері, біреуі байланыс орнатушы техник және біреуі сол министрлікте істейтін дәрігер болатын. Қалған төртеуі Оқиға орнында тексеру агенттігінің (OSIA) қызметкерлері еді, Пентагоннан келген бұл топ орташа жылдамдыққа арналған ядролық қару туралы АҚШ-Совет келісімі бойынша оқиға орнында ядролық қаруды жоюға қатысты тексеру жүргізетін.²² Президент Клинтон ұзақ күттіріп, соңғы сәтте жоспарды мақұлдады. OSIA командасы 1994 жылғы 6 қазанда Уошиңтоннан Теннесси штатындағы Ноксвилл қаласына жетіп, топ мүшелерін сол жерде күтетін болды. Ертеңінде, топтың аттануына бір-ақ күн қалғанда Клинтон жоспарды бекітті.

Содан кейінгі екі күнде техниктер тобы мен олардың жабдықтарын тиеген үш АҚШ әскери ұшағы Ноксвилден Өскеменге ұшты. Жанармайды ұшып келе жатқанда құя беруге болатын *Lockheed Galaxy C-5s* ұшақтарын АҚШ тек ірі әскери операцияларға қолданатын. Өскемен әуежайы бұрын мұндай ұшақтарды қабылдап көрмеген. Қаланың әуе диспетчерлері сол кездегі жағдайды былай баяндайды: «Қандай ұшақтар келетінін білмегенбіз... Америкалықтар әуежай орнын шамалап қана білетін, сондықтан қону жолағына емес, жақын маңдағы тасжолға қона жаздады».²³

Операция құпия болса да, шағын қаланың әуежайына қонған алып ұшақтарды жасыру мүмкін емес еді. Жергілікті тұрғындар *C-5* жақындағанда гүрілін естиді, қалада «Америкалықтар келді» деген сөз тарап кетеді. Қонақтар не мақсатпен келгенін тұрғындар кейін біледі.

Америкалық команда Қазақстанда болғанда толықтай өз-өзін қамтамасыз етеді. Олар қыздырғыш, генераторлар мен азық-түлік қорын ала келіпті.²⁴ Төрт күн ішінде жаңа ортаға бейімделуге немесе демалуға мүлде уақыт бөлмей, команда барлық жабдықты орнатып, Үлбідегі аса байытылған уранды тиеуге дайындалады.²⁵

Бірнеше жүздеген тонна аса байытылған уран уайымы аз болғандай, жүкті орап жатқанда америкалықтар бериллий тиелген, сыртына

Ирандағы мекенжай жазылған ағаш жәшіктерді көреді. Метте Уеберге ирандықтардың тапсырысын олардың атынан әрекет еткен делдал рәсім-деген, алайда Үлбі зауытының қызметкерлері оны не мақсатқа тұтына-тыны жайында сертификат талап еткенде жоқ болып кеткен дейді.²⁶ Ол құжат екіжақты мақсатта пайдаланылатын тауар әскери бағдарламаға қолданылмайды дегенді білдірер еді.

Иран ядролық бағдарламасының бас маманы Реза Амролахи АҚШ-тың «1992 жылы Иран Қазақстаннан байытылған уран сатып алмақ бо-лып, делдал жолдаған, тек олар құр қол қайтты» деген айыбын мойын-дамай қойды: «Біз ешкімді жолдаған жоқпыз... Шын сөзім. Байытылған уранды қайтеміз? Орыстарда ядролық қару көп, тек олар оны қолдана да алмады. Бомбаның заманы өтті деп ойлаймын. Бізге ядролық қарудың керегі жоқ».²⁷

Техниктер тобы аптасына алты күн жұмыс істеп, бір күн ғана демал-ды. 12 сағаттық жұмыс ауысымында уақыт үнемдеу үшін олар әскерилер-ге арналған дайын тамақ жейтін.²⁸ Автобус оларды таң атпастан қонақүй-ден Үлбі зауытына апаратын, күн батқанда кері алып қайтатын. Сөйтіп жұрт көзіне түсіп, дабыра қылмауға тырысты.²⁹

Бұрын батыс халқын көрмеген Үлбі зауытының қызметкерлері мен кейбірі шетелге алғаш шыққан америкалық қонақтар тіл табысып кетті. «Олар бізге кофе беретін» деп еске алады Үлбі қоймасында меңгеруші болған әйел. Жергілікті қызметкерлер америкалық қонақтарға өз та-мағын беріп сыйлады, балықтан сорпа жасап беріп, разы қылды. Совет отбасының дастарханынан үзілмейтін, күзде консервілеп, қыста жеуге сақтап қоятын тұздалған қияр мен қызанақтан ауыз тигізді. Қойма мең-герушісі америкалық қонақтарға «Босаған шыны банкілерді қайтарып беріңіздер» дегенде, олар абдырап қалды деп есіне алып, күледі.³⁰ Қара-пайым шыны банканың өзі сол заманда Қазақстанда қат еді.

Операция кезінде олқылықтар да болды. Кейін есеп берген әскери-лер Энергетика министрлігі қызметкерлері «миссияға дұрыс дайындал-маған», «маңызды іс орындап жүргенін жете түсінбеген» деп шағынған. Бөтен жерге, қиын жағдайға тап болған әрі әскерилер сияқты қауіпсіздік мәселесіне жетік емес техник мамандар отбасына қоңырау шалғанда құпия ақпаратты байқамай айтып қоятын, қонақүйде жүргенде де бір-бірімен еркін сөйлесе береді екен. Әскерилердің айтуынша, кейбірі тапсырмаға өзі де, құрал-сайманы да дайын болмай келіпті. Дей тұрған-мен сол есепте «Энергетика министрлігі техниктер тобының құрамы, олардың білігі мен тапқырлығы жоба талабына мінсіз сай болды» деп мойындайды, «Команда мүшелері шеше алмаған техникалық мәселе болған жоқ» дейді.³¹

Түрлі пішіндегі салмағы 2 200 килограмм материалды өңдеп, он-дағы600 килограмға жуық аса байытылған уранды алуға төрт апта кетті.

Улы әрі тат басқан материалды өңдеу мен орау қиын болды. Команда аса байытылған уранды ұзындығы 6 метр болатын 448 жүк контейнеріне тиіп, сегіз-сегізден жүкті шектеу транспортеріна (*CRT*) орағанда, жалпы саны 56 *CRT* шықты.³² 16 қарашаға қарай бәрі дайын болғанда, операция аяқталады деп жоспарланған уақыттың әлі бірнеше күні бар еді.

Команданы Өскеменге әкеліп тастап, Түркиядағы Инжирлик әуе базасына кеткен *C-5* ұшақтары қайта келіп, команда мен материалды тиіп әкетуге тиіс болатын. Алайда ұшақ механикасынан ақау шығып, ауа райы болжамы да дұрыс болмай, ұшақ бөгеледі.

Сол күнгі ауа райы деректері ескірген екен, соған сеніп жоспарынан жаңылған Уебер Әуе операциялары орталығына қазіргі ауа райы туралы есеп бергенде былай дейді: «*C-5* Инжирликте тұр. Өскеменде күн шайдай ашық, ал АҚШ әуе күштері «күн нашар дегесін ұшпадық» дейді. Бұл бір жайсыз жағдай болды».³³ *C-5* ұшақтары келем дегенше тағы бірнеше күн өтіп, ол аралықта күн де құбылып, қарашаның қарасуығында қауіпті жүк тиеген көліктер түнгі үште Үлбі зауытынан шығып, әуежайға бет алғанда, жолдарды қырау басып, қырбық көктайғақ басталған.

Көліктерге полиция мен қауіпсіздік қызметі өкілдері ілесіп жүреді. Көш басында Уебер мен Қазақстанның ұлттық қауіпсіздік қызметінде істейтін генерал Божко мінген көлік келеді. Бұл уақытта құпия операция бойынша бірге жұмыс істеп, үнемі бірге жүрген Уебер мен Божко етене араласып кеткен еді. Ұйымдастыруды, қажет адамның тілін табуды білетін Божко әзілді де жақсы түсінетін. Тек сол түні Божконың да, Уебердің де мазасы кетті. Божко операцияның ақырын «бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» деп түйіндейді. Сол түнгі ауа райы тым жайсыз болды: «Қатты жаңбыр жауып, температура нөлден төмен түсті. Уран толтырылған контейнері бар үлкен жүк көліктері көктайғақта қалт-құлт етіп әрең келеді. Осы контейнерлердің бірі құласа немесе жүк көлігінің тіркемесі ауып кетсе, сұмдық болар еді».³⁴ Божконың қасында отырған Уебер де апат болуы мүмкін екенін ойлағанда қатты қорықты. «Жүк көліктерінің бірі тайып кетіп, Ертіс өзеніне құлады деп Уошиңтонға хабарлағанымды елестеткенде, зәрем ұшты» дейді ол.³⁵

«Бағымызға орай, Қазақстан жүргізушілері мұз үстінде көлік айдауды біледі екен» деп әзілдейді Уебер.³⁶ Әуежайға жеткенде де жағдай оңала қоймайды: қар аралас жаңбыр тоқтамай, тайғақ кетпей тұрып алды. Инжирликтен бірінші *C-5* жеткенде, команда оған аса байытылған уранның жартысын тиейді. 20 қарашада ұшақ әуеге көтеріледі. Ертеңінде келген тағы екі *C-5* жүк ұшағы уранның қалғанын тиіп, техниктер тобы мен жабдығын салып алып, Өскеменнен ұшып кетеді.³⁷ Ұшақтар Деллауар штатындағы Довер әуе базасына дейін 9 000 шақырым тоқтамай ұшып, жол бойында бірнеше рет әуеде жанармай құйғызады. Әуе тасымалына жауапты болған подполковник Майк Фостер былай дейді:

«Кабинада отырып, жерге құласақ, не болады деп болжап, ойша біраз Том Кленсидің романын жазып тастадық».³⁸ Әйтсе де арты жақсы болды, ұшақтар аман-есен жерге қонды. Қазақстанның аса байытылған ураны сыртынан кәдімгі жүк көлігінен аумайтын, сөйте тұра, Эштон Картер мен қорғаныс министрі Уильям Перри айтқандай, «айдап әкетпек болған немесе соғылған адамның бойынан жан кетіріп, тұншықтырып өлтіретін нағыз құбыжық» – «қауіпсіз әрі сенімді көліктерге» тиеліп, радиомаяктар жол бойы қадағалап отырып, Оук Риджге жеткізілді.³⁹

Шенеуніктер мен әскерилер операцияны құпия сақтауға барын салғанымен, АҚШ медиасының бір өкілі операция аяқталарға 15 сағат қалғанға дейін (ұшақтар Доверге қонған, тек жүк көліктері Оук Риджге жетпеген) ол туралы біліп алады. Ұлттық қауіпсіздік қызметіне сілтеме жасаған Ақ үй журналиске өтініш айтып, материал Оук Риджге аман-сау жеткенше ештеңе жазбай тұра тұр дейді. Журналист келіседі.⁴⁰

Жүк көліктері Y-12-ге жеткенде, операцияның басы-қасында жүрген үш агенттік басшылары – Уильям Перри, Мемлекеттік департамент өкілі Уоррен Кристофер және Энергетика министрлігі өкілі Хейзел О’Лири Уошиңтонда баспасөз мәслихатын өткізді. Оған АҚШ елшісі Уильям Кортни мен АҚШ-тағы Қазақстан елшісі Төлеутай Сүлейменов (бұрынғы сыртқы істер министрі) те қатысты.

Қорғаныс министрі Перриді қазақстандық шенеуніктер қатты сыйлап, «өте білікті, ойлы мәмілегер» дейтін.⁴¹ Ол баспасөз мәслихатын ашып, «Сапфир» жобасының маңызын былай түйіндейді: «Қазақстанның Үлбі металлургия зауытында сақталған аса байытылған уранды Оук Ридж зауытына жеткізу арқылы біз бомба жасауға болатын ядролық материалды қара нарықтағы саудагерлердің, терроршылар мен жаңа ядролық режим өкілдерінің қолына түсірмей, аман алып қалдық».⁴² Перри қазақ өкіметі Үлбі зауытында ядролық материалды қандай жағдайда сақтағанына ешкім айып тақпасын дейді:

Қазақстан бұл материалды талапқа сай сақтай алғанын айтқым келеді. Оны дұрыс сақтамапты деп айыптау – қате. Әйтсе де материалды сақтау көп қаражатты қажет етеді. Біздегідей сақтауға ыңғайлы нысандары жоқ. Сондықтан да материалды Оук Ридж зауыты сияқты сондай материал сақтауға арналған орында ұстаған әлдеқайда тиімді.⁴³

АҚШ-тағы баспасөз мәслихатынан кейін Ресей медиасы Ресей Атом энергиясы министрлігі өкілінің пікірін жариялады. Ресми тұлға «АҚШ-тың қауіпсіздікке қатер бар дегені – асыра сілтеу» деп тұспалдайды:

Ядро саласында оқып жатқан студенттің өзі бериллиймен қорытылған уран (тіпті аса байытылған болса да) тек энергетикалық

қондырғыларға (мысалы, ядролық сүңгуір қайықтар мен мұз-жарғыштарға) жарамды екенін біледі. Сарапшылардың пікірінше, Ресей мен АҚШ қана бериллиймен қорытылған U235-тен бомба жасай алады. Уранды Совет Одағы әскери мақсатта қолданбау үшін әдейі «қарайтуға» қолданған бериллий изотопынан тазарту технологиясы да осы екі мемлекетте ғана бар.⁴⁴

Ресейдегі ядро саласы өкілдері атышулы жобаны АҚШ жүзеге асырғанына қынжылған сияқты. Материалдың мөлшеріне байланысты туған тағы бір дау АҚШ-тың күн сайын шығатын *Washington Times* газетінде екі жылдан соң жарияланды. Мақалада операция кезінде аса байытылған уранның 22 килограммы жоғалып кетті делінген.

1996 жылғы 24 қазанда Пентагонда медиа өкілдеріне арналған брифинг өтіп, сонда журналистер «Қазақстанның аса байытылған ураны қайда кетті?» деп сұрақ қояды. Пентагон шенеунігі «санағанда қате кеткен болар» дейді, бұқаралық ақпарат құралдарына «Осы мәселені зерттеп жатқан Энергетика министрлігінен сұраңыздар» деп кеңес береді. Энергетика министрлігі «Аса байытылған уран жоғалды деген мәлімет мүлде өтірік» деп, мойындамай қойды, Қазақстанда қақпағы мықтап жабылған контейнерлер үнемі қатаң қадағалауда болғанын айтты.

Сүлейменовтен кейін АҚШ-тағы Қазақстан елшісі болған және «Сапфир» жобасына қатысқан Болат Нұрғалиев Энергетика министрлігі өкілдерімен және мақаланы жазған *Washington Times* журналисімен кездесті. Энергетика министрлігінің ішкі жазбасында аса байытылған уранның түзетілген мөлшері көрсетілген екен (бастапқы жарияланған мөлшерден 22 килограмм азайған), сол дерек жария болып қалған.⁴⁵ Оны естіген журналист мақала етіп жазған.

Пентагондағы брифингнен екі күн өткен соң АҚШ өкіметі болған жағдайды былай түсіндірді:

Америкалықтар материалды АҚШ-қа жөнелту үшін орап жатқанда, аса байытылған уранның сапасы да, мөлшері де нақтыланбаған. Екі өкімет те уран мөлшерін болжап айтты. Басты мәселе материалды қауіпсіз жерге жеткізу еді, сапасы мен мөлшерін кейін анықтаймыз деп ұйғарды. Энергетика министрлігі импортталған материалға талдау жасап болды, аса байытылған уранның қазіргі мөлшері бастапқыда айтылған саннан өзгеше болып шыққаны таңғаларлық шаруа емес. Бұған қарап, материалдың біраз бөлігі басқа жаққа кетті деп пікір жасауға болмайды.⁴⁶

АҚШ тарапы құпия операцияны орындау үшін бірнеше мекемені жұмылдырды. Сол бірнеше мекеме бекітіп, бөлген қаражатты анықтау міндетін өз мойнына алған Ким Савит былай дейді: «Бұл істі жалғыз

ведомство атқарған жоқ, бірнеше агенттік күш біріктірді, көптеген бағдарламалық әдісті қолдандық. Америка Құрама Штаттары бұрын мұндай жұмыс істеген емес. Жұмыс барысында жаңа бағдарламаларды дамытып, түрлі агенттіктің жұмысын үйлестіріп отыруды үйрендік. Ешкім өз қаражатын жұмсағысы келген жоқ, әйтсе де бәрі қатысқысы келді. Бағдарламаны біреудің ақшасына орындай салған қай кезде де бәрінен оңай ғой». ⁴⁷ Ақыр аяғында Энергетика министрлігі өз адамдарының шығынын көтерді, Қорғаныс министрлігі өз шығынын көтерді, ал Мемлекеттік департамент Үлбіге аса байытылған уранның бөлінген жұмыс бірлігі құнын өтеді (Бөлінген жұмыс бірлігі – байыту процесі кезінде уран изотоптарын бөлуге қажет күшті есептейтін стандарт өлшем бірлігі).

Қазақстандық аса байытылған уранның өтемақысын анықтау тағы бір маңызды мәселе еді, оны да шешу қажет болды. 1994 жылғы сәуірде сол кездегі Қазақстанның Атом энергетикасы агенттігінің басшысы Владимир Школьникті осы мәселені талқылау үшін Уошиңтонға шақыртады. Ол кезде Школьник Монтерей халықаралық зерттеулер институтының қонағы ретінде Калифорнияның Монтерей қаласында жүрген. Мемлекеттік департаменттегі кездесуде АҚШ шенеуніктері арасында Школьник Қазақстан атынан барған жалғыз өкіл болады. Америкалық әріптестері оған мәселе болып отырған уранның құны 3 миллион доллар дейді. Школьник оларға «Бұл ұсынысты қабылдай алмаймын, бас тарта да алмаймын. Нарықты білмей тұрмын» дейді. Школьниктің айтуынша, аяғында америкалықтар Қазақстанға 30 миллион долларға балама қаражат жұмсайды. ⁴⁸

Ол қаражаттың біраз бөлігі совет ядролық бағдарламасынан қатты жапа шеккен Семей облысындағы медициналық мекемелерге көмек түрінде келді, Семей мен Курчатов қалаларына және аса байытылған уран сақталған Үлбідей нысанға жөнелтілді. Әріптестерінің айтуынша, Ким Савит «АҚШ медициналық тауармен жабдықтау мекемелеріне қоңырау шалып, қандай жәрдем бере алатынын» сұрайды. ⁴⁹

Семейдегі бес аурухана, оның ішінде обырды емдеуге арналғаны бар, құны 1,74 миллион доллар болатын жабдық алды. Семей мен Курчатов қалаларына жөнелтілген медициналық тауарлар арасында ұзақ мерзім қолдануға болатын жабдықтардан бастап шприцтерге дейін болған. Үлбі атом электр станциясы өз қызметкерлері қаралатын емханаға деп, жалпы сомасы 2,2 миллион долларға науқастарды емдеу, УДЗ жүргізу, анестезия беру сияқты түрлі ем-шара жасайтын жабдықтар алды. Америкалықтар Үлбі зауытына ядролық материалды қорғау, есепке алу және бақылау үшін арнайы жабдықтар, оның ішінде материалды сақтайтын орынға арналған дабыл беру жүйесін де жеткізді. ⁵⁰

Сонымен бірге «Сапфир» жобасына бөлінген қаржыға сатып алған компьютерлер Қазақстандағы бірқатар мемлекеттік мекемеге таратылды.

Салық агенттігі 1,15 миллион долларға, экспортты бақылауға қатысқан агенттіктер 2 миллион долларға компьютер алды. АҚШ Энергетика министрлігі Қазақстанның Атом энергетикасы агенттігіндегі әріптестеріне көмектесіп, ядролық нысандарына тексеру жүргізу үшін жарты миллион доллар да бөлді.⁵¹

«Сапфир» жобасының арқасында Халықаралық ғылым және технология орталығы (штаб-пәтері Мәскеуде; АҚШ, Еуропа Одағы мен Жапония және басқа мемлекеттер қаржы құяды) Қазақстандағы жеті ғылыми жобаны қаржыландырды. Бұл жобалар Семей полигонындағы радиоактив қалдықтардан ластану деңгейін талдау, ядролық материалды бақылаудың тиімді әдісін табу, тағы басқа сынды елдің ядро саласының қиындықтарын еңсеруді көздейді. Халықаралық ғылым және технология орталығы бөлген қаржының арқасында ғалымдар топырақ пен жерасты суындағы радионуклидтер қалай көшетінінің моделін жасады.⁵²

«Сапфир» жобасы аясында Қазақстанның Ұлттық ядролық орталығына радиостанциясы мен күзет жарығы бар сегіз ізге түсу автокөлігі, бес шағын автобус, сегіз пикап, төрт автобус, жиырма *Nikon* фотоаппараты, жүзден аса компьютер, сегіз принтер, он сканер, он көшіру аппараты, компьютердің бағдарламалық жасақтамасы мен медициналық жабдықтар берілді.⁵³

Холлиууд стилінде – жасырын кездесулерді, техникалық команда жасақтауды, құрлыққа аялдап жанармай құюды қажет етпейтін С-5 ұшақтары қолданылып өткен құпия операцияның ең маңыздысы Қазақстан мен АҚШ арасындағы өзара сенім еді, соның арқасында операция тыныш өтті. Картер мен Перри кейін «Қазақстан Компартиясының басшысы болған және Одақ тараған соң елдің алғашқы президенті болып сайланған Назарбаев өз елінде аса байытылған уранның көп мөлшері бар екенін білгенде, дүниенің арғы шетінде жатқан АҚШ президентіне қоңырау шалып, ядролық материалды алып кетіңдер» дегеніне таңданады.⁵⁴ Клинтон мен Назарбаевтың өзі араласқаны «Сапфир» жобасындағы коммуникация ең жоғары деңгейде өткенін білдіреді.⁵⁵

«Сапфир» жобасы ядро саласындағы АҚШ пен Қазақстанның алғашқы бірлескен операциясы болды. «Сынақтан өткен сияқтымыз» деп әзілдеді кейін америкалық ресми тұлғалар. «Сапфир» жобасынан кейін қазақтар америкалықтарға қауіпсіздік саласындағы проблемалары туралы айтуға дайын еді. Ондай проблемалар құрамында плутоний бар, мөлшері бірнеше тонна болатын өңделген отынға; совет биологиялық қару бағдарламасынан кейін бубон обасы мен туляремия сияқты індеттің қорғаусыз қалған үлгілеріне; ұрлауға болатын плутонийге; ішінде радиоактив материалы бар полигон шахталары мен ұңғымаларына қатысты еді. «Сапфир» жобасы бірлескен іс-шараның бастамасы болды. Операция кезінде қалыптасқан сенім Қазақстандағы Нанн-Лугар Қауіп-қатерді

бірлесіп азайту бағдарламасы аясында қаржыландырылған көптеген жобаны іске асыруға мүмкіндік берді.

НАНН-ЛУГАР БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ШЫҒУЫ

Бұл жобаның бәрі Совет Одағының тағдыры қыл үстінде тұрған 1991 жылдан бастау алады. АҚШ-тың екі сенаторы – Сэм Нанн мен Ричард Лугар радикал идея ұсынды: АҚШ салық төлеушілері Ресейден өзге республикалардағы совет ядролық қару инфрақұрылымын бөлшектеу шығынын көтеруге тиіс; сөйтіп Ресейдің ядролық қуатын азайтып, дұрыс қорғалмай жатқан совет ядролық материалының қауіпсіздігін күшейту қажет.

1991 жылы бүлікшілер ССРО президенті Горбачевты биліктен тайдыру үшін төңкеріс жасамақ болған оқиғадан кейін сенатор Нанн Мәскеуге барады. Горбачев оған төңкеріс жасауға талпыныс болған үш күнде совет ядролық қаруын кім басқарғанын білмеймін деп мойындайды. Оны естіген Нанн былай дейді: «Совет Одағына үлкен қатер төніп тұр деп ойладым. Совет билігінің ядролық қаруды бақылап, басқаруына көмектесу үшін аянып қалмауымыз керегін түсіндім».⁵⁶

Сенатор Нанн Конгрестің қарулы күштер жөніндегі комитетінің басшысы Лес Аспинмен бірге заң жобасын дайындайды, онда Совет Одағына гуманитарлық және қауіпсіздік мақсатында көмектесу туралы айтылады. Заң жобасы өтпей қалды. Бірнеше күннен соң Уошингтонда сенатор Нанн Совет Одағының танымал әскери сарапшылары Андрей Кокошинмен және Сергей Роговпен кездесіп, таңғы ас ішеді. Совет сарапшылары оның қауіпін растап, Совет Одағы дереу көмек алмаса, әлемдегі қауіпсіздікке қатер төніп тұр дейді.

Бұдан соң демократ Нанн республикан әріптесі сенатор Ричард Лугармен күш біріктіріп, жиырма сенаторға арнап таңғы ас беріп, брифинг өткізеді. Олар «Совет ядросының ыдырауы» мақаласының бір авторы Эштон Картерді шақырып, ядролық қаруы бар алпауыт ел құлағанда салдары қандай болуы мүмкін екенін сенаторларға түсіндірсін деп сұрайды.⁵⁷ Осы брифингнен кейін бірнеше күннен соң Нанн мен Лугар жиырма төрт демеушінің қолдауымен совет ядросының қатері туралы жаңа заң жобасын дайындайды.

Нанн мен Лугар үлкен Жорж Буш әкімшілігінен жобаға қолдау сұрайды, тек қорғаныс министрі Дик Чейни жобаны іске асыруға қорғаныс бюджетінен 400 миллион доллар алуға қарсы шығады. Сөйтіп Буш әкімшілігінің ұлттық қауіпсіздік кеңесінің қызметкері сенаторларға «Әкімшілік заң жобасын қолдамайды да, қарсы да емес» дейді. Сол уақытта Ядролық қаруды қорғау, қауіпсіздігін сақтау және бөлшектеу жөніндегі жұмыс тобының тең төрағасы болған Уильям Кортни Нанн мен Лугардың

жетекші қызметкерлерімен кездесіп, осы позицияны бекітті. Әйтсе де кейін Кортни «бізді Конгресс құтқарды» дейді.⁵⁸

Конгресс 1991 жылғы 12 желтоқсанда совет ядросының қауіп-қатерін азайту туралы заңды мақұлдайды (екі аптадан соң Совет Одағы ресми түрде тарайды), президент Буш заңға қол қояды.⁵⁹ Көмек беру бағдарламасы Нанн-Лугар қауіп-қатерді бірлесіп азайту (*CTR*) бағдарламасы деп аталады.

Бұрынғы Совет Одағында саяси және экономикалық дағдарыс болып жатқан кезеңде Батыстың жоғары лауазымды ресми тұлғалары совет ядролық қаруы, ядролық материалдар мен ғалымдардың тәжірибесі теріс ниетті бұзақылардың қолына түсе ме деп қатты алаңдаған. Уошиңтон саясаткерлері ядролық қару терроршылар мен өзге мемлекеттердің қолына түсе ме, түспей ме деп қарап отырмай, Беларусь, Қазақстан, Ресей мен Украинаға көмектескені абзал болатынын түсінді. АҚШ совет ядролық қаруы қара нарыққа саудаға түсер немесе жұмыссыз қалған совет ғалымдары оны шетелге сатар деп болжап, соның алдын алуға талпынды.

1992 жылғы тамызда Уошиңтон Қазақстан билігіне хабарласып, қазақ жеріндегі совет ядролық қаруы инфрақұрылымын бөлшектеу және жою үшін *CTR* бағдарламасы бойынша қаражат бөлеміз деді. Бұл кезде қазақ өкіметі АҚШ-тан көмек алуға дайын отырғанымен, егжей-тегжейін талқылауға дайын болмаған, өйткені Ресеймен кеңесіп, қаруды Ресейге жөнелту жолын ақылдасып жатқан болатын.⁶⁰

1992–1994 жылдары АҚШ ықпалды тұлғалары Қазақстанға іссапармен жиі баратын, солардың көбі Нанн-Лугар *CTR* бағдарламасы аясында ядролық қарудан бас тартуға көмектесеміз деді. Сенаторлар Нанн мен Лугар өздері де Ресей мен «ядролық қаруы бар республикалар» – Беларусь, Қазақстан және Украинаға барып, қаржыландыру мәселесін талқылады. 1992 жылғы қарашадағы кездесуде сенаторлар Назарбаевқа Қазақстандағы ядролық шұңқырлар мен снарядтарды жоюға 100–200 миллион доллар бөлеміз деді. Ол сапар Клинтон президент болып сайланған соң бірнеше күннен кейін болған еді. Назарбаев сенаторларға ел өкіметі бұл мәселе туралы нақты сөйлесуге әлі дайын емес, алайда «келіссөз бастап, кешенді мәселелерді жаңа әкімшілікпен бірге талдауға» дайындаламыз деді.⁶¹

Сол айда бұрынғы совет елдерімен Нанн-Лугар жобасы бойынша ядролық қарудан бас тарту жөнінде келіссөз жүргізуге тағайындалған алғашқы АҚШ арнайы елшісі генерал Уильям Бөрнс ықтимал ынтымақтастық жайын ақылдасуға Қазақстанға аттанды. АҚШ өкіметі мынадай салалар бойынша көмек беруге дайынбыз деді: қаруды бөлшектеу мен тасымалдау кезінде апат қатері туындағанда көмектеседі; осал ядролық материалды бақылау мен есепке алу жүйесін құрып береді; материалды заңсыз тасымалдаудың алдын алу үшін экспортты қадағалау жүйесін әзірлейді және екі астана арасында арнайы өкіметаралық байланыс орнатады.⁶²

Бірнеше айдан соң, 1993 жылғы наурызда Бөрнс қызметінен кетті. Қазақстан, Ресей, Беларусь және Украинамен *CTR* бойынша келісім жасау міндеті елші Жеймс Гудбиге жүктелді. Гудби АҚШ дипломатиялық қызметіне 1950 жылдары қосылған, қаруды қадағалау мәселелері бойынша тәжірибелі келіссөз жүргізуші еді.

Жаңа қызметке тағайындалған бетте Гудби мен Қорғаныс министрлігінде істейтін әріптесі Глория Даффи алғаш рет Қазақстанға барды. Гудбидің Орталық Азия еліне баруы алғаш еді, Алматы оған бірден ұнайды: «Шыңынан қар кетпейтін Тянь-Шань тауының етегіндегі әдемі қала екен. Медеуге бардық, Жергілікті тағамдар да ұнады».⁶³

Гудбидің міндеті Назарбаевты *CTR* бағдарламасын қабылдауға келістіру еді, тек Қазақстан әлі аңысын аңдып, Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа ядролық қаруы жоқ мемлекет ретінде қосылмағандықтан, қазақ президенті «иә» деуге асықпады. Гудби нәтижесіз сапары жайында былай дейді: «Назарбаев көнбей қойды. Ештеңе істей алмадым».⁶⁴

Оның Қазақстанға екінші, 1993 жылғы қыркүйектегі сапары алдыңғыдай емес, нәтижелі болды: қазақстандық әріптесі – сыртқы істер министрінің орынбасары Болат Нұрғалиевпен келіссөз өткізіп, негізгі *CTR* келісімін талқылайды. Осыдан кейін ядро саласындағы ынтымақтастық қарқынды жүре бастады. Біраздан соң келісім дайын болды, қол қою ғана қалды. «Назарбаев іске кірісіңдер деген сияқты» деп еске алады Гудби.⁶⁵

Дегенмен 1993 жылғы қазанда АҚШ мемлекеттік хатшысы Уоррен Кристофер Алматыға келгенде, қазақтар 85 миллион доллар сомаға негізгі *CTR* келісіміне қол қоюдан бас тартады, өйткені олар Ядролық қаруды таратпау туралы шартты орындауға әлі дайын емес еді. Міндетті мойнымызға алу үшін тағы бір-екі ай керек дейді. Кристофер кеткен соң, Қазақстанның мемлекеттік кеңесшісі Төлеген Жүкеев Қазақстанның Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуына кепіл болған АҚШ қауіпсіздік кепілдігін нақтылап, негізгі *CTR* келісімін жіті талқылау үшін Уошиңтонға барады. Қазақтар келісімге қол қою үшін АҚШ жоғары лауазымды шенеунігімен көзбе-көз кездессек деді. Оқиғаның маңызын айшықтай түсу үшін олар АҚШ вице-президенті Эл Гордың Алматыға сапарын күтті.

1993 жылғы желтоқсанда Гор барғанда, Қазақстанның Жоғарғы кеңесі Қазақстанның Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа ядролық қарудан бас тартқан мемлекет ретінде қосылуын қолдап дауыс берді. Қазақстан ресми түрде ядролық қарудан ада бағытты таңдағандықтан, енді іске кірісу қажет еді. *CTR* қаржысы негізінен ядролық қаруды бөлшектеу және жою мен ядролық материалдың қауіпсіздігін арттыруға жұмсалатын болды. Гор мен Назарбаев қол қойған негізгі *CTR* келісімінде солай көрсетілді. Пентагон өкілі Сюзан Кук пен Қазақстан Қорғаныс министрлігінің өкілі генерал Әлібек Қасымов әрқайсында жеке салада бірге

істелетін шаралар көрсетілген қосымша бес *CTR* келісіміне қол қойды. Одан бөлек, Гор АҚШ азаматтық мақсатта Қазақстанға 140 миллион доллар көмек беретінін айтты.

CTR бағдарламасының негізгі бөлігі Ресейді қамтыды, бағдарлама бойынша Ресейге ядролық қару мен материал тұрған нысандарды қорғау, ядролық нысандарды аңду және қадағалау жүйесін орнату, бұрынғы ядро саласындағы ғалымдардың әскери емес мақсатта зерттеу жүргізуіне жағдай жасауға ақы төленетін болды. Қазақстан, Беларусь пен Украинаға келсек, АҚШ өкіметі мен *CTR* бағдарламасының ең басты және маңызды мақсаты осы республикалардағы ядролық инфрақұрылымды бөлшектеп, жою еді. Одан бөлек (тек Ресейдегідей ауқымды деңгейде емес), *CTR* қаражаты ядролық материалды жою мен сақтауға, материалды қадағалаудың жетілдірілген жүйесін орнату мен ғалымдардың азаматтық мақсатта жұмыс істеуіне жағдай жасауға жұмсалатын болды.

АҚШ пен Ресей бір-біріне сенбегендіктен, өзге республикаларға қарағанда негізгі *CTR* келісімі аясында Ресейде жұмыс істеу қиынға соқты. АҚШ-тағы сияқты, ядролық қару Ресейдің де ұлттық қауіпсіздік стратегиясының басты құралы еді, сондықтан Ресей ядролық бағдарламасының түпнегізі болған техникалық мәселелерге тараптар көбіне келіспей қалатын. Әйтеуір, уақыт өте келе екі жақ түсінісіп, ынтымақтастық орнады: ядролық қаруды сақтау қуатын арттыру және әскери-теңіз ядролық қаруының қауіпсіздігін күшейту шараларын да қолға алды.

Қазақстан, Беларусь пен Украинада *CTR* қарқыны басқаша жүрді. Республикалар ядролық қарудан бас тарту жолын таңдаған бетте өкіметтері америкалықтармен жұмыс істеуге ынталы болды. «Қазақстанда ақпараттың қайсын айтып, қайсын айтпау керек деген мәселе туған жоқ. Олардың геосаяси түйсігі Ресейдікінен мүлде өзгеше еді» дейді Пентагон өкілі Лаура Холгейт.⁶⁶ Ынтымақтастық жақсы өрбісе де, кейде түйткілді мәселелер туындайтын, тек соның өзі ынтымақтастық жетістігін айшықтай түсті.

Конгресс 1991 жылы Нанн-Лугар заңнамасын құқықтарды өткізіп беру өкілетіне сәйкес мақұлдады, яғни Пентагон жұмыстың бәрін істейді, өз бюджетінде бар қаржыны соған салады, алғашқы жылы одан өзге ақша бөлінбейді. Пентагонға *CTR* жобасы үшін бюджеттің бір тармағынан қаржы аударған сайын Конгреске есеп беріп тұру міндеті жүктелді. «Бұл қаржы бөлу процесін қиындатып, Конгресс уақтылы қаражат түспегеніне қапаланды» дейді Пентагон атынан Конгреске есеп берген Ким Савит. Бір жылдан соң Конгресс *CTR* бағдарламасына тікелей қаржы бөлген соң, *CTR* жобаларын қаржыландыру жеңілдеді.⁶⁷

АҚШ салық төлеушілерінің ақшасын ядролық қаруды таратпау мақсатына жұмсауға заң шығарушыларды көндіруді мақсат еткен Конгрестегі *CTR* бағдарламасын қолдаушылар заңға «Америкалық өнімді ғана

ал» деген тармақ қосты. Бұрынғы совет республикаларының ядролық қарудан құтылуына көмек ретінде берілетін жабдық пен қызметтің бәрі Американикі болуға тиіс еді. Мысалы, жоба менеджерлеріне жер қазуға экскаватор керек болса, жергілікті жабдық арзан болса да, оны алмай, АҚШ жабдықтаушыларынан алуға тиіс, ол жабдық бұзылып қалса, оның қосалқы бөлшегі АҚШ-тан келгенше күтеді. Кейде АҚШ-та жасалған құрал-жабдық жергілікті ауа райына лайық болмай шығатын. Мысалы, Қазақстанда қыс қаһарына мінгенде бір техника бұзылып қалуы мүмкін. Холгейт «Америкалық өнімді ғана ал» тармағы кей жағдайға мүлде сай келмейтіні туралы мынадай қызық оқиғаны баяндайды: «Қазақстан жағалауын күзететін жылдам жүретін қайықтарға радио орнатқымыз келді, енді қайтеміз? Қазақстан станцияларында америкалық радиоқабылдағыштар сөйлемейді екен». ⁶⁸ Оған қоса, бағдарламаның бастапқы жылдары жобалардың бәрін іске асыру үшін америкалық компаниялармен келісім жасалды. Қазақстандық қосалқы мердігерлерге қара жұмыс қана қалды, бұл халықаралық ынтымақтастық рухына сай емес еді.

АҚШ пен Қазақстан бағдарламаның басым мақсатын өзінше түсінді. АҚШ өкіметінің басты мақсаты ядролық қаруды жою, ядролық материалдың дұрыс сақталуын қамтамасыз ету немесе оны да жою, жаппай қырып-жою қаруы инфрақұрылымын бөлшектеу немесе жою болды. Қазақстан өкіметі бұл мақсатты жартылай қолдады, олар елдегі ғылыми және технологиялық нысандарды мүмкіндігінше сақтап қалғысы келді: қазақстандық жас әскерилерді жабдықтау үшін инфрақұрылымды қарапайым қару өндіретін орынға айналдыру немесе азаматтық мақсатпен тауар шығаратын өнеркәсіптер ашуды көздеді. Түбінде Қазақстанның өз ресурсы – материалы мен еңбек күші – осы нысандар мен жабдықтарды салуға кетті. Ондаған жыл бойы зор еңбекпен салынған дүниелер қиратылып жатқанына қазақтар қуана қойған жоқ, *CTR* бағдарламасы аясында қорғаныс кәсіпорындарын қайта жабдықтау ұсынысы көбіне қолдау таппай, біразы ғана жүзеге асты, атап айтсақ: бұрынғы торпедо жасайтын «Гидромаш» зауыты мұнай-газ өнеркәсібі үшін криоген цистерна өндіретін «Белкамит» зауытына айналды. 1996 жылы АҚШ Конгресі бұрынғы совет республикаларында кез келген қорғаныс мақсатындағы өнеркәсіпті қайта салуға *CTR* қаржысын жұмсауға тыйым салғанда, үміт біржола үзілді. ⁶⁹

Қазақстан сақтап қалмақ болып отырған қорғанысқа қатысты нысанның біразын америкалықтар жауып тастамақ болады. Қазақстандық бұрынғы шенеунік былай дейді: «Америкалықтар кейде шектен шығып кетеді. Олар Алматыдағы торпедо жасайтын зауыт өндірісті тоқтатып деді. АҚШ оның бар акциясын сатып аламыз деді, өйткені «Иран келіп сатып алуы мүмкін» екен. Сол сияқты АҚШ шенеуніктері Орал металлургия зауытын да жапқысы келді. Қазақтар америкалықтарға:

«Біз әріптес әрі доспыз ғой. Әріптесіңнің пікірін тыңдамай, өз дегеніңді ғана істеуге болмайды. Біздің де армиямызды жаңартып, жаңғыртсақ деген жоспарымыз бар» деді.⁷⁰

Екі өкіметтегі қызметкерлер құрамы ауысқаны да екіжақты жобаның іске асуын қиындатып жіберді. Холгейттің айтуынша, екі елдегі кадрлардың жиі ауысуы «адамдар арасында сенім қалыптастыруға бөгет болды». «Тұрақтылық аса маңызды екенін жете бағаламаппыз» дейді ол. Бұрын батыс компанияларымен жұмыс істеп көрмеген қазақтар үшін *CTR* жобасы өзінше бір үлкен мектеп болды. Холгейт оны *CTR MBA* деп атады.⁷¹

Бұрынғы совет шенеуніктеріне Лаура Холгейт, Сьюзан Кук, Элизабет Шервуд және Глория Даффи сынды төрт әйел Пентагон атынан *CTR* жобасын басқарып отырғаны жаңалық болды: «Мәскеу, Киев, Минск пен Алматы генералдары Қорғаныс министрлігінің өкілдері әйелдер екеніне сенгенінше біраз уақыт өтті».⁷² Холгейт бұрынғы совет елдері арасында «оған аса мән бермеген Қазақстан ғана» дейді. «Қазақтың қонақжай дәстүрі ықпал етті ме, әлде совет кезеңінде өздеріне славяндар үстемдік еткенін ескеріп, әділ тармағы болуға тырысты ма – ол жағын нақты айту қиын» дейді ол.⁷³

Түйткілді салада ынтымақтас болуда бірқатар қиындық, бір-бірінің тілін түсінуде, мәдени тұрғыда кедергілер туды, «Америкалық өнімді ғана ал» тармағы да біраз қолды байлады; сөйте тұра, Қазақстан мен АҚШ арасындағы Нанн-Лугар келісімі екі мемлекет те мақтан тұтатын жетістік деуге болады. Әр тарап өзі көздеген мақсатқа жетті (Қазақстан ядролық жүктен құтылды, АҚШ ядролық қатерді азайтты) және қазақтар мен америкалықтар арасында жеке достық қарым-қатынас орнап, басқа салаларда екіжақты ынтымақтастыққа жол ашты.

CTR жобасының арқасында америкалықтардың көбі алғаш рет Қазақстанға келді. Оларға совет және Азия мәдениеті араласа үйлескен Қазақстан ұнады, әсіресе ақкөңіл қазақтардың қонақжайлығына риза болды. Сөйте тұра, 1990 жылдардың басында жаңа мемлекет қиын кезеңді өткеріп жатқаны анық байқалды: инфрақұрылым тозған, экономикалық дағдарыс кезі еді.

Тіпті Алматы әуежайында жүк өткізетін сырғыма жол да жоқ екен. Әуежай қызметкерлері жүкті кішкентай терезеден қолдан қолға өткізіп береді, ал кезекте тұрған жолаушылар жүкті бір-біріне лақтыруға мәжбүр. Ал сол жылдары кезек күткен жолаушылардың көбі мұнай мен газ саласында істейтін шетелдіктер мен жаңа қоғамның «көзін ашуға» келген миссионерлер болатын. Алматының жақсы қонақүйлерін кәсіпкер шетелдіктер тез-ақ иемденіп алды. Бір сапарында Пентагон делегациясы бөлме таппай қиналады. Жақсы қонақүйлердің бәрі толы екен, өйткені сол аптада Алматыда өтіп жатқан сауда-саттық көрмесіне шетелдіктер көп келіпті.

CTR келісімі бойынша келіссөз жүргізуге қатысқан АҚШ өкіметінің заңгері Рой Гарднер әрең тапқан қонақұйді сыпайылап, «сапасы төмен болды» деп сипаттайды. Бірінші қабатта еденді су басып қалыпты, бөлмесі де ластанып кеткен. Қазақстан Қорғаныс министрлігінде істейтін әріптестері америкалық қонақтардың тапқан бөлмесін көргенде, «Мұнда тұруға болмайды» дейді. «Олар бізге жақсы қонақұй тауып берді» дейді Гарднер.⁷⁴

CTR жобасына қатысқан америкалықтар Алматы мен Қазақстанды көргендегі алғашқы әсерін есінде жақсы сақтаған. Олар ең алдымен Алматыға қонғанда Тянь-Шань тау тізбегін көргенін тамсана айтып, содан соң қазақтардың өзі мақтан тұтатын сипатына – қонақжайлығы мен құшақ жая қарсы алғанына риза болдық дейді. Жаппай қырып-жою қаруын қауіпсіз бөлшектеу сияқты техникалық сипаттағы келіссөзден бөлек, қазақтар мен америкалықтардың алғаш танысқан сәттен бастап тіл табысуы сияқты бейресми қарым-қатынас та аса маңызды еді. Холгейт кәдімгі совет кезінде салынған ғимараттардың қасбетіндегі халық дәстүрінен хабар беріп, Орталық Азия елінің өз ерекшелігін көрсетіп тұратын қазақы нышандарға тамсанып, Алматының архитектурасына сүйсінеді. Алғашқы сапарына экзотика үстеген тағы бір жайт: ол негізгі жолда қар үстінде кетіп бара жатқан түйені көреді.⁷⁵ Алматының ең үлкен қалалық саябағында түрлі-түсті жабу жапқан, балалар мініп серуен құратын түйелер таңсық емес еді.

Қазақстанға барған бір сапарында, жұмыстан шыққан Гарднер әріптестерімен бірге Алматы орталығын жаяу аралап серуендейді. Жергілікті суретшілер өз туындыларын сатып отырғанын көріп, ұнатқан бір суретін сатып алады. Суретші мүлде бейтаныс адамдарды пәтеріне шақырып, басқа да туындыларын көрсетеді. Өзі бір бөлмелі пәтерде тұрады екен, аядай бөлменің іші – толған картина. Қазақ дәстүрімен суретші қонақтарын асқа шақырып, әйеліне ет астырады. Жиырма жылдан астам уақыт өтсе де, Гарднер сол сәтті сағына еске алады: «Қазақстанда жеген ең дәмді асым болды» дейді.⁷⁶

Энергетика министрлігі ядролық қару қауіпсіздігі департаменті директорының орынбасары, АҚШ атынан барған келіссөз жүргізушілердің бірі Жеймс Төрнер мемлекеттен алған алғашқы әсерін былай жеткізді: «Қазақстан жері сондай үлкен екенін білмеппін!» Төрнер мен әріптестері Батыс Қазақстанның БН-350 жылдам нейтрон плутоний реакторы тұрған Ақтау қаласына барғанда далада емін-еркін жүрген, кейбірінің мойнына иттің қарғыбауы сияқты бау тағылған түйелерді көріп, таңғалады.

Төрнер қазақ әріптестерін өте сыпайы, ықтиятты әрі кәсіби маман деп сипаттайды: «Жұмысын жетік біледі екен, олармен әріптес болған ұнады». Ол бір нәрсені байқапты. Қазақстанға алғаш барғанында жоғары лауазымдағы өкілдер мен әріптестері көбіне

этник орыстармен кездеседі. Совет Одағы тұсында зауыт директорлары, облыс басшылары мен ведомство басшылары көбіне ұлты орыс адамдар болатын; ал қазақтар мен өзге орыс еместер оларға бағынышты болып істейтін. Қазақстан тәуелсіздік алған соң, биліктегі этностық бөлініс сипаты өзгеріпті. «Уақыт өткен сайын басшылық қызметте ұлты қазақтар көбейді» дейді Төрнер.⁷⁷

1990 жылдары Қазақстанда ядролық қаруды таратпау жобасы бойынша жұмыс істеген басқа америкалықтар сияқты, Төрнер де сол кезеңді ыстық ықыласпен еске алады. Дәстүр бойынша қазақтар оған оюлышапан жауып, шошақ төбелі, қайырма жиекті дәстүрлі қалпағын кигізеді. Төрнер кейін әсем безендірілген қазақы киімді АҚШ-тағы үйінде кигенде, мысығы ерекше қалпаққа қарап таңданғанын да айтқан.⁷⁸

«Сапфир» жобасынан кейін Уебер ондаған жыл бойы Қазақстанмен байланысын үзбей, қауіп-қатерді азайту бағдарламаларына қатысады. Ол сол кезеңді сағына еске алып, өмірінің «түрлі қатерге бас тіккен», «аянбай еңбек еткен» ең жақсы кезі болды дейді. Уебер Тянь-Шань тауына шыққанын, аң аулағанын майын тамызып айтып береді.⁷⁹

Лаура Холгейт АҚШ өкіметі құрамында және одан бөлек, ядролық қару мәселесі бойынша Қазақстанмен талай жыл жұмыс істеген. «Сапфир» жобасынан кейінгі қауіп-қатерді бірлесіп азайту жолында жұмыс істеген жиырма жыл көп адамның есінде қалды. Ең бастысы – олар әлемнің қауіпсіз болуына үлес қосты.

10-ТАРАУ

БОМБАМЕН ҚОШТАСУ

Бір заманда Совет Одағы мұқият қорғап, сырт көзден жасырып келген Семей полигоны енді адамдар мен мал-жануар емін-еркін өте алатын аймаққа айналды. Полигон жұмысын тоқтатты, дегенмен оның алып инфрақұрылымы – жердің үсті мен астындағы жүздеген ғимарат, ядролық сынаққа арналған шахталар мен ұңғымалар; жоғары сапалы мыстан жасалған, бірнеше шақырымға созылған кабель сымдары сол күйі қалды. Қазақстан әлеуметтік-экономикалық дағдарыстан шыға алмай жатқанда, қараусыз қалған полигон біраз адамның көз құртына айналды. Металл іздеушілер – отбасын асыраймын деп жанталасқан тұрғындар мен пайда табуды көздеген ұйымдасқан топтар бағалы металл іздеп, аймақты тінтікілей бастады. Радиациядан ластану жайында ештеңе білмейтін, ол туралы ойланбаған адамдар ешқандай қорғаныс шараларын ұстанбай барып, кабель қазып ала беретін.

Алайда полигон шахталары мен ұңғымаларында бұға айналып кетпеген ядролық материал көп еді, ал жер астында плутоний салынған контейнерлерді әскерилер сол қалпы тастап кеткен. Ядролық сынаққа қоса, гидродролық және гидродинамикалық эксперименттерден (әдеттегі жарылысқа қарағанда қуаты аз сынақ) соң да радиоактив қалдықтар қалатын. Жер бетінде, полигонның кейбір бөлігінде топырақта қалған радиологиялық материал қолдан бомба жасауға жеткілікті еді. Ядролық құрылғыны сынаумен қатар, совет әскерилері радиологиялық материалды ауаға таратып, ұрыс кезіндегі күшін тексеру үшін эксперимент те жасаған екен.

Сол заманда осы қауіптің бәрін ескерген адам мынадай үрейлі сұраққа тірелер еді: полигондағы радиологиялық материалға пайда табу үшін қоқыс ақтарған қарапайым жұрт емес, терроршы топтар немесе өзге мемлекеттің

тыңшылары көз салса, не болмақ? Қазақ жеріндегі ядролық материалы бар өзге ядролық нысандар туралы терроршылар біліп қойса ше?


Қазақстан өкіметі ядролық қауіпсіздік мәселесін тездетіп шешпесе болмайтынын ұқты. 1990 жылдардың басында Қазақстан әлі де әлемдегі ең үлкен ядролық арсеналы бар төртінші ел болатын: құрлықаралық баллистик зымырандар, ядролық оқтұмсықтар, ауыр бомбалаушылар және соның бәрін сақтайтын әскери базалары бар еді. Қазақ өкіметі ядролық қарудан бас тартқан ел болуды таңдағандықтан, осы ядролық қатерден барынша тез әрі қауіпсіз құтылғысы келді.

Ядролық қауіпсіздік мәселесін шешумен іс бітпейтін. Қоршаған ортаны қалпына келтіру және қоғам денсаулығын қорғау да аса маңызды болды. Полигонның алып аумағын қалай тазартып, қорғауға болады? Оның ішінде не жатқанын білмей тұрып тазарту мүмкін бе? Полигондағы ядролық және радиологиялық материалға эксперимент жасағаны аздай, совет ядролық өнеркәсіп кешені бүкіл елде шағын сынақ алаңдарын жабдықтап, бейбіт мақсатта ядролық жарылыс жасап көріпті. Оларды да тазарту қажет болды.

Семейдегі полигонды және басқа сынақ алаңдарын тазартқаннан экологиялық және технологиялық залал қатері бітпес еді. Ресей әскерилері кеткенде, артында улы зымыран отынына толы зымыран кендері, әскери базалар мен қоймалар қалған.

Қазақстан алпауыт елдердің қас-қабағын бағып, бәріне бірдей қатынас көрсетуге мәжбүр еді. Бұрын өзі қарауында болған Ресеймен жауласуға болмайды. Ядролық нысандар жайындағы ақпараттың бәрін содан алып отыр, сондықтан ядролық қарудан бас тарту жобасына Ресейді барынша араластырып бақты. Қазақстан мен АҚШ қарым-қатынасына келсек, бір жақсысы, екі елдің арақатынасы Ресей мен АҚШ арасындағыдай сенімсіз, шиеленісті болған жоқ. Қазақстан Совет Одағы тарағына күйініп, қорланған жоқ және АҚШ-ты ежелгі дұшпаны санаған жоқ. Керісінше, оны экономикасын дамытып, халықаралық қауымдастыққа кіруіне көмектесетін қуатты жолбасшы деп таныды. Сенаторлар Нанн мен Лугардың тапқырлығы арқасында дүниеге келген Қауіп-қатерді бірлесіп азайту бағдарламасы Қазақстанның АҚШ-тан нақты көмек алып, ядролық қару инфрақұрылымын жойып, ядролық нысандарды қорғауына көмектесті.

Саяси тұрғыда күш біріктіруден де маңызды нәрсе бар еді: ол ғылымның адамдарды байланыстырушы күші десек болар. Қазақстан, АҚШ пен Ресейдің (идеологиялыққақтығысқа түспеген) ғалымдары туындаған мәселелердің шешімін табуға көп көмектесті. Олар бюрократиялық процестерден туындайтын кедергілерді еңсеріп, техникалық және саяси тосқауылдардан өту жолын тапты. Елеусіз қалған қаһармандар сынақ алаңын ядролық қарудан арылту жобасын ілгерілетуге өлшеусіз үлес қосты.



2-карта. Қазақстандағы негізгі ядролық қару нысандары

ПОЛИГОН КҮЗЕТШІСІН АУЫСТЫРУДЫҢ ҚИЫНДЫҒЫ

1991 жылғы желтоқсанда Совет Одағы құлаған соң, Ресей әскерилері Курчатов қалашығында қалып, 1993 жылғы желтоқсанға дейін полигонды күзетті. Осы уақыт аралығында Қазақстанда қалған әскери бөлімшелердің мәртебесі мен полигонның келешегі не болары белгісіз еді. Полигон қызметкерлері мен әскерилер үш юрисдикция – тарап кеткен Совет Одағы, Ресей Федерациясы және тәуелсіз Қазақстан арасында қалды.

1992 жылдың аяғында полигон басшысы генерал Юрий Коноваленко полигон қызметкерлерінің мүшкіл халін сипаттап, президент Назарбаевқа хат жазады. 1991-1992 жылдары полигонға бір де бір жас маман келмеген, ал полигонның келешегі бұлыңғыр екенін сезген мықты мамандар кетіп қалған. Жаңа жабдықтар келіп жатқан жоқ, Ресейдің ғылыми институттарымен байланыс үзілген, сондықтан полигон қызметкерлері елеулі ғылыми зерттеу жасай алмай, қол қусырып қарап отыр. Осындай қиындыққа қарамастан, елде қалған полигон қызметкерлері қолынан келген жұмысты істеп бақты. Мысалы, олар полигонға жақын аймақтағы тұрғындар шалдыққан радиациялық сәуле мөлшеріне ретроспективалық зерттеу жүргізді. Қазір тыныш тұрған полигонды зерттеп, басқа да жобаларды атқарды.¹

Полигон мамандары өзін ешкімге керексіз сезінді, Қазақстан да, Ресей де сатып кеткендей сезімде болды. Қазақстан өкіметі оларды елде ұстап қалуға тырысқан жоқ, ал Ресей бұл уақытта өзге маңызды мәселелерді шешуге күш салып жатқан болатын. Полигон маңында саяси және әлеуметтік өшпенділіктен «олар келіп бізді қорғамады» деушілер көбейді.

Совет Одағы ыдырап кеткенде, жазылмаған заң бойынша, әр тәуелсіз республика аумағында қалған мүліктің бәрі сол республиканың меншігі саналды. Дегенмен қазақ өкіметі бұрынғы совет (қазіргі Ресей) әскері Ресей мен Қазақстан арасында шешілмеген практикалық мәселелер көп болған 1991–1993 жылдары елден кім, қашан, қалай кеткенін және не алып кеткенін барынша қадағалауға тырысты. Егемендік алған елдің аумағын қадағалау қиын екенін Қазақстан полигон мен Курчатов қаласына қарап түсінді.

Атап айтқанда, Ресей әскерилері полигоннан кеткенде, Қазақстанның кеден қызметкерлері Курчатовтан Ресейге аттанған ұшақтар мен пойыздарға тиелген жүкті тексере алмады. Тәуелсіз ел болғанына екі жыл өтсе де, 1993 жылы Қазақстан билігі полигон мен Курчатов қаласына кіре алмайтын. Бақылау бекеттерінің бәрінде Ресей әскерилері тұратын.

1993 жылғы қыркүйекте жазылған ішкі құжатта Семей облысы әкімінің орынбасары Әкежан Қажыгелдин: «Қазақстан бұрынғы Семей полигоны мен Курчатовтағы мүлкін сақтап қала алмай отыр» деп күйінеді. Қажыгелдин мемлекет басшыларынан шұғыл шара қылып,

Курчатовтағы қайта құрылған Ұлттық ядролық орталықтың жұмысын жалғастыруға жағдай жасауды сұрайды.² Қазақстан өкіметі Ұлттық ядролық орталықты бейбіт ядролық зерттеу жүргізіп, ғылыми және техникалық білімді сақтау және полигондағы ядролық сынақ салдарын зерттеп, жоюды мақсат етіп ашқан еді.

Оны былай қойғанда, 1993 жылы Қазақстан өкіметі арнайы комиссия құрып, қаладағы мүлікті, құжаттар мен материалдарды хаттап, тізімге алу үшін Курчатовқа жолдағанда, полигон басшылары әуелде комиссия мүшелерін қалаға кіргізбей, қала мен полигонды күзетіп тұрған ресейлік солдаттардың орнына Қазақстан Ішкі істер министрлігінің жасағын қоямыз дегенге көнбейді. Неге олай деген сұраққа генерал Коноваленко Ресей қорғаныс министрінің бұйрығын орындап тұрмын дейді.³

Осы жағдайдан соң көп ұзамай Қазақстанның әскери прокуроры Коноваленкоға коммерциялық кәсіпорындарға кабель мен жабдықтарды заңсыз сатты деген айып тағады. Полигоннан алынған ұзындығы 1 000 шақырым сымдарды Коноваленко демпиң бағамен сатып жіберген, кейін оны алыпсатарлар шетелге өткізген. Әрекетін түсіндірген Коноваленко «Қазақстанның емес, Ресейдің мүлкін сатым деп сенімді болдым; өйткені Ресей мен Қазақстан арасында жалпы сынақ орындары Қазақстанның меншігі деген құжат болса да, Семей полигоны туралы жеке құжат болған жоқ» деп ақталды. «Ол Қазақстанға өтпеген, демек, әлі Ресейдің меншігі» деді.⁴ Коноваленко шындықты айтты деп сенсек, Ресей әскерилері Курчатов қаласын Қазақстанға ресми өткізіп бермей тұрып, онда бар мүліктің бәрін тезірек сатып жіберуге тырысқан болып шығады.

Сымдарды сатқанынан бөлек, Коноваленко қолданылған сымдарды жоғары сапалы металл сынықтарына айналдыруға рұқсат берген; өйткені оның ішінде электроникаға қолдануға болатын бағалы металл – мыс бар еді. Полигон басшылары ғимараттарды да сатып жібереді: қонақүйлер, солдаттардың асханасы, казармасы – бәрі коммерциялық ғимаратқа айналады; ал жабдықтар мен автокөліктер нарықтағы бағасынан арзанға сатылады. Қазақстан әскери прокуратурасы жүргізген зерттеу құжаты бойынша, саудадан түскен пайда Ресейге, орыс әскери шенеуніктеріне арнап саяжай салуға жіберілген. Коноваленко оның ешқайсын олай емес деген жоқ. Керісінше, ол Ресей әскери шенеунігі ретінде Мәскеудегі басшылықтың бұйрығын орындадым деді.⁵

1993 жылғы желтоқсанда Ресей Қорғаныс министрлігі полигондағы әскери бөлімшелерін таратып, әскерилерін еліне қайтарады. Қазақстан өкіметі полигон мен Курчатовқа енді өзі жауапты болады, онда қалған мәселелерді жалғыз шешуге тиіс еді. Ал мәселенің ауқымы қандай екенін әлі ешкім білмейтін.

Қалған жылдары полигон бойынша болсын, басқа салада болсын, Қазақстан Ресеймен қарым-қатынасын нақтылап алуға тырысты.

«Өгіз де өлмейтін, арба да сынбайтын» тәсілді ұстану қажет болды. Қазақстан қуатты көршісімен достық қатынасын сақтай отырып, толық егемен ел болғысы келді.

Ал халықаралық қатынаста ең маңызды рөл атқаратын АҚШ-пен Қазақстанның арасы қандай еді? Бұл жағынан да ұпайы түгел. Назарбаев 1994 жылғы ақпанда Уошиңтонда президент Клинтонмен кездесуге дайындалып жатқанда, Клинтонның кеңесшілері Америка басшысына кеңес беріп, Ресейге қатысты Назарбаевты алаңдататын сұрақтарға жауап дайындады. Осы іссапарда АҚШ-Қазақстан қарым-қатынасындағы жетістікті атап өтуге себеп дайын еді.

1994 ЖЫЛҒЫ АҚПАН: НАЗАРБАЕВ ПЕН КЛИНТОН КЕЗДЕСТІ

«Бұл көңілді іссапар болды» деп еске алады сол кезде бұрынғы совет елдеріне экономикалық және әлеуметтік тұрғыда көмек беру (*CTR* емес) бағдарламасына жетекшілік еткен елші Томас Саймонс.⁶ Сапар неге көңілді болғаны да түсінікті: 1994 жылдың басына дейін Қазақстан мен АҚШ бірқатар түйткілді мәселені шешіп алған еді. Алдымен АҚШ негізгі мақсатына жетті – Қазақстан ядролық қаруы жоқ ел болуды таңдады. Назарбаев осы сапарында президент Клинтонға көрсету үшін Уошиңтонға Қазақстанның Ядролық қаруды таратпау туралы шартты мақұлдаған құжаттарын әкеле жатқан. Сауда мен инвестиция саласында АҚШ пен Қазақстан жасасқан келісімдер жеміс бере бастады. Қазақстанға шетелден инвестиция құйылды, АҚШ-та Қазақстанның коммерция саласына қызығатындар көбейді. Уошиңтонда Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесші Энтони Лейк Клинтонға Назарбаевты «аймақтағы ең қабілетті басшылардың бірі» деп сипаттайды, «дарынды саясаткер екенін дәлелдеді», «Ресейдегі Ельцин немесе Украинадағы Кравчукке қарағанда саяси және экономикалық реформаларды тиімді жүргізіп отыр» дейді.⁷

Сонымен ақпанда АҚШ әскери күзеті сап түзеп қоршап тұрған Ақ үйге Қазақстан делегациясының кортежі кірді. АҚШ протокол басшысы Назарбаев пен қасындағыларды АҚШ президентімен кездесер алдында қонақ қабылдайтын Рузвельт бөлмесіне апарып, сол жерде Қазақстан президенті қонақтарға арналған кітапқа қол қойып, президент Клинтонмен кездесуге Овал офиске беттеді.

Суретке түсу рәсімі аяқталған соң, кездесу басталды. Екі тарапта да бұрын талай жолыққан, бір-бірін жақсы танитын біраз адам болды: біраз бұрын ғана Қазақстанға келіп кеткен вице-президент Эл Гор, Қазақстандағы АҚШ елшісі Уильям Кортни де бар еді; елші Қазақстандағы жоғары лауазымды шенеуніктердің бәрін танитын және жақсы араласатын. Назарбаев Қазақстан атынан ядролық мәселеге қатысты келіссөз жүргізген мемлекеттік кеңесші Төлеген Жүкеев пен түрлі мәселе бойынша

америкалық ресми тұлғалармен жиі сөйлесетін сыртқы істер министрі Төлеутай Сүлейменовті ертіп барған.

Ақ үйдің шағын топқа арналған отбасылық ас бөлмесінде түскі ас ішкен соң, америкалықтар қазақстандық қонақтарды Ақ үйдің ең үлкен бөлмесі – сән-салтанаты келіскен, хрусталь аспашамдар ілінген шығыс бөлмеге апарды. Осы жерде Назарбаев Клинтонға Қазақстанның Ядролық қаруды таратпау туралы шартты ратификациялаған құжатын ресми түрде тапсырады. Бір қызығы, қазақ өкіметі ратификация құжатын Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа мүше үш елдің кез келгеніне – АҚШ-қа, Ұлыбританияға немесе Ресейге тапсыруына болатын. Алайда «бәрі Мәскеу арқылы жасалады» деген совет дәстүрін бұзбақ болған әрі Уошингтонмен қарым-қатынасын күшейтуді көздеген Назарбаев АҚШ-ты таңдады. «Оның АҚШ-ты таңдағанына қуанамыз әрі соны мақтан тұтамыз» деді Клинтон.⁸

Клинтон Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылғаны үшін Қазақстанды мақтап, АҚШ өкіметі жас мемлекетке бөлетін экономикалық көмек қоры артқанын мәлімдейді; 1993 жылы 91 миллион доллар бөлінсе, 1994 жылы 300 миллион доллардан асады деп, оны Қазақстанның дұрыс жолды таңдағанымен байланыстырады.⁹

Қазақстанның Ядролық қаруды таратпау туралы шартты бекітіп, ратификация құжатын әкеп өткізгенін АҚШ екі жылдан астам жүргізген белсенді дипломатия нәтижесі деп қабылдады. Көп жағдайда АҚШ өкіметі экономикалық көмек береміз және тәуелсіздігіңді қолдаймыз деп, жас мемлекетті «басынан сипап», құлақ асатын сияқты болып келгенімен, жабық есіктің ар жағында қазақ басшыларына қысым жасауы да мүмкін.

Қазақтар кездесу бойы Демократиялық серіктестік туралы хартияға қол қойылғанын асыға күтті. Тәуелсіздік алғалы қазақ басшыларының арманы АҚШ-пен қарым-қатынасты бір жүйеге келтіру үшін жоғары деңгейдегі саяси келісім жасау болатын. Сол арманына осы жолы жетті.

Хартияда АҚШ-тың Қазақстан келешегі мен қауіпсіздік кепілдігіне бейілдігі баса айтылады, жас республика үшін көп күткен, мәні зор сөйлем жазылды: «Америка Құрама Штаттары Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін, тәуелсіздігін, егемендігін, аумағының тұтастығын және демократия жолындағы дамуын аса маңызды деп мойындайды».¹⁰

Хартияда АҚШ-тың Қазақстанды қорғаймыз деген уәдесі де қамтылды:

Егер келешекте Қазақстан Республикасы аумағының тұтастығы мен саяси тәуелсіздігіне немесе қауіпсіздігіне сырттан қауіп төнесе, Америка Құрама Штаттары мен Қазақстан Республикасы кеңесіп, халықаралық құқық және Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық комиссиясы мен Солтүстік Атлантика келісім ұйымы (НАТО) принциптеріне сай бейбіт реттеу үшін қажет шараларды жасайды.¹¹



15-сурет. Президент Назарбаев (ортада) АҚШ-тағы бизнес-қауыммен кездесуде; оң жақта тұрған – Төлеген Жүкеев, 1994. Түсірген: И. Будневич.

Дереккөз: Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалары архиві, Қазақстан. №2–110582 сурет.

Ядролық қаруды таратпау туралы шартта көрсетілген ядролық қаруы бар мемлекеттердің ядролық қаруы жоқ елдер алдындағы міндеті хартияда қайталанды. Оның ішінде маңыздысы – Қазақстан «ядролық қаруы бар ел тарапынан агрессия құрбаны болса не қоқан-лоқы нысанына айналса», АҚШ БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінен дереу әрекет етуді талап етеді делінген.¹²

Хартияны мұқият оқығанда АҚШ-тың Қазақстанға берген уәдесі бұрын Ядролық қаруды таратпау туралы шарт, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық комиссиясы және өзге де халықаралық келісімдер аясында мойнына алған міндеттемелері шегінен шыға қоймағаны байқалады. Әйтсе де АҚШ өкіметі Қазақстанға арнайы қауіпсіздік кепілдігін ұсынғаны қазақ басшыларына америкалық ресми тұлғалар ойлағаннан да қатты әсер етті. Ондаған жыл өткен соң да, қазақстандық саясаткерлер сұхбат бергенде АҚШ ұсынған қауіпсіздік кепілдігін жиі атап өтетін, ал америкалық саясаткерлер оны көп айта бермейтін.

Назарбаевтың АҚШ-қа іссапарынан бірнеше ай өткенде, Қазақстанның қауіпсіздігіне тікелей қатысы бар тағы бір маңызды келісімге қол қойылды. 1994 жылдың аяғында ядролық қаруы бар үш алпауыт ел – АҚШ, Ресей мен Ұлыбритания Беларусь, Қазақстан және Украина алдындағы қауіпсіздікке қатысты міндеттемесін ресми бекітті.

Олар Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (бұрынғы ЕҚЫК, осы жиында ЕҚЫҰ боп өзгертілді) саммитінде Мажарстан астанасы Будапештте бас қосып, қауіпсіздік кепілдігі туралы меморандумға қол қойды. Меморандум ядролық қаруы бар үш алпауыт ел қаруды Беларусь, Қазақстан мен Украина аумағының тұтастығына қатер төндіруге немесе оларға күш көрсетуге қолданбайды деген міндет жүктейді.¹³

Ұзаққа созылған келіссөзден соң Украина да ядролық арсеналдан бас тартуға әрең келісті, соған қуанса керек, Уошиңтон Киевті ерекше марапаттағысы келіп, қол қою рәсімін Украина президенті Леонид Кучмадан бастамақ болады. Қазақ дипломаттары ерекше ұсынысты қолдамай, қол қою әдеттегі тәртіп бойынша әліпби ретімен өтсін: Беларусь, Қазақстан, содан соң барып Украина қолқойсын деп талап етті. Одан бөлек, Қазақстан Сыртқы істер министрлігі АҚШ-тың меморандумға қол қою рәсімі кезінде жарияланатын Еуропадағы қауіпсіздік декларациясын дайындауға Ұлыбритания мен Ресейге қоса, Украинаны шақырамыз деген жоспарына да келіспейді. Қазақ дипломаттарының пікірінше, декларацияны жариялауға Қазақстан мен Беларусьті де шақыру керек немесе декларацияны жариялау рәсімнен тыс жерде өтуі керек.¹⁴ Қазақстанның екі талабы да орындалды: Уошиңтон жас мемлекет өзгелер бізді Украинамен терезесі тең ел деп қабылдаса дегенін түсінді.

Дегенмен Уошиңтонда бекітілген Демократиялық серіктестік туралы хартия сияқты, Будапешт меморандумына да Қазақстанның көңілі толды. Назарбаев ол туралы «Қазақстан үшін шын мәнінде тарихи оқиға... Біз бұл қауіпсіздік кепілдігін Қазақстанның қарудан бас тарту бағытында іске асырған саясатына орынды жауап санаймыз» деді.¹⁵

Уошиңтон сапары кезінде хартияға қол қойылғанынан және Қазақстанның Ядролық қаруды таратпау туралы шарт құжаттарын ұсынғанынан бөлек, тағы бір маңызды кездесу болды. Назарбаев пен вице-президент Гор кездесіп, ғылым мен технология, ғарышты зерттеу және басқа да салалар бойынша ынтымақтастық жолдарын талқылады. Ғылым мен технология жөніндегі келісім барлық ғылым саласы мен зияткерлік меншік құқығын қорғауды қамтыды, ал ғарышқа шыққан алғашқы адам Юрий Гагарин Байқоңыр ғарыш айлағынан ұшқандықтан, Қазақстан ғарышты зерттеу жобаларында серіктес бола алатын. Назарбаев пен Гордың көзінше АҚШ, Қазақстан және Ресей өкіметтерінің өкілдері АҚШ жасаған *INMARSAT-3* спутнигін Ресейдің

«Протон» зымыранымен Байқоңырдан ұшыру туралы үшжақты келісімге қол қойды.¹⁶

АҚШ-тың жоғары лауазымды шенеуніктері Қазақстанды әбден мақтап, «Бұрынғы Совет Одағының өзге елдері арасында экономикалық реформалар жөнінен алға шықты», «Батыспен сауда және инвестицияны дұрыс жолға қойды» деді. Қазақстанға құйылған АҚШ инвестициясы өзге елдермен салыстыруға да келмейтінін жеткізді:

Батыс инвестициясы, соның ішінде америкалық инвестицияны еліне тартуда өзге елдер Қазақстанның маңына да жуи алмайды екен. Американың постсоветтік елдер арасында ең ірі инвестициялық жобасы Қазақстанға құйылған: Теңіз мұнай кеніне Chevron компаниясы 20 миллиард доллар құйып жатыр.¹⁷

Назарбаев 1994 жылы АҚШ-қа барғанда, Қазақстанда жетпіс америкалық компания жұмыс істеп тұрған. Chevron ұлтаралық мұнай компанияларына жол ашты; онымен жасасқан келісімнен соң *Mobil Oil*, *British Petroleum*, *Agip* және *Total* сияқты консорциумдар Қазақстан мұнайын өндіруге келді.

Қазақстан мен АҚШ саясат, экономика және ядро саласында ынтымақтас болудың барлық рәсімін жасаған соң, Қазақстандағы ядролық қару инфрақұрылымдарын жоюға кірісер сәт туды. Қазақтар мен америкалықтар іске кірісерден бұрын Ресей ядролық қаруын алып кетуге тиіс еді.

ЯДРОЛЫҚ АРСЕНАЛДАН ҚҰТЫЛУ

Құрлықаралық зымырандары, бомбалаушылары және оқтұмсықтары

Құрлықаралық зымырандары, бомбалаушылары мен оқтұмсықтары қай елге тиесілі екені әлі анықталып болмаған ядролық арсеналды Ресей әскери бөлімшелері қорғап тұрғаны Қазақстан өкіметінің мазасын қашырды. Бір жағынан, ядролық қару егемен Қазақстан аумағында тұр, ал бір жағынан, Жаңғызтөбе мен Джаркенттегі зымыран дивизиясының командирлері Мәскеудегі Стратегиялық ракета әскерінің қарамағына қарайды әрі оған адал.¹⁸ Украинада, мысалы, жағдай басқаша өрбіді: ұлты украин әскери командирлер Киевке адал боламыз деп ұйғарған.

Қазақстан 1993 жылғы желтоқсанда ядролық қаруы жоқ ел ретінде Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылып, 1994 жылғы наурызда Қазақстандағы ядролық қарудың құқықтық мәртебесі анықталып, ол толық Ресейдің қарауына берілетіні бекітілмей тұрып-ақ,

орыс ұшқыштары ауыр бомбалаушыларды Қазақстаннан Ресейге таси бастаған. Сол сияқты зымыран базаларында ресейлік әскерилер зымыран отынын ағызып алып, арнайы контейнерлерге құйып, Ресейге теміржолмен жөнелтті. 1993 жылдың аяғында орыс әскерилері 1 040 стратегиялық ядролық оқтұмсықтың 120-сын Ресейге жөнелткен болатын; құрлықаралық зымыранның бәрі жұмысын тоқтатып, Ресейге жіберуге дайын тұрды.¹⁹ 1994 жылдың басында Қазақстанда қалған қырық ауыр бомбалаушының бәрі Ресейге кетті. Қазақстандағы ядролық арсеналды әкетуге құлшына кіріскен Ресейдің Үлбіде қалған аса байытылған уранға (9-тарауда баяндалды) немқұрайлы қарағаны қызық еді.

Қазақстан да ядролық зымырандар мен оқтұмсықтардан құтылумен айналысқанымен, қауіпсіздікке де үлкен мән берді. Қырық жыл жалғасқан ядролық қару сынағынан қалған жара әлі жазылмаған. Қазақ өкіметі Ресейден үш нәрсені талап етті: елде қалған ядролық және радиоактив қалдықтар туралы толық ақпарат берсін; Қазақстандағы ядролық арсенал мен әскери бөлімшелер статусын нақтыласын және Қазақстаннан Ресейге жіберілген оқтұмсықтардағы ядролық материалға өтемақы төлесін.

1994 жылғы наурызда Мәскеуде Назарбаев пен Ельцин кездесіп қол қойған Ресей мен Қазақстан арасындағы жиырма үш келісімнің екеуі ядролық арсеналға арналды: ядролық қару мен оны әкетуге кім жауапты болмақ, бөлшектелген оқтұмсықтан алынатын ядролық материалға Қазақстанға өтемақы төлене ме деген басты мәселе қаралды. Басты уәж – қару жасалған кезде Қазақстанның материалы мен ресурсы қолданылған, ал Ресей бөлшектелген оқтұмсықтан алынған аса байытылған уранды АҚШ-қа сатқалы отыр. «Қазақстан Республикасының аумағында уақытша орналасқан стратегиялық ядролық күштер туралы» және «Әскери ынтымақтастық туралы» деп аталатын келісімдерде ядролық арсенал Ресей стратегиялық ядролық күштеріне тиесілі деп жазылды.

Өтемақы мәселесіне келсек, келісімдерде Ресейге кететін оқтұмсықтардағы ядролық материалға өтемақы Қазақстанға қолма-қол ақшалай не тауардай төленетін болды. Келісім бір жыл бұрын Ресей мен АҚШ арасында жасалған аса байытылған уран туралы келісімге жартылай тәуелді еді, онда бөлшектелген оқтұмсықтардан алынған аса байытылған уранды Ресей аз байытылған уранға айналдырады, содан соң АҚШ оны энергия реакторларына пайдалануға сатып алады деп көрсетілген. Басқаша айтқанда, Ресей оқтұмсықтан алынған материалды АҚШ валютасына сатпақ болды. Ресей-Қазақстан келісімінің маңызын арттыру үшін Ресей техникалық қызмет көрсету, тасымалдау мен бөлшектеу шығынын Қазақстанға беретін төлемнен шегереді деп жазды.²⁰ Қазақстан мен Ресей өтемақы мәселесін толық шешкенше тағы біраз жыл өтті.²¹

Қазақстан Жоғарғы кеңесі түйткілді тұстары барына қарамастан, екіжақты келісімді 1994 жылы бекітті. Ол кезде Ресей өзін ықпалды «аға»

санап,²² тәуелсіздігін енді алған Қазақстанға сателлит республика деп қарайтын.

Алайда құрлықаралық зымырандарды тұрған жерінен шығарып, Ресейге жеткізу оңай жұмыс болған жоқ. Әр зымыранның салмағы 200 тоннадан асатын, оны жер астындағы шахтадан көтеріп шығарып, арнайы теміржол көлігіне тиеу керек еді.

1995 жылғы сәуірге қарай қазақ жеріндегі құрлықаралық ядролық баллистик зымыран мен ядролық оқтұмсықтың бәрі Ресейге кетіп, біреуі ғана қалды.

Жалғыз қалған ядролық құрылғы

Қазақтар, орыстар мен америкалықтар Қазақстандағы ядролық қару тағдырын талқылап жатқанда, Семей полигонында тереңде жатқан бір ядролық құрылғы есепке алынбай қалды.

Бұл құрылғы қайдан келген? 1991 жылғы мамырда совет әскерилері құрылғыны полигонның бір шахтасына орнатып, радиация әсерін бақылайтын экспериментте қолданбақ болып жоспарлайды. Көп ұзамай, тамызда Қазақстан президенті полигонды жабу туралы бұйрыққа қол қойып, ол жоспар іске аспай қалды. Қазанда Горбачев Совет Одағында ядролық қару сынағына біржақты мораторий жариялаған соң, көмулі жатқан ядролық құрылғы сол күйі жарылмай қалды.

Ядролық сынақ алаңын жапқан, сынақтарға тыйым салған және ядролық қаруы жоқ ел болуға бет бұрған мемлекет бұл ядролық құрылғыны көрмеген-білмегендей болып отыра алмады. Жер астында ядролық құрылғы жатқанда, Қазақстан қалай ядролық қаруы жоқ ел саналмақ?

Бомба болмаса да, ішінде ядролық заряды бар құрылғыны ойлап, биліктің мазасы қашты. Уошиңтондағы АҚШ дипломаты 1992 жылғы қазанда Алматыдағы АҚШ елшілігіне жолдаған жеделхатында былай дейді:

Мұндай құрылғы(лар) Қазақстан аумағында қалғаны президент Назарбаевтың президент Бушқа жазған хатындағы «Қазақстан аумағындағы ядролық қару атаулының бәрін құртамыз» деген сөзіне қайшы. Мұндай құрылғы ТМД стратегиялық күштері қарауында болмауы және түбінде Қазақстанға өтуі мүмкін екені Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа да қайшы.²³

1992 жылдың басында Қазақстан мен Ресей арасындағы ядролық қару мен полигон жөніндегі келіссөз әлі жалғасып жатқанда, АҚШ елшісі Кортни мемлекеттік кеңесші Жүкеевтен «Өкіметіңіз бұл мәселені қалай шешпек?» деп сұрайды, Жүкеев қосымша мәлімет бермейді.²⁴

Көмулі күйі қала берсе, жерасты суын ластайтындықтан, қазақ шенеуніктері ол құрылғыдан құтылғысы келгені анық, тек оны жер астынан шығарып алып жоюға мемлекеттің қауқары жетпейді. Тағы бір ядролық сынақ жасаймыз деген ойы да жоқ, алайда мәселені өзара талқылаған кезде бір-бірінен «жер астындағы ядролық құрылғыны жарылмаған күйі шығарып алуға бола ма?» деп сұрайтын.²⁵

Қазақстандықтар Ресей Қорғаныс министрлігі мен Ресей Атом энергиясы министрлігіне хабарласып, құрылғыны қалай, қаншалықты жылдам жоюға болатынын және оны бөлшектегенде адамдар мен қоршаған ортаға зиян келтірмеу тәсілі жайында сұрайды.

«Невада-Семей» қозғалысы белсенділері де полигонға жауапты шенеуніктерді тергеп-тексеріп, құрылғыдан қалай құтылатынын сұрай берді. Полигон басшысының орынбасары, Ресей генералы Федор Сафонов Ресей мен Қазақстан билігі арасындағы келіссөз тым созылып кеткеніне наразы екенін ашып айтты: «Саясаткерлер процесті созып жатыр, олар тұтас жұмыс тобын құрып, келісімнің бес тармағын талқыламақ!».²⁶ Қазақстан мен Ресей арасындағы ядролық қару туралы екіжақты келіссөз 1994 жылғы наурызда аяқталды, жетім құрылғы мәселесі де осы кезде шешілді. Ресей құрылғыны бөлшектеуге қаржы беруге келісті, одан да маңыздысы – инженерлер оны жер бетіне шығара алмаса, ядролық жарылыс жасамау үшін химиялық жарылғыш затпен жаратын болды.²⁷

Ең соңғы ядролық құрылғыны құртуға тағы бір жыл кетті. Инженерлер шахтаны ашып, құрылғыға жеткенде, жер астында жатқан төрт жылда оған су кіргенін байқайды. Соның салдарынан міндет қиындап кеткенімен, мамандар жұмысын жақсы аяқтады. 1995 жылғы 30 мамырда – Қазақстандағы ядролық қарудың бәрі Ресейге жөнелтілгеніне бір ай толғанда мамандар соңғы ядролық құрылғыны химиялық жарылғыш затпен жарып, көзін құртты.²⁸ Ресей мен Қазақстан өкіметтері жобаға қатысқан адамның бәріне марапат үлестірді.²⁹

ЗЫМЫРАН ШАХТАСЫН ЖОЮ

Ресей әскерилері Қазақстандағы оқтұмсықтар мен зымырандарды әкеткен соң, зымырандардың «үйі» болған шахталарды құртатын кез келді.

НАТО SS-18 деген атпен тіркеген ұшуға дайын құрлықаралық баллистик зымырандар Державинск пен Жаңғызтөбедегі 122 шахтаға орнатылған болатын. Совет стратегиялық зымыран бөлімшелері орналасқан екі қала да картада көрсетілмеген, құпия саналатын. Семей полигонының Балапан сынақ алаңында он төрт, Байқоңыр ғарыш айлағына жақын Ленинскіде он екі зымыран шахтасы болған.

Құрлықаралық баллистик зымырандарға арналған шахталар жерге 40 метр тереңдей кіріп тұратын құрыш пен цементтен құйылған алып

құтыға ұқсайтын. Бұзылмастай етіп салынған әр шахтаның салмағы 187 тонна болды. Шахта қақпағының ғана (люк) диаметрі 6 метр, салмағы 120 тонна болатын. Ядролық соғыс бола қалса, шахта қақпағы ашылып, оқтұмсық салынған зымырандар атқылайтын аумаққа қарай ұшады. Шахталар 100 метрге дейін жететін жер астындағы өзге бункерлерге жалғанған. Жер астындағы және жер үстіндегі күрделі кешенде шахталардың дұрыс жұмыс істеуіне жағдай жасайтын электр жарығы, салқындатқыш пен өзге де жүйелер қойылған.

Бұл құрлықаралық зымырандар мен шахталар Ресей мен АҚШ-тың ядролық арсеналын шектеуді көздейтін *START* келісімі аясына кіретін. Соған сәйкес, шахталарды жою *START* талабын орындау саналатын, оларды 6 метр тереңде жару немесе 8 метр тереңде көму қажет болды. Шахтаны жояр алдында Ресей әскерилері зымырандар мен құрал-жабдықты шығарып алып, шахтаның үстіңгі бөлігін талап етілгендей 6 метр тереңде жарғанда, 120 тонна қақпақ пен шахта жартылай қирады.³⁰ Ресей әскерилері Державинск пен Жаңғызтөбедегі зымыран базасынан асығыс аттанды. Зымыран базасын тазалау бойынша АҚШ-Қазақстан жобасына қатысқан америкалық былай дейді: «Орыстар қазақтарға не тастап бара жатқанын білді, сондықтан да кетуге асықты. Ядролық қаруын алып, тез кетіп қалуға тырысты».³¹

Сонымен жартылай қираған зымыран шахтасын тұтас талқандау міндеті өз мойнына түскен Қазақстан өкіметі алдымен жердің қамын, бәрінен бұрын қоршаған ортаға залал келтірмеуді ойлады. Қазақстан Қорғаныс министрлігі өкілдері америкалық әріптестеріне хабарласып, АҚШ әуе күштерінің шахта талқандау тәжірибесі туралы сұрады.³²

Шахтаны толық талқандауға *CTR* бағдарламасы көмектесті. Бағдарлама аясында бөлінген алғашқы 85 миллион доллардың 70 миллионы 148 зымыран бункері мен олардың инфрақұрылымын құртуға жұмсалды.³³

АҚШ әскери-әуе күштері аға полковнигі Жим Рейд зымыран базасын құртуға көмектескен америкалық топ құрамында Қазақстанға 1994 жылғы қаңтарда келген. Мичиганда туған Рейд қар көрмеген дей алмассың, сонда да қазақтың қаһарлы қысы мен қалың жауатын қарына еріксіз таңданды. Рейд Қазақстанның тағы бір қасиетін (халықаралық қатынастағы) таңдана еске алып, Ресеймен қарым-қатынасы жеңіл болды дейді: «Назарбаев Ресей мен Қазақстан арасында шиеленіс тудырмауға күш салды; орыстар кетпейінше, қазақ әскерилерін зымыран базасына жолатқан жоқ».³⁴

Зымыран шахтасын талқандау жобасы ресми 1994 жылы басталғанымен, нақты жұмыс 1996 жылдың басында, Пентагон швед-швейцар *ABB* өнеркәсіп тобымен және Хьюстондағы *Brown and Root* құрылыс компаниясымен *CTR* бойынша келісім жасаған соң ғана басталды.³⁵

Істі кешеуілдеткен екі фактор болды. Біріншіден, Қазақстан бәрін Ресеймен ақылдасып отыруға тиіс еді, өйткені стратегиялық ядролық

күшке қатысты деректің бәрі құпия саналғандықтан, Ресей оны америкалықтардан қорғауға тырысты.³⁶ Екіншіден, «Америкалық өнімді ғана ал» деген тармақтың кесірінен жобаның шығыны артып, Қазақстан тарапының ынтасы азая берді. 1990 жылдардың ортасында Қазақстан Стратегиялық зерттеулер институтының сыртқы саясат жөніндегі кеңесшілері наразылық білдіре бастады:

Салыстырмалы түрде қымбат екенін ескерсек, америкалық жұмыс күшіне жүгінгеннің пайдасынан шығыны көп. Қазақстандық кәсіпкерлер жобаның маңызды сатысында америкалық фирмалармен әріптес болуға ынталы, соның арқасында олар еңбек етіп, АҚШ техникалық мамандарымен және өнеркәсіп менеджерлерімен байланыс орнатар еді. Оның орнына қазақстандық мамандар шахталарды қиратуда білік пен білімді қажет етпейтін жұмыстарды ғана атқарды.³⁷

Жұмыс басталғанда, әуелі әр шахтадан экологияға келер қатер мен радиация деңгейі тексерілді. Қауіп жоғына көз жеткізген соң, команда бункерлерді қиратты. Шахталар шабуылға төтеп берердей етіп жасалғандықтан, оларды бұзу оңай болмады. Бір бункерді талқандау үшін 6 тоннадан астам жарылғыш зат керек екен. Қиратпай алып қалуға болады делінген металл жергілікті халыққа таратылды. Саңылаудың бәріне қоқыс тығындалып, шахта құбырына бетон қақпақ кигізілді. Бункерді айнала қазылған кратерлерге де қоқыс толтырылды. Ең аяғында бункер тұрған жерге топографияға сай баға берілді.³⁸

Процесс кезінде бункердің үлкен бөліктері жарылып, кесілді. Қазақстанның «Алматыөнеркәсіпқұрылыс» компаниясы жұмыс барысында танкіге қарсы миналарды пайдаланды. Жер үстіндегі құрылымдарды бульдозермен немесе қиратуға арналған шарлармен күреді, кейбірін динамитпен жарды.³⁹

2000 жылдарға қарай құрлықаралық баллистик зымыран шахтасының бәрі жойылды, бұрынғы тарихынан хабарсыз адамға ол әшейін табиғи алқап сияқты көрінетін. Шынында, бір жарым метр тереңде қалдық қалды. Державинск, Жаңғызтөбе мен Ленинскіде ауыл шаруашылығымен қайта айналысу үшін жерді бір жарым метр тереңде қалған шағыл тастардан тазалап шығу керек болды. Балапанның жері өзі де тасты, егін егуге жарамайтын, сондықтан оның үстіңгі қабатынан жарты метр жер ғана тазаланды.⁴⁰ Алайда бүкіл аумақта қазақ жері совет әскерилерінің ісінен талай жыл зардап шекті.

ПОЛИГОНДЫ ТАЗАЛАУ

1993 жылдың аяғына қарай Қазақстан өкіметі полигон мен Курчатовты өз қарауына алғанымен, қырық жыл бойы полигонда не болғанын,

аумағында не қалғанын әлі де толық білмейтін. Ресей ғалымдары мен әскерилері тұщымды дерек пен құжаттар қалдырмай кеткен. Қалған жиырма жылда Қазақстан біраз нәрсеге қанықты, 1995 жылы жойылған ядролық құрылғыдан өзге де «тосын сыйлар» бар екенін білді.

Қазақ өкіметі екі негізгі проблеманы шешуге тиіс болды: біріншіден, елдегі ядролық немесе радиологиялық материал өзгенің радиологиялық немесе ядролық құрылғысына айналып кетпеуі үшін не істеу керек; екіншіден, бұрынғы полигонды радиоактив қалдықтардан қалай тазарту керек? Оған қоса, экономиканың даму қарқынын күшейтпек болған өкімет полигон маңындағы алтын мен өзге де табиғи ресурсты қазуға рұқсат бергісі келді, алайда радиациядан ластану бар ма деп алаңдады. Ал АҚШ өкіметі қару инфрақұрылымдарын бұдан былай ешкім (оның ішінде Ресей мен Қазақстан да бар) қолданбайтынына сенімді болғысы келді. Қазақ әріптестері сияқты, олар да елде қалған ядролық немесе радиологиялық материал терроршы топтар мен басқа елдердің қолына түспегенін қадағалады.

Қауіпсіздік үшін жылдам орындалуға тиіс жұмыстың бірі – ядролық сынақ үшін жер астынан қазылған полигонның ауқымды шахталар мен ұңғымалар желісін бітеу болды. Дегелеңдегі ядролық сынақ жасауға қолданылған 181 шахта мен Балапандағы қолданылмаған 13 ұңғымаға кез келген адам кіре алатын. Сол бос қалған қондырғыларда ядролық материал болса, оны біреу-міреу ядролық құрылғы жасауға пайдалануы мүмкін еді. Тіпті полигон топырағына сіңіп қалған радиологиялық материалды да қолдан бомба жасаушылар пайдаланып кетуі мүмкін. Алайда қазақ шенеуніктері, тіпті Ұлттық ядролық орталық (полигон жұмысын жалғастыру мақсатында құрылған мекеме) қызметкерлері де тек жорамалға сүйене алатын. Материал қалды ма, қайда қалды, қанша қалды – оны ешкім білген жоқ.

Терроршылардан да өзге қауіп жетерлік еді. Ең әуелгісі, топырағы да, суы да, шөбі де уланған аймақта мал жайылып жүр. Ал оның етін жеп, сүтін ішкен тұрғындардың денсаулығы не болмақ? Металл жинап өткізушілер алаңды күшейте түсті: қоқыс жинаймыз деп жүріп бос қалған инфрақұрылым мен құрал-жабдыққа тап болса, қауіпсіздікке де қатер төнеді.

Бұрынғы полигонға байланысты өзекті мәселелерді тезірек шешу үшін Қазақстан халықаралық қауымдастықтан көмек сұрады. Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттік 1993 және 1994 жылдары алдын ала екі рентгенологиялық зерттеу жүргізді. Олар анықтағандай, полигонға арналған ауқымды жердің көп бөлігінде радиоактив қалдық жоқ немесе аз болып шықты; тек аумақтың эпицентрі мен Балапан көлі сияқты сынақ болған жерлерде цезий-137 мен стронций-90 табылды, плутоний мен америций-241 концентрациясы жоғары болып шықты.⁴¹

Сол сияқты 1993 жылғы қарашада Қазақстан мен Америка ғалымдарының бірлескен тобы полигонда радиацияға зерттеу жүргізді. Команданы Ядролық қорғаныс агенттігінің (кейін атауы Қауіп-қатерді азайту агенттігі болып өзгерді, АҚШ Қорғаныс министрлігіне қарайды) өкілі, азаматтық инженериядан доктор дәрежесі бар, АҚШ ядролық сынақ шахталарын жасаған Дон Лингер басқарды. Лингер мен командасы алдымен сауалнама жүргізіп, қорытындысын Қазақстан, АҚШ және Ресей ғалымдарына Курчатовта өткен халықаралық конференцияда айтты. Бір заманда жайнап тұрған әскери-ғылыми қала – Курчатовтың елесі ғана қалыпты. Конференцияға қатысқан америкалық ғалымдардың бірі «Қонақүй бөлмесі де, конференция залдары да суық, құбырлар қатып қалған. Қала босап, қаңырап тұр» деп сипаттайды.⁴² Дағдарыспен күресіп жатқан қала сол заманғы полигон «мұрасымен» осындай қиын кезеңде бетпе-бет келген Қазақстан өкіметі мен техник мамандардың басына түскен қиындықтың бейнесі іспетті еді.

АҚШ, Қазақстан мен Ресей ғалымдары және техник мамандары арасындағы алғашқы қарым-қатынас ұзаққа созылған нәтижелі ынтымақтастықтың бастамасы болды. 1994 жылы Уошиңтонда жолыққан Назарбаев пен Клинтон бірлескен мәлімдемеге қол қойып, сөйтіп АҚШ полигондағы ядролық сынақ салдарын бағалауға көмектесетін болды. Келесі жылы Алматыда екі мемлекет өкілдері «Ядролық қару инфрақұрылымын жою» деп аталатын ресми келісімге қол қойды. Осы келісім бойынша, Қауіп-қатерді бірлесіп азайту бағдарламасы аясында АҚШ полигондағы шахталар мен ұңғымаларды бітеу шығынын мойнына алды.

Қазақстандағы ядролық қару инфрақұрылымдарын талқандау кезінде АҚШ өкіметі «Америкалық өнімді ғана ал» тармағын өзгертіп, талабын сәл жұмсартты. Жергілікті қосалқы мердігерлерді жалдайтын Батыс мердігерлерімен келісім жасау немесе жетекші рөлді қазақстандық кәсіпорындарға беру сияқты шешімдер оң нәтиже берді. Мысалы, Қазақстандағы Ұлттық ядролық орталық полигондағы шахталар мен ұңғымалардағы радиацияны тексерген жергілікті мердігерлер жұмысын басқарды. Америка тарапынан *DTRA* техникалық сараптама ұсынды.

1995-1996 жылдары Ұлттық ядролық орталық шахталар мен ұңғымаларды тексеріп, әрқайсындағы радиациядан ластану деңгейін анықтады. Кей жерде нуклеотидтер шығып жатыр: стронций-90, цезий-137 және плутоний бар екен.⁴³ Шахталар мен ұңғымалар бір-біріне ұқсамайтын, кейбіріне су жиналып қалған, сондықтан әрқайсына әртүрлі әдіс қолдану керек болды.⁴⁴ Тоқтаусыз жұмысты талап еткен процеске үш жыл бойы екі жүзге жуық жергілікті маман қатысты. Бұрын ядролық сынақ жасауға қолданылған шахталарды бітегеннен полигондағы жалпы радиациядан ластану деңгейін азайту мүмкін болды. Уақыт өте келе аймаққа кейбір

аң-құс түрлері оралды, арасында Қазақстанның Қызыл кітабына енген сирек кездесетін жануарлар да бар.⁴⁵

Шахталар мен ұңғымаларды бітеу кезінде полигон аймағында жасырын істелген өзге жұмыстар да әшкереленді. Семей полигонында ядролық сынақ өткізгеннен бөлек, совет әскерилері радиологиялық және ядролық материалмен түрлі эксперимент жасаған екен.

Олар радиологиялық материалды қолданып, соғыс алаңында «лас бомба» қаншалық тиімді болатынын тексеріпті. Кейін бір зерттеу жұмысында совет әскерилері «мина алаңына радиологиялық балама» жасау әдістерін іздеген делінеді. Осы эксперименттің бір бөлігі ретінде олар *R-904* деп аталатын радиоактив изотоптар қоспасын шашқан. Әскерилер *R-904* қоспасын сұйық күйінде бомбалаушыға, мина атқыштар мен артиллерия снарядына құйып, тексерген. Сондай-ақ олар үлкен қорғасын контейнерлерге *R-904* толтырып, оны тротилмен жер бетінде жарған.⁴⁶

Ядролық материалға байланысты эксперименттер қарапайым жарылғыш заттар аса байытылған уранмен және плутониймен қалай әрекеттесетінін және ядролық қаруға от қалай әсер ететінін тексеруді көздеген екен. Мұндай сынақтардың біразы «колба» деп аталатын алып құрыш контейнерлерде жасалады. Орыс тілінен аударғанда «зертханалық құты» деген мағынаны білдіретін сөз ыдыста ядролық материал мен жарылғыш зат қоспасы бар екенін меңзейтін. Шыныдан жасалған зертханалық құтыдан айырмасы – колбаның салмағы 30 тонна еді және қуаты 200 килограмм динамитке тең жарылғыш затты сыйдыруға болатын.

Полигондағы ядролық материалдар туралы дерек молая түсті. 1995 жылы Ұлттық ядролық орталық қызметкерлері Лос Аламос ұлттық зертханасында істейтін америкалық әріптестеріне полигонда әлі де ядролық материал бар деп хабарлайды. Совет ғалымдары сияқты, америкалық ғалымдар да Невада сынақ алаңында жеткілікті эксперимент жасаған еді, полигонда қалған материал туралы жақсы білетін. Кейбір экспериментте, мысалы плутонийдің «мінез-құлқын» сынағанда («жағдайды теңестіру»), таяз ұңғымаларда плутонийдің тұтас бөліктері қалуы мүмкін.⁴⁷ Лос Аламос ұлттық зертханасы ғалымдары Денни Стилман мен Хэрри (Мак) Форхенд полигонға барып, онда қалған ядролық материал мөлшері бірнеше ядролық құрылғы жасауға жететінін есептеді.⁴⁸

Полигонға қатысты кез келген жұмысты атқару тәртібіне сай, қазақтар әуелі орыстармен кеңесетін, колбалар қайда көмілгенін де ресейліктер ғана білетін. Олардың біразы шахталардың ішінде, біразы сыртында қалыпты. 1997 жылы Қазақстан мен Ресей «Колбалар туралы» деп аталатын келісімге қол қойды. Осы уақытта Қазақстан мен АҚШ 1995 жылы бекітілген ядролық қаруды сынау инфрақұрылымдарын талқандау туралы екіжақты келісімді іске асыру үшін бірлесе жұмыс істеп жатқан.⁴⁹

Колбаларға қатысты Қазақстан-Ресей келісімі полигонды тазарту жұмыстары екіжақты жүргенін көрсетеді; колба сияқты кейбір мәселе бойынша Қазақстан Ресеймен ақылдасса, кейбірін тек америкалықтармен бірге шешті. Тек көпке бармай осы екіжақты келісімдер үшжақтыға айналды, америкалық ғалым Зигфрид Хекер қауіпсіздік мәселесіне алаңдағандықтан, осындай қадамға барды.

Мамандығы металлург, біраз жыл америкалық атом бомбасының отаны – Лос Аламос ұлттық зертханасының директоры қызметін атқарған Хекер әлемдегі плутоний бойынша жетекші маман саналатын, Ресей мен Қазақстан ғалымдары оған сенетін және оны сыйлайтын. 1998 жылы қазақстандық делегация Лос Аламосқа барғанда Хекерге жолығып, ғылыми әріптес болуды ұсынды. Бұл кезде Хекер өзі де полигонда қалған ядролық материал туралы толғанып жүрген, «Невада тәуелсіз мемлекетке айналса, уайым көбейер ме еді? Әлбетте!» дейді ол.⁵⁰ Алматы маңындағы Ядро физикасы институтының директоры, кейін Курчатовағы Ұлттық ядролық орталық (Ядро физикасы институтына қосылды) директоры болған Қайрат Қадыржанов сапар барысындағы Хекермен, Стилманмен және өзгелермен әңгімесін сипаттағанда, «Америкалықтар полигон туралы бәрін біледі екен, соған таңғалдық»⁵¹ деп, АҚШ барлау қызметі жақсы жұмыс істейтінін меңзейді. Ғалымдар түрлі мәселені талқылайды, Қадыржанов Хекерге полигондағы мыс кабельдер қолды болып жатқанын да айтады.

Қадыржанов Хекерді Қазақстанға шақырады да, Хекер оның ұсынысын қабылдап, сол жылы Қазақстанға барады. Хекер мен Лингер сияқты америкалық қонақтар полигонның «әр тасын жатқа білсек те», оны барып көреміз дегенді ойлаған да жоқпыз дейді. Жүгіруден алдына жан салмайтын Хекер Курчатова жүгіргенін былай сипаттайды: «Өмірімдегі сюрреалистік сәт болды. Қаңырап қалған ғимараттар. Айнала толы қарға. Марста жүгіріп жүргендей болдым! Құстар мен жабайы жылқылар ғана бар еді. Өте қызық әсер болды».⁵²

Қадыржанов пен Хекер полигонды аралап жүріп, Дегелең тауындағы шахтада шай қайнатып отырған екі қартқа жолығады. Қарттардың ұлдары шахта ішіндегі кабельдерді кесіп жатыр екен. Қадыржанов америкалықтың шошынған сәтін былай суреттейді: «Хекер есеңгіреп қалды. Невада сынақ алаңында мұндай болуы мүмкін емес еді, совет заманында біздің полигонда да ешкім олай істемейтін».⁵³

Қарапайым құралмен металл ұрлауға ниеттілер жергілікті тұрғындар ғана емес еді. Қадыржанов Лос Аламосқа барған сапарында Хекерге «мыс ұрлаушылар» туралы айтқанда, ол түйе мінген ұрыларды елестетіпті. Бірақ өзі келгенде ұрылар ауыр көлік мініп, «заманауи құралдар» қолданып жүргенін көріп, шошиды. Мыс кабельдің арғы басында не жатқанын ойлаған Хекерден маза қашады. Полигонға келмей тұрып, онда қалған

материалдар бұзақылардың қолына түсуі мүмкін екенін ойлаған ғалым бір жыл бұрын ресейлік әріптестерімен сөйлескен болатын. АҚШ ядролық сынақ бағдарламасына жетік маман ретінде ол кейбір сынақ кезінде жарылыс болмай қалатынын білетін. Мұндайда ядролық материал сыртқа толық шықпай, Невада сынақ алаңының шахталарында қалып қалатын. Хекер Семей полигондарында да ядролық материал қалғанына сенімді еді. Ол ресейлік әріптестерін полигонға барайық деп үгіттегенімен, олар үзілді-кесілді бас тартып, қайта бармаймыз дейді.⁵⁴

Полигонға барып, ондағы жағдайды өз көзімен көрген Хекер Ресейге суреттер алып барады. Ол Радий Илкаев (Саровтағы Ресейдің негізгі ядролық зертханасының бірін басқаратын) сияқты ғалымдармен жеке сөйлеседі.⁵⁵ Орыс тілінде ВНИИЭФ деп қысқартылатын ұзын атауы бар зертхана совет заманында полигонда сынақ тәжірибелер жасаған, оның мамандары полигонда қалған материалды анықтаудың білгірі саналатын. Хекер Илкаев пен оның зертханасын полигонды тазарту жұмысына тартқан аса маңызды екенін түсінді. Сол кездегі іс-әрекеті туралы былай дейді:

Директор Илкаев бұл жобаға араласуға ынтасы жоғын айтты. Ресей одан еш пайда көрмейді деді. Ол және Атом энергиясы министрлігі (Ресейдің ядро саласындағы министрлігі) өкілдері Семейдегі кез келген іс-қимылдан соң туындауы мүмкін экологиялық проблемаларға жауапты боламыз ба деп қорықты. Илкаев Маралингадағы (Оңтүстік Аустралияның Маралинга жерінде Ұлыбритания ядролық сынақ жүргізген) жағдайды мысал қылды. Ұлыбританиядан айырмасы, Ресей ақша төлей алмайды деді. Біз бұл жобаны Қазақстанмен бірлесіп міндетті түрде орындайтынымызды білгендіктен, олар өз мүддесін қорғау үшін баруы мүмкін еді. Илкаев ақыр аяғында бұл ісіміз дұрыс деді.⁵⁶

Илкаев пен басқа да орыс ғалымдары (оның ішінде полигонда радиоактив және ядролық материалдармен эксперимент жасауға қатысқандары бар) полигонда көп мөлшерде радиоактив материал қалғанын америкалықтардан артық білетін. Олар Ресей өкіметін де осы іске араласуға көндірді. Хекер кейін Юрий Стяжкин мен Виктор Степанюк сияқты бірнеше ғалымның полигонды тазартуға көмектесуді моральдық міндеті санаған адамгершілік мінезіне риза болды.⁵⁷

Келесі жылы Хекер Қазақстанға қайта келеді, бұл жолы қасында Илкаев болды. 1999 жылы Хекер, Илкаев пен Қадыржанов қол қойған келісім АҚШ, Ресей мен Қазақстан арасындағы полигон қауіпсіздігін күшейтуді көздеген көп жылғы үшжақты ынтымақтастыққа бастау болды.⁵⁸ Біраз уақыттан соң Снежинскідегі Евгений Авронин басқаратын ВНИИТФ деген атпен белгілі ядролық зертхана мамандары да осы іске қосылды. Ресей, АҚШ және Қазақстан ғалымдары мен техниктері

үшжақты ынтымақтастықтың қозғаушы күші болды. Ғалымдар осы шетін мәселені бірге атқару керегін айтып, әрқайсы өз өкіметіндегі үррек саясаткерлерді көндіре алды.

Ресейлік саясаткерлер, әлбетте, америкалықтар полигондағы материалдар туралы білмесе дейтін. Олар материал жатқан жерді біліп алған соң уәдеден тайқып, оны қорғаудан бас тартса, не болады? Бұл жағдайда ядролық қару тарап кетуі қатері көбеймесе, азаймайды, орыс ғалымдары соны ойлады. Материал тұрған жер туралы ақпаратты барынша құпия ұстау үшін тараптар алдын ала құжаттарда материал орнын көрсетпейміз, «жобалау және даладағы жұмыстар туралы құжаттарда радиоактив қалдығы бар орындар лақап атаумен таңбаланады» деп келісті.⁵⁹

Ғалымдардың полигондағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша үшжақты келісім жасағаны өкіметтердің де үшжақты келісімді талқылауына мұрындық болды. Саяси деңгейде Қазақстанның энергетика, индустрия және сауда министрі Владимир Школьник, АҚШ энергетика министрінің көмекшісі Роуз Готтемюллер мен Ресей атом энергиясы министрінің орынбасары Лев Рябев оларға қолдау көрсетіп, 2000 жылы кездесу өткізіп, процесті тездетті.⁶⁰

Осы 2000 жылдары АҚШ пен Қазақстан 1996 жылы бастаған шахталар мен пайдаланылмаған 13 ұңғыманы бітеу жұмыстарын аяқтаған еді.

Үшжақты келісім жасалған соң, ғалымдар топтары қауіпсіздікті сақтаудағы ең басты жұмыс – қалған ұңғымаларды тазартуды бастады. Ең жақсы қорғаныс – олардың бәрін жауып қоятын саркофаг салу деп келісті. Чернобыль атом реакторының қалдығын осылай саркофагтармен қаптап қойған еді. Алайда ауа температурасы -40°C дейін түсетін Қазақстан қысының кесірінен жұмыс кешеуілдей берді. Саркофаг құрылысы 2000 жылғы тамызда басталған, алайда Уошиңтондағы саясат салдарынан тоқтап қалды. Бұл кезде кіші Жорж Буштың әкімшілігі *CTR* бағдарламасын қайта қарауды талап етті. Қазақстан тарапына келсек, бастапқы *CTR* келісімі 2000 жылы күшін жойған болатын, Қазақстан парламенті жаңасын ратификациялауға тиіс болды. *CTR* жобасының бәрі тоқтады. Полигондағы құрылысы жартылай аяқталған саркофаг жағдайды тіпті қиындатып жіберді: күмбез пішінді құрылыс астында құнды материал жатқанын сезген пайдакүнемдер соған шыбынша үймеледі.⁶¹

Осы екі арада 9/11 террорлық шабуылы болады да, әл-Қайданың жаппай қырып-жою қаруын табуға деген талпыныстарынан қауіптенген Америка Семей полигоны сияқты жерлерде ядролық қауіпке қарсы тұру шарасын қолға алуға тиіс екенін ұқты. 2002 жылдың аяғында Қазақстанның Ұлттық ядролық орталығы америкалық әріптестеріне баяғыда жауып тастаған шахталарды біреулер бұзып ашқанын жеткізді. 2003 жылы *Science* журналында жарияланған ақпаратта бұрын бекітілген шахталарды пайдакүнемдер ашқаны айтылды.⁶² Алаңдауға себеп табылды.

Американың бұрынғы бір ресми тұлғасы айтқандай, шахталар мен ұңғымаларды «арзан материалмен қайта бітегеннен» металл сынықтарын жинаушыларға тосқауыл болмайды. Қалған жылдары олар ұңғымалар мен шахталардың 70 пайызға жуығын ашты.⁶³ Бәрінен қатты алаңдатқаны – пайдакүнемдер жергілікті пысықай ұрылар емес, тау-кен ісіне арналған құрал-сайманы бар ұйымдасқан топ болып шықты.

Саркофаг салу жұмысы қайта қолға алынып, 2003 жылы енді ешкім жерасты жолына кіре алмайтындай биіктігі 70 метрден асатын саркофаг салынғанын инженерлердің жеңісі деуге болады. Инженерлер әрқайсының салмағы 4 тонна болатын мыңнан астам цемент плитаны пайдаланды. Күмбез құрыштан соғылып, үстіне цемент құйылды.⁶⁴ Құрылысы аяқталған соң, оны айналадағы жоталарға ұқсатып бүркеп қойды.

2004 жылы АҚШ-Ресей-Қазақстан командасы бункерде сақталған үш колбаны тапты. Инженерлер колбаларға ішіндегі ядролық материалды ешкім ала алмайтындай қылып, цемент пен құм аралас қоспа құйып тастады.⁶⁵

Ғалымдар жүргізген саясаттың арқасында орыс ғалымдары билігін көндіріп, полигонда қалған материалдар жайында мәлімет жариялады:

Шынын айтқанда, біз бұл шахталар қауіпсіз екеніне толық сенімді болған жоқпыз. Шахталарда қалған радиоактив қалдық мәселесіне ерте ме, кеш пе ораларымызды білгендіктен, Атом энергиясы министрлігін бір шахтада қалған улы заттары бар үш колбаны ашылмайтындай қылып бітеп тастауға көндіруге тырыстық.⁶⁶

Үш колба жоталарды үңгіп салынған шұңқырларға көмілгендіктен, оларды қауіпсіз құрылғыға айналдыру инженерлерге оңай болған жоқ. Оларды шахтадан шығарып, ішіне цемент құйып тастау керек, ондайда салмағы тым ауыр болып кетеді де, қайтадан шахтаға салу мүмкін болмай қалады. Америкалықтар бұрын аузын бітеп тастаған шахтаны қайта ашуға да құлшына қоймады.

Сонда ғалымдар ерекше шешім ойлап тапты: ресейліктер колбалар нақты қайда жатқанын көрсетуге келісті, ал инженерлер шахтаны дәл үстінен қазды. Содан соң бір колбаны тесіп, оған құм мен цемент толтырды. Қалған екі колбаға басқа әдіс қолданды: олардың ішіне құм мен цемент толтырған жоқ, оларды айнала құм мен цемент қоспасын құйып, ешкім жете алмайтындай қылып тастады.⁶⁷

2005 жылы колбалар бойынша жұмыс аяқталғанда, ғалымдардың қысымымен Ресей өкіметі тағы бір сұмдық деректі жария етті. Жер астында шамамен 100 килограмм плутоний салынған контейнер-жәшік қалыпты, олар да колбалар сияқты қауіпті еді. АҚШ жоба менеджерлерінің бірі ол туралы былай деді: «Контейнерге барып, қабырғасына жұққан

плутонийді сылып алсаңыз болады. 20 литр шелектердің бірнешеуіне толтырып алсаңыз, гараждан қайта өңдеуге жеткілікті материал шығады, тек қауіпсіздік шарасын ұмытпаңыз».⁶⁸

Құпиясы ашылған орындардың үшеуі Ерекше жоба саналды, оларға Х, У және Z деген атау беріліп, қатер деңгейі өте жоғары деп танылды. Осы орындардың бірін үстінен біреулер қазғаны анықталды, демек, шахтаға түспек болған. Басқа жерлерді де тіміскілегендер болған сияқты. Әдеттегідей команда қиын әрі қауіпті жағдайда жұмыс істеуге мәжбүр болды. Мысалы, олар шахталардың біреуін ашқанда тау жыныстарын мұз басып қалғанын көрді. Шамасы, тау астында жасалған ядролық сынақтардан тау жыныстары бұзылса керек, жаңбыр жауғанда ішіне су кіріп, мұзға айналған. Жүретін жол жасау үшін таудағы құтқарушыларды шақыру керек болды.⁶⁹ Мұз боп қатқан тау жынысынан металды шығару өте қиын болды, жұмыстың бәрі қолмен істелді. Әйтеуір, ауыр еңбек ақталды, команда қауіпті материалды сыртқа шығарып, сол жердің қауіпсіздігін күшейтті. Екі шахтадан шыққан қалдықтар «арнайы техникалық жабдық» деп аталып, Ресейге жөнелтілді.⁷⁰

Қалған бірнеше жылда үш елдің командасы полигондағы жұмыстарды жалғастырып, шахталардың бәрін тиісінше бітеуді мақсат етті. 2012 жылға қарай команда мүшелері қатер деңгейі төмен саналған қосымша жерлердің бәрін бітеп, қақпақтарды алып тастады. Дегелең тауында жалпы қауіпсіздік деңгейі айтарлықтай артты. Бұл жер қауіпті екенін білдіретін белгілер қойылды, үлкен әріппен «РАДИАЦИЯ» деп жазылды және бұл маңға жоламаған дұрыс деп ескертілді. Орынды айналдыра шарбақ, сыммен қоршап, ор қазып тастады. Жасырын қойылған дабыл, видеокамералар мен дрондар да бұрынғы полигон аумағын бақылауға көмектесті. 2009 жылы АҚШ орнатып берген алғашқы электр жүйесі Қазақстанның қатал қысына шыдамады. Үшжақты келісім мәресіне жетуге таяғанда, инженерлер күн көзінен қуат алатын автоном электр жүйесін орнатты.⁷¹

Үшжақты келісім басталған 1996 жылдан 17 жыл өткенде, 100 килограмнан астам плутонийді қауіпсіз жерге жеткізген соң, Қазақстан, АҚШ және Ресей басшылары әлемге бұрынғы Семей ядролық полигоны ендігәрі қауіпсіз орын екенін жария етті. 2012 жылғы наурызда Сеулде өткен, елу мемлекеттің басшысы қатысқан Ядролық қауіпсіздік саммитінде олар осындай мәлімдеме жасады.⁷² Әлемдегі ядролық материал қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Ядролық қауіпсіздік саммитін өткізейік дегенді 2010 жылы президент Обама ұсынған. 2010–2016 жылдары екі жыл сайын әлем елдерінің басшылары кездесіп, өз еліндегі ядролық материал қауіпсіздігі туралы айтып жүрді. Бұл уақытта Қазақстанды отыз жылға жуық басқарған Назарбаев билігі аяқталуға жақын еді. Саммит кезінде ол әлемге Қазақстан үлкен жетістікке жетті – әлемді уайымдатқан ядролық

қаруы бар елден ядролық қаруы жоқ және оны таратпауды насихаттайтын елге айналды деп айтатын.

Осы жылдар бойы түрлі басшының (Ғаділет Батырбеков, Юрий Черепнин, Шәміл Тухватулин, Қайрат Қадыржанов, Ерлан Батырбеков) жетекшілігімен жұмыс істеген Ұлттық ядролық орталық полигон басына барып, үш елдің өкілінен құралған команданы Дегелең тауына сейілге шығарды. Бұл басқосудың қуанышы мен мұңы қатар жүрді: команда жеткен жетістігін мақтана атап өтті әрі осы күнді көре алмай кеткен, маңызды жұмыстың нәтижесін көру бұйырмаған әріптестерін еске алып, мұнайды. Сол күні Қазақстан, Ресей мен АҚШ тулары астына қарапайым белгі қойылды: «1996–2012. Әлемде қауіпсіздік артты». Үшжақты жобаға қатысқандардың бірі Байрон Риствет жұмысты былай қорытындылады: «Үш мемлекет ынтымақтасып жұмыс істемегенде, полигон жұмысы алға баспас еді».⁷³

«Полигон толық қауіпсіз орынға айнала ма?» деген сұраққа жауап беру қиын. Плутоний жартылай ыдырауы үшін 24 мың жылдан астам уақыт керек. Полигонды зерттеген қазақ, орыс және американдық ғалымдарының көбі оның жыры таяуда бітпейді дегенге келіседі.

ПОЛИГОННАН ТЫС АЙМАҚТАҒЫ ЯДРОЛЫҚ МАТЕРИАЛ ҚАУІПСІЗДІГІ

Ядролық материал мәселесіне келгенде қазақтар мен америкалықтардың уайымы полигон ғана емес. Ұлбі металлургия зауытынан 600 килограмға жуық аса байытылған уран тасымалданған «Сапфир» жобасына қоса, Қазақстандағы өзге ядролық нысандарда (Ақтаудағы Маңғышлақ атом энергетика комбинаты, Курчатовағы Атом энергиясы институты және Алматы маңындағы Ядро физикасы институты) ядролық материалдың түрлі мөлшері сақталып тұрған. Оларды біреу-міреу ұрлап алып, ядролық құрылғы жасауға пайдалануы әбден мүмкін еді.

Совет өкіметінің ядролық нысандарды тиісінше басқара алмағаны оларға да кесірін тигізді. Мысалы, нысандарда бар-жоқты түгендегенде қағаз журналға жазу тәсілі ешбір мекеме өзінде сақталған ядролық материал мөлшерін нақты білмейтінін көрсететін. Совет менеджерлері ядролық материалды қызметкерлер ұрлауы мүмкін деп ойлап та көрген жоқ, олар сыртқы қауіпке көбірек алаңдайтын. Өзге сала мамандары сияқты, ядро саласындағы мекемелерде де қызметкерлер ішерге ас таба алмай жүрген экономикалық дағдарыс кезінде бейқамдық салдары сұмдық болуы мүмкін. Ядролық нысанда жұмыс істегендер міндетін дұрыс атқармауы немесе ядролық материалды оған қызыққан шетелдіктерге сатып жіберуі мүмкін еді. Түгендеу әдісінде олқылық көп болғандықтан, материал жоғалғанын ешкім байқамай қалар еді.

1993 жылғы желтоқсанда Қазақстан мен АҚШ арасында ядролық материал қауіпсіздігін қамтамасыз етуді көздейтін «Материалды қорғау, қадағалау және есепке алу» (МРС&А) келісіміне қол қойылды. 1996 жылға дейін жобаны АҚШ Қорғаныс министрлігі қаржыландырған, кейін АҚШ Энергетика министрлігі Конгреске ұсыныс жасап, МРС&А жобасын қаржыландырды өз мойнына алды.

МРС&А бағдарламасы арқасында қазақстандық ядролық нысандарға қажет қауіпсіздік шаралары жасалды – қоршаулар салынып, дабыл жүйесі орнатылды, ядролық материалды компьютермен есепке алу бағдарламасы енгізілді. Энергетика министрлігі қаржыландыратын өзге бағдарламалар бойынша пайдаланылған отынды қауіпсіз сақтау орнына алып кету және аса байытылған уран отынын аз байытылған уран отынына айналдыру қолға алынды.

Ақтаудағы Маңғышлақ атом энергетика комбинаты (МАЭК)

Каспий теңізінің жағасында орналасқан Ақтау қаласындағы Маңғышлақ атом энергетика комбинатындағы БН-350 ядролық реакторында пайдаланылған отын реакторында 3 метрик тоннадан астам плутоний қалды. 1973 жылы жұмысын бастаған БН-350 реакторы жақын маңдағы қалаларды жылу, электр жарығы және тұщы сумен қамтамасыз ететін. Ол күн сайын Каспий теңізінің 120 мың текше метр суын тазартатын. Реактор аса байытылған уранмен жұмыс істеді, жылына 100 килограмнан астам жоғары сапалы плутоний өндіретін, бұл мөлшер ядролық қаруға қолдануға болатын ядролық материал жасауға жеткілікті еді.⁷⁴ Құрылғы бірнеше мақсатқа қолдануға болатын әмбебап саналды.

Совет Одағы, кейін Қазақстан әлемдегі ең алғашқы жылдам нейтронды МАЭК БН-350 реакторын мақтан тұтатын. Алайда 1990 жылдары атом энергетика комбинаты менеджерлерінің алдынан екі проблема шықты: біріншіден, құрамында плутонийі бар пайдаланылған реактор отынын не істеу керек? Екіншіден, пайдалану мерзімі бітіп келе жатқан реактор қызметін қауіпсіз аяқтау үшін қандай шара қолдану қажет?

Уошиңтон саясаткерлері оған МАЭК пен Иран қызығып отырғанына алаңдады. Каспийдің арғы жағасында тұрған Иран қаруға қолдануға болатын плутоний өндіретін Маңғышлақ комбинатына қызықты. 1995 жылы «Сапфир» жобасы кезінде Энди Уебер МАЭК-ке барғанда, жергілікті басшылық Иран жаңғағы – пісте беріп сыйлап, оны бір күн бұрын нысанға келген ирандықтар тарту еткенін айтқан еді.⁷⁵ 2004–2008 жылдары Қазақстандағы АҚШ елшісі болған Жон Ордуей Маңғышлақ комбинатындағы пайдаланылған жанармай қорына қатысты Уошиңтон ұстанымын былай сипаттайды: «Ақтауға барғанда пайдаланылған отын аңғарда жатқанын көрдім. Бізге оны көрсетті. Көзіміз жетті. Дәл сол кезде

жанталаса қоярдай қауіптенген жоқпыз. Бұл қауіп талай жылға жетерлік еді. Нақтырақ шешім шығару қажет еді».⁷⁶

МАЭК-те сақталған пайдаланылған отындағы плутоний жүздеген ядролық қару жасауға жететін. Өскемендегі Үлбі зауыты сияқты, Маңғышлақ комбинаты совет ядро өнеркәсібінің флагманы болатын. 1990 жылдары Үлбі мен өзге де ядролық нысандар тәрізді Маңғышлақ атом энергетика комбинатында қару жасауға пайдалануға болатын материал сақталған, тек оны қорғайтын ресурсы жоқ еді. Үлбі зауытын аңдығандай шетелдіктер МАЭК-ті де көзінен таса қылмады. АҚШ сияқты елдер МАЭК-тегі материал қолды болып кете ме деп қорықты, ал Иран сияқты мемлекеттер ондағы плутонийді ядролық отын жасауға және ядро бағдарламасына қолдануға ынтықты.

1995 жылы көмекке *МРС&А* бағдарламасы келді. Осы жылы МАЭК менеджерлері АҚШ Энергетика министрлігі мамандарын шақырып, *МРС&А* аясында алғаш барған сарапшылар нысанда қалған плутоний туралы дерек алды. Аргонн ұлттық зертханасында істейтін, реактордың осы түрі бойынша техник сарапшы доктор Пит Планшон сапар кезінде дереу ядро физикасы бойынша есеп-қисап жасады. Команда айвори (піл сүйегі түсі) түсті плутоний мөлшері 3 метрик тоннадан асатынын анықтады. «Айвори түсті» деген термин құрамында болмағаны дұрыс изотоптар мөлшері өте аз плутонийге қолданылады, мұндай плутонийді қаруға пайдаланған аса тиімді. Нәтижесінде АҚШ өкіметі көмектесуге дайын екенін айтып, қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдарын қарастыра бастады.

АҚШ пен Қазақстанның техник сарапшылары жиі кездесіп, ақылдасып тұратын, ал 1996 жылы қазақстандық техник сарапшылар Аргонн ұлттық зертханасына үш аптаға барды. Ол сапарға Аргонн мамандарынан бөлек, АҚШ-тың басқа ұлттық зертханалары – Лос Аламос, Сандия мен Солтүстік-Батыс Тынық мұхит сарапшылары да қосылды. Команда бірлескен іс-қимыл тобын құрып, отынды құрғақ сақтау әдістері, пайдаланылған отынды сақтау орны мен тасымалдау жолын талқылады.⁷⁷

МАЭК бойынша алғашқы күш-жігер *МРС&А* жобасын жаңартуға бағытталды. *МРС&А* арқасында бірлескен команда материалды сипаттау мен есептеуді қолға алды. Түгендеу жұмысы аяқталған соң, материалды Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттікке мәлімдеп, халықаралық кепілдік тағайындалды. «Ядролық реактордың жылушығарғыш құрылғылары әлі де қолданысқа жарай ма, тасымалдауға жарайтындай етіп сақталған ба?» деген сұрақтарға жауап алу үшін материалға сипаттама беру керек болды. Жылушығарғыш құрылғы әлденеге соғылса, оның ішіндегі заттың сапасы құри ма?⁷⁸

Сондықтан техник сарапшылар жылушығарғыш құрылғылар іске жарайтын-жарамайтынын білуге тиіс болды. Жылушығарғыш құрылғы – майда-майда отын таблеткалары толған өзегі бар түтік (үлкендігі

сиқыршының таяқшасындай-ақ). Жылушығарғыш құрылғы істен шықса, ондағы жіңішке өзек те құриды. Совет кезеңінде БН-350 реакторына (1-отын типі) арнап жасалған жылушығарғыш құрылғыда отын сақталатын өзектің басындағы клапаны тым кішкентай болатын. Отын сақталатын өзектің ішіндегі ауа реакторы іске қосылып, жоғары температура әсерінен кеңейгенде, отын сақталатын өзек жарылып, радиоактив қалдық төгілетін. Бұл мәселе жылушығарғыш құрылғының келесі буыны шығарылғанда (2-тип) шешілді. Реактор типті жылушығарғыш құрылғының ең соңғы буынында кемшіліктің бәрі жойылды.⁷⁹

Ақтаудағы БН-350 реакторы жылдам нейтронмен жұмыс істейтін әлемдегі ең жылдам реактордың бірі болғандықтан, оған ертеде шыққан жылушығарғыш құрылғы қолданылды, демек, пайдаланылған отынды тұрақтандыру үшін істен шыққан құрылғылар арнайы контейнерге салып сақталатын. Реактор жүйесін радиациядан ластанған натрийден тазарту да керек болды (бұл проблеманы да АҚШ-Қазақстан командасы кейін бірге шешеді).

Команда құрылғыларды контейнерлерге орналастыру проблемасын шешіп жатқанда, техникалық проблема да туындап, оған инженерлерді тартуға тура келді. Мысалы, жылушығарғыш құрылғыны ұзақ сақтау үшін алдымен құрғату керек. Аргонн мамандары тығындап құрғататын станция жасады, оны МАЭК-ке жіберерден бұрын Айдахода орнатып, сынақтан өткізіп алды. Команда жылушығарғыш құрылғыны контейнерлерге салып, сосын тығындап құрғататын станцияға кіргізді. Бұл процесс кезінде әр контейнерден ылғал ауаны буландырып шығару арқылы әр бөлікті жеке құрғатып, оның орнына құрғақ гелий газын құйып, содан соң ұзақ сақтауға арналған контейнердің аузын дәнекерлеп тастайтын.⁸⁰

Бірлескен Қазақстан-АҚШ командасы материалды түгендеу жүйесін жетілдіруді де қолға алды. Ядролық материалмен жұмыс істегенде барлық құрылғының бір кемшілігі – технологиялық процесс кезінде материалдың біраз бөлігі жойылады. АҚШ мамандары МАЭК-тегі әріптестеріне осы шығынды есептеу жолын үйретті. Бұдан былай заңсыз шығын, яғни ұрлық болған жағдайда оны аңғару қиын емес еді.⁸¹

МРС&А бағдарламасы МАЭК-тегі ядролық материалды компьютерге салып, совет кезеңіндегі қағазға жазып есептеу тәсілінен арылтты. Қағазға жазып есептеудің проблемасы көп еді, кейде тіпті жазған адамның жазуын ажырату да қиын болатын. Бұған қоса, әр жылушығарғыш құрылғының бірегей нөмірі болуға тиіс, ал заттарды түгендеуге қатысқан команда мүшелері кей құрылғының нөмірі бірдей екенін байқады.⁸²

Жұмыс біткенде жылушығарғыш құрылғының бәрі талдау жасалып, санаттарға бөлініп, есептеліп, тот баспайтын 480 құрыш контейнерге салынды. Ядролық материалға қатысты жұмыстан бөлек, АҚШ-Қазақстан командасы МАЭК-тегі физикалық қауіпсіздікті арттыруды да қолға алды,

пайдаланылған отын сақталатын аңғарда (бассейнде) қауіпті материал көп болғандықтан, сол аймақтан бастады. МАЭК-тің қауіпсіздік деңгейіне жан-жақты зерттеу жүргізген соң, команда ұзақ мерзімді қауіпсіздікті күшейту жоспарын жасады.

Үлкен аумақты алып жатқан МАЭК нысанының сыртынан бірнеше шақырымға созылатын бетон қоршау салынған еді. Қауіпсіздік мамандары жұмысты нысанның ең ортасынан – БН-350 реакторынан бастауды ұйғарды. Инженерлер реактор тұрған ғимараттың сыртқы есігін, терезелерін, кіреберісін жаңалады, пайдаланылған отын сақталатын аңғар мен жаңа отын сақталатын ғимаратты жаңартты. Жаңарту шарасы заманауи дабыл жүйесін, жарық беру мен сыртқы камералар орнатуды және бөгделер кіргенде белгі беретін сенсорлар қоюды қамтыды. Қызметкерлер ғимаратқа кіріп-шығатын порталды да нығайтып, енді олардың келген-кеткен уақыты қадағаланатын болды. *MPC&A* бағдарламасы МАЭК пен Қазақстан құқық қорғау органдары арасындағы байланыс мүмкіндігін арттырды.⁸³

Сөйте тұра, пайдаланылған ядролық отынды МАЭК-те ұзақ сақтауға болмайтын. БН-350 реакторын істен шығару үшін оны ұзақ сақтауға болатын қауіпсіз жерге көшіру қажет еді. Мұндай орын ретінде Семей полигонындағы оқшау аймақ – екі ядролық зерттеу реакторы орналасқан Байкал-1 реактор кешені таңдалды.

Пайдаланылған отынды БН-350 аумағынан әкету үшін қаражат пен тың идея керек болды. Қаражатты АҚШ Энергетика министрлігі берді. Практикалық мәселе – мамандар отын салатын ыдыс түрін таңдауда қиналды. Бұрыннан қолданылып жүрген кішкентай контейнерлерді қолдануына болатын немесе ауыр контейнерлер жасатуы керек еді. Ауыр контейнерлерді таңдауға терроризм қаупінің алдын алу да себеп болды: отын ұрлануы қаупі төнсе де, ауыр контейнерлерді алып кету, тасымалдау оңай шаруа емес.⁸⁴

Сонымен МАЭК қызметкерлері пайдаланылған отынды жаңа жасалған алпыс контейнерге мұқият салып шықты. Пайдаланылған отынды тасымалдау мен сақтауға арнап жасалған әр контейнердің өз салмағы 100 тонна болды (ішіне материал толтырғанда – 110 тонна).⁸⁵ Тағы бір мәселе – 150 тоннаға дейін көтеретін екі кран табу еді, біреуі МАЭК жақта контейнерлерді тиегенде, екіншісі Байкал-1-де түсіргенде керек болды. Тапсырыс алған ресейлік мердігер жұмысты тым ұзаққа созып жібергендіктен, жоба командасы Қытайға көз салды. Команда мүшелері Қытайға барып, үш кәсіпорынның жұмысымен танысты, аяғында бір қытайлық компания жұмысты атқаратын болды.

Компания бірінші кранды жасап, оның бөлшектерін МАЭК нысанына уақтылы жеткізу үшін күні-түні жұмыс істеді. Жоба менеджерлерінің алдынан тағы бір кедергі шықты: кранды құрауға бірнеше ай кетеді екен.

АҚШ жоба менеджері Эрик Хауден бұл мәселенің шешімін қалай тапқанын айтады:

Жұмысты уақытында өткізу үшін кранды іске қосу керек болды, бірақ оны құрауға бірнеше ай қажет еді. Мықты әріптесім Александр Балдов (Қазақстанның атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі мемлекеттік корпорациясы – КАТЕП-тің жоба менеджері) пен Валерий Марченко үшеуіміз шай ішіп отырғанда, Балдов «мұны істеу үшін Қазақстанға Қытайдың жүз жұмысшысын алдыру керек» деп әзілдеді. Басында әзіл көрінгенімен, кейін содан артық шешім жоғын түсіндік. Қытайлық өндіруші Ақтауға он шақты жұмысшысын жіберді, кранның жай-жапсарын жақсы білетін олар бірнеше аптада құрап шықты, біз де уақыттан ұтылған жоқпыз.⁸⁶

2010 жылы пайдаланылған отынды полигон аумағына тасу операциясы басталды. Кран отын толы контейнерлерді көтеріп, арнайы теміржол вагонына тиеді. Кейде Қазақстанның қатал қысы жұмысқа кедергі болатын: температура -40°C түсіп кеткенде, жабдықты жұмыс істету мүмкін емес еді.

Пайдаланылған отын салынған контейнерлер арнайы бес теміржол вагонына тиеліп, Ақтаудан Курчатовақ жөнелтілгенде, олардың қауіпсіздігін қадағалайтын күзеттің өзі екі вагон болды. Курчатовақ жеткен соң полигондағы Байкал-1 кешеніне қара жолмен апарылатын болды. Ішкі істер министрлігінің арнайы қызмет жасағы осы шара үшін дайындықтан өтті. Жол бойында бомба мен басқа да қатерлі заттар бар-жоғын алдын ала тексеріп шықты.

Қандай да бір жағдай болса, қапы қалмау үшін АҚШ-Қазақстан командасы 2009 жылы МАЭК-тен Байкал-1-ге бос контейнер жөнелтіп, бір тексеріп алды. Бос контейнерді жеткізуге қатысқан Хауден сол кезеңді былай еске алады:

Даладағы сапар үш күнге жалғасты. Түнгі аспанда жұлдыздар самсап тұрғаны есімде. Күн суық еді, -40°C , мұндай аязды бұрын көрмеппін. Вагон ішіндегі бір қабырға көмір жағылатын пешпен іргелес болған соң қызып тұратын. Ал екінші қабырғасы сырттағы аяздан мұз боп қатып қалған. Түнде аяғым терлеп, басым тоңып жататын. Аяғым мен басымды кезек ауыстырып отырдым. Кейде оянғанда шашым мұз қабырғаға жабысып қалғанын көретінмін.⁸⁷

Хауден мен команда мүшелері контейнерді Курчатовақ жеткізіп, одан әрі ауыр жүк көлігіне тиеді. Қыс ортасы болғандықтан, құм себетін жүк көлігі алда жүріп, арнайы жүгі бар көлік жолда сырғанап кетпесін деп, жерге құм сеуіп отырады. Көліктер Байкал-1 нысанына жақындағанда,

нысанға кіруіне болмайтындықтан құм себетін көлік кері бұрылып кетеді. Тіркемесіне 110 тонналық контейнер тиелген ауыр жүк көлігі мұз бен қар басқан жолда жүре алмай, тайғанақтап бетон дуалдарға соғылады.

Құқық қорғау органының өкілі, Қазақстан Ішкі істер министрлігінен келген полковник Садықов тығырықтан шығар жол табады. Операция қауіпсіздігіне жауапты ол қасындағыларға бұйрық береді, сөйтіп «екі әскери көлік жүк көлігін шынжыр байлап сүйреп, Байкал-1 нысанының қақпасына кіргізді» деп еске алады Хауден. Жоспарланғанындай, контейнер тиісті орнына түн ортасына дейін жетеді. Хауден «өзісін жетік білетін, қиын сәтте шешім шығара алатын тамаша адам» деп сипаттаған полковник Садықов осы операция аяқталғанша оның басты тұлғасы болды.

Алғашқы сынақ рейстен кейін тағы 12 рейс жасалады, әр жолы пайдаланылған отын салынған бес контейнер тиеп жеткізілді. Қауіпті затты межелі жерге қауіпсіз жеткізу үшін жүздеген әскери тартылады. Әр сапарда автомат асынған күзетшілер бірге жүреді. Курчатов әскерілері мен арнайы жүктің қауіпсіздігіне жауапты әскери бөлімшеге жолда келе жатқан контейнерлердің суреті таратылды. Контейнерлер Каспий жағалауынан қазақ даласының ортасындағы полигон аймағына бет алғанда, құқық қорғау органдарының өкілдері жолдағы пойыздардың бәрін тоқтатып қойды. Орта есеппен әр сапар 21 күн жалғасты.⁸⁸

Соңғы контейнер межелі орынға 2010 жылғы қарашада жетті. Ол Байкал-1-дегі бетон платформаға жеткенде, нысан Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттіктің қауіпсіздік кепілдігін бақылау жүйесіне қосылды. Сөйтіп жүздеген ядролық қару жасауға жететін материал тиелген контейнерлер қауіпсіз, ешкім орнынан қозғай алмайтын, қорғалатын жерге жеткізіліп, Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттіктің қарауына берілді.

Соңғы контейнер Байкал-1-ге аман-есен жеткен соң, операцияны іске асырған Қазақстан мен Америка өкілдері сайын дала ортасында тост көтеріп, атап өтеді. Олар Байкал-1 нысанынан шығып, Курчатовқа бет алғанда, полковник Садықов көліктерді тоқтатып, өз көлігінен бір шөлмек арақ алып шығып, операция сәтті аяқталғанына құтты болсын айтты. Бұдан соң МАЭК нысанында, Ұлттық ядролық орталық пен Қазақстанның жаңа елордасы – Астанада ресми салтанатты рәсімдер өтеді.⁸⁹

Пайдаланылған отын полигонда елу жыл қауіпсіз сақталады.⁹⁰ АҚШ операцияға 219 миллион доллар жұмсады, алайда жүздеген қару жасауға жететін пайдаланылған отын енді алаңдамауға болатындай қауіпсіз орналастырылған соң, сол кезде АҚШ шенеуніктері бұл сома тиімді жұмсалып жатыр деді.⁹¹

МАЭК-тегі пайдаланылған отыннан бөлек, онда әлі реакторға қолданылмаған аса байытылған уран да бар еді. Қару жасауға қолдану тұрғысынан алғанда, жаңа отын да қауіпсіздікке қатер төндіретін.



16-сурет. Байкал-1 контейнер сақтау орнында гидравликалық иінағашы бар 150 тонналық қранның контейнерден тасымалдау орамасын шешіп жатқан сәті. Эрик Хауден түсірген АҚШ командасының фотосы.

АҚШ миллионері Тед Тернер қаржыландыратын және сенатор Нанн басқаратын өкіметтік емес ұйым – Ядролық қару қауіпін азайту бастамасы (*NTI*) қазақ билігімен келісім жасап, 3 метрик тонна болатын аса байытылған уранды МАЭК-тен Үлбіге жеткізуге келісті. Үлбіге жеткен соң, аса байытылған уранды аз байытылған уран ұнтағына араластырып, байыту дәрежесін төмендетті.⁹² Құны 2 миллион доллар болған жоба 2007 жылы аяқталғанда, *NTI* ұшақ шығарып, жобаға қатысушыларды Үлбіге апарып, үлкен іс-шара ұйымдастырды. Іс-шараға қатысу үшін президент Назарбаев Астанадаң ұшып барды.⁹³

МАЭК басшылығы ойға алған тағы бір іс БН-350 реакторын аман-есен жауып тастау еді. Реактордың жиырма жылға берілген лицензиясы 1992 жылы бітіп, 1992 жылдан бастап Қазақстан өкіметі лицензияны бір жылға ұзартып отырған. Алайда 1998 жылы Қазақстан ядролық реттеу мекемесі лицензияны ұзартудан бас тартты.⁹⁴ Сол жылы Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттік реактордың қауіпсіздігін тексеріп,

оны жаңарту қажет деді. 1999 жылы Қазақстан өкіметі реакторды мүлде жабамыз деп мәлімдеді. Соған АҚШ пен Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттіктен техникалық көмек сұрады.⁹⁵ Айдахо ұлттық зертханасында істейтін АҚШ Энергетика министрлігінің техник мамандары МАЭК командасына көмекке келді.

Реактор жұмысын тоқтатудағы бірінші міндет – реактор ядросын суытуға қолданылатын сұйықтық – натрий салқындатқышты зарарсыздандыру болды, өйткені істен шыққан жылушығарғыш құрылғыға радиоактив цезий көп жиналып, салқындатқыш ішіне радиоактив қалдық төгілген. Радиоактив қалдыққа қоса, натрий дымқыл ауада өздігінен тұтануы мүмкін. Натрий салқындатқышты зарарсыздандыру үшін арнайы сүзгісі бар құрылғыларды салқындатқыш ішіне қойып, цезийді «аулайтын тұзақ» құру қажет болды. Ғалымдар тағы күш біріктіріп, Аргонн ұлттық зертханасының мамандары МАЭК тобымен бірге тұзақ жасауға кірісті. Қазақстанның ядроны реттеу мекемесі жобаны мақұлдаған соң, жергілікті «Белкамит» компаниясы цезий аулайтын жеті тұзақ шығарды.⁹⁶ Осыған дейін айтып өткеніміздей, жаңа зауыт сәтті конверсияның жемісі еді: бұрын торпедо шығаратын «Гидромаш» зауыты мұнай-газ өнеркәсібі үшін криоген цистерна өндіретін «Белкамит» зауытына айналып, оны АҚШ Қорғаныс министрлігі мен кәсіпкерлік қоры қаржыландырды.⁹⁷ Бұдан соң 950 текше метр натрий салқындатқыш құйып алынды.

2021 жылы қазақ мамандары Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттікпен және АҚШ-пен бірлескен жұмысын жалғастырып, реакторды *SAFSTOR* күйіне қоймақ, яғни ұзаққа шыдайтын радиоактив материал салқындағанын күтеді, реактордың өзін бөлшектеу шығыны өте жоғары болғандықтан, солай уақыт ұтады.⁹⁸ Реактор *SAFSTOR* күйінде елу жыл тұра алады.

Жиырма жыл бойы Қазақстан мен АҚШ ғалымдары бір-бірінің тілін түсінбесе де, күрделі технологиялық мәселелерді бірге шешіп келді. Аргонн батыс ұлттық зертханасының жоба менеджері ретінде 2000 жылдар басында БН-350 жобасына қатысқан Жойс Коннери ғалымдар арасындағы ынтымақтастықты былай сипаттайды: «Айдахо тұрғындары мен БН-350 ғалымдарының қарым-қатынасын біраз бақыладым. Олар бір-бірімен техника тілінде сөйлесті. Өзара түсіністі».⁹⁹

Атом энергиясы институты және Ядро физикасы институты

Қазақстандағы төрт ядролық нысанның тағы бірі – полигон маңындағы Курчатов қаласында орналасқан Атом энергиясы институты. Институтта үш ядролық зерттеу реакторы болған; жаңа және пайдаланылған аса байытылған уран отыны сақталатын. Курчатовтағы Байкал-1 кешеніндегі екі реактор (ИВГ-1М және Р.А. деп аталады) аса байытылған

уранмен істейді. *МРС&А* бағдарламасы аясында нысанның физикалық қауіпсіздігі күшейтіліп, металл және ядро табатын детекторлар қойылды, портал мен кіретін-шығатын орындар қорғалды, дабыл және байланыс жүйелері, материалды есепке алу және бақылау үшін электрон жүйе орнатылды.¹⁰⁰ 1996 жылдан 1998 жылға дейін 138 килограмм пайдаланылған аса байытылған уран отыны Байкал-1-ден Ресейге жеткізілді.¹⁰¹ 1998 жылы Р.А. реакторының ядросы мен 10 килограмм уран Ресейге жөнелтілді, сөйтіп реактордың жұмысы тоқтады.¹⁰² 2023 жылға қарай (он жылдан астам бірлескен жұмыс нәтижесінде) ИВГ-1М реакторы аз байытылған уранмен істемек.

Курчатоваға үшінші ядролық реактор – ИГР де аса байытылған уранмен істейтін. 1997 жылы оған *МРС&А* жаңартуы қолданылды.¹⁰³ Жылдар бойы АҚШ көмегі арқасында ИГР-ден алынған жаңа уран Үлбіге тасымалданып, аз байытылған уранға айналды. Пайдаланылмаған аса байытылған уранның ең соңғы 2,9 килограммы 2020 жылы Үлбіге жүк көлігімен жеткізіліп, аз байытылған уран болып өңделді.¹⁰⁴

Алматы маңындағы Алатау ауылында орналасқан Ядро физикасы институты зерттеу реакторына аса байытылған уранды қолданады. Совет кезінде реактор Совет Қорғаныс министрлігі талап еткен эксперименттерді жасайтын. Ядро физикасы институтының бұрынғы директоры Қайрат Қадыржанов институттағы қауіпсіздік шарасын былай сипаттайды (Бұл бұрынғы Совет Одағындағы кез келген ядролық нысанға тән қауіпсіздік деңгейін көрсетеді): «Қызметкерлер реакторды (ядролық құрылғы!) жалғыз кемпір күзетіп отыратынын, өзі шығып кеткенде, есікті сыртынан швабрамен тіреп қоятынын айтып күліп жүретін. Қауіпсіздік деңгейі осындай еді! Күзетші жалдау қымбат еді, оған ақшамыз да жоқ».¹⁰⁵

МРС&А жобасы 1995 жылы Ядро физикасы институтының қауіпсіздігін қолға алды. Курчатоваға Атом энергиясы институты сияқты, мұнда да металл мен ядролық материал детекторлары орнатылды, порталдар мен кіру орындарында бақылау күшейтілді, дабыл және байланыс жүйелері қойылды.¹⁰⁶ *МРС&А* бағдарламасы электрон таразы, гамма-спектроскопия жүйелері, компьютерлік жабдықтар, материалды есептеу мен бақылауға көмектесетін электрон жүйе орнатуға қаржы берді.¹⁰⁷ 1998 жылы соның бәрі орнатылып бітті.

Аса байытылған ураны бар елдер мен нысандар санын азайтуды мақсат қылған АҚШ 2014 жылы Ядро физикасы институтындағы 158 килограмм пайдаланылған аса байытылған уранды Ресейге жеткізуге қаржы бөлді.¹⁰⁸ Институттағы 50 килограмға жуық пайдаланылмаған аса байытылған уранды Үлбіде аз байытылған уранға айналдырды.¹⁰⁹ 2006 жылғы келісімге сәйкес, 2017 жылға қарай Қазақстан мен АҚШ зерттеу реакторын аса байытылған уран орнына аз байытылған уран өндіретін етіп жасақтады да, уран байыту процесін аяқтады.¹¹⁰

Ядролық мұрадан құтылу саяси тұрғыда өте нәзік, технологиялық жағынан күрделі мәселе болса да, Қазақстан Ресеймен және АҚШ-пен қарым-қатынасын дұрыс жолға қоя алғанының, Американың техникалық әрі қаржылай көмегінің, Қазақстан, Ресей және АҚШ саясаткерлері, ғалымдары мен техник мамандарының тапқырлығы, төзімділігі әрі жағдайға бейімделуінің арқасында бұл міндетті орындай алды.

Кейінгі ширек ғасырда Қазақстан ядролық қаруы бар (халықаралық ядролық қауымдастық соған алаңдаған) мемлекеттен ядролық қару мен ядролық қару инфрақұрылымынан, плутоний мен аса байытылған ураннан құтылған елге айналды. Бірақ Қазақстан ядро тарихының бетін жапқанша әлі талай жыл өтеді. Әскери құрылғы қалдықтары оның кең-байтақ жерінде көмулі жатыр. Келер ұрпақ Ақтаудағы тозған ядролық энергетика реакторын бөлшектеу мен контейнерлерде уақытша сақтаулы тұрған пайдаланылған отынды жою мәселесін шешуге тиіс. Полигонды ешқашан қараусыз қалдыруға болмайды.

ЭПИЛОГ

АТОМ ҚАСІРЕТІН САРАЛАУ

Қорғасын түсті ой бұлты,
Сейілте алмас сөз дәрмен.
Таң ұзақ, болмас бой жылтып,
Жол алыс, жетпес алған дем.

Қайғы мен азап құрсауға ап,
Бүк түсіп жатыр паң дала.
Көз жасы елдің тұр саулап,
Теңіз боп толқып, шамдана.

Топырағы бұл Абайдың,
Қасиет қонған мекен-ді.
Опат боп жатыр талай жұрт,
Қайғыны қалай көтерді?..

Қаңырап қалған ауылдар,
Үңгірдей гулеп терезе.
Жолыға қалсаң бауырға,
Тап өзіңдей –
Үміт жоқ, кепкен кенезе.
Еңсеңді тіктеп сонда да,
Түссін де пейілі Құдайдың.
Жарылқай гөр деп Жаратқан,
Шарасыз мен де жылаймын.

*Әлімжан Ахметов, қазақ ақыны, Семей облысы, 2019
(Өлеңді қазақшаға аударған – Әннас Бағдат)*

2019 жылғы жазда елу жолаушы мінген шағын ұшағымыз Семей қаласына келіп қонды. Әуежайда мені Дмитрий күтіп алды. Семей полигонынан жапа шеккен 44 жастағы азамат *Uber*-ге балама жергілікті компанияға жұмыс істеп, күн көріп жүр екен. Дмитрий – көңілді, ақжарқын адам; әйтсе де сырт келбетіне қарап, денсаулығы сыр беріп жүргенін байқайсыз. Қонақүйге бара жатқанда ол өз өмірі туралы айтып берді. Анасы қазақ екен, Семей қаласында туыпты. Әкесі – орыс. Анасы оны бойжеткен кезінде Ресейдің Сібірдегі қаласы – Новосибирскіде университетте оқып жүргенде жолықтырған екен. Ата-анасы үйленген соң, Семейге көшеді, бірнеше балалы болады. Дмитрий өмірге келген 1976 жылы жер бетіндегі сынақтар тоқтағанына 13 жыл өткенімен, совет әскерилері әлі де «қауіпсіз» деген желеумен жер астында сынақтар жасап жатқан.

Генетикасында туа біткен ақауы бар Дмитрий полигон жабылған соң, Қазақстан өкіметі құрған арнайы комиссияның шешімімен ресми түрде ядролық сынақ құрбаны деп танылады. Сирек кездесетін мутациядан оның бас сүйегі өзгерген және бұғанасы жоқ, «Қолым мен иығым бір-бірін тыңдамайды» дейді ол жайбарақат. Ауруы асқынғанда, қолы икемге келмей қалады екен. Екі айда бір сүйегі қақсап, қолын көтеруге шамасы келмей қалады, ондайда тіпті қасық ұстап тамақ іше алмай, апталап жатады.

Осындай ауыр сырқаты бола тұра, Дмитрий жол бойы тағдырына шағынған жоқ: «Ештеңе етпейді, табиғат мені жаратқанда демалғысы келген ғой» деп әзілдеді. Ол тек ядролық сынақ құрбандарына берілетін көмек әдісі ескіргенін, кейде тіпті қисынға келмейтінін айтып шағынды. Қазақстан ядролық сынақтан жапа шеккендерге көмек беру туралы заңды 1992 жылы қабылдаған, сол кезде заң тиімді болса, болған шығар, тек отыз жылда ескіріп, пайдасы азайып қалды. Соның салдарынан Дмитрий ресми түрде сынақ құрбаны саналғанымен, мемлекет оны мүгедектігі бар азаматтар санатына қоспайды, өйткені кейде қолымен жұмыс істей алмай қалатынына қарамастан, өз-өзін күте алатын адам саналады екен. Обыр менқан ауруына шалдыққан сырқаттарды тегін емдеуге мемлекеттен қаржы бөлінеді, Дмитрийге ол да бұйырмаған; себебі оның сирек кездесетін дерті сынақтың зардаптары тізіміне енбеген. Оған берілетін жалғыз жеңілдік – жылына бір рет 14 күн демалыс ақысы төленеді. Дмитрий жұмысқа жарамай қалсам, зейнетке шығуым керек, онда табыс көзінен айырыламын деп қорқады. «Әйтсе де зейнет жасына жете қоюым да екіталай екенін мойындау керек» деп мысқылдайды өзі.

Көлік қонақүйге таяғанда, ол мені сәл бөгеді: «Тағы да айтарым бар, – деді. – Бәрінен де өкініштісі – өмірден перзент сүймей өтем деп ұйғардым. Генетикалық ақау балама да берілуі мүмкін ғой. Мұндай дертті ешкімнің басына бермесін деп тілеймін».¹

Дмитрийдің тағдыры – Қазақстандағы мыңдаған сынақ құрбанының тағдыры, совет ядролық сынағының салдары әлі бітпегені және

Қазақстан құрбандарға дұрыс көмек бере алмай отырғаны жайындағы хикая. Бәрінен бұрын бұл – төзімділік туралы хикая.

Дмитрий мен өзге құрбандар өмір үшін күресіп жүр, ал Қазақстанның ядролық мұрасы тарихтың басқа парағын ашты. Мемлекет әскери мұрасын жаңа мақсатқа пайдалануды көздеді, ел ішінде бейбіт атом өнеркәсібін дамытып, экономикасын өркендетуге күш салды. Халықаралық деңгейде Қазақстан ядролық қаруды таратпауды насихаттап, қарудан бас тарту дипломатиясын ұстанды.

Қазақстан осы бағытта өз орнын айқындағысы келеді, тек оны күрделі жаһандық контексте жүзеге асырмақ.

ЯДРО САЛАСЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯ: БЕЙБІТ ӨМІРДІ ТАҢДАУ

2020 жылдар басындағы ядроға қатысты тәртіп

Осы кітап жазылып жатқанда жаһандық ядроға қатысты тәртіп өзгерісті кезеңде тұрғанын айтпақпын. Қырғиқабақ соғыс кезіндегідей болмаса да, ядролық соғыс қатері әлі де бар. 14 мыңнан астам ядролық қаруы бар арсенал планетамызды бірнеше рет талқандауға жетеді. Ядролық қаруы бар мемлекеттердің бюджетін опырып жатқан бұл қаражатты білімге, денсаулық сақтау мен климат өзгерісі мәселелеріне жұмсауға болар еді. Тоғыз мемлекет – АҚШ, Ресей, Франция, Ұлыбритания, Қытай, Үндістан, Пәкістан, Солтүстік Корея мен Израиль ядролық қару бағдарламасынан бас тартқан жоқ.

АҚШ пен Ресейде әлемдегі ядролық қарудың 90 пайыздан астамы, яғни әрқайсында алты мыңнан астам қару бар. Қазір бұл екі елді ұстап тұрған бір ғана екіжақты келісім бар – жаңа *START*. 2021 жылы Трамп әкімшілігі оның мерзімін ұзартудан бас тартқанда, келісім уақыты бітуге таяған еді, алайда бірнеше күннен соң АҚШ президенті болып сайланған Байден оны тағы бес жылға ұзартты.

Қазақстанға көршілес Оңтүстік Азия елдерінде де ядролық соғыс қатері қылаң беріп қояды; Үндістан мен Пәкістан арасындағы кез келген шиеленіс ядролық соғысқа ұласуы мүмкін. Нью-Дели мен Исламабадтың қаруын қосса, үш жүзден астам ядролық оқтұмсық шығады.

Солтүстік Корея – әлемдегі ядролық қаруы бар ірі аймақтың бірі. Ядролық технологияны сатып алудан бастап теңіз өнімдерін сатуға дейін тыйым салатын БҰҰ санкциясына қарамастан, Солтүстік Корея шектеулерді айналып өтіп, ядролық қару жасау мүмкіндігін арттырып жатыр. Солтүстік Корея режимі есірткі мен қару жасап, сату сияқты заңсыз іс-әрекетпен айналысады; сондай-ақ азаматтарын шетелге жіберіп жұмыс істетіп, қомақты қаржы жасайды да, одан түскен ақшаны ядролық

қару мен зымыран бағдарламаларын дамытуға жұмсайды. Пхеньянда шамамен 30–40 ядролық оқтұмсық бар, жаңасын жасауға ядролық материал қоры жетеді. АҚШ құрлығына жететін зымырандары да бар.

Қытай, Франция мен Ұлыбритания үшеуін бірге алсақ, сегіз жүзден астам ядролық қару шығады. Олардың ешқайсы ядролық қаруы жоқ елге айналуы тіпті ойлап отырған жоқ. Израиль ядролық қару бағдарламасы бар не жоқ екенін растамады, әйткенмен онда тоқсанға жуық құрылғы бар деседі.

Ядролық қаруы бар мемлекеттер Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа мүше болғандықтан, Ресей, АҚШ, Ұлыбритания, Франция мен Қытай түптің түбінде қарудан бас тарту міндетін мойнына алды. Қырғиқабақ соғыс аяқталғалы АҚШ пен Ресей оқтұмсықтарын азайтып, сәл де болса оң қадам жасады. Алайда осы бес елдің ешқайсы ядролық қарудан мүлдем бас тартуға дайын емес сияқты. Ал халықаралық ядролық режимге қосылмаған төрт мемлекет – Үндістан, Пәкістан, Солтүстік Корея мен Израиль – ядролық арсеналдан құтылу не оны азайту жайында ойламайтын да тәрізді. Бұл елдердің саясаткерлері мен шенеуніктері ядролық қаруды абстракт нәрсе сияқты сөз қылады. Сөйте тұра, Қазақстан, Маршалл аралдары, бұрынғы Невада полигонына жақын штаттар мен халқы ядролық шабуылдан жапа шеккен Жапония ядролық қару деген мүлдем абстракт ұғым емес екенін бүкіл әлемге әйгілеп отыр. Осы және басқа аймақтардағы халық «абстракт» қарудың салдары қандай екенін айтып бере алады.

Ядролық қаруы барлар мен қаруы жоқ мемлекеттер арасы уақыт өткен сайын алшақтап барады. Көп ел, әсіресе дамушы мемлекеттер жаһандық ядролық тәртіпті әділетсіздік санайды. Кей мемлекет ядролық қаруын сақтап қалмақ. Енді бірі Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қол қойып, қаруы жоқ елге айналса да, ядролық бағдарламасын бейбіт мақсатта дамыта алмай отыр, өйткені оларды ядролық қаруы мен технологиясын басқа мақсатқа пайдаланбасын деп бақылайтындар бар.

2017 жылы ядролық қаруы жоқ мемлекеттердің бірқатары ядролық қаруы бар мемлекеттердің қарудан бас тарту туралы уәдесін бұзғанына қапаланып, барлық ядролық қаруға тыйым салатын Ядролық қаруға тыйым салу туралы шарт (*TPNW*) жасады.² Әлбетте, оған ядролық қаруы бар мемлекеттердің ешқайсы қосылған жоқ. Трамп президент болып тұрғанда Америка Құрама Штаттары тіпті кей елге қысым жасап, *TPNW* келісімінен шық деп талап қойды.³ Алайда 2021 жылғы қаңтарда елу мемлекет оған қол қойып, бекітті; сөйтіп жаңа келісім күшіне енді.

Қарудан бас тартуды көздейтін келісім іс жүзінде қалай әрекет ететіні белгісіз. БҰҰ-дағы Жапония елшісі бірде былай деді: «Тыйым салу туралы келісім кем дегенде бір ядролық оқтұмсықты құртуға ықпал ете алмаса, оның маңызы шамалы».⁴ Скептиктердің күмәнданғанына қарамастан,

келісім статус-куоны бұзады және кей жерде ядролық қаруға қарсылықты күшейтті. Қазақстан келісімге қол қойған елу елдің бірі болды. Бір қызығы, келісімді ол 2019 жылғы 29 тамызда – қазақ даласында алғаш совет ядролық сынағы жасалғанына жетпіс жыл толғанда бекітті.⁵ Бұған дейін 13 жыл бұрын Қазақстан Орталық Азияда ядролық қаруға тыйым салатын келісімге қол қойған еді.

Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аймақ

2006 жылы Қазақстан мен оның Орталық Азиядағы төрт көршісі – Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан мен Өзбекстан Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ орнату жайындағы келісімге қол қойды. Бес елдің басшысы Совет Одағы кезінде ядролық қарудан жапа шеккен Семей қаласында кездесті. Аймақтағы барлық ядролық қаруға тыйым салатын келісімге қосылу арқылы Қазақстан толық айналымнан өтті – дүниежүзіндегі ядролық арсеналы бар төртінші мемлекеттен өз аумағында ядролық қаруға ешқашан жол бермейтін елге айналды.

Ядролық қарудан азат аймақ құру идеясы Орталық және Шығыс Еуропада сондай аймақ құру көзделген 1950 жылдары туды. Еуропада ондай аймақ құрылған жоқ, дегенмен әлемнің біраз бөлігінде ядролық қарусыз аймақ жасауға күлшыныс сақталды немесе күшейді. Әлемдегі ең алғашқы ядролық қарусыз аймақ туралы келісім 1967 жылы Латын Америкасы мен Кариб елдері арасында жасалды. Бұдан соң Оңтүстік Тынық мұхит, Оңтүстік-Шығыс Азия мен Африка елдері қосылды. Моңғолия жалғыз өзі ядролық қарусыз аймақ болды. Ядролық қарусыз аймаққа қосылған мемлекеттер ешқашан ядролық қару иеленбейміз деген қосымша міндет арқалайды. Қазір әлемдегі ядролық қарусыз аймақтарға 166 мемлекет, яғни құрлықтағы елдердің жартысынан астамы қосылған.⁶

Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ құру туралы әңгіме басталғанда, Қазақстанда совет ядролық қаруы әлі бар еді. 1993 жылы Өзбекстан президенті Ислам Кәрімов БҰҰ Бас ассамблеясының 48-сессиясында осындай аймақ құруды ұсынды. Көп ұзамай Қырғызстан да көршісін ресми қолдады.

Сол кезде, 1994 жылы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының басшысы болған әкем Өмірсерік Қасенов те осы идеяны хатқа жазып, мемлекеттік кеңесші Төлеген Жүкеев пен Сыртқы істер министрлігіне ұсынды. Тек Қазақстан өкіметі мұндай қадамға әзір болмаған. Олар «әлі тым ерте» деп жауап берді.⁷

1995 жылы Өзбекстан мен Қырғызстан бұл мәселені тағы көтерді. 1995 жылдың ортасында ғана Қазақстан ядролық қаруы жоқ елге айналған соң, көршілеріне қосылуға дайын болды. 1997 жылы аймақтағы экология мәселелеріне назар аударуды мақсат еткен кездесуде Орталық

Азияның бес мемлекеті ядролық қарудан азат аймақ құруға үндейтін Алматы декларациясын қабылдады. Бірнеше ай ішінде осы бес мемлекеттің сыртқы істер министрлері тиісті мәлімдеме жазды.

Содан соң келісім жобасын әзірлеу жұмысы басталды.⁸

Ядролық қарусыз аймақ құру туралы келісімнің маңызды бөлігі – ядролық қаруы бар, Ядролық қаруды тараптау туралы шартқа қосылған бес алпауыт ел: Қытай, Франция, Ресей, Ұлыбритания және АҚШ-қа қатысты хаттама жасау еді. Ядролық қаруды таратпау туралы шарт бойынша, осы ядролық қаруы бар мемлекет аймақ мәртебесін құрметтеп, шартқа қосылған тараптарға күш қолданбауға және күш қолданамыз деп қорқытпауға заңды түрде мәжбүр болады. Алайда ядролық қаруы бар бес алпауыт елдің хаттамаға қосылуы олардың стратегиялық мүддесіне қарай айқын болмады. Ядролық қаруы бар алпауыт елдердің қолдауы екіұшты көрінгендіктен, Орталық Азиядағы бес ел келісімінің түпкілікті нұсқасын дайындамай тұрып олармен ақылдасты.

Орталық Азиямен шектесетін ядролық қаруы бар екі алпауыт ел – Қытай мен Ресей жаңа ядролық аймақ өз мүддесіне қайшы келмейтіндіктен, оны қолдауға әзір болды. Ал АҚШ, Ұлыбритания мен Франция келісім жобасындағы екі ережеге келіскен жоқ. Олардың айтуынша, біріншіден, аймақта ядролық қару мен материалдарды тасымалдау туралы ереже түсініксіз екен. Екіншіден, 1992 жылы бұрынғы совет республикалары (оның ішінде Орталық Азиядағы бес республика да бар) қол қойған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа алаңдайды екен. Бейресми тілде «Ташкент шарты» деп аталатын осы келісім бойынша, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Армения, Беларусь пен Ресей араларындағы біреуіне қатер төнсе, өзгесі тиісті көмек (оның ішінде әскери көмек те бар) береді деп келіседі. Жоғарыда айтылғандай, бұл шарт Қазақстанның ядролық қаруы жоқ ел ретінде Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуына оң ықпал еткен. Ресей осы шартқа қосылған соң, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қауіп көп Қазақстан тарапы сәл жайланған болатын. Алайда АҚШ, Франция мен Ұлыбритания өкіметтері «әскери көмек» деген сөз Ресей ядролық қаруын Орталық Азияға әкелуі мүмкін екенін білдіреді деп түсінді.⁹ Сөйтіп Орталық Азия елдері қиын жағдайға тап болды: Ресеймен арадағы қауіпсіздік туралы ең маңызды шартты бұза алмайды, сөйте тұра, ядролық қарусыз аймақ құрғысы келеді.

Орталық Азия дипломаттары ядролық қарусыз аймақ шартына жаңа тұжырымдама қосып, тығырықтан шығар жол тапты. Бір тармақта «жаңа шарт тараптардың өзге халықаралық шарттарда көрсетілген құқығы мен міндеттемесіне қол сұқпайды» делінсе; тағы бір тармақта осы тұжырымдаманы нақтылап, тараптар жаңа шартты «негізгі принциптерге» сай іске асыруы үшін «барлық шара жасалатыны» қосылған. Дипломатия тілінен жай тілге аударғанда бұл фраза «Орталық Азия елдері

Ташкент шартын сақтап қалады, сөйте тұра, ол аймақта ядролық қару болмауға тиіс» деген сөз еді.

АҚШ, Ұлыбритания мен Франция Орталық Азия мен Ресейдің күрделі геосаяси қарым-қатынасын жетік білмегендіктен, тұжырымдаманы қабылдаған жоқ. Олардың пікірінше, тұжырымдама бұлыңғыр, түсініксіз жазылған; «Ресей ешқашан Орталық Азияға ядролық қару кіргізбейді» деп нақты көрсетілмеген.¹⁰ Дегенмен Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа кіретін ядролық қаруы бар бес алпауыт ел де түбінде хаттамаға қол қойып, АҚШ-тан өзгесі оны ратификациялады.

Орталық Азия республикалары солтүстік жартышарда алғаш рет осындай аймақ құрды. Бұл аймақ ядролық қаруы бар елдердің ортасында құрылған қарусыз орта болып тұр. Ресей, Қытай, Пәкістан мен Үндістан сияқты ядролық қаруы бар елдер – аймақтың көршісі. Каспий теңізінің ар жағында ядролық қару жасасам деген ниетіне халықаралық қауымдас-тықты әлі алаңдатып отырған Иран бар.

Совет Одағының жаппай қырып-жоятын қару жасау туралы бағдар-ламасы Орталық Азияға түгел таралған: аймақтағы әр республикада әскери мақсатта қолданылатын нысандар болды. Орталық Азияда ядро-лық қарусыз аймақ құру арқылы республикалар жаппай қырып-жою мұрасынан құтылып, Ядролық қаруды таратпау туралы шарт пен өзге де келісімдер аясынан шығатын міндетті мойнына алды. Орталық Азия елдері Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттіктің халықаралық инспекторларына ядролық қарудан азат аймақ ретінде мәлімделген ны-сандармен бірге, мәлімделмеген нысандар мен материалдарды да тексе-руге рұқсат берді.¹¹ Олар халықаралық инспекторларға ядро саласындағы іс-қимылын тексеруге рұқсат етпеген ядролық қаруы жоқ мемлекеттерге ядролық материал экспорттамаймыз деп міндеттеме де алды және Ядро-лық материалдың физикалық қауіпсіздігін сақтау жөніндегі конвенция бойынша өз еліндегі ядролық материал ұрланбауын немесе теріс мақ-сатқа қолданылмауын қамтамасыз етуге тиіс болды.

Ядро саласындағы іс-қимылдан туған экология мәселелерін шешу үшін халықаралық көмек алу мүмкіндігі Орталық Азия республикала-рының сондай аймақ құруына түрткі болды. Шартта аймақтағы ядролық қару мен құрылғыларды, жарылғыш заттарды өндіру, дайындау және сақтау салдарынан туындаған экология мәселелерін еңсеру жөнінде-гі маңызды ережелер бар. Соның қатарында уран қалдық қоймасы мен ядролық сынақ орындары туралы айтылады.

Ядролық сынаққа жаһандық деңгейде тыйым салу

Орталық Азия елдері Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу тура-лы шартқа қол қойып, ядролық сынаққа тыйым салуға міндеттелді, бұл,

әсіресе Қазақстанға келгенде аса маңызды еді. Ядролық қару сынағы атаулыға тыйым салатын келісім 1996 жылдан қол қоюға ашық. Қазір оған 184 мемлекет қосылды, ядролық қауқары бар мемлекеттердің бәрі қол қойғанда келісім күшіне енеді. Солтүстік Корея, Үндістан мен Пәкістан әлі қол қойған жоқ, ал АҚШ, Қытай, Израиль, Египет пен Иран ратификацияламай отыр.¹²

Күшіне енген соң, келісім дүниежүзінде 321 бақылау бекеті мен 16 зертханасы бар Халықаралық бақылау жүйесіне бағынады. Осы нысандар ядро жарылысы белгісін тіркеп отырады. Оған мұхиттан келетін дыбыстарды тіркейтін гидроакустика бекеттері, атмосфераны бақылайтын инфрадыбыс бекеттері, жер сілкінісін тіркейтін сейсмикалық станциялар кіреді; жүйе жер сілкінісі сияқты табиғи құбылыс пен ядролық жарылысты да ажырата алады.¹³

Қазақстан үшін Семей трагедиясы аузы ашық жара болып қалды. Бірақ ядролық сынаққа түбегейлі тыйым салуды көздеген ел Совет Одағының ұстанымынан толық бас тартты, бұрынғы сынақ алаңы енді Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шартта көрсетілген тексеру режиміне зор үлес қоспақ.

«Семсерді соқаға айырбастау» шарасы арқасында полигон инфрақұрылымы қазір әлемді қауіпсіз ету мақсатында жұмыс істеп тұр. Қазақстанда бірнеше сейсмикалық станция мен бір инфрадыбыс станциясы бар, бұрынғы полигон маңызды тіркеу құралын калибрлеу үшін жарылыс (кәдімгі жарылғыш заттармен) өткізуге ыңғайлы. 1999-2000 жылдары халықаралық команда шахталар мен ұңғымаларды бітеген кезде бақылау станцияларына арнап калибрлеу экспериментін де жасаған болатын.

«Омега», «Омега-2», «Омега-3» деп аталатын үш тәжірибе кезінде Дегелең тауы шахтасында 100 метрик тонна болатын кәдімгі жарылғыш затты жарып көрді.¹⁴ Бұл жаттығулар бақылау құралын калибрлеуге көмектесіп қана қоймай, бақылау станциялары орынды дәл табатынын, жарылыс қуатын нақты анықтайтынын растады және жаңа символдық мәнге ие болды. «Омега» сынақтары полигон тарихының жаңа парағын ашты – бұл жер енді соғысқа емес, бейбітшілікке қызмет етеді.

Содан бері Қазақстан Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шартты әзірлеу комиссиясын (бақылау және тексеру жүйесін жасау үшін құрылған халықаралық ұйым, штаб-пәтері Венада) қолдау мақсатымен бұрынғы полигонда бірнеше сыртқы эксперимент жасады.

Атап айтқанда, 2008 жылы Қазақстан сыртқы тексеру комиссиясына арнап әлемдегі ең үлкен симуляция экспериментін өткізді. Экспериментке қатысқан мамандар Аркания деп аталатын ойдан шығарылған елдегі ядролық сынақты зерттеді. Эксперимент ауқымы таңғаларлық болды – қырық инспектор тексеретін симуляциялық сынақ үшін қазақ даласына



17-сурет. Ядролық қару сынақтарына тұтас тыйым салу дайындық комиссиясының Семей полигонындағы IFE08 кешенді сыртқы жаттығулары, 2008.

Дереккөз: *CTBTO Public Information*, <http://www.ctbto.org>.

40 тонна жабдық жеткізілді.¹⁵ Комиссия инспекторлары шынайы өмірге барынша ұқсатылған ортада сынақ режимінің барлық сатысын байқап көрді. Бұрынғы полигон шынайы ортаны айнытпай беретін, дүниежүзінде мұндай жер табу сирек.

Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттіктің ядролық отын банкі

Қазақстанның ядро саласындағы дипломатиясының тағы бір маңызды бастамасы – халықаралық деңгейде бақыланатын ядролық отын қоймасын елде сақтауға рұқсат беруі. 2006 жылы АҚШ «Ядролық қару қаупін азайту бастамасы» өкіметтік емес ұйымы (Тед Тернер қаржыландыратын ұйым, *NTI*) мемлекеттерді ядролық отын өндіру нысандарын салу ниетінен айныту жолын ойлап тапты. Бұл идея маңызды еді, өйткені ядролық отын технологиясын екі мақсатқа қолдануға болатын: атом электр станциясына арнап ядролық отын өндіру әскери бағдарламаға айналып кетуі мүмкін. Технологияны меңгерген елдер саны азайған сайын ядролық қаруды тарату қаупі де азаймақ.

Алайда мемлекеттер халқын жылу және электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін атом электр станцияларын салуға құқылы, ал оған қуат беру үшін ядролық отын қажет. Олар ядролық отынды коммерциялық нарықта сатып ала алады, тек оны жеткізуге ешкім кепілдік бермейді. Саяси және басқа да себептермен мемлекеттің отын алуына рұқсат берілмеуі мүмкін. Бұл жағдайда мемлекет ешкімге жалтақтамай, ядролық отынды өзі жасап алуға тырысады.

Ядролық отынды сатып алу немесе өзі өндіру деген екі нұсқаға *NTI* үшінші нұсқа ұсынды – Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттік қадағалайтын «ядролық отын банкі» болуы керек. Агенттікке тиесілі ядролық отын қоры өз ішінде ядролық отын өндіруді ойлап жүрген кез келген мемлекеттің өзін қауіпсіз сезінуіне ықпал етеді. Халықаралық отын банкі «өзге амал қалмағанда ядролық отынмен қамтамасыз ету тетігі» деп сипаттайды, атом электр станциясына отын жеткізу мүмкін болмай қалғанда, Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттікке мүше елдер соған жүгіне алады.¹⁶

Сол кезде *NTI* аға қызметкері болған, отын банкі стратегиясын ұсынған Лаура Холгейт оның тағы бір пайдасын айтады. Ол да, әріптестері де ядролық отынды сатып алушы табылды деп қуанған Ресей совет оқтұмсықтарынан алынған аса байытылған уранды тездетіп аз байытылған уранға айналдырады деп ойлады, өйткені ядролық отын банкі аз байытылған уранды сатып алатын. Бұл уақытта Ресей Аз байытылған уран келісімі деп аталатын шарт аясында АҚШ-қа аз байытылған уран сатып жатқан. *NTI* ядролық отын банкі идеясын айтқанда, Ресей қызыға қойған жоқ, себебі Аса байытылған уран шарты бойынша міндетін өтейтін мерзімі аяқталып қалған еді. Ресейді ынталандыру идеясы сәтсіз болса да, жаһандық ядролық отын банкі құру концепциясы күшінде қалды.

2006 жылы Тед Тернер ядролық отын банкі құру үшін *NTI*-ге 50 миллион доллар ұсынғанда, банкті елде орналастыруға ұсыныс жасаған жалғыз ел Қазақстан болды және ол осы мақсатқа лайық ел еді. Қазақстанның Үлбі металлургия комбинатының ядролық отынмен жұмыс істеуге қуаты да, техникалық тәжірибесі де жететін. Дамушы елдер санатындағы және батыс мемлекеті емес Қазақстан ядролық отын банкінің ықтимал тұтынушысы бола алатын өзге дамушы елдерді қабылдауға лайық ел көрінді. Қазақстан үшін Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттіктің ядролық отын банкі елде орналастыру саяси, дипломатиялық және техникалық тұрғыда тартымды болды. Бұл Қазақстанның ядролық өнеркәсібі жетілген ел екенін және жаһандық ядролық қаруды таратпау режиміне үлес қосуға әзір екенін баса көрсетті. Сондай-ақ ядролық отын банкі Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттіктің жоғары стандарттарына сай болу үшін Үлбідегі менеджмент пен қауіпсіздікті күшейтуге түрткі болды. Қазақстанның бір кемшілігі орналасқан жері болды,

оның теңізге шығар жолы жоқ, ал отынды жылдам тасымалдау үшін теңізге шығатын ел болғаны дұрыс еді.

Назарбаев 2009 жылы Иран президенті Махмұд Ахмадинежадтың Қазақстанға іссапары барысындағы бірлескен баспасөз мәслихатында Қазақстан ядролық отын банкі өзінде орналастыруға ниетті екенін мәлімдеді. Әлемде бәрі мінсіз болса, Иран ядролық отын банкінің мінсіз тұтынушысына айналар еді. 2000 жылдары халықаралық қауымдастық Иранның ядролық әлеуетіне, соның ішінде ондағы уран байыту технологиясына алаңдап, оны ядролық қару бағдарламасына қолданады деп қорықты. Медициналық радиоизотоптар өндіретін ядролық зерттеу реакторы мен ядролық энергетика реакторы бар Иран бағдарламаны бейбіт мақсатқа ғана қолданамыз дейді. Иран өз ішінде отын өндіруден бас тартса, қару тарату қаупі әлденеше есе азаяр еді. Ахмадинежад ядролық отын банкі Қазақстанға орналастырайық деген ұсынысты қолдайтынын айтты, тек Иран оның қызметіне жүгінетін-жүгінбейтінін айтқан жоқ.¹⁷

Ядролық отын банкі 2019 жылы Франциядан және Қазақстанның иелігіндегі Үлбі зауытынан аз байытылған уран толтырылған баллондарды алған соң жұмыс істей бастады.¹⁸ Алайда ядролық қаруға қатысты уайым сонда да сейілген жоқ. Иранның немқұрайл юы қарым-қатынасына қарап, халықаралық ядролық отын нарығына тәуелді болғысы келмейтін мемлекеттер өз ішінде отын өндіру қуатын арттырғысы келетінін байқауға болады. Дегенмен Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттіктің ядролық отын банкі ядролық қаруды таратпауды көздейтін халықаралық қауымдастыққа қосымша құрал ұсынады. Банк отын орналастырған ел ретінде Қазақстан да маңызды рөл атқарады.

ЕЛ ІШІНДЕГІ ЯДРОЛЫҚ САЯСАТ: БЕЙБІТ ЯДРОЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

Ядролық қаруға жаһандық деңгейде тыйым салу керек дей отырып, Қазақстан ядролық технологияны бейбіт мақсатқа қолданғанды қолдайды. Совет Одағынан қалған ядролық мұра зардабын тигізсе де, елде азаматтық атом саласын дамытуға негіз қалап кетті. Алайда сол іргетасы қаланған кәсіпорындарды ары қарай көтеру оңай соққан жоқ. Қазақстан совет ядролық мегажобасының бір бөлігі болған алып атом өнеркәсібін мұраға алғанымен, сол өнеркәсіп Совет Одағымен бірге құлаған еді. Республикалар арасындағы өндірістік байланыс үзілді. Банкрот болған атом секторының халықаралық атом нарығында ең басты ойыншылардың біріне айналуы сәтті іске асқанымен, ол әп-сәтте істеле салды деуге келмейді.

1990 жылдардың басында уран мен ядролық отын өндіретін Өскемендегі Үлбі металлургия зауыты сияқты атом кәсіпорындары банкрот болды. Постсоветтік республикалардың бәрі экономикалық дағдарыс

кезеңін өткеріп жатқандықтан, олардың өніміне тапсырыс түспей қалды. 1990 жылдардың ортасында ақырындап бас көтерген Қазақстанның атом секторы жандана бастады. Уран мен сирек кездесетін металл түрлерін импорттап, экспорттайтын және атом электр станцияларына арнап ядролық отын өндіретін, мемлекетке тиесілі «Қазатомөнеркәсіп» компаниясы коммерциялық атом нарығында ерекше көзге түсті. Бұған 2000 жылдары компанияны басқарып, қарқынды өсуіне ықпал еткен Мұхтар Жәкішевтің зор еңбегі сіңді. Қазақстан әлемдегі ең ірі уран кенін өндірушіге айналды. «Қазатомөнеркәсіп» құрамына кірген Үлбі зауытының жұмысы қызды: уран, тантал, бериллий мен ниобий өндіре бастады.

«Қазатомөнеркәсіп» табиғи уран шикізатын экспорттай бермей, үстеме құны жоғары өнімдер жасауға ұмтылды. Ядролық отын циклі деп аталатын ядролық отын өндіру процесі бірнеше сатыдан тұрады; алдымен уранды қазып алып, ұнтақтау керек, одан соң түрлендіріп, байытады, одан отын таблеткалары мен жылушығарғыш құрылғы жасайды және пайдаланылған отынды қайта өңдейді.

Қазақстан уранды өндіру мен ұнтақтаудан тұратын бірінші сатыны жақсы меңгерген. 26 уран кен орны бар мемлекет дүниежүзін бүкіл уранның 24 пайызымен қамтамасыз етіп отыр, ал шикі уран (сары кек) өндіруден бірінші орын алады.¹⁹ Алайда Қазақстанда уранды конверсиялап, байытуға жарамды уран гексафторидін жасайтын екінші саты әлі дамымаған. Бұл проблеманы шешу үшін «Қазатомөнеркәсіп» шетелдік серіктестерден қажет технология алғысы келеді.

Уранды байыту деп аталатын үшінші сатыға Қазақстан өзге елдер сияқты емес, өзгеше әдіспен келді. Уранды байыту технологиясының екі қыры бар: біріншіден, оны атом электр станциясына отын ретінде қолдануға болады; екіншіден, ядролық қаруға арнап аса байытылған уран өндіруге болады. Иран, Бразилия сияқты бірқатар мемлекет өз халқын жұмыспен қамту және технологиядағы тәуелсіздік мақсатын алға тартып, уран байыту үшін өз ішкі қуатын пайдаланғысы келеді. Ал экономикалық пайда табуды бірінші орынға қойған Қазақстан (халықаралық коммерциялық нарық кен байыту қызметінің түр-түрін ұсынып отыр) ел ішінде уран байытудың ноу-хау әдістерін іздемейді. Қазақстан ядролық қаруды таратпау режиміне үлес қосқысы келеді; өйткені ноу-хау әдісті меңгерген елдер неғұрлым аз болса, соғұрлым жақсы. Оның орнына Қазақстан Ресейдің «қара жәшік» деп аталатын уран байыту қызметіне қосылды, сөйтіп ол технологияны көрмейді, бірақ уранын байыта алады.

Ядролық отын өндірудің төртінші сатысы – уран отын таблеткаларын жылушығарғыш құрылғыға немесе өзекке айналдыру. «Қазатомөнеркәсіп» таблеткаларды Үлбіде жасайды және Қытай энергетика реакторларына жылушығарғыш құрылғы жасау үшін қытайлық серіктестермен бірге зауыт салады.

Қазіргі таңда Қазақстанның ядролық отын циклінің соңғы сатысы – пайдаланылған отынды қайта өңдеуге қатысты жоспары жоқ. Уран байыту сатысы сияқты, пайдаланылған отынды қайта өңдеу де ядролық қару таратуға ықпал етуі мүмкін, өйткені бұл процесте жоғары радиоактив қалдықтан плутоний бөлінеді, одан ядролық қару жасауға болады. Энергия реакторы бар басқа мемлекеттер сияқты, Қазақстан да пайдаланылған отынды үнемі көміп отыру деген проблеманы шешуге тиіс.

Қазақстанның бейбіт ядролық бағдарламаға қатысты таңдауы мен саясаты – мемлекеттер мол уран қоры мен ядролық отын технологиясы сынды зор әлеуетін ядролық қаруды тарату проблемасын тудырмай қолдана алатынына жақсы үлгі.

Уран өндіру мен өңдеу процесін дұрыс бағытта пайдалана алғаны сияқты, Қазақстанда атом энергетикасының да келешегі зор деп санайтындар бар. 2012 жылы өкімет 2030 жылға дейін электр энергиясын өндірудің бас жоспарын жасады, оған сәйкес, электр энергиясын өндірудегі атом энергиясының үлесі 4,5 пайыз болуы керек. Атом энергиясын қолдаушылар осы саланы дамыту арқылы «жасыл экономикаға» көшеміз, таза энергия Қазақстанның қоршаған ортаны сақтауға қатысты халықаралық міндеттемесін орындауына көмектеседі дейді. Қазір Қазақстандағы электр энергиясының 80 пайызы көмір жағудан алынады.

Алайда 2012 жылғы бас жоспар да, ерте кездегі атом энергиясына қатысты басқа да бағдарламалар нәтижесіз қалды. 2016 жылы Қазақстанда екі атом электр станциясы салынады деген сөз шықты. Атом станциялары Ақтауда (қазір істен шыққан БН-350 реакторы тұрған қала), Балқаш көлі маңындағы Үлкен ауылы мен Курчатов қаласына салынады десті. Біраз уақыттан соң Ақтау тізімнен шығып қалды, ол жаққа атом электр станциясы салынса, оның өндіретін энергиясы жергілікті халықтың қажетінен артылып қалар еді, ал артық энергияны экспорттаған да тиімсіз. Оның үстіне, қала басшылығы атом электр станциясын салуға қарсы болды. Электр тоғына зәру және жұмыс орындарын ашуы ықтимал болғандықтан, жаңа зауытқа ықыласты Үлкен ауылы мен ядролық технологиядан қорықпайтын Курчатов қаласы тізімде қалды.

Жыл сайын Ресей, Жапония немесе басқа шетелдік серіктестер Қазақстанда орташа көлемдегі атом реакторын салады екен деген сыбыс шығады. Осы кітап жазылып жатқан кезде Қазақстан өкіметі әлі ештеңе ұйғармаған. Оған, бір жағынан, Қазақстан халқы атом энергиясына қарсы болғаны, екінші жағынан, «Қазақстан экономикасына атом энергиясы қажет пе?» деген сұраққа жауап табылмағаны себеп болуы мүмкін. Кей бақылаушы бұған көмір өндірісінен пайда табатындар да қарсы деседі.

ҚАЙШЫЛЫҚҚА ТОЛЫ ЯДРОЛЫҚ ҚАЛАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ

Қазақстан атом энергетикасы, ғылым мен технологияны бейбіт мақсатта дамытып жатыр, сөйте тұра, әскери ядролық мұрасын да ұмытпайды. Бұл тұрғыдан алғанда, полигонға жақын орналасқан екі қала – Шаған мен Курчатов (Шағанда қазір бұрынғы қаланың елесі ғана қалған, Курчатов ғылыми орталыққа айналды) Қазақстанның ядро саласындағы келешегін саралап, оң-терісін бағамдауға мүмкіндік береді.

Шаған

Совет Одағының ядролық қуаты тасып тұрған кезеңде әскерилер ауыр бомбалаушыларды Семей полигонына жақын орналасқан, арнайы салынған Шаған әуе айлағында ұстады. Нысанның ауқымы таңғаларлық еді. Ұшақ қонатын жолақтың ұзындығы 4 шақырымдай болды және ол қалыңдығы метрден асатын бетон плитадан салынды; сөйтіп әлемдегі ең ауыр ұшақтың өзін көтере алатын.

79-ыншы Ауыр бомбалау әуе дивизиясының ұшқыштары мен олардың отбасы және өзге әскерилер мен жұмысшылар әуе айлағынан 9 шақырым жерде салынған әскери қалашықта тұрды. Алғашқы әскерилер Шаған қаласына 1958 жылдан келе бастады.

Шағанда қоныстанған ұшқыштар түрлі әскери және азаматтық міндет атқаратын. Олар әскери іс-қимыл жасауға ыңғайлы орын ретінде Солтүстік полюсті зерттеді, ұшу мен қонуға жаттығу үшін тундрадағы әуе-жайларды пайдаланды. Соғысқа жаттығудан бөлек, Шаған әуе базасын мекендеген әскери топ Семей полигонындағы ядролық сынаққа қатысып, керек кезінде ұшақтардан ядролық құрылғы тастайтын. Шағандағы ұшқыштарды кейде әскери емес іс-шараларға да шақыратын. Мысалы, олар мұнай мен газ қорын барлау үшін Сібірге бомба тастаған.

Дүркіреген шағында 17 мың адам тұрған Шаған әскери қалашығы жазық далаға салынған басқа да совет әскери қалашықтарына ұқсайтын: бастапқыда онда жылу мен су құбыры болмаған, жұрт казармада тұратын; кейін тұрмысқа жайлы мекенге айналды. Шаған дүкендерінде басқа жерден табылмайтын азық-түлік пен тұтыну тауарлары мол болды. «Шағын қалада тұрғындарға арнап күнде нан мен тәттілер пісіретін» деп еске алады тұрғындар. Әскерилер отбасы танымал өнерпаздардың концертін тамашалайтын, апта сайын би кешіне, киноға баратын. Шағанда балабақша мен мектеп те болды.

Әскери жобалаушылар әуе айлағын салатын жер іздегенде Шағанды таңдағаны бекер емес: ол полигон мен теміржолға жақын. Жабық әскери қала мен әуе айлағы қасында Шаған теміржол станциясына қызмет көрсететін шағын ауыл болған.



18-сурет. Шағандағы қаңырап қалған әскери қалашық, 2020. Түсірген: Тоғжан Қасенова.

2021 жылы әскерилер кетіп, босап қалған қаланың сұлбасын көрдік. Қалаға жақын теміржолшылар ауылында алты жүздей адам тұрады. Олар өткен заманды сағына еске алады, ядролық қаруы бар алпауыт елқұлағанда не болатынын содан түсінесіз.

Қазіргі Шаған бос қалған қабыршақ деуге лайық. Құламай қалған бір-неше ғимараттың терезесі үңірейіп тұр, пәтерлер тоналған, кірпіш пен металл сияқты бағалы материалдың бәрі қолды болған. Бұрынғы үйлердің орнында үйінділер ғана қалған. Бұрынғы әуе айлағы да қаңырап тұр, бұзуға келмейтін ұшу-қону жолағындағы қалың бетон плиталар ғана кезінде бұл жер айлақ болғанын меңзейді. Айнала қазылған орға қарап, кабельдер мен құбырлар металл сынығын жинаушылардың қолында кеткенін түсінесіз. Әскери қалашық шетінде алты-ақ үй қалыпты, он шақты адам әлі тұрып жатыр.

Солардың бірі – Совет Одағы тарар алдында, 1990 жылдары зейнетке шыққан ұшқыш Геннадий Баргашевич. Шағанның дүрілдеп тұрған кезін еске алып шаттанады, күйреген шағын айтып мұңаяды. Шағанда әскерилер отбасында өмірге келген Геннадий әкесі сияқты

Шаған әскери бөлімшесінде қызмет етті. Геннадий өзі тізгіндеген қуатты ұшақтарды еске алады. 1980–1990 жылдары ол Ту-95 ауыр бомбалаушы ұшағын басқарған екен. Шағанға алғашқы Ту-95MS жаңа ұшағы келгенде, Геннадий оның штурвалын ұстайтын бірінші эскадрилья құрамында болған. Отыз сағат бойы тоқтамай ұшатын, жанармайды әуеде құйып алатын Ту-95MS ұшағынан «жаңа көліктің иісі шығатын» дейді Геннадий.²⁰ Шағанда ұшу кезіндегі максимум салмағы 275 метрик тонна болатын әлемдегі ең ауыр супердыбысты әскери ұшақ – Ту-160 ұшағы да болған (НАТО оны *Blackjack* деп атайды).²¹

1990 жылдардың басында Шағанда қалған әскерилер отбасы өз күнін өзі көрді. Мәскеудегі Ресей әскери басшылығы Шаған офицерлері Ресейден жұмыс іздесін деп, ақы төленетін демалыс берді. Таршылық заманда оның пайдасы аз болды. Талай жылын совет армиясына арнап, әлі зейнет жасына жетпегендер табысынан айырылды, барар жер, басар тауы қалмады. «Жұрт Шағаннан жылап кетті, – деп еске алады Геннадий. – Көбі ішіп кетті. Талай отбасы тас-талқан болды». Ресей өкіметі сияқты, Қазақстан өкіметінің де тәуелсіздіктің алғашқы жылдары совет әскери қалашығымен шаруасы болған жоқ. 1993 жылға қарай әскерилер жан-жаққа кетіп, қала бос қалды.

Өткенді сағына еске алғанымен, Геннадий қырғиқабақ соғыс кезінде өзі және әскери жолдастары үнемі үрейленіп жүргенін мойындайды: «Қатты қорқатынбыз. Жарайды, шабуыл болса, бомбалаушы ұшақтарға мініп, қарсы шығар едік. Тек біздің әуе айлағымыз бен қаламыз тікелей нысана болар еді. Ал қалада балалар көп болатын...»²² Қырғиқабақ соғыс аяқталып, Шағаннан әскерилер кеткен соң, қала АҚШ үшін ядролық қару нысанасы болмай қалды. Сөйте тұра, басқа қиындығы да аз болған жоқ.

Жақын маңдағы Шаған ауылының тұрғындары – қазақ, орыс және өзге ұлт өкілдері әскерилер кетіп қалғанына, қала инфрақұрылымы кәдеге жарамай қалғанына өкінеді. Ауылда тұратын бір әйел бала кезін еске алып, әскери қалашықтағы мектепке барғанын, жаңа піскен нан сатып алғанын айтып, «ең тәтті лимонад» ішкен заманды аңсайды. Әскерилер көп болғандықтан, жергілікті тұрғындарға теміржол станциясы мен әскери қалашықта істейтін жұмыс жеткілікті еді. Теміржол ғана әлі күнге істеп тұр, үлкен қалаға аттанған пойыздар Шағанда сәл аялдайды. Соның арқасында ауыл тұрғындарының біразының жұмысы бар: теміржол рельсін қарайды. Одан басқа жұмыс та, ойын-сауық орталығы да жоқ. Қазақстан өкіметі ауылдарға көмектесуді мақсат еткен бірнеше бағдарлама жасағанымен, олардыңіске асуы ақсап жатыр. Кезінде шалқып тұрған, қазір жағдайы мүшкіл жергілікті тұрғындар совет ядролық бағдарламасы туралы кесіп-пішіп ештеңе айта алмайды. «Ол үлкен саясат еді ғой, біз бәрібір ұқпайтынбыз» деді бір тұрғын. Бала кезінде екі басты хайуандарды көп көрген екен, тек оған мән бермепті. Ал қазір ауыл тұрғындарынан

жаһанды дірілдеткен *COVID-19* пандемиясы туралы сұрасаңыз, былай әзілдейді: «Полигонды да көргенбіз, бізді ештеңе өлтіре алмайды».

Курчатов

Шағанның дәуірені көзден бұл-бұл ұшқан заманда совет ядролық бағдарламасы үшін маңызы зор болған, Семей полигоны үшін арнайы салынған Курчатов қаласы да 1990 жылдары дағдарыс кезеңін өткерген. Тек оның тағдыры басқаша өрбіді.

Бастапқыда Курчатовтың келешегі бұлыңғыр көрінген. Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдары полигон қызметкерлері – ғалымдар мен әскерилер полигон жабылмайды, қорғаныс, ғылым мен технологияны дамыту үшін жұмыс істей береді деп үміттенген. Одақ тарағаннан кейін дағдарыстан көз аспаған Ресейдің өз проблемасы басынан асатын. Оған қоса, ядролық сынақ бағдарламасы аяқталған соң, Ресей тәуелсіз елге айналған Қазақстандағы полигон тағдырына араласқысы келмеген, бұл арада ядролық сынаққа наразылар да бас көтеріп, халықтың ашу-ызасы өршіп тұрған. Қазақстанда совет заманынан қалған басқа да әскери полигондар бар, Ресей оларды әлі күнге дейін жалға алып отыр. Бірақ Семей полигонын олармен салыстыруға болмайтын. Қазақстан 1991 жылы тамызда полигонды жапқанын білеміз. Мемлекет одан құтылғысы келді, қару инфрақұрылымын бұзып, сынақ жасалған жерді қалпына келтіруді көздеді.

Қазақстандағы ядрошы мамандардан ондаған жыл өткен соң сұхбат алғанда, полигондағы кей ғылыми қызметкерлер өз ісіне берілгені сондай – сонда қалуға дайын болған дейді. Алайда совет әскери жүйесінен азаматтық жүйеге өтіп жатқан дүрбелең заманда ешкім оларға ештеңе ұсына қоймапты. Солардың бірі полигон басшысының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары болған Ресей генералы Федор Сафонов екен. Оны танитындар «адамгершілігі бар генерал еді» деп жылы лебіз айтады. Сафонов өз командасының бірегей тәжірибесін пайдаланып, Курчатовта университет ашқысы келеді де, ұсынысына ешкім құлақ аспай қойған соң, Ресейге кетеді. Өмірімізді аса маңызды ұлттық қауіпсіздік жобасына арнадық деп сенген полигон қызметкерлеріне Қазақстандағы антиядролық көңіл-күй ауыр тиді. Полигон мамандарының жағдайымен жақсы таныс болған адам сол кезді былай сипаттайды: «Олар Ресейге де, Қазақстанға да керексіз болып қалды. Бізді бәрі ұмытты деп ойлады. Ашуланды. Сондықтан кетер алдында бәрін қиратып кетті. Тіпті жуынатын бөлмедегі қолжуғышты да қиратты».²³ Бір куәгердің айтуынша, әскерилер құжаттарды өртеген, жыртқан немесе Ресейге әкететін сөмкесіне салып алған.²⁴

Курчатов дағдарыс зардабын тартты. Бір заманда 50 мың адам тіршілік еткен қаланың елесі ғана қалды. 1993–1996 жылдар аралығында

17 мыңға жуық адам көшіп кетіп, 2003 жылдары тек 10 мың тұрғын қалған. 1990 жылдары Курчатова қаласын көргендер жылусыз, суы жоқ, қаңырап қалған үйлер мен өкіметтен қаражат бөлінбеген қаланы еске алады. Жүрек талмасы, ішімдікке салыну, өзіне қол салу сияқты күйзелістен туындайтын дерт саны күрт өскен,²⁵ бұл үрдіс Совет Одағының өзге аймақтарында да қарқын алғанымен, кезінде дүрілдеп тұрған қала халқына тіпті ауыр тиді.

Қазақстан өкіметінің Курчатоваға қатысты өз жоспары бар еді. Мемлекет қаланың ядролық сынаққа қатысты мұрасын жойып, ғылыми мәртебесін қалдырып, полигонды бақылайтын орынға айналдырмақ болды. Сөйтіп Курчатова 1992 жылы Ұлттық ядролық орталық құрылып, 1993 жылдан бастап іске кірісті.

Елдегі ядролық ғылым мен технологияны зерттейтін жетекші мекеме саналатын Ұлттық ядролық орталық істейтін жұмыс ауқымды болды: ядролық сынақ салдарын зерттеу мен жою, радиоактив қалдықтарды ыдырату мен сақтау әдістерін табу, атом энергетикасы қондырғыларының қауіпсіздігін арттыру, ғылым мен экономиканы дамыту мақсатында ядролық технологияларды әзірлеу, ядро физикасы мен энергетика саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу және ядро ғылымының жас мамандарын даярлау сияқты міндеттер тұрды.²⁶ Қазақстандағы бірқатар мекеме: Атом энергиясы институты, Радиациялық қауіпсіздік және экология институты (полигондағы радиология қауіпсіздігі қызметі құрған мекеме), Геофизикалық зерттеулер институты (бүкіл әлемдегі ядролық сынақты тіркей алатын сейсмикалық станциясы бар) және Алатау ықшамауданындағы Ядро физикасы институты осы Ұлттық ядролық орталық құрамына кірді.

Ұлттық ядролық орталықтың бірінші директоры Ғәділет Батырбеков 1993 жылы Курчатоваға барғанда, сұмдық жағдайға тап болады. Совет заманында қаладағы барлық міндетті – нан пісіруден бастап қаланы жылытатын қазандықты жағуға дейінгі жұмыстарды солдаттар атқаратын. Олар кеткен соң, мұндай жұмысты істейтін адам қалмапты.

Бастапқы жылдары қыста өте қиын болады. Ұлттық ядролық орталық қызметкерлеріне дизель отын жетпейді, қазандыққа от жағатын адам таппайды. Біртіндеп қала ес жиып, тірлігі жанданады. Радиациялық қауіпсіздік және экология институтында директор болған Сергей Лукашенко қаладағы жағдай өзгергенін былай сипаттайды: «1990 жылдардың аяғында көп адам кетсе де, қалсақ па деп ойланып жүрді». Ал 2000 жылдары жұрттың көңіл-күйі өзгере бастады. Курчатова қалуды таңдағандар жай адамдар емес-тін. Қазіргі Курчатова тұрғындары қаланы танымал ғылыми орталыққа айналдырғысы келеді.²⁷

Талай жылдан бері Ұлттық ядролық орталық қызметкерлері бейбіт мақсаттағы ядролық ғылыми жобаларды жүзеге асырып келеді, олар

ядролық зерттеу реакторы сияқты бірегей нысандарды сол мақсатқа пайдаланады.

2004 жылы Қазақстан өкіметі Курчатовта мемлекеттік Ядролық технологиялар паркін ашты, сөйтіп коммерциялық тұрғыда тиімді ядролық және радиациялық технологиялар дайындауды бастады. Кәсіпорын бірнеше қызық өнім жасап шығарды, мысалы, құрғақ топырақта суды ұстап, өсімдіктің өсуіне көмектесетін суперабсорбент гель капсулалар – Қазақстанның құрғақ аудандарына аса қажет зат. Парк ұсынатын тағы бір қызмет – жоғары энергиялы электрондар көмегімен өнімдерді стерилдеу. Аузы жабылған қаптарға салынған өнімдер ұзақ уақыт стерилденген болып қалады.²⁸ Осындай жетістіктері бола тұра, Ядролық технологиялар паркінде проблема жеткілікті. Қазақстан экономикасы әлі күнге дейін шикізат экспорттаудан аспай отырғандықтан, парк өндіретін жоғары технологиялы өнімдерге сұраныс шектеулі. Сонымен бірге мемлекетке тиесілі кәсіпорын болғандықтан, сатып алудың қатаң талабын ұстанып, мемлекеттік байқау бойынша ғана сатып алуға мәжбүр. Бірнеше рет кәсіпорынды жеке инвесторға сағу көзделгенімен, алушы табыла қоймады.²⁹

2020 жылдың басындағы Курчатов – 1990 жылдардағы Курчатовқа қарағанда тұрмысы оңалған қала, тек қиындықтың бәрі толық артта қалды деуге болмайды. Жазық даладағы қала үлкен қалалардан қашық жатыр, жастарды тарту қиын. Ұлттық ядролық орталықтың бірегей инфрақұрылымына қызыққан жас мамандар ғана келеді. Қала халқының саны тұрақтанды, қазір 10 мыңдай адам тұрады. Босап қалған көп қабатты үйлер қаланың бір кездегі дәуренін еске салады, ал Ұлттық ядролық орталықтың жаңадан салынған ғимараты келешекке деген сенімнің әрі қиындыққа төтеп беруге болатынының белгісіндей менмұндалайды.

Совет ядролық бағдарламасынан қалған нысандарды орталық тиімді пайдаланып келеді: токамак құрылғысын физикалық плазма эксперименттеріне қолданады.³⁰ Полигондағы Байкал-1 кешенінде екі – ИВГ.1М және Р.А. зерттеу реакторы бар (Р.А. реакторы қазір істеп тұрған жоқ). Реактор кешенінің тарихы қызық. 1962–1970 жылдары ол ядролық зымыран қозғалтқышының протопитін жасауға пайдаланылған.³¹ ИГР ядролық зерттеу реакторы ядролық реакторда болатын апаттарды жасап көруге мүмкіндік береді, сөйтіп олардың алдын алу мүмкін болады.³²

Қазіргі заманғы Курчатов пен оның бүгінгі тұрғындарының өздері туралы пікірі мен қала беделі туралы көзқарасы күрделі. Олар ғылыми жетістіктерін мақтан тұтып, мемлекеттің ядролық қалқанына айналғанын айтады, тек халықтың полигонға теріс көзқарасы мен өкіметтің Курчатов қаласына ребрендинг жасасақ деген

әрекетіне қынжылады. 1990 жылдардың басында жергілікті халықтың полигонға қарсы көңіл-күйіне ренжіген қызметкерлер сияқты, қазіргі Курчатов ядрошылары да ядро десе, жұрттың фобиясы барына қынжылады. Көп жыл зерттеу жүргізген ғалымдар бұрынғы полигон аумағында (радиоактив қалдық көп шоғырланған кейбір ауданнан бөлек) қазір радиация қатері жоқ дейді.³³ Ұлттық ядролық орталықтың бұрынғы директоры Қайрат Қадыржанов «уран фобиясы» кесірінен жұрт Семей ядролық сынақ орнына қарғыс атқан жер деп қарайды деді. Қадыржановтың пікірінше, бұл аумақ қазір – «нағыз ұлттық қазына, халықаралық маңызы бар бірегей нысан».³⁴

2011 жылға қарай Ұлттық ядролық орталық полигонның кейбір ластанбаған жерін өнеркәсіпке қолдануға беру бағдарламасын жасады. Мамандар радиоэкологиялық сараптама жасап, жерді беретін-бермейтіні туралы соңғы шешімді өкімет айтсын деді. Техник сарапшылар полигон шекарасын қайта сызып, «қызыл аймақтар» мәңгі қорғалсын, ал өзге аумақтар қолдануға берілсін деді.³⁵ Қадыржанов бағдарламаның тиімді жағын былай түсіндірді:

Дәл қазір үлкен аумақтың бәрін ғылыми мақсатқа пайдаланып жатқан жоқпыз. Толықтай қауіпсіз «таза» жердің біразын қауіпсіздік кепілдігімен пайдалануға беруге болады. Ол жерлерден көмір өндіре аламыз, сапасы жақсы көмір қоры бар. Алтын, молибден, магний, флюорит, кейде сирек кездесетін элементтерді де таба аласыз. Қауіпсіздік шарасын ескеріп, талаптарды бұлжытпай орындаса, кен орнына айналдыруға болады. Бұрынғы әскери полигон азаматтық мақсатқа қолдануға жарайды.³⁶

Полигон жерін азаматтық қолданысқа беру деген ұсыныс қоғамда дау тудырды. 2021 жылы, он жыл өтсе де, Қазақстан өкіметі бұл ұсынысқа қатысты әлі шешім айтқан жоқ, әйтсе де қазір осы мәселе мұқият талқыланып жатқан сияқты. Өкімет 2021 жылы «Семей ядролық қауіпсіз аймағы туралы» деп аталатын заң жобасын парламентке жіберді. Заң жобасындағы ұсыныстардың бірінде полигон шекарасын өзгерту туралы да айтылған.³⁷

Техникалық зерттеулер екі маңызды құбылысты көрсетеді. Біріншіден, бұрынғы полигонның көп аумағы қауіпсіз, тек радиоактив қалдық кездесетін аймақтар да бар. Екіншіден, қоршаған орта мен жергілікті азық-түлік өндірісінің жалпы ластану деңгейі азайып келеді.

Ұлттық ядролық орталықтың Радиациялық қауіпсіздік және экология институты берген дерек бойынша, радиоактив қалдықтың басым бөлігі жер бетіндегі ядролық сынақтар кезінде бөлінген.

2-КЕСТЕ. РАДИОНУКЛИДТЕР ӘСЕРІ

РАДИОНУКЛИД	ЖАРТЫЛАЙ ЫДЫРАУ МЕРЗІМІ	ДЕНСАУЛЫҚҚА ЗИЯНЫ
Америций-241	432,2 жыл	Америций-241 негізінен альфа сәуле бөледі, кейде гамма сәуле де шығарады. Оны сіңіру немесе онымен тыныстау денсаулыққа қатерлі. Ағзаға кірген соң, ол сүйек, бауыр мен бұлшықетте жиналып, адамның бойында көп жыл қалады, қасындағы тіндерге радиация бөліп, обыр қаупін арттырады.
Йод-131	8 күн	Йодтың көп мөлшерін сыртқа жаққанда, көз бен тері күюі мүмкін. Сіңіргенде қалқанша безге әсер етеді. Қалқанша без гормон бөлу үшін йодты пайдаланады, ол радиоактив йод пен тұрақты (радиоактив емес) йодты ажырата алмайды. Йод атмосфераға бөлінсе, адамдар оны тамақ не сумен бірге сіңіреді немесе онымен тыныстайды. Сүт беретін мал йод сіңген шөпті жесе, радиоактив йод олардың сүтіне өтеді. Адамдар осындай шөпті жеген малдың сүтін ішкенде немесе етін жегенде, йод ағзаға енеді. Ішке түскен соң, радиоактив йодты қалқанша без өзіне сіңіреді, сөйтіп қалқанша без қатерлі ісігін немесе қалқанша бездің басқа ауруларын тудырады.
Цезий-137	30,17 жыл	Цезий-137 көп мөлшерде тигенде, адам денесі күйіп қалады, жіті өткір сәуле ауруын тудырады, тіпті адам өліп кетеді; құрамында жоғары энергетикалық гамма радиация болғандықтан, обырға шалдығу қаупі артады. Цезий-137-ні сіңіргенде немесе онымен тыныстағанда, радиоактив материал жұмсақ тіндерден өтіп, бұлшықет тініне барып тұрақтайды, сөйтіп обырға шалдығу қаупі артады.
Кобальт-60	5,27 жыл	Гамма сәуле әсерінен ыдырайтындықтан, кобальт-60 обыр тудыруы мүмкін. Адам сіңірген кобальт-60-тың көп бөлігі үлкен дәретпен бірге шығады, дегенмен аздаған бөлігі бауырға, бүйрек пен сүйекке сіңеді, гамма сәуле іштей әсер етіп, обыр қаупі артады.

РАДИОНУКЛИД	ЖАРТЫЛАЙ ЫДЫРАУ МЕРЗІМІ	ДЕНСАУЛЫҚҚА ЗИЯНЫ
Стронций-90	29 жыл	Стронций-90-мен тыныстаған қауіпті, ал оны тамақ не су арқылы сіңіргенде денсаулыққа зор қатер төндіреді. Адам бойына өткен соң, стронций-90 кальций сияқты әрекет етіп, сүйек пен тіске жылдам өтеді, сол жерде сүйек, жұлын мен сүйек маңындағы жұмсақ тіндердің қатерлі ісігін тудыруы мүмкін.
Плутоний-239 Плутоний-240	24 400 жыл 6 564 жыл	Плутонийдің көп түрі альфабөлшектер бөледі, онымен тыныстаған өте зиян. Альфабөлшектер жасушаларды өлтіріп, өкпені жарақаттайды, оның соңы өкпе ауруы мен өкпе қатерлі ісігіне ұласады. Плутоний қан айналымы арқылы өкпеге өтіп, одан әрі бүйрекке барады, сол кезде альфабөлшектер қан мен бүйрекке өтеді. Плутоний қан айналымы арқылы ағзаны аралап, сүйекті, бауырды, көкбауырды зақымдайды, осы мүшелерге альфабөлшектерді апарды.
Тритий	12,3 жыл	Тритий өте әлсіз бетабөлшектер бөледі. Тритий адам ағзасына құрамында тритий бар суды ішкенде, ауадағы газ құрамындағы тритийді сіңіргенде немесе тері арқылы кіреді. Тритий адамның бойына енген соң, тез тарап, бүкіл ағзаға жайылады. Тритийді сіңірген соң, ол шамамен бір ай ішінде зәрмен шығады. Органикалық байланысқа түскен тритий (органикалық қоспа құрамына кіретін тритий) адамның бойында ұзақ қалады.

Дереккөз: *Radionuclides* мақаласынан, АҚШ Қоршаған ортаны қорғау агенттігі, <https://www.epa.gov/radiation/radionuclides>.

Негізгі сынақ алаңындағы ластанған аумақтар жүздеген метрге созылады, онда цезий-137, америций-241, кобальт-60, европий-152, европий-154, стронций-90, плутоний-239 және плутоний-240 радиоизотоптары болады. Бұған қоса, судағы ядролық сынақтарға, жер астындағы ядролық сынақтар мен басқа да тәжірибелерге қолданылған жерлерді пайдалануға болмайды. Сынақ алаңынан алыстаған сайын ластану мөлшері азаяды. Дегенмен ядролық жарылыс салдарынан пайда болған Атомкөл сияқты жерлерде ластану аумағы су маңындағы 3-4 шақырымға дейін жеткен.³⁸



19-сурет. Семей полигонына сапар. Шетелдік жас ғалымдар мен интерндерге арнап Халықаралық қауіпсіздік және саясат орталығы ұйымдастырған, 2019 жыл. Түсірген: Олег Бутенко.

2012–2014 жылдары Радиациялық қауіпсіздік және экология институтының мамандары гамма-спектроскопия көмегімен полигондағы эксперимент алаңына толыққанды зерттеу жасады. Сынақ алаңы шамамен 300 шаршы шақырымға (30 мың гектар) созылатын аумақты алып жатыр, мұнда 1949–1962 жылдары жер бетіндегі сынақ жүргізілген. Үш жыл бойы, күн жылы болып тұрғанда ғалымдар таңғы алтыдан түн ортасына дейін жұмыс істеп, 2,5 миллион спектр үлгісін жинады. Соның арқасында институт сынақ алаңындағы радиоэкологиялық жағдайды түсіне алды, әсіресе радиациядан ластану деңгейі жоғары аймақтарды анықтау мүмкін болды.³⁹

Мұндай «қызыл аймақтар» полигонда мәңгі қалады. Бұған қоса, ядрошы мамандар ескерткендей, тритий сияқты бірқатар изотоптың көшетіні де бар. Тритий плутоний, америций немесе цезий сияқты зиянды емес, бірақ ол су арқылы өсімдік пен жануар жасушасына өтіп, оларды бүлдіреді. Изотоптардың көшуін қадағалау керек.⁴⁰

Ұлттық ядролық орталық бұрынғы полигон аймағын көзден таса қылмай, келешекте де зерттей бермек.

МҰРАҒА ҚАЛҒАН ЯДРОЛЫҚ АУМАҚТАҒЫ ТІРШІЛІК

Қазақстан ядролық дипломатия саласында көш бастап, Курчатовтың ғылыми орталық ретінде беделін көтеруге күш салып жатқанда, халық ядролық мұраның зардабын әлі тартып келеді.

Қазақстан билігі совет ядролық сынағы адамдарға қалай әсер еткенін түсініп, сараптама жасамақ болған, тек көп кедергіге тап болды. Полигонда жасалған іс-әрекет туралы дерек аз, ал сынақтың алғашқы жылдары радиация мөлшері дұрыс есептелмеген. Ең басты кедергі – совет әскерилері мен денсаулық сақтау институттары жиған ауқымды деректерді алу мүмкін болмай тұр.

Мысалы, совет заманындағы №4 диспансердің (бруцеллезді емдейтін емхана деп ашылған) ізбасары – Семейдегі Радиациялық қауіпсіздік және экология институты радиацияның адамдарға әсерін зерттейді. №4 диспансердегі маңызды медициналық деректердің көбі Ресейге жөнелтілген. Сол сияқты Курчатовағы совет әскери ауруханасы офицерлер ғана емес, олардың отбасы мен Курчатоваға жақын тұратын ауыл тұрғындарын да емдеп, бағалы мәліметтер жиған еді. Бұл құжаттар да Ресейге кетті.

Бастапқы жылдары Қазақстан осы маңызды деректерді қатты іздеген. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Ресей билігіне бірнеше рет өтініш айтып, ядролық сынақ, радиоактив қалдық пен олардың таралуы, №4 диспансерде жиналған мәліметтер және Курчатовағы бейбіт халықтың денсаулығы жайындағы деректерді беруді сұраған. Ресей бұл өтінішке илікпеді.⁴¹

Қазір, соңғы ядролық сынақтан отыз жылдан астам уақыт өткенде қазақ ғалымдары совет ядролық сынағының қоршаған орта мен адамдар денсаулығына әсерін жақсырақ біледі. Дегенмен келер ұрпақтың денсаулығына ұзақ мерзімдегі әсері белгісіз.

1953–1996 жылдары полигонға жақын аумақтағы радиациядан ластануды зерттеген Радиациялық қауіпсіздік және экология институты мамандарының айтуынша, 1962 жылы жер бетіндегі ядролық сынаққа тыйым салынған соң, қоршаған орта мен азық-түліктегі қалдықтар, радионуклидтер мөлшері және жалпы топырақтың ластануы біртіндеп азайған. Жер бетіндегі ядролық сынақ біткен соң ондаған жыл өткенде, қысқа және орташа мерзімді радиоактив элементтер ыдырап болды. Стронций-90 мен цезий-137 сияқты ұзақ мерзімді элементтер жартылай ыдырады да, топырақтың терең қабатына көшіп кетті. Азық-түліктегі радиоактив элементтер мөлшері азайғаны арқасында, жыл сайынғы есеппен алғанда, жергілікті халықтың иондаушы сәулеге шалдығуы деңгейі де төмендеді.⁴²

Қазақстан тәуелсіздік алғанда Радиациялық қауіпсіздік және экология институты ядролық сынақтың «жергілікті халықтың денсаулығына әсерін» тексеріп, сынақ құрбандарын емдеуге рұқсат алды. Оның алдында осындай өкілеті болған №4 диспансер тұрғындарды зерттейтін, бірақ емдемейтін. Институт ғалымдары халықаралық әріптестерімен, соның ішінде Жапония ғалымдарымен бірлесе отырып, Семей облысы тұрғындарының денсаулығына иондаушы сәуленің әсерін тексеріп, түрлі

зерттеу жүргізді. Зерттеу кезінде тұрғындар бірінші ұрпақ (жер бетіндегі ядролық сынаққа тыйым салынған 1963 жылға дейін туғандар), екінші ұрпақ (1963 жылғы қаңтар мен 1981 жылғы желтоқсан аралығында туғандар) және үшінші ұрпақ (1982 жылғы қаңтар мен 2000 жылғы желтоқсан арасында туғандар) болып бөлінді. Осы зерттеулер салыстырмалы түрде болса да сынақтардың денсаулыққа әсерін түсінуге мүмкіндік берді.⁴³

Бір зерттеуде 1960 жылдан бастап №4 диспансерде тексеруден өткен 10 мыңға жуық адамның жағдайы қайта қаралды. Зерттеу нысаны ретінде алынған тұрғындар 1960 жылға дейін туған, атмосфералық сынақ кезінде полигонға жақын тұрған. Полигоннан бірнеше шақырым жерде тұрған 10 мыңдай адам бақылау тобы ретінде зерттеуден өткен. Ретроспектив талдаудан соң институт сарапшылары иондаушы сәуленің тікелей әсеріне ұшыраған адамдар арасында өлім-жітім мен обырға шалдығу көп болған деген қорытынды жасады. Олардың көбі өңеш, асқазан, өкпе және омырау (әйелдер арасында) обырына шалдыққан.

Түрлі зерттеуден соң 250 миллизиверт (мЗв) және одан жоғары радиация алған тұрғындар Қазақстанның өзге облыстарындағы халыққа қарағанда ауыр дертке көп шалдыққаны анықталды. Салыстыру үшін айтсақ, тұрған жеріне қарай әр адам жылына орта есеппен 2,4 миллизиверт радиация алады.⁴⁴ Мамандарды алаңдатқан жайт – ауыр дертке шалдығу қаупі келесі екі ұрпаққа да беріледі: радиация алған адамның баласы мен немерелеріне обыр, психикалық дерт пен жұқпалы аурулар берілуі мүмкін.

Радиациялық қауіпсіздік және экология институтында жүргізілген қосымша зерттеулер 250 миллизиверт және одан жоғары мөлшерде радиация алған адамдардың балалары мен немерелері арасында хромосома ауытқуы көп екенін көрсетті. Олар лейкемияның түрлі формасына да көп шалдығады. Сынақ құрбандарының балаларында өкпе және омырау обыры, қан қысымы көтерілуі мен жүрек артериясының тарылуы сияқты дерт түрлері жиі кездеседі. Немерелерде көз бен мидың қатерлі ісігі, орталық жүйке жүйесі аурулары мен лимфа және қан тіндері обыры көп анықталды.⁴⁵

Радиациялық қауіпсіздік және экология институтының директоры Талғат Молдағалиев «Институттың қазіргі басты мақсаты – сынақ құрбандарының үшінші және төртінші ұрпағын зерттеу» дейді.⁴⁶

ПОЛИГОН ТҰРҒЫНДАРЫ: ТУҒАН ЖЕРДЕЙ ЖЕР БОЛМАС

Статистика мен зерттеулердің тасасында адамдар түр, олардың көбінің өмірі, әсіресе бұрынғы полигонға жақын ауылдарда тұрған халықтың тағдыры ауыр болды. Ауылдардың көбінде орталық су жүйесі мен заманауи кәріз жүйесі жоқ, жұрт қарапайым үйде тұрады, кейбірі тіпті суды тасып ішеді. Жаңа салынған пәтерлерде әжегхана бар шығар, тек

жұрттың басым көбі түзге сыртқа шығады. Шағын ауылдарда интернет жоқ, *COVID-19* пандемиясы кезінде оның салдары қатты байқалды. Смартфондарға берілетін шектеулі интернеттің күші жетпей, ауыл әкімдері *COVID-19* кезіндегі карантин талаптарын білу үшін қалаға баруға мәжбүр болды. Ауылдағы мектептерде онлайн сабақ өткізу мүмкін болмаған соң, мұғалімдер балаларды үйіне барып оқытты. Ауылдарда мал баққаннан немесе жақын маңдағы алтын мен көмір кендеріне жалданғаннан өзге жұмыс жоқ. Жергілікті халық пайдалы қазба өндіру денсаулыққа зиян екенін біледі. Метан мен басқа да улы заттар қоспасы ауаға тарайды, су қоймаларын ластап, жерді бүлдіреді. Кен орындарына жақын тұрған қиын, ал онда жұмыс істейтіндердің жағдайы тіпті қиын.

Жастар ауылда қалмайды, өйткені орта мектептен өзге білім беру мекемелері, колледждер жоқ. «Мұнда істейтін іс жоқ» дейді ауыл тұрғындары. Қазақстанның барлық ауылы осындай жағдайды өткерген, дегенмен Семей облысының халқы совет ядролық сынағының зардабын қоса тартып отыр. Қазақ даласында соңғы сынақ болғалы отыз жыл өтсе де, оның салдары әлі жойылмай келеді.

Мені Семей әуежайынан күтіп алған такси айдаушы әрі ядролық сынақ құрбаны Дмитрий – мыңның бірі ғана. Үлкені бар, кішісі бар, обыр, қан ауруы, асқазан-ішек жолы ауруларына шалдыққандар қаншама. Жергілікті дәрігерлердің айтуынша, обыр, қан ауруы мен басқа да ауруларға шалдығу деңгейі тіпті жастар арасында да жоғары. Олар – совет ядролық сынағының зардабын тартып отырған төртінші және бесінші ұрпақ.

Ресей деректерді беруден бас тартқандықтан, полигонның халық денсаулығына тікелей әсері туралы нақты мәлімет ұсыну қиын болып отыр: тәуелсіз Қазақстанда ауқымды зерттеулер жасалған жоқ, оның үстіне, ауылдағы тұрмыстың ауырлығы да денсаулыққа кері әсерін тигізеді. Дегенмен полигонға жақын елді мекендерде науқастар өте көп, обырға шалдыққан және жастай өлген адамдар саны да шошытады. 2019-2020 жылдары полигон маңындағы ауылдарға барғанда естіген әңгімелерден мысал келтірейін.

Қарауыл ауылы бұрынғы полигон алаңына өте жақын. Оның тұрғындары жер бетіндегі сынақ кезінде ядролық «саңырауқұлақ бұлтын» анық көрген. Мен жолықтырған ең жас сынақ құрбаны алты айлық ұл бала еді. Оның атын Қазақстанның бірінші президентінің құрметіне Нұрсұлтан деп қойыпты. Баланың төбесінде үлкен қызыл дақ бар екен, қатерлі емес ісік десті. Сол қолында алты саусағы бар, артық саусағы алақанына жабысып қалған. Анасы – жиырмадағы келіншек өзі босанған перзентханада жеті башпайы бар баланы көрдім дейді: «Үлкен башпайы өзгелерінің ортасынан өсіпті, дәрігерлер оған ештеңе істей алмады». Өзі Нұрсұлтанның артық саусағын лазермен кесіп тастауға болады деп естіген, осы қалпында қалса, өсе келе баласын жұрт мазақ қылар деп уайымдайды.



20-сурет. Қазақстан суретшісі Паша Кас Семей полигонында Мунктің «Айқай» картинасын өз нұсқасында салып жатыр, 2016. Түсірген: Тимур Нүсімбеков.

Осы идеяны зерттеп көрмек болып, қанша іздесем де, лазермен емдеу туралы еш мәлімет таппадым. Керісінше, туған бетте бір ай ішінде кәдімгі операциямен алып тастау керек деген бар. Денсаулығында кілтпан барын білмейтін Нұрсұлтан тіссіз иегін жылтыңдатып мәз болады. Ғылыми тілде полидактилия деп аталатын сырқат генетикада мутация болғанын білдіреді.

Қарауылда мен жолықтырған тағы бір сынақ құрбаны – сол қолында төрт саусағы жоқ Құралай есімді алты жасар қыз.⁴⁷ Нұрсұлтандікі сияқты, оның да генетикасы мутацияға ұшыраған. Оның ата-анасы Баян мен Мұратқали өмір бойы осы ауылда тұрып келеді. Баян – жедел жәрдемде мейірбике, Мұратқали – күзетші. Ерлі-зайыптының айтуынша, олардың әке-шешесі мен ата-әжесі үйде отырғанда ядролық сынақ туралы ештеңе айтпаған. «Бәріне тыйым салынған, – дейді Баян. – Салдарынан қорқатын. Көрген-білгенін көрге ала кетті».

Баянның атасы 1953 жылы алғашқы термоядролық сынақ жасалғанда, әскерилер ауылда қалдырған аз адамның ішінде болыпты. «Әкем төрт ұрпаққа дейін зардабын тартамыз деген еді, – дейді ол мұңайып. – Рас айтыпты». Мұның балалары – төртінші ұрпақ.

Құралай саусақсыз туғанда үш жасар апайы Нарғыздың бет сүйегіне обыр шығып, екі жыл химиялық ем алады. Қазір Нарғыз жазылған, тек сүйегінде қатерлі емес ісік қалды, оны жыл сайын тексерту керек. Мұндай тексеруден өту үшін Семей сияқты үлкен қалаға баруға отбасының қаражаты жетпейді. Сынақ құрбандарына көмектесу туралы заңға сай,

кейбір медициналық көмек берілгенімен, бар шығынды өтемейді. Отбасы бір қайырымдылық қорынан көмек сұраған екен, тек Нарғыз ресми түрде обырға шалдыққан бала саналмайтындықтан, олар көмектесе алмапты. Қиындыққа қарамастан, ата-анасы қызды тұрақты түрде тексеруге тырысады.

Баян мен Мұратқалидың тағы бір қызы алты жасында көз жұмған. «Аяқ астынан өкпесі қабынып, шетінеп кетті» дейді Баян.

Нарғыз бен Құралай ақжарқын, көңілді, сүйкімді, өмірге ынтық қыздар болып өсіп келеді. Олар ән айтып, би билегенді жақсы көреді. Екеуінің толқынды қара шашы беліне түседі. Нарғыз химиятерапиядан өткенде шашы түскенін көрген ата-анасы қандай күйде болғанын ойлағанның өзі ауыр.

Полигон жарасы жазылмаған ауылдардың бірі – Саржал, сынақ алаңынан 20 шақырым жердегі ауылда екі мыңдай адам тұрады. Баяғыда Саржал тұрғындары құнарлы жерін мақтан тұтатын, малға жайлы жайылымы бар еді, бұл ауылдан шығатын сүт пен қымыз жан-жаққа танымал болатын. Тұрғындарының саны бес мыңнан асатын, постсоветтік кезеңдегі тоқырау, жоғары оқу орны мен жұмыс болмағаны салдарынан жұрт үлкен қалаларға көшіп кетті.

Саржалда жасы алпысқа келген мектеп мұғалімі Болатбек Балтабекпен жолықтым.⁴⁸ Болатбек жергілікті мектепте көп жылдан бері балаларға сурет пен еңбектен сабақ беріп келеді. 1961-1962 жылдары совет әскерилері жер бетінде сынақ жасағанда Болатбек аяғы енді шыққан сәби болатын. 1962 жылы Болатбектің анасы тағы босанады, тек «Бала өлі туды. Көп жыл өткен соң ойланып, сәби тірі қалмағанына сол жылдардағы сынақтар себеп болғанын түсіндім» дейді ол.

Әрине, нәрестенің өлі тууына ядролық сынақ қана емес, басқа да ықпал ететін жағдай көп, сондықтан оның себебін нақты айту қиын. Алайда бес жылдан кейін отбасының басына түсер ауыр қайғыға себепкер ядролық сынақ екені күмәнсіз. Бір күні отбасының екі үлкен қызының біреуі мектепке барарда оянбай қалады. Оларға иіс тиген екен. Жер астындағы сынақтар кезінде жер сілкініп, пештің мұржасы қисайып, ішіне кірпіш түсіп, түгін шығатын жолды бітеп қалған. Қыз қайтыс болды.

Болатбек аурудың зардабын әлі тартып келе жатқан достары, көршілері мен сыныптастарының басынан өткен жағдайларды айтып берді. Сыныптасы Маржанның көзі көрмей қалады, кейін өзі лейкемиядан қайтыс болады. Тағы бір сыныптасы Зухра 18 жасында лейкемиядан кеткен. Олардың жастық шағында мұндай қайғылы оқиғалар жиі болатын. «Біз бала едік, – дейді Болатбек. – Бала кездегі ақымызды кімнен сұраймыз? Әділдік іздеп баратын жер бар ма?»

Отбасының қайғысы талай жылға жалғасты. Болатбектің әкесі асқан обырына, анасы ми обырына шалдықты. Ағасы 57 жасында жүрек

сырқатынан кетті. Немересінде дисплазия бар (адам мүшесі мен тініндегі жасушалардың дұрыс дамымай қалғаны ғылыми тілде солай аталады).

Ядролық сынақтың тағы бір сұмдығы – өзіне қол салғандар көбейді. Оның себебі толық зерттелмеген, әйтеуір, ядролық сынақтар адам психикасына әсер ететін сияқты. Сынақтар тоқтаған соң да, үрейлі хабарлар толастаған жоқ, полигон жабылған 1990 жылдары да суицид жасаған адам көп болды. Болатбек Саржалда болған суицид жағдайларын еске алды: көбі – жас жігіт, арасында қыздар мен ересектер де бар.

Болатбектің айтуынша, суицид ислам дәстүріне қайшы деп, басында өзіне қол салғандарды ортақ зиратқа қоймаған. Алайда ондайлар саны көбейіп кеткенде, дәстүрге қарауға мұрша болмайды. «Полигоннан болған сырқат санап, оларды да өзгелер сияқты жерлей бердік» дейді ол. Содан соң кідірместен, дауысын да өзгертпестен былай деді: «Ұлым тоғыз оқып жүргенде асылып қалды». Мен оның сұмдық трагедияны жай хабардай айтқанына қарап, сілейіп қалдым. Ұлының қазасынан кейін онымен бірге оқыған сыныптас досы да ақыл-есі ауысқандай сенделіп жүреді. Бір күні Болатбекке: «Балаңызды көрдім. Екеуіміз сөйлестік» дейді. Үш күннен соң ол баланы да жұрт үйінің қорасында асылып қалған жерінен тауып алады: «Иісінен тауыпты. Көршісі иісті сезген ғой».

Ядролық сынақ тоқтаған соң суицид азайғанымен, тыйыла қойған жоқ. Екі мың тұрғыны бар Саржалдың өзінде қырық адам өзіне қол жұмсаған. Болатбек былай дейді: «Үйіміз жапсарлас көршіміз бар еді. Қызы аулада асылып қалған соң, көшіп кетті, 25 жылдан бері үйі бос тұр. Асхат есімді тағы бір көршім ұста болатын, балажан еді, балалар да оны жақсы көретін. Ол кісі де 31 жасында асылып өлді».⁴⁹

Совет өкіметінің сынаққа қазақ даласын таңдаған шешіміне қапаланған Болатбек бас шайқайды: «Олар бір шөл даланы немесе тайганы таңдаса болмас па еді? Адамдарға тәжірибе жасаудың не керегі болды? Біз олар үшін зертханадағы егеуқұйрық құрлы болдық қой».

1989 жылы Олжас Сүлейменов «Невада-Семей» антиядролық қозғалысын бастағанда, Болатбек оған қосылып, белсенді мүшесі болды; ядролық сынаққа қарсы шерулерге қатысты. Кейін ол шеру кезінде ұстаған баннерін Сүлейменовке жолдайды.

Болатбек әлі зейнет жасына жетпеген, сөйте тұра, тірі қалған құрдастары жоқ деуге болады. Өзі 8 долларға балама болатын азғантай жәрдемақы алады. Осындай болымсыз көмек ядролық сынақ құрбаны және мемлекеттік мекеме немесе денсаулық сақтау саласында істейтін адам деген екі талапқа сай тұрғындарға ғана беріледі. Мұғалім ретінде Болатбек жылына жетпіс күн демалады, соның қырық күнін денсаулығын тексертуге арнайды. Денсаулық сақтау қызметін тегін пайдалануға қақылы болғанымен, медициналық рәсімдер кезегін 3-4 ай күтуге тура келеді, Болатбектің оған уақыты жоқ. Мектептегі жұмысынан қалмау үшін

медициналық іс-шара шығынын өзі төлейді. Ем алып, дәрі-дәрмек сатып алу үшін Семей мен Нұр-Сұлтанға (бұрынғы Астана) барады. Кешенді қан талдауының өзі оның ядролық сынақ құрбаны ретінде алатын жәрдемақысынан төрт есе қымбат.

Өткеннің мұрасынан жапа шегіп жүрген жалғыз Болатбек емес. Қазақстанда совет ядролық сынағы құрбандарына көмектесуді көздейтін заң 1992 жылы қабылданған. Бір жағынан, ядролық сынақтан халық жапа шеккенін мойындаса, екінші жағынан, оларға көмек беретін заңды және реттеуші тетіктерді қалыптастырды. Тек қазір ол мүлдем ескірген, құрбандарға берілетін көмек теңізге тамған тамшыдай ғана. Мысалы, заң бойынша, сол аймақта тұратын құрбандар ғана жеңілдік ала алады. Басқа жаққа көшсе, жеңілдіктен айырылады. Денсаулық сақтау мамандары жапа шеккендерді иондаушы радиацияның мөлшеріне қарай жіктеу керек дейді, өйткені бір рет алған радиация адам полигон аумағынан көшіп кетсе де, оның бойында қалады екен.⁵⁰ Радиациялық қауіпсіздік және экология институтының директоры Талғат Молдағалиев заң әділетсіз дейді:

Адам Алматыға, Израильге немесе Германияға көшсе де, оның маңызы жоқ. Олардың ағзасындағы радиация өмір бойы қалады. Соған қатысты қауіп-қатер де жоғалмайды. Иондаушы сәуле тудыратын сырқатқа шалдықпағанына көз жеткізу үшін олар жыл сайын тексеріліп тұруға тиіс. Бұл радиация құрбаны болған адамға ғана емес, оның балалары мен немерелеріне де қатысты.⁵¹

Болатбек те, совет ядролық сынағының өзге құрбандары да бәрінен бұрын «бізді зейнетке ерте шығарса екен» дейді. Қазіргі заң бойынша, зардап шеккендердің белгілі бір санаты ғана осындай жеңілдік алады. Олар – 1949 жылғы 12 тамыздан 1963 жылғы 5 шілдеге дейінгі аралықта бес жыл бойы максимум және мөлшерден тыс радиация қатері бар аймақта тұрғандар. Өзгесі: ерлер алпыс үшке, әйелдер алпысқа толғанша жұмыс істеуге тиіс. «Біз ол жасқа жетпейміз» деді мен жолықтырған адамдардың көбі.

Болатбек сияқты зардап құрбандары мен олардың ұрпақтары инфрақұрылымды, әсіресе әбден тозған медициналық қызмет көрсету мекемелерін жаңартуды қажет ететін ауылда тұрады. Қазақ ауылдары (полигонға жақын орналасқандары да) әлі де жерден жиған-тергенін қалаларға тасып жүр. Бұл ауылдар мемлекет үшін аса маңызды, сондықтан оларды қорғау қажет. Полигон маңындағы ядролық сынақ құрбаны көп ауылдарға ерекше көңіл бөлу керек.

Жергілікті дәрігерлер ауыл тұрғындарының сөзін растап, «сырқат көп, медициналық күтім жоқ» деп отыр. Ауылдағы шағын емханада бір дәрігер мен бірнеше қызметкер ғана жұмыс істейді, олардың да қолынан

бар келері – шұғыл жәрдем беру. Өзге медициналық қызмет қажет болса: маманмен кеңесуге, обырға тексерілуге, зертханада талдау жасатуға немесе қатерлі ісікті емдетуге, тіс дәрігеріне қаралуға, тіпті рентгенге түсуге ауыл тұрғындары Семейге баруы керек. Жергілікті дәрігер әйелдердің түсік тастауы және іштегі ұрықтың дұрыс дамымауы әлі де көп дейді. Ұрыққа скрининг жасау дамыған заманда іштегі баланың бойындағы ақауды ерте анықтауға болады, сөйтіп ол баланың туатын-тумайтыны жөнінде шешім айтылады. «Баланың бойында кемістік болса, ары қарайғы шешімді қаладағылар шығарады» деді дәрігер Семейді меңзеп. Көбіне мұндай кезде баланы алдырып тастайды.

Бұрынғы полигон аумағына жақын тұратын адамдардың қасіретті тарихы бар. Тек бір таңғаларлығы – олар қиындыққа мойымаған, өмірдің әр сәтіне қуана алады және туған жерін мақтан тұтады.

Знаменка (Көкентау), Қарауыл, Саржал, Дөлен мен Шаған сияқты ауылдарды аралағанымда әр отбасында ауыр науқас бар екенін көрдім, қазақ шықпаған үй жоқ, әркім жақынынан ерте айырылған. Сөйте тұра, олар өмірден баз кешіп кетпей, шаңырақ көтеріп, бала тәрбиелеп отыр. Басынан өткен қасіретті жағдайды әсірелемей, сабырлы үнмен баяндайды. Сұмдық трагедияны жай оқиғадай айтып отырған жандарды көріп, жүрегім езілді, олар айқайлап жыласа, бұлай әсер етпес еді деп ойладым.

Қиындыққа мойымай, ары қарай өмір сүруге күш тапқан. Өзіне қол салған ұлы мен ауыр дерттен көз жұмған сыныптастары, достары мен көршілерін еске алған Болатбек олар ұмыт қалмасын деп, әркімнің аты-жөнін, тағдырын жазып жүр. Осы Болатбек сияқты жергілікті тұрғындар қайғылы тарих ұмытылмасын десе де, қазақ даласын шарпыған трагедия өкілі ретінде ғана есте қалғысы келмейді.

Семей әуежайында мені күтіп алған Дмитрий өз күнін өзі көріп жүр, анасына да қарасады. Ол ғылымға үлес қосып, иондаушы радиацияның адамға әсерін тексеретін кез келген тәжірибеге қатысуға дайынмын дейді. Баян мен Мұратқалидың қыздары мектепте жақсы оқиды. Олар оқудан тыс шаралардан да қалмайды, *TikTok* желісіне видео жариялап, көп ілесуші жинаған. Би түсіруге ата-анасын да қатыстырады.

Семей облысы дегенде совет ядролық сынағы мен адамзат тартқан азап, экологиялық зардап еске түседі. Бірақ бұл өлке – Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов сынды Қазақстанның ең танымал ақындары мен жазушыларының дүние есігін ашқан жері. Сондықтан бұл жер қасиетті аймақ саналатыны бекер емес. Семей облысының тұрғындары танымал жерлестерін қатты мақтан тұтады, өлке туралы айтқанда, махаббат пен мақтаныш сезімін байқайсыз. Өз өлкесін «туған жерім» деп айтады. Оларды кең-байтақ даланың қатал сұлулығы қуантады әрі мұңайтады, ата-бабасы туралы естелік жанын жылытады, ал келешектен үміт үзбейді. Оларға еріксіз бас иесіз.

СІЛТЕМЕЛЕР

1-ТАРАУ. ДАЛА

1. Шевченко А.Д. Взрываем земные звезды // История атомного проекта. Под ред. С. Давыдова. – Москва: Курчатовский институт, 1995, ч. 3, вып. 4, 262.

2. Акчурина И.А. Семипалатинский ядерный полигон: создание, становление, деятельность. – Москва: Минобороны РФ, 2007, 12.

3. А.Х. Маргулан и др. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1966, 11; 228.

4. Абай орталығы, <https://abaicenter.com>.

5. Жаркын Шакаримов, Амре в Париже. – Signet Press, 2016.

6. Altynbek Kutyrgyzuly, «*Michaelis – a Spiritual Mate of Abai*» («*Михаэлис – Абайдың рухани көмекуісі*»), «Қазақстан тарихы» (1.10.2016), <https://e-history.kz/en/news/show/6930/>.

7. Дулат Молдабаев, «Наш Достоевский» // Казахстанская правда, 9.06. 2017.

8. Ресейдің Қазақстанды жаулап алуы туралы ағылшын тіліндегі әдебиетте жазылған, мысалы: *Martha Brill Olcott, «The Kazakhs», 2nd ed. (Stanford, CA: Hoover Institution Press, 1995), 28–53*; Қазақстан тарихы бойынша қараңыз: Масанов Н.Е. и др., История Казахстана: Народы и культуры (Қазақстан тарихы: Халықтар мен мәдениеттер). – Алматы: Дайк Пресс, 2000.

9. Кашляк В.Н. Семипалатинские арабески. – Семей, 2010, т.1, 7–50.

10. Алаш-Орда. Под ред. Н. Мартыненко. – Алма-Ата: Айқап, 1992.

11. База данных Алаш (орыс тілінде), Шығыс Қазақстан облыстық әмбебап кітапхана, Семей, <http://alash.semeylib.kz/?lang=ru>; Z. Saktaganova et al., «*Alash Party: The Historiography of the Movement*», *Space and Culture, India 7, no. 4 (2020): 208–18*.

12. Ахмет Байтұрсынов, «Революция и киргизы», дәйексөз мына жерден алынды: Сагадиев К.А., «Ахмет Байтұрсынов и экономические взгляды лидеров Алаш Орды» [Ахмет Байтұрсынов және Алаш Орда жетекшілерінің экономикалық көзқарастары], Отечественная история. – Алматы: Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты, 1998, 29–33.

13. Мысалы, қараңыз, *Sarah Cameron, «The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of the Kazakh Steppe» (Ithaca, NY: Cornell University Press, 2018)*; қазақ тілінде: Сара Камерон. Аштық жайлаған дала (аударған – Зәуре Батаева). – Алматы, 2020; *Robert Kindler, «Stalin's Nomads: Power and Famine in Kazakhstan» (Pittsburgh: University of Pittsburgh Press, 2018)*.

14. Сталиннің қызметі туралы толығырақ мына кітаптан қараңыз: *David Holloway, «Stalin and the Bomb: The Soviet Union and Atomic Energy 1939–1956» (New Haven, CT: Yale University Press, 1994)*.

15. *Helen Rappaport, Joseph Stalin, «A Biographical Companion» (Santa Barbara, CA: ABC-CLIO, 1999), 12*.

16. Yuli Khariton and Yuri Smirnov, “The Khariton Version,” *Bulletin of the Atomic Scientists* 49, no. 4 (1993): 20–31; Yuli Khariton and Yuri Smirnov, Мифы и реальность советского атомного проекта // Арзамас-16: ВНИЭФ, 1994, 40–41.

17. Рыжиков И.А. На строительстве полигона // История атомного проекта. Под ред. С. Давыдова, 1995, вып. 2, 75.

18. Рыжиков, «На строительстве полигона», 74.

19. Садовский М.А. Институт химической физики // История атомного проекта. Под ред. С. Давыдова, 1997, вып. 11, 52.

20. Хованович А.И. РДС-1 и вся жизнь // История атомного проекта. Под ред. С. Давыдова, 1995, вып. 3, 109.

21. Холин Ф.А. Радость труда и боль ветерана // История атомного проекта. Под ред. С. Давыдова, 1995, вып. 4, 52.

22. Акчурин И.А., «Семипалатинский ядерный полигон», 23.

23. Холин, «Радость труда и боль ветерана», 52.

24. Давыдов С.Л. Задача, ставшая делом жизни // История атомного проекта. Под ред. С. Давыдова, 1995, вып. 1, 199.

25. Сол жерде, 199.

26. Сол жерде, 87.

27. *Thomas B. Cochran and Robert S. Norris, «Making the Russian Bomb: From Stalin to Yeltsin» (Boulder, CO: Westview, 1995), 12; Veniamin Tsukerman and Zinaida Azarkh, «Arzamas-16: Soviet Scientists in the Nuclear Age: A Memoir» (Nottingham: Bramcote Press, 1999), 75*.

28. *Tsukerman and Azarkh, «Arzamas-16», 75*.

29. *Cochran and Norris, «Making the Russian Bomb», 12*.

30. Жучков В.П. На страже первой атомной // История атомного проекта. Под ред. С. Давыдова, 1995, вып. 2, 151–52.

31. Вьюков А.Н. На грани особого риска // История атомного проекта. Под ред. С. Давыдова, 1995, вып. 4, 94.

32. Доклад Л.П. Берии и И.В. Курчатова И.В. Сталину о предварительных данных, полученных при испытании атомной бомбы, 30 августа 1949 г. // Атомный проект СССР: Документы и материалы, т. 2: Атомная бомба, 1945–1954. – Саров: РФЯЦ и ВНИИЭФ, 1999, 639–43.

33. *Tsukerman and Azarkh*, «Arzamas-16», 77.
34. Сол жерде, 76.
35. *Arkadii Kruglov*, «*The History of the Soviet Atomic Industry*» (London: Taylor and Francis, 2002), 123.
36. *Michael Gordin*, «*Red Cloud at Dawn*» (New York: Farrar, Straus and Giroux, 2009), 176.
37. Хованович, «РДС-1 и вся жизнь», 115.
38. Холин, «Радость труда и боль ветерана», 64.
39. *Holloway*, «*Stalin and the Bomb*», 217.
40. Шевченко, «Взрываем земные звезды», 262.
41. Хованович, «РДС-1 и вся жизнь», 115, 116.
42. Рентген (Р) – иондаушы сәуле әсерінің өлшем бірлігі. «Рентген-Р», АҚШ ядроны реттеу комиссиясы, <https://www.nrc.gov/reading-rm/basic-rf/glossry/roentgen-r.html>.
43. Нерушенко В.М. Еще один поражающий фактор // История атомного проекта. Под ред. Давыдова, 1995, вып. 4, 278.
44. Аймаков М. Из того, что я видел, 49–57, дәйексөз мына кітаптан алынды: Медеу Сарсеке. Семипалатинская трагедия. – Астана: Фолиант, 2016, 134.
45. Сол жерде.
46. Гусев Б.И. Радиационно-гигиеническая характеристика районов, прилегающих к Семипалатинскому испытательному полигону // Медико-биологические последствия ядерных испытаний на Семипалатинском полигоне. Ядерных испытаний на Семипалатинском полигоне. Сборник статей. Ч. 5. – МЗ РК, Семипалатинск, 1994.
47. *Tsukerman and Azarkh*, «Arzamas-16», 77-78.
48. Харитон, Смирнов, «Мифы и реальность советского атомного проекта», 45.
49. Никита Хрущев Сталин өлген соң оның күшін жойды. Харитон и Смирнов, «Мифы и реальность советского атомного проекта», 45.
50. Сергей Лукашенко, введение, Актуальные вопросы радиоэкологии Казахстана, вып. 3, №1. – Курчатов: Институт радиационной безопасности и экологии, 2011, 8.

2-ТАРАУ. ҚЫРЫҚ ЖЫЛ ЖАЛҒАСҚАН ЯДРОЛЫҚ ҚАРУ СЫНАҒЫ

1. Сынақ – бір ядролық құрылғыны жару немесе бір мезгілде дерлік бірнеше ядролық құрылғыны жару деген сөз.
2. Вьюкова Л.П. Быть вместе любой ценой // История атомного проекта. Под ред. С. Давыдова, вып. 4, 133, 137. – Москва: Курчатовский институт, 1995.
3. Хованович А.И. РДС-1 и вся жизнь // История атомного проекта. Под ред. С. Давыдова, 1995, вып. 3, 111.

4. Хованович, «РДС-1 и вся жизнь», 112.
5. Вьюкова, «Быть вместе любой ценой», 148.
6. Акчурин И.А. Семипалатинский ядерный полигон: создание, становление, деятельность. – Москва: Минобороны РФ, 2007. С. 50.
7. Холин Ф.А. Радость труда и боль ветерана // История атомного проекта. Под ред. Давыдова, 1995, вып. 4, 67.
8. «*Thermonuclear Bomb*», *Britannica*, <https://www.britannica.com/technology/thermonuclear-bomb>.
9. «*1 November 1952–Ivy Mike*», *CTBTO*, <https://www.ctbto.org/specials/testing-times/1-november-1952-ivy-mike>.
10. *Yuli Khariton, Viktor Adamskii, and Yuri Smirnov, «The Way It Was», Bulletin of the Atomic Scientists 52, no. 6 (November/December 1996): 55.*
11. «*Lavrentii Beria Executed*», *History Today 53, no. 12 (December 12, 2003)*, <http://www.historytoday.com/richard-cavendish/lavrentii-beria-executed>.
12. Ипаткин И.С. Методика КТ / История атомного проекта. Под ред. С. Давыдова, 1997, вып. 11, 153.
13. *Alex Wellerstein and Edward Geist, «The Secret of the Soviet Hydrogen Bomb», Physics Today 4, no. 40 (April 2017): 44.*
14. Испытания первых термоядерных взрывов РДС-6с и РДС-37, гл. 5 // Ядерные испытания СССР. Под ред. В.Н. Михайлова. – Саров: Российский федеральный ядерный центр, 1997, 1:218.
15. *Andrei Sakharov, «Memoirs» (New York: Knopf, 1990), 171.*
16. *Sakharov, «Memoirs», 172.*
17. *Sakharov, «Memoirs», 170*; Акчурин, «Семипалатинский полигон», 116.
18. «Испытания первых термоядерных взрывов РДС-6с и РДС-37», 219.
19. Кабдрахманов К. 470 бомб в сердце Казахстана. – Алматы, 1994, 97.
20. *Sakharov, «Memoirs», 172–73.*
21. «Испытания первых термоядерных взрывов РДС-6с и РДС-37», 216.
22. Рыжиков И.А. На строительстве полигона // История атомного проекта. Под ред. С. Давыдова, 1995, вып. 2, 92.
23. «Испытания первых термоядерных взрывов РДС-6с и РДС-37», 215.
24. Вьюков А.Н. На грани особого риска // История атомного проекта. Под ред. С. Давыдова, 1995, вып. 4, 128.
25. Козлов Н.А. Кое-что о себе и службе безопасности // История атомного проекта. Под ред. С. Давыдова, 1995, вып. 5, 156.
26. Информация из Курчатковского музея ядерных испытаний; Алексеев В.В. Во имя ядерного щита страны // История атомного проекта. Под ред. С. Давыдова, 1995, вып. 3, 87; Вьюков, «На грани особого риска», 128.
27. Хованович, «РДС-1 и вся жизнь», 126.

28. Сахаров В. Н. Невидимое повреждающее излучение // История атомного проекта. Под ред. С. Давыдова, 1997, вып. 11, 125.

29. Кабдрахманов, «470 бомб в сердце Казахстана», 105.

30. Евгений Гусяров, «Что же это было тогда в поселке Караул?» [«Сол кезде Қарауылда не больш еді?»] «Простор», вып. 11 (1989): 130–31.

31. Абай ауданы, Қарауыл ауылының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері Т. Сіләмбековтің Қазақстан Компартиясы Семей облыстық комитетінің хатшысы К.Б. Бозтаевқа жазған хатынан, 29 мамыр, 1988, Шығыс Қазақстан облыстық жаңа тарихты құжаттау орталығы, 103-21-73,31–35; Талғат Сіләмбеков, «Полигон» деректі фильміндегі сұхбаты, продюсері – Ораз Рымжанов, режиссерлары – Ораз Рымжанов пен Владимир Рерих, 1990.

32. Кабдрахманов, «470 бомб в сердце Казахстана», 105.

33. Сол жерде, 105.

34. «Қарауыл ауылы тұрғынының арызынан», 31–35.

35. Кабдрахманов, «470 бомб в сердце Казахстана», 107.

36. Есенғарин немересінің атын Совет басшысы Юрий Андроповқа «Ядролық соғыс болуы мүмкін бе?» деп хат жазғаннан кейін атағы шыққан америкалық қыз Саманта Смиттің құрметіне Саманта деп қойған. Саманта еркін ниет елшісі болып, тіпті 13 жасында көлік апатынан қаза табарынан біраз бұрын Юрий Андроповтың тікелей шақыруымен Совет Одағына келіп кеткен. Кабдрахманов, «470 бомб в сердце Казахстана», 109.

37. Курчатовағы Ұлттық ядролық орталықтың Ядролық полигон музейінен алынған ақпарат. Рентген – ауадағы рентген және гамма-сәулелер экспозициясын өлшеуге қолданылатын ескірген өлшем бірлігі. Адам қандай дозаны сіңіретіні көптеген факторға байланысты болғандықтан, «рентген» деген өлшем бірлігінің орнына кейін «адамға эквивалент рентген» – roentgen equivalent man (rem) термині қолданыла бастады. REM – эквивалент (эффектив) дозаның өлшем бірлігі, оған адам бойындағы тіндерге шөгетін қандай да бір иондаушы сәуленің энергия мөлшері мен сол сәуленің медициналық әсері кіреді (дереккөз: US NRC Glossary, www.nrc.gov/reading-rm/basic-ref/glossary/rem-roentgen-equivalent-man.html).

38. Dr. H. Smith, «The International Commission on Radiological Protection: Historical Overview», IAEA, <https://www.iaea.org/sites/default/files/30302094244.pdf>.

39. «Испытания первых термоядерных взрывов РДС-6с и РДС-37», 221.

40. Борис Гусев, режиссер Андре Сингердің Where the Wind Blew деректі фильміндегі сұхбат, 2017.

41. Sakharov, «Memoirs», 179, 181, 184.

42. «22 November – RDS-37», CTBTO, <https://www.ctbto.org/specials/testing-times/22-november-1955-rds-37>.

43. Sakharov, «Memoirs», 190.

44. Сол жерде, 190.
45. Куәгер С.Т. Шалаеваның жазбасы, мына кітаптан: К. Бозтаев. 29 августа. – Алматы: Атамұра, 1998, 27.
46. Испытания первых термоядерных взрывов РДС-6с и РДС-37, 226; Ядерные испытания СССР // Современное радиоэкологическое состояние полигонов. Под ред. В.А. Логачева. – Москва: Издат, 2002. 61.
47. «Испытания первых термоядерных взрывов РДС-6с и РДС-37», 226–27.
48. «*Alleged Nuclear Weapons Tests Near Semipalatinsk*», *Central Intelligence Agency, Information Report, April 1, 1957; secret, excised copy, National Security Archive, <https://nsarchive2.gwu.edu//dc.html?doc=4430809-Documents-03-Central-Intelligence-Agency>*.
49. Князев Г.И. 13 лет на ядерном полигоне // История атомного проекта. Под ред. С. Давыдова, 1995, вып. 2, 140.
50. Зорин Г.Ф. И все же. . . работа и жизнь были интересными // История атомного проекта. Под ред. С. Давыдова, 1995, вып. 4, 216; *Sakharov, «Memoirs»*, 192.
51. *Sakharov, «Memoirs»*, 192; Логачев, «Ядерные испытания СССР», 62.
52. *Sakharov, «Memoirs»*, 192.
53. Логачев, «Ядерные испытания СССР», 62, 90, 250–51.
54. *Sakharov, «Memoirs»*, 192.
55. Логачев, «Ядерные испытания СССР», 62.
56. *Sakharov, «Memoirs»*, 193.
57. Сол жерде, 193–94.
58. Сол жерде, 194–95.
59. Сол жерде, 201.
60. *Vladimir S. Shkolnik, ed., The Semipalatinsk Test Site: Creation, Operation, and Conversion (Albuquerque: Sandia National Laboratories, 2002)*, 49.
61. «Как это было. Первый взрыв»: Куәгер Хамза Байболатовтың естеліктері, жазып алған Қанат Қабдырахманов, «Избиратель», 6–19 қазан, 1990, № 1, с. 16, 6; Кабдрахманов, «470 бомб в сердце Казахстана», 104.
62. *Jeff Kingston, «Blast from the Past: Lucky Dragon 60 Years On, Japan Times»*, February 8, 2014.
63. *William Burr and Hector L. Montford, The Making of the Limited Test Ban Treaty, 1958–1963, National Security Archive, <http://nsarchive.gwu.edu/NSAEBB/NSAEBB94/index2.htm>*.
64. *Shkolnik, «Semipalatinsk Test Site»*, 26.
65. *Robert Norris and William Arkin, «Soviet Nuclear Testing, August 29, 1949 – October 24, 1990»*, *Bulletin of the Atomic Scientists* 54, no. 3 (May – June, 1998): 69–71.

66. *United States Nuclear Tests: July 1945 through September 1992, Federation Of American Scientists*, <https://fas.org/nuke/guide/usa/nuclear/nv209nar.pdf>.

67. *Martin Sherwin, Gambling with Armageddon: Nuclear Roulette from Hiroshima to the Cuban Missile Crisis (New York: Knopf, 2020); Robert F. Kennedy, Thirteen Days: A Memoir of the Cuban Missile Crisis (New York: W. W. Norton, 1969).*

68. *Burr and Montford, Making of the Limited Test Ban Treaty.*

69. *Nuclear Test Ban Treaty, John F. Kennedy Presidential Library and Museum*, <https://www.jfklibrary.org/learn/about-jfk/jfk-in-history/nuclear-test-ban-treaty>.

70. Америка университетінде сөйлеген сөзі, 1963 жылғы 10 маусым, *John F. Kennedy Presidential Library and Museum*, <https://www.jfklibrary.org/Asset-Viewer/BW-C7I4C9QUmLG9J6I8oy8w.aspx>; *Burr and Montford, Making of the Limited Test Ban Treaty.*

71. Назарбаев Н.А. и др. Проведение комплекса научно-технических и инженерных работ по приведению бывшего Семипалатинского испытательного полигона в безопасное состояние. – Курчатов: Национальный Ядерный центр, 2016, 1:25; Правительственная комиссия Казахстана, Акт проверки материалов о количестве ядерных взрывов, проведенных на Семипалатинском ядерном полигоне, с 1949 г. по 1989 г., 28 февраля 1992 г., ҚР президентінің архиві, 5Н-1-1020а.

72. Акчурин, «Семипалатинский ядерный полигон», 37–41; Назарбаев и др., «Проведение комплекса научно-технических и инженерных работ по приведению бывшего Семипалатинского испытательного полигона в безопасное состояние», 1:24.

73. *Shkolnik, «Semipalatinsk Test Site»*, 22; Акчурин, «Семипалатинский ядерный полигон», 41.

74. Егай Анатолий, «Глазами очевидца: воспоминания Егая служившего на Семипалатинском полигоне 1971-73 гг.», 29 августа 2006 г., 3.

75. Логачев, «Ядерные испытания СССР», 55.

76. 1980 жылғы 25 сәуірде жер астындағы сынақтың күші Рихтер шкаласы бойынша 6,3 балдық жер сілкінісіне пара-пар болған. *USSR Conducts Siberian Nuclear Test, Xinhua, April 25, 1980.*

77. «Пояснительная записка заместителя председателя исполкома Жанасемейского райсовета народных депутатов Б. Голинцева в Семипалатинский областной совет народных депутатов об ущербе, нанесенном хозяйствам населению Жанасемейского района в результате испытаний на Семипалатинском ядерном полигоне», [Жаңасемей аудандық халық депутаттары кеңесі төрағасының орынбасары Б. Голинцевтің Семей облыстық халық депутаттары кеңесіне Семей ядролық полигонындағы жарылыстар салдарынан шаруашылықтар мен халыққа тиген зиян туралы жазған түсіндірме хабары], 7 маусым, 1990, 771-8-1075, 2–4, ШҚО Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы.

78. Автордың Серғазы Дүйсембаевпен сұхбаты, Семей, 2017.
79. Автордың Әнуарбек Сүйшіновпен сұхбаты, Семей, 2017.
80. *The United States Nuclear Testing Programme, CTBTO*, <https://www.ctbto.org/nuclear-testing/the-effects-of-nuclear-testing/the-united-states-nuclear-testing-programme/>.
81. *Robert S. Norris and Thomas B. Cochran, Nuclear Weapons Tests and Peaceful Nuclear Explosions by the Soviet Union, draft report, Natural Resource Defense Council, October, 1996, 5.*
82. Асеев И.Д. Ядерный взрыв в мирных целях // История атомного проекта. Под ред. С. Давыдова, 1995, вып. 4, 97.
83. *Shkolnik, «Semipalatinsk Test Site»*, 67.
84. Қазақ ССР Министрлер кеңесінің Қазақ ССР президенті Н.Ә. Назарбаевқа баянхаты, кеңес төрағасы Ұ. Қараманов қол қойған, 27 шілде, 1990, ҚР президентінің архиві, 7–1–88.
85. *Radiation Thermometer, Centers for Disease Control and Prevention*, <https://www.cdc.gov/nceh/radiation/emergencies/radiationthermometertext.htm>.
86. Қазақ ССР Министрлер кеңесінің баянхаты.
87. Информация заведующей облздравотделом Семипалатинского облисполкома Ф. Абдыхальковой секретарю Семипалатинского обкома КП Казахстана М.П. Карпенко об обнаружении повышенного гамма-фона и выпадения радиоактивных продуктов взрыва [Семей облыстық атқару комитеті облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Ф. Әбдіхальқованың ҚазССР КП Семей облыстық атқару комитетінің хатшысы М.П. Карпенкоға асқан гамма-фон байқалғаны және жарылыстан радиоактив қалдықтар түскені туралы 1965 жылғы 21 қаңтардағы ақпараты], ШҚО Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы, 103-73-12, 44–45; мұнда: Шепель В., Асанбаева А.Е., Грибанова Е.М. Казахстан за безъядерный мир: Сборник документов и материалов. (Алматы: ҚР президентінің архиві, 2011), 52–53.
88. Письмо руководителей союзных министров А.И. Бурназяна и Е.П. Славского первому секретарю ЦК КП Казахстана Д.А. Кунаеву о безопасности для населения последствий проведения экспериментальных взрывов [Одақтас министрліктер басшылары А.И. Бурназян мен Е.П. Славскийдің Қазақ ССР КП ОК Д.А. Қонаевқа эксперименттік жарылыстар өткізу салдарының халыққа қауіпсіздігі жөнінде хаты], 8–9 ақпан, 1965, ҚР президентінің архиві, 708-36/1-3, 113–114; мұнда: Шепель В., Асанбаева А.Е., Грибанова Е.М. Казахстан за безъядерный мир: Сборник документов и материалов (Алматы: ҚР президентінің архиві, 2011).
89. *Sakharov, «Memoirs»*, 213.
90. *M.D. Nordyke, The Soviet Program for Peaceful Uses of Nuclear Explosions (Livermore, CA: Lawrence Livermore National Laboratory, 2000)*, 8.
91. «Вблизи Атомного озера тихо увядает, без питьевой воды, село Саржал», «Радио Азаттық», 17 сентября 2009 г., https://rus.azattyq.org/a/Saryzhal_village_at_nuclear_field/1823951.html.

92. «О вопросах в связи с возобновлением Советским Союзом ядерных испытаний и аргументации причин этого шага». Л. Зайков, Э. Шеварднадзе, В. Чебриков, А. Яковлев, V. Kataev, box 8, folder 9; Постановление ЦК КПСС, V. Kataev, box 8, folder 9, *Hoover Institution Library and Archives*.

93. *Gregory E. van der Vink and Christopher E. Paine, The Politics of Verification: Limiting the Testing of Nuclear Weapons, Science and Global Security 3 (1993): 261–88.*

94. *Memorandum on the Soviet-American Negotiations on Limiting and Banning Nuclear Tests, Hoover Institution Archives.*

95. *Mark A. Stein, Nevada A-Blast Makes Arms Control History, Los Angeles Times, August 18, 1988.*

96. *JVE Airlift Factsheet, April 14, 1988, https://lab2lab.stanford.edu/sites/g/files/sbiybj8331/f/jve_airlift_factsheet_04.14.1988.pdf.*

97. Виктор Алессидің күнделігі. Көшірмесі автордың иелігінде.

98. Сол жерде.

99. Сол жерде.

100. Сол жерде.

101. *Treaty between the United States of America and the Union of Soviet Socialist Republics on the Limitation of Underground Nuclear Weapon Tests (and Protocol Thereto) (TTBT), US State Department, <http://www.state.gov/t/isn/5204.htm>.*

3-ТАРАУ. СЫНАҚ ҚҰРБАНДАРЫ

1. *Hollywood and the Downwinders Still Grapple with Nuclear Fallout, Guardian, June 6, 2015.*

2. *Estimation of the Baseline Number of Cancers among Marshallese and the Number of Cancers Attributable to Exposure to Fallout from Nuclear Weapons Testing Conducted in the Marshall Islands, Division of Cancer Epidemiology and Genetics, National Cancer Institute, National Institutes of Health, Department of Health and Human Services, 2004, <http://marshall.csu.edu.au/Marshalls/html/Radiation/NCI-report.pdf>.*

3. *Marshall Islands: Status of the Nuclear Claims Trust Fund, Government Accountability Office, 2002, <https://www.gao.gov/assets/220/216721.pdf>.*

4. Малютов В.М. Так мы начинали // История атомного проекта. Под ред. С. Давыдова. – Москва: Курчатовский институт, 1995, вып. 2, 113.

5. Сол жерде, 114.

